

# ПЕДАГОГИКА

## Оқулық

**ББК 74.00**

**П24** Оқулықты жоғары оқу орындары студенттеріне

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі өткізген оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер дайындау жөніндегі конкурс комиссиясының "Білім" мамандығы бойынша тобы ұсынады.

Рецензенттер:

**К.С Успанов, п.ғ.д, профессор Абылай-хан атындағы ҚазӨТХҚУ;**

**Л.К.Керимов, п.ғ.д, профессор ҚазМҚПИ**

Авторлар:

Кіріспені қазақшаға аударған: **Шалгинбаева К. К.** Тақырыптар 3.1,3.4 - **Хайруллин Г.Т.**; тақырыптар 1.1,2.1,2.2.1,2.2.2. - **Хмель Н. Д.**; тақырып 1.2,- **Трифонов В.В.**; тақырып 1.3 -**Бейсенбасва А.А. және Иванова Н.Д.**; тақырып 1,4- **Кожабаева Б. И. және Толеубекова Р. К.**; тақырып 2.3.1.- **Муканова Б. И.**; 2.3.2-**Берикханова А.Е.**, тақырып 2.4-**Жампеисова К. К. және Бейсенбаева А. А.**; тақырып 2.5 - **Бейсенбаева А. А және Иванова Н.Д.**; тақырып 2.6 - **Хан Н. Н.**; тақырып 2.7 - **Калиева С.И.**; тақырып 2.8 - **Иванова Н. Д. және Байдельдинова Г.К.**; тақырып 2.9 - **Таубаева Ш. Т. және Менлибекова Г. Ж.**; тақырып 2.10 - **Бейсенбаева А. А. және Тленбаева М. Б.**; тақырып 2.11.1 - **Жуматасва Ш. Ж. және Махметова Б. Т.**; 2.11.2 -**Тригубова Н.Н.**, тақырып 2.12- **Кошербаева А. Н.**; тақырып 2.13 - **Хан Н. Н.**; тақырып 2.14 - **Джанабаева Р. А. және Шалгынбаева Х. К.**; тақырып 2.15 -**Казмагамбетов А. Г.**; тақырып 2.16 - **Берикханова А. Е. және Қайдарова А. Ж.**; тақырып 3.2 - **Бейсепбаева А. А. және Кошербаева А. Н.**; тақырып 3.3 - **Тригубова Н. Н.**

*Ғылыми редакторлар:*

**Н. Д. Хмель, Г. Т. Хайруллин, Б. И. Муканова**

**П 24 Педагогика: Оқулық/ Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы- Алматы: Ргіпі-8, 2005.-430 б.**

**ISBN 9965-482-27-6**

## Мазмұны

### [Алғы сөз.](#)

### [Модуль 1. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері.](#)

### [1.1 Педагогиканың әдіснамалық негізі.](#)

1.2 Теория мен тәжірибенің дамуындағы ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері.

1.3 Жеке тұлғаны қалыптастырушы факторлар - тұқым қуалаушылық, қоршаған орта және іс-әрекет.

1.4 Оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне психологиялық- педагогикалық сипаттама.

Модуль 2. Тұтас педагогикалық процестің теориясы мен практикасы

2.1 Тұтас педагогикалық процесс педагогиканың пәні және мұғалім іс-әрекетінің объектісі.

2.2.1 Біртұтас педагогикалық процестің заңдары.

2.2.2 Педагогикалық процестің заңдылықтары.

2.3.1 Тәрбие мақсатының әлеуметтік негіздері.

2.3.2 Тәрбиенің мазмұны.

2.4 Тұтас педагогикалық процесте жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру.

2.5 Тұтас педагогикалық процесте тәрбиенің формалары мен әдістер жүйесі.

2.6 Мұғалім мен балалар ұжымының педагогикалық процестегі ынтымақтастығы.

2.7 Сыныптың тәрбие жүйесін басқарудағы сынып жетекшісінің қызметі.

2.8 Жанұядағы педагогикалық процесс және оның мектеппен өзара байланысы.

2.9 Тұтас педагогикалық процестегі оқыту-жеке тұлғаны қалыптастыру құралы.

2.10 Қазіргі мектептегі білім берудің мазмұны.

2.11.1 Оқытуды ұйымдастырудың формасы.

2.11.2 Сабақ - педагогикалық процесте оқытудың негізгі формасы.

2.12 Қазіргі мектептегі оқыту әдістері.

2.13 Оқушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру.

2.14 Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру.

2.15 Оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін есепке алу мен бағалау.

2.16 Педагогикалық технологиялар.

Модуль 3. Мектептің тұтас педагогикалық процесін басқару

3.1 Мектеп ішілік басқару және оны әдістемелік жабдықтау.

3.2 Мектептің оқу-тәрбие процесін басқару. Әдістемелік қызметті ұйымдастыру.

### 3.3 Мектептің /сыныптың/ оқу-тәрбие процесінің диагностикасы – басқару негізі.

### 3.4 Мектеп жұмысын жоспарлау жүйесі.

Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасына сәйкес «Мектеп педагогикасы» курсының мазмұны ашылды. Осы курстың алдында «Мамандыққа кіріспе» және «Адамзат тарихындағы педагогикалық ойлар мен мектептің дамуы» курстарының оқытылуы қарастырылды. Бұл материалдар оқу-тәрбие мекемелерінде тұтас педагогикалық процесті іске асыруға тұлғалық іс-әрекеттік және субъект субъектілік әдістерге негізделеді.

Кітап мұғалімдерге, аспиранттарға, магистранттарға, студенттерге, сонымен бірге білім беру саласындағы қызметкерлерге арналған. Мұғалім мамандығына қатысы жоқ тұлғаларға қажет болуы мүмкін.

ISBN 9965-482-27-6

© Абай атындаш Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы, 2005

#### **Алғы сөз**

2003 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің педагогика кафедрасының авторлық ұжымының «Педагогика» дәрістер курсы жарық көрді. Кітап Республиканың барлық педагогикалық жоғарғы оқу орындарына таратылған болатын. Кітапқа оның мазмұнын жетілдіре түсуді өтінген көптеген пікірлер алынды. Авторлар ұжымы оқырмандардан алынған өтініштерді ескере отырып кітаптың алғашқы нұсқасын өңдеді. Сондықтан осы кітап алғашқы нұсқадан өзінің мазмұны және келтірілген оқу ақпараттарының көлемі бойынша ерекшеленеді.

Авторлар, бұдан бұрын авторлар ұжымы (Садықов Т.С., Хмель Н.Д., Жампеисова Қ.К., Қапиева С.И., Бейсенбаева А.А., Хан Н.Н.) жасаған Қазақстан Республикасындағы педагогикалық білім берудің тұжырымдамасы және «Мектеп педагогикасы» бағдарламасына кітап мазмұнының сәйкестігін сақтаған. Аталған жағдай, жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтардағы студенттер үшін «Мектеп педагогикасы» курсы бойынша оқулық ретінде осы кітапты пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Оқулық мұғалімді кәсіби дайындауда оның іс-әрекет объектілерінің ерекшелігінің, тұтас педагогикалық процесстің оқу-тәрбие жүйесін ұйымдастыруға шығармашылықпен қараудың оны ізгілендіру мен демократиялауға тығыз байланысты негізделген тұжырымдама идеяларына толық тірек етілген. Бірін-бірі өзара толықтыратын педагогикалық пәндер арасындағы логикалық бірізділік ескерілген.

«Педагогика» оқулығында материал үш модуль бойынша орналасқан. Бірінші модуль педагогиканың теориялық-әдіснамалық негізіне,

педагогиканың негізгі категорияларына, айқындалған теориялық білімдерді қалыптастырудағы олардың роліне, берілген негізгі әдіснамалық ережелеріне арналған. Бұл тарауда дамудың ара қатынасы, тұлғаның қалыптасуы мен тәрбиесі, педагогикада айқындалған, мақсатқа сәйкес ескерілген тәрбиеленушілер мен білім алушылардың дара және жас ерекшеліктері қарастырылады. Педагогика ғылымының дамуындағы зерттеу әдістері беріледі.

«Тұтас педагогикалық процесстің теориясы мен практикасы» атты екінші модульде оқулықтың негізгі мазмұны ашылған, онда педагогикалық процесстің заңдылықтары мен заңдары, мәні, оқыту мен тәрбиенің

3 ерекшеліктері, сондай-ақ білім алушылардың ұжымдық, танымдық іс-әрекеті негізделген. Білім берудің дәстүрлі және инновациялық технологияларына сипаттама берілген. Оқыту мұғалімнің балалар ұжымымен бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру барысында тәрбиенің маңызды факторы ретінде түсіндіріледі. Тәрбиенің негізгі мақсаты ретінде, олардың өзіне, адамдарға, еңбекке және т.б. адамгершілік қатынасы оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруды көздейді. Сыныптағы тәрбие жүйесін құру, сынып жетекшісінің оқушылармен бірлескен шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады.

«Тұтас педагогикалық процессті басқару» атты үшінші модуль оқу мекемелерінің қызметін белгілейтін негізгі нормативті құжаттардың сипатын мазмұндайды. Мектеп басшыларының жұмысы, соның ішінде мұғалімдердің әдіснамалық және әдістемелік деңгейін жетілдіруге байланысты ұйымдастырылған іс-әрекеттер туралы түсініктер беріледі. Оқушылар ұжымы мен оқушы тұлғасын қалыптастырудың диагностикасы арқылы оқу-тәрбие жұмысының тиімділігінің бағасы көрсетіледі. Оқулықтың барлық тақырыптарының мазмұнын жетілдірудің негізіне тұлғалық іс-әрекеттік тәсіліне тән, осыған орай тәрбие мен оқытудың өзегінде оқушы тұлғасы тұрады, ал мұғалім оның іс-әрекетін ұйымдастырады және басқарады. Оқушы мұғалім сияқты іс-әрекет субъектісі, педагогтың жетекшілік роліндегі педагогикалық процесстің субъектісі болып танылады. Ондағы оқушы тұлғасының өзгеруі іс-әрекет тәсілдерін меңгеру барысында өтеді, демек, субъект-субъектілік қарым-қатынас жүзеге асырылады.

Әрбір тақырыптың құрылымы бастапқы күйінде қалды: мақсаты; міндеттері, жоспар, негізгі ұғымдар, пәнаралық байланыс, тақырыптар мазмұны, өзін-өзі бақышауға арналған сұрақтар, әдебиеттер, өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, реферат тақырыптары.

Мәтін оқулықтың мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін кестелермен және сызбалармен жабдықталған.

Оқырмандардың жұмысын жетілдіру үшін барлық тақырыптардағы материалдардың құрылымын беру бір ізді, әдебиеттер тізімінде қазіргі педагогика оқулықтарына сілтемелер берілген, олармен жұмыс істеу тапсырмада көрініс тапқан, студенттер мен педагогтардың ынтымақтастығында құрылған.

Сонымен, ұсынылып отырған оқулық оқу материалының мазмұнындағы және оның орналасуындағы өзіндік ерекшелік сипатқа ие.

4

Белгіленген ерекшеліктер бұл оқулықты педагогикаға байланысты оқу құралдарымен белгілі оқулықтардан өзгешелігін айқындайды. Авторлардың пікірі бойынша, дәл осындай мазмұн жоғарғы оқу орындарындағы болашақ мектеп мұғалімін қазіргі заман талабына сай кәсіби дайындауға толығырақ жауап береді. Оқулық педагогиканы оқытушыларына, білім беру жүйесінің практикалық кадрларына және педагогикалық мамандықтардың студенттеріне арналған.

Оқулықтың авторлық ұжымы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің педагогика кафедрасының профессорлар-оқытушылар құрамының мүшелерінен тұрады.

Авторлар, оқырмандардың ескертпелері мен тілектері болуы мүмкін деп болжайды. Оның барлығы оқулықты одан әрі жетілдіре түсу үшін алғыс пен қабыл алынады.

5

## **Бірінші модуль.**

### **Педагогиканың теориялық - әдіснамалық негіздері.**

#### **1.1. Педагогиканың әдіснамалық негіздері.**

**Мақсаты:** педагогика ғылымы туралы, мұғалімнің теориялық және практикалық іс - өрекетін ұйымдастыруда әдіснаманың ролі туралы ұғымды қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

- а) педагогика және оның категориялық аппараты туралы ұғым беру;
- б) педагогикалық пәндердің мазмұнын ашып көрсету;
- в) педагогиканың басқа ғылымдармен байланысын көрсету;
- г) педагогиканың және педагогикалық пәндердің әдіснамалық мәнін ашып көрсету.

#### **Жоспар:**

1. Педагогика тәрбие туралы ғылым.
2. Педагогикалық ғылымдар және оның мазмұны.
3. Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесінде.
4. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы.

**Негізгі ұғымдар:** педагогика, педагогиканың категориялары, педагогика пәні, педагогиканың әдіснамасы, педагогикалық зерттеулердің әдістері.

**Пәнаралық байланыстар:** философия, әлеуметтану, психология, саясаттану, мәдениеттану.

**Педагогика гәрбие туралы ғылым.** Педагогика өзінің атауын гректін "paidiagogaz" "баланы жетектеуші" сөзінен алған. Ең алғашқысында бұл сөз құлдардың қожасының баласын мектепке жетектеп апарушы дегенді білдірсе, кейін келе ол тәрбие туралы ғылымның аты ретінде қалды. Тәрбие-қоғамның кейінгі ұрпақтарда өзін қайта көрсетумен байланысты "атқаратын негізгі қызметтерінің бірі. Әрбір келешек ұрпақтың қоғамдағы орнын табуы ең алдымен өткен ұрпақтардың жинаған әлеуметтік тәжірибесін меңгеру деген сөз. Адамзат есейген сайын, мазмұны жағынан әлеуметтік тәжірибеде

күрделене түседі. Сондықтан уақыт өткен сайын еңбектің қоғамдық бөлінісінде қоғамның "тәрбиенің" қызметін жүзеге асырумен байланысты кәсіби іс - әрекет бөлініп шықты. Өсіп келе жатқан балалардың әлеуметтік тәжірибені игеруі үшін — делдал - ұстаз, мұғалім керек. Педагогика басқа ғылымдар сияқты, белгілі бір ақиқат саласындағы білімдерді жүйеге келтіреді. Қандайда болса ғылымның дамуы ұғымдар жүйесі арқылы ғылыми білімнің тұрақтануымен байланысты. Ғылымның негізгі ұтымдары

6

категориялар деп аталады. Педагогикада негізгі ұғымдар (категориялар) жүйесі жүзжылдық бойында қалыптасты, ол кездейсоқ емес, өйткені алдымен педагогикалық білімдер философия төңірегінде жинақталған. Педагогика философиядан бөлінуі педагогикалық ғылымның объектісінің (нысанасының) анықталуымен байланысты.

Категориялар мазмұндарында объективті шындықтың маңызды жақтары бейнеленуі, яғни уақыт анықталған категориялар құрамы, осы ғылым зерттейтін, объективті шындықтың толық бағалы сипаттамасын жасауға мүмкіншілік береді. Бірақта бұл үшін зерттеліп отырған шындықтың шекарасын білу керек. Ғылымдарды олардың нысанасы мен пәні бойынша ажыратуға болады. Нысана -ақиқатының нақтылы сол ғылым зерттеуге алатын саласы. Пән - бұл нақтылы ақиқаттың мәнін құрайтын негізі. Педагогика қоғамның тәрбиелік қызметін жүзеге асырумен байланысты ғылым. Демек, педагогикалық іс - әрекет іске асырылатын объективтік шындықтың жақтары, педагогиканың нысанасы болады.

Ал педагогика пәні - индивидтің өткен ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибесін меңгертетін оқу және оқудан тыс уақыттың бірлігіндегі тұтас педагогикалық процесс болып табылады. Ұстаздар әлеуметтік тәжірибенің мазмұны мен оқушылар арасындағы келістіруші делдал болып табылады, тұлғаның қалыптасуы олардың белсенді қайта өзгерткіш әрекетіне байланысты.

Бір элементтен көп элементтер қосылу барысында жүйе пайда болады. Педагогикалық шындықта бұл "ұстаздар - оқушылар" жүйесі, ол сол жетекші бөлігі (элементі) ұстаздар бойынша педагогикалық жүйе деп аталады.

Қандай да болмасын жүйе (биологиялық, техникалық, әлеуметтік) жағдайының өзгеруі процесс деп аталады. "Ұстаздар (педагогтар) - оқушылар" жүйесі жағдайының өзгеруі педагогикалық процесс деп аталады. Тек қана педагогикалық процестегі ұстаздар мен оқушылардың өзара әрекетінде (процестің қызметінде) тұлғаның қайта өзгеруі жүзеге асады. Педагогикалық шындық педагогиканың категориялары, ұтымдары жүйелері арқылы бейнелене алады. Өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік тәжірибені меңгеруі білім алумен байланысты. "Білім беру" деген сөзді орыс тілінде "образование" түбірі -"образ" деген (бет-лик, лицо-пішін) лексикалық мағынасы бойынша индивидтің дене және рухани қасиеттері қалыптасуын,

7

индивидтің қоғамдық болмыстың нақтылы әлеуметтік — экономикалық және мәдени - тарихи жағдайларында дамуға, өзін жүзеге асыруға және өзін

ынталандыруға қабілетті тұлғаға айналуын біддіреді. Сондықтан «білім беру» ұғым ретінде педагогикалық жетекші категория болады.

Тұлғаға білім беру үшін оқыту қажет, ол ұстаздар мен оқушылардың өзара әрекет процесі, оқу орындарында оқылатын ғылымдар негіздері мазмұның меңгеру барысындағы оқытумен оқудың бірлігі, сондықтан оқыту екі жақты процесс. Сабақ берудің ролі оқылатын материалдарды заттсыздандыру (распредмечивание) ғылыми білім мазмұнында заттандырылған, іс-әрекеттер тәсілдерін айқындай көрсету. Оқу материалдары мазмұны мен оқушылар арасындағы делдал ретінде ұстаз оқушыларды қажетті іс - әрекеттер тәсілдеріне үйретеді. Оқушыларды оқуға үйрету арқылы ғана (А. Дистервег, К.Д. Ушинский, Н.К. Крупская), тек осы жағдайда ғана мұғалім өзінің қызметін орындайды. Оқушылар іс - әрекеттер тәсілдерін меңгере отырып оқуға үйренеді, оқу пәнінің мазмұнымен саналы және белсенді жұмыс істейді, соның негізінде индивидтің әрекет күштері мен қабілеттері заттық формаға ауысады (опредмечивание), оқушы тұлғасының өзгеруі жүзеге асады.

Индивидтің жеке тұлға және азамат ретінде дамуы әлеуметтік белсенділік пен анықталатын белгілі бір әлеуметтік ортада іс -әрекеттерін талап етеді. Сондықтан да әлеуметтену ең маңызды категорияға жатады, ол тұлғаның өзін - өзі сезінуі, "меннен " басқа "менге" қозғалысқа, әлеуметке енуі. Әлеуметтендірудің негізі белгілі бір білімдер, құндылықтар, мінез-құлық нормалары жүйесін меңгеру деген сөз, ол сол тұлғаға сол қоғамның толық жарамды мүшесі ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді. Тұлғаның әлеуметтену процесі стихиялы (ұйымдаспаған) түрде болуы мүмкін, онда оның нәтижесін болжау қиын және қоғам үшін зиянды болуы мүмкін. Міне, сондықтан да ұстаз әлеуметтендірудің мәнін түсіне отырып, ынтымақтастық "бізді" иелену үшін қажетті байланыстарды, оқушылардың оқу және отбасына осы мәселені шешуге көмектесе алады және өзіндік "менді" оқу, оқудан тыс іс - әрекеттері арқылы қамтамасыз ете алады.


Сонымен қатар, педагогикада жалпы ғылыми басқада адам туралы ғылымдар пайдаланатын ұғымдар пайдаланады.

- тұлға, іс-әрекет, даму, қалыптасу, педагогикалық болмысқа қатысты іс-әрекет мағналы болады, егерде ол табысты болса,

8

өйткені осы жағдайда тұлға өзін-өзі ұйымдастыра алатын жүйе ретінде өмір сүре алады. Яғни іс-әрекет табыстылығы, қазіргі кезеңдегі білім берудің тұлғаға бағытталған парадигмасы тұрғысынан, педагогикалық негізгі категориялар құрамына кіретін ұғымға жатады.

Демек, педагогика теориясы педагогикалық шындықтың толық бағалы сипаттамасын жасау үшін «тәрбие», «білім беру», «педагогикалық процесс», «оқыту», «әлеуметтендіру», «іс-әрекет табыстылығы» сияқты негізгі ұғымдарын (категорияларын) пайдалана алады, олар шындығында әртүрлі педагогикалық құбылыстарды танып білуде қолданылады. (1-сурет)



Педагогиканың негізгі ұғымдары (категориялары) өзара тығыз байланысты - мазмұнды түрде бір-бірін өзара толықтырады, әртүрлі жақтарын бейнелейді. Толық бағалы теориялық білім дәл негізгі ұғымдар арқылы бекітіледі.

**Педагогикалық ғылымдар және олардың мазмұны XIX ғасырға** дейін ғылыми ізденістердің пәндік саласын анықтауға байланысты ғылымдардың бөлінуі (даралануы) белсенді жүріп жатты. Сонымен бірге білімдер аумағының өсуі жеке пәндерінің бөлінуіне алып келеді, яғни пәннің өзінің ішінде бөлініп даралануы бастады. Педагогика да бірте - бірте жалпы пәнмен байланысты бола отыра, мақсаттары, жас ерекшеліктері, оқу-

9 тәрбиелеу, оқу орнындарындағы типтері бойынша ерекшелігі бар салалар айқындала түсті.

Педагогика ғылымдарының жүйесіне: жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, мектепке дейінгі педагогика, кәсіби педагогика, педагогика мен білім берудің тарихы, салалық педагогика, корекциялық педагогика, салыстырмалы педагогика, жеке пәндер әдістемесі және т.б. жатады. Кейінгі кезде педагогикалық білімнің дербес салалары ретінде әлеуеттік педагогика және т.б. бөліне бастады.

Жалпы педагогика педагогикалық процесс пен білім берудің негізгі заңдылықтарын зерттейді. Жас ерекшелік педагогика (мектепке дейінгі, мектеп, ересектер педагогикасы) анатомиялық және физиологиялық және әртүрлі жастағы топтардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық процесс пен білім берудің ерекшелігін зерттейді. Кейінгі он жылда бірқатар ғалымдар мектепке дейінгі педагогикадан бала бақша жасындағы педагогикасын бөліп көрсетеді. Мұндай бөлу әділетті, себебі сәби жасындағы балалардың санасы дамуының өзіндік ерекшеліктері бар, міне осыдан келіп бұл пәннің психологиямен, педагогикамен және медицинамен тығыз байланыстылығы ерекше. Зейнеткерлердің тұрғындар құрамындағы үлес салмағының өсуіне байланысты үшінші жас педагогикасы пайда болды, ол қалыптасу деңгейінде.

Кәсіби - техникалық білім беру педагогикасы, арнаулы орта білім беру педагогикасы, жоғары білім беру педагогикасы -пәндері (дисциплины), олардың пәні педагогикалық процесс және жұмысшы кадрларын кәсіби және сонымен бірге әртүрлі деңгейдегі мамандарды даярлаудың заңдылықтары



болып табылады. Бұл пәндерге жұмысшыларда екінші, үшінші және т.б. мамандықтарды игеруге дейін бағытындағы оқытудың заңдылықтарын зерттейтін өндірістік педагогика да жатады.

Педагогиканың салалық тарауларына арнаулы педагогикалық ғылымдар (сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика, логопедия), дене дамуында кейбір ауытқушылықтар (есту, көру, ойлау қабілеттеріндегі өзгерістер, сөйлеу) бар балалар мен ересектерге білім берудің теориялық негіздерін, принциптерін, әдістерін, формаларын зерттеулермен айналысады.

Әскери педагогика әртүрлі рангтағы әскери қызмет атқаратындарды әскерге шақыру жасындағышардан бастап әскери мамандықты игергендер 10

мен офицерлер құрамының тәрбиелік іс-әрекеттерінің тәрбиелік заңдылықтарын зерттейді.

Еңбекпен түзету (исправительная) педагогикасы түрмеде отырған азаматтарды қайта тәрбиелеудің теориясы мен практикасын қарастырады (пенитенциарлық мекемелер). Мұнда жас ерекшелігі ескеріледі, оларда әсіресе балалар мен жасөспірімдер қылмысына қатысты кездесетін заң бұзу зерттеледі.

Сауықтыру педагогикасы психология мен педагогиканың өзара белсенді әрекеттері барысында салыстырмалы түрде кейінгі кезде ғана дами бастады. Бұл ғылымның пәні кәдімгі жалпы мектептегі оқу - тәрбие процесінен қол үзген ұзақ уақытқа емделетін ауру балаларға білім беру болады.

Педагогика тарихы - адамзат тарихындағы педагогикалық идеялар мен мектептердің қалыптасуын зерттейтін ғылым. Сондықтан оның азаматтық тарихпен, этнографиямен, этнологиямен, археологиямен байланыстары табиғи нәрсе, өйткені педагогикалық ой қоғамның материалдық және рухани мәдениетті саласының бірлігі бағытында дамиды.

Салыстырмалы педагогика әрбір елдердегі білім беру және тәрбие жүйелерінің дамуын, олардың жалпы және өзіндік ерекшеліктерін салыстыра, дамуын зерттейді. Ал бұл ұлттық педагогикалық мәдениетті дүние жүзінде қалыптасып келе жатқан жетістіктермен байытуға мүмкіндік береді.

Жеткілікті дәрежеде дербес педагогикалық пәндер тобын жеке немесе пәндік педагогика құрайды, онда жалпы - бұл педагогикалық заңдар мен заңдылықтар, танымдық әрекет әдістері, ал жеке ерекшелік (особенное) берілетін сабақ пәнінің мазмұны.

**Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесінде.** Педагогика білім беру, педагогикалық шындық туралы ғылым ретінде педагогикалық процестің дамуы мен қызмет етуінің заңдылықтарын зерттейді, теориялық білімдерді жинақтайды және жүйеге келтіреді, педагогикалық шындық тәжірибесін зерттейді, яғни практика үшін педагогикалық шындықты қайта құру үшін негіз жасайды. Сондықтан осы саладағы ғылыми зерттеулер практикалық бағытталған сипатта болады. Міне осыдан педагогиканың гуманитарлық білімдер (адамтану) жүйесімен байланысы басталады. Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесіне кіргеніне қарамастан, ол педагогикалық

мақсаттылық және тұлғаның қалыптасуына педагогикалық басшылықты зерттейтін бірден бір ғылыми пән.

11

Педагогикалық ой алғашында жалпы философиялық білімдер жүйесінде, діни ілімдерде, саясаттануда, заңда, әдебиетте дамиды. Педагогиканың дербес ғылым ретінде бөлініп шығуы (дифференциялануы) белгілі бір уақыт кезеңінде ішкі ғылыми дифференциялануға, педагогика ғылымдары жүйесінің түзелуіне алып келді. Бірақ XIX — XX ғасырлардағы зерттеулер педагогиканың ғылым аралық байланыстарының жоғарыда мәні болғанын көрсетеді. Қазіргі замандағы педагогика психологиямен тығыз байланысты. Психология адам психикасының дамуының заңдарын, ал педагогика - тұлғаның дамуын басқаруды зерттейді. Ойлаудың, іс-әрекетті мақсаттылықпен өзгерту психологиялық білімдерсіз мүмкін емес. Мұндай білімдерсіз тұлғаның оқығанын және тәрбиелшігін бағалауға мүмкін болмайды. Сондықтан педагогикада психологиялық білімдер ғана емес сонымен бірге педагогикалық міндеттерді шешу үшін тұлғаны зерттеу әдістері (рейтинг, психометрия, жұптық салыстыру және тағы басқалар) пайдаланады.

Педагогика ол ағзаның материалды - энергиялық түрлілігін ашып көрсететін физиологияға, соның ішінде жоғарғы нерв қызметінің заңдылықтарына (И.П. Павлов, П.К. Анохин) сүйенеді. Мұндай білімдерді меңгеру танымдық іс - әрекет және тұлғаның әлеуметтену процестері табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Педагогиканың социологиямен (әлеуметтанумен) жан-жақты байланысының өте маңыздылығы ол қоғам туралы біртұтас жүйе ретіндегі және оның бөліктерінен тұратын (әлеуметтік жай, топ және т.б.) ғылым болып табылады. Міне осыдан, педагогиканың социологияның білім социологиясы, студенттер социологиясы және т.б. тарауларына деген қызығушылығы туған, себебі тек қана социологиялық зерттеулер арқасында педагогтар, ұстаздар қоғамдағы әлеуметтік - экономикалық, құқықтық, демографиялық және мәдени ортаның жағдайы туралы біле алады.

Педагогика ғылымдарының даму мүмкіндіктерінің маңыздылығы олардың медицинамен байланыстылығында, себебі педагогикалық шындықтың бірқатар құбылыстарын (тәртіпсіздік, жалқаулық, еріксіздік, олақтық) балалардың денсаулығын зерттеу барысында ғана түсіндіруге мүмкін болады. Сонымен бірге созылмалы ауру балалар үшін арнаулы оқыту және тәрбиелеу жүйесі қажет. Әрине, бұл – мәселенің бірлескен комплексті зерттеулер нәтижесінде ғана шешуге болады. Ғылымдар байланысының жаңа деңгейін бастапқы педагогиканың философия ғылымы саласында дамуы

12

бүгінгі күні шешімін табуда. Педагогика жеке пән (дисциплина) ретінде философия және оның салалары - білім беру философиясы, ғылымдар философиясының, мәдениет философиясының және т.б. жетістіктеріне сай терең ұғыну нәтижесінде дамиды.

Педагогиканың ғылыми аралық байланыстары белгілі бір проблемаларды зерттеу барысында басқа ғылымдарға — тарихқа, этнологияға, этнографияға, юриспруденцияға, экономикаға, демографияға, экологияға және т.б. таралады.

Адамзат бағытындағы және ғылыми аралық пәндердің (синергетика, жүйелер теориясының негізі, кибернетика, информатика, басқару теориясының негіздері) жетістіктері педагогика бойынша зерттеулердің байи түсуіне әсерін тигізеді. Р.Г. Гурова педагогиканың басқа ғылымдармен өзара байланысы қандай бағытта іске асатындығын көрсетіп берді: басқа ғылымдардың негізгі идеяларын, теориялық анықтамалары мен жалпы қорытындыларын, педагогиканың қолдануы, гуманитарлық ғылымдарда қолданылып жүрген зерттеу әдістерінің творчестволық қосымшасы; көрсетілген ғылымдарда алынған нақтылы зерттеу нәтижелерін педагогикада қолдану; педагогтардың адам проблемалары бойынша комплекстік зерттеулерге қатысуы.

**Педагогикалық зерттеудердің әдіснамасы.** "Әдіснама" грек тілінен аударғанда "әдіс туралы ғылым" деген мағышаны береді. "Метод" "әдіс" термині тікелей нақты бір нәрсеге деген жол ретінде анықталады, яғни методология мағынасы жағынан бір нәрсені тану туралы ғылым болады. Сондықтан әдіснама - зерттеу процесі туралы ілім ретінде де түсіндіріледі. Бұл ілім жалпы әдіснама, ғылыми ұғымның, теориялық негізі, ретінде дамуы мүмкін. Сонда бұл нақтылы философиялық жүйемен байланысты. Ғылыми әдіснаманы жетілдірудің бастамасын және негізін (фактический) Гегель салды, ол өз назарын бірінші болып философиялық әдістің ерекшелік сипатына, оның нақтылы ғылымдар әдістерінен айырмашылығына және әдіснаманың олармен үйлесімсіздігі назар аударды. Гегель әдіс дегеніміз мазмұнның қозғалысы, құбылыстың мәнін ашып көрсету және оның мазмұнынан тыс жасалмайтындығын баса көрсетті.

Материалистік диалектика объективті шындықты тану әдістері негізінде табиғат, қоғам және адам ойлауының заңдары жатқанын негізге алады. Таным әдісі табиғат пен қоғамның объективті заңдарын көрсеткенде ғана ғылыми бола алады. Сондықтан ғылыми танымның принциптері, оның категориялары мен ұғымдары адамның ақылымен жасалған кездейсоқ

13

ережелерінің қосындысы емес, ол табиғат, адам және қоғам заңдылықтарының бейнесі болып табылады.

Материалистік диалектика табиғатты үздіксіз қозғалыспен даму барысындағы біртұтастықтың бірлігі ретінде ашып көрсете отырып табиғат және адам тәжірибесі туралы ғылымдарының деректерімен толық сәйкестік барын көреді. Диалектика дамудың ең жалпы заңдылықтарын жасап үйлестіреді; бірлік және қарама қайшышылықтардың күресі, саннан сапаға көшу және теріске шығаруды теріске шығару, мынадай философиялық жұп категорияларымен: себеп салдар, қажеттілік және кездейсоқтық, мүмкіншілік пен шындық, мән және құбылыс, мазмұн мен форма және т.б. анықталады. Диалектикалық өдіс таным процесі арқылы заттар және олардың ойша

(идеалды) бейнесі, яғни ұғым пайда болу процесінде, үздіксіз дамуда, олардың органикалық бірлігі мен өзара байланысында материалдық шындықтың заңдылықтарын ашады.

Сонымен материалистік диалектика ғылыми ізденістің стратегиясын береді, бірақ ол нақтылы ғылымда пайда болатын сұрақтарға дайын жауап бермейді. Әдіснамалық анықтамаларды менгеру арқылы ғалымда да және машықтандыруда да көзқарастың дүниетанымдық ұстаным қалыптасады, ол содан кейін белгісіз зерттеулерде, жасалған ғылыми идеяларды кәсіби тәжірибелік іс -әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Бірақ, соңғысы нақтылы ғылымның әдіснамасымен байланысты және сол сияқты педагогикада қолдануға болады. Одақтық педагогикада ХХ ғасыр түгелдей қойылған сұрақтарға өте белсенді жауап іздестіру уақыты болды.

Ғылыми білімнің жалпы моделі философиялық алғы шарттар негізінде жасалады, ал ол теорияның негізгі салаларымен байланысты- табиғат, қоғам және ойлау ғылымдарына қатысты үшбұрыш. ХІХ ғасырдың өзінде қалыптасқан дәстүрлі үшбұрышта педагогикаға, медицинаға, техникалық білім және басқа да ғылымдардың жасампаз мақсатта бағытталған адамдардың іс -әрекеттеріне байланысты ғылымдарға орын жоқ. Сондықтан ХХ ғасырдың екінші жартысының өзінде, кейбір ғалымдар (М.Г. Ярошевский) төртбұрыштық ғылымды ұсынады. Мұндай жағдайда адамдардың жасампаз мақсатты бағытталған іс - әрекеттері ғылыми білімдер жүйесінің моделінде, заңды өз орнын алады. Бұл, әрине, нақтылы ғылыми білімнің, міндетті түрде: сол нақтылы ғылымның әдіснамасын, теориясын, тәжірибесін көрсетіп, теорияны жалпылау мен практикалық ұсыныстарға, құрамына әсерін тигізеді Демек, ХІХ ғасырдың аяғының өзінде қалыптасқан

14

ғылымның даму тенденциясы ғылымды теорияландырудан тұрады. Міне осыдан ғылыми жұмыстардың ең көп тараған фундаментальдық терең, қолданбалы және талдамалық бөлінуінен келіп шығады. Кейбір ғалымдар (К.Е. Гмурман) ғылымдардың бөлінуін басқаша береді: фундаменталдық, теориялық, теориялық - қолданбалы және талдамалық, зерттеулерді теорияландырудың ролін баса көрсеткен. Сонымен бірге қазіргі уақытта, іс-тәжірибеге шығуды қарастырмаған барлық теориялық тұжырымдамалар кейін оны қайта өзгертудің негізі болуы мүмкін.

Іргелі терең зерттеулер, құбылыстар мен процестерді сипаттау мен түсіндіруде, олардың әрекеттерінің тетіктерін, заңдар мен заңдылықтарын, олардың дамуы мен өмір сүріп, қызмет етуімен байланыстылығын теориялық зерттеулер ашып көрсетуді мақсат еткен нақтылы көрінбейтін құбылыстардың мәнін зерттеумен, олардың өзара байланыстары мен тәуелділіктерін анықтаумен байланысты, оларды тәжірибе жүзінде басқару мүмкіндіктерін білуін айқындайды. Теориялық қолданбалы зерттеулер практикалық іс - әрекеттердің табылған заңдар мен заңдылықтардың қолдану тәсілдерін айқындайды. Талдамалар машықтандыру (халыққа білім беруді ұйымдастырушыларға, мұғалімдерге, тәрбиешілерге) жұмыстарына керекті

әдістемелік оқу құралдарың нұсқаулар, әдістемелік нұсқаулар, құралдар және т.б. беруге бағытталған.

Көптеген жағдайларда педагогикада негізгі идеялар, теориялық және тәжірибелік аспектілер өзара тығыз байланысты. Сондықтан педагогикада теорияны жасау және зерттеудің теориялық деңгейін көтеру алдыңғы қатарлы тенденция болып отыр. Бұл тенденция педагогиканың әдіснамасы деген сұраққа қарастырғанда күмән жоқ, бұл сұраққа жауап бермей басқа сұраққа жауап беру мүмкін емес — ал, бұл дегеніміз педагогикалық зерттеулердің теориялық деңгейін күшейту деген сөз.

Педагогикалық әдіснаманың мәні әртүрлі түсіндіріледі: әдіс туралы ғылым, философиялық қағидаларды тікелей ғылыми зерттеулерде қолдану ретінде; арнаулы зерттеу әдістерін жасауға арналған ғылыми пән ретінде. Бұл айтылған үш көзқарас педагогика әдіснамасының шекарасын мөлшерсіз кеңейтеді немесе тарылтады (Г.В.Воробьев). Қазіргі педагогика әдіснамасының пәні болып педагогикалық құбылыстармен оның нәтижесі - педагогикалық білімдер жүйесін (Ф.Ф. Королев) зерттеу процесі екендігі анықталған.

15

Педагогикада жеткілікті дәрежеде оның әдіснама" қызметін атқаратын әдіснамалық және жалпы теориялық білімдер шекарасы айқындалуда. Әдіснамалық білімдер жүйесіне: педагогика пәні, педагогиканың категориялары, педагогиканың ғылыми білімдер жүйесіндегі ролі, педагогиканың басқа ғылымдармен өзара байланыстылығы, педагогика ғылымдарының жүйесі; педагогикалық пәндердің жалпы және ерекшелік міндеттері, педагогиканың анықтамалы - терминдік жүйесі жатады.

Әдіснаманың көрсетілген аспектілерін жасау "білетін туралы білім" береді. Осылайша педагогикалық құбылыстарды тану процесін оқуда зерттелетін мәселелер анықталады, "білетін туралы білім", яғни педагогикалық құбылыстарды зерттеудің өзінде оның принциптері, заңдылықтары, әдістері, болашағы туралы білімдер жинақталады. Қазіргі кезеңде мынадай әдіснамалық нысаналарды жасау педагогика ғылымының түсіндіру, жобалау және конструктивтік функцияларының атқаратын қызметтерінің өзара байланыстылығын, педагогикадағы дүниетанымдық пен методологиялық принциптерінің ерекшеліктерін, ұғымдар жүйесі мен, ұғымдар қатарын және т.б. зерттеу өзекті мәселе болып отыр (В.Е. Гмурман, Г.В. Воробьев, В.И. Журавлев).

Педагогикадағы жалпы теориялық зерттеулерге педагогикалық процестің мәнін, заңдылықтарын, биологиялық пен әлеуметтіктің ара қатынасын; педагогикалық процесте тұлғаны қалыптастыру; тұлға және ұжым; ұжым тұлғаны қалыптастырудың әлеуметтік ортасы ретінде; педагогикалық процестің принциптері, оны ұйымдастырудың формалары мен әдістері және т.б. жатады.

Әрине, қазіргі педагогиканың кең көлемдегі сұрақтары пәнаралық және ғылым аралық байланыстарын дифференцияландыру мен интеграцияландыру

негізінде педагог — зерттеушілер мен практиктардың зерттеу процесін ұйымдастырудағы дайындығына байланысты тиімді жасалуы мүмкін. Қандай да салада болмасын ғылыми таным, таным субъектісі (зерттеуші) зерттеу процесінің барлық элементтерін білуін талап етеді:

- тақырыпты үйлестіруді (дифференцировать) және оның көкейкестілігін дәлелдей білуді;
- ғылымдағы тақырыптың зерттелу жағдайын және пайда болған қайшылықтарын анықтай білуді;

16

- зерттеу мәселесін үйлестіре білуді (яғни жауапты талап ететін сұрақты);
- мақсат (қандай нәтиже алуға болатындығын) нысана және зерттеу пәнін анықтай алуды.

Ғылыми зерттеуге тән нәрсе, сол мәселеде үйлестірілген сұрақ және болжамды белгілі бір жобаланған жауап ретінде бейнеленеді. Осыдан зерттеудің міндеттері шығады: зерттеу пәнінің теориясын негіздеу (теориялық сипаттама) және зерттеудің теориялық моделін жасау, эмпирикалық тәжірибені меңгеруді анықтаушы эксперимент және педагогикалық шындықты қайта құруды қамтамасыз ету қалыптастырушы эксперимент.

Қойылаған міндеттерді шешу зерттеушінің соған сай ғылыми әдістерді қолдануын талап етеді. Теориялық және теориялық қолданбалы міндеттерді шешу үшін - теориялық деңгейдегі әдістер (теориялық және салыстырмалы талдау, нақтыдан абстрактылық және абстрактылықтан нақтылыққа көтерілу, моделдеу, ойша эксперимент) қолданылады. Теориялық қолданбалы және қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін: бақылау, әңгімелесу, анкеталық педагогикалық құжаттарды оқып танысу, эксперимент қолданылады.

Ғылыми зерттеулердің басты белгісі қолданатын терминдердің біртектілігі (бір мағыналылығы) болып табылады, себебі басынан бастап, басты ұғымға қандай мағына мән берілетіндігі, не туралы екендігі айқын болуы керек.

Бір терминді (сөзді) бірнеше мағынада қолдануға болмайды. Бұның маңыздылығы сонда, зерттеу пәнінің ұғымдық сипаттамасы (теориялық сипаттама) зерттейтін құбылыстың мәнін мазмұнды ашып көрсетудің оның теориялық моделін жасаудың кепілі болады. Соңғысы арқылы зерттеу құбылыстарының нақтылы педагогикалық шындықтағы жағдайын және практикалық іс-әрекеттер үшін берілетін нұсқаулардың тиімділігі бағаланады, олар практика үшін қажетті әдістемелік материалдар мен нұсқаулар пакеті ретінде болашақ педагогикалық іс-әрекеттер жобасында қаланады.

### **Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар.**

"Педагогика" ұғымына ерте ежелгі және анықтама, түсініктеме беріңіз. қазіргі мағынада

17

2. Бастапқы кезде педагогика қандай ғылымның саласында дамығанын айтыңыз.

3. Ғылыми білімдер саласы, сонымен бірге педагогика немен айқындалады?

4. Педагогика категорияларының ғылым мен практика үшін маңыздылығын түсіндіріңіз.

5. Ғылымның әдіснамасы деген не?

6. Педагогика әдіснамасының іс - әрекеттің теориясы мен практикасын дамытудағы маңызы қандай?

7. Педагогиканы ғылым және өнер деп айтады. Бұл ұғымдар қандай мағына береді?

8. Тәрбие туралы ғылымның мәнін келтірілген ұғымдардың қайсысы дел және толық көрсетеді. Антропология, педагогика, андрология, педология?

9. Педагогиканың ғылым ретіндегі ілгері дамуын (прогресін) не анықтайды?

### **Әдебиеттер**

1. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. М., 1982.

2. Введение в научное исследование по педагогике. /под. ред. В. И. Журавлева. М., 1988.

3. Журавлев Я.И. Взаимосвязь педагогической науки и практики. М., 1988.

4. Журавлев Я.И. Педагогика в системе наук о человеке. М., 1990.

5. Кочетов А.И. Культура педагогического исследования. Минск, 1986.

6. Кузьмина Н.В. Методы системного педагогического исследования. Л., 1980.

7. Скоткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. М., 1986.

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. Жоғары оқу орнына арналған философия, психология, педагогика оқу құралдарындағы "тәрбие" туралы ұғымды түсіндірудің кестесін (таблица) құрастырыңыз.

18

2. "Адамзат педагогикалық ойларының дамуы" атты кестесін (таблица) дайындаңыз, (есімдер, күндер, жылдар, негізгі жұмыстар, алға ұсынылған идеялар).

3. Педагогика категорияларының өзара байланысын көрсететін үлгісін жасаңыз.

4. Педагогикалық ойлардың дамуына әсер ететін әртүрлі факторлардың өзара байланысын көрсететін үлгіні (схеманы) құрастырыңыз (адамның қоғамдағы өмірге дайындығының объективтік мұқтажы, қоғамдық өмірдегі тәрбиенің ролінің артуы текті сақтаудың биологиялық заңдылығы, ғылым мен техниканың (прогресс) ілгерленуі, ата — аналардың тәрбиеге қамқорлығы, ұстаздардың микро және кәсіби тәжірибелік іс - әрекеті).

### **Реферат тақырыптары.**

1. Педагогика ғылыми пен ретінде.

2. Педагогиканың басқа ғылымдармен өзара байланысы.
3. Әдіснама педагогика ғылымының дамуына әсері.
4. Мұғалімдердің педагогикалық теориялары мен көсіби іс -әрекетінің өзара байланыстылығы.
5. Философияның педагогика ғылымының дамуындағы ролі.

19

## 1.2. Теория мен тәжірибенің дамуындағы ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері

**Мақсаты:** болмысты ғылыми тану тәсілдері туралы түсінікті қалыптастыру, ғылыми-педагогикалық ойлауды дамыту.

### **Міндеттері:**

- а) «Ғылыми зерттеу әдісі» ұғымының мәнін ашу.
- е) Болмысты ғылыми танудың әр түрлі әдістерін көрсету.
- б) Зерттеудің эксперименталды-эмпирикалық және теориялық деңгейлері әдістерінің мәні мен мазмұнын ашу.
- в) Ғылыми зерттеу әдістерінің таным объектісінің ерекшелігіне тәуелділігін сипаттау.

### **Жоспар**

1. Әдіснама ғылыми таным әдістері туралы философиялық ілім ретінде.
2. Эксперименталды-эмпирикалық деңгей әдістері.
3. Теориялық деңгей әдістері.

**Негізгі ұтымдар:** ғылыми зерттеу әдісі, ғылыми дәлел, заңдылық, ғылыми ақпараттың анықтығы, жүйе, модель.

**Басқа пәндермен байланысы:** философия, психология, психофизиология, мәдениеттану, әлеуметтану.

**Әдіснама ғылыми таным әдістері туралы Философиялық ілім ретінде.** Әдіснама, әдіс пен теория әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты. Теория педагогикалық құбылыстардың кез-келген әдіснаманың негізі болып табылады және сол әдістеменің көмегімен табылған фактілер арқасында кеңейеді. Теория - таным процесінің нәтижесі, ал әдіснама болса осы танымға жету мен оны құру тәсілі болып табылады. Бұл - теориялық және практикалық ғылыми-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесі, бұл - осы жүйені тану жолы. Таным теориясы тұтас таным іс-әрекеті процесін және ең алдымен оның мазмұндық негізін зерттейді. Әдіснама шынайы және практикалық түрде тиімді білімге жетудің әдістері мен жолдарына көп көңіл бөледі, осы білімді дамытудың тәсілдерін іздестіреді.

Кез-келген әдіснамалық мәселелерді шешу белгілі бір гносеологиялық принциптер негізінде құралған бастапқы әдіснамалық тұжырымда жүзеге асады. Адамның танымдық іс-әрекетінің жалпы заңдылықтарын, оның даму заңдарын қалыптастыру философия ғылымының мәселесі. Білімді

20 философиялық, аксиологиялық түсіну философияға тән және ол ғылыми білім туралы түсініктердің қалыптасуына шешуші ықпал етеді. Алайда зерттеушінің әдіснамалық тұжырымына жалғыз философия мен оның



гносеологиялық негіздері ғана әсер етпейді. Зерттеушінің әдіснамалық тұжырымдама, көбінесе, ғылыми білімді құру мен дамыту теориясы болып табылады, өйткені ол психологиялық-педагогикалық ғылымға және оның тарихына бағытталады. Осыған орай, әрбір әдіснамалық тұжырымдама психологиялық-педагогикалық теориялар негізінде құрылып, соларға сүйенеді, өйткені олар осы тұжырымға жақын және оның ең басты құрылымдары болып табылады.

Әдіснамалық тұжырымдар ғылымның философиялық негіздері мен педагогикалық ғылымның зерттелетін саласының жетістіктеріне байланысты ажыратылады. Зерттеушінің әдіснамалық тұжырымының қалыптасуына бұған дейін қалыптасқан және басқа да психологиялық-педагогикалық тұжырымдар әсер етеді. Жаңа әдіснамалық тұжырым оған дейінгі пайда болған әдістемелік концепциялар желісінде пайда болып, дамиды, ол нені іздеу керек және қалай іздеу керектігін дәл анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қоса, олар зерттеушіні тежеп, оның еркін ойлауына кедергі жасауы да мүмкін.

Зерттеушіге, кейде, ғылымдағы көпшілік қабылдаған, тұрақты ережелер туралы, әдістемелік көзқарастар, ғылыми мектептер бағыттары туралы ұмытып, олардан бас тартып, оларды дәлелді түрде жоққа шығарудың пайдасы көп болады. Сондай-ақ, әр түрлі тұжырымдарға, олардан шығатын мәселелерге және оларды шешудің ерекше тәсілдеріне сын көзбен қараудың пайдасы зор. Іске осылайша қарау теориялық материалға деген өзіндік қатынасты қалыптастыруға, белгілі бір тұжырымдарға сүйеніп, бір жағынан философиялық ережелер ықпалындағы, ал екінші жағынан ғылыми-педагогикалық танымның белгілі бір саласына бағытталған кейбір тұжырымдарды сынауға көмектеседі.

Зерттеу жұмыстарына жаңадан араласқан зерттеушіге ғылыми талдау жүргізіп, ғылымдағы тұрақты философиялық және теориялық тұжырымдар мен қортындыларға сүйенудің пайдасы мол. Бұл зерттеліп жатқан саладағы жаңа жүйелік тұтастық білімдерін алуға көмектеседі. Эмпирикалық деңгейдегі білім қайта құрылып, теориялық білім мен нақты шындықтың өзара қатынасы саласындағы теориялық қортындылар мен

21

нақтыландырулардың негізін құрастыру қажет. «Теориялық білім» дегеніміз сөздің, жалпы мағынасында, белгілі бір педагогикалық құбылысты талқылауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған ғылыми көзқарастар, түсініктер, идеялар жиынтығы. Ал, тар және арнайы мағынасында, ол дегеніміз педагогикалық іс-әрекеттің зерттелініп жатқан саласының заңдылықтары мен байланыстары туралы тұтас түсінік беретін ғылыми білімді ұйымдастыру формасы. Бұл тұтас білім жүйесіндегі ішкі шектеу, ол бір элементтердің басқа элементтерге тәуелділігін сипаттайды, ал теория мазмұны пікірлер мен түсініктер жиынтығынан тұрады. Теория көбінесе жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту мен қалыптастырудың қалыптасқан тәжірибесін шығармашылықпен қайта құрумен байланысты. Осылайша, ол

педагогикалық тәжірибені қортындылап, жеке тұлғаның болашақта қалыптасуы мен дамуының жоспарын анықтайды.

Теория өзара байланысты білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ол - осы білімдердің белгілі бір зерттеу бағдарламасы түрінде құралуының механизмі. Теория шынайы өмірде жоқ, бірақ теориялық-әдіснамалық білімдерге сүйеніп жүзеге асыруға болатын нәрсені құрастыруға көмектеседі. Осының бәрі ғылыми білімдердің жалпы жүйесі ретінде педагогикалық теорияның тұтастығын құрайды.

Теориялық білім зерттеушіге оның не нәрсені біле алатынын көрсетсе, практикалық білім оның не істеу керектігіне бағыттайды. Кез-келген теорияның ақиқаттылығының белгісі - болмыстың практикалық өзгерісі. Практика теориялық түсінікке қарағанда әлдеқайда кең және күрделі. Алайда, басқа жағынан қарағанда, теориялық болжамдар, мысалы, Д.И. Менделеевтің химиясы практикаға белгісіз жаңа химиялық элементтердің ашылуын болжаған. Осылайша Нептун ғаламшарының ашылуы да бірінші теория жүзінде болжанып, практика жүзінде заманға сай телескоптар пайда болған кезде ғана оны көре алған. Іс жүзінде таза теория болмайды, өйткені ол әрқашан зерттелінетін пәннің әдістемесімен өзара тығыз байланыста болады және зерттеу іс-әрекетінің бағытын анықтайтын бастапқы нүкте болып табылады.

22

Қазіргі замандағы ғылымның әдіснамасы білімнің жеке бір саласы ретінде дамып келе жатыр, оған нақты-ғылыми деңгейде өкізілген зерттеулер сүйенеді.

Әдіснама дегеніміз әдістер туралы ілім, оларды зерттеушінің ойлау сипатын, оның танымдық процесінің дамуының жолын анықтаушы ретінде қарастыру қажет. Таным процесіндегі әдіске антикалық философияда-ақ үлкен мән берген, онда алғаш рет зерттеу нәтижесі мен ғылыми таным әдісі арасындағы өзара қатынас айқындалған болатын. Қазіргі уақытта таным әдістері, олардың қалыптасуы мен даму процесі зерттеу объектісін тану мен өлшеудің анық ғылыми нәтиже бере алатын нақты әдістерін талап ететін деңгейге жақындап келеді. Сондықтан ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің дамуы мен жетілдіру процесі тұтас педагогикалық ғылымның дамуының ең басты құрамды бөлігі болып табылады.

Ғылыми зерттеудегі әр түрлі әдістердің өзара байланысы мәселесі көкейкесті мәселеге айналып отыр. Бұл мәселе аспектілерінің бірі ғылыми танымдағы философиялық әдістердің орны туралы мәселе болып отыр. Зерттеушінің теориялық ойлауының негізінде материалистік диалектика әдісі жатыр, ол ізденушінің ғылыми фактілерді жинастыру мен түсіндірудегі субъективті көзқарастан, олардың біржақтылығынан босатып, зерттеушінің зерттеу мәселесіне тарихи анализ жасауға, оның дамуының тенденциясы мен заңдылықтарын табуға, таным мен болмысты қарама-қайшылықтарды шешудің тәсілдерін ашуға шақырады. Бұл объективті заңдылықтармен анықталатын білім мен ақиқаттың әр түрлі формаларының өзара байланысын анықтауға, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарының ілгері дамуына

икемделген ойлаудың басқа да диалектикалық әдістерін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Тарихи материализм әдісі барлық қоғамдық ғылымдар үшін жарамды және ол әлеуметтік, педагогикалық және басқа да заңдылықтар мен олардың дамуының ерекшеліктерін танудың негізі болып табылады. Ғылыми танымның осы әдістері шешуші мәнге ие, зерттеудің бағыты мен оның тағдырын анықтайды, ал оның таным объектісін зерттеудегі принциптік ыңғайы зерттеу нәтижелері мен олардың әдістемелік құндылықтары бағасының дүниетанымдық көрсеткіштері болып табылады.

23

Таным процесінде белгілі бір, нақты ғылымдарды (физика, математика, химия, тіл білімі) зерттеудің жекелеген, арнайы әдістері бар. Нақты ғылымдардың әдістерімен қатар жалпы ғылыми сипаттағы әдістер де кездеседі, олар барлық дерлік ғылымдарда қолданылады: байқап-бақылау, теңеу, талдау және жинақтау, дәріптеушілік, өлшеу, эксперимент, абстрактіден нақтыға қарай өрлеу, индукция мен дедукция; бұлардың әрқайсысы жеке ғылымдарда нақтылана түседі. Сонымен қатар, ғылыми әдістер ғылыми танымның эмпирикалық және теориялық әдістері болып екіге бөлінеді.

Сонымен, зерттеу әдісі дегеніміз күрделі танымдық әдістемелер, ал олар болса зерттеудің таным операцияларының іске асуының белгілі бір тәртібін белгілейтін әр түрлі әдіс-тәсілдерінің жиынтығынан тұрады.

Зерттеу әдістері педагогикалық ғылым дамуының басты құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық ғылым мен тұтас педагогикалық білімнің дамуы педагогикалық зерттеу әдістерінің даму деңгейіне байланысты. Ғылыми нәтижелердің анықтығы алғашқы ақпараттарды алудың жолдары мен тәсілдеріне және зерттеу әдістерінің сенімділігіне байланысты. Кез-келген педагогикалық зерттеу белгілі ғылыми білімдерді дәлелдеу емес, ол - жаңа білімдерді табу процесі. Ол адамның зерттеу объектісі, заттары мен құбылыстарының мәнін ашуға бағытталған жан-жақты танымдық іс-әрекетінің бір түрі.

### **Эксперименталды-эмпирикалық деңгей әдістері.**

Педагогикада зерттеудің үш деңгейі бар: эмпирикалық, теориялық, әдіснамалық. Эксперименталды-эмпирикалық деңгей әдістерінің тұтас бір тобы бар (гр. Empeiria - тәжірибе).

1. Бақылау- заттар мен құбылыстарды мақсатты зерттеу, мағлұматтарды іріктеп жинау, көзбен көргенді сезім мөшелерімен қабылдау және санада бұл ақпаратқа талдау жасау; зерттеу объектісінің сыртқы жақтары, қасиеттері мен белгілері туралы мәлімет алу. Бақылау, ең алдымен, бақылаушының өзі, зерттеу объектісі, бақылау шарттары, сондай-ақ құралдары - видеоаспаптар, аспап-құралдар мен өлшеу құрал-саймандары жатады.

Бақылаушының бастапқы ұстанымы нені бақылау керек және қандай құбылыстарға көңіл бөлу керектігін анықтайды. Түйсік, сезім арқылы

24

кабылдау мен түсініктерден басқа бақылап-зерттеуде зерттеушінің ұтымды жақтары да қатысады. Мысалы, геолог-зерттеуші мен тәжірибесі жоқ адам бір тасқа қарап тұрып, оны әр түрлі қабылдайды: біреуі құнды минерал деп қараса, екіншісі оған жай тас деп қарайды. Бұны мынандай әйгілі нақылмен түйіндеуге болады: ғалым адам көзімен көреді, басымен түсіндіреді. Зерттеу барысында бақылау түрлерінің әр алуан жіктелімін ажырата алады:

- тікелей бақылау, зерттеуші-мұғалім оқу-тәрбие жұмысының тікелей басшысы; сонымен қатар ол тікелей куәгер бола тұра бейтарап адам және зерттеу мүшесі ретінде зерттеушілер тобына кірген кезде тікелей бақылау жүзеге асырылады. Мұғалімнің рөліне байланысты эмпирикалық фактілерді жинақтаудың техникасы мен әдісі тандалып алынады;

- жанама бақылау, ол тікелей бақылауды толықтырады және зерттеушімен бірге, оның бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін өкілдер арқылы жүзеге асады. Зерттеуші біреу туралы немесе бір нәрсе туралы жанама деректер алады;

- жасырын немесе елеусіз бақылау тұйық теледидар желісі және сынып бөлмелерінде телекамералары бар мектептерде жүргізіледі. Сабақты жасырын бақылап-зерттеу оқушылардың танымдық іс-әрекетінің және мұғаліммен ара қатынасы туралы шынайы мәлімет алуға мүмкіндік береді. Жасырын бақылап-зерттеу зерттеушіге құнды мәліметтер береді, оқушылар өздерін бақылап отырғанын көрсе өздерін басқаша ұстайды.

- үздіксіз бақылау оқыту процесін, екі-үш оқушының сабақтағы, ойындағы, сыныптан тыс, мектептен тыс мінез-құлқын зерттеуге қолданылады;

- дискретті (үзік-үзік) бақылау объектіні ұзақ уақыт бақылайтын кезде қолданылады. Бақылап-зерттеу ұзақ уақытқа созылуы мүмкін - жарты жыл немесе бір жыл. Бақылап-зерттеу белгілі бір уақытта үзіліп, кейін қайтадан жалғастырылады;

- монографиялық бақылау біреуді немесе бір нәрсені бақылау кезінде қолданылады;

- шағын мамандандырылған бақылау жалпы тұтастықтан бақылап-зерттеу мақсатына сай бір құбылысты немесе деректі бақылау кезінде қолданылады;

- ізденіс бақылау көп деректер арасынан зерттеуші өзіне керек деректер мен құбылыстарды іздеген кезде қолданылады. Мұндай бақылау көп уақыт

25 пен зерттеушіде тиянақты талдау жұмысын талап етеді.

Педагогикалық құбылыстар мен деректердің сандық және сапалық сипаты мен өлшемінің тәртібі бақылаудың негізін құрайды. Өлшем - зерттеу объектісін сипаттайтын белгілі бір өлшем шамасының бірлік ретіндегі басқа біртекті шамаға қатынасын анықтау процесі. Сандық бақылап-зерттеулер мен өлшемдер оларды математикалық өңдеуге жол ашып, теориялық болжамдардың эксперименталды тексеруін тиімдірек жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2. Педагогикалық эксперимент танымның эмпирикалық дейгейіндегі зерттеудің негізгі әдісі болып табылады, ол құбылыстарды олардың өту

барысының нақты белгіленген жағдайларында зерттеуге бағытталған. Эксперимент жағдайларында құбылыстың табиғи жағдайларда бақылап-зерттеуге болмайтын белгілерін ашуға болады. Эксперимент зерттеу құбылыстарын басқа шарттар мен жағдайлардан бөліп алып, құбылыстар мен деректерді «таза күйінде» зерттеуге мүмкіндік береді. Эксперимент ғылыми зерттеудің теориялық және эмпирикалық деңгейлері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Оның мақсаты ғылыми теория немесе болжамды растау немесе жоққа шығару, сондай-ақ эмпирикалық заңдылықтарды шығару және нақты білімге жету. Эксперименттің тағы бір мақсаты білімнің көлемін ұлғайту, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу тұлғасын дамыту тәжірибесін жаңарту.

Эксперимент пен практикалық іс-әрекеттің басқа формалары арасындағы шектеулер шамалы, сондықтан эксперимент таным әдісі де, оқу-тәрбие процесін оңтайландыру әдісі де бола алады.

Педагогикада эксперименттің бірнеше түрі бар: табиғи, оқыту мен тәрбиенің күнделікті жағдайларында жүзеге асады; лабораториялық, оқушылардың белгілі бір топтарын бөлу арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, эксперименттің анықтаушы түрі бар, ол зерттеу объектісінің бастапқы күйін белгілеп, көрсетеді; қалыптастырушы - зерттеу объектісін қайта құруға бағытталған. Эксперимент жаңа зерттеу материалын танып білуді болжайды. Ол теориялық болжамдарды тәжірибелі тексеру, бұл болжамдарды растауы немесе жоққа шығаруы мүмкін. Педагогикалық эксперименттің ерекшелігі - зерттеуші оқушылармен жұмыс істейді сондықтан оның, әсіресе оқытуда,

26

теріс нәтиже алуына құқығы жоқ, өйткені зерттеушінің құрастырған сәтсіз бағдарламасынан оқушылар жапа шегуі мүмкін.

Эксперименталды жұмыстың жоспары, мақсаты болуы, эксперимент түрі таңдалып, оның мүмкін нәтижелері де ойластырылуы қажет. Зерттеу құбылыстары мен оның қасиеттеріне ықпал ететін факторларды, сондай-ақ эксперименталды жұмыс кезінде бақылануы тиіс объектілерді бөліп алған жөн. Қазіргі экспериментті жүргізу бақылаудың техникалық құралдарынсыз және өлшеу саймандарынсыз өткізу мүмкін емес және де олар практикада тексерілген, теориялық тұрғыдан дәлелденген, зерттеу мәселесін дұрыс шеше алатын болулары қажет.

3. Сұрақ-жауап әдістері. Олардың ерекшелігі педагогикалық жағдайлардың элементтерінің объективті қасиеттері емес, қоса өзара әрекеттесуші «субъект - субъект» жүйесінің қасиеттері танылып, есепке алынады. Эмпирикалық зерттеу әдістемелерін құрастыру кезінде субъектінің өз іс-әрекетінің жағдайын оның сол іс-әрекет туралы түсінігі ретінде қабылдайтынына сүйену керек. Бұл ретте «түсінік» терминінің мағынасы «білім» терминіне қарағанда кеңірек. «Түсінік» ұтымында субъектінің танымдық педагогикалық жағдайды қабылдау ерекшелігі дұрысырақ беріліп, нақты-сезімдік пен абстрактілі-түсініктемелік бейненің бірлігі жақсырақ белгіленеді. Сұрақ-жауап әдісінің мақсаты субъект-субъект жүйесінің-

жекелігі және тұлғалығы жоғалып кетпесін, өйткені олар жоқ болса жалпы абстрактіге айналуы мүмкін.

Сұрақ-жауап әдісінің мынандай түрлері бар:

а) Әңгіме. Бұл ұйымдастырылуы мен мазмұны жағынан еркін диалог, онда әңгімелесушілер арасында бейресми және еркін қатынастар орын алады. Әңгіме алдын-ала дайындалуы мүмкін, зерттеуші оның жоспарын құрып, өзіне қажет мәселелерді бөліп алады, әңгімені тіркейтін құралдарды дайындайды (бейне таспа, аудио таспа, стенография). Зерттеушінің кәсіби білімі және үлкен әдепті сезімі болуы қажет, сол арқылы ғана ол әңгімелесушіні ашық сөзге тарта алады.

Әңгіме әңгімелесушілердің әр түрлі шеңберлерінде жүргізіледі (мектеп директоры, оның орынбасарлары, ата-аналар, оқушылар, білім берудің әр түрлі деңгейдегі басшылары). Білім беру саласының жағдайы мен ондағы өзгерістерге олардың кәсіби баға беруі басқа әдістер арқылы алынған

27

ақпараттарға маңызды қосымша болып табылады. Алдын-ала дайындалған әңгімелерден басқа экспромт әңгіме-сұқбаттарды жүргізуге болады.

ә) Сұқбат - әңгіменің бір түрі. Әңгіменің бұл түрі зерттеушінің объектісінің өзінің іс-әрекеті туралы түсінігін баяндау динамикасын белгілеуге көмектеседі. Сұрақ-жауаптың бұндай түрінде зерттеушінің сұрақ-жауап мәтінінде белгіленген іс-әрекет туралы жорамал түсінігі зерттеу ақпаратына аз ғана әсер етеді. Зерттеушінің міндеті зерттеушінің әңгімесін қолдауда. Сұқбат зерттеушінің жоғары кәсібилігін және жеткілікті тәжірибесін қажет етеді. Сұқбаттың мақсаты - зерттеушінің педагогикалық жағдаяттарға деген көзқарасын қайта құруда, сұқбаттасушылардың міндеттері мен мәселелері арқылы ішкі және сыртқы байланыстарының ерекшеліктерін зерттеушінің түсінуінде. Зерттеуші күрделі кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің жалпы заңдылықтарын түсіну сұрақ-жауап субъектісінің терең қарым-қатынас жасай отырып, оның жекелік-мотивтік, когнитивтік және операциялдық компоненттерін түсіну жағдайында ғана мүмкін екенін ескеруі қажет. Көптеген мамандарға сұрақ-жауап жүргізу барысында тенденциялар мен құбылыстар дамуының заңдылықтарын қортындылап түсіну мен анықтау мүмкіндігі туындайды.

Хаттамаларда тіркелген мәліметтерге сапалық және сандық тұрғыдан талдау жасау қажет. Сұқбат нәтижелерінің талдауы мен олардың түсіндірмесі зерттеудің нақты міндеттеріне байланысты әр түрлі жүргізілуі мүмкін.

б) Сауалнама жүргізу. Бұл арнайы іріктелген танымдық сұрақтар мен олардың мүмкін деген жауаптарының варианттарының қатал логикалық құрылысы, сауалнама құрастырушы ұсынған алдын-ала белгіленген бірнеше мүмкін деген жауаптары бар жабық сұрақтардан тұрады. Егер анкетадағы сұрақтардың жауаптары болмаса, онда ол ашық сұрақтар деп аталады. Жабық сұрақтарға қарағанда ашық сұрақтарға статистикалық өңдеу жасау қиынырақ.

Сауалнама жүргізу әдісі көбінесе адамдардың бір-біріне, оқиғаларға, іс-әрекет түрлеріне, пікірлерді зерттеген және т.б. қатынасын айқындау үшін қолданылады.

28

4. Мұғалімдердің, жаңашыл-педагогтардың тәжірибесін зерттеу өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту және тәрбиелеумен байланысты. Тәжірибе дегеніміз педагогтің ұзақ жылдар бойындағы практикалық педагогикалық іс-әрекет нәтижесінде меңгерген шеберлігі, ол практик-мұғалімнің тәжірибелігі. «Тәжірибе» және «практика» ұғымдарының ұқсас еместігі айқын. Практика ұғымының мәні тереңірек, өйткені онда мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысының озат тәжірибесімен қатар, мазмұны тар тіпті теріс тәжірибесі жиналуы мүмкін. Басқа адамның педагогикалық тәжірибесін толық зерттеу оңай шаруа емес. Мұғалімнің баяндамалары, ғылыми мақалалары, әдістемелік жұмыстары, көрнекілік құралдары, компьютердегі педагогикалық тәжірибе мағлұматтарын зерттеу, сабақтарға, педагогикалық оқуларға, сыныптан тыс шараларға қатысу, сынып жетекшісімен, ата-анамен әңгіме және т.б. ізденушінің танып білуінің қайнар көзі бола алады. Мұғалімдердің озат педагогикалық тәжірибесін меңгеру қажет және керек тиіс, бірақ оны оқушылармен жұмыс кезінде орынсыз қолдануға өндіруге болмайды. Оған тек мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жүзеге асыратын зерттеушінің жеке дара қасиеттерін есепке ала отырып сүйенуге болады.

5. Эмпирикалық әдіс ретіндегі дәрігерлік-педагогикалық тексеру медициналық- педагогикалық кестені кешенді жаппай дайындаумен жиі байланысты. Ол кестелер оқушыларға қатысты жеке дара қолданылады, оқушылар әр түрлі ғылыми мамандар тексеруінен өтеді. Тексеру барысында оқушылардың өмір-баяны, психологиялық-педагогикалық мінездемелері, олардың үлгерімі, жеке тұлғалық дамуының генезисі, ауырған ауруларының сипаты, олардың туа біткен кемшіліктері, балалардың, олардың ата-аналарының денсаулығы, таным процесі барысының ерекшеліктері (ақыл-есі, ойлауы, қиялы) зерттеледі.

Зерттеушінің кесте мәліметтері мен балаларды тексеруінің мазмұндық-мағыналық талдауы негізінде оқушылардың оқу іс-әрекетін орындауының және оқу-тәрбие процесіне бейімделуінің даралық ерекше әдіс-тәсілдері айқындалады. Медициналық-педагогикалық тексеру кестелеріне талдау оқушылардың ішкі даралық және аралық даралық айырмашылықтарын айқындауын ескере отырып жүргізуі қажет. Оларға қорытынды жасай отырып, нақты бір оқушыларды оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың

29

жолдары мен тәсілдерін ойластыруға көшуге болады. Медициналық-педагогикалық кестедегі белгілі бір" концептуалды-әдістемелік үлгі бойынша педагогика мен психология жетістіктеріне сүйеніп, жеке тұлғаның әлеуметтену мәселесінің жеке дара және ұжымдық шешімін табуға болады. Бұл оқушылардың ресми және бейресми қарым-қатынасы кезіндегі конструктивті және іс жүзінде пайдалы іс-әрекетін ұйымдастырудың интеллектуалды-танымдық және коммуникативті-жекелік аспектілерін

тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеушінің міндеті талдаудың сандық және сапалық талдау әдістемелерін құрастыру.

6. Оқушылардың жазбаша, графикалық және шығармашылық жұмыстарын зерттеу ізденушіге оқушылардың интеллектуалдыдаралық ерекшеліктері мен қабілеттері туралы түсінік беретін әдістің бір түрі.

7. Педагогикалық құжаттарды зерттеу білім беру жүйесі қызметінің негізгі бағыттарының жағдайы мен даму тенденцияларын көрсетеді.. Оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, мұғалімдердің сабақ жоспарлары, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, колледждердің оқу-тәрбие бағдарламалары мен жоспарлары, сынып журналдары, мұғалімдердің есеп берулері, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың мазмұндық компоненттері тіркелетін барлық құжаттар зерттеудің ең маңызды қайнар көзі болып табылады. Мектеп іс-әрекетінің нәтижесіне баға беру үшін тестердің, емтихандардың, бақылау жұмыстарының, шығармалардың, эсселердің, жобалардың, суреттердің және т.б. ерекшелігін зерттеудің маңызы зор. Бұл зерттеушіге мектептің іс жүзіндегі іс-әрекетінің шынайылығын анықтауға, себеп-салдарлық байланыстарды, оқушы жеке тұлғасының дамуына әсер ететін факторларды айқындауға мүмкіндік береді.

Осылар және зерттеудің бірнеше басқа да әдістері алғашқы эмпирикалық ақпаратты алуға бағытталған. Алынған ақпаратқа педагогикалық ұйымдар жүйесінде және зерттеудің концептуалды құрылымының әдіснамалық ерекшеліктері жүйесінде түсінік берілуі және талдау жасалуы керек.

Зерттеу - белгілі бір мәселені ойлау, концептуалды-тұлғалық және практикалық процесі. Алайда бұл мәселені тек эмпирикалық деңгей әдістерін

30 колдана отырып шешу мүмкін емес. Зерттеуші нақты ғылыми деректерден олардың теориялық қортындыларына көшуі қажет. Сонда ғана оларды зерттеудің негіз деп санап, зерттеу мәселесінің теориясын құрастырудағы дәлел ретінде педагогикалық ғылымға енгізуге болады.

**Теориялық деңгей әдістері.** Ғылыми танымның екінші деңгейі - теориялық деңгей. Ол зерттеушіге зерттеу әдістері мен ғылыми нәтижелер арасындағы себеп-салдарлық тәуелділікті айқындауға, эмпирикалық деректерден теориялық қортындыларға көшу барысындағы педагогикалық заңдылықтарды анықтауға көмектеседі. Теориялық деңгей әдістері:

1. Әдебиет көздерін оқып білу зерттеудің құрамдас және бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Бұл кез-келген ғылыми іс-әрекеттің алғашқы кезеңі. Зерттеуші ғылымның осы саласында оған дейін қандай мәселелер зерттелгенін анықтау үшін, зерттеу мәселесінің бұрынғы мен қазіргі жай-күйін және оған қатысы бар барлық мәселелерді түсіну үшін тандап алған тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысуы қажет.

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді білу зерттеуші мәдениетінің, оның ғылыми адалдығы мен зерттеу нәтижелерінің құндылығының шарты болып табылады. Ғылымның зерттеліп отырған саласының жай-күйі мен дамуын тану үшін зерттеуші әр түрлі педагогикалық бағыттар, көзқарастар,



ғылыми мектептер, отандық және шетелдік баспалардың арасынан өзіне керекті әдебиетті тандап алып, көптеген авторларға ортақ және білім беру процесіндегі заманға сай тенденцияларды анықтайтын жалпыны табуы қажет.

Әдебиеттерді зерттеу кезінде оларға талдау жасау, оларды салыстыру, теңестіру, жалпыға ортақ ғылыми әдістерді анықтау сияқты жұмыстар жүргізіледі, ол қоршаған болмысты тануда үлкен рөл атқарады. Әдебиет көздерін зерттеу әдісі ғылыми танымның белгілі бір кезеңіндегі зерттеудің нақты мақсаттар мен міндеттерімен анықталады. Бұл әдістің қажетті әдебиеттерді іздеу, әдебиет материалдарына алдын-ала талдау жасау, оқу мен жазып алу техникасын ескеру, тақырыптық белгілері бойынша жеке картотеканы құру, әдебиеттерді бір жүйеге келтіріп қолдану, әдебиетгерді зерттеу сияқты сатылары бар.

31

2. Талдау мен жинақтау. Талдау келесі түрлерге бөлінеді; эмпирикалық материалды механикалық бөлу; тұтастың құрамындағы элементтердің өзара қатынасы формаларын анықтау; білім құрылымын ашып көрсету, зерттеу объектісінің сипаты мен динамикасын айқындау және т.б. Талдау элементарлы сипатта болуы мүмкін, бұндай талдауда элементтердің бір біріне және тұтастай бастапқы жүйеге қатынасы айқындалмайды. Сондай-ақ ол қисынды сипатта болуы мүмкін, мұндай талдауда элементтердің бір біріне қатынасы көрініс табады. Талдау барысында зерттеу нәтижелерін бағдарламалар, кестелер, жоспарлар, жүйелер түрінде жинақтауға болады, бұл ретте жоққа шығару ережесі қолданылады, яғни күрделі пікір болған жерде оның құрамды сөйлемдері де болуы керек. Конъюнкция (лат. сопіипсііоп - одақ, байланыс) ережесін де қолдануға болады, бұл ереже бойынша екі немесе одан да көп пікірлерді бір күрделі сөйлемге біріктіруге болады. Талдау мен жинақтау диалектикалық түрде бір бірімен өзара байланысты, «талдау» термині көбінесе зерттеу процесін тұтастай зерттеу кезінде қолданылады. Сондай-ақ белгілі бір нәтижелері бар жүйеге кірерде және одан шығарда деректерге талдау жасап, салыстыруға болады.

3. Абстракциялаудың (дерексіздендіру) екі түрі бар: талдап қорыту және жекелеп бөлу. Талдап қорыту - көптеген бірыңғай заттар мен құбылыстардың жалпы, бірдей белгілерін анықтау. Жекелеп бөлу - бір затты немесе құбылысты зерттеп, талдау үшін зерттеушіге қажетті бір қасиетін немесе сапасын бөліп алу процесі.

Дәріптеушілік - (идеализациялау) дерексіздендірудің бір түрі, оны ғылыми танымның жеке тәсілі ретінде қарастыруға болады. Дәріптеушілік процесі барысында зерттеуші ой жүзінде заттың барлық шынайы қасиеттерінен бас тартып, оның мазмұнына іс жүзінде мүмкін емес жаңа түсінік пен белгі береді. Дәріптелген объектінің зерттеушіге теория жүзінде шынайы объектілерді, әсіресе материалдық объектілерді зерттеу мен санада сақтауда тигізер пайдасы мол.

4. Тұжырым жасаудың индуктивті және дедуктивті әдістері; бұл әдістің көмегімен эмпирикалық деректер қортындыланып, жекеден жалпыға қарай және керісінше жалпыдан жекеге қарай қисынды салдарлар айқындалады.

32

5. Ұқсастыру әдісі заттар мен құбылыстардың жалпылығын айқындау үшін қолданылады.

6. Теория жүзінде мүмкін жағдайдың, құбылыстың немесе заттың моделін жасау әдісі. Модельдеу - зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі. Бірінші объект түпнұсқа болады да екінші объект оның моделі болады. Зерттеуші модельді зерттеп, алған нәтижелерін ұқсастық және үйлестік заңы бойынша түпнұсқаға көшіреді. Модель және модельдеу әдісі түпнұсқаны зерттеу қиын немесе мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеу үлкен қаражат шығынын талап еткен жағдайда қолданылады. Модель мен түпнұсқа арасында белгілі бір ұқсастық болу керек. Мұндай ұқсастық зерттеушінің модельді зерттеу кезінде алған ақпараттарын түпнұсқаға көшіруге мүмкіндік береді, ал көшіру үшін ұқсастықтың, талдау мен жинақтау әр түрлі формалары қолданылады. Модельдің физикалық табиғаты түпнұсқаның физикалық табиғаты сияқты болу керек (түпнұсқаның толық көшірмесі болған модель, модель бола алмайды). Модельдің түпнұсқадан айырмашылығы оны зерттеу оңай, алайда оның бойында модельге де, түпнұсқаға да тән негізгі сипаттары мен өлшемдері болуы қажет. Модель ұқсастық ретінде түпнұсқа, оны жетілдіру, қайта құру және оны басқару туралы білімді зерттеу, сақтау және кеңейту үшін қолданылады.

Модельдеу логикалық, физикалық, математикалық, заттық, белгілік болады. Модельдің түрін таңдау таным зерттеу объектісінің күрделілігіне байланысты.

7. Болжау әдісі зерттеушінің қатысуынсыз педагогикалық жүйе немесе білім беру жүйесінің қозғалысын көрсету үшін қолданылады. Зерттеу нәтижесінде алынған нақты ғылыми деректерді сандық көрсеткіштерге, кестелерге, графиктерге, сызбаларға, диаграммаларға, формулаларға, ұғымдарға мен заңдарға айналдыру зерттеушінің ойлау абстракциясының жоғары деңгейі мен дәрежесі қажет. Осының бәріне бүтінде болашақтағы білім беру жүйесінің даму заңдылықтары мен тенденцияларын түсіну үшін теориялық жағынан терең ойланудағы талпындыруды.

8. Математикалық және статистикалық әдістер педагогикалық құбылыстар мен олардың сапалық өзгерістері арасындағы сандық тәуелділікті айқындау үшін қолданылады. Бұл әдіс зерттеу жиынтығын өңдеу үшін, байланыс пен

33

ықпал ету көрсеткіштерін есепке алу үшін, өз ара тәуелділікті айқындау үшін, әр түрлілік көрсеткіштерін бөлу деңгейін анықтау үшін, орташа арифметикалық қате мен оның мөлшерін айқындап, осы мөлшерді бөлу дәрежесін (дисперсия), орташа квадраттық ауытқуларды, әр түрлілік коэффициенттерін есептеу үшін қолданылады.

Тіркеу әдісі педагогикалық зерттеулер ішіндегі кең тараған әдіс, ол зерттеушінің объектісінің белгілі бір қасиеттерін айқындап, есептеу үшін қолданылады. Тіркеу әдетте белгілі бір белгісі бар не жоқ бір құбылысты өлшеу үшін қолданылады. Бұл белгісі бар объектіні анықтап алып, оны бұл белгісі жоқ басқа бір объектіден ажырата алу қажет. Сондай-ақ, шартты критерилер қажет, мысалы қандай оқушыны тәртіпті, ал қандайын тәртіпсіз деп, өзімшіл немесе көпшіл деп, үлгерімі жақсы немесе үлгерімі нашар деп айтуға болады.

Ранжерлеу әдісі деректердің, құбылыстардың, сапалардың, белгілердің өсуі немесе төмендеуін анықтау үшін қолданылады. Өлшеудің бұл әдісі ретке келтіру әрекетіне негізделген, яғни зерттеу объектілері немесе құбылыстары нақтыланған бір белгісінің мөлшерінің ұлғаюы немесе төмендеуі тәртібі бойынша орналастырылады. Сандық (интегративті) тізім әдісі сандық көрсеткіштерге сапалық талдау жасауға мүмкіндік береді. Орташа мөлшерді анықтау әдісі орташа сандық көрсеткіштерге, бағаларға талдау жасап, нәтижелері мен оларды дәрежесі бойынша орналастыру, өзара үйлесімдік коэффициенттерді есептеу үшін қолданылады, бұл зерттеушінің математикалық статистика және мүмкіндік теориясы саласында арнайы дайындығын талап етеді.

Теориялық деңгей әдістерінің бұл тобы эмпирикалық деректерге және олардың теорияны құрастыруға ықпал етуіне терең талдау жасап, ондағы заңдылықтарды ашуға, сыртқы факторлар және олардың ішкі мазмұнының факторларын түсіндіруге бағытталған. Егерде эмпирикалық әдістер объектіні философиялық категория ретінде «құбылыс» деңгейінде зерттесе, онда теориялық әдістер «мәні» деңгейінде зерттейді. Болжауды бұл ретте екі әдіс те объектіні танудың ғылыми сатысы болып табылады, онда құбылыс мәнің көрініс формасы, ал мән тек құбылыста ғана көрініс табады. Олар бір бірімен өзара байланысты, бірақ бір-біріне ұқсас емес. Құбылыс мәнге қарағанда қозғалмалы болып келеді. Зерттеу объектісінің мәнін теориялық түрде тану

34  
оның даму заңдылықтарын ашуға көмектеседі. Зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері ғылыми таным деңгейлері ретінде бір бірімен диалектикалық өзара байланысты және бір бірінсіз өмір сүре алмай әрі дамымайды.

Ғылыми танымның үшінші деңгейі ең жоғары деңгей -әдіснамалық деңгей. Танымның теориялық және эмпирикалық деңгейлері негізінде өзгеше ғылыми ұстанымдар қалыптасады және ғылыми педагогикалық зерттеудің жаңа әдістері айқындалады; таным іс-әрекетінің іргелі әдіснамалық теориясы құрылады. Жоғарыдағы аталған ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері төмендегі суретте көрсетілген (сурет 4).

Атап айтқанда жоғарыдағы ғылыми-педагогикалық әдістер зерттеу іс-әрекеттерінің барлық құралдарын қамтамасыз ете алмайды.

### **Өзін өзі бакылауға арналған сұрақтар**


1) Ғылыми зерттеу әдісі дегеніміз не?

2) Ғылыми зерттеу әдісінің әдіснама мен гносеологиямен өзара байланысын көрсетіңіз.

3) Зерттеудің эмпирикалық әдістер тобының мазмұнын ашыңыз.

4) Зерттеудің теориялық әдістер тобының мазмұнын ашыңыз. Зерттеудің эксперименталды-эмпирикалық және теориялық деңгей әдістері тобының өзара байланысын көрсетіңіз.

35



Сурет 4. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің жүйесі  
36

### Әдебиеттер

1 Педагогическая диагностика (Под ред. А. И. Кочетова -Минск: Нар. асвета, 1987).

2. Введение в научное исследование по педагогике М., 1988.

3. Скалкова Я. Методология и методы педагогических исследований. М., 1989.

- 4 Радугина А.А. Психология и педагогика. М.: Издательство ' Центр. 1999.
5. Монахов Н.И. Изучение эффективности воспитания: теория и методика- М.: Педагогика, 1981.
6. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований - М. 1986.
7. Успенский В.Б., Чернявская А.Г. Введение в психолого-педагогическую деятельность. М.:Издательство Владос -Пресс. 2003.

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

- 1) Таным объектілерінің ерекшелігіне мен ғылыми зерттеу әдістерінің өзара байланысын көрсетіңіз.
  - 2) Заңдылық ұғымының басты ғылыми-педагогикалық категория ретіндегі мәнін ашып көрсетіңіз.
  - 3) Ғылыми дерек дегеніміз не?
  - 4) Авторефераттарды зерттеу негізінде зерттеу әдістерін пайдаланудың сызбасын жасаңыз.
  - 5) Нақты зерттеу негізінде (автореферат бойынша) статистикалық және математикалық әдістердің маңыздылығын көрсетіңіз.
  - 6) Оқушының жеке тұлғасын зерттеу үшін ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін қолданудың маңыздылығын дәлелдеңіз.
  - 7) Білім, оқыту және қазіргі жеке тұлғаның дамуындағы психологиялық-педагогикалық зерттеулердің прогностикалық рөліне сипаттама беріңіз.
- 37

### **Реферат тақырыптары**

1. Ғылыми ақиқат ерекшелігі.
  2. Практиканың құрылысы мен формалары.
  3. Практика мен ғылыми таным ара қатынасының қарама-қайшылықтары.
  4. Дәріптеушілік мәселесі.
  5. Шығармашылық пен ғылыми таным өзара байланысы.
  6. Ғылыми таным кезеңдері мен деңгейлері.
  7. Эмпирикалық зерттеулердің негізгі әдістері.
  8. Болжам теориялық зерттеу әдісі және формасы (түрі) ретінде.
- 38

### **1.3. Жеке тұлғаны қалыптастырушы факторлар – тұқым қуалаушылық, орта және іс-әрекет**

**Мақсаты:** жеке тұлға, оның даму факторлары туралы білім жүйесін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- а) жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі және қалыптасуының өзара байланысының негізгі ұғымдарын ашу.
- ә) жеке тұлғаның қалыптасуының философиялық-әдіснамалық негіздерін сипаттау.
- б) жеке тұлғаның дамуына әсер ететін факторларды анықтау.
- в) субъектінің іс-әрекеті рөлін жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының жетекші факторы ретінде негіздеу.

**Жоспар**

1. Жеке тұлға туралы түсінік.
2. Жеке тұлғаның қалыптасуының философиялық-әдіснамалық негіздері.
3. Тәрбие - жеке тұлғаны қалыптастырудың ең маңызды факторы.
4. Субъектінің іс-әрекеті - жеке тұлғаның дамуының факторы.

**Негізгі ұғымдар:** жеке тұлға, индивид, даралық, даму, тәрбие, қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының факторлары; қозғаушы күштер, жеке тұлғаның қалыптасуының заңдылықтары; субъект және объект.

**Басқа пәндермен байланысы:** философия, әлеуметтану, психология, физиология, педагогика тарихы, этнопедагогика.

**Жеке тұлға туралы түсінік.** Тәрбиенің негізгі мақсаты - қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның жан жақты үйлесімді дамуы. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әр түрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына табиғи тума қабілет, қоршаған орта да әсер етеді деп есептеген. Жеке тұлғаның қалыптасуының факторлары туралы идеялар келесі дәуірлердің прогрессивті философиялық және психологиялық-педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан (Э.Роттердамский, Я.А.Коменский, К.А.Гельвеций, Д.Дидро, А.Дистервег, К.Д.Ушинский, К.Маркс, Ф.Энгельс, З.Фрейд, Д.Дьюи, Э. Торндайк, Н. К.Крупская, П. П. Блонский, А. С. 39

Макаренко, Л. С. Выготский, Э. И. Монозон. Л. И. Божович, С. Л. Рубинштейн, В. В. Давыдов т.б.)

Адам - өзіне тән биологиялық құрылысы бар тіршілік иесі, сондықтан табиғат заңдары оның дамуына да әсер етеді. Қоршаған ортаға бейімделіп, өз тіршілігі үшін дайын заттарды пайдаланатын жануарларға қарағанда, адам өзіне керектіні өз қолымен жасайды. Адам табиғатының өзгеруі адам өмірінің әлеуметтік жағдайларының әсерінен болады, адамның тектілігі тек биологиялық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи дамуы нәтижесінде де пайда болады. "Әлеуметтік мұрагерлік" адамның қоғамдық тәжірибеге ие болуы нәтижесінде орын алады. Сонымен, адамның жалпы дамуында өзара байланысты биологиялық және әлеуметтік бағыттар әсер ететіндігі байқалады. Адам биологиялық тіршілік иесі болып туады, алайда өз дамуы барысында ғана ол әлеуметтік тіршілік иесіне айналады.

Психологияда "жеке тұлға" деген ұғымның әр түрлі түсіндірмелері бар, бірақ олардың көбісі мына түсінікке келіп тіреледі: жеке тұлға дегеніміз әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Жеке тұлғаның ең басты белгісі - оның әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды (қызметтерді) (болмысқа, адамдарға, өзіне, еңбекке, жалпы қоғамға қатысты) атқаруы. Жеке тұлға, сондай-ақ, психологиялық дамудың белгілі бір деңгейіне ие (темперамент, мінез-құлық, қабілеттілік, ақыл-ой дамуының деңгейі, қажеттіліктер, мақсат-мүдделер).

Жеке тұлға - бұл интегративті жүйе, әлдебір ыдырамайтын тұтастық. Алайда, жеке тұлғаны зерттеумен айналысатын ғалымдар бұл тұтастықтың

"өзегі" бар деп мойындайды, олар оны "Мен -жүйе" немесе жай ғана "Мен" деп белгілейді. Жоғарыда келтірілген жеке тұлға туралы түсінік жалпылама ұғым болып табылады.

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері - оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде қоғамдық прогрестің тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және өзіне тән ерекшелігінің көрініс табуы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады. Бұл орайда "адам", "жеке тұлға" деген ұғымдардың қатары "даралық" деген ұғыммен толықтырылуы қажет.

40

Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте, адамның мінезі мен темпераментінің ерекше белгілері (мысалы, салмақты-жігерлі және мақсатты адам), шығармашылық қызмет-әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді. Осылайша, мұғалімнің даралығы оның терең білімдарлығы, педагогикалық көзқарастарының ауқымдылығы, балаларға деген ерекше қатынасы, жұмыстағы шығармашылық ниеті, т.б. арқылы көрінеді. "Даралық" ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа бір тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән сұлулық пен қайталанбас қасиет беретін ерекшеліктерден тұрады.

Адам қасиетін түсіндіретін тағы бір ұғым - "индивид". Бұл сөз латын тілінен алынған және оның қазақша баламасы -"жекелік". Ұғым ретінде бұл сөз адамзат тұқымының еш қасиеттері ескерілмеген бір өкілін білдіреді. Бұл орайда әрбір адам индивид болып табылады. "Жеке тұлға" ұғымы мен онымен байланысты бір тектес ғылыми категориялардың мәні осында.

Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасқандықтан жеке тұлғаның "дамуы" мен "қалыптасуы" ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады.

Даму табиғатқа, қоғамға және әрбір жеке тұлғаға тән жалпы қасиет болып табылады. Даму дегеніміз - төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс; сатылай эволюциялық ауысу немесе революциялық секіріс түрінде жүзеге асатын жоғары сапалы күйге қарай спиральды өрлеу процесі. Даму барысында барлық философиялық заңдар жүзеге асады: өзгеру, санның сапаға ауысуы, бір сапаның басқа бір сапаға ауысуы (бұлардың кейбіреуі, теріске шығарылуы мүмкін). Жеке тұлғаның қозғалыс күшіне, яғни қарама-қайшылық күресінің арқасында бұл қозғалыста өзгеріс жүріп жатыр.

Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, ең алдымен, оның қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер процесі. Адам дүниеге келгеннен соң дене жағышан үлкейеді, яғни оның кейбір дене мүшелері мен нерв жүйесі оседі. Оның тілі шығып, сөздік қоры молаяды. Бала көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық біліктерге, еңбек дағдылары мен әдеттерге ие болады. Алайда, адамның жеке тұлға ретінде дамуындағы ең бастысы - оның

41


бойында болып жатқан сапалық өзгерістер (танымдық, сезім, моральдық-жігерлілік т.б.). Мінез-құлықтың реактивті формалары белсенді түрде қалыптасып келе жатқан іс-әрекеттілікке айналады, дербестік пен өз мінез-құлқын билей алу қабілеттілігі артады. Осы және басқа да өзгерістер адамның жеке тұлға ретінде даму процесін сипаттайды.

Сондықтан, даму дегенімізді адамның анатомиялық-физиологиялық жетілуіндегі, оның жүйке жүйесі мен психикасының дамуындағы, содай-ақ танымдық және шығармашылық іс-әрекетіндегі дүниетанымы, өнегелілігі, қоғамдық-саяси көзқарастары мен сенімдерінің кеңеюіндегі орын алатын сандық және сапалық өзгерістердің өзара тығыз байланысты процесі деп түсінген дұрыс. Адамның дамуына ішкі және сыртқы, меңгерілетін және меңгерілмейтін факторлар әсер етеді, олардың арасында мақсатты тәрбие мен білім беру жетекші рөл атқарады.

Педагогика мен психологияда жеке тұлғаның "қалыптасуы" термині жиі қолданылады. Бұл жеке тұлғаның дамуының нәтижесі дегенді және оның пайда болып, тұтастыққа, бір қалыпты қасиеттерге және сапаларға ие болғанын білдіреді. Қалыптастыру (қалыптасу) дегеніміз - бір нәрсеге пішін (форма) мен тұрақтылық беру; толықтық пен нақты бір түр беру. Бұл арада тұқым қуалаушылықтың мәні өте зор - баланың ата-анасынан немесе ата-бабаларынан қалған биологиялық ерекшеліктердің жиынтығы. Тұқым қуалаушылық жер бетіндегі тіршіліктің тарихы және белгілі бір түрдің (біздің жағдайымызда - адамның) өмірінің тарихын анықтайды. Адамның тұқым қуалаушылығын екі түрге бөлуге болады: жалпы адамзаттық (тік жүру бейімділігі, сана, ақыл, сезім мүшелері дамуының бейімділігі, шартсыз рефлексстер, нәсілдік және ұлттық белгілер) және даралық (жүйке жүйесінің түрі, анатомиялық-физиологиялық (нышан) тума қабілеттер).

Ағзаның тектілік негізі немесе генотипі төмендегі суреттегідей болып бөлінеді (сурет 1). Жеке тұлғаның қалыптасуына, сонымен қатар, орта: адам және қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайлар әсер етеді. Орта макро және микро болып бөлінеді. Макро-орта бұл -адамға қажетті әлеуметтік-экономикалық ықпалдардың мол





Сурет 1. Жеке тұлғаның тұқым қуалаушылық негіздері  
43

жиынтығы (өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар деңгейі, өмірдің қаржы жағдайлары, мәдениеттің даму деңгейі, бұқаралық ақпараттар құралдары). Микро-орта бұл - баланың ең жақын қарым-қатынас ортасы, ол - адамды әрдайым қоршайтың және оның дамуына әсер ететін өзара байланысты заттар, құбылыстар мен адамдар әлемі. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына, белгілі бір мөлшерде, табиғи немесе географиялық орта (климат), табиғат жағдайлары әсер етеді. (Кесте 1).

**Кесте 1. Орта компоненттері және олардың бала дамуына әсері**

№	Орта компоненттері	Олардың бала дамуына әсері.
1.	Табиғи және географиялық орта (климат, табиғат жағдайлары)	Бала организмнің мүмкін болатын күштерін оятады.
2.	Әлеуметтік орта (макро-орта) а) өндіріс күштерінің деңгейі; б) өндіріс қарым-қатынастарының деңгейі; в) өмір сүрудің материалдық жағдайы; г) мәдени даму дәрежесі; д) көпшілік ақпарат құралдары; е) техникалық құралдар.	Адамға талап қояды, мінез-құлық үлгісін береді, санаға әсер етеді, бежілі көзұарас енгізеді. Даму жағдайын қамтамасыз етеді.
3.	Микро -орта (үй-іші ортасы, баланы қоршаған жақындарының ортасы, аула, көше әсерлері.	Талап-тілектерді анықтайды, құндылықтырды қалыптастырады, қарым-қатынас негізін қалайды.

Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлардың арасында тәрбие ең маңызды орын алады. Кең мағынада тәрбиені белгілі бір әлеуметтік қызметтер атқаратын қоғамдық құбылыс ретінде қарастыру қажет (ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлеуметтік тәжірибе, жалпы адамзаттық мәдениет, т.б.), ал шағын педагогикалық мағынада тәрбие дегеніміз - өсіп келе жатқан ұрпаққа жалпы адамзаттық құндылықтарды игерту үшін мұғалім мен оқушылар, балалар мен ата-аналар арасындағы бірлескен іс-әрекеттердің педагогикалық процесін ұйымдастыру.

44

**Жеке тұлғаның қалыптасуының философиялық- әдістемелік негіздері.** Ғылымда бұрынғы заманнан бері келе жатқан жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының биологиялық және әлеуметтік факторларының ара қатынасы туралы пікірталас бітер емес. Осы бір көпғасырлық айтыс нәтижесінде әртүрлі көзқарастар пайда болды. Осы көзқарастардың бірін жақтаушылар адамның дамуын, негізінен, табиғи ерекшеліктер анықтайды деп санайды. Ал тәрбиенің маңызы аз деп есептелінеді. Жеке тұлғаның дамуын түсіндіретін осындай (биологизаторлық) бағыт ерте заманнан бастау алады. Сонау Платон (427-347 ж.ж. б.з.б.) мен Аристотель (384-322 ж.ж. б.з.б.) өз кездерінде-ақ адамдардың қоғамдық міндеттерін олардың табиғаты анықтайды деп санаған. Аристотельдің пікірінше, туылған сәтінен бастап-ақ кейбір адамдар бағыну үшін, ал кейбіреулері билік ету үшін жаралған.

XVI ғасырда пайда болған преформизм (латынша - қайта құру, өзгерту) деген философиялық ағым төмендегідей ойды ұстанған: адамның ұрығында болашақ жеке тұлғаның барлық қасиеттері бар, ал даму олардың тек сандық жағынан артуын ғана білдіреді. Бұл орайда әлеуметтік факторлар мен тәрбиенің маңызы жоққа шығарылған.

Бихевиоризм бағыты да жеке тұлғаның дамуының биологиялық бастауларыш жақтайды. Осы бағыттың негізін салушы американдық психолог және педагог Э. Торндайктің (1874-1949 ж.ж.) пікірінше, жеке тұлғаның барлық қасиеттерін (соның ішінде сана-сезімін, қабілеттілігін) тек тектілік, тұқым қуалаушылық қана анықтайды. Оның ойынша, ақыл-ой қабілеті балаға "көздері, тістері және саусақтары" сияқты дүниеге келгенінен-ақ беріледі. Ол адамды ұрпақтан ұрпаққа сол қалпында берілетін және жеке тұлғаның барлық қасиеттері мен келешегін толығымен анықтайтын "гендердің жинағы немесе батареясы" ғана деп санаған. Жеке тұлғаның дамуын биологизаторлық жағынан түсіндіру прагматизм бағытына да тән. Прагматизм грекше - прагма дегеніміз - іс-әрекет, тәжірибе. Бұл бағыттың негізін салушы - Джон Дьюи (1859-1952 ж.ж.).

Ендігі бір көзқарастың негізін классикалық түрде ағылшын философы Джон Локк (1632-1704 ж.ж.) салып, француз материалистері оны ары қарай дамытқан. Бұл бағыт бойынша адам өмірінің жағдайлары мен тәрбие жеке тұлғаның қалыптасуының шешуші факторы деп есептелген. Д. Локктің белгілі бір пайымдауы

45

бойынша баланың жаны дүниеге келген сәтінде таза тақтаға ұқсас (табиғи газ) болып келеді және тек оның өмір жағдайлары мен тәрбие ғана жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің пайда болуына себепші болады. Осыдан кейін бұл көзқарас социологизаторлық бағыт болып қалыптасты, ал оның өкілдері жеке тұлғаның қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсерін бірінші орынға қойып, оның дамуының ішкі заңдылықтарын жоққа шығарады. Олар адамның рөлін төмендетеді.

Жеке тұлғаның дамуындағы тұқым қуалаушылық пен ортаның ықпалын бірінші орынға қойып, тәрбиенің күшін жоққа шығаратын бұл теориялар ХІХ ғасырдың аяғында психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі ерекше бір бағыттың пайда болуына себепші болды, бұл бағыт "педология", яғни тура аударғанда "балалар туралы ғылым", "балатану" деген атқа ие болды. Қазіргі уақытта ғалымдардың көбісі педологияны индивидтің сәби, жас өспірім, жастық шағындағы дамуының жалпы заңдылықтары туралы ғылым ретінде қарастырады. Социалистік құрылыс жағдайларында біздің елімізде педология өкілдері баланың дамуының биогенетикалық заңын белсенді түрде насихаттаған және соған сүйене отырып балалардың әлеуметтік теңсіздігін түсіндіруге тырысқан. Осы мақсатта оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттейтін кең көлемдегі жүйе құрылған болатын. 1936 жылы ОК БК(б)П "сол заманғы педологияның теориясы мен практикасын" "жалған ғылыми антимарксистік ережелерге" сүйенген деп айыптаған. Бұндай ережелерге, ең алдымен, сол заманғы педологияның басты заңы - балалардың тағдырының биологиялық және әлеуметтік факторлармен, тұқым қуалаушылықтың бір тұрақты ортаның ықпалының фаталистік түрде алдын ала анықталып қойылу заңы жатады.

Сол уақыттарда балалардың психологиялық дамуын зерттеуде сауалнама және тест жүргізу сияқты әдістер ерекше сенімсіздік туғызған. Шынында да тәжірибесіз практик-педологтар қолданған бұл әдістер сол уақыттарда көп зиян келтірген. Алайда педологияны ғылым ретінде түбегейлі шектеу қате болған еді. Педология баланы барлық жағынан және жанама зерттейді, бұл туралы өз кезінде К. Д. Ушинский: "Егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда оның адамды барлық жағынан тануы да керек", - деген болатын.

46

Жеке тұлғаның даму факторлары туралы философиялық және психологиялық-педагогикалық ойдың тарихы материалистік ілімде және оның бір бағытында - материалистік диалектикада өз жалғасын тапқан. Бұл бағыттың өкілдері жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторларды тереңірек зерттеп қана қоймай, сонымен қатар ол факторлардың өзара байланысымен олардың адамның даму процесіне ықпал ету тетіктерін де ашып көрсетті. Қоғамның тарихын талдай отырып, олар адамдардың шығармашылық-қайта құру әрекеті өндірістің дамуы мен көркеюіне, әлеуметтік қатынастардың қалыптасуына, ғылыми білімнің молаюына, рухани өмір мен өнегелілік-эстетикалық мәдениеттің баюына себепші болды деп көрсетті.

Осылайша қоғамдық игілікке ие болып және оны дамыта отырып, адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде, жеке тұлға ретінде қалыптасады.

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына сыртқы, қоршаған орта ықпалының мәні зор екендігіне сене отырып, философ-материалистер адамның биологиялық табиғатын жоққа шығармады. Олардың ойынша, адам тікелей табиғи тіршілік иесі, сондықтан ол бойына біткен нышандар ретінде көрініс тапқан табиғи күштерге ие деп сенді. Алайда ол нышандар оның бойында тек лайықты орта мен мақсатты тәрбие бар кезде ғана дами алады.

Сонымен қатар, адамды әлеуметтік тіршілік иесі деп қарастыра отырып, философ-материалистер тұқым қуалаушылық бағдарламасымен еш байланысы жоқ индивидтің "әлеуметтік тұқым қуалаушылығы" туралы ойды ұстанады. Егер биологиялық нышандар адамға да, жануарларға да тән болса, әлеуметтік тұқым қуалаушылық тек адамға ғана тән.

Материалистік философия орта мен биологиялық нышандар қатарында тәрбиеге ерекше орын бөледі, тәрбие - жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының үшінші факторы. Бұндағы айта кететін жағдайдың бірі - материалистік түсінікте жеке тұлға тек объект ретінде ғана емес, сонымен қатар, ең бастысы, тәрбиенің субъектісі ретінде, өзіндік қайта құру қызмет-әрекетінің субъектісі ретінде қарастырылады.

**Тәрбие - жеке тұлғаның қалыптасуының шешуші факторы ретінде.**  
Тұқым қуалаушылық, орта және тәрбие жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының негізгі объективті факторлары болып табылады. Бұл орайда

47  
тұқым қуалаушылыққа(биологиялық факторға) жалпы адамзаттықпен қатар тұлғалық гендік қордыда қамтиды. Іс-әрекеттің кез-келген түріне деген анатомиялық-физиологиялық нышандар жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында ерекше рөл атқарады.(мысалы, есту мүшелерінің құрылысы, ойлау қабілетіндегі ерекшеліктер, т.б.). Олар баланың қабілеттілігі, дарындылығы және дарыны дамуының алғышарттары болып табылады. Кейбір жағдайларда бұл нышандар өте ерте (сәби кезінде және мектепке дейінгі жасында), кейбір жағдайларда кешірек, ал енді бірде, ер жеткен кезде ғана көрініс бере бастайды.

Биологиялық нышандар мен қасиеттердің дамуы адамның функционалды пісіп жетілуі мен қалыптасу процесін сипаттайды, содан кейін оның сүйектері, бұлшық еттері, сонымен қатар ішкі мүшелері мен жүйелері дамиды. Адамның биологиялық пісіп жетілуі мен өзгеру процесі оның дамуы мен мінез-құлығының жас кезеңдерінде көрініс табады. Адамға табиғи берілген белгілерді дамытуда ең маңыздысы, жанұяда болсын, қоғамдық тәрбиелік- білім беру орындарында болсын, оларға дер кезінде сауатты диагностика беру болып табылады. Қазіргі уақытта баланың іс-әрекеттің қандай түріне бейімділігі бар екенін анықтайтын алуан түрлі әдістер бар. Олардың ішінде тест әдістері кеңінен қолданылады.

Тәрбие мен білім беруде адамның табиғи қасиеттерін ескеру қажет, оның нышандары мен қабілеттілігін анықтай отырып, олардың ары қарай дамуының амал-тәсілдерін, формалары мен әдістерін айқындау керек.

Қызметтің қандай да бір түріне деген анатомиялық-физиологиялық нышандарының одан ары жемісті дамуы үшін баланың оған деген ықыласын арттырып, оны сол іс-әрекетке араластыра отырып, сол салада тәжірибе жинастыруға жағдай жасау қажет.

"Жеке тұлға" деген ұғымда адамның қоғамдық мәні ашылады. К.Маркстің айтуынша, адамның мәні жеке индивидке тән абстрактілік емес, өз болмысында ол барлық қоғамдық қатынастар жиынтығы. Сондықтан ортаның жеке тұлғаның дамуына әсері туралы сөз болғанда, ең алдымен, кең мағынада қолданылған әлеуметтік орта деп түсіну керек, өйткені адамның жеке тұлғалық қасиеттері әртүрлі орталық қатынастар әсерінен, яғни, адамдармен және түрлі қоғамдық институттармен өзара-қатынасы арқасында қалыптасады.

48

Ортаның адамның дамуына әсерін қарастыра отырып, философиялық және педагогикалық ағымдардың көбісі адамның жеке тұлға боп қалыптасуы үшін, сөйлеу, ойлау, тік жүру секілді адамға ғана тән нышандар дамуы үшін адами қоғам, әлеуметтік орта қажет дейді. Сәби жасынан жануарлар ортасына тап болған балалар туралы оқиғалар олардың бойында осы адами нышандардың дамымағаны дәлел бола алады, ол қасиеттердің қалыптасуына деген қабілеттерінің табандалып қалғаны соншалықты, олар адамдармен қарым-қатынас жасаудың ең қарапайым формаларын үлкен қиыншылықпен үйреніп, заманына сай адамның тұрмыс қалпын қабылдай алмады.

"Әлеуметтік орта" деген ұғым, кең мағынасында, қоғамдық өмірдің материалдық жағдайлары, әлеуметтік және мемлекеттік құрылыс, өндірістік, қоғамдық қатынастар жүйесі және олар анықтап отырған әлеуметтік жүйе сипаты мен қоғамда пайда болған әртүрлі мекемелер қызметін қамтиды. Шынында да, жеке тұлғаның әлеуметтік бейнесі, белгілі бір мөлшерде, оның қай мемлекетке жататыны арқылы көрінеді, адам дүниеге келгеннен соң қандай да бір қоғамның азаматы болады. Адамның дамуына барынша әсер ететін әлеуметтік орта, әсіресе қазіргі уақытта, ең алдымен, экономикадағы өзгерістер, идеологияның өзгеруі, қала мен ауылдағы өмір жағдайлары, миграциялық процестер (яғни, адамдардың белгілі бір мемлекет территориясы аясында көшіп-қонуы, сонымен қатар, одан көшіп кетуі), демографиялық процестер, сәбилердің дүниеге келуіндегі, өмір ұзақтығындағы өзгерістер, т.с.с. жатады. Жеке тұлғаның қалыптасуында географиялық орта белгілі рөл атқарады. Баланың айналасы-үйдегі ортаға көп көңіл бөлінеді.

Қоғамдық мекемелердегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырғанда мұғалімдер мен тәрбиешілер балаға кең әлеуметтік ортамен қатар, мектептен тыс ең жақын айналасының әсерін ескерулері тиіс, өйткені кейде аулада, көшеде, оқушыларға, әсіресе жасөспірімдерге белгілі бір мөлшерде әсер ететін жағымсыз (қоғамға қарсы) топтар пайда болуы мүмкін. Бұл орайда, оқушыларды жақын айналасының қоғамдық-экономикалық өмірінің әртүрлі саласына белсенді әлеуметтік іс-әрекетке араластыру қажеттілігі

туындайтынын ескеру керек. Тұқым қуалаушышықпен, ортамен қатар тәрбие үшінші шешуші фактор болып табылады, тәрбие - педагогтардың

49

басшылығымен әлеуметтік тәжірибені меңгерудегі баланың саналы мақсатты басқарылатын іс-әрекеті. Тәрбиенің зор күшін көптеген өткен кезеңнің прогрессивті педагогтары мойындаған. Мысалы, ұлы славян педагогы Ян Амос Коменский табиғат адамға дүниеге келген сәтінде білім игеруге мүмкіндік береді, бірақ бұл тек тәрбие мен білім арқасында ғана дами алады деп оқытқан. Белгілі педагог А. С. Макаренко педагогикалық теория мен тәжірибеде "қиын", тіпті "тәрбиесі қиын" балалармен жұмыста тәрбиенің игілікті күшін дәлелдеген болатын.

Тәрбие - бұл тұлғаның қалыптасуына мақсатты бағытталған процесс, сонымен қатар тәрбие туа біткен нышандарды түзетеді және микро-ортаны өзгертеді. Барлық балалар тәрбиелік-білім беру мекемелерінен өтеді, ол мекемелер педагогикалық процесті сауатты құрастырып, оқушылардың жан-жақты іс-әрекетін нәтижелі ұйымдастырады, өйткені ол жеке тұлғаның дамуының шешуші шарты болып табылады.

Тәрбие жеке тұлғаның тәрбиелілігі нәтижесінің белгілі бір эталонының болуын талап етеді. Тәрбие мен оқыту адамның қоғамдық қажетті білім, білік, дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қарулануын, оның қоғам өмірі мен еңбегіне дайындығын, осы қоғамдағы нормалар мен мінез-құлық ережелерін сақтауын, адамдармен қарым-қатынасын, оның әлеуметтік институттармен ара қатынасын алдын-ала болжайды. Тек тәрбие ғана жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыратын, оның нышандары мен қабілеттілігін жетілдіретін шешуші құрал.

Тәрбиенің оның мақсаттылығынан басқа ерекше өзгешеліктерінің бірі оның осы бір әлеуметтік қызметті орындау үшін қоғамның арнайы дайындаған адамдары арқылы жүзеге асырылуы. Педагогиканың ұлы классигі К. Д. Ушинский жеке тұлғаның қалыптасуындағы тәрбиешінің ерекше орны туралы былай деген: "Тәрбиеші тұлғасының жас жанға әсері оқулықтармен де, моральдық нұсқаулармен де, жазалау мен мадақтау жүйесімен де алмастыруға болмайтын тәрбиелік күшті құрайды".

Осылайша жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының жемісті болуының шарты тарихи анықталған және әрдайым өзгеріп отыратын үш фактор: тума қасиеттері, орта және тәрбие болып табылады.

50

Жеке тұлғаның қалыптасуында тәрбиеге шешуші мән бере отырып, өзара күрделі байланыста болып отырған мақсатты тәрбие мен баланың дамуының ара қатынасының мәнін дұрыс түсіне білу керек.

Психологиялық-педагогикалық теорияда бұл мәселеге қатысты әр түрлі көзқарастар бар. Олардың бірі баланың дамуы, тәрбие мен оқытудың тәуелсіз, яғни тез түрде жүзеге асады дейді (Э.Мейман, А.Ф.Лазурский, Ж.Пиаже). Бұл орайда тәрбие мен оқыту дамуға бейімделеді, "баланың дамуының соңында бірге жүреді" (Л.С.Выготский). Келесі бір көзқарас бойынша даму іс-әрекеттің тарихи қалыптасқан формаларын меңгеруі

арқылы жүзеге асырылады (яғни, оқыту мен тәрбие көмегімен), бұл орайда оқыту мен тәрбие баланың дамуының қол жеткізген деңгейінде ғана тоқтап қоймай, сонымен қатар алдағы міндетін шешу (К. Душинский, П.П. Блонский, Л.С. Выготский). Л.С. Выготский оқыту мен дамудың ара қатынасын зерттей отырып, оқытуды ұйымдастыруда баланың "дамудың ең жақын аймағына" сүйену керектігін айтқан. Ол былай деп жазған: "Дамудың алдында болған оқыту ғана жақсы болып табылады". Сондықтан, тәрбиенің ең маңызды құралы - табиғи нышандар жиынтығын мұқият айқындау, сол арқылы оларға және қоршаған орта жағдайларына сүйене отырып, баланың соған сай іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру.

"Бала дамуының ең жақын аймағы" туралы сөз ете отырып, Л.С. Выготский оқушының тапсырманы өздігінен орындауға әзірлігінің дәрежесін айтқан болатын. Осылайша ол бұл әзірлікті екі деңгейге бөлген болатын: оқушы тапсырманы мұғалімнің көмегінен орындайды (ол осы кезеңдегі өз дамуының деңгейіне жетті), ары қарай оған мұғалімнің көмегін қажет ететін қиынырақ тапсырма беру керек, яғни жаңа танымдық мәселе қойылады (қиындық, қарама-қайшылық), бұл оқушының ақыл-ойының дамуын ынталандырады.

**Субъектінің іс-әрекеті - жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының факторы.** Жеке тұлғаның дамуының маңызды факторларын сөз еткенде және бұл процесте тәрбиенің орны ерекше екенін баса айтқанда, адамды ортаның әсерімен тәрбие ықпалының пассивті объектісі деп қарастыруға болмайды. Кей кездерде қолданылатын педагогиканың "баласыздық" деген сөздің астарында тәрбие туралы кейбір еңбектерде балаға сыртқы педагогикалық әсерлердің әр түрлі формалары мен әдістері туралы айтылып, 51

осы әсерлердің аркасында пайда болатын баланың ішкі дүниесі ескерілмей келетіні туралы мағына жатыр. Жеке тұлға өзінің қалыптасу барысында өзіндік дамуының объектісі ғана емес, сонымен қатар субъектісі де екенін ескеру керек.

Сана мен іс-әрекеттің тұтастығы материалистік диалектика мен психологияның ең маңызды заңдылығы болып есептелінеді. К. Маркс адам жағдайдың пассивті жеміс емес, ол қоршаған ортасын, жағдайларды және өзін белсенді түрде өзгерте алады деп жазған болатын. Демократиялық педагогиканың классиктері де (И. Г. Песталоцци, Я. А. Коменский, К. Д. Ушинский, Ы. Алтышсарин, т.б.) жеке тұлғаның өзінің белсенділігіне, оның шығармашылық-қайта құру іс-әрекетіне үлкен мән берген.

Белсенділік адамның табиғи қасиеттерінің бірі болып табылады. Психологияда белсенділікті іс-әрекет деп атайды. Жеке тұлғаның белсенділігі оның қажеттіліктерінен туады (материалдық және рухани, жеке немесе қоғамдық қажеттіліктер). Адамның белсенділігінің жануарлардан айырмашылығы оның қажеттіліктері сәби жасынан бастап-ақ қоғамдық қажеттіліктермен реттелінеді. Адамның белсенділігі (немесе оның іс-әрекеті) оның себеп-салдарымен, мақсат пен міндеттерін дұрыс қоя білуімен, оларды орындау құралдарын дұрыс таңдай алуымен байланысты.

Белсенділіктің өзіне және жеке тұлғаның қоршаған орта мен тәрбиелік (сыртқы) әсерлерге қатысты ішкі ұстанымдарына байланысты ол әр түрлі бағыттарда қалыптасуы мүмкін. Егер оқушының осы әсерлерге деген көзқарасы теріс болса, ол тәрбиешісі қалағанынан қайшы бағытта дамиды. Мысалы, мұғалім оқушылардың білімін тексеру кезінде оқушының бағасын төмендетіп қойса да, оқушы оған ренжіп қалады. Мұндай жағдайда мұғалімнің үлгерімді жақсартуға шақырған әрбір сөзі оқушыда жасырын, кейде тіптен ашық қарсы әрекет тудырады. Тәрбиеші, оның педагогикалық әсері ішкі өрісте, яғни тәрбиеленушінің санасы мен сезіміне оң әсерін тигізбесе, барлық жағдайларда әрдайым осылай болып отырады.

Осының нәтижесінде, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында көрініс табатын барлық әсерлер мен ықпалдар екі топқа - ішкі және сыртқы болып бөлінетін болды. Ортаның әсері мен тәрбие жеке тұлғаның дамуының сыртқы факторларына жатады. Табиғи әсерлер - бейімділік пен әуестік, сонымен қатар, адамның сезімдері мен күйзелістері, оның сыртқы әсерлердің

52  
ықпалымен пайда болатын сылтаулары мен қажеттіліктері -барлығы ішкі факторларға жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың өзара байланысының нәтижесі болып табылады.

Егер тәрбие жеке тұлғаның өз өзімен жұмысы кезіндегі белсенділігіне деген іштей ықпалына әсер ететін болса, онда оның жеке тұлғаның дамуында шешуші рөл атқара алатыны түсінікті. Осы бейімділік пен өсіп келе жатқан адамның жеке тұлға ретінде жетілуіне деген өзіндік ынтасы ғана түбінде оның дамығанын анықтайды. Осылайша бұл шын мәнісінде, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу сипатына ие болады. Л.Н.Толстойдың адамның дамуын жемісті ағаштың өсуімен салыстыруы тегін емес. Өйткені, сөздің тура мағынасында оны ешкім өсірмейді, ол өздігінен өседі. Адам тек қана топырағын қопсытады, тыңайтқыштар себеді, артық бұтақтарын кеседі, яғни оның өзіндік дамуына мүмкіндік беретін қажетті сыртқы жағдайларын жасайды, ынталандырады. Ал өзіндік даму өзінің ішкі заңдары бойынша жүреді.

Жеке тұлғаның өзіндік дамуына қоршаған орта мен тәрбие секілді сыртқы факторлар әсер етсе де, бұл факторлар оның ішкі дүниесіне оң әсер еткенде ғана және оның өз өзімен жұмысы кезіндегі өзіндік белсенділігін ынталандырған жағдайда ғана жеке тұлғаны дамытып, қалыптастыра алады. Осы бір аса күрделі процесс тәрбиенің персонификациясы (лат. - жеке тұлға) деген атауға ие болды. Тәрбиенің персонификациясы дегеніміз -ақпараттық мазмұндағы, адамның тұтас модусын (модус -қажеттіліктер, мақсат-мүдделер, наным-сенімдер, бағалау критерийлері, ынта-ықыластар) құрайтын саналық-психологиялық және идеологиялық процестердің, қасиеттер мен қатынастардың әр алуан түрлері бар жеке тұлғалық факторлардың мінез-құлығын әлеуметтендіріп, реттейтін өзара әрекет күрделі де қарама-қайшылыққа толы болады. Персонификация әлеуметтенудің антиподы ретінде оған қарама-қайшы емес, ол әлеуметтенудің бар болуының ішкі



механизмі болып табылады. Осылайша, жеке тұлғаны әлеуметтендіретін сыртқы факторлар, соның ішінде тәрбие де, жеке тұлғаның өз өзімен жұмысы кезіндегі өзіндік белсенділігінің ішкі механизмдерімен, яғни оның қажеттіліктерімен, сенімдерімен, мақсат-мүдделерімен өзара тығыз байланыста болғанда ғана оның дамуы мен қалыптасуына әсер етеді.

53

Баланың, оқушының белсенділігі іс-әрекеттің әр алуан түрлерінде көрінетіні психологияда дәлелденген. Өмір барысында қарым-қатынас, таным белсенділіктері, өзін-өзі жетілдіру мен қоршаған өмірді түрлендіру, өзгерту белсенділіктері дамиды. Кішкентай баланың өзі де пассивті емес түрде өмірдің жағдайларына бағынады. Ол өзінің талаптарын орындатқанда (үлкендерге) белсенді, ол қоршаған адамдарға қатысты өз түзетулерін енгізеді. Ол адамдарға деген (ұнату, ұнатпау) және заттарға деген (керек, керек емес, жақсы көретін, жақсы көрмейтін) өзіндік жеке тұлғалық қатынасын көрсетеді. Бұл қатынастар оның іс-әрекетінде жеке тұлғаның өзгешелігін жасай отырып пайда болады.

Қарым-қатынас - генетикалық түрде баланың белсенділігінің ең ерте белгісі. Адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктері осы қарым-қатынаста көрінеді. Онда адамдарға деген қатынастың көптеген алуан түрлі реңктері бар: ата-анаға, мұғалімдерге, таныстарына, таныс емес адамдарға, құрдастарына, өзінен кішкентайларға, достарына. Бала өзіне дос таңдайды, ол адамдардың белгілі бір шеңберімен қарым-қатынас іздейді, ол басқаларға ықпал етеді. Ұжымда ол кейде ұйымдастырушы, кейде орындаушы болады. Қарым-қатынас белсенділігі жеке тұлғаның ең маңызды жақтарының дамуына жағдай жасайды, олар - адамгершілік, қайырымдылық, қамқорлық, өз өзі үшін, адамдар алдындағы өз істері үшін жауапкершілік.

Баланың дамуы барысында жеке тұлғаның танымдық белсенділігінің өрісі кеңейіп, тереңдей түседі. Кейбір заттардың қасиеттерін тану үшін оларды қолына ұстап көргеннен кейін бала "Бұл не? Бұл кім? Қалай аталады?" деген сияқты сұрақтар сұрай бастайды. Бұл сұрақтардың жауабы балаға заттар мен құбылыстардың жалпы мәнін ашып береді. Мектептегі жүйелі оқыту баланың таным белсенділігінің қалыптасуы мен тереңдеуіне мүмкіндік жасайды, сыныптан сыныпқа көшкен сайын оқушы өз бетінше білім игеруге, оларды практикалық іс-әрекетте еркін пайдалану қабілетіне ие болады. Оқыту барысында біртіндеп оқушының ойлау қызметінің әдіс-амалдары қалыптасады. Орта және жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігі зерттеу жұмыстарында, тәжірибелік ұйымдастыруларда, іскерлік қызметте көрініс табады.

54

Адамның белсенділігі қоршаған өмірге ықпал етеді, болмысты қайта құру мен өзгертуге бағытталады. Әлеуметтік белсенділік дегеніміз осы. Жеке тұлғаның белгісіне айналып, бұл белсенділік қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ғылыми жаңалық, өнертапқыш, жаңашылдықтың бастауы мен қозғаушы күшіне айналады.

Жеке тұлғаның белсенділігінің аталмыш бағыттары оқушының әр алуан іс-әрекеттерінде көрініс табады: оқу-танымдық, еңбек, қоғамдық-пайдалы жұмыстар, ойын, эстетикалық, спорттық-сауықтыру. Оқушының іс-әрекетін парасатты, педагогикалық дәл және дұрыс ұйымдастыру оның белсенділігінің барлық бағытта дамуының бастауы болып табылады. Әрбір баланы белсенді қайраткер орнына қойып, оны баланың барлық күшін белсенді жұмсауға, іс-әрекеттегі баланың жеке тұлғаға сай өзгешелігін зерттеуге, жеке тұлғаның потенциалды мүмкіндіктерінің ашылуына барынша көмектесуге мүмкіндік туғызатын іс-әрекетті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерімен қаруландыру - осының бәрі баланың дамуының нәтижелілігін қамтамасыз ететін тәрбиенің басты қызметі.

Сондықтан жеке тұлғаның белсенділігін жан-жақты қалыптастыра отырып, тәрбиеші сол баланы өзіне одақтас етіп алады. Оқушының қажеттіліктеріне негізделген тәрбие мен өзіндік тәрбие процестері - ең жағымсыз деген сыртқы жағдайларды жеңе алатын күш.

Жеке тұлғаның дамуы үшін баланың қарқынды іс-әрекеті қажет. Алайда кез-келген іс-әрекет баланың қабілетін, дарынын, мінез-құлық белгілерін, білік пен дағдыларын дамыта алмайды. Мысалы, мыңдаған балалар күні бойы музыкалық гаммаларды ойнайды, бірақ музыкант бола алмайды. Баланың қабілетін оята алмайтын репетиторлық жұмыстар қаншама. Немесе тағы бір мысал, төменгі сыныптарда балалардың көбісі едәуір ынталы, бірақ жоғары сыныптарда ондай балалардың саны аз.


Қабілеттіліктің дамуы үшін өз барысында баланың бойында жағымды сезімдер туғызатын іс-әрекет қажет (В. Е. Чудновский, В. С. Юркевич). Ал мұндай көңіл-күйге түсу (немесе басқа да) жұмыстан пайда болған сүйсіну сезімімен сипатталатын танымдық қажеттіліктермен байланысты. Дарынды бала белгілі бір жұмыспен міндет үшін емес, баға үшін емес, жарыста немесе олимпиадада жеңу үшін емес, сол жұмыспен айналысқысы келетін

55

болғандықтан жетістікке ұмтылады, яғни ол балада жағымды сезімдермен байланысты қажеттілік бар. Осыған байланысты әдебиеттерде өте сирек айтылып жүрген жеке тұлғаның дамуының тағы бір бастауы өзіне көңіл аудартады. Бұл - жеке тұлғаның мәдени ұстанымдарынан бастау алатын өз-өзіне деген қалыптастырушылық, жасампаздық ықпал-әсері. М. Князеваның ойынша, адамның өзін өзі дамыту күштері жеке тұлғаның дамуының ең маңыздысы болып табылады. Оның пікірінше өткен ұлы адамдардың өмірбаяны, күнделіктері, естелік жазулары, сырлары, хаттары өзін өзі қалыптастыру, өз өзіне талап қою жұмысында аса зор күш жұмсағандарының дәлелі бола алады, ал ол қасиеттер олардың кәсіби еңбектерінің бастауы болып, өмір жолында әрдайым серік болған: "... адам тек қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамды ғана қалыптастырып, түрлендірмейді. Адамзаттың бүтін тарихы - өзін-өзі қалыптастыру мен қайта құру».

Сонымен, жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі, қалыптасуының өзара байланысы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ғылымда жеке тұлғаның мәні, оның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін факторларды түсіндіретін

әр түрлі көзқарастар кездеседі. Ғалымдардың жеке тұлғаның қалыптасуында биологиялық (тұқым қуалаушылық) және әлеуметтік факторлардың (орта, тәрбие), сонымен қатар іс-әрекет пен қарым-қатынастың орны ерекше деген қорытындысы еш дау туғызбайды. Сонымен жеке тұлғаның дамуына және қалыптастыруына әсер ететін факторлар төмендегідей болып келер. (сурет 2)



**Сур 2. Тұлғаның дамуына және қалыптасуына әсер ететін факторлар**  
56

Қазіргі ғылыми көзқарас бойынша баланың жеке тұлғалығы тәрбиенің объектісі ретінде де, субъектісі ретінде де қарастырылады. Оның объект болу себебі, оның қалыптасуы сыртқы ықпал-әсерлерге, әсіресе, тәрбие мақсатты әсерлерге тәуелді. Субъект болу себебі жеке тұлғаның белсенділігінсіз, сыртқы ықпал-әсерлерге деген белсенді ықпалынсыз даму ілгері жүрмейді; тағы бір себебі: адамның дамуы өзін-өзі дамыту процесінде ғана жүзеге асады, сондай-ақ жеке тұлғаның дамуында өзін-өзі тәрбиелеудің де алар орны ерекше (сол субъект қалағанындай жеке тұлғаға тән белгілі бір қасиеттерін қалыптастыру мақсатында өз бетінше жұмыс).

Қазіргі заманғы зерттеулер дарындылық тұқым қуалау арқылы берілмейді дейді. Н. И. Дубининнің айтуы бойынша, дарындылық болу үшін "жөнді универсалды генетикалық бағдарлама" керек: ал оның аса мол потенциалын жүзеге асыру үшін, әсіресе жеке тұлғаның дамуының өте ерте кезеңінде, қолайлы жағдайлардың болуы.

Бала өмірінің алғашқы үш-бес жылын ғалымдар "Ұлы бастаулар уақыты" деп атайды. Адам психикасының сырттай көріністерінің қасиеттері өмір барысында қалыптасады, сондықтан оларды ата-ана, педагогтар және баланың өзі қадағалап, реттей алады.

### **Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар**

- 1) "Жеке тұлға" деген ұғымды және оның құрылымдық компоненттерінің мағынасын ашыңыз.
- 2) Жеке тұлғаның қалыптасуымен байланысты негізгі ұғымдарды сипаттаңыз.
- 3) Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының негізгі теориялық-әдіснамалық амал-тәсілдерінің сипаттамасын беріңіз.
- 4) Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды атаңыз.
- 5) Тәрбие мен дамудың өзара байланысты екенін дәлелдеңіз.

б) Субъектінің іс-әрекеті жеке тұлғаның қалыптасуының басты факторы екенін дәлелдеңіз.

### **Әдебиеттер**

1. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Алматы: Ғылым, 1998  
57
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. М, 1968.
3. Измайлов А.З. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Азии и Казахстана. М., 1991.
4. Керимов Л.К. Педагогические основы индивидуализации перевоспитания трудных подростков. Алматы. 1994.
5. Кон И.С. Психология подростка. М., 1981.
6. Кон И.С. Психология ранней юности. М., 1989.
7. Костюк Г.С. Движущие силы развития и воспитания. Хрестоматия по педагогике /Под ред. З.И.Равкина. М., 1976.
8. Петровский В.А. Личность - феномен субъективности. Ростов на Дону. 1993.
9. Рысбаева А.К. Успешность деятельности как категория педагогики. - Алматы: КНПУ им. Абая, 2003.
10. Узакбаева С.А., Кожахметова К.Ж. Использование материалов казахской этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин. Алматы. 1996
11. Фридман Л.М., Пушкина Т.А. Изучение личности учащихся и ученических коллективов. М., 1988.

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

- 1) Ұсынылып отырған арнайы әдебиет бойынша конспект жазыңыз.
- 2) Өзіңіздің педагогикалық сөздігіңізге жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі және қалыптасуымен байланысты негізгі ұғымдарды енгізіңіз.
- 3) Лекцияның конспектісімен танысып, оны әртүрлі авторлардың екі-үш оқулықтарынан алынған материалдармен толықтырыңыз.
- 4) Лекцияның тақырыбы бойынша семинарда пікірлесіңіз.
- 5) Өз бақылауларыңызға сүйене отырып (отбасындағы, мектептегі, ең жақын қоршаған ортадағы), әртүрлі факторлардың оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететінінің нақты мысалдарын келтіріңіз.
- 6) Мектеп өмірінен алынған мұғалімнің өз жұмысында оқушылар дамуының ерекшеліктерін ескеруінің мысалдарын келтіріңіз.

58

### **Реферат тақырыптары**

1. Жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі және қалыптасуындағы іс-әрекеттің және қарым-қатынастың алар орны.
2. Төменгі мектеп жасының жас ерекшелігі, оның оқыту-тәрбие жұмысында ескерілуі.
3. Жасөспірімдердің жас ерекшеліктері, оларды тәрбие мен оқытуда ескеру.

4. Оқушылардың дара ерекшеліктері, оларды оқыту-тәрбиелеу процесінде ескеру.

5. Баланың қабілеттілігі мен дарындылығы, оларды алдын ала болжау.

6. Акселерация және жеке тұлғаның әлеуметтік жетілу мәселесі.

7. Қазіргі жағдайлардағы жеке тұлғаның даралану мен әлеуметтену мәселелері. -

8. Халықтық педагогикада баланың жас ерекшеліктерін ескеру.

59

#### **1.4. Оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне психологиялық-педагогикалық сипаттама**

**Мақсаты:** мектеп оқушыларының жас мөлшеріне карай және жеке басына тән ерекшеліктер туралы түсінік қалыптастыру және осы ерекшеліктерді оқу-тәрбие процесінде ескеру.

##### **Міндеттері:**

а) мектеп оқушыларының жас мөлшерінің кезеңдеріне сипаттама беру;

е) мектеп оқушысының жеке тұлғасының өзіндік ерекшеліктерін ашу;

б) педагогикалық процесте мектеп оқушысының жас мөлшерінің психологиясын есепке алу.

##### **Жоспар:**

1. Бастауыш сынып жасындағылардың ерекшелігі және оның дамуы.

2. Жеткіншек шак және оның ерекшеліктері.

3. Жоғары сынып жасындағыларға психологиялық-педагогикалық сипаттама.

4. Жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктері және оның педагогикалық процесте ескерілуі

**Негізгі ұғымдар:** жеке тұлға, жас мөлшері, акселерация, жеке ерекшеліктер, дарындылық, девиация.

**Пәнаралық байланыс:** фияософия, физиология, психология, жалпы психология, оқу пәндерін оқыту әдістемесі.

Ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский, «Егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда оның адамды барлық жағынан тануы да керек»- деген болатын. Осындай ережеге байланысты, жұмыс барысында педагог балалардың психологиялық, физиологиялық және жас ерекшеліктерін міндетті түрде білу керек.

Барлығына мәлім, балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу және бала тұлғасына арнайы қатынас, тәрбие мен оқытудың басты принциптері болып табылады. Сондықтан мектептің педагогикалық ұжымы, оқу-тәрбие процесінде оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін есепке алу маңызды.

ектеп жасындағы балалар бастауыш, орта (жеткіншек) және жоғары буынға бөлінеді. Жеткіншек кезең кіші және жоғары деп бөлінеді (1 кестені қараңыз)

60

#### **Кесте 1. Оқушылардың дамуының жас кезеңдері.**

Кезендер	Жылдар	Сыныптар
I. Бастауыш оқушылар	6-10	I- IV
II. Орта (жеткіншек)	11-14-15	V- IX
III. Жоғары	15-18	X-XII

### **Бастауыш сынып жасындағылардың ерекшеліктері мен дамуы.**

Адамның белгілі сипаты мен сапасын қалыптастырудағы тәрбиешілердің мақсат тәрбиесі белгілі бір жас мөлшеріндегі топқа бағытталған, осы арқылы сол топта тәрбиенің мүмкіндіктері мен міндеттері, әдістемелері қолданылады. Адам өмірінің мектепке дейінгі кезінде, есейген шақ кезеңдеріндегі, жасөспірім шақта, әлеуметтік ортада, мектепте қалыптасқан мінез-құлқы ерекшеленеді.

Жас мөлшерінің психологиясы курсына оқылатын жоғарыда айтылған жас мөлшерлік топтардың әрқайсысының сипаттамасын бұл тұста нақтылап қарастырмай-ақ, педагогтың әрбір жас мөлшері тобымен жүргізетін оқу-тәрбие жұмысында ескерілуі тиісті кейбір тәрбие ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Жастарды өмірге және ұжымдық еңбекке тәрбиелеудің, әрбір жас адамның жеке тұлғасының өмірлік бағыт-бағдарын анықтайтын дүниетанымын қалыптастырудың қоғам алдындағы зор міндеттері мектепке жүктелген. Тәрбие, шын мәнінде, жеке тұлғаның дамуы мен жалпы қоғамның негізгі мақсаты болып табылады және ол қоғамның әрбір мүшесінің жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған.

Белгілі бір жастағы балалардың жас мөлшері дегенде олардың көпшілігіне тән ерекшеліктер мен сипаттарды айтамыз. Бұл ерекшеліктерді педагогикалық процесте ескеру қажет және соған сәйхес оқыту, тәрбие берудің тиісті түрін, әдістемесін және тәсілін пайдалану керек.

Бастауыш сынып жасындағы баланың салмағы бір жылда 2-2,7 кг өседі. 6 жастан 12 жасқа дейінгі аралықта бала денесінің салмағы екі есе артып, 18 килограмнан 36 килограмға дейін артады. Осы жаста бала миының көлемі де ұлғаяды, яғни, ол 5 жаста үлкен адам миының 90 пайызындай болса, 10 жаста 95 пайызына тең болады.

Жүйке жүйесінің жетілуі де жалғасады. Жүйке жасаушалары арасында жаңа байланыстар түзіліп, мидың жарты шарында икемділік күшейеді.

7-8 жаста жарты шарды жалғап тұрған нерв талшықтары жетіле түседі және олардың өзара қарым-қатынасының арта түсуін қамтамасыз етеді. Жүйке жүйесіндегі бұл өзгешеліктер баланың ақыл-ойы дамуының келесі кезеңінің

61 ірге тасы қалануына негіз болады.

Баланың білім алуындағы іс-әрекеті де, бұған дейінгі барлық іс-әрекеттер (манипуляциялық, пәндік, ойын арқылы) сияқты, оған ену тәжірибесі арқылы бірте-бірте дамиды.

Білім алу іс-әрекеті оқушы баланың өзіне бағытталған іс-әрекеттен тұрады. Бала тек білім алуды ғана емес, сонымен бірге оны қалай меңгеруді де үйренеді. Жазу, есептеу, оқу және тағы басқандарына үйрену арқылы бала

өзін - өзі өзгертуге қарай бағыттай алады, яғни, ол іс-әрекеттік және ақыл-ойлық қажетті әдістерді (оны қоршап тұрған мәдениетке тән) меңгереді. Рефлексиялы түрде, яғни, өз санасы арқылы өзінің психологиялық күйіне ой жүгіртіп, ол өзін бұрынғы және бүгінгі қалпымен салыстыра алады. Өзіндік өзгерістері өз бойындағы жетістіктері арқылы қадағаланады және айқындалады.

Білім алу іс-әрекетіндегі баланың маңызды әрекеті - бұл оның өз-өзіне деген рефлексиясы, жаңа жетістіктерін және болған өзгерістерді қадағалай алуы. «Бұған дейін қолымнан келмеді — енді келеді», «Бұған дейін жасай алмадым — енді жасаймын», «Бұрын қандай боддым - қазір қандаймын», - міне, бұлар қол жеткізілгендер мен өзгерістердің терең рефлексиясы қорытындысына берілген негізгі бағалар. Баланың өзін-өзі үшін өзгеріс мәні және осы өзгерістерді өзі үшін жүзеге асыратын субъекті бола алуы өте маңызды. Егер бала өзінің өрлеуіндегі оқу іс-әрекетінің, өзін-өзі дамытудың жетілген түрінің рефлексиясынан қанағат алса, демек, бала оқу іс-әрекетіне психологиялық жағышан толықтай кірісті деген сөз.

Бала мектеп табалдырығын аттағаннан кейін, оның әлеуметтік жағдайы өзгереді, бірақ ішкі әлемі, психологиясы әлі мектепке дейінгі калыпта болады. Баланың ең негізгі іс-әрекеті әлі де ойын, сурет салу, ойыншықтарды құрастыру болып қала береді. Оқу іс-әрекеті әлі де дамуды қажет ететін деңгейде болады. Оқу іс-әрекетіндегі, тәртіп сақтаудағы қажетті іс-әрекетке еріктілік беру алғашқы кездерде ғана мүмкін болады, бұл кезде балаға жақын арада істелінуі тиіс мақсаттар және оның күш салуын қажет ететін тапсырмалардың мөлшерінің аздығы түсінікті болады. Оқу іс-әрекетіне ерікті түрде назар аударту ол балаға жеңіл тиеді.

Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, баланың алдына оқу іс-әрекетінің шарттарын қойса, бұл баланың шын мәнінде оқу іс-әрекетіне тез араласып кетуіне (бұл жағдайда ол білімді алуға қалыптасқан) себеп болады немесе өзінің шамасы келмейтін оқу тапсырмаларының алдында сасқалақтап, бірте-бірте өзіне деген сенімін жоғалтады, мектепті және оқуды

62

ұнатпаушылық сезімін оятып, бұл тіпті баланың бойындағы әдетке айналады. Тәжірибеде бұл екі вариант та типтік болып табылады: білім алуға дайын тұрған балалардың саны да, бұл жағдаймен оқуға шамасы жетпейтін балалардың саны да өте жоғары.

Оқу іс-әрекетінің жағдайында балаға оның ойын емес екендігін түсіндіруге тырысу керек, сонда ғана ол оқуға ат үстілікпен емес, ынтымен, шыш көңілмен назар аударып, өзін-өзі шынайы өзгертуге үйренеді. Балалар ойынға құрылған тапсырмалар мен оқу тапсырмаларын айыра біліп, оқу тапсырмаларына құлқы болса да, болмаса да оны қалайда орындауы керектігін білуге үйренуі керек. Әрине, ойын баланың белсенді өмірінің аясынан шығып калмауы тиіс. Балаға оның енді «үлкен» екендігін, кішкентай балалар сияқты ойыншықтармен ойнап отыру ұят деген сияқты сөздерді айтуға болмайды. Ойын тек қана балалықтың ғана іс-әрекеті емес, ол барлық жастағы адамдардың бос уақыттарында айналасып, көңіл

көтеретін құралы. Әдетте бала адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасы жүйесіндегі өзінің жаңа орнында ойынның мәнін бірте-бірте түсіне бастайды әрі ойнағанда да аса бір құштарлықпен ойнайтын болады. Ойнай жүріп бала өзіне аса маңызды әлеуметтік дағды қалыптастырады. «Балалар қоғамының» рөлі мен ережелері үлкендер қоғамының қалыптасқан ережелері туралы білуіне мүмкіндік жасайды. Ойын үстінде ынтымақтастық пен бәсекелестік сезімі қалыптасады. Ал әділетшілік пен әділетсіздікке көз жеткізу, теңдік, лидерлік, бағыныштылық, адалдық, сатқындық әрекеттері баланың бойындағы жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады.

Баланың дұрыс психикасының ерекшелігі — танып-білуге деген белсенділігі. Баланың құштарлығы өзін қоршаған әлемді тануға және осы әлемнің құрылысын өзінше бейнелеуге бағытталған. Бала ойнай жүріп тәжірибеден өтеді, себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктің себебін ашуға тырысады. Ол мысалы, қандай заттардың суға батып кететінін, қандай заттардың қалқып жүретінін біле алатын болады. Бала ой-қабілеті жағынан неғұрлым белсенді болса, ол соғұрлым сұрақгы көп қояды және әр түрлі сұрақтар қоятын болады. Баланы бәрі қызықтыруы мүмкін: Мұхиттың терендігі қандай? Су астындағы жәндіктер қалай тыныс алады? Жер шарының көлемі неше мың километр болады? Бала білуге ұмтылады, ал сол білімді игеруі «Неге?», «Қалай?», «Неліктен?», деген сұрақтар арқылы игеріледі. Ол білімге сүйенге, жағдайды бағамдауға және өз сұрағына жауап табудың жолын іздеуге тырысуға мәжбүр болады. Кейбір мәселелер туа

63

қалған жағдайда бала оны өзі шешуге тырысады, әрине, ол оны тек ойша ғана шеше алады. Бала болып жатқанды жағдайды бағамдайды және оған өзі ойша аралаып, іс-әрекет жасайды. Сол жағдайды шешу үшін образдармен іштей әрекеттесуден туындаған ой-көрнекі образды деп аталады. Образды ойлау — бастауыш сынып жасындағы баланың негізгі ойлау түрі болып табылады.

Мектепте оқыта бастағанда баланың ойлау жүйесі өзінің эгоцентризмімен, белгілі бір мәселелерді дұрыс шешуге қажет болатын білімінің жоқтығынан ойлау үрдісінің ерекше болуымен назар аудартады. Мысалы, бала өзінің білімдік тәжірибесінде заттардың ұзындығы, көлемі, салмағы сияқты ерекшеліктерін онша түсіне бермейді.

Білімінде жүйеліліктің жоқтығынан, түсніктерінің жеткілікті түрде даму дәрежесіне жетпегендігінен ойлау жүйесінде көріністі тек қана қабылдау логикасы басым болады. Мысалы, судың, құмның, пластилиннің және т.б. бірдей мөлшерін ыдысқа салғанда, ол заттардың сол ыдыстың қалыбын алғанын көріп тұрып, бірақ оны бағамдау баланың қабілеті жетпейді. Балалар ол заттардың әрқайсысының өзгерісін көрген сәтіндегі әр жағдайға тәуелділікте болады. Алайда бала төменгі сыныптардың өзінде-ақ кейбір деректерді салыстыра алатын, оларды біртұтас кескінде көре алатын, тіпті өз деңгейінде тікелей көздерден алыс жатқан абстрактылы білім қалыптастыруға қабілеті жететін дәрежеде болады.

Бала қоршаған ортаны зерттеуге бағытталған танымдық белсенділігімен өзі зерттей бастаған объектісінен ұзақ уақыт бойы назарын алмайды, бұл



әрекеті ол оған қызықсыз болып қалғанға дейін жалғаса береді. Егер 6-7 жастағы бала өзі үшін аса маңызды ойын ойнап жатса, ол одан екі немесе үш сағат бойы бас алмауы мүмкін. Сондай-ақ ол өнімді жұмыс жасауда да, мысалы, сурет салуға, ойыншықтарды құрастыруға, өзіне қажетті әлденелерді жасауға да осындай ынтамен кірісе алады. Балалар назарының бір нәрсеге ұзақ қадалуы, оның сол өзі жасап отырған іс-әрекетіне деген ерекше ынтасымен көрсетеді. Егер бала өзіне ұнамайтын нәрсемен айналысып, соған ұзақ уақыт назарын салып отыруға мәжбүр болса, ол шаршайды, көңілі басқа жаққа алаңдай береді, тіпті ол өзін соншалықты бақытсыз сезінеді.

Үлкен адам сөзбен айту арқылы баланың назарын белгілі бір нәрсеге бұрып, ұйымдастыра алады. Ол оған тапсырманы орындаудың қажет екендігін түсіндіреді және оны қалай жасау керектігінің әдісін де айтады /Балалар, альбомдарынды ашындар.

64

Қызыл қарындашты алындар да қағаздың сол жақтағы бұрышына, міне, мына жерге дөңгелек сызындар және т.б./

Бастауыш сынып жасындағы бала белгілі деңгейде өзінің атқаратын жұмысын өзі де жоспарлай алады. Мұндай кезде ол не істеу керек екендігін және неден кейін нені орындау керек екендігін өзіне-өзі күбірлеп айтатынын да байқаймыз. Бұлайша жоспарлау, сөз жоқ, баланың назарын жүйелеп, ұйымдастырады.

Алайда, бала төменгі сыныпта жүрген кезінде-ақ өзінің мінез-құлқын өзі үйлестіре алады десек те, оның назарының өз еркінен тыс басқа жаққа тез ауып кету жағдайлары көбірек болады. Балаларды біртектес, тез жалықтыратын немесе қызғыштық болса да, бірақ ойлануды қажет ететін жұмыстар тез жалықтырады. Ал бала назарының анда-санда басқа жаққа ауып отыруы оны тез шаршаудан сақтайды. Бұл ерекшелік' ойынның сабаққа кірісуге мүмкіндік беретін маңызды элемент екендігін көрсетеді және іс-әрекетті онымен жиі алмастырып отыру керек болатынын дәлелдейді. Төменгі сыныпта оқитын балалар интеллектуальды тапсырмаларды назарында ұстауға қабілетті, алайда бұл ерекше ерік-жігерді және үлкен ұйымдастырушылықты қажет етеді.

Бастауыш сынып жасындағы бала әртүрлі жағдайларды өз қиялында бейнелей алады. Ойын үстіндегі бір затты екінші затпен алмастырып көру арқылы баланың қиялы іс-әрекеттің басқа түрлеріне ауысады. Оқу іс-әрекетінің жағдайында бала қиялына арнайы талаптар қойылады, олар бала қиялын өз күшімен әрекет етуге ұмтылады. Мұғалім сабақта балаларға заттардың, бейнелердің, белгілердің қайта пайда болу жағдайын көз алдарына еслестетіп көруі жөнінде тапсырма береді. Бұл оқу талаптары бала қиялының дамуына мүмкіндік береді, алайда оны арнайы құралдармен пысықтап отыруға тура келеді, әйтпесе баланың өз қиялын өз күшімен ілгері жылжытуы қиын болады. Ол құралдар заттар, схемалар, макеттер, белгілер, графикалық бейнелер және т.б. болуы мүмкін.

Әртүрлі оқиғалар, "өлендер" ұйқастыру, ертегілер ойлап табу, түрлі кейіпкерлерді бейнелеу арқыл бала өзіне белгілі оқиғаларды, өлең жолдарын, графикалық бейнелерді өзі де байқамастан айта бастауы мүмкін. Баланың өзіне белгілі оқиғаларды әдейі бір-біріне қосып, өз кейіпкерінің сапалық жақтары арқылы жаңа бейнелер жасауы да жиі кездеседі. Егер баланың сөйлеу және қиялдай алу қабілеті жетілген болса, егер ол сөздің мәні мен мазмұнынан пайда болған рефлексіне көңілі қанағаттанса, онда ол кәдімгідей мәні бар мазмұндағы оқиғаларды айтып, тіпті, өзінің ойлап табушылық қабілетінен шабыт алып, басқа адамдарды да қосып жаңасын ойлап тауып,

65

оны әңгімелеп бере алатын болады. Бала өз қиялында қауіпті де үрейлі жағдайларды да тудыра алады. Ең бастысы — тапсырманы орындаудағы қиындықты жеңу, дос табу, жарыққа шығу, қуанышты сәтті бастан кешіру. Қиялдағы оқиғаны жасау және оны өрістету кезінде санаға түсетін салмақ, мазмұнды басқару, кейіпкерлердің әрекетін тоқтату және оған қайтып оралу әрекеттері бала қиялын ерікті шығармашылық қызмет ретінде жаттықтырады.

Оның үстіне, қиял әсер беретін іс-әрекет ретінде көрініс табады. Бала шынайы өмірдегі қиындықтарды бастан кешіріп, өз басындағы жағдайды тығырыққа тірелгендік деп түсінген шақта, ол өз қиялындағы әлемге кетіп қала алады. Мысалы, әкесі жоқ болса, бұл баланың жанын жаралайды, ал ол қатты қиналған кезінде өз қиялында ең керемет, мейірімді де ер жүректі әкеге ие бола алады. Қиял өз мазмұны бойынша қандай да бір адам сенгісіз нәрсе сияқты болып көрінгенімен, шынайы әлеуметтік кеңістіктің нормативтеріне сүйенеді. Бала өз қиялында мейірімділікті немесе қатігездікті көруі арқылы, ол болашақтағы өз іс-әрекеттеріне мазмұн болатын жағдайларға бейімделе алады.

Қиялға берілуі үлкен адамға қарағанда баланың өмірінде үлкен рөл атқарады, қиялдың жиі көрініс беруі арқылы ол шынайы өмірде көбірек қателеседі. Қиялдың шаршауды білмейтін жұмысы баланың қоршаған ортаны тануға және игеруге мүмкіндік беретін, өзінің өмірлік тәжірибесінің шеңберінен шығып кетуге жағдай жасайтын маңызды жолы болып табылады, ол шығармашылық қабілеттің дамуының маңызды психологиялық алғы шарты және әлеуметтік кеңістіктің нормативін игерудің тәсілі. Соңғысы қиялдың жеке тұлғаның өзіндік ерекше сапасының мүмкіншілігімен тікелей жұмыс істеуге мәжбүр етеді.

Ақыл-ойдың дамуына оқу іс-әрекеті ерекше әсер етеді. Әсіресе оқу жүйесінде сөйлеу қабілетін меңгерудің және дамытудың айқындауыштық маңызы бар. Сөйлеу қабілетін бағдарлама бойынша дамыту мақсатында баланы оқытудың және дамытудың мынадай түрлері болады; біріншіден, нормаға сәйкес әдеби тілді меңгеру, екіншіден, оқи және жаза алу. Оқи білу де, жаза білу де — тіл жүйесіне, оның фонетикасына, таңбалануына, лексикасына, грамматикасына, орфографиясына сүйенетін сөйлеу дағдылары. Үшіншіден, оқушылардың сөйлеу мәдениетінің белгілі бір талап

деңгейіне сәйкес келуі, яғни, ол оқушы деген атқа ие болғандықтан да сол деңгейден төмен болмауы тиіс.

Бастауыш сынып жасындағы бала үлкендердің сөзін бірте-бірте толық және дәл қабылдау, өз бетінше оқып, радио тындау дәрежесіне жететін

66

болады. Ол сөз әлеміне қиындықсыз араласып, онын мазмұнын бағамдай алатын болады, яғни, әңгіменің не хуралы болып жатқанын ұғынып, сөздің негізгі тақырыбының дамуын қадағалап, соған сәйкес сұрақтар беруге және диалог құруға шамасы жететін болады. Бала өзінің сөздік қорын ынталы түрде кенейтуге ұмтылып, өзі үйренген сөздер мен сөз тіркестерін жиі пайдалануға, қарапайым грамматикалық түрлер мен құрылымдарды менгеруге тырысады. Мұның бәрі баланың сөйлеу қабілетінің және ақыл-ой қабілетінің дамуындағы жетістіктер.

Тіл меңгеру базасында жаңа әлеуметтік қатынастар пайда болады, олар баланың ойлау жүйесін байытып және өзгертіп қана қоймайды, сонымен бірге, оны жеке тұлға ретінде қалыптастырады. Бала мектепке барған кезден бастап, оның сезімталдық дамуы оны қоршаған сырт адамдарға және оның сырттан алған тәжірибесіне қатысты болады.

Баланың үрейленуі өзін қоршаған ортаны қабылдауының санада сәулеленуі болып табылады, ал қоршаған орта бала үшін біртіндеп кеңейе береді. Үрейдің негізгі бөлігі отбасындағы, мектептегі және өз құрбылары арасындағы жағдайлардан құралады. Өткен уақыттағы адам түсіндіріп бере алмайтын және ойдан құрылған қорқыныштары бірте-бірте күнделікті тіршіліктің толып жатқан саналы мәселелерімен алмасады. Ал баланың үрейленуіне негіз болатын алда тұрған сабақ немесе укол, тіпті түрлі табиғи құбылыстар немесе жора-жолдастарының арақатынасы болуы да мүмкін.

Бұл жастағы балаларда бірте-бірте оларға тән; мектепке барғысы келмеу әдеті пайда болады, оған жаңа өзіміз айтқан үрей қосылады. Осындай жағдайға тап болған балада бас ауруы пайда болады, құсады, басы айналады. Мұның бәрі құр сылтау емес, сондықтан да оған дұрыс көңіл бөлу керек. Әдетте мұндай балалар жақсы оқиды, ал олардың қорқыныштары жаман баға алып қаламын дегендіктен емес, негізінен ата-аналары үшін, әсіресе анасы үшін аландағандықтан туындайды, мысалы баласы үшін олардың мұңға батып, қайғы-қасіретте қалуы оны қатты аландатады. Ата-аналар баланың көзінше өз аландаушылықтарын, күдіктері мен толқыныстарын айтады, сол арқылы баланың бойында өз ата-анасы үшін аландаушылық пайда болып, әсіресе олардың мектеп алдындағы жағдайын ойлап, бала үрейлену сезіміне беріледі, сөйтіп бәріне ата-ананың өздері себеп болады. Өздеріне өздері онша сенімді емес ата-аналар баланың үнемі өз қастарында болуын қалайды. Олардың саналы түрде баладан айырылмауы баланың тәуелсіздікке, табандылыққа деген ынтасын жояды.

67

Сабақ алдында үрейлену әдеті пайда болған баланы тезірек мектепке қайтару керек болады. Басы ауырып тұрғанына немесе басқа да сәл нәрсені сылтау еткеніне ерекше көңіл аудару сол белгілердің күшейіп кетуіне әкеліп

соқтыруы мүмкін. Кейде тіпті баланың көңіл-күйінің жоқтығы мен шағымына көңіл аудармау керек болады. Баланы тындап отырғаннан да, оны мектепке баруға достық ниетпен қалай да көндірген дұрыс.

Бастауыш сынып жасындағы балалардың ішіндегі ер балалардың 5-8 пайызының, қыз балалардың 1 пайызының ерекше белсенділігі байқалады, бірақ бұл әзірге психикалық ауытқу емес. Алайда бұл жағдай баланың эмоционалдық, ақыл-ой, интеллектуалдық дамуының кешеуілдеуімен қатар жүреді. Мұндай мінез-құлық жүйкеге күш түсуінен пайда болуы да мүмкін және ол баланың жүйкесін ерекше қоздырып жібереді. Аса белсенді балалар берілген тапсырмаларды орындауда қатты қиыналады, себебі оларға өз назарын бір жерге аударып, тыныш отыру өте қиын. Мұндай балалар, әдетте, ата-аналар мен мұғалімдердің ерекше назарында болуы керек.

Мектеп оқушыларында болатын ерекше белсенділіктің себебі әлі күнге дейін толық анықталған жоқ, бірақ көптеген жағдайларға байланысты белгілі бір пайымдаулар айтылып жүр. Мысалы, сарапшылар мұндай жағдайды орталық нерв жүйесінің генетикалық әсерімен түсіндіреді. Көптеген зерттеушілер оның себептерін күнделікті ішіп жүрген тағамнан, баланың өзінің ерік-жігерінен, оның өрескел қылықтарына қолдау көрсетушіліктен іздейді. Бүтінгі танда мұндай келеңсіз жайттардың алдын алу мен емдеудің түрлі әдістемелері қолданылып жүр. Кейбір дәрі-дәрмектер белсенді балаларды тыныштандырады. Сондай-ақ кең таралған әдістің бірі-тағамның құрамынан қантты, жасанды дәмдеуіштер мен тағамға қосылатын заттарды алып тастау арқылы диета қолдану. Баланың мінез-құлқына ата-ана мен мұғалімдер тарапынан үнемі және табанды бақылаудың жасалуы және сыртқы әсерді, мысалы, қоғамдық орындарда көңілді тыныштандыратын көгілдір жарықтың түсірілуі жақсы нәтиже береді.

Осы және осыған ұқсас басқа да әдістемелер баланың бойындағы ерекше белсенділікті бәсеңдетуге мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде оқушының сабақ үлгерімін жақсартуына, сыныптағы, үйдегі, көшедегі мінез-құлқының жақсаруына себеп болады. Әрине, емдеудің бірыңғай тәсілі жоқ. Бұл жағдайда мамандар оны емдеудің бірнеше тәсілін бір мезгілде қолданады, бәлкім, оған жүйелі түрде қарау керек шығар.

68

Мектепке барған алғашқы жылдарында балалар әлі де үлкендер тарапынан қамқорлықты қажет етіп тұрса да, бірте-бірте ата-аналарынан өздерін алшақ ұстайды. Балалардың ата-аналарымен қарым-қатынасы, отбасының құрылымы және ата-аналардың өзара қарым-қатынасы балаға қатты ықпал етеді, алайда, сыртқы әлеуметтік ортамен араласының кенеюіне байланысты енді оларға үйден тыс жердегі ықпал етуі күшейе бастайды.

Бастауыш сынып жасындағы бала үшін ең маңыздысы -педагог. Балаға қарап жылы жүзбен жымиюдың аса маңызды әсері туралы И.М.Юсупов былай дейді: "Педагогикалық қарым-қатынаста балаға қарап жымию баламен диалогтың ең қажетті құралы болып табылады. Сөйлесетін адамның неғұрлым кішкентай болса, ол өзінің іс-әрекетіне үлкендердің соғұрлым үнсіз де жылы жымыясына баға беруін қажетсінеді. Тек қана оқу процесінде емес, жай

қарым-қатынастарда да бастауыш сынып жасындағы балалар мен жасөспірімдерді жылы жымыспен ынталандырудың маңызы зор. Сондықтан да педагогтың вербальды емес қарым-қатынаста өз бет әлпетінің жылылығымен әсер етуге сарандыпы бала мен педагог арасындағы онсыз да үлкен жас айырмашылығын одан сайын кашықтатпақ".

Үлкендердің баламен әр түрлі қарым-қатынасы және олардың балаға беретін бағасының сипаттамасы оның бойындағы өзіне баға бере алу қасиетін дамытады. Бір жағдайда оның өзінің ақылды екендігіне сенімі артса, басқа бір жағдайларда өзінің көріксіз немесе қателігін мойындайды. Үлкендердің тікелей әсер етуімен баланың бойында пайда болатын осындай өзіне өзі баға берушілігінен оның басқа адамдарға да баға беруінің негізі қаланады.

Мектеп оқушыларының өз арасындағы қарым-қатынастары үнемі өзгеріп отырады. Баланың 3 жастан 6 жасқа дейінгі аралықтағы қарым-қатынастары негізінен ата-аналардың бақылауында болатын болса, 6 жастан 12 жасқа дейінгі аралықта мектеп оқушылары көп жағдайда ата-ана назарынан тыс қалады. Бастауыш сынып жасындағы балалардың достық қарым-қатынастары негізінен қыз бала мен қыз баланың, ер бала мен ер баланың арасындағы достыққа әкеледі. Ата-аналарымен арасындағы байланыстың бұрынғыға қарағанда босаңсығаны себепті бала енді өзінің жора-жолдастарының қолдауына көбірек сүйенетін болады. Сонымен бірге оған енді өзінің эмоционалдық қауіпсіздігін де қамтамасыз етуіне тура келеді. Демек бала үшін өз құрбы-құрдастары өзіндік бір рөл атқара бастайды, яғни, ол соларға қарай отырып, бұдан әрі қарай ата-анасы көрсеткен жолдың

69  
ішінен қайсысын алуы керек, ал қайсысынан бас тарту қажеттігін тандай бастайды. Мектеп жасындағы балалар әдетте жынысына, өз отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарай өзіндік топтарға бірігеді. Осылайша бастауыш сынып жасы маңызды жағдаймен, яғни, баланың мектепке баруымен айқындалады. Мектептегі жаңа әлеуметтік жағдай бала өмірінің бұрынғы өзі үйренген қалыбынан гөрі тереңдеу әсер береді әрі баланың жүйкесіне салмақ түсіреді.

Бастауыш сынып жасы-бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Бастауыш сынып жасындағы балалардың бойындағы осы аталған бейімділіктердің әрқайсысы тек жақсы жақтарымен ғана көрініс табады, ал ол осы жастағы балаларға ғана тән қайталанбас ерекшеліктер болып табылады.

Бастауыш сынып жасындағы балалардың кейбір ерекшеліктері жылдар сайын жойылып отырады, кейбір ерекшеліктерінің маңызы өзгереді. Мұндай жағдайдың балалардың бойында көрініс табуы олардың жас ерекшеліктеріне

қарай әртүрлі деңгейде болатынын атап көрсету қажет. Міне, балалардың танымдық мүмкіндіктеріне өзіміз қарастырған осы ерекшеліктер зор ықпал етеді және ол баланың жалпы дамуының келешегінің алғы шарты болып табылады.

### **Жеткіншек шақ және оның ерекшеліктері.**

Педагогикалық тәжірибеде баланың жан-жақты дамуы мен мінез-құлқы жағынан қалыптасуының жеткіншек шағы /10-15 жас/ ең қиын кез болып есептеледі. Балалардың тәртібі нашарлап, сабаққа үлгірімі төмендейді, қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас та қалыпты болмайды. Кейбір балаларда тіпті қоғамды жатсыну әдеті пайда болады.

Жеткіншектердің мінезіндегі мұндай қылықтардың негізі осы жастағы соматикалық және психикалық дамуда жатыр. Бұл кезде баланың бойы тез өседі. Жеткіншек шақтағы бойдың өсуі бұрынғыға қарағанда бір жылда екі есе шапшаңдықпен өсетін болады. Баланың бойының шапшаң өсуіне әртүрлі жағдайлар әсер етеді, мысалы, баланың ішетін тағамы, еңбек, спорт. Алайда, әсер ететін осы жағдайлардың өзінде де белгілі бір заңдылықтар болады,

70

мысалы, баланың аяғы кеудесіне қарағанда жылдам өседі де" ерекше ұзын сияқты болып көрінеді. Бала денесінің өсуіндеп осындай әркелкілік дененің басқа мүшелері мен органдарында да көрініс береді, мысалы сүйек етке қарағанда тез өседі. Сүйектің өте тез өсуі кейде жанға батарлықтай ауыратыны байқалады, денесі құрысып, қатты мазасызданып, баланың берекесі кетеді. Сонын әсерімен баланың мінезінде ашушандық, қызбалық пайда болады.

Жүректің көлемінің өсуі бойдың өсуін қуып жете алмайды, сондықтан да қа жүретін тамырлар әлдеқайда жіңішке болады, қан қысымы артады. Өсудегі морфологиялық тепе-теңдіктің болмауынан тамырдың соғуы да, жүректің жұмысы да қалыпты болмайды, басы ауырады, қаны аздылықтан тез шаршайтын болады.

Бала жеткіншек шаққа өткен кезде оның нерв жүйесінің құрылымы морфологиялық жағынан жетіліп болады. Оның одан әрі қарай дамуы ағзаның барлық қызметіне және екінші сигналды жүйенің жетілуіне бақышау жасауды күшейтеді. Балалық жастан өту нерв жүйесіне де оңайлыққа түспейді.. Ағзаның тез өсуі әрі оның өсуінің бір қалыпты болмауы нерв жүйесінің өзара байланысы мен өзара қарым-қатынасының қайта құрылуына мәжбүр етеді.

Бастауыш сынып жасындағы бала әлемге ерекше қызығушылықпен, балалық аңғалдықпен қарайды, жеткіншек өзің қоршаған әлемге баға береді және оған деген өзінің қарым-қатынасы орнықтырады. Ол өмірдің тұрмыстық қарым-қатынастарына еніп, енді тек өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ғана емес, сонымен бірге өзі теориялық жағынан игерген қағидалар бойынша қарым-қатынасқа түседі және адамдардың мінез-құлқын, қоғамдық құбылыстарды бағалауда ешкіммен ымыраға келмейтін, өз дегенім болсын дейтін әдет табады. Ол -айналадағының бәрінің сыншысы. Ол өзі жақсы көретін адамдардың кемшілігін де көргіш болады және сол

үшін киналады. Кез келген жалғандық оның ызасын тудырады және көңілін қалдырады.

Біз өз алдына жеке қарастыратын әлеуметтендіру факторларының ішіндегі аса маңызды әрі ықпал ету күші басымы - қоғамның алғашқы ұжымы болатын - отбасы., бала оның ықпалын бәрінен бұрын, тез қабылдағыш қасиеті артып тұрған кішкентай кезінде ерекше сезінеді. Отбасы жағдайы, оның әлеуметтік деңгейі, ата-аналарының айналысатын кәсіптері, материалдық жағдайы және олардың білім деңгейі баланың өмірлік жолын айқындайды. Балаға ата-аналар беретін саналы және мақсатты тәрбиемен қатар, отбасының жағдайы да ықпал етеді және бұл ықпал өскен сайын, ол тіпті баланың тұлғалық қалыптасуында көрініс табады.

71

Жеткіншек өтпелі кезеңнің ең басты процесінің бірі — жеткіншектің өз ата-аналарымен, мұғалімдерімен және жалпы үлкендермен, құрбыларымен, барлық жағдайы бойынша өзіне тең немесе тең еместермен қарым-қатынасында қайта бейімделу байқалады. Бұл қайта бейімделу жағдайы бірте-бірте болуы мүмкін немесе аяқ астынан мінез көрсетеді. Жеткіншек үшін үлкендер мен өз қатарластары мәртебесінің деңгейі бірдей болмайтындығынан қайта бейімделу процесі әртүрлі көрініс береді.

Өз құрбыларымен қарым-қатынаста болуға деген қажеттіліктің орнын ата-аналары толтыра алмайды, ол баланың бойында 4-5 жасында басталады да, жасы өскен сайын дамиды. Құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастың болмауы мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық коммуникативті мүмкіншіліктері мен ақыл ойының дамуының кешеуілдеуіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Жеткіншектердің мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері өз мәні жағынан ұжымдық-топтық болып табылады.

Жеткіншектерді өмір ортасының қарама-қайшылықтары қызықтырады, бұл жастағылардың қажеттілігі - өздерінің айналадағы адамдарға деген қарым-қатынасын, әлемдегі өзінің орнын табу. Ал бұл қажеттілік басқа адамдармен қарым-қатынастары қанағаттандырады. Бұл қажеттілікті қанағаттандыруда әдебиет пен өнердің атқаратын рөлі ерекше. Әдебиет жасөспірімнің адына адамзаттық қарым-қатынастардың, мінез-құлықтардың, сезімдердің аса бай да күрделі мәнін ашып береді: ол әрбір кейіпкерден өзін көретін болады, өзінің сезімдері мен құмарлық-құштарлықтарының дұрыстығына жауап іздейді. Ал музыка — адамның сезімдерінің әміршісі. Оның тілі толқу үстіндегі адамға түсінікті. Сондықтан да жеткіншектердің тындайтын музыкасына қатты көңіл бөлу керек.

Жеткіншектер қоғамдық-өндірістік еңбекке қатысады. Ол тек еңбек арқылы ғана қоғамдық өмірде өз орнын таба алады, өзін бекітеді. Білім жеткіншек үшін еңбектің бастысы болып табылады. Өкінішке орай, кейбір жеткіншектердің оқу пәндеріне деген ықыласының төмендеуінің әсерінен сабақ үлгерімі нашарлайды. Ғылым мен мәдениеттің әртүрлі саласымен қызыға айналысу негізінен жеткіншектерге тән.

Жеткіншек өзіне дос болатын адамды өз ұжымындағы жолдастарының арасынан табады. Жеткіншектің досы - ол тек бірге ойнайтын, жанжалдасып

қалдтын, татуласатын, бірге сапарға шығатын жолдас қана емес. Ол - жеткіншектің екінші өзі, ол оның ойын білетін қызығушылықтары мен сезімдерінің куәгері және жақсы ниеттегі сыншысы. Ал жеткіншек шақтың

72

орта тұсында қыз балалардың бойында ер балалар арасынан, ер балалардың бойында қыз балалар арасынан дос табуға деген қажеттілік оянады.

Осылайша, ақылға салынған мақсатты қарым-қатынастағы достық қалыптасады, осыдан келіп жастық шақтың алғашқы махаббаты да оянуы мүмкін.

Жеткіншектермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идея: іс-әрекет түрлеріндегі жетістікке жағдай жасау, бұл сынып ұжымы алдында өзін-өзі сенімді ұстауына мүмкіндік береді; құндылықтарын қалыптастыру; мінез-құлқы мен рухани дамуына қарым-қатынастарын ұлғайтады.

Жеткіншектер тәрбиесі, бірінші кезекте, олардың физиологиялық дамуына байланысты белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл олардың танымдық процесіне және тәрбиесіне ықпал етеді. Жеткіншектердің физиологиялық даму ерекшеліктерін және бұл ерекшеліктердің баланың жетілуінде көрініс табуын, жақсы ортаның, мектеп ұжымындағы достары мен жолдастарының болуын ескере отырып дұрыс ұйымдастырылған тәрбие арқылы және отбасындағы жағдайы арқылы жеткіншектің жеке тұлғасын қалыптастыруға педагогикалық басшылықтың шамасы жетеді.

Демек, осы жастағы оқушылармен жүргізілетін жұмыстың маңызды міндеті тәрбиешілердің мектептегі және мектептен тыс кездегі балалардың әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, қажетті әдептілікті сақтай отырып, педагогикалық ұстамдылық пен шыдамдылыққа негізделген қызметтерін дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Жеткіншектер өмірінде, әсіресе, 9 сыныпта, яғни, толық орта білім алу жолына тандау жасайтын кезде, олардың бойында әртүрлі мамандықтарға, мектеп пәндерінің ішіндегі белгілі бір пәнге деген қызығушылығы пайда болады.

### **Жоғары сынып жасындағыларға психологиялық-педагогикалық сипаттама.**

Жасөспірім шақтың біраз бөлігі орта мектептің жоғары сыныбына сәйкес келеді және жеке тұлғаның қалыптасу процесінде айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Бұл жаста /15-17 жаста/ адамның тұлғалық жағынан пісіп-жетілу кезеңі аяқталады, оның өмірге көзқардсының негізгі сипаттары қалыптасады-үлкен өмір алдындағы ең алғашқы рет өз бетімен шешім қабылдап, болашақ кәсібін тандау міндеті жүзеге асырылады. Қоғамда балалық шақтан жастық шаққа өту кезеңі тек қана оның тұлғалық жағынан пісіп-жетілуінің ғана белгісі емес, сонымен бірге мәдениетке ұмтылу, белгілі бір деңгейіндегі білім, нормалары мен дағды жүйесін игеруі, сол арқылы жеке тұлға еңбек етіп, қоғамдық қызметтер атқара алады және әлеуметтік жауапкершілікті сезінеді.

73

Жасөспірім шақ пен жастық шақтың арасында ап-айқын көрініп тұрған аралық шек жоқ, ол шартты түрде ғана алынады, тіпті көп жағдайда бірімен -



бірі үйлесімді болып келеді. 14-15 жаспен 16-17 жас аралықтары кей жағдайларда ерте жастық шақ болып есептеледі, ал кейбір жағдайларда жасөспірімдік шақтың соңы деп атылады. Жас шамасы бойынша кезеңге бөлу схемасында жасөспірімдік шақ бозбалалар үшін 13-16 жас, қыз балалар үшін 12-14 жас, ал жастық шақ жігіттер үшін 17-21 жас, қыздар үшін 16-20 жас болып анықталған.

Балалықтан есейген шаққа өту сол қоғамның бала мен үлкенге қоятын нормалар мен талаптарының арасындағы айырмашылықтың болуына байланысты. Әлеуметтік және таптық жағдайы жеке тұлғаның өмірлік жолының тұлғалық жағынан қалыптасу кезеңінен бастап, білім алу деңгейі мен дүниеге көзқарасы қалыптасуында зор мәнге ие болады.

Әдістемелік мәселенің ең күрделі жағы жас мөлшеріне байланысты өзіндік- жеке тұлғалық сипатының тұрақтылық және өзгермелілік деңгейі. Генетикалық немесе дамудың бастапқы кезінде пайда болған физиологиялық даму адамның жас мөлшеріне, жынысына байланысты. Мәдени шарттылықтарға байланысты сипаттамалар өзгермелі болып келеді, оның үстіне жас мөлшеріне қарай ілгерілеушіліктер, шын мәнісінде, басқа сипатқа ие. Биомәдениеттік сипаттамалар биологиялық та, әлеуметтік-мәдени де де шарттарға байланысты түрленеді. Сондықтан өзіндік-жеке тұлғалық сипаттамалар ерекшелік емес, тәртіп болып саналатын болса да, олар жастық шақ аяқталған соң, енді өзгерістер болмайды екен деген ұғымды білдірмейді.

10 жастағы бала салмақты, әрі өмірдің өзі үшін жаңа тұстарын жеңіл қабылдайды, сенгіш, ата-ананың айтқанынан шықпайды, сыртқы сипатына да көп мән бере қоймайды. Ал 15 жастың мән-мағынасын бір қалыпқа салып айтып беру мүмкін емес, себебі бұл кезде баланың өзіндік ерекшеліктері тез айқындалып келе жатады. Бұл 15 жастағы жаңа өзгерістер, яғни, отбасындағы да, мектептегі де қарым-қатынастарында қиыншылық туғызатын тәуелсіз болуға ұмтылу рухының айқындалуы, өзін сырттай бақылап отырғандардан бостандыққа шығуға деген құштарлығы өзін-өзі алып жүре алатындай өзін-өзі тәрбиелей алудың бастауы. Осының барлығы жасөспірімнің жандүниесінің тез жараланып қалғыштығына және сыртқы зиянды әсерлерге тез бой алдырғыш болуына себеп болады. Ал 16 жасқа келгенде мінездегі тепе-теңдік тағы да орнығады: келіспеушілік күйдің үнемі жоғары болуымен алмасады, өзіне өзі ие бола алу қабілеті де артады,

74

әсерленгіштігінің де қалыпқа түскені, көпшілдігі, болашаққа деген зор сенімі аңғарылады.

Бозбалалық шақ деген ұғым әрқашан да өтпелі кезең, жыныстық жағынан жетіту болып табылатын физиологиялық процесс деген ұғыммен тығыз байланысты. Физиологиялық бұл процес шартты түрде екі фазаға бөлінеді:

- а) пубертаттық кезеңнің алдындағы немесе дайындық кезені;
- ә) өзіндік пубертаттық кезең, бұл кезеңде жыныстық жетілудің негізгі процестері жүзеге асырылады;
- б) пубертаттық кезеңнен кейінгі кезең, бұл кезде адам ағзасы толық физио-биологиялық жетілу деңгейіне жетеді.

Егер осы бөлінулерді әдеттегі жас мөлшері бойынша біріктіріп қарайтын болсақ, пубертаттық кезеңнің алдындағы кезен жасөспірімдік шаққа дейінгі кезенге сәйкес келеді, ал пубертаттық -жасөспірімдік кезенге, пубертаттық кезеңнен кейінгі кезең -жастық шаққа сәйкес келеді.

Жастық шақ ақыл-ой қабілеттілігі артуының маңызды кезеңі.

Жоғары сынып оқушылары "Неге" деген сұраққа үнемі және табанды түрде жауап іздейді және берілген жауаптың жеткіліктілігіне әрі негізділігіне өз күдігін білдіріп отырады. Олардын ойлау қызметі әлдеқайда белсенді және еркін. Олар мұғалімдерге сын көзбен қарайды. Пәннің қызғышықтығы туралы жастардың түсінігі жасөспірімдерге қарағанда басқаша: егер алтыншы сыныпта оқитын пәннің сыртқы мәнін бағаласа, тоғызыншы сыныпта өзінше ойлануды талап ететін пәндер қызықтырады. Олар бір нәрсені қорыта айтуға, жеке деректердің негізінде жатқан жалпы қағидалар мен заңдылықтарды іздеуге құштар.

Жастық шақтағы маңызды психологиялық процесс - өзіндік ақыл-ойдың және өзіндік "Меннің" бейнесінің қалыптасуы болып табылады. Жастықтың психологиялық құндылығына ие болу деген сөз - өзінің ішкі әлемін ашу деген сөз. Өзінің ішкі әлемін ашу -бұл аса маңызды да, қуанышты, жан толқытарлық жағдай, бірақ ол сонымен қатар көңілді алаңдататын және қақтығысқа толы шақтарды да бастан кешіру деген сөз. Сананың толығымен бірге өзінің ғайыптылығымен, қайталанбастығымен, басқа сезімдерден өзгешелігімен ерекшеленіп жалғыздық сезімі пайда болады. Жастық шақтағы "мен" әлі толық анықталмаған, бұлыңғыр сезім, ол көп жағдайда ішкі дүниесі бос қалғандай әсерде болып, оны толықтыруды қажетсінетіндей сезімге келеді. Осыдан келіп басқалармен араласуға деген құштарлық, сонымен бірге кіммен қарым-қатынаста болудың да тандалуы пайда болып, онаша болуды қалайды.

75

Үлкендермен қарым-қатынасы жастық шақтың ең маңызды мәселесі болып табылады, оның әлеуметтік және психологиялық та жағы бар. Ал оны дұрыс жолға қою үшін, жас айырмашылығын және қарым-қатынаста болатын, бірақ әрқайсысы өмір жолының әр кезеңінде келе жатқан адамдармен өз арасындағы айырмашылықты шектеуді қажетсінеді. Мұндай айырмашылықтар әр түрлі және өзіндік қасиеттер мен қарым-қатынастарды қамтиды. 16 жастағы жігіт өзінің мүмкіндіктері жағынан да, өз қызығушылықтарымен де, қоғамдық жағдайымен де 36 жастағы ер адамнан қашанда, қай жерде болса да ерекшеленіп тұрады.

Қазіргі жоғары сыныптағылардың дене жетілуі мен психикалық дамуы жағынан бұдан он жылдан бұрынғы қатар құрдастарынан айтарлықтай жоғары, бұл жастағылар өздерін көп жағдайда ересектер санатымызда деп есептейді. Адамның әрбір жас шамасы айнала шындықпен тікелей қатынаста болады, сондай-ақ әрбір жас шама адамның өмірінде өз ерекшелігімен маңызды орын алады. Сондықтан әрбір жас кезеңнің өзіндік мәнін, сипаттамаларын зерттеу, білу болашақ ұрпақты өмірге дайындау ғана емес, баланы әр жас шамасына сай, оның талап-тілегімен санасып, нақтылы

мақсатқа бағыттауымен байланысты. Халықтың педагогикада қазақ халқы адамның өмірін балалық шақ-қозы жасы деп бірнеше кезеңге бөлген. Қазақтың өмірі малмен тығыз байланысты болған мысалы; балалық кезең І жастан 10 жасқа дейін осы кезде баланың сана-сезімі дамиды. Қозы жас 10-15 жастың арасы адамға ақыл-ой кіреді. Қой жасы 15-25-тің арасы, мінез-құлық пайда болып қалыптасады. Жылқы жасы 25-40-тің арасы, одан үйлі-баранды болып халықтың әдет-ғұрпына араласады. Патша жасы 40-тан жоғары, ел болып, қоғамның салт-дәстүрін сақтап мемлекет басқаруға құқығы бар.

Л.С.Выготский өз-зерттеуінде әр жас шаманың басталуы ерекше, тек қана сол жас кезеңге лайықты, бала мен орта арасындағы қайталанбайтын қарым-қатынас орнай бастайды деген пікірді білдіреді

Тәрбиеде әр балаға жеке қарау - бұл оқушыны басқалардан айырып тұрған жеке бас ерекшелігін есепке алу ғана емес. Бұл бәрінен де бұрын, оқушыға әруақытта және барлық қарым-қатынастарда жеке тұлға ретінде, іс-әрекеттің жауапты да өзін-өзі тани алатын субъектісі ретінде қарау. Жастық 76

шақ - жеке тұлғаның қалыптасқан кезеңі. Бірақ жоғары сыныптағылардың бірден көзге түсетін ерекше жеке тұлға екендігін ұмытпауымыз керек.

Жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстағы жетекші педагогикалық идея: жеке тұлғаның өзіне тән күштарлықтарына сәйкес оның негізгі мүмкіндіктерін іске қосу үшін, жүзеге асыру үшін жағдай жасау, өз болашағының әлеуметтік-мәнділік жағын анықтап алуы үшін көмектесу.

Бұл кезеңде тәрбиенің маңызды қызметі оқушының өз мамандығын таңдауына көмектесу, өзінің отбасын құруына дайындау және азаматтық көзқарасы тұрғысынан әлеуметтік, Отанға деген белсенділігін қалыптастыру болмақ.

Оқушылардың өз өмірінің келешегі мен жоспарлары, дүниетанымының негізі қалыптасады, өмірге деген өзіндік көзқарасы, өмірдегі өзінің орны айқындалады. Тәрбиешілер жүргізетін бұл кезеңдегі мақсатты тәрбие өзінің айқындаушылық қызметін атқаратын болса да, дәл осы кезде жеке тұлғаның өз белсенділігі, оның әртүрлі құбылыстарға баға беруі, әлеуметтік келеңсіздіктерге қарсы ықпал ете білуі айқын көрініс береді, тіршілік талап ететін және өзінің әлеуметтік байланыстары кеңеюіне орай міндетті түрде пайда болатын күрделі жағдайлардан шығудың дұрыс жолын таба біледі.

**Жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктері және оның педагогикалық процесте ескерілуі.** Әрбір оқушының танымдық іс-әрекетінін, әсерленушілігінің, ерік-жігерінің, мінезінің, жүріс-тұрысының тек өзіне ғана тән сапалық ерекшеліктері болады. Демек, жеке ерекшелік - бұл, адамның өз басындағы қасиеттерінің бір-бірімен сәйкестікпен түйісуі, оның басқа адамдардан өзгешелігі осы қасиеттері арқылы көрініс табады. Әркім өзінің жеке даму жолын бастан кешіреді, ал ол оның бойына табиғат берген қасиеттерге және тіршілігінің жағдайына байланысты болады. Мектеп оқушыларын олардың қабілеттеріне қарай топтарға біріктіруге болады, яғни, типология жүргізуге болады. /модель немесе типтердің көмегімен

объектілерді біріктіру/. Балалар типологиясында екі ерекше бағытты атауға болады:

- қыз балалар мен ер балалардың даму ерекшеліктері,
- дарынды балалар мен педагогикалық жағынан қараусыз қалған балалар.

Дарындылық - адамның интеллектуалдық мүмкіндігімен байланысты болатын қабілеттіліктердің бірлігі, оның іс-қимылының деңгейі мен өзіндік ерекшелігі. Қабілеттілік - бұл бірдей күш пен бірдей уақыт аралығында, бір

77

адамның басқа адамдарға қарағанда жоғары көрсеткіштерге ие болуын қамтамасыз ететін мүмкіншілік.

Психологиялық жағынан қараусыз қалған деген сөз ортаның келенсіз ықпалынан және педагогикалық процестің жеткіліксіздігінен рухани көзқарасының дұрыс қалыптаспағандығы, сезімнің дәрменсіздігі, қоғамдық мінез-құлық дағдысының жоқтығы айқын әрі үнемі байқалып тұруын айтады. Мұндай балаларды девианттар деп атайды.

Мектеп оқушысының жеке ерекшелігі дегеніміз - оның жас мөлшеріне, жыныстық және рухани дамуына, жан-жақты тұтас жетілген жеке тұлғалық қасиетінің қалыптасуына органикалық жағынан байланысты өзіне тән ерекшелігі. Осыған орай олармен жеке жұмыс жүргізу педагогикалық процестің маңызды бөлігі болып табылады. Жеке жұмыс - бұл педагогикалық жұмыстағы бос сөзділікті жеңу және оның алдын ала іс-әрекет ұйымдастыру.

Жеке ерекшеліктерді есепке алу - бұл әрбір жеке тұлғаның қызығушылығын, бейімділігін, сапасын, қасиетін, талабын және мүмкіншілігін ескере отырып, өскелең ұрпақтың әлеуметтік қалыптасу процесінде сәтсіздіктер мен қателіктерді барынша кеміте отырып тәрбиелеуде педагогикалық құралдардың, әдістемелердің және түрлердің барлығын пайдалану. Мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктерін есепке алуда нерв жүйесінің қызметі, адамның темпераменті көп жағдайда ескеріле бермейді. Темперамент - бұл адамның психикалық қызметі мен мінез-құлқының қуатын анықтайтын жеке ерекшелігі. /Сангвинник - еті тірі; флегматик -жәй, салмақты; холерик - қызба, шапшаң; меланхолик - ойлы, терең толғанысты/.

Жеке ерекшеліктерді есепке алу маңызды жағдай. Мұғалім бұл мәселеде шектен шығып кетпеуі керек, яғни, баланың мүмкіншілігін артық бағалау да, ескермеуі де баланың жеке дамуына зиянын тигізеді.

Міне, осылайша тәрбие беруде де, оқытуда да әр балаға жеке қарым-қатынас жасау маңызды, себебі әр балада оның рухани қажеттілігінің, өзіндік қызығушылығының көрінісі ретіндегі жеке ерекшелігі айқын көрініс береді, ал ол әр адамның жан-жақты дамуы үшін қоғамның талабы негізінде туындайды. Жеке қарым-қатынас әр баланың бейімділіктері мен қабілеттерінің ашыла түсуіне жақсы жағдай жасау үшін аса маңызды, сондай-ақ ол оқу бағдарламасының талаптарын орындаудағы қиыншылықтарды жеңуде де зор рөл атқарады.

78

**Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар**

1. Оқушының "дамуы", "тәрбиесі" және "жеке тұлғалық қалыптасуы" деген түсінікті ашындар.
2. Мектеп оқушыларының жас мөлшеріне байланысты кезендерге сипаттама беріндер.
3. Білім беру және тәрбие беру процесінде балалардың жас мөлшерінің және жеке дамуының заңдылығын есепке алудың ерекшеліктері қандай?
4. "Индивид", "вундеркинд", "акселерация" деген ұғымдарды анықтандар.
5. "Дарынды" және "педагогикалық жағынан қараусыз қалған" деген терминдерді қалай түсінесіндер?
6. Педагогикалық процесте жеке ерекшеліктерді есепке алудың ерекшеліктерін көрсетіндер.

### **Әдебиеттер**

1. Возрастная и педагогическая психология /под.ред. А.В.Петровского. М., 1984.
2. Караковский А.П. О подростках М., 1970.
3. Керимов Л.К. Педагогические основы индивидуализации и перевоспитания трудных подростков. Алматы, 1994.
4. Ковалев С.В. Подготовка старшеклассников к семейной жизни. М., 1992.
5. Крутецкий В.А. Основы педагогической психологии М., 1972.
6. Щербаков А.И. Психологические основы формирования личности. М., 1967.
7. Эльконин А.Б. Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков, М., 1974.
8. Юсупов И.М. Психология взаимопонимания, М., 1980.

### **Өзіндік жұмыс үшін тапсырма**

1. "Жас мөлшерін кезендерге бөлудің бүгінгі жағдайы және педагогикалық процесс"
2. Бақылау жасау арқылы бастауыш сынып жасындағы балалармен, жеткіншектермен және жоғары сынып оқушыларымен /жас мөлшерін әркім өзі тандап алсын/ педагогикалық жұмыс жүргізудің идеясы жөнінде материал жинақтап, оны сипаттап жазындар.
3. Мектеп оқушыларының типологиясын сипаттандар.

79

### **Реферат тақырыптары**

1. Мектеп оқушысының жеке тұлғалық дамуының жас мөлшерлік кезендері.
2. Бастауыш сынып жасындағы балаларға сипаттама.
3. Мектеп оқушысының жеткіншек шағы.
4. Мектеп оқушысының жеке тұлға ретіндегі табиғи мүмкіндігі.
5. Мектеп оқушысының жеке тұлға ретінде дамуының әлеуметтік жағдайлары.
6. Мектеп оқушысының жеке тұлға ретіндегі өзіндік ерекшеліктерінің сипаттамасы.

7. Қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі акселерация проблемасы.
8. Қазіргі мектептерде оқытудың үйлестірілуі және жеке ерекшеліктерді есепке алу.
9. Мектеп оқушысының өзіндік қабілеті.
10. Мектеп оқушысының жеке тұлға ретіндегі әлеуметтік жағынан өсіп-жетілуін тәрбие процесінде есепке алу.

80

## **Екінші модуль. Тұтас педагогикалық процестің теориясы мен практикасы**

### **2.1. Тұтас педагогикалық процесс педагогиканың пәні және мұғалім іс - әрекетінің объектісі**

**Мақсаты:** Тұтас педагогикалық процестің ерекшеліктерін анықтау.

**Міндеттері:**

- а) "Объект " және "пән" деген ұғымдардың мәнін ашу.
- б) Педагогикалық процесс - педагогикалық теорияның объектісі болатындығын көрсету.
- в) Тұлғаның тұтас педагогикалық процесте дамуына сипаттама беру.

**Жоспар:**

1. Педагогикалық процесс мұғалім іс - әрекетінің объектісі ретінде.
2. Педагогикалық процестің белгілері, сапалары және өзіндік сипаттары.
3. Қарама - қайшылық педагогикалық процестің қозғаушы күші.

**Негізгі ұғымдар:** объект, пән, ғылым, жүйе, әлеуметтік жүйелер, "ұстаздар-оқушылар" жүйесі, педагогикалық процесс, педагогикалық жағдаяттар, қозғаушы күштер, тәрбиелеуші тетіктер, диагностика, болжамдау.

**Пәнаралық байланыстар:** философия, психология, жүйелердің теориясы, басқару теориясы.

### **Педагогикалық процесс мұғалім іс - әрекетінің объектісі.**

/Адамның қандай да болмасын іс - әрекетінің заттық саласы қалайда білімдер жүйесінде көрінеді. Сондықтан синтетикалық сипатының біртұтастық объектілері жасалмайынша субъектінің іс -әрекетінің сәтті болуы мүмкін емес. Сананың тұтастық объектілері белгілі бір шындық саласындағы білімдерді меңгерудің нәтижесінде пайда болған объектілері, субъектінің іс - әрекетінің сыртқы талаптарды орындау тәсілдері мен адамның субъекті - тұлғалық құндылықтарына бағыт табу болып табылады.

Педагогикалық іс - әрекетте еңбек субъектісі мұғалім болады»'  
Мұғалімнің еңбек құралдарының өзіндік сипаттары - ол оның білімі, білігі, тұлғалық қасиеттері. Осыған байланысты, білім "сананың біртұтастық объектісі" болып есептелуі керек. (Н.И. Непомнящая), мұғалімнің іс - әрекеті, оның білімі және тәжірбиесі кәсіби шеберліктің деңгейіне тікелей қатысты екендігі анық.

81

Қажетті тәжірбиені жинақтауға әкелетін іс - әрекет мұғалім тұлғасын қалыптастырудың шарты болады, ал ол "оқу-әдістемелік" құралдарының өзінде орныққан. Бірақ бұл іс - әрекет тиімді болуы мүмкін емес, егер еңбек

объектісі толық айқын болмаса, еңбек субъектісінің зейіні теріс түсініп объектіге аударылса. Бұндай жағдайда еңбек субъектісінің әрекеті объективті өмір сүретін кәсіби іс - әрекеттің объектісіне сәйкес болмайды.

Диалектикалық - материалистік философияда жеке тұлғаның қалыптасуындағы іс - әрекеттің ролі жан — жақгы зерттелген. Адам іс - әрекеттің субъектісі ретінде психологиялық зерттеулерде көрсетілген. Бірақ, негізінен, тек ХХ ғасырдың 60 — шы жылдарында ғана мұғалім іс - әрекеті оқушылармен өзара әрекет ретінде қарастырылып еңбектер жарық көрді. Көрнекті ұстаздардың еңбектері (Ш.А. Амонашвили, В.А. Сухомлинский, А.С. Макаренко және т.б.>) оқушы ертерек мұғалімнің арқасында іс - әрекеттің нақтылы субъектісі ретінде қалыптасса, оқу — тәрбие жұмысының тиімділігі арта түсетіндігіне куә етеді.

Міне, сондықтан да мектептегі педагогикалық (оқыту — тәрбиелеу) процесте мұғалім және оқушы іс - әрекетінің субъектісі ретінде көрінеді, мұғалім іс - әрекеттің объектісі ретінде оқушыны емес, педагогикалық процесс деп есептеу керек. Мұғалім даярлаудағы мұндай бағыттың қажеттілігі бірқатар зерттеулерде дәлелденген:

- біртұтастық тұлғаны қалыптастыру проблемасын, біртұтас педагогикалық процестің ерекшеліктерін есепке алмай шешу мүмкін емес (В.С. Ильин);

- мұғалім іс - әрекетін оптимизацияландыруға тек қана оқытуға бағытталушылықпен жету мүмкін емес (Ю. К. Бабанский);

- егер оқушының іс - әрекеті назардан тыс қалған болса, педагогикалық еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру мүмкін емес (И.П. Радченко);

- мектеп әкімшілігі іс - әрекетінің тиімділігі тек қана біртұтас педагогикалық процесті ұйымдастыру негізінде мүмкін болады (М.И. Кондаков);

- тұтас педагогикалық процестің теориясы жасамайынша, басқару шешімдерін қабылдау үшін педагогикалық талдауды жетілдіру, одан әрі дамыту өте күрделі болады (Ю.А. Конаржевский);

Мұғалім іс - әрекетінің объектісін оқып үйрену тұтас педагогикалық процестің мәнін анықтау керектігін қажет етеді. Диалектикалық материализмнің ұстанымына — мән бұл ең басты ішкі, біршама заттың 82

тұрақты жағы (немесе оның жақтары мен қатынастарының қосындысы). Мән заттың табиғатын анықтайды, одан барлық қасиеттері мен белгілері шығады.

Қазіргі кезеңдегі тұтас педагогикалық процестің мәні туралы түсінік ғалымдардың бірнеше ұрпақтарының күш салуларының арқасында жинақталады, өйткені педагогикалық құбылыстар компоненттерінің, қасиеттері, заңдылықтар туралы дербес білімдері бірте - бірте жинақталады. Бірақ, бөлік туралы білім әлі біртұтас туралы білім емес. "Педагогикалық процесс" деген сөздік (термин) ғылыми айналымға ХІХ ғасырдың екінші жартысында (П.Ф. Каптерев) енгізілгенімен, ұғымның мазмұндық сипаттамасын тек қана тұлға теориясы, іс - әрекет теориясының дамуы

арқылы құбылыстарды зерттеуде жүйелілік тәсіл қолдануды қалыптастыру арқасында мүмкін болды.

Педагогикалық процестің мәні туралы әртүрлі көзқарастарды (С.Т. Шацкий, Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, М.А. Данилов, Б. Т. Лихачев, Ю. К. Бабанский, В. М. Коротов және т. б.) зерттеу жалпы тәртіптегі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Аталған авторлардың назарлары эмпирикалық жолмен жинақталған педагогикалық процестің әртүрлі жақтары жайлы білімдер болады.

Педагогикалық процестің мәні туралы қалыптасқан түсініктердің білімдер сыртында мұғалім үшін өте маңызды бір қатар мәселелер қалды, ол: не себепті біртұтас педагогикалық процесс оқыту мен тәрбиенін бірлігі (А.Ф. Каптерев, М.А. Данилов); оның оқыту, даму және тәрбиелік қызметтерінің бірлігі қалайша қамтамасыз етіледі (Ю.К.Бабанский) оқушылардың өзара әрекетінің ерекшеліктері қалай анықталады (С.Т.Шацкий, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский); өзара әрекет тек қана оқудан тыс уақытқа тән бола ма (А.С. Макаренко); тұтас педагогикалық процестің қандай ерекшеліктерін білу оның бағытты дамуының мәселелерін шешуге көмектеседі (Б.Т. Лихачев) және қызмет істеулерін басқару (В.С. Ильин, И.П. Радченко) және т. б. Пайда болған сұрақтарға жауап басқа кеңістікте жатыр — ол біртұтас педагогика-лық процестің барлық сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Ал бұл қойылған сұрақтарға эмпирикалық емес, теориялық методологиялық деңгейдегі жауап.

Бір деңгейден (жеке құбылыстарды сипаттаудан) басқа тұтастықтың мәнін және оның бөліктері арасындағы өзара байланыстылығын анықтау деңгейіне көшу теориялық талдауға көшуді талап етеді. Жекелік абстрактылықтан нақтылыққа көшу күрделі құбылыстарды теориялық талдау әдісі болады, ал оны бірінші К.Маркс өзінің еңбектерінде бірінші болып сипаттап қолданады. Көрсетілген әдістің жасау ерекшеліктерін В.И. Ленин осы әдістің орнын

83

және оны нақтылы ғылыми зерттеулерде философиялық және жалпы ғылыми талдау үшін қолдануды көрсетті.

Затты теориялық қарастырудың объектісі болып заттын басқалармен байланысы мен дербес өздері емес, белгілі бір нақтылықтың ішіндегі басқа заттармен заттың бірі байланысы, оған қатынасы бар. Бірақ бұл мұндай мүмкіншіліктің болуы, егер эмпирикалық зерттеулерде алдын ала теориялық қорытынды жасалып, ұғымдар мен анықтамаларда тұтастықтың жалпы жақтары мен байланыстары көрсетіліп белгіленсе ғана мүмкін. Онда тұтастыққа теориялық талдау заттық нақтылықтың ішіндегі қатынастарын анықтау болады (А.Н. Шептулин).

Қандайда болмасын объектіні тұтас қарастыру мүмкіншілігі оның әрбір элементтік бөлігін өз негізінде дербес жүйе ретінде есебінде қарастырылуы мүмкін яғни, таным, соның ішінде педагогикалық шындықғы тану, осы аспектіде нақтылы таным болады. Мұндай объектіні теориялық тәсілмен елестету, онда шындық әртүрлілігінің бірлігі ретінде оның өмір сүруінің әртүрлі ішіндегі бөліктер бірлестіктерінің формалары мүмкін болады, (Ж. М.



Абдильдин). Біртұтас объектіні (немесе объективтік біртұтастықты) тұтастықтың ең кішкентай ("кереге көзсіз") генетикалық бірліксіз елестету мүмкін емес.

Жүйелілік бағыттағы көзқараста педагогикалық процесті элементарлық бірлік "кереге көзі" қарастыру арқылы оны модель ретінде құрастыруға болады. Негіз болатын абстракцияда ("кереге көзі") ең аз дегенде екі қасиеті болуы керек: а) өз нәрсенің мәнін, себептерін аша алуы ә) басқалармен шегіне жеткен, жанама түрде емес (керісінше, оның өзі құбылыс басқа жақтары мен қасиеттерімен жанамаласады). Басқаша айтқанда, көрсетілген абстракция осы нақгышы көп нақтылықтан абстракциялаудың шегі, соңы болады, бұдан әрі құбылысты кеселсіз сай бейнелеуге мүмкін емес. Немесе былайша айтуға болады: көрсетілген абстракция дамыған біртұтастықтың дамымаған бастамасы, яғни тұтастық барлық басқа созылатын, шығатын тұтастық көз негізі (М.М. Розенталь).

Элементарлық бірлікті ("кереге көзді") марксистік педагогикада негіздеуге көптеген зерттеушілер, оның әртүрлі объектілеріне қатысты, ат салысты. (Н. Чакыров, А.П. Сидельковский, М.И. Алексеев, В.И. Загвязинский, Г.И. Легенький және т.б.). Бірақ бұл істелген жұмыстар нәтижесі жеткілікті дәрежеде емес еді, себебі оны жасаушылар қойылатын методологиялық абстракцияны анық көрсету мен оны қолдану жағдайына қойылатын талапты

84  
бұзған еді. Белгілі бұл бағыттардың әлсіздігі мынадан байқалады, авторлардың ойларын белгілі бір дәрежеге жеткізе алмады, онда педагогикалық теория өзінің дамуының ғылыми негізделген қисынына ие бола алмады (М.А. Данилов).

Педагогикалық процесті тұтас объект ретінде қайта жасауға бастапқы абстракция көмегімен ол жанама бөліктердің күрделену шынжыр буыны ретінде көрінуі керек. Олар арқылы объективті сол процестің өзара қарама - қайшы мәндерді шарасыз өтулері керек.


### **Педагогикалық процестің белгілері, сапалары мен қасиеттері.**

Тұлғаны қалыптастыру ұзақ процесс, ол қарама-қайшылықтарды шешумен бұл іс-әрекеттегі ересектердің мәдениеттердің заттық өзгерілген формасын субъектінің әрекеттік қабілеттеріне өзгерту (распредмечивание) мен көзқарас формасындағы адамзаттың әрекет күштері мен қаблеттерінің заттық формаға ауысуының (опредмечивание) бірлігі (Ж.М. Абдильдин). Демек, егер педагогикалық процестің түпкі мақсаты адамның тұлға ретінде қалыптасуы болса, онда педагогикалық процестің элементар бірлігі, оның "кереге көзі" бастапқы абстракция болып "қалыптасудың қас қағым сәті" (педагогикалық жағдаят) болуы керек. Нақгылы шындыктан тыс алынған педагогикалық, тұлға қалыптасуының қас қағым сәті ретінде, бастапқы абстракцияның көрсеткен талабына толық сәйкес келеді, қатынасушылар негізгі қарама - қайшылықтардың ерекшеліктеріне.

Бұл процестің ең кіші бірлігі, одан әрі оны тану сапалық қасиеттерін жоғалтпай мүмкін болмайды.

Педагогикалық шындыққа тән көп жақы болады, нақтылықтан көңіл бөлу (орыны, уақыт, себеп- салдар және пайда болуы, жағдайы, қатысушылардың жас ерекшеліктері, әлеуметтік жағдайы, психофизиологиялық ерекшеліктері, іс - әрекеттің мазмұны мәні тәсілі) барлық жағдайда айқын бола түседі, "қалыптасудың қас қағым сәті" арқылы педагогикалық процесс ішіндегі тұлға қозғалысымен дамуын көруге мүмкіндік туады (1 суретті қараңыз). Тұлғаның қалыптасуы даму барысында негізгі қайшылықтарды жеңуде жүзеге асады. Бірақ бұл үшін, бөліну болған жән -ересектер ( ұстаздар, ата-аналар) распредмечиванияның қызметін алады, яғни, әлеуметтік тәжірибеде алынған ( опредмеченных ) іс -әрекет тәсілдерін айқындаушы. Сонымен бірге қозғалыс формаларындағы адамзаттың әрекет күштері мен қабілеттерінің

85



### Суреті.1. Педагогикалық процесте тұлғаның қалыптаса басталуы

I — педагог

II — сынып ұжымы

III — қосарқы сыныптарының ұжымы

IV — жалпы мектеп ұжымы

заттық формаға ауысуы (опредмечивание) жүзеге асады. Тұлғаның іс - әрекет субъектісіне алмасуы, оқушының даму процесінде қалай болатындығы көрінеді.


Белгілі бір уақытқа дейін оқушы өз бетімен әлеуметтік тәжірибені іс - әрекетке ауыстыра (распредмечивание) алмайды, яғни мазмұннан іс - әрекет тәсілдерін ала алмайды ("бұны қалай істеуге болады"). Сондықтан ол басқа "ұстаз — оқушы" жүйесінің бөлігі болады. Оқушы өз бетімен өзін - өзі бағалауды қалыптастыра алмайды. Өзін бағалау басында оның әрекет нәтижесін басқалардың бағалауы керек. Сондықтан, оған басқа адамдармен қарым - қатынаста болу қажет. Осыдан барып басқа "оқушы -оқушылар" жүйесі пайда болады. Ол бұл алғашқы ұжым сатысы, онда оқушы білімдерді және жаңа әлеуметтік ролдерді меңгеріп дайындалады, бұл алға қойған өміріне белсене қатысуын қамтамасыз етеді (И. Кон).

Барлық мәдени байлықтарды және іс - әрекеттер түрлерін меңгеру пәндік оқыту арқылы жүргізген тиімді. Бұнымен тағы бір жүйенің пайда болуы байланысты, оған мұғалім "сынып ұстаздары"

86

элементі ретінде кіреді. Сынып ұстаздарының балалардың бастапқы ұжымы мен өзара әрекеттері барысында жоғары деңгейдегі жүйе "сынып ұстаздары" "сынып оқушылары" пайда болады.

Қоғамдық өмірге оқушылардың қатысу тәжірибесін қалыптастыру, педагогикалық процестің оқудан тыс кеңістігінде көптеген іс - әрекеттер түрлерін меңгеру барлық оқушылардың өзара әрекеттерін және ұстаздар тарапынан басшылық болуын қажет етеді. Сондықтан да мектеп үшін макро жүйе "мектеп ұстаздары — мектеп оқушылар коллективі" қалыптасады. Қоғам бұл жүйеге қатысты жүйе ретінде болады, сонымен, "мектеп-оқушылар" жүйесінің өмір сүруі қызметі (жағдайының өзгеруі) мектептің педагогикалық процесі болады (2 суретті қараңыз).



Сурет 2. Педагогикалық процесстегі негізгі элементтердің байланыс моделі


Педагогикалық процесті қысқаша абстрактылықтан ("қалыптасу қас қағым сәті") бірінші деңгейдегі жүйеге (адам) көтерілу арқылы сипаттау және одан әрі одан да жоғары деңгейдегі жүйелерге көтерілу жалпы білім беретін мектептің олардың типтерінен тәуелсіз педагогикалық процестің жүйе ретіндегі бірқатар белгілерін көрсетеді:

- бұл әлеуметтік жүйе адамдардың өзара әрекеттері арқылы өмір сүреді;
- мектеп педагогикалық процесі көп деңгейлі және поли құрылымдық құбылыс, себебі ол өзіне кейінгі деңгейдегі жүйелерді "жинайды;"
- жүйе тек іс - әрекетпен алмасуда ғана өмір сүреді: егер ұстаздар әртүрлі іс - әрекеттер, тәсілдеріне (адам тегі күшін) оқытса, онда оқушылар, оларды меңгере отырып педагогикалық процестің белсенді қатысушылары болады, тек репродуктивті ғана емес, қайта құру творчестволық белсенділікке дайын болады;
- педагогикалық процесте мұғалімнің басқару объектісі оқушылардың іс - әрекеті болады;
- іс - әрекеттің барлық элементтері ( мақсат, міндеттер мазмұны және т.б. ) жүйе компоненттері болады, себебі іс - әрекеттің элементтерін, бөліктерін баланың меңгеруі үшін әрине, үлкендердің, ата-аналардың, ұстаздардың іс - әрекеті осыған бағытталуы керек;

87

педагогикалық процестеп мұғалімнің басқару заты іс - әрекет субъектілері арасындағы қатынастар болады, олар арқылы субъектілердің өзара әрекеті мен дамуына тиімді жағдайлар қамтамасыз етіледі. (3 суретті - біртұтас педагогикалық процестің графикалық моделін қараңыз).

**Педагогикалық процестегі басқару қатынастарының қабаттары**



Сурет 3. ТПП оқушы тұлғасының орны

- II — Пән мұғалімі
- III — Сынып
- IV — Параллель сыныптары
- V — Мектеп

Көрсетілген белгілер негізінде келесі анықтама жасауға болады: педагогикалық процесс ұстаздардың қатысуымен және басшылығымен жүзеге асатын оқушылардың бірлескен іс - әрекеті, ол әлеуметтік тәжірибені меңгеруге және әрбір оқушы дамуға және өзін еңбекте, қоғамдық өмірде жүзеге асыруға дайын тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл анықтамадан педагогикалық процесс оқу және оқудан тыс аймақтарының бірліктігінің қажеттігі туады, ал ол оқушылар үшін тұлға қалыптасуының басты жағдайы болады және сол процестің өзінің біртұтастығын көрсетеді.

Сонымен бірге ұсынылып отырған анықтаманың мазмұны тұтас педагогикалық процестің бірқатар қасиеттерінде көрсетеді: педагогикалық

88

процесс әлеуметті жүйе оның өмір сүруі, қызмет істеуі оған қатысушылардың арасындағы іс - әрекеттері алмасуымен анықталады; ынтымақтастық оқушы ( тек қана ұстаздармен ғана емес, мұғалімдермен, бір- бірімен де) үшін әртүрлі іс - әрекеттердің тәсілдерін тезірек меңгерудің , яғни педагогикалық процестегі іс – әрекет субъектісінің қалыптасуының жағдайы болады; "ұстаздар — оқушылар" жүйесінің біртұтастығы педагогикалық процесс ішіндегі әртүрлі деңгейдегі жүйелердің өзара әрекеттері барысындағы мақсат пен нәтижелердің бірлігімен анықталады; педагогикалық процестің негізгі интегративтік қасиеті әртүрлі тектегілердің бірлігі деп есептеу керек, ондағы үздіксіз өзара қиылыстағы жүйелердің оқушылар тұлғасының қалыптасуына әсері іс - әрекет субъектілерінің (ұстаздар мен оқушылардың) қайта құру белсенділігімен анықталады.

Объектінің (педагогикалық процесс) сапасы оның қасиеттерінде көрінеді, оларсыз педагогикалық процесс өзіндік ерекшеліктерінен айырылады:

белсенділік пен қатынастың бірлігі, процеске қатысушылардың барлық субъектілерінің ұйымдастырылған бірлескен дербес іс – әрекеттері; әртүрлі сатыдағы жүйелердің қызметінің арнайы мамандануы; субъектілердің өзара әрекеттері нәтижесінде пайда болатын әртүрлі қарым - қатынастарының жиынтығы.

Педагогикалық процестің сапалары мен қасиеттері қызмет ету жағдайларын объективті талап етеді. Сонымен педагогикалық процесс, өзін біртұтастық ретінде субъектілердің өзара әрекеттегі арнайы ұйымдастырылған іс - әрекеттерін бөле көрсете алады. Егер әрбір субъектінің жетістіктері болса, онда "ұстаздар — оқушылар" жүйесінің тұрақтылығымен өзін - өзі дамыту мәселесі шешіледі.

### **Қарама- қайшылық педагогикалық процестің қозғаушы күші,**

Педагогикалық процесс статикалық емес, ол "ұстаздар -оқушылар" жүйе жағдайының үздіксіз өзгеруі болады. Ал жағдай жақсы жаққа да, жаман жаққа да өзгеруі мүмкін. Оның барлығы ұстаздың белгілі бағытта қажетті жағдай жасай алу дайындығына байланысты. Бірақ бұл деген процестің дамуына әсер ету, даму барысындағы процеске тән қарама – қайшылықтардың яғни оның қозғаушы күштерінің мәнін түсінбейтінше ол мүмкін емес дегенді білдіреді.

Педагогика ғылымында қарама - қайшылықтардың ролін ХХ ғасырдың барлық кезеңдерінде ашып көрсетуге тырысты. Әрине, оқытудың қарама –

89  
қайшылығы басқалардан бұрын зерттеген (М.А. Данилов, М.Н. Алексеев, М.Н. Скаткин, Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский) Кейбір жұмыстарда ұжымының қарама-қайшылығы (Л.И. Новикова) тәрбие процесінің (И.С. Марьенко, Г.И. Щукина, В.С. Ильин, Б.Т. Лихачев), білім берудің мазмұнындағы қарама -қайшылықтар (Г.И. Батурина) зерттелді.

М.А. Даншюв алғашқылардың бірі болып оқыту процесінің қозғаушы күштерін зерттеуге көңіл бөлді, бірақ нәтижесінде объективті әлеуметтік шек жекемен қосылып кететін біртұтас педагогикалық процестің диалектикасын зерттеу керектігіне тек қана осы бағытта ол педагогиканың ғылым ретіндегі жобалау қызметінің күшейе түсуіне ықпал ететін білімді анықтай білу мүмкіндік болатындығын және практик ұстаздарды сол бір ғылыми саймандар мен күрделі тұлғаны қалыптастыру саласындағы құбылыстар мен процестерді басқаруға күш беретінін көре білді. Ю.К. Бабанский қарама - қайшылық көп жағдайда кездейсоқ бір ізділікте қарастырылатындығын анықтады. Ол жоспарлау процедурасына сәйкес келмейді, оқыту процесін ұйымдастыру мен реттеуде мұғалімдер мен әдіскерлер нақтылы жағдайда процесті жасау ескерілмейді.

Зерттеу нәтижесінде мыналар анықталады:

қарама - қайшылықтарды қалай болса солай тұжырымдау дұрыс емес, нақтылы педагогикалық процесті жүйе ретінде олар зерттелетін объектінің мәнін, ашуы тиіс: қарама - қайшылықты ұстаздар мен оқушылар іс - әрекетін -педагогикалық процесті басты құрамын көрсеткіш ретінде сипаттау керек; қарама - қайшылықтар жүйесін

ғана емес, сонымен бірге оларды шешу әдістемесін негіздеу керек.

Педагогикалық процестің мақсаты оқушылар тұлғасын қалыптастыру болады. Демек, бірінші және негізгі қарама -қайшылықтар тобы - бұл даму үстіндегі тұлғаның қарама -қайшылықтары. Бұл педагогикалық процестің қарама қайшылықтар тобын психологтар жеткілікті дәрежеде жақсы зерттеген. Олардың санына Г.К. Костюк келесі қарама -қайшылықтарды жатқызады:

жаңа қажеттілік, мүдделер, ұмтылушылық пен тұлға мүмкіншілігінің жеткен даму деңгейі арасындағы;  
жаңа танымдылық міндеттерімен бұрын қалыптасқан ойлау және іс - әрекет тәсілдері арасындағы;

90

- тұлға дамуындағы жеткен деңгейімен оның өмір сүру қалпы, қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын, оның орны, атқаратын қызметі арасындағы;
- жақсы жетістіктерге ұмтылушылық пен қиыншылықты жеңе алмайтындық қорқынышы арасындағы;
- дербестікке, тәуелсіздікке ұмтылушылық пен жеке тәжірибенің жетіспеуі арасындағы;
- мақсаттылық, стереотиптік (еліктеушілік), тұрақтылық пен ширақтылық, өзгергіштікке ұмтылушылық арасындағы;
- тұлғаның ерікті әрекет пен қоғамдық қажетті іс - әрекет арасындағы:

Өз күшіне деген сенімділікті оқушы педагогикалық процеске басқа да қатысушылар мен бірлескен іс - әрекет барысында жеткен жетістіктері арқылы алады. Бұл оқушы тұлғасының қалыптасуы ол жүйе болатын ұжымның дамуымен тығыз байланыстылығы мен анықталады. М.Ю. Красовицкийдің зерттеулерінде көрсетілгендей оқушы коллективінің тәрбиелік ролі қоғамдық пікір арқылы жүзеге асады, онда құндылық бағыттың жүйесі белгіленеді. Бірақ керекті тәрбиелік деңгейдегі қоғамдық пікір ұстаздардың аса қадағалаумен қамқорлықтарын талап етеді. Оны қалыптастыру барысында мұғалім балалар ұжымының қалай дамығандығы екендігін, оған дамудың қандай қайшылықтары тән екендігін ескерілмейінше болмайды. Олардың қатарына келесі қайшылықтарды жатқызуға болады:

- ұжым мүддесімен индивидтің жеке мүдделері арасында; индивидтердің бірлесуіне ұмтылушылығы мен тұлғаның өзінің тәуелсіздігіне өз еркімен безбеу арасындағы;
- тұтас еріктілігі мен коллективтің тәртібіне бағыну қажеттілігі арасындағы;
- ұжымның талаптары мен тұлғаның тілектері арасындағы; ұжымдағы пайдалы әдеттерінің қажеттілігі мен формализм қауіптілігі арасындағы;
- бастапқы ұжым ұйымының қажеттілігімен топтық бөлініп шығуы қауіптілігі арасындағы .

Көрсетілген ұжымның даму қайшылықтары көптеген жылдар бойы бақылаудың негізінде қалыптасқан. Қайшылықтардың алғашқы екі тобын

шешу мұғалімдердің оқушылармен бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру барысында мүмкін болады. Бірақ бұнда да мұғалім пайда болған қиындықтарға назар аудармауы болмайды. Бұл қиындықтар оқушылар іс - әрекетін ұйымдастыру қиыншылықтарының мәні:

91

- педагогикалық басшылықтың міндеттілігі мен оқушылардың бастамасы мен қайраткерлігі арасындағы;
- мектептегі іс - әрекеттің коллективтік сипаттылығы мен әрбір оқушының адамға тән барлық өзіндік қасиеті бар тұлға ретіндегі даму қажеттілігі арасындағы;
- ұжымның қоғамдық мәнді мақсатына байланысты ұжымның жұмысын ұйымдастыру қажеттілігі мен бір жастағы балалардың әлеуметтік тәжірибесінің шектелгендігі арасындағы;
- оқушыларды атадан қалған, адамға тән іс - әрекет түрлерін игеруге(қатынас, ойын,еңбек,таным,өнер,табиғатты қорғау іс -әрекеті) дайындау қажеттілігі мен оқушылардың осы іс -әрекеттер түрлерін меңгеруінің бірқалыпты еместігі арасындағы;
- әрбір оқушының өзін - өзі билеушілігін қалыптастыру қажеттілігі мен жеке жауаптылықтың жеткіліксіздігі арасындағы;
- оқушылардың қоғамдық өмірде қатынасу ықыласы мен өмірде өзін жүзеге асыру тәсілдерінің жеткіліксізділігі арасындағы.

Тұлға дамуындағы қайшылықтарды білу жеткілікті дәрежеде педагогикалық әрекеттің жұмыс жемісін жасауға мүмкіндік береді, ол оқушыларға дербес тәуелсіздікке, өз орнын табуға ұмтылушылыққағы оның формалары мен әдістерін табуға көмектеседі. ( Г.К. Костюк). Дұрыс педагогикалық басшылық жасай алынбаса қайшылық шешілмейді, тұйыққа кіргізеді, әкеледі, ол бұл әдетте қатты дау жанжалға әкеледі, дамуда тоқырауларға әкелетін кейбір үзілістер пайда болады. Бір құбылыстың ішінде пайда болған қайшылық оның өз ішінде шешілмейді, басқа жоғары деңгейдегі құбылыстармен байланыстары арқылы, яғни жаңа, өте күрделі даму формасы құрылуы арқылы жүзеге асады (Э.В. Ильенков). Қайшылық дегеніміз қарама - қарсылықтардың бірлігі. Егер субъектінің іс - әрекеті арқылы қарама - қарсылықтардың бірі басқаға сәйкес келсе онда қайшылық шешіледі деген сөз. Бұл деректі анықтау қозғаушы күштерге ықпал ету әдістемесіне оқытумен тікелей байланысты.

Осы анықтамалардың көмегімен педагогикалық процестің негізгі қайшылығын шешуді қарастырайық. Кіші микро жүйеден бастайтын, яғни қатысушылар құрамы деңгейі ең аз жүйе. Оқушы өзінің тұлға ретінде қалыптасу процесінде әлеуметтік тәжірибені меңгеруі керек, бұл оның өз іс - әрекетінсіз мүмкін емес. Бірақ, ол іс - әрекет тәсілдерін өз бетінше меңгере алмайды тек қана басқалардың көмегі арқылы ол іс - әрекеттің субъектісі бола алады. Яғни, қайшылық "адам" жүйесінде пайда болады, ол онын

92

жетілуі жаңа " адам - адам" жүйесінің, оған бірінші жүйе қосымша жүйе ретінде кіреді, пайда болуы арқылы шешіледі.

Ұстаз көрсетілген жүйенің бір бөлігі ретінде өзінің міндеті етіп оқушыға пайда болған танымдық міндеттер мен оның өзінің ойлау тәсілдерінің және іс - әрекеттері арасындағы, қайшылықтарды оны оқушы пайда болған қиыншылық ретінде субъективті қабылдайды және жанға көмектеседі. Бұл қайшылық әлеуметтік тәжірибенің әртүрлі саласына қатысты болғандықтан, мұғалім оқушыға әртүрлі іс - әрекеттер түрлерінің тәсілдерін меңгеруге көмектеседі, олармен көптеген ұрпақтар бойы әлеуметтік тәжірибе жасалады. Негізінен, мұғалім нақтылы кезеңдегі қайшылықтың анықталған ерекшелігіне байланысты оқушыларға (педагогикалық басшылықтың мәні міне осында) өз орнын табуға керекті тәсілдерін меңгеруге көмектеседі. Демек, кең мағынада түсіндірілетін заттық іс - әрекет, оған мұғалімнің басшылығымен оқушы енгізілінеді, қайшылықтарды шешудің құралы болады, ал ол индивидтің субъект ретінде қалыптасуына әкеледі.


Даму қайшылықтарының ерекшелігі мынада, мұғалім міндетті түрде оқушының өзіндік ерекшеліктеріне сол нақтылы коллективтің кіші микро топтарының ерекшеліктеріне және әрбір оқушының тұлға қатынастары жүйесіндегі орнын бетке ұстауы керек. Балалар ұжымымен оны басқарудың әлсіздігі, қайшылықтардың көп жағдайда дау - жанжалға өсуіне ұласып отырады (Ф.М.Бородин, Н.М.Коряк, М.Ю.Красовицкий, Р.С.Немов және т.б.). Маманданған мұғалімнің педагогикалық сауатты басшылығы пайда болып келе жатқан қайшылықтарды тану біліктерімен байланысты, коллективтегі дау жанжалдарды оқушылардың өздерінің және үлкендердің азғана араласуымен шешуіне әкеледі.

Қайшылық оқушылар ұжымы жүйесінде пайда болғанымен оларды шешу одан жоғары деңгейдегі "сынып ұстаздары - сол сыныптың оқушылар ұжымы" жүйеде шешілуі мүмкін. Сонымен бірге қайшылықтардың бір бөлігі пән мұғалімдерінің оқушылардың коллективтік танымдық іс- әрекеттерін ұйымдастыру барысындағы күш жұмсауы барысында шешілуі мүмкін (М.С.Виноградова, Н.С.Дежникова, В.В.Котов, И.Б.Лиимете, В.Б.Первин, Н.Н.Хан және т.б.).Басқа қайшылықтарды шешу сынып жетекшіге байланысты болады. Ол бастапқы сынып ұжымына жалпы мектеп қатынастары жүйесінде өз орнын табуға, яғни өз оқушыларының сыныптан жалпы мектеп ісіндегі әлеуметтік белсенділік кеңістігін кеңейте түсуіне көмектеседі.

93

Жеке индивидке қатысты жоғары деңгейлі жүйе ретінде қарастырылатын оқушы ұжымында, оқушының тікелей жұмысы қажетті. Мұғалім жеке оқушының педагогикалық процестің басқа да кіші жүйелерімен байланыстырушы орта буыны болып табылады (4 суретті қараңыз).





Сурет - 4. Педагогикалық процесте кіші жүйелердің байланысы

Сонымен, мұғалім мақсатты педагогикалық процестің дамуына ықпал еткісі келсе "ұстаздар - оқушылар" жүйесіне тән бірнеше қайшылықтар топтары және олардың өзара байланысты болатындығын, ал оларды шешу педагогикалық процесс субъектілерінің іс - әрекеттерін қайта құру арқылы болатындығын ескеруі керек. Сонымен бірге, мұғалім өзінің әрбір нақтылы практикалық іс - әрекеттерінің қас қағым уақытында оқушы

94 тұлғасының нақтылы даму қайшылықтарына бір ғана емес бірнеше оқу, көркем өнер, спорт және т.б. ұжымдар жүйесі болатын (А.Т. Куракин), онда жетекші іс - әрекет әртүрлі қайшылықтарды шиеленістіре түсуі мүмкін. Нақтылы педагогикалық процестегі қайшылықтар оның сыртқы бетінде жатпайды. Мұғалім процесс барысында ауытқудан пайда болып келе жатқан қайшылықтарды білуді, олардың ерекшеліктерін анықтау үшін және осыған байланысты өз әрекетінің ұзақ мерзімдік жоспарын ал қажет болса тез шешім қабылдау үшін керекті оған сай теориялық және әдістемелік дайындық керек.

Егер мұғалім, сол нақтылы қайшылықтың басқа топтар жүйесіндегі орнын көре білсе, онда оның қабылдаған шешімі педагогикалық процестің негізгі интегративтік қасиетін оқушы тұлғасына өзара қилыстағы қосымша жүйелердің үздіксіз ықпалын көрсетеді. Ұстаздың басшылығымен жұмыс істейтін адамдардың әрекеттерінде қалай, болса да педагогикалық процестің- белсенділікпен қатынастың бірлігі, қосымша жүйенің қызметтік мамандануы, көп жақғы қатынастардың процесс субъектілерінің өзара әрекетінің нәтижесі сияқты қасиеттері көрінеді.

Қайшылықтардың бағыттылықпен шешілуі педагогикалық процестің табиғатына сай дұрыс қызмет істеуіне әкеледі. Мұғалімнің алатын негізгі нәтижесі оқушылардың оқу және оқудан тыс кеңістікте белсенді түрде іс -

әрекет тәсілдерін меңгере түсуімен байланысты, мұнсыз олардың әрекетінің дамуы мүмкін емес.

### **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар**

1. Ғылымда объект және пән деген ұғым нені білдіреді? Бұл мұғалімнің практикалық іс - әрекеті үшін қандай маңызы бар?

2. Педагогиканың пәні не болады?

3. Әртүрлі авторлардың еңбектерінде көрсетілген "педагогикалық процесс" ұғымының мазмұнын салыстырыңыз. Өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

4. Не себепті тек қана педагогикалық процесс мұғалім іс -әрекетінің объектісі болып табылады ?

5. Дамудың қозғаушы күштеріне анықтама беріңіз?

6. Мұғалім педагогикалық процестің дамуына әсер ете ала ма?

7. Педагогикалық процесс үшін қандай қайшылықтар тобы тән ?

8. Қайшылықтарды шешу деген не?

95

### **Әдебиеттер**

1. Общие основы педагогики./ Под.ред.Королева А.Г., Гмурмана В.В. М., 1967.

2. Педагогическая энциклопедия. М.; 1964.

3. Российская педагогическая энциклопедия. М., 1993 -1999.

4. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. /аударған Успанов К.С. Алматы, 2002.

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. "Педагогикалық процесс" ұғым мазмұнының дамуының хронологиялық кестесін жасаңыз.

2. Ұсынылып отырған педагогикалық жағдаяттың негізінде ұстаздың және басқа да қатынасшылардың өмірбаянын жазыңыз.

3. Мектептегі "Педагогикалық процестің субъектілерін қалыптастырудағы іс-әрекеттің ролі" атты ғылым -практикалық конференцияның бағдарламасын дайындаңыз.

4. "Мұғалім іс-әрекеті ол шығармашылық" атты тақырыпқа баяндама жоспарын жасаңыз.

### **Реферат тақырыптары**

1. П.Ф. Каптерев педагогикалық процесс туралы.

2. М.А. Даниловтың еңбектерінде "педагогикалық процесс" туралы ұғымның дамуы.

3. Педагогикалық процесс теориясының мұғалімнің творчестволық іс - әрекетінің дамуындағы ролі.

4. Тұтас педагогикалық процесс теориясы қазіргі уақыттағы педагогика оқу құралдарында.

5. Қазақстандық ғалымдардың тұтас педагогикалық процесс теориясын дамытудағы ролі.

6. Жаңашыл мектептер педагогикалық процесс теориясын меңгеруде.

96

## 2. 2.1. Тұтас педагогикалық процестің заңдары

**Мақсаты:** Болашақ мұғалімдердің ғылым мен тәжірибеде заңдардың рөлі туралы ұғымын дамыту.

### **Міндеттері:**

- а) Заңдардың ашылуына тәжірибенің ықпал етуін көрсету;
- ә) Ғылымның заңдарының объективтік сипатын ашып көрсету;
- б) Педагогикалық процесс заңдарының мазмұнын негіздеу.

### **Жоспар**

1. Заңдар педагогикалық теорияның даму деңгейінің бейнесі.
2. Ғылым заңдарын айқындап білуіне даму үстіндегі педагогикалық теорияның ықпалы.
3. Ұстаздың табысты кәсіби іс-әрекеті - танып білген педагогика заңдарына сәйкес іс-әрекет.

**Негізгі ұғымдар:** ғылым, теория, заң, ғылымның жалпы заңдары, жеке заңдары, білім беру, білім беру педагогикасы.

**Пәнаралық байланыстар:** философия, жалпы педагогика, әлеуметтану, психология.

**Заңдар педагогикалық теорияның даму деңгейінің бейнесі.** Әр бір ғылымның ең маңызды міндетінің бірі ақиқат шындыққа әрекет ететін объективті заңдарды танып білуі болып есептеледі.

Бір заттық саланың теориясын құруға және әрине, тәжірибелік міндеттерді тиімді түрде шешуге тек заңдарды танып білу ғана мүмкіншілік береді.

Ғылыми білім құбылыстарды жазып баяндау ретінде қалыптасқаны, сонан соң тәжірибе негізінде эмпирикалық теориялардың қалыптасқанын және жеке заңдардың ашылғанын ғылыми ізденістер тарихында қарап көруге болады.

Тек осы заттық саланың ерекше заңдары ашылғаннан кейін қазіргі кезеңдегі ғылыми білім теориясы дамыды /1 кесте/.

XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап педагогика оқулықтарында заңдар мен заңдылықтар жайында параграфтар орын тапты. Бірақ, олардың біреуінде де бұл не екеніне түсінік берілмеген. Ұғымдар өз бетінше қалыптасқан, неліктен автор осыны заң әлде заңдылық деп санайтыны түсініксіз. Одан басқасы, нені заңдарға, ал нені заңдылықтарға жатқызуға болады екені ажыратылмаған. Осының барлығы тек педагогикалық заңдар мәселесінің теориялық тұрғыдан зерттелмегенін ғана дәлелдейді. Белгілі дәрежеде бұл философтардың зерттеп дайындаған заңдар мен заңдылықтар туралы түсініктерін есепке алмағандықпен байланысты /4,5,6,7/.

97

**Ғылыми білімнің жүйе ретінде даму динамикасы**  
**/химия, биология, астрономия, физика, педагогика мысалдарында /**

Ғылым саласы	Ғылымның заттық саласы	Зерттеу пәні	Даму кезеңдері					
			Жазып баяндау /философия көлемінде/	Алғашқы қорыту	Жеке ашылу	Эмпирикалық теориялар	Ерекше заңдар ашылу	Іргелі теорияларды жасау
Химия	Заттар туралы	Заттарды өзгерту		Б.д.ІІІ-ІVғ. Алхимия	Заттар массасын сақтау заңы Ломоносов – Лавуазье. ХVІІІғ.	Д.Дальтонның химикалық атомизмі, атом салмағы 1804ж басы.	Д. Менделеевтің период заңы 1869ж.	
Жаратылыстану /биология/	Тірі туралы	XIX ғ.Жасуша		Теофраст IIIғ. Б.д.д. Плиний б.д.Іғ. Жануарлар мен өсімдіктерді жазып баяндау түрінде	Ламарктың Эволюция принципі «биология» ұғымын енгізу ХVІІІғ.	К.Линней жүйелендіруі - ХVІІІ ғ. Дарвиннің эвол. Теориясы ХІХғ.	Мендель заңдары 1866ж.	Тірі ағзалардың жасуша ж.б. деңгейде даму теориясы, хромосом генетикалық теория ХХғ.
Астрономия	Ғалам құрылымы туралы	Ғарыш денелер және өте көне заманда отардан жасалған жүйелер	Птолемейдің геоорталық жүйесі	Ғарыш денелеріне бақылау жасаудың жұлдыз кестелері	XVІғ. Коперниктің гелиоорталық жүйесі, ХVІІғ. Кеплердің ғаламшар қозғалыс заңдары	Ғалам пайда болу бірінші теориялары	Ньютонның бүкіл әлемнің тарту күші заңы ХVІІ ғ.	Ғаламның эволюция теориясы.
Физика	Табиғат туралы	өте көне замандағы материалдық әлемнің сипаттары	Физика Аристотель б.з.дейінгі IVғ.	Б.з.д.ІІІғ. Архимедтің заңы	XVІІғ. И.Ньютонның механика заңдары	қатты дене, газ теориялары, заңдар т.б.	Массаның және энергияның сақталу заңы, Планктің саулелену заңы, Эйнштейннің салыстырмалық теориясы ХХғ.	Өрістің ортақ теориясы, әлемнен энергияның материалдық бірлігі
Педагогика	Тәрбие туралы	Оқу-тәрбие процесі /урдәсі/ /БІП/ ХХғ.	Платон, Аристотель және т.б. б.з.д.ІV-ІІІғ.	Б.з.д.Іғ. Квинтилиан *шешенді тәрбиелеу туралы*		XVІІғ. Я.А. Коменский оқыту теория	ұжым теориясы, оның даму заңдары мен заңдылықтары	Біртүтас педагог. процес теориясы

98

Философияда заңдар мәселесі жаңа емес. Ежелгі Шығыс және Грецияның философтық жүйелерінің өзінде-ақ, «заң» терминін қолданбада, осы феноменге деген өзінің көзқарастарын қалыптастырған болды, олар «заң» деп әлемнің өзіне іштен тән объективтік тәртібін, барлық заттардың табиғи даму жолдарын түсінді.

Екі мың жылдық өткен соң Д. Бруно «табиғат заңы» ұғымын алғашқы рет пайдаланды. Бірақта ұғымның кең қолдануы Декартқа жатады, ол заңға екі атрибут — мәңгілік және тұрақтылық тән деп санады. Яғни, егерде объективті шындықтың бұл саласы орынды болса, оның заңдары мәңгі және тұрақты, адамдар ерігіне тәуелді емес - объективті. Мысалға бет бұрайық: материя бар және материя мен энергияның сақталу заңы бар. Жер үстінде өмір, және ассимиляция және диссимиляция заңы бар. Ғаламда денелер бар және әлемдік салмақ заңы бар.

Жаңа дәуірде «заң» ұғымын жете зерттеуімен әр түрлі философиялық жүйелердің өкілдері шұғылданды. Ф.Энгельс өзінің «Диалектика природы» деген еңбегінде адамдар, заңдардың әрекетін өздерінің бақылауларында әлдеқашаннан белгіледі және соңы тәжірибені жетілдіруде қолданды деп айтып өтті /8/. Сондықтанда ғылыми заңдар бірден ашылмайды, ал ашылғандар сол заттық саладағы жаңа білімдерге байланысты анықтала береді. Жеткілікті көрнекілік мысал — химияда Д.И. Менделеевтің периодты заңының анықталынуы.

Жалпы философиялық бағытта «заң универсумның қозғалысындағы мәнін бейнесі» /9/. Заң ол объективті реалды осы заттық саланың мәнін табу /біздің жағдайда — педагогикалық шындықтың/. Ал таным, заңның ашылуы эмпирикалық деңгейден ғылыми білімнің теориялық деңгейіне көшуге мүмкіндік береді.

Педагогикада заңдар туралы біздің түсінігіміз әрине, осы ғылымның пәнімен - педагогикалық процеспен байланысты.

Ғылым заңдарын танып білуіне даму үстіндегі педагогикалық теорияның ықпалы. Педагогикалық ғылымның заңдарын зерттеу шындығында 20 ғасырда басталды. Осында шартты түрде үш кезенді белгілеуге болады:

- 20-30-шы жылдар философия саласындағы жалпы заңдарды педагогикалық шындыққа тура тасымалдаумен байланысты /Трахтенберг О.В., Залкинд А.Б. және т.б./
- 40-60-шы жылдар педагогиканың заңдарың және заңдылықтарын белсенді ізденумен мазмұнды. Бірақта мәселенің шешілуі таныс "оқыту" және "тәрбиелеу" категорияларынан басталады, ал педагогиканың ғылыми зерттеу пәні назарларынан тыс қалды

99

/Помогайба В.И., Каменоградский И.С., Петухов Н.Н., Марьенко И.С., Барабанщиков А.В./.

- 60-80шы жылдардың есте қаларлығы, ол осы жылдарда педагогиканың зерттеу пәніне айқын көзқарастың қалыптасуы /оқу -тәрбие немесе біртұтас педагогикалық процесс/ /П.Э. 1965; ГмурманВ.Е., Данилов М.А., Ильин В.С., Хмель Н.Д./, бұл педагогикалық заңдарды жасап шығаруда перспектива ашты.

Педагогикалық теорияны құру дәл педагогикалық заңдарды мүқият түрде жасап шығаруды талап етеді. Педагогикалық процесстің өзгешелігі оның өзінің табиғатынан әлеуметті екендігі болады.

Әлеуметтік жүйелер өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті тек бір жағдайда болады. Егерде әр бір индивид, осы жүйеге қатысушы үйлесімді дамуына және өзін іс жүзінде көрсетуге қажетті және жеткілікті шарттарына ие болса. Демек, педагогикалық процеске маңыздысы - индивидтің қалыптаса басталуы, олардың жеке даралығының және әлеуметтік пісіп-жетілуінің қалыптасуы.

Педагогика тәрбие туралы ғылым ретінде дамиды, сол қоғамдық қызметіне сай биологиялық мұра болмайтын, өткен ұрпақтың әлеуметтік тәжірбиесін өсіп келе жатқан мұрагерлердің меңгеруіне байланысты. Демек, тәрбиенің мәні және оның мақсаты индивидтің, адамның барлық қоғамдық қатынастардың бірлігі ретіндегі қалыптасуы болады. Әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесі барысында қалыптасатын қоғамдық болмыстың барлық жақтарымен қатынастары.

Осыдан педагогикалық процесстің мынадай заңдары болуы мүмкін:

- бала өткен ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибелерінің мұрагері тек өзінің белсенді шығармашылық іс-әрекетінің арқасында ғана бола алады;
- индивидтің өзін іс-жүзінде көрсете алатын және өз орнын таба алуға дайын белгілі бір әлеуметтік-азаматтық дәрежесі бар /барлық қоғамдық қатынастардың бірлігі/ тұлға ретінде дамуы, әлеуметтік процесі барысында, әлеуметтік белсенділік кеңістігінің бірте-бірте кеңеюі барысында жүзеге асады;
- ұстаздар мен оқушыларды біріктіретін ұйымдастырылған бірлесіп

бөлінген іс-әрекеттері педагогикалық процеске қатысушылардың әрбіріне және барлығына жетістіктер мен қамтамасыз етеді.

Педагогикалық процестің заңдары оның мәндік ерекшеліктері демек ол тұтастықта да және бөліктерде де өзін көрсетеді.

Ұстаздың табысты кәсіби іс-әрекеті танып білген педагогика заңдарына сәйкес іс-әрекет. Қазіргі кезеңде кәсіби іс-әрекет табысты

100

нәтижелерінен бағаланады. Ал бұл білім беру саласында әсіресе маңызды, өйткені бұл жерде табысты нәтиже - ол орын тапқан тұлға. Егерде білім беру саласында табысты нәтижелер болса, сонда қоғам өмірінің барлық басқа салалары, кәсіби іс-әрекеті түрлерінің әр түрлілігі жағымды өзгерістерге мүмкіншілік табады.


XX ғасырда бірте-бірте үдейе түскен, білім берудің дағдарысы, 60шы жылдарда анық білінді. Ф. Кумбс /1/ осы дағдарысқа толық жүйелі талдау жасады. Бірақ әр түрлі елдерде жасаған реформалау әрекеттері шындығында ең бастысын қозғамаған: білім алу процесі және нәтижесі ретінде анықталған білім берудің парадигмасы бұрынғыдай болып қала берді. Сондықтан кездейсоқ емес 90шы жшдарда ЮНЕСКО -ның бас конференциясының XX сессиясы болып өткенде бүкіл дүниеде білім беру рөлінің қазіргі кезеңдегі тұжырымдамасы қабылданды, оған білім берудің жаңа парадигмасы сай келеді: **білім беру деп әлеуметтік пісіп - жетілумен жеке даралық өсуге жеткен тұлғаның қабілеттерін және мінез-құлқын толық жетілдіру процессін және нәтижесін түсіну керек.**

Білім беруде алғашқы рет тұлғаның мүдделері бірінші орынға қойылды. Осы түсінікте болмыстың ең маңызды, материалистік диалектикада ашылған өзгешелігі бейнеленген - ол заттандыру мен затсыздандыру. Білім беру жүйеде ұстаз ғылыми білімді жинаған әдіс-тәсілдерді айқындайды деген сөз. Оқыту процесі барысында оқушылар бұл әдістерді игеру арқылы меңгеріліп жатқан оқу пәнін игерді. Дәл осылай /іс-әрекет әдістерін меңгеріп алу/ болғандықтан оқушылардың тұлғасының өзгерілуі болады /заттандыру/. Шындығында дәл осымен жеке адам тұрғысына бағытталған білім берудің қажеттілігі белгіленді. Яғни, оқушы нені істей алады, оқыту процесі барысында қандай болады екендігіне ерекше назар аудару. Тек сонда ғана оқушылыр адамзаттың, /этностың, аймақтың, жанұяның, мамандықтың /мәдениетін меңгеруі және олардың қоғамдық кәсіби іс-әрекетте дамуы туралы айтуға болады.

Яғни педагогикалық заңдар білім берудің сапасының мәнін түсінуде перспектива ашады-ол социумде өзін іс- жүзінде көрсете алуға дайын оқушылырдың тұлғасын жасау. Бірақ біртұтас педагогикалық процестің теориясымен оның заңдарын меңгермейінше, ұстаз ең бастыға қатыссыз жеке бөліктерге шоғырлануы мүмкін. Педагогикалық заңдарды білу ұстазға практикалық жұмысты нақты мақсатқа яғни, түпкі нәтижеге анық бағыттарды белгілеп құруға мүмкіншілік береді.

101

## Тұтас педагогикалық процесс теориясы - педагогтар мен оқушылардың оқу және оқудан тыс іс- әрекетінің бірлігін іске асырудың негізі



**Сурет 1. Педагогтар мен оқушылардың практикалық іс- әрекетінің теориялық негізі**

102

Демек, ұстаз, тұтас педагогикалық процестің ерекшеліктері және заңдары туралы білімге ие болса, онда ол іс-әрекет ұйымдастыру арқылы оқушылар түрлі іс-әрекеттер және қарым -қатынастың жаңа әрі өте күрделі әдістерін меңгеруін жетуге болады (1-суретті қараңыз).

Тұлға іс-әрекет барысында қалыптасады. Ал индивидтің табысты іс-әрекеті тұлғаның өзгеруіне, даралығының дамуына келтіреді, өйткені қазіргі кезеңдегі білім беру парадигмасы дәлелдейді, оқу, оқудан тыс іс-әрекетпен қатар, адам мәнінің күшін дамытудың құралы.

### Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. "Заң" ұғымының мазмұнын анықтаңыз.
2. Әр-түрлі ғылымдар мысалында заңдардың объективті сипатын ашып көрсетіңіз.
3. Тәжірибе үшін заңдардың объективті сипаты нені білдіреді?

4. Практик ұстазда педагогикалық процестің заңдарын білуі неде көрініс табады?

#### **Әдебиеттер:**

1. Кумбс Ф. Кризис образования в современном мире: системный анализ /Под. Ред. Г.Е. Скорова. М: Прогресс, 1971.
  2. Проблемы методологии педагогики и методики исследований /Под. Ред. М.А. Данилова и Н. И. Болдырева. М: Педагогика, 1972.
  3. Петухов Н.Н. Особенности законов объективного мира /В кн. Общие основы коммунистического воспитания. Ч. 1./ Л. ЛГУ, 1975.
  4. Тугаринов В. П. Законы объективного мира, их назначение и использование. М. ЛГУ, 1955.
  5. Глезерман С.Е. О законах общественного развития: их характер и использование. М.: Политиздат. 1979.
  6. Философский словарь. М.: Политиздат. 1980.
  7. Новейший философский словарь. Мн.: изд. В. М. Сакур, 1998.
  8. Энгельс Ф. Диалектика природы. К. Маркс. Ф. Энгельс. Соч. Том. 20.
  9. Ленин В. И. Философские тетради. ПСС том 29.
- Ю.Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя Алматы: Ғылым. 1998.

#### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. Сабақ есебінде, қалай мұғалім іс-әрекетінде заңдар көрінеді екенін жазып баяндаңыз.

103

2. Педагогикалық заңдарды жүзеге асыра отырып сабақ жоспарының жобасын дайындаңыздар.

#### **Реферат тақырыптар**

1. Педагогикалық теорияның және оның негізгі құралдарының /заңдар, принциптер, заңдылықтар/ дамуы.

2. Педагогикалық заңдар А.С. Макаренконың тәжірбиесінде

3. Ғылымның категорияларымен оның заңдарының өзара байланысы.

104

#### **2.2.2 Педагогикалық процестің заңдылықтары**

**Мақсаты:** Тұтас педагогикалық процестің компонентері мен заңдылықтарының арасындағы оның ішкі құрылымын көрсететін байланыстары туралы, түсінікті қалыптастыру.

#### **Міндеттер:**

- а) "Заңдылық" ұғымының мәнін анықтау;
- б) Педагогикалық процестің бөліктері арасындағы тұрақты байланыста заңдылықтардың бейнесін ашып көрсету.
- в) Заңдылықтардың нақтылы көрінуінде принциптердің маңызын көрсету.

#### **Жоспар**

1. Педагогикалық процестің заңдылықтары.
2. Педагогикалық процестің бөліктері мен құрылымы.
3. Педагогикалық процестегі тұлға аралық қатынастар.



**Негізгі ұғымдар:** тұтас педагогикалық процесс, бөліктері, заңдылықтар, құрылымы, принциптер, жобалау, модельдеу. Пәнаралық байланыстар: философия ғылымының әдіснамасы, педагогиканың әдіснамасы, саясаттану, әлеуметтану.

### **Педагогикалық процестің заңдылықтары**

Педагогика ғылымы өзінің пәнін зерттей отырып, оқыту - тәрбиелеу процесінің теориясын жасайды. Теориялық білімге ұғым (категория), заңдар, заңдылықтар жатады, оларды зерттеу теорияны жасауға және оқыту - тәрбиелеу жұмысын, педагогикалық процесті ұйымдастыру әдістеріне бағыт береді.


Ұғымдардың көмегімен педагогикалық шындыққа, сонымен бірге мұғалімнің іс - әрекетінің объектісі — біртұтас педагогикалық процеске де сипаттама беруге болады. Педагогикалық процестің заңдарын білу мұғалімнің іс - әрекетін ұйымдастыруға жол табуға әсер етеді. Заңдылықтар мен принциптер педагогикалық процестің қызметін және оны нақтылы жағдайға сәйкес құрауды болжауға мүмкіндік береді.

Мұғалімді дайындау сапасы тұтас педагогикалық процестің әртүрлі жақтары, қасиеттерімен сапалары туралы теориялық білімдер жайында және міндеттерге қатысы бар аумағы кең кәсіби міндеттерді қолдануға дайындығынан көрінеді. Қандай да болмасын қиыншылықтарды, кәсіби міндеттерді шешуде маман еңбек процесіндегі әртүрлі элементтер, бөліктер арасындағы байланыстылықты анықтай отырып, оның жалпы құрылымын көре алады деген сөз. Мұғалім үшін бұның маңыздылығы тұтас педагогикалық процестің жүйелі - құрылымдық сипаттау, алда болатын іс - әрекеттің ойша моделін жасауға, нақтылы жағдайды ескере отырып, ұстаздар

105 — оқушылар жүйесінің жағдайының дамуын болжауға мүмкіндік беретіндігімен анықталады.

Әлеуметтік жүйенің қандайы да сияқты педагогикалық процесс ашық болады, яғни ортаның ықпалын сезеді, бірақ ішкі белсенділік пен өзін - өзі реттеушілігімен көзге түседі. Осыған байланысты әлеуметтік жүйенің бір түрлілігі сияқты педагогикалық процесте солардың тегіндегідей белгілері болады (Абрамова Н.Т., Афанасьев В.П., Блауберг И.В., Садовский В.Н. және т.б.):

- қоғамның ұсынуымен жүйе жалпы мақсатқа ие, оның қызмет атқаруы мақсатқа сәйкестік сипатты білдіреді; жүйе өзара байланыстағы және өзара тәуелді элементтерден (компоненттерден) тұрады;
- жүйе тиім салушылық әкелетін ортада өмір сүреді;
- жүйенің белгілі бір қоры бар, ол оның қызмет істелуімен тұрақтылығын қамтамасыз етеді;
- жүйенің ішкі құрылымы оның деңгейінің иерархиясы және ортамен байланысын көрсетеді;
- жүйеге тән ішкі қайшылықтар есебінен жүйе дамуға қабілетті;
- жүйе басқару орталығы арқылы басқарылады (сурет 2)



### Сурет 1. Педагогикалық процес блоктарының өзара байланысы

Көрсетілген белгілер не себепті әрбір жеке бөлініп алынған педагогикалық деректі тек қана сипаттауға болатындығын, бірақ егер басқалардың арасында оның орнын анықтауға және "ұстаздар - оқушылар" жүйесінде жеке бөліктерінің өзара әрекеттері туралы анық түсінік болмаса қандай шешім

106 қабылдауға қиын болатындығын түсінуге көмектеседі.

Педагогикалық процесстің ерекшеліктері оның құрамындағы бөліктерінің ішкі байланыстарында бейнеленеді. Процесс (латынның процес - қозғалыс) алға басу 1) жағдай; 2) белгілі бір нәтижеге жетудегі бір ізді әрекеттердің бірлігін білдіреді. Көрсетілген "процесс" деген ұғымның мағынасы "ұстаздар - оқушылар" жүйесіндегі түпкі мақсатқа бір ізді әрекеттер бірліктері арқылы жету ұстаздан қандай нақтылы жағдайды өзгерту және осыған сәйкес қандай әрекет істеу керектігін білуді талап етеді. Бұл сұрақтарға жауап өз тарапынан сол байланыстармен оның болатын, өз арасындағы бар байланыстарымен және мұғалімнің педагогикалық процесстің бөліктері мен құрылымын білуге тікелей байланысты болатын заңдылықтарымен байланысты.

### Педагогикалық процесстің компоненттері және құрылымы.,

Педагогикалық процесстің жеке дара бөліктері (компоненттері) туралы оның теориясын жасаудан біраз бұрын практикада жеткілікті дәрежеде жақсы белгілі болған. Олардың бір бөліктері (мақсат, міндеттері, мазмұны) өзгеру барысындағы қоғамдық өмірге мектептің әлеуметтік тапсырма ерекшеліктеріне байланысты қайта -қайта жаңадан қаралып жетілдіре түседі. Көрсетілген мәселені В.Е.Гмурман, В.С. Ильин, Б.Т.Лихачев және т. б. зерттеген. Г.К. Костюк ұстаздар мен оқушыларды педагогикалық процесстің бөліктеріне жатқызады. М.А Даниловтың көрсетуінше педагогикалық процесстің ішкі серпілісі оның негізгі, басты өзегі тәрбиенің мақсаты болады.

Жорамалдау бойынша, қандайда болмасын мақсатқа белгілі бір мазмұнды іс-әрекеттер міндеттерін шешу арқылы жетуге болады. Сондықтан педагогикалық процесстің (әлеуметтік) бөліктеріне ұстаздарды және оқушыларды жатқызған жөн. Бұл педагогикалық процесстің адамзаттық

факторы болады. Олардың іс-әрекеттерінің бөліктерін (мақсат, міндеттер, мазмұны, құрал, форма, әдістер мен тәсілдер, нақтылы тапсырманың түрі), маңыздылығы олардың оқушыларды оқытудың мәнінің құрамына кіруінде. Сондықтан процестің бөліктері "ұстаздар мен оқушылар" жүйесін құрайтын адамдар және олардың іс-әрекетінің бөліктері болды.

Педагогикалық процестің мәнін тереңдеу және жан-жақты түсіну үшін тек бөліктер құрамын ғана емес, сонымен бірге олардың әрбірінің ерекшеліктерін білу керек. Педагогикалық процес бөліктерінің ерекшеліктерін түсіну нақтылы оқу орнындағы педагогикалық процесіндегі солардың арасындағы объективті өмір сүретін ішкі байланыстарын

107

анықтауға мүмкіндік береді. Бөліктердің ерекшеліктерін қарастырайық. Отандық педагогикада тәрбиенің мақсаты жан-жақты тұлға дамуындағы, гумандық бірізділік идеясы тұрғысынан анықгалады. Бұл мақсаттың сөз жоқ өзінің құндылығы бар, оның тәрбие мақсатының қоғамдық талабынан өсіп түсінуде (Р.Г. Гурова) философтар мақсатты идеал (идеал - мақсат) ретінде қарастырады.

Алайда мақсат - идеал немесе іс - әрекеттің нәтижесінің өте оңды тамаша моделі аралық мақсаттарға жету арқылы қол жетеді, оларды мақсат-міндеттер деп анықтауға болады. Басқаша айтқанда, педагогикалық процеске сай мақсат идеалға жету осы нақтылы бөлікке шешуге көздейтін кейбір шартты сатыларға бөлумен байланысты.

Егер идеал — мақсатқа жету ақыл — ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық және дене тәрбиесін (біртұтас педагогикалық процесс) міндеттерін бірден және комплексті түрде шешумен байланысты болса, онда педагогикалық процестің жеке алынған бөліктерінің мақсат — міндеттері әрине аумағы жағынан көп кіші және мазмұны жағынан нақтылы (мысалы сабақ үшін) болады.

Кейбір мақсат-идеал мен мақсат - міндеттер арасындағы айырмашылықтарына қарамастан міндеттер қойылған мақсат бағытында жасалған ерекше қадам болады және белгіленген нәтиже алу үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап береді. Ұстаз үшін оқушылармен бірге тек қандай нәтижелерге жетудегі қозғалыс қайтып ұйымдастыру ғана емес, сонымен бірге алда істелінетін жұмыстың (не істеу керек) міндеттерін мұқият үйіlestіру арқылы қойылған мақсатқа саналы қозғалысын қамтамасыз ету өте маңызды. Тағыда, оны субъект - субъектілік қатынастар педагогикалық процестің екі жақтылы болғандықтан оқушылармен бірге жасау керек.

Педагогикалық процестің мақсаты мен міндеттері тандап алынатын іс-әрекеттің мазмұнын анықтайды. Қазіргі кезеңдегі жалпы мәдениеттің теориясы (Кизимов В.В., Маркарян Э.С. және т.б.) іс-әрекеттің мазмұны әлеуметтік тәжірибені меңгеруге адамзаттың жинақталған барлық мәдениеттер байлығына айтылған оқуға (В.И. Ленин) бағытталуы керектігіне сендіреді. Маркарян Э.С. өте айқын түрде қоғамдық мәдениет (адамзат жинақтаған мәдениет) адамзат коллективтерінің ұйымшылдығына әкелетін

адамдар әрекетін біріктіру мен ұйымдастыру үшін аса маңызы бар болатындығын дәлелдеді. Әрбір адам материалдық, рухани және әлеуметтік реттелуші немесе адамгершілік мәдениеттерді меңгеруі керек.

108

Әрбір көрсетілген қабаттар өз ерекшеліктерімен көзге түседі. Материалдық ол мәдениет адамзат жасаған заттар жиынтығы материалдық құндылықтар (машиналар, саймандар, техника әртүрлі міндеттері бар объектілер). Бұл мәдениет қабатымен мұра болмайтын біліктер байланысты адамның бар материалдық құндылықтарды жаңа тәжірибеге енгізуге және жананы жасауға, мүмкіншілігіне себеп болады. Рухани мәдениетті, кейде оны интеллектуалды дейді, адамдардың айналада қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортада, ғылымда, өнерде белгіленген белгілі бір қабылдау мен бейнелеп көрсету деңгейін айтады. Әлеуметтік нормативті мәдениет адамдардың қоғамдық өмірлерін ұйымдастыру мен (экономикалық, құқықтық, саяси этикалық және т.б.) байланысты және ол әдетте мұра болмайтын жүріс- тұрыстарының әртүрлі формаларында материаланады. Мәдениеттің әрбір қабаты адамзат белгілі бір іс-әрекетте "орындаған".

Жалпы адамзат мәдениетінің әрбір қабатының ерекшелігі ең алдымен тұлғаның жан - жақты дамуы дәл адамзат мәдениетінің барлық байлығын меңгеруді талап етуін көрсетеді. Екіншіден мәдениет қабатының әрбіреуі, адамды дайындаудың бір жолын көрсетеді. Үшіншіден әрбір мәдени мұраның мазмұнының ерекшеліктері, тұлғаның жан - жақты дамуы үшін қолдануға болатын, яғни индивидке мәдениет мазмұнын меңгеруге көмектесетін іс-әрекет түрлерін, құралдарды анықтау қажеттігіне бағыттайды.

Тұлғаның қалыптасуы адам тегінің (тек қана адамға тән) құралдарын, іс-әрекеттерін меңгермейінше мүмкін емес. Әлеуметтік тәжірибенің заттың өзінің жеке дара элементін адамзат іс-әрекетіне ауысуы, яғни адам өндірісте қалыптасқан іс - әрекетті айқындау (затсыздандыру). Ұстаз бұл тәжірибе қандай іс - әрекет тәсілдері арқылы жасалынғанын анықтайды. Ал индивидтің іс - әрекет тәсілдерін меңгеру сол индивид тұлғасының өзгеруіне әкеледі (заттандыру). Іс-әрекет педагогикалық міндеттері шешу көзқарасы жағынан ықпал ету құралы болады. Туған кезінен бастап даму үстіндегі индивидтің өміріне мынадай іс - әрекеттердің түрлері жүйелі кіреді: қарым - қатынас, ойын, еңбек (тұрмыстық, ақыл-ой, дене, өндірістік), өнер және табиғатты қорғау.

Сонымен, педагогикалық процестегі оқушылардың іс-әрекеттерін қарастыра отырып, педагогикалық мақсатты ұйымдастырылған іс-әрекет олардың творчестволық белсенділігін қалыптастыру жағдайы болатындығына көзіміз жетті. Әдеттегі іс -әрекеттер түрлері (қарым-қатынас, ойын, еңбек) ортаның белгілі бір жақтарына бағытталған. Сондықтан педагогикалық ықпал ету қалыптасу барысындағы тұлғаның ортамен ( тек

109

әлеуметтік қана емес, сонымен қатар табиғаттық, материалдық , рухани) алдын — ала қойылған мақсатқа байланысты өзара әрекетін реттеу. Тұлға іс -

әрекет барысында қалыптасады, іс - әрекет қандай болса тұлға да сондай екені белгілі. Әртүрлі жас ерекшелік кезеңдерінде бірғана іс - әрекет түрлері маңызды болып қалмайды, іс - әрекеттің езі барлық адамның саналы өмір кезеңдерінде маңызды.

Жоғары айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады:

- қандайда болмасын біршама аяқталған салыстырмалы мектеп жұмысының формасы болатын уақыт жағынан шектелген педагогикалық процесте (сабақ, экскурсия, мектеп кештері және т.б.) жұмыс міндеттерінен туатын педагогикалық ықпал етудің әртүрлі құралдарының қарым - қатынас, еңбек, ойын тәсілдері және т.б объективтік алғы шарттарын көруге болады;
- кешенді түрде педагогикалық ықпал ету құралын қолдану мақсатымен міндеттерді мұқият үйлестіруді, жұмыстың барлық ауыртпалығының ортасын негіздеуді, демек жетекші, негізгі, өзекті іс - әрекетті анықтауды талап етеді;

Бірақ мұғалім барлық оқушыларды іс-әрекеттерге қосудың барлық мүмкіншіліктерін қолдануға қызықпауы мүмкін емес сонымен бірге ол оқушылардың нақтылы өзара әрекеттерін қамтамасыз етуі керек. Демек, барлық бұрын педагогикалық ықпал ету құралдары туралы айтылғандар педагогикалық процестегі нақтылы жұмыстың формасы, оған қатысушылардың өзара әрекеттерін ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсетеді деген қорытынды жасауға негіз болады. Бірақ қалай болса солай еркін, формалды немқұрайлы таңдау жайлы егер бұрынғы бөлшектермен байланысты болмаса (мақсат, міндеттер, мазмұны және іс -әрекеттер түрлері) әдетте айыпталмайды.

Біршама консервативтік болғанмен, яғни уақыт өткен сайын аз өзгертін таңдап алынған жұмыс формасы қойылған міндеттерді шешуге белгілі бір әдіс, тәсілдерді қолдануды талап етеді. Нақтылы педагогикалық процесте бұл әрқашанда нақтылы тапсырмаларды (жүктелген, міндет, іс) орындаумен байланысты. Ұстаз үшін "еңбегін затын" талдау (ол үшін оқу еңбегінің мазмұны болады) оқылатын материалды меңгеру үшін оқушылардың танымдық іс -әрекет тәсілдері ерекшеліктерін айқындауға қажет. Оқушылар үшін таным іс - әрекетінің «еңбек құралдары» (әдістер мен тәсілдер) олардың оқи алуы үшін, енді үйренуге керекті заттар. Сонда олардың педагогикалық процестің оқу және оқудан тыс аймақтарына белсенді қатысу мүмкіншілігі шындыққа айналады. Сондықтан, егер формада ( өзара әрекеті

110  
ұйымдастыруда) ынтымақтастықтың объективті алғы шарты ішінде болса, онда олар балалардың іс-әрекетінің әдістері мен тәсілдерін меңгеру арқылы белгілі бір жеке алынған әрбір оқушыға немесе топқа арналған мұғалім тарапынан немесе коллектив атынан берілген тапсырмаларды орындауда жүзеге асырылады. (Котов В.В., Лийметс Х.И., Дежникова Н.С., Первин И.Б., Хан Н.Н.)

Педагогикалық процесс компоненттерінің ерекшеліктерін талдау олардың арасында ішкі бірліктері мен өзара байланыстылығының бар екендігінің

көрсетеді, оны ескерілмейінше педагогикалық процестің жүйе ретіндегі құрылымы туралы мәселені шешу мүмкін емес. Бұл әрине бөліктер арасындағы байланыстар анықтаумен бірге, белгілі бір нәтижеге әкелетін, яғни процеске тән заңдылықтарды нақтылы жағдайларды да анықтауды шамалайды. Педагогикалық процестің заңдылықтары қандайда болмасын мұғалімнің жұмысындағы ұқсас жағдайларда байқалатын себеп-салдар детерминдікпен, жалпылықпен сипатталады. Заңдылықтар объективті осы процеске қатысушылардан—олардың ұнамды көңіл—күйінің тілектерінен тәуелсіз.

Педагогикалық процестің заңдылықтарының бір бөлігі эмпирикалық жолмен басқалары теориялық жолмен анықталса, өзгелері теориялық экспериментальдық жұмыстарды орындау барысында анықталды. Егер заңдылықтардың мәні жеткілікті дәрежеде терең зерттелген болса онда ол үш себептен ұтымды болды. Анықталған заңдылықтар негізінде процестің өзінің белгілі бір құрылым бөліктердің өзара әрекетін, өзара әсерін анықтауға болады. Осының негізінде жасалған педагогикалық процестің идеалдық, теориялық моделі ғылыми зерттеуде сол процестің өзінің және сонымен бірге мектеп ісінің практикасын жетілдіре түсудің мүмкіншілігін кеңейте түседі. Ең ақырында қандайда болмасын процестің заңдылықтарын тану оны басқару мен мұғалім іс -әрекетінің нәтижесін болжауға әкелетін ғылыми талдаудың мүмкіншілігін кеңейтеді.

Педагогикалық ғылымда ХХ ғасырдың 20 - шы жылдарында тәрбиенің заңдылықтары, зерттеле бастады (Гончаров Н.К., Калашников А.Г., Трахтенберг О.В.) Біршама кейін педагогикалық процестің оқудан тыс уақытындағы (Болдырев. Н.И., Щукина Г.И.; Петухов Н.Н.) және оқу процесінің (Загвязинский В.И.) заңдылықтары зерттелді. ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында пайда болған жұмыстарда толық шолу жасалынбағанымен біртұтас педагогикалық процестің заңдылықтарына шолу жасалған (И.А. Данилов, Ю.К. Бабанский, Б. Т. Лихачев , В.А. Сластенин).

111

Педагогикалық процестің заңдылықтары "ұстаздар — оқушылар" жүйе байланысының бейнесі: жүйенің өзінің ішіндегі кейбір жеке қосымша жүйелердің және сыртқы басқа одан жоғары сатыдағы жүйелер байланысы (мектепті қоршаған әлеуметтік орта, қоғам). Көрсетілген себеп бойынша педагогикалық процестің қызмет істеуінің ерекшелігін (жағдай, байланыс, қатынас көрсететін процестің қасиеті мен оның сапасын), бейнелейтін заңдылықтар анықталады.

Сондықтанда педагогикалық процестің негізгі мынадай заңдылықтары болады:

- оқу орнының педагогикалық процесі қоғамның әлеуметтік экономикалық қажеттілігіне сай болады;
- педагогикалық процестің мақсатқа бағыттылығы қоғамның мақсатын көрсетеді, ол әлеуметтік тапсырыс ретінде, білім беру заңдары арқылы талап етіледі;
- педагогикалық процесс екі жақгы процесс, ол ұстаздармен

оқушылардың, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара әрекетімен байланысты, міндетті түрдегі екі жақты іс -әрекет;

- оқушылардың творчестволық белсенділігі мұғалімнің мұқият ойластырған және ұйымдастырылған іс - әрекетінің нәтижесі;
- педагогикалық процестің қызметі оның жасалуымен ұйымдастырлуы оқушылар коллективі, сонымен қатар жеке оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейлеріне сай келуіне байланысты;
- педагогикалық процесс бөліктерінің мағынасы маңыздылығы әртүрлі, олардың бір - біріне бағыныштылығы (иерархия) мен бір — біріне әсері бар;
- педагогикалық процесс бір қас қағым сәттік емес ұзақ мерзімге бағытталған;
- педагогикалық процестің ішіндегі қосымша жүйелердің ортасы мен өзара қиылысқан бағыттарының әсері көптеген факторларды тудырады, соның ықпалы негізінде ең ақырғы нәтиже қалыптасады.

Заңдылықтар педагогикалық процестің ішкі және сыртқы байланыстарын көрсетеді, олар өз арасында жеткілікті дәрежедегі күрделі байланыстарын құрайды. Сондықтан, егер ұстаз нақтылы педагогикалық процессті негізгі жағдайда заңдар мен заңдылықтарды ескермей ұйымдастырса, бұл ең ақырында оқу-тәрбие жұмысының сапасынан төмендеуіне әкеледі.

Барлық педагогикалық процестің заңдары мен заңдылықтарын айқындалғандарын ескере отырып, баланың тұлға ретінде дамуының 112

тиімді жағдайын нақтышы әлеуметтік — экономикалық жағдайларда өзіндік дамыту және өз орнын таба алу қабілетін қамтамасыз еткізетін мұғалімнің басшылыққа алуға тиісті принциптерінде тұжырымдарға мүмкін болды.

Принциптер мұғалімнің іс- әрекетін ұйымдастыруға қойған негізгі талаптар болып есептеледі, олар тұрақты нысаналар болып және педагогикалық процестің қызмет істеуінде творчестволық түрде көрінеді. Негізінен принциптерде педагогикалық процестің заңдары мен заңдылықтары жүзеге асады. Бұл мұғалімнің теориядан практикалық әрекетке көшуі болады:

- педагогикалық процестің ізеттілігі, тұлғалық нысандық бағыттылығы;
- іс - әрекеттің санамен мінез - құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы;
- педагогикалық процестегі іс - әрекеттерді оқушылар тұлғасын дамытудың көкейкесті қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру;
- педагогикалық талап қоюшылықты оқушының көзқарасын оны адамдарға, құбылыстарға, процестерге қарым -қатынасын сыйлаумен ұйымдастыру;
- оқушы мен ұжымның дамуында жеке даралықты (индивидуалдық) психологиялық физиологиялық жас ерекшелік

- пен ұлттық ерекшеліктерді ескеру;
- педагогикалық басшылықты оқушылардың инициативасымен, қайраткерлігімен ұластыру;
  - оқушылардың іс- әрекеттерде тиімді нәтижелерге жетуге көмектесу;
  - ұстаздардың, оқушылар ұжымының және отбасыларының оқушыларға қоятын талаптарының үйлесімділігі;
  - әрбір бала үшін тиімді психологиялық ахуалдың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
  - оқушы тұлғасы мен ұжымның дамуындағы жаңа құрылымды үздіксіз бақылау.

Заңдар, заңдылықтар және педагогикалық процесті ұйымдастыру принциптері өзара байланыста болуы мүмкін. Бұл өзара байланыстылық процестің мәнінен оған қатысушылардың практикалық әрекеттерінен көрінеді, ал педагогикалық процестегі мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру моделі ретінде ұсынылуы мүмкін (2 суретті қараңыз).


Суретте тілдің екі бағыты керсетілген. Сағат тілі бойынша оқушылардың іс-әрекетінің ұйымдастырылуы керсетілген, керісінше бағытта

педагогикалық процесте жанылысқан жерін тауып алу үшін қозғалыс.

### **Педагогикалық процестегі тұлға аралық қатынастар.**

Педагогикалық процестің теориялық моделін жасау қалайша оның мәнінде тәрбиенің нәтижесіне қол жететіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Әдеттегі қалыптасқан көзқарас бойынша, әсіресе жалпы практикада мұғалімнің екі тәуелсіз оқыту және тәрбиелеу іс - әрекеттер саласы бар деп есептеледі. Осыған сай мұғалім екі роль атқарады: пән мұғалімі және сынып жетекшісі. Оқытудың тәрбиелік мүмкіншілігін жоспарда қарастыру әрекеті көбінесе оқылатын материалдың мазмұнымен байланыстырады немесе оқушыларда қайсарлықты, мақсаттылықты, жауапкершілікті және т.б. қалыптастыруға ықпалын тигізеді.





**Сурет 2. Педагогикалық процестегі компоненттердің өзара кестесі**  
114

Сөзсіз оқу пәндердің мазмұндарының өзінде белгілі бір тәрбие күшті әсері салынған. Бұл екі мәселемен байланысты: біріншіден менгерілетін пәннің мазмұны қаншалықғы қоғамның даму деңгейіне, оның мүддесіне сай келетіндегіне; екіншіден бұл мазмұнның оқушыларды қаншалықғы табиғаттың, қоғамның және адам ойлауының, дамуының объективтік заңдылықтарын түсінуімен қаруландырады, яғни көзқарастарының қалыптасуына ықпал етуімен байланысты.

Кезінде А.С. Макаренко, тұлға кемшілігін оның қоғамдағы қатынастарындағы кемшіліктерімен байланысты деген болатын. Демек, процестің негізгі тәрбиелік тетіктерін оқушылардың қалыптасқан қатынастары кеңестерінен іздестірген жөн (сурет — 3).



**Сурет 3. Педагогикалық процесте оқушының қарым-қатынас (тәрбиелік тетіктері) жүйесі**

I - ата-ана мен балалардың арақатанасы

II - мұғалім мен оқушылардың арақатынасы

III - сыныптас және құрбы-құрдастар арақатынасы

Жалпы білім беретін мектептің педагогикалық процесінде оқушы үшін екі негізгі қатынастың маңызы бар. Ол мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара қатынастар және оқушылардың бір - бірімен өзара қарым - қатынастары. Сондықтанда жалпы білім беретін мектептің педагогикалық процесіне сәйкес екі бір -бірін өзара толықтыратын және өзара әрекетте болатын тәрбиелеуші тетіктері туралы айтуға болады.

115

Бірінші сыныптың өзінде бала үшін оның мектеп мұғалімдерімен, әсіресе өз мұғалімімен қатынасы тартымды және маңызды болады. Бастауыш мектептерде мұғалімнің оқушыларға қатынасының маңыздылығының арта түсуі кездейсоқ емес: себебі кішкентай оқушы өмірінде мұғалімнің маңызы зор, ол үшін мұғалім білімінің беделінің, оның тәжірибесінің, даналығының маңызы зор, оның жетістіктері қандай мұғаліммен кездескендігінен қатты байланысты оқушыларды бірте — бірте өзінің білім көлемі, тәжірибесі жинақталады, тұрақты қатынас өрісі қалыптасады, мұғаліммен қатынасының маңыздылығы төмендмейді. Бірақ жоғары кластардың өзінде де толық жойылмайды.

Бірақта зерттеулердің (А.С. Макаренко; Т.Е. Конникова ; Л.И. Новикова; М.Н. Шульц және т.б.) мұғалімнің оқушылармен іскерлік ынтымақтастығында балаларға еркіндік берумен іс - әрекет тәсілдерін оқу барысында тактикалық көмек көрсету арасында тепе- теңдіктің керектігі анықталған. Онда балалар мұғалімнің біліміне, тәжірибесіне сенеді, алдымен ақылдасуға келеді, себебі олар өздерінен үлкен адамдар тарапынан шексіз сыйластық, қадір құрмет (тіпті олар қателесіп жақсылық жасаса да) және шебер тактикалық көмегі болатындығына сенімді. Міне бұл мұғалім мен оқушылардың өзара қатынастарының тәрбиелік әсерінің ықпалының негізгі мәнін құрайды, одан оқушының мектепке сол мұғалім беретін пәнге, оның өнегесі, тәрбиеге көзқарастарға, сенімдеріне, өмір принциптеріне қалайша қарайтындығы байланысты болады.

Екінші мектеп педагогикалық процесінің тәрбиелеуші тетіктің маңыздылығында кем емес. Бұл оқушылар арасындағы өзара қарым - қатынастары Н.К. Крупская өзінің мақалаларында бірнеше рет балалар ұжымының қатынастардың тәрбиелік ролі туралы ойды айтқан болатын. Ал А.С. Макаренко нақтырақ болды ол: "ұтаздың жұмысы бастапқы ұжымға тым жақын жүруі керек. Оның жұмысының мәні ұжымның жеке тұлғаларға талабын тудыруға бағытталған болуы керек" дейді.

Тәрбиеші ұжымдағы тәрбиеленушілердің арасындағы нақтылы қатынастарды ескеруі керек. Бұл қатынастардың өзінде, тіпті олар біздің еркімізден тыс қалыптасқанда олардың көпшілігі тәрбие бағытында қолдануы мүмкін.

Бұл процесінің тиімділігі балалардың ұжымындағы іс -әрекеттерінің мазмұны мен құрылымының одан әрі дамытуымен, арнайы

ұйымдастырылған ерекше бір іс- әрекет ретіндегі олардың коллективтік қатынастары оқушыларда бір — бірін тұлғалық қабылдау мәдениетін максатты тәрбиелеу, оқушылардың өзін-өзі тану процесі барысында оларға

116

жеке дара көмек көрсету, ұжымда өзінің жүріс --тұрысын өзі реттеу және әлеуметтік тиімді өз орнын табуымен байланысты.

Оқушылардың өзара әрекеттерімен байланысты тәрбиелеуші механизмнің мәні сол бұл тетік, бірінші көрсетілген тетік сияқты, тек іс — әрекет болғанда ғана пайда болатынында және қызмет атқаруында. Сонымен қатар іс - әрекет ұжымдық және мұқият ұйымдастырылған болуы керек, сонда ғана іскерлік ынтымақтастықпен жауапкершілік қатынастарды қалыптастыру үшін алғы шарттар жасалынады.

Сонымен, бірінші және екінші тәрбиелеуші тетіктері арасындағы жалпы ұқсастық (іс-әрекетпен оның ерекшеліктері) өте маңызды қортынды жасауға мүмкіндік береді. Егер негізгі тәрбие сайманы болып балалар ұжымын қалыптастыру үшін ұстаз әртүрлі іс-әрекеттер арқылы балалардың айнала қоршаған ортамен белсенді өзара әрекетін ұйымдастыра алса онда оған ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру барысында балалардың өз арасындағы қатынасты кәсіби сауатты қолдануы керек.

#### **Өзін - езі бақылауға арналған сұрақтар.**

1. "Зандылық", "принцип" деген ұғымдарының мазмұнын анықтаңыз. Бұл ұғымдарды "тәрбие", "педагогикалық процесс" деген ұғымдарымен не байланыстырады?

2. Неге мұғалім педагогикалық процесті ұйымдастырудың заңдылықтарын және принциптерін білуі керек?

3. Нақтылы жағдаяттар негізінде педагогикалық процестің заңдылықтарының ролін көрсетшіз.

4. Ұғыздар мен оқушылардың іс - әрекетін педагогикалық процестің қай бөліктері көрсетеді?

5. Әлеуметтік тәжірибенің мазмұны неден тұрады?

6. Адамзаттың әлеуметтік нормативтік мәдениеті қалай меңгеріледі?

7. Педагогикалық процестің тәрбиелеуші тетіктеріне сипаттама беріңіз.

#### **Әдебиеттер**

1. Вопросы обучения и воспитания / сост. Э.Г. Костяшкин. М., 1972.

2. Ленин В.И. Философские тетради ПСС, т. 29.

3. Макаренко А.С. Проблемы школьного советского воспитания. Собр. Соч. В 7 т. Т.5 М., 1958г.4.

117

Проблемы методологии педагогики, методологического исследования / Под ред. М.А. Данилова и Н.И Болдырева М., 1971.

5. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы; Ғалым, 1998.

#### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. Тақырыптың негізгі ұғымдары дамуының мазмұндық хронологиялық кестесін жасаңыз.

2. Біртұтас педагогикалық процестің заңдылықтарына жағдаяттарды талдап алыңыз.

3. Өзін талдау схемасын мұғалімнің педагогикалық процесті ұйымдастыру принциптерін басшылыққа алып жасаңыз.

4. Оқушылардың сыныптары мен өзіне қатынасын бағалау үшін керекті тапсырмаларды құрастырыңыз.

5. Сыныпта социометриялық зерттеу жүргізу үшін сауалнама, талдау дайындаңыз.

6. Социограмма негізінде сыныптағы тәрбиелеуші тетіктердің әсерінің педагогикалық міндеттерін үшестіріңіз.

### **Реферат тақырыптары.**

1. Педагогикалық процесте мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттерінің мәні.

2. Заңдылықтар және олардың педагогикалық процестегі ролі.

3. Педагогикалық процестегі заңдар мен заңдылықтардың өзара байланыстылығы.

4. Іс-әрекеттер тәсілдерін меңгерудің оқушылардың педагогикалық процестегі белсенділігін дамытуға әсері.

5. Педагогикалық процестің тәрбиелеуші тетіктерін реттеуде мұғалімнің ролі.

118

### **2.3.1 Тәрбие мақсатының әлеуметтік негіздері**

**Мақсаты:** тәрбиенің әдіснамалық негізін айқындау.

**Міндеттері:**

а) Педагогика теориясы мен тарихындағы ой-пікірлердегі тәрбие мақсатының дамуын ашып көрсету.

ә) Тәрбие мақсатының мәнін ашу.

б) Жан-жақты үйлесімді тәрбиенің мақсат, міндет, мазмұнының өзара байланысын ашу, тәрбиемен әлеуметтендіру процесін үйлестіру.

**Жоспар:**

1. Педагогика тарихындағы ой-пікірлердегі тәрбие мақсатының мәселесі.

2. Тәрбие мақсаты туралы түсінік.

3. Тәрбие және жеке тұлғаны әлеуметтендіру.

**Негізгі ұғымдар;** тәрбие мақсаты, қоғамдық мәдениет, жеке тұлғаны әлеуметтендіру және дербестендіру, жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлға, жеке тұлғаның шымармашылық мүмкіншілігі.

**Пәнаралық байланыс:** философия, әлеуметтану, әлеуметтік психология, мәдениеттану, педагогика тарихы.

**Педагогика тарихындағы ой - пікірлердегі тәрбие мақсатының мәселесі.** Тәрбие мақсаты төңірегіндегі пікір-талас ежелгі дәуірдің өзінде-ақ басталған. Ежелгі ойшылдар тәрбиенің мақсаты ізгі, рақымшыл азаматтарды тәрбиелеу деп түсінді. Ал, «рақым» туралы пікірде олардың ойлары бір жерден шықпады. Сократтың түсінгенше, тәрбиенің мақсаты- заттардың табиғатын зерттеу емес, өз-өзінді тану, аса құлықтылықты жетілдіру. Сократтың шәкірті Платон ақыл-ой, ерік және сезімді тәрбиелеуге көп

ықылас білдірді. Ол тәрбиені өкіметтің өзі ұйымдастыру керек, үстемдік етуші топтар — философтар мен жауынгерлердің талап-тілегіне сай жұмыс істеу деп түсінді. Платонның шәкірті Аристотель, тәрбиенің мақсаты жан рақымы - ақыл-ес пен ерік-жігерді дамыту деп білді.

Я.А. Коменский тәрбиенің күшіне сенді, оның ойынша тәрбие үш мақсатқа жетуге бағытталуы қажет: өзіңді және қоршаған ортаны тану (ақыл-ой тәрбиесі) және құдайға сиыну (діни тәрбие). Дж. Локтың ойынша, тәрбиенің негізгі мақсаты джентельменді «өз істерін ақылмен және байыппен жүргізетін адамды» қалыптастыру. Ж.Ж. Руссо қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруға тәрбие мақсаттарының бағыт-ұстанымынан айныған емес.

И.Г. Пестолоццидың тәрбие мақсаты, адамның табиғи күш-қуаты мен қабілеттілігін дамытуға негізделуді, сонымен қатар, бұл даму жан-жақты және үйлесімді болуының биігінен көрінуі қажеттілігіне тоқталса, ал 119

И.Ф. Гербарттың ойынша, тәрбие мақсаты, рақымды адамды қалыптастыруға, қалыптасқан қарым-қатынастарға бейімделе алатын, қоғамдағы белгіленген тәртіпті сыйлайтын, оған бой ұсынатын адамдар деген түйінге келеді. Тәрбиенің ең жоғарғы мақсатын А Дистервег «ақиқат, сұлулық және мейрімділікке өз ынтасымен қызмет» ету деп анықтаған.

Көп уақытқа дейін тәрбие мақсаты идеалды адам мұратына, жан-жақты үйлесімді дамыған, рухани байлығы мол, моральдық қылықтары таза және дене күпгі дамытан тұлға ретінде түсінді. Әрине, бұл ұстаным - тәрбиенің негізгі мақсаты. Бірақ, тәрбиенің мақсаты біржақты қарастырылып, күнделікті тәжірибеде тәрбие жұмыстарының нәтижелері алға қойған мақсаттан біршама ерекшеленуіне әкеп соғады.

Ресейде, социал-демократтар тәрбие мақсаттары туралы өз көзқарастарын өлемге ұсынды. XIX ғ. 40-жылдарында В.Г. Белинский крепостнойлық право мен патшалық саясатқа қарсы күрескерді тәрбиелеу деп жазды. А.И. Герцен тәрбие мақсаты -қоғамдағы әділетсіздікпен күресетін еркін ойлы, адамгершілігі мол, қайраткер, жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау деп санады. «Біз ақыл-ойды дамуына таныммен қатар адамгершілік тәрбиенің міндеті анағұрлым маңызды»- деп, КД. Ушинский жазды.

Сол себепті, бүгінгі тәрбиенің мақсатын әлеуметтендіру мәселелерімен бірлікте қарастыру өзекті мәселелердің бірі екеніне ерекше мән берген орынды.

**Тәрбие мақсаты туралы түсінік.** Тәрбие мақсаты - ол педагогикалық процесс пен қоғамның қажеттілігіне қарай өзгеріп отырады. Тәрбие мақсаты қоғамның әлеуметтік сұранысына қарай және оның табысты орындалуы ұстаздың кәсіби дайындығына байланысты келеді. Ұстаздың қызметі мақсаттылығынан басталса, ал оқушылар оқу іс-әрекетінің мақсатын нақты ұғына отырып, тапсырманы орындауын бастайды.

Тәрбие мақсаты - бұл қоғамның бетбұрысына, қандай мұраттарына қол жеткізуіне бағытталған. Тәрбие мақсаты -педагогиканың ең маңызды мәселесі. Мақсат-тәрбиенің жалпы мақсатылығынан, тәрбие жүйесінің сипатын айқындаушы ретінде келінеді. Мақсат пен міндет бүтін және

бөлшек ретінде ара қатынаста болады, жүйесі мен оның компоненттеріне тәуелді. Қорыта айтқанда, тәрбиенің нақты тербие міндеттерінің жүйесі. "

Тәрбие мақсаты жалпы және жекеленіп келеді. Тәрбиенің мақсаты жалпы болып келгенде, яғни барлық азаматтарда сапалы құндылықтардың, ал жекеленіп келуі, яғни жеке тұлғаның қалыптасуын кездейді.

120

Қазіргі заманда тәрбие жүйесіне қарай тәрбие мақсаты әр алуан болып келеді. Тәрбие мақсатының әр алуандығы тәрбиенің өте күрделілігін керсетеді. Мақсаттылыққа объективтік себептер әсер етеді. Олар, дененің физиологиялық жетілу заңдылығы, адамның психикалық дамуы, философия мен педагогикалық ойдың жетістігі, ортаның үнемі қоғамның мүддесіне орай өзгеріп отыруы.

Медениет деңгейі, тәрбие мақсатының жалпы бағытын айқындап отырады. Тәрбиенің мақсаты нақты-тарихи сипатына қарай құбылмалы келеді. Қоғамның тәрбие мақсатын өз бетінше ойдан шығаруына болмайды. Тәрбие мақсатын тұжырымдауда, міндетті түрде табиғат, қоғам, адамның объективті даму заңдылығына сүйену қажет.

Тәрбие мақсатын анықтауда маңызды себептердің қатарына жататындар, мақсатты құрастыру, оны белгілі заңдылыққа негіздеуді есепке алу. Ол саясат, мемлекет идеологиясы сияқты факторлармен бірге, тәрбие мақсатын айқындауда қоғам өзінің қажетті талабы мен мүддесінің маңыздылығын ұдайы есепке алу жұмыстың дұрыс жүруіне кепілдік береді. Тәрбие мақсаты қоғамда жастардың белгілі бір функцияларын жүзеге асыру процесінде олардың уәждік қажеттілігінен туады. Қоғам қажеттілігі өндіріс тәсілі мен өндіріс күші және өндіріс түрі қатынасының даму деңгейімен анықталады. Сондықтан тәрбие мақсатының нәтижесі әрқашан қоғам дамуының жетістік деңгейін бейнелейді, ал өндіріс тәсілін өзгертумен анықталып отырады. Ойымызды нақтылау үшін, тәрбие мақсатының қоғамдық-экономикалық қатынас түріне байланысты екенін атап өтеміз.

Негізгі мақсатқа ұмтылу, ұстазға айқын мақсаттар белгілеп, кәсіптік іс-әрекеттерінің нәтижелерін оқушылардың тәрбиеге бой ұсынуынан, құлшынысынан байқауға болады. Нақты мақсаттар туралы сөз қозғағанда, олардың анықтамасының негізгілерін беліп алу қажет. Ең алғашқы әлеуметтік негізі әрбір индивидтің дамуы табиғаттың адамға генетикалық тұрғыдан берген әлеует мүмкіншілігін дамытумен қатар, оның даралығын қалыптастырумен байланысты. Баланың дараланып дамуында белсенділік, күш-қуат артуымен қатар, еркі мен ақын-сезімінің қалыптасуы, оның болашақ кәсібінің бейімін, қабілетін интегралдап, іс-әрекетке қолданудың амалы күні-бұрын қарастырылады. Жеке бастың дамуы белгілі бір әлеуметтік жағдайға байланысты.

Екінші негізі, адам мен қоғамның қарым-қатынасына тәуелді. Ұзақ уақыт бойы педагогикалық мақсаттарды талдау мен негіздеу қоғам мен өкімет

121

қажеттілігіне сай келетін мақсаттар жоғары дәрежеде болып есептеледі. Мұндай жағдайда баланың қызығушылығы екінші орынға шегеріліл отырды.

Бірақта, гуманистік педагогика баланың қызығушылығын ояту мәселесін ең басты деп есептеді. Бүгінгі күнде тәрбиеленушінің өз күшімен жетістікке жету мүмкіндігіне басшылық жасау тәрбие берудің басымдық рөлін арттыруда.

Осыған орай, барлық педагогикалық мақсаттарды шартты түрде өзара байланысты екі топқа бөлуге болады: үлгілі (идеал) және өзекті (актуальді) соңғысы тқлғаның дамуымен даралығын қалыптастыру және оны үздіксіз дамыту міндеттерімен нақтыланады.

Тірбиенің нысанасы тұлға болса, бірақ өз бойларында қажетті сапаның дамуы оқушышардың өздерінің белсенді іс-әрекеті мен оларға тәрбие субъектісі ретінде қарап педагогикалық басшылық жасау. Ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық және дене тәрбиесі тұтас педагогикалық жүйе шеңберінде қарастырылады.

Жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені игеруі саналы-ұтымды іс-әрекетіне, онда шешуші рөл білім жүйесі мен эмпирикалық дәстүрлі қалыптағы қоғамдық психологияға байланысты. Бұл жерде көзқарастар мен позицияларға, құнды бағыттарға, дүниетанымға қоғамдық психология басымдықпал етеді. Тәрбие мақсатының негізгі бөліктерін философиялық категориялардың тізбегімен сипаттауға болады: мотив-қажеттілік-қызығушылық-мақсат.

Қарым-қатынастың мақсаты қоғамдағы іргелі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында оқушылардың санасының белсенді ұстанымын қалыптастыру болып табылады.

Мақсат - іс-әрекет нәтижесін күні бүрұш идеалды ой-тұжырым арқылы болжау. Тәрбие-әлеуметтік институт ретінде қалыптасуын әлеуметтендіру, мәдениет және әлеуметтік ереже, әлеуметтік тәрбие мақсатында жүргізу, сол арқылы қоғам мүшелерінің әлеуметтік қажеттілігін өтеуге жағдай жасау.

**Тәрбие және жеке тұлғалы әлеуметтендіру.** Әлеуметтік ұғым психология, философия және педагогикалық еңбектерде кеңінен қолданылады.

«Әлеуметтендіру» ұғымы адамды әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінде әр түрлі әлеуметтік бірліктердің (топтар, институт, ұйымдар) түрлеріне интеграциялау, одақтың қауымдастыру.

Әлеуметтендіру — мәдени элементтерді түсіндіру, әлеуметтік мұраттар мен құндылықты игеру негізінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру.

122

Сөз жоқ әлеуметтендіру жүйесінің мазмұны қоғам талабымен айқындалады, яғни оның мүшелері қоғамның маңызды салаларын білу, өндірістік қызметке қатысу, берік үйелмен, заңды басшылыққа алатын азамат болуы қажет. Адамдардың мінезі - құлқы әлеуметтендірудің объектісі ретінде қалады. Бірақ адам бұл процестің объектісі ғана емес, субъектісі болған жағдайда ғана әлеуметтенеді.

Әлеуметтендіру қоғам талаптарын жеке тұлғаның қалыптасу кезеңінде бірте-бірте игеруі, сана мен төртіптің маңызды әлеуметтік мінездері, оның қоғаммен қарым-қатынасын реттейді.

Ғылымға адамды «Әлеуметтендіру» термині саяси экономикадан келді, оның ең алғашқы мағынасы жерді, өндіріс құралдарын «қоғамдастырудан» басталды. Әлеуметтендірудің адамға тәуелдендірген автор американдық әлеуметтанушы Ф.Г.Гиддингс, (1887 ж.) өзінің «Әлеуметтендіру теориясы» кітабында, бұл ұғымды қазіргі ұғымға жақындастыра қарап: адамның әлеуметтік табиғи мінезін дамыту немесе индивидтің мінезін, жалпы адамды әлеуметтік өмірге дайындау.

Тұлғаның әлеуметтік даму барысында қоғамда адам өзін тұлға ретінде сезінеді. Бұл тәрбие, білім және өзін-өзі тәрбиелеу жағдайында, адам өздігінен алдына мақсаттар белгілеп, оған жетуде өзінің бедел-сезімін түсінеді, қоғамдағы өз орнына сенімді.

Әлеуметтендіру — тұлғаның белгілі бір бейнесін дәріптейді, оның негізгі белгілері: адамның әлеуметтік қарым-қатынасы, достық, сүйіспеншілік, отбасы, өндірістік, саяси т.б. көрінеді. «Адамның адам болып қалыптасуы жалғыздықта өмір сүрмейді, бірліктердің арқасында адам болып қалыптасады, өзін қоршаған басқа субъектілермен бірдей жағдайда тұрмайды, бірақ әркім-әрқайсысының жан-жақты ықпалынан осы жерлерге үздіксіз жауап қайтаруынан».

Әлеуметтендіру жүйесінің алдына қойған міндеттерінің екі тобы шешімін табады: тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтік кемелденуі. Бұл міндеттердің шешімі ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Соның ішінде, сыртқы ортаның қайшылықтары батаның бойында дамып келе жатқан ішкі қарсыластық күшіне сай келуге тиіс. Адамның орталыққа ұмтылыс күші, сыртқы мәдениеттің жерінен әлдеқайда басым болуы қажет, сонымен қатар, оның жаңа ағымын үздіксіз сезінуі керек.

Әлеуметтік бейімделу (адаптация) индивидтің қоршаған орта жағдайларына ыңғайлануы болса, *ал* әлеуметтік кемелдену өзінің іс-әрекетінің жүзеге асыру, тәртіптің қарым-қатынаста тұрақтылығы, тұлғаның өзі тураты иікірі, өз-өзіне баға беруі. Әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік

123  
кемелдену міндеттерінің шешімі: егер, ізгілікті орта болса, «барлығымен бірге болу» және «өзімен өзі болу» мотивтерімен, уәждік қажетсінумен реттеледі.

Сөз жоқ, адамды әлеуметтендіру нәтижелері әлеуметтік белсенділік, адамның әлеуметтік қарым-қатынасы байланысында көрініс беретін әрекетшілдігі. Әлеуметтендірудің көрсеткіштері: әлеуметтік ортаға бейімделу, әлеуметтік дербестік және әлеуметтік белсенділік.

Әлеуметтендірудің көптеген тұжымдамаларын талдау, олардың барлығын осы аталған позициялардың, ұстанымның біріне жақындайды, олардың өзі адамның әлеуметтендіру жүйесіндегі орнын түсінуі. Біріншісі, адамның әлеуметтендіру жүйесінде моральдық позициясын ұстанады, ал әлеуметтендірудің өзін адамның қоғамға бейімделу кезеңі ретінде



қарастырады, әрбір мүшені өзіне тән мәдениетіне қарай қалыптастырады. Мұндай көзқарасты субъект - объект деп қарауға болады (қоғам объективтік әсер, ал адам —оның объектісі). Бұл ұғым — пікірдің басында Э. Дюркгейм және Т. Парсонс тұрды.

Екінші жағынан, адам әлеуметтендіру кезінде белсенді түрде қатысып қоймай, қоғамға да бейімделеді, өзі өзіне, өмірдегі Жағдайларға да әсерін тигізе алады. Бұл көзқарасты «субъект-субъект» деп атауға болады. Бұл екінші позицияны Ч.Кули және Д.Г. Мид ұстанды.

Балалар, жасөспірімдер, жастар өзара қарым-қатынаста, әлеуметтену кезінде олардың дамуларына азды-көпті әсер ететін түрлі жағдайлардан өтеді. Адамға әсер ететін түрлі жағдайларды қозғаушы күш деп атайды. Біршама зерттелген ғылыми еңбектерде әлеуметтендірудің жағдайлары мен қозғаушы күштерін төрт топқа біріктіреді.

Бірінші - мегафакторлар (мега- ете үлкен) - космос, неосфера, планета, әлем бұлар басқа қозғаушы күштер арқылы барлық жер бетінің тұрғындарын әлеуметтендіруге әсер етеді.

Екінші - макрофакторлар (макро-үлкен)

- ел, мемлекет, этнос, қоғам бұлар белгілі бір елді мекенде өмір сүрестін тұрғындарды әлеуметтендіру.

Үшінші — мезофакторлар (мезо-орташа)

- тұрғылықты жерде халықтың болмыс түрі, әртүрлі субмәдениетке қатысы бойынша сараланатын адамдардың үлкен тобын әлеуметтендіру жағдайы.

Микрофакторлар - белгілі бір нақты адамдарға әсер ететін қозғаушы күштер жатады - үйелмен мен отбасы, көрші, құрдастар тобы, тәрбие

124

орындары, әртүрлі қоғамдық, діни, мемлекеттік, жеке ұйымдар, микросоциум.

Әлеуметтік тәрбиенің мазмұны жеке тұлғаны қалыптастырудың барлық жүйесін қамтиды. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында іс-әрекет пен адамның мінез-құлқы жеке тұлғаны қалыптастырудың компоненті ретінде келеді.

Білім және тәрбие орындарында әлеуметтік тәрбиенің мазмұны;

- ғылыми дүниетанымын қалыптастыру жеке тұлғаны әлеуметтендіру;


- жастардың адамгершілік тәрбиесінің құрамды бөліктері: отанға деген сүйіспеншілік, халықаралық мәдени қарым-қатынас, еңбекке деген жауапкершілік, саналы тәртіп, мінез-құлық мәдениеттілігі, эстетикалық және дене дамуы, жанұя мен әлеуметтік ортаның әсері, жеке тұлғаның әлеуметтік институттармен қарым-қатынасы, орта және тәрбие (сурет 1)

Қоғамдық мәдениет (адамзат жинақтаған мәдениет мұрасы) адамдардың әрекетін үйлестіру мен интеграциялау үшін үлкен маңызды шара, іс-әрекет, сонымен қатар, тәрбие мақсатын айқындаушы. Э.С.Маркарянның ойышша, бұл тұста философияда дәлелденген мәдениеттің үш түрін, яғни әр адамның меңгеруі қажет — материалдық, рухани және социо-

нормативті немесе адамгершілік мәдениеті. «Мәдениет» латыш тілінен аударғанда өндеу, баптау деген ұғымды білдіреді. Оның екінші мағынасы-рухты деріптеп кетеру. Рим ораторы М.Р. Цицерон өзінің «Тускуланские диспуты» еңбегінде ең алғаш рет «мәдениет» сөзін теориялық тұрғыдан термин ретінде қолданған (45 жыл ж.д.д.). Э. Тайлер мәдениетке барлық білімнің жиынтығы ретінде, яғни адамның табиғатпен күресінде адамның тарихи дамуындағы заң, дәстүр, көркем өнер, әдет-ғұрып, діншілдік деңгейінде зерделеген.

С.Б. Малиновский мәдениет теориясы адам табиғатының: биологиялық (адам өз тұқымымен жалғастыру үшін) және әлеуметтендіру жағын да ескеру қажет деп түсіндірген

125



### Сурет1. Тәрбиенің мақсатындағы әлеуметтік негіздері

Онын ойышша, мәдениет тұтас қажеттілік құндылықтары, құқықтар, конституциядағы әлеуметтік баптарда бекітілген идея кәсіп, нанымдар мен дәстүрлерден тұратын тұтастық. «Мәдениет» ұғымының тарихына арналған арнаулы еңбекте, Кребер мен Клакхон мәдениет табиғатын талдайды, оны құрап тұрған элементтер мен қасиеттерді психология, тіл, қоғаммен қарым-қатынасын көрсете келе, мәдениетті үш қырынан қарастырады: адамның табиғатпен қарым-қатынасы аясында, құндылықтарымен және басқа адамдармен пікірлесу. Кювильге мәдениетке бұдан көрі кеңірек анықтама береді. Ол мәдениетке материалдық әлем заттарын жатқызады, оның ішінде өндіріс өнімдерін, сонымен қатар, мінез-құлық пен психология құбылыстары: білім, қатынас, құндылықтар. А.К. Уледов «мәдениетті қоғамның рухани қазынасы» деп бағалайды. Бұл жағдайда қоғам мен мәдениет ұғымының ара

қатынасы бүтін мен бөлшектің ара қатынсындағы сапасы ретінде түсінеміз. Әрқашанда мәдениет шығармашылық еңбекпен байланысты. Мәдениетті материалдық және рухани құндылықтың жиынтығы ретінде қараған абзал. Мәдениетті биологиялық тұрғыдан тек адамға тән іс-әрекеттің тәсілі ретінде түсініп қана қоймай, «оның техника-логикалық және заттық-өнімдік» шектерін, сонымен қатар материалдық, рухани және көркем мәдениет сияқты үш мәнін М.С. Каган болжады. Ол материалдық мәдениеттің тәжірибеде қайта жаңартуға және оның практикалық коммуникативтік мәнінің адам қызметіне тигізер ықпалына тоқтайды.

Материалдық мәдениет адам қолымен жасалған материалдық құндылық заттардың жиынтығы материал (машина, құрал-жабдық, техника, әртүрлі бағыттағы объектілер т.б.). Мәдениеттің бұл саласы адамдардың тума қасиет шеберлігінде еместігі ескеріледі. Рухани мәдениетті кеінде интеллектуалды деп те атайды, адамдардың табиғат пен әлеуметтік ортаны қабылдау мен бейнелеудің белгілі бір ғылым мен өнерді айқындалған болмысы ретінде қабылданады. Әлеуметтік-ережелі мәдениет, қоғамдық өмірді ұйымдастыру (экономика, құқық, саясат т.б.) тума қасиет мінез-құлыққа тәуелді еместігімен оқшауланады.

Жалпы адамды тәрбиенің әлеуметтік негіздерінің, мәдениеттің өзіне тән ерекшелігі, тұлғаның жан-жақты дамуының басты шарты адамшылық мәдениеттің барлық мұратын игеру болып табылады. Екіншіден, тәрбиенің мақсаты әрбір адамды тәрбиелеу. Үшіншіден, тәрбиенің әлеуметтік мазмұнының ерекшеліктері диалектиканың материалистік тұрғыдан адамның

127  
іс-әрекетінің белсенді-жасампаз санасы жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуы іс-әрекет үстінде адамшылық мәдениетке үйренеді.

Тәрбиенің әсері дегеніміз-қалыптасып келе жатқан тұлғаның ортамен (әлеуметтік қана емес, сонымен бірге табиғат, материалдық, рухани) мақсаттарға сай өзара қарым-қатынасы болып табылады. Әлеуметтік тәрбие - өзіне тән әдістер арқылы, сонымен қатар экономикалық саяси, құқықтық идеалды қалыптастыратын тәрбие кеңістігі екенін бүгінгі педагогтық қауым мойындауда.

### **Өзіне-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1. Тәрбие мақсатының мәнін ашыңыз.
2. Тәрбие мақсатының әдіснамалық қалыптасу негізіне сипаттама беріңіз.
3. Тәрбие, «тәрбие мақсаты», «әлеуметтендіру», «персонализация» түсініктерді айқындау.

### **Әдебиеттер**

1. Василькова Ю.В., Василькова Т.А. Социальная педагогика: Курс лекций. М., 1999.-
2. Мудрик А.В. Социальная педагогика. М., 1999.
3. Муқанова Б.И. Педагогическое руководство формированием социальной активности подростков. Алма-Ата, 1990, 69 с.

4. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания опыт педагогической антропологии. Пед. соч. В.2 т.т. Т.1. М., 1974, с 84.

5. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы, 1998, с 27.

6. Фромм Э. Иметь или быть. (пер.с англ. - М. Прогресс, 1989, с 29

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. Жатпы және жеке тәрбие мақсатының өзара байланыс схемасын құрастыру.

2. Сынып ұжымының сипаттамасы бойышша тәрбие мақсатына ықпал ететін негізгі факторларды атаңыз.

3. Тұлғаны әлеуметтендіруде әр түрлі екі позициядағы тәрбие мақсатына мысал келтіріңіз.

128

### **Реферат тақырыптары**

1.Теория мен тарихи педагогикалық ойдың дамуында «тәрбие мақсатына» анықтамасын дамыту.

2.Жастарды кәсіптік іс-әрекетке дағдыландыруда әлеуметтендіру шараларының маңызы.

3.Қоғамдық тәрбие мақсатының әлеуметтік негізі.

129

### **2.3.2. Тәрбиенің мазмұны**

**Мақсаты:** Қазіргі заманғы мектепте тәрбиенің негізгі түрлері және олардың өзгешеліктері жайлы түсініктерін қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

а) «Тәрбие мазмұны» ұғымының мәнін ашу. Тәрбие мақсатының, міндеттерінің және мазмұнының диалектикалық өзара байланыстары мен қатынастарын ашу.

ә) Тұлғаның үйлесімді дамуы туралы түсінік беру.

б) Тәрбие түрлерінің топтасуымен таныстыру.

в) Тұлғаның қалыптасуындағы өзін-өзі тәрбиелеудің ролін ашу және оның негізгі тәсілдерін сипаттау.

#### **Жоспар:**

1.Тәрбие мазмұнының мәні. Тәрбие мақсатының, міндеттерінің және мазмұнының диалектикалық өзара байланыстары мен қатынастары.

2.Тұлғаның жан-жақтылығы оның адамзат мәдениетін меңгеруіне байланысты дамуының мазмұнды сипаты ретінде 3.Тәрбиенің түрлері және олардың өзгешеліктерінің сипаттамасы.

4.Өзін-өзі тәрбиелеу туралы, оның тәсілдері туралы түсінік.

**Негізгі ұғымдар:** тәрбиенің мазмұны, тәрбие мазмұнының өмірмен байланысы, тәрбиенің түрлері, тәрбие мазмұнының этикалық және ұлттық аспектілері, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеудің тәсілдері.

**Пәнаралық байланыстар:** философия, мәдениеттану, социология, әлеуметтік психология, педагогика тарихы. **Тәрбие мазмұнының мәні. Тәрбие мақсатының, міндеттерінің және**

### **мазмұнының диалектикалық өзара байланыстары мен қатынастары.**

Педагогика теориясы мен тәжірибесінде тәрбие мазмұны ең маңызды және көкейкесті ұғымдардың бірі. Қазіргі тәрбие мазмұны ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір тарихи кезеңде қоғамдық сананың даму ерекшеліктеріне идеялық және құндылық ұстанымдарға байланысты жетіліп отырды.

Ұрпақтардың табиғи түрде алмасуы қай кезде болмасын маңызды қоғамдық міндет болып табылатын алдыңғы ұрпақтардан келесі

130  
ұрпақтарға әлеуметтік тәжірибені жинақтап жеткізетін тәрбие процесі орындалатын білім беру жүйесіне қоғамның аса көп көңіл аударуын талап етіп отырған.

Тәрбие мазмұнын жаңаша қарастыру, оны іске асырудағы тұлғалық бағдарлық және іс-әрекеттік тәсілдер ғалымдар мен педагогтарды жеке тұлғаны қалыптастыру міндеттерін шешудің тиімді құралдарын тұтас педагогикалық процесс тұрғысынан іздестіруге ынталандырады.

Тәрбие мақсаттарын тереңінен білу педагогтарда негізінен қандай адамды қалыптастыруы қажет екені туралы, өздерінің іс-әрекеттеріне не нәрсе саналылық, айқын бағыт, қисындылық беретіні туралы көзқарас тудырады.

Сонымен қатар тәрбие мақсаттарының одан ары айқындалуы оның міндеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері тәрбиелік жұмыстардың мазмұнын анықтауға тікелей қатысты.

Тәрбие мазмұны - әр тұлғаның өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне қамтамасыз етуге, оның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасауға бағытталған, қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштерінің бірі. Сонымен бірге, тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке тәрбиелеу, өз қоғамына тығыз байланысты, және сол қоғамды жетілдіруге ұмтылған адам және азамат қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік тәжірибені меңгеру адамдардың, халықтардың қандай болса да нәсілдік, ұлттық, тайпалық, діни және әлеуметтік топқа жататындарына қарамастан, өзара түсінушіліктерін, ынтымақтастықтарын нығайтуылары тиіс, сонымен қатар, әр-түрлі дүниетанымдық көзқарастар ерекшеліктерін ескерулері қажет.

Тұтас педагогикалық процесс теориясында педагогикалық процесс мәнінің қазіргі қоғамдағы тәрбие мақсаты - қоғамның шығармашылық іс-әрекетін белсенді қатыса алатын үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырумен толық сәйкес келуіне көп көңіл аударылады. Сондықтан да педагогикалық процесстің негізгі тәрбиелік механизмдері оқушыларға қатысты барлық іс-әрекеттер түрлері қалыптасатын қатынастар жазықтығында орналасқан.

Жеке тұлға тек өз іс-әрекеті арқылы ғана дамитыны бәрімізге белгілі. «Іс-әрекет тек қана менікі, менің жүрегімде тууы тиіс» - деп кезінде К.Д.Ушинский түсінікті де, әсерлі анықтама берген.

Сондықтан да педагогтар тәрбие процессін ұйымдастыру барысында балалар әрекеттерінің ішкі мотивтеріне сүйене отырып, тәрбиеленушілердің кез келген әрекеттер түрін мазмұнды етіп толықтырулары қажет.

Тәрбие мазмұнының мәселесі тәрбие бағдарламаларымен тығыз байланысты. Нақты бір білім беру мекемесіндегі тәрбие мазмұны мекеменің өз бетінше жасап, қабылдап іске асыратын білім беру бағдарламаларымен анықталады. Тәрбие бағдарламалары тәрбиенің негізгі мақсаттары мен міндеттер шеңберін анықтап, тәрбие мазмұнының сипаттамаларын, ерекшеліктерін, негізгі бағыттарын ашып көрсетеді.

Қазіргі қоғам жастарын тәрбиелеудің стратегиялық бағыты ретінде делдалдық қасиетке ие, жалпы адамзаттық құндылықтарды игере алатын, ұлттық санасы дамыған, көп мәдени тұлғаны қалыптастыру болып саналады.

Осы ойлар "Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу тұжырымдамасында" (1995 ж.), "Білім беру жүйесіндегі мемлекет саясатының тұжырымдамасында" (1996 ж.), "Қазақстан республикасындағы этномәдени білім беру тұжырымдамасында" (1996 ж.), "Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеудің кешенді бағдарламасында" (2000 ж.), "2005-2010 жылдарда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында" (2004 ж.), «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында (2004 ж.), және мектептегі тұтас педагогикалық процесті ұйымдастырудағы Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің тағы басқа құжаттарында көрініс алады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу үнемі тұрақты идеялар мен құндылықтарға негізделуі керек. Сондықтан да, қазіргі замандағы барлық тәрбие жүйесінің идеялық негізі ретінде бірнеше ғасыр тәжірибесінде қалыптасқан және дәлелденген гуманизм принциптері болуы тиіс.

Гуманизм ең алдымен адамның адамдығын білдіреді: адамдарға деген махаббат, сүйіспеншілік, психологиялық сабырлықтың жоғарғы деңгейі, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы мейірімділік, тұлғаны сыйлау, қошеметтеуді көрсетеді. «Гуманизм» ұғымы адамды ең жоғарғы құндылық ретінде санайтын құндылық бағдарлары жүйесі ретінде қалыптасады.

Гуманизмді қазіргі заман талабына сай қарастырсақ онда адам тұлғасының тұтас, жан-жақты қалыптасуына көп көңіл бөлінеді.

132

Бұл жан-жақтылық оның интеллектуалды, рухани, адамгершілік, дене және эстетикалық қабілеттерінің үйлесімді дамуы арқылы айқындалады. Сонымен, гуманизм тұрғысынан, тәрбиенің түпкі мақсаты болып әрбір адамның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет жасаудың толық субъектісі болуы, яғни, өмірде орын алатын барлық жағдайларға жауапты, тәуелсіз, дербес тұлға бола алуы қарастырылады.

**Тұлғаның жан- жақтылығы оның адамзат мәдінетін меңгеруіне байланысты дамуының мазмұнды сипаты ретінде.** Тұлғаның жан жақты үйлесімді дамуы туралы түсініктер сонау көне дәуірдің философиялық ілімдерінде, қайта өркендеу дәуірінің гуманист-педагогтарының еңбектерінде

кездеседі. Біздің заманымызда да бұл ұғым өзекті орын алып отыр. Түрлі тарихи кезеңдерде жан-жақты үйлесімді даму ұғымына түрлі түсініктер берілген. Тек адамның жақсы болуға, жан-жақты жетілуге деген ұмтылысы ғана бірдей болған.

Барлық халық ертегілерінде, аңыздарында жағымды кейіпкерлер образдары арқылы адам тұлғасын жан-жақты жетілдіру ойлары орын алып отырған. Жан - жақты жетілген адам тураты көзқарас әдебиет пен өнер шығармаларында, халық шығармашылығында дамытылып отыр.

Жан-жақты' үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру -тәрбиенің басты мақсаты. Бірақ, кез келген қоғамда тәрбие мақсатының екі түрлі мағынасы болатынын айтып ету керек, яғни тұлғаның екі педагогикалық идеалы болады. Бірінші идеал өте жоғары деңгейде қарастырылады, ол идеал-мақсат, ол тәрбиенің ең жоғарғы мәнісін- өмірге келген әр адамға өзін-өзі іске асыруға, өздігінен дамуға мүмкіншіліктер жасауды қамтамас етуге бағытталған арманға ұқсайды. Ол тәрбиеленушілерді неғұрлым жақынырақ жетелейтін жарқын үлгі, негізгі бағыт-бағдар. Екінші идеал неғұрлым, шындыққа жақынырақ күнделікті өмірде орын алуы мүмкін. Тәрбиеленушілер үшін олар жарқын тұлғалар, сол заманның белгілі ардагерлері, жағымды кейіпкерлер, солардың орнында болуды армандайтын, үлгі алғысы келетін атақты адамдар.

Тәрбиенің жалпы мақсатын іске асырудағы қиыншылықтар жалпы білім беретін мектептің міндеттерін қайта қарастырып нақтылауды талап етеді. Әлеуметтік институт ретінде мектеп педагогикалық процеске қатысушылардың өзін-өздері іске асыруларына және өздерінің өмірдегі орнын анықтай алуларына жағдай жасауға тырысады.

Тұлғаны жан-жақты дамыту идеясын іске асыру негізінде батанын жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның ақыл—ойын дене

133 бітімін, күш-жігершілігін үйлесімді дамыту заңының талаптары жатыр.

Қазіргі кезде ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогтардың тәрбие мазмұны жайлы айтатын пікірлері бірдей емес. Мектепті ізгілендіру және демократияландыру процесстерімен қатар басқа да сұрақтар кеңінен талқыланып, олардың шешілуі тәрбиені жаңа сапалы деңгейге көтеруі тиіс. Бірақ барлық зерттеуші-педагогтардың тәрбие мазмұны жайлы ізденістері мынандай маңызды идеяларға негізделген:

- 1.Тәрбиенің мақсаттарын нақты түрде қою.
- 2.Мектептің, жанұяның педагогикалық процессінде балалар мен үлкендердің ынтымақтастығы.
- 3.Адамның өмірдегі өз орнын анықтай білу мәдениеті.
- 4.Тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталуы. Аса көп көңіл бағдарламалар мен іс-шараларды орындауға емес, тек балаға бөлінуі керек.
- 5.Баланың қабілеттерін, қызығушылықтарын, ескере отырып, баланы өз еркімен тәрбиеге қатыстыру.
- 6.Ұжымдылыққа бағыттау.

Қазіргі кезде көптеген авторлар тәрбие ұғымын **жеке тұлғаны жалпы адамзаттық мәдениетке өндіру процесі ретінде**, және оның жоғарғы құндылықтар негізінде' өзін қоршаған шынайы өмір мен үйлесімді бірігіп тіршілік ету қабілеттерін қалыптастыруды қарастырады.

Тәрбиенің жалпы мақсатымен бірге тәрбие процессінде әр тәрбиеленуші үшін жеке мақсат, жеке даму жолы болуы тиіс. Себебі әр бір адам дара, қайталанбас жан. Әр адамның өзінің жан дүниесі, өз мақсаттары, ұмтылыстары, өзінің өмірлік ұстанымдары болады.

Егер де біз жеке тұлғаны тұтас құрылым деп қарастыратын болсақ, онда оқушы тұлғасын қалыптастыру мәселесі оқушыларға іс-әрекет мазмұнын, түрін, формасын таңдап алуға мүмкіндігі мол оқу материалын меңгеру кезінде де және оқудан тыс жұмыста да шешіледі.

Тәрбие стратегиясының нақты ұстанымдары "Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында тәрбиелеудің кешенді бағдарламасында" анықталған. Мектептегі тұтас педагогикалық процессті ұйымдастыру барысында мұғалімдер төмендегі аталып отырған принциптерді іске асыруға қабілетті болулары қажет:

- педагогтың тәрбиеленушіні өз дамуына өзі жауапты субъект ретінде қарастырып отыр, тәрбиенің гуманистік бағытта жүргізілу принципі;

134

- табиғи және әлеуметтік мәдени процесстердің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан түсінуді қарастыратын табиғатқа сәйкестілік принципі;

- жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген ұлттық мәдениет ережелері мен регионалдық дәстүрлерге сәйкес тәрбиелеуді қарастыратын мәдениетке сәйкестілік принципі;

- әлеуметтік бейімделу дағдыларын, өзін-өзі іске асыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік әрекеттестіктің тиімділік принципі;

- тұлғаның әлеуметтік және мәдени құзырлығын (компетенттігін) дамыту принципі.

Тәрбие мазмұны жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет түрлері арқылы іске асады. Оған: көзқарасты қалыптастыру, адамгершікке, еңбекке баулу, тұлғаның саяси-идеялық, эстетикалық дамуы, дене шынықтыру, оқушылардың түрлі іс-әрекеттеріне, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарға жағдай жасау жатады.

### **Тәрбиенің түрлері мен олардың өзгешеліктерінің сипаттамасы.**

Адамның жеке тұлға ретінде дамып қалыптасуында әлеуметтік тәжірибе мен жалпы адамзаттық мәдениеттің маңызы зор. Кең мағынада мәдениет адам іс-әрекетінің белсенді-шығармашылық сипатында қарастырылады.

Әлеуметтік ортадағы әр

бір адам мәдениеттің материалдық, рухани, әлеуметтік-нормативті болып бөлінетін үш бөлігін игеруі тиіс. Жалпы адамзаттық мәдениеттің әр —бір бөлігі әр адамның дайындық деңгейінің бір қырын көрсетеді.

Мәдениеттің белгілі бір саласының немесе бір іс-әрекет түрінің дамуына байланысты, қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақты осы іс-әрекет түріне дайындау қажеттілігі туындаған. Яғни, нақты бір іс-әрекет түріне даярлауды



ұйымдастыру тәрбие түрін анықтайды. Мысалы, өнердің дамуына байланысты эстетикалық тәрбие қажеттілігі туындады. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың дамуымен қоғамның нарықтық экономикаға, нарықтық қатынастарға өтпелі кезеңінде жас ұрпақты экономикалық тәрбиелеу қажеттілігі пайда болды. Яғни, қоғамдағы барлық процесстер өзара тығыз байланысты да, өзара келісілген.

Тәрбиенің барлық түрлері мектептің тұтас педагогикалық процессінде ғылым негіздерін үйренуде, сонымен қатар отбасында да жүзеге асады. Оқушылар мектептегі білім мен тәрбие алған барлық жылдары бойы адамзат еңбегімен құрастырылған өмір мен мәдениет құндылықтарымен танысады.

Педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында тәрбие түрлерінің әртүрлі негіздер бойынша топтастырылатыны көрінеді.

135

Ең жалпылама топтастыру көне дәуір философтарының ілімдерінен бастау алатын ақыл-ой, рухани, адамгершілік, еңбек, дене тәрбиесін қамтиды.

Қоғамдағы әлеуметтік экономикалық өзгерістерге және тәрбие жұмысының көптүрлілігіне байланысты азаматтық, саяси, ұлтаралық, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене шынықтыру, құқықтық, экологиялық, экономикалық тәрбие түрлерін ажыратады.

Әр түрлі әлеуметтік институттарға қарайтындығына байланысты отбасылық, мектептік, мектептен тыс, конфессиялық (діни), балалар, жасөспірімдер ұйымдарындағы, арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбие түрлері болып бөлінеді.

Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты авторитарлық, демократиялық, либералдық, еркін тәрбие түрлері орын алады.

Философиялық тұжырымдардың ерекшеліктеріне сәйкес прагматикалық, аксиологиялық, ұжымдық, жеке тәрбиелеу түрлері болады. Қысқаша түрлеріне тоқталып өткен жөн.

**Ақыл-ой тәрбиесі** - балалардың ақыл-ой күштері мен қабілеттерін дамыту, ой еңбегін игеру арқылы қоғам, табиғат, адам туралы ғылыми білімдер жүйесін меңгеру процессіне мақсатты және жоспарлы түрде ықпал ету.

**Ақыл-ой тәрбиесінің мақсаты** - балалардың ақыл-он күштерін және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.

Жеке тұлғаның адамзат мәдениетіне ену процессінде білімнің ролі, ақыл-ой мәдениетінің құрамды бөлігі ретінде қарастырылатын тұлғаның ғылыми көзқарасы өте өзекті. Ақыл-ой тәрбиесі барысында балалардың танымдық қызығушылықтары, логикалық ойлау, есте сақтау, зейін қою, елестету қабілеттері, икемділіктері мен дарындылықтары дамиды.

Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері:

- танымдық қызығушылықты дамыту;
- танымдық белсенділікті қалыптастыру;
- белгілі білім көлемін меңгеру;
- ғылыми көзқарасты қалыптастыру;

- ақыл-ой күштерін, қабілеттерін дамыту;
- ғылыми ақпараттар ағысында өз бетінше білім алуға ынталандыру.

Ақыл-ой тәрбиесі ғылымдар негіздерін, өндірістің ғылыми принциптерін зерттеуді қарастырады. Ақыл-ой тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді.

136

Ақыл-ой тәрбиесін жүргізу барысында мұғалімдер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп отырулары тиіс. Кейбір балаларда дарындылықтары бір салада жақсы байқалса, басқаларыныкі - басқа салада байқалады. Жас ерекшеліктері бірдей болса да балалар арасында тез немесе өте баяу жұмыс жасайтын, ойлау, есте сақтау мүмкіндіктері және меңгерген теориялық материалды қайта айтып беру қабілеттері әр-түрлі оқушылар кездеседі.

Адамгершілік тәрбиесі - тұлғаның әлеуметтік ортада тіршілік етуіне қажетгі қоғам талабына сай балалар бойында тұрақты моральдық қасиеттерді, нормалар мен адамгершілік идеалдарды, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді үйрету және қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиенің мақсаты — жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген тұтас адамгершілік тұлғаны қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері мен мазмұны мораль, этика, адамгершілік, адамгершілік ұғымдар, түсініктер, сезім, әдептілік, өзін-өзі ұстау мәдениеті деген ұғымдармен тығыз байланысты болады. Адамгершілік тәрбиесінің бір ерекшелігі оның оқушылардың іс-әрекеттерінің кез келген түрімен байланысты болуында.

Адамгершілік тәрбиенің міндеттері:

- адамгершілік сана-сезімді қалыптастыру;
- адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу және дамыту;
- адамгершілік мінез-құлықтың әдеттері мен іскерліктерін қалыптастыру;
- адам санасында оның қоғаммен байланыстылығын, қоғамға тәуелділігін, қоғам мүддесіне өзінің мінез-құлқын сай болу қажеттілігін қалыптастыру;
- қоғамның адамгершілік идеалдарымен, талаптарымен таныстыру, олардың заңдылығы мен парасаттылығын дәлелдеу;
- өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге талпынуды қалыптастыру.

Адамгершілік адамның тұлғалық сипаты болып саналады да, мейірімділік, ұжымдылық деген қасиеттерді біріктіреді. Ұлы Абай шығармашылығының негізгі өзегі - адамның адамгершілігі, ар-ұяты, ақылдылығы болып келеді, мысалы «Адам бол», "Өзіндегі адамгершілікті сақта" - деген өсиеттері осыны айғақтайды.

137

Сонымен қатар, адамгершілік тұлғаның басқа "Мен" - дермен әрекеттесу процесін қамтитын қарым-қатынастар жүйесі болып табылады. Осы қарым-қатынастар адамгершілік нормалар мен мінез-құлық механизмдерін игеруге әкеледі (Хмель Н.Д.). Тұлғаның адамгершілік нормалары мен талаптарын меңгеру механизмдерінің ерекшеліктері адамгершілік тәрбиеге жағымды

психологиялық жағдай тудырумен, адам іс-әрекеттерінің адамгершілік жақтарын және нәтижелерін бағалаумен тығыз байланысты болады.

Бірақ қоғам өмірінің нормаларын қадағалап қорғайтын заңдардың маңыздылығын қарастырмай адамгершілік тәрбиесінің мазмұны толық ашылмайды.

**Құқықтық тәрбие** дегеніміз балалардың құқықтық сана-сезімін, қоғамдағы құқықтық нормалар мен құқықтық мәдениетті сақтау, заңды құрметтеу дағдыларын қалыптастыру.

**Құқықтық тәрбиенің мақсаты** - оқушыларды күрделі құқықтық қоғамдық қатынастармен таныстыру.

**Құқықтық тәрбиенің міндеттері:**

- құқықтық мемлекеттік азаматын тәрбиелеу;
- өмірге қажетті карапайым заңгерлік сауатылықты меңгеру дағдыларын қалыптастыру;
- балаларды өз құқықтарымен міндеттері мен құқықтық жауапкершіліктерімен, құқықтық қатынастармен таныстыру.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын бірнеше заң құжаттары бар. Балаларды қоғамдық өмірге дайындау маңыздылығы, және ұлттық сана-сезім мен азаматтықты тәрбиелеу принциптері негізінде жасалған бала құқығы мен мүдделерін іске асыруда пайда болатын қатынастарды қадағалайтын "Балалар құқықтарының декларациясы", Қазақстан Республикасының "Балалар құқығы туралы заңы", "Балалар құқығы туралы конвенция" іске асырылуда.

Әлеуметтік ортадағы өмір ер адам бойында өз Отанына деген сүйіспеншілікті, азаматтық қасиеттерді қалыптастыруды талап етеді. Әр бала жеке тұлға болуға, өз өмірін өзі құруға, өз ойын еркін айтуға, азамат болуға құқылы.

**Азаматтық тәрбие** дегеніміз балаларды қоғамның саяси өмірінің негіздерімен таныстыру, өзінің азаматтық міндеттерін орындауға дайындығын қалыптастыру.

Азаматтық тәрбие жеке тұлғаның азаматтық сана-сезімін, конституциялық, құқықтық көзқарасын қалыптастыруды қарастырады.

Азаматтық тәрбиенің негізгі мақсаты - адам бойында отанға деген сүйіспеншілік сезімін, қоғамның адамгершілік идеалдарын,

138

бейбітшілікке деген ұмтылысын, қоғам мүддесі үшін еңбек ету қажеттілігін тәрбиелейді.

**Азаматтық тәрбиенің міндеттері:**

- тұлғаның өз абыройын бағалап құрметтеу сезімін, жеке тәуелсіздігін және тәртіптілігін қалыптастыру;
- адамға өзін заңды, саяси, әлеуметтік тұрғыдан әрекетшіл екенін сезіндіретін тұлғаның азаматтылығын қалыптастыру;
- тұлға бойында басқа азаматтарға және мемлекетке деген сыйластық және сенімділік қатынастарын қалыптастыру;

Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, оны қорғауға деген даярлық адамгершілік тәрбиесінің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

**Экологиялық тәрбие** - ол бала санасында табиғатты қорғау, аялау сезімін, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

**Экологиялық тәрбие мақсаты** – оқушыларда табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, оны қорғауға даярлықтарын қалыптастыру.

**Экологиялық тәрбиенің міндеттері:**

- жас ұрпақ пен барлық тұрғындардың жоғарғы экологиялық мәдениетін бірізді дамыту;

- табиғатқа қоғам дамуының материалды және рухани күштердің қайнар көзі ретінде қарап, оның тағдыры үшін жауапкершілікті сезіну;

- адамдардың санасы мен іс-әрекеттерінде табиғат байлықтарын тиімді пайдаланып, оларды сақтау қағидаларын бекіту;

- қоршаған ортаға зиян келтірмей кейбір шаруашылық-экономикалық мәселелерді шешетін дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру.

Үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды және көп ғасырлар тәжірибесінен тексеріліп өткен қағидасы тәрбиенің бастамасы еңбекке баулу екені анық. Еңбек, адам іс-әрекеттерінің негізгі түрі бола тұра, жеке тұлғаны дамыту факторы, және әлемді шығармашылық тұрғысынан меңгеру тәсілі ретінде қарастырылады.

**Еңбек тәрбиесі** дегеніміз еңбек етуде психологиялық даярлықты, еңбекке деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру, еңбек тәртібі мен мәдениетін меңгеру.

Еңбек- тәрбиесінің мақсаты - балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарастарын, еңбек етуде даярлықтарын, мамандықты саналы таңдауларын қалыптастыру.

139

**Еңбек тәрбиесінің міндеттері:**

- оқушыларды еңбек іс-әрекетінің әр түріне мақсатты бағыттауы жалпыға пайдалы еңбек қажеттілігін қалыптастыру;

- белсенділік, іскерлік, еңбекті құрметтеу сияқты қасиеттерді дамыту;

- тұлғаның қайсарлығын, ұқыптылығын, тапқырлығын, ептілігін және басқа да жігерлік қасиеттерін дамытатын қажетті дағдыларды бекіту;

- жастарға кәсіптік бағдар беру, оқушыларды еңбек іс-әрекет түрлерімен уақытылы таныстыру;

- оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін, ұжымдық еңбекте ынтымақтастық және өзара көмектесу, өзара жауапкершілік сезімдерін дамыту.

Оқушылар бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинскийдің құнды ойларын келтіруге болады. "Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны *бақыт үшін емес*, өмір сүру еңбегіне даярлау керек...Тәрбие адам бойында *еңбекке деген сүйіспеншілік* пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек... Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі

мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде *еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны* жандыруы қажет.

Оқу-өндіріс комбинаттарында, бригадаларда, цехтарда еңбек ету барысында оқушылар техникалық және технологиялық білімдер, еңбек тәжірибесін алады. Балалардың үй шаруашылығы, көркем өнер, қол өнер үйірмелеріне қатысулары, олардың еңбектің әр түріне бейімділіктерін, икемділіктерін айқындайды.

Еңбек тәрбиесі отбасында да әр түрлі жолдармен іске асады. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеңінен қатыстырылады. Олар үй шаруашылығында көптеген міндеттер атқарады; отбасы бюджетіне, оның пайдалануына қатыстырылады. Балалар мен ересектердің бірлесіп жұмыс істеуінде отбасының мүмкіншіліктері зор. Еңбек тәрбиесінің құрамды бөлігі болып экономикалық тәрбие саналады.

**Экономикалық тәрбие** дегеніміз балалардың нарықтық экономика жағдайында шаруашылықты тиімді жүргізу қағидалары мен нормаларына сай сана-сезімдерін, дағдыларын, іскерліктерін, талаптары мен мүдделерін қалыптастыруға жүйелі және мақсатты ықпал жасау.

140

**Экономикалық тәрбиенің мақсаты** - тиімді экономикалық іс-әрекетке байланысты экономикалық ұғым мен сана-сезімді қалыптастыру.

**Экономикалық тәрбиенің міндеттері:**

- экономикалық сана-сезіммен ақыл-ойды, саналы мұқтаждықтар мен қажеттіліктерді қалыптастырып бекіту;
- адам бойында ұқыптылық, тәртіптілік, үнемшілдік, іскерлік, ұйымдастырушылшық, еңбек сүйгіштік сияқты қасиеттерді қалыптастыру;
- балалардың шығармашылықпен еңбек ету және тиімді, үнемді, аз шығындармен жоғары нәтижелерге жете алу іскерліктерін дамыту;
- тиімді экономикалық іс-әрекетке деген ынта мен талпынысты қалыптастыру.

**Дене шынықтыру тәрбиесі** дегеніміз адам денсаулығын сақтау мен нығайту және дененің дұрыс дамып қалыптасуына жеткізу.

**Дене шынықтыру тәрбиесінің мақсаты** — салауатты өмір сүру негіздерін білу және ұстану, өз еркімен дене шынықтыру және спортпен шұғылдану дағдыларын қалыптастыру.

- денсаулықты нығайтуға және дене шынықтыруды дұрыс дамытуға ықпал жасау;
- табиғи қозғалтқыш қасиеттерді дамытып жетілдіру;
- дене шынықтыру мен жүйелі шұғылдануға тұрақты қызығушылық пен қажеттілікті тәрбиелеу;
- табиғат күштерімен балалар денесін шынықтыру (күн, су, ауа)
- ақыл-ой және дене еңбегіне қабілеттілікті жетілдіру;
- гитиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Дене шынықтыру тәрбиесінің мазмұны жас ұрпақты дене шынықтыру мәдениетінің әр түріне, әскери-өнер әрекеттеріне қатысуын, адам денесінің оның ақыл-ой, сезім, еріктерімен үйлесімді дамуын қамтиды.

Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық процессінде салауатты өмір салтын сақтау кеңінен насихатталуда, валеология сабақтары өткізілуде, төтенше жағдайларда өзін-өзі қалай ұстау керектігі туралы курстар оқылып, барлық мектептерде психологтар, медицина қызметкерлері баланың денсаулығын,

психофизиологиялық жағдайы мен әлеуметтік деңгейін зерттеп, ескеруді жақсарту жұмыстарын жүргізуде.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз балалардың бойында өз өмірін сұлулық заңдарына сай құра алу қажеттіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және, 141

еңбекте, қоғамдық іс-әрекетте адамдармен қатынас жасауды сұлулық идеалдарын негіздеу.

**Эстетикалық тәрбиенің мақсататы** - балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын дамыту.

**Эстетикалық тәрбиенің міндетері:**

- эстетикалық білімдерді қалыптастыру;
- эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;
- ата-бабаларымыздан қалған асыл мәдени мұраны игеру;
- шынайы қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты орнату;
- эстетикалық сезімдерді қалыптастыру;
- адамды өмірдегі, табиғаттағы, еңбектегі әсемдікке баулу;
- өз өмірін және іс-әрекеттерін сұлулық заңдарына сай құру

қажеттіліктерін дамыту;

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру процессінде оқушылар бойында өнердегі, өмірдегі, табиғаттағы, тұрмыстағы, еңбектегі, мінез-құлық және іс-әрекеттегі әсемдік пен әдемілікке деген әсерлі сезімталдық дамиды. Осыған орай А.П.Чеховтың: "Адам бойында бәрі де әдемі болуы керек: денесі де, киімі де, *жаны да, ойлары да*" деген сөздерін еске сақтау абзал.

Әлемді эстетика тұрғысынан танудың субъективті қыры ретінде эстетикалық сезімдер, әсемдікке деген көзқарас, бағалау, ой-толғаныстар, идеялар, яғни адамның эстетикалық саналылығы қарастырылады.

Әр баланың өз қолымен әсемдікті тудыруға қатысуы бейнелеу өнері, ән-күй, хореография сабақтары, шығармашылық бірлестіктер мен студияларда жұмыс істеуі арқылы іске асады.

Жоғарыда аталған тәрбиенің барлық бағыттары тұтас педагогикалық процессте орын алып, өзара тығыз байланыста болады. Тәрбиенің әр бір түрі басқа түрлерімен қатар жүргізіліп, бірін бірі толықтырады, педагогикалық процесс барысында өзара тәуелді болады. Мысалы, ақыл-ой мен дене шынықтыру тәрбиесінің байланысы денсаулық пен оқытудың өзара тәуелді ұғымдар екенін көрсетеді. Өйткені оқушының денсаулығы неғұрлым мықты болса, соғұрлым оның оқуы мен дамуы тиімді сапалы болады.

Жеке тұлғаның тұтас қалыптасуында тәрбиенің бағыттарының барлығы жеке процесстердің қосындысы ретінде емес, бірлескен, өзара байланысқан, тұтас процесс ретінде қарастырылады, себебі баладағы үйлесімділікті тек қана үйлесімді әсер етумен қалыптастыруға болады.

**Өзін - өзі тәрбиелеу туралы оның тәсілдері туралы түсінік** Адамның өмірдегі орнын өзі белгілеу мәдениеті тәрбие мазмұнының маңызды 142

бөлігі болып саналады. Адамның өмірдегі өз орнын өзі белгілеу мәдениеті оны жеке өмірінің және жеке бақытының жауапты субъектісі ретінде сипаттайды. Тұлғаның қоғамдық сана-сезімінің дамуының белгілі бір сатысында, адам өзінің жеке басы үшін тек сыртқы мақсаттарды ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын да түсінеді. Ол өзіне-өзі тәрбиенің субъектісі ретінде қарай бастайды. Өзінің тұлға ретінде қалыптасуы, оның жеке белсендігінсіз мүмкін еместігін түсіне бастайды.

Өзін-өзі тәрбиелеу - адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздігінен жүргізетін іс-әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеу тәрбие процессінің құрамды бөлігі және тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы ең маңызды күш болып саналады.

**Тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу** бір педагогикалық өрісте орналасып, тұлғаны қалыптастыру деген тұл-ас процесстің екі жағы болып саналады. Әрбір педагог тек тәрбиенің заңдылықтарын біліп қана қоймай, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеудің әлеуметтік-психологиялық механизмдерін жақсы түсінуі керек.

Тұтас педагогикалық процессте әр балада өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілік әр-түрлі жас кезеңдерінде байқалады. Осы қажеттілік әсіресе балалардың жасөспірімдік шағында анығырақ байқалады. Себебі, балалар осы шақтарында өздерінің жеке "Мен"-дерін үнемі іздеу үстінде болады, түрлі спорттық секциялар, үйірмелер, қызығушылықтары бойынша клубтарға қатысады. Дәл осы кезеңде олардың жеке күнделіктерін бастап өз ойларын жазулары, өз мінез-құлықтары мен сезімдерін бағалаулары, ұл балалар мен қыз балалар үшін арнап құрастырған сауалнамаларын қызыға толтырулары, түрлі заттарды әуестікпен жинастырулары кездейсоқ процесс емес. Қазіргі кезде мектептерде міндетті түрде өзін-өзі тану сабақтары енгізілуде, өзін-өзі тану мектептері де бар. Өзін-өзі тәрбиелеу өте ұзақ және адамның бүкіл өмірі бойы жалғасатын процесс екенін айта кету қажет.

Өзін-өзі тәрбиелеу адамның жеке "Мендігін"- жүйелі түрде зерттеуін, қажымас қайраттылықты, үлкен ерік-жігерлік күшті қажет етеді. Өзін-өзі тәрбиелеу мектебі адамнан көптеген күш-қайратты жоғары дәрежедегі ұйымдастырушылықты, өзіне деген сын көзбен қарауды талап етеді. Неміс ақыны Ф.Логау былай деп тегін айтпаған шығар:

«Өзіңмен өзің түскен күрес - ең қыйын күрес,  
өзіңді өзің жеңген жеңіс – ең ұлы жеңіс".

Өзін-өзі тәрбиелеу адамның рухани қажеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Адамның өзін-өзі жетілдіріп, өзімен жұмыс істеуінде кітаптардың маңыздылығы зор. Өйткені, кітаптар бізді жақсы адам болуға ынталандырады, қызықты адамдармен таныстырады. Өзін-өзі тәрбиелеудің маңызды бөлігі - мотивтерді, ынтаны дамыту. Жақсы, ақ ниетті болуға талпынбай, адамзаттың білімдер байлығын, адамзат мәдениетін игеруге тырыспай жан-жақты тәрбиелі және білімді адам болу мүмкін емес.

Психологиялық-педагогикалық ғылымдарда өзін-өзі тәрбиелеудің кең қолданылатын тәсілдері болып өзіне-өзі баға беру, өзіне-өзі бұйыру, өзін-өзі құптау, өзін-өзі түзету және т.б. саналады.

Өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі бағалаудан басталады. Өзін-өзі бағалаудың негізін жеке адамның өзі қабылдаған құндылықтар жүйесі, тұлғаның жеке маңыздылықтар жүйесі құрайды. Өзін-өзі бағалау адамның өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы қалыптасады, және осындай салыстыру табиғи түрде жүргізіледі де өте қызықты болды. Тұтас педагогикалық процесстегі қатынастар жүйесіне енгеннен бастап бала өзін басқа балалармен салыстырып, зерттеп, мынандай сұрақтарға: "-Неге мен осындаймын?", "Басқалар мені қалай қабылдайды?", "Өмірде мен қандай жетістіктерге жете аламын?"-деген сұрақтарға жауап іздеп, өзінің барлық мүмкіндіктерін көрсетуге тырысады. Өзін-өзі нақты бағалау, өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаттарын дұрыс құрастыруға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау жоғарлатылған, нақты, төмендетілген болуы мүмкін. Тұрақты және жаңа ақпараттар әсеріне, жинақтаған тәжірибесіне, қоршаған адамдардың пікірлеріне байланысты өзгеріп отыратын бейімделгіш өзін-өзі бағалау түрі адамның дамуы мен тиімді еңбек етуі үшін ең қолайлы бағалау болып саналады.

Өзіне-өзі бұйыру дегеніміз адамның өзіне-өзі берген қысқа, үздік-үздік үкімі.

Өзіне-өзі бұйыру адам өзін нақты бір іс-әрекет жасау керектігіне сендіріп, енді басқаша әрекет жасауға болмайды деп сезгенде ғана қолданылады. Бұйырықты түрде өзінен бір іс-әрекеттің орындалуын талап ету қажеттілігі адамның өз кемшіліктерін анық көріп тұрып, бірақ сол жоспарланған істі орындауға күші жетпей тұрған кезде қолданылады. Өзіне-өзі бұйыру еріктік процесспен тығыз байланысты. Өзіне-өзі бұйыруда жаттығу үшін адам өзіне дауыстап бұйырық беріп оны қайта-қайта қайталап орындап отыруы қажет. Өз бұйырығын екі апта аралығында орындап жүрген адамда өз бұйырығын автоматты түрде орындау әдеті пайда болады.

144

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуде өзін-өзі құптаудың маңызы зор. Әр адамның есінде өздерінің үлкен жетістіктерге жеткен кездері жақсы сақталып қалады. Адамның жетістіктері оған рухани, интеллектуалдық, күш-жігерлік қорларының ішкі мүмкіншіліктерін байқатып, өмірдің жаңа белестерін жеңе алатынына сенімділік тудырады. Кейбір өмірлік жағдайларда адам "өткенді ойлап" осындай жағдайдан қалай жол тауып шыққанын еске түсіргені абзал.



Өзін-өзі бақылау - адамның өз іс-әрекеттерін, психикалық процесстер мен көңіл-күйлерін түсінуі, бағалауы және реттеуі. Бұл тәсіл адамға айналадағылармен сабырлы қарым-қатынаста болу іскерліктерін, басқа адамдардың кемшіліктеріне, әлсіздіктеріне, қателіктеріне шыдамды болуды үйретеді. Аталған тәсіл көмегімен адам шиеленіс жағдайларды реттеп, ұстамдылыққа, күрделі жағдайларда байсалдылық, сабырлық сақтауға үйренеді.

Өзін-өзі түзету адамға өз мінез-құлқын, кемшіліктерін, қателіктерін және басқа адамдарға деген қарым-қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі түзету адамның өзіне сын тұрғысынан қарауына байланысты болады.

Адамзат тарихында ұлы адамдарға өмірлік бағдарламасын нақты орындауға көмектескен өзін-өзі түзету мысалдары өте көп кездеседі. Өзін-өзі түзету өзін-өзі жетілдірудің тиімді тәсілдерінің бірі. Л.Н.Толстой "Өзін жетілдіруге деген ұмтылыстан басқа еш нәрсе адамның өз игілігі мен басқа адамдардың игілігіне септігін тигізе алмайды"- деп бекер айтпаған.

Тәрбиенің демократиялық жүйесі баланың, басқа адамдар ықпалына бағынышты болмай, керісінше өзінің қабілеттері мен күштерін бағалап, өз дамуын өздігінше анықтауға үйрететін бірден-бір жүйе болып саналады. Тәрбиенің осындай нәтижесі тек қана педагог пен өсіп келе жатқан баланың тығыз ынтымақтастығы негізінде ғана мүмкін болады.

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы, оның өмірдегі орнын өзі анықтауы адамның өз-өзімен және оны қоршаған ортамен үйлесімділікте жүргізілуі қажет.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

- 1)Тәрбие мазмұнының мән-мағынасын ашыңыз.
  - 2)Тұтас педагогикалық процессте және өзін-өзі тәрбиелеуде жеке тұлғаның қалыптасуы қандай қатынаста болады?
  - 3) Тәрбие түрлері қалай топтастырылады?
- 145
- 4) Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу қандай қатынаста болады?
  - 5) Өзін-өзі тәрбиелеудің тәсілдерін атаңыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Корчак Я. Воспитание личности: Кн. Для учителя М. : 1992.-287 с. стр51.
2. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы: 1998. - 320 с.
3. Педагогика. Уч.пособие для студентов пед.вузов и пед.колледжей /под ред. П.И. Пидкасистого. - М.: 2004. - 608 с.
4. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Алматы.,1998.
5. Жампеисова К.К. Формирование основ политической культуры старшеклассников в целостном педагогическом процессе школы. Алматы., 1993.
6. Станкин М.И. Психология общения: курс лекций. - М.: 200. -304 с.
7. Психология и педагогика. /Под ред. С.А. Хмелевской. 2002.-176 с.

8. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. -М. 1985.

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. Тәрбиенің негізгі түрлерін атаңыз, тәрбиенің бір түріне арналған тәрбие жұмысының жоспарын құрастырыңыз.

2. Мектептің тұтас педагогикалық процессіндегі тәрбие түрлерінің өзара байланыс кестесін құрыңыз.

3. Ұлы адамдар тарихынан өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру туралы мысалдар келтіріңіз.

4. Тәрбие мазмұнының түрлі тәрбие тұжырымдамалары негізінде құрылу ерекшеліктерін қарастырып талдаңыз.

### **Реферат тақырыптары**

1. Құндылық қатынастар тәрбие процессінің мазмұны ретінде.

2. Адам құндылық ретінде.

3. Қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі тәрбие мазмұны.

4. Адам тұлғасын жетілдірудегі өзін-өзі тәрбиелеудің ролі.

146

## **2.4 Тұтас педагогикалық процесте жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру**

**Мақсаты:** дүниетаным қалыптасуының теориялық-әдіснамалық негіздерін, оның индивидтің қызмет-әрекетіндегі орнын айқындау.

### **Міндеттері:**

а) "дүниетаным" ұғымының мәнін анықтау;

э) жеке тұлғаның дүниетанымы қалыптасуының әдіснамалық және психологиялық негіздерін айқындау;

б) оқушы тұлғасының дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру заңдылықтарын ашу.

### **Жоспары**

1. Дүниетанымның мәні және оның түрлері, типтері, қызметтері.

2. Дүниетанымның құрылымы.

3. Жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасу процесін заңдылықтары.

4. Дүниетанымның қалыптасу жолдары мен құралдары.

**Негізгі ұғымдар:** дүниетаным, дүниеге көзқарас, әлеуметтік орта, көзқарас, сенім, әлеуметтік бағдарлау.

**Басқа пәндермен байланысы:** философия, әлеуметтану, психология, физиология, педагогика тарихы, этнопедагогика.

### **Дүниетанымның мәні және оның түрлері, типтері, қызметтері**

Дүниетаным - бұл ақиқатты дүниеге және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет принциптері, құндылық бағыттары. Дүниетаным қоғамдық және жеке адам санасының ұйтқысы болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыру - тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, қоғамдық таптың жетілуінің елеулі көрсеткіші.

Болашақтағы болмыс шынайылығының тәсілдерін аңғара отырып, дүниетаным өзіне өмірлік қағидаларды енгізеді, адамдардың іс-әрекетінің сипаттамасымен байланыстырады.

147

Дүниетаным қоғамдық сананың жалпы және жоғарғы түрі болып табылады. Ол өз түрлеріне тән бірнеше элементтерден қалыптасады (философия, ғылым, эстетика, мораль, т.б.) Осылардың ішінде философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен рөл атқарады.

Философиялық көзқарастар мен сенімдер бүкіл дүниетаным жүйесінің негізін құрайды. Философияның өзі таным қызметтерінің ұтымды-ұғымды мәнерін және дүниетаным бағдарын негіздейді: ол ғылыми деректер мен тәжірибе жиынтығын теориялық тұрғыда ұғындырады және шындық бейнесін объективті және тарихи тұрғыда айқындауға ұмтылады.

Ғылыми білім дүниетаным жүйесіне ене отырып, адамды қоршаған әлеуметтік және табиғи орта шындығына бағыттау мақсатында, сондай-ақ шындыққа қатысты тиімділікке, адасулар мен ескілік көзқарастардан арылуға қызмет етеді.

Адамгершілік қағидалар мен өлшемдер адамдардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын реттеуге және эстетикалық көзқарастармен бірге қоршаған ортаға қарым-қатынасын анықтауға, іс-әрекет түрлеріне, мақсаттары мен нәтижелеріне қызмет етеді.

Білімнің, тәжірибенің және көңіл-күй бағамын жалпылай отырып, адамның қоғамдық тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерін бейнелейді, тұлғаның дүниетанымдылығы мен тарихи айқын жүйенің бүкіл өмірлік және іс-әрекетінің бағытын анықтайды.

Егер дүниетаным ақиқат дүние дамуының объективті тенденциясының дамуын бейнелесе, адам ойлауының және қоғамның, табиғаттың заңдарын ғылыми тұрғыда тануға негізделсе, онда ол барлық адамзаттың қызығушылығының және ақиқатты өзгертудің күшті құралы болып табылады.

Дүниетаным когнитивтік танымдық көзқарас тұрғысынан сипатталса, онда ол объективті дүниені соншалықты дұрыс және терең бейнелейді, ол шын және жалған, ғылыми және діни, материалистік және идеалистік түрде болуы мүмкін.

Ғылыми дүниетаным объективті нақты болып табылады (шынайы, материалистік). Ғылыми дүниетаным дүниенің ғылыми бейнесіне, ғылыми талдаулар негізінде жасалған қорытындылар мен негіздеулерге және табиғи және қоғамдық құбылыстардың дамуын сипаттайтын, себеп-салдарын теориялық ұғынуларына сүйенеді.

148

Ғылыми дүниетаным алдын ала көрудің, сол және одан басқа да құбылыстардың, процестердің дамуын және оларды саналы түрде басқаруға мүмкіндік береді.

Барлық берілген ғылымдарға дұрыс түсініктемені тек қана диалектикалық және тарихи материализм береді, яғни адамды танымды дұрыс танып білумен мен әлеуметтік өмірдің және табиғи құбылыстардың өзгерістерімен қаруландырады.

Ғылыми дүниетаным негіздеріне сыртқы қоршаған ақиқат дүниеге бағдарлауы, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзінің өмір сүруінің маңыздылығын түсінуі, өз өмірін саналы түрде құруға деген терең әлеуметтік қажеттіліктері жатады.

Оқушылардың ғылыми дүниетанымы ғылыми-философиялық білімдерді, қазіргі ғылыми жаңалықтарды, сонымен бірге шынайы дүние танымдарының жалпы әдістер жүйесін, шынайы дүниені түсіндіру деректерін, әдіснаманы бір ізділікпен меңгеру нәтижесінде қалыптасады.

Қоғамның, ойлаудың, табиғаттың даму заңдылықтары және мәнін түсіндіруші дүниетаным идеяларының жиынтығы оқушылардың дүниетанымында көзқарас, сенім, ұсыныс, болжам, аксиома, жетекші идеялар, әр түрлі жаратылыс және қоғамдық процестерді, құбылыстарды түсіндіре отырып, ғылыми негізін құраушы сол және басқа ғылымның нақты ұғымдары ретінде бейнеленеді.

Ғылыми дүниетаным негізіне дүниені түсіну, дүние туралы белгілі ғылымдардың жиынтығы жатады. Дүниетаным тек қана білімді меңгеру процесінде ғана емес, сонымен бірге ғылыми емес, қарапайым көзқарастарды жеңу нәтижесінде қалыптасады. Ол қоғамның жаңаруына, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары дамуына сәйкес жетілу үстінде. Өмірді жақсартудағы жаңа ғылыми деректер, қоғамдық және жаратылыстану ғылымындағы ашулар, жаңа қоғамдық тәжірибелер толықтырылуда, нақтылануда, бұрыннан қалыптасқан көзқарастар және ойлау стеротиптері өзгеруде.

Аксиологиялық (құндылық) көзқарас тұрғысынан оқушылардың дүниетанымы оның іс-әрекетіне байланысты сипатталады; ол оптимист немесе пессимист, белсенді шығармашыл немесе баяу мазмұнды болуы мүмкін.

149

Оқушылардың дүниетанымын психологиялық тұрғыдан сыртқы дүниенің оның санасында бейнеленуінің жалпы жүйесі ретінде емес, меңгерген ғылыми түсініктер, өлшем, баға жүйесі ретінде, сонымен бірге психикалық іс-әрекет - өзінің тәрбиесінде және дүниеге деген өзінің қатынасын реттеу үшін дүниетанымдық мақсатта, бұл бейнелерді пайдалануға бағытталған - іс-әрекет пен қабылдаудың таным операциясы жүйесі ретінде қарастыру қажет.

Г.Е.Занесскийдің пікірінше «Бұл психикалық іс-әрекет ерекше. Бұл әлеуметтік бағдарлау процесінде «Мен - бейнені» іске асырушы қызмет атқарады. Басқа әр түрлі заттармен салыстырғанда инвариант бола отырып «дүниетанымдық» іс-әрекет, мақсаты, мотивациясына және операциялық механизмінің құрамы бойынша өзіне тән ерекшелігі болады. Оны іске асыру әлеуметтік бағдарлаудағы жеке әдісті қалыптастыру болып табылады, яғни қоғамдық тәжірибенің ғылыми білімдер жүйесіне белгіленген және жеке

тұлғаның әлеуметтік талаптар мен күтілулеріне, тәрбиесіне мақсатты түрде бағытталуына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

«Дүниетанымдық іс-әрекеттің» қызығушылығы жеке тұлғаның саналы түрде өмірге, дүниеге деген өзінің қатынасын құру қажеттілік талаптары және оның эмпирикалық немесе эмоциональдық негіздегі ғана емес тәртібі, бірақ ғылыми дүниетаным мазмұнына сүйенуі болып табылады.

Әлеуметтік бағдарлаудың әдісі танымдық әрекеттердің жалпылау жиынтығы деп түсіну қажет, нақты қоғамдық оқиғаларға, құбылыстарға қалай қарау керек екені жайлы мәселердің шешімін қалай орындау жолдары? Егер ол пайдалы болса, оны мәнді деп ойлауға бола ма және егер «иә» десеңіз оны қандай мақсатта, қалай пайдалану керек және егер ол зиянды болса қалай жоюға болады?

Дүниетанымның негізгі қызметтері: ақпаратты-бейнелі, бағдарлы-реттеуші және бағалау болып табылады (И.Ф.Харламов)

Дүниетанымның ақпаратты-бейнелі қызметтері қоршаған ортадағы оқиғалар мен құбылыстарды қабылдау тәсіліне және оның адам санасында бейнеленуіне байланысты. Дүниетаным призма рөлін атқарады, яғни барлық сыртқы әсерлер сыну арқылы өтеді.

150

Дүниетанымның бағдарлы-реттеуші қызметі адамның тәртібі мен іс-әрекеті арқылы оның санасымен, көзқарасын және сенімін анықтауға байланысты болып келеді. Егер адамда сол және одан басқа да дүниетаным қалыптасса, онда ол адамда тұрақты көзқарас пен сенім жинақталады, яғни ол олардың іс-әрекеттері мен қылықтарын анықтайды.

Дүниетанымның бағалау қызметі адамды қоршаған орта құбылыстарын, оның өз көзқарастары мен сенімдерін бағалаудан шығады немесе басқаша айтқанда өз дүниетанымы болады.

**Дүниетанымның құрылымы.** Тұтас-психикалық білім ретінде дүниетаным - күрделі де көп аспектілі құрылым. Оның өзегі -теоретикалық ойлау, жоғары интеллектуалды сезімдерді білдіру, саналы мақсатты ерік-жігердің дамытан қабілеттілігімен үйлесімді көзқарастар мен сенімдер. Көзқарастар - адамның қол жеткізген идеялары, білімдері, теориялық тұжырымдар мен болжамдар ретінде қабылдаулары. Олар табиғат пен қоғам құбылыстарын түсіндіріп, адамның мінез-құлық, іс-әрекет пен қатынастардың бағыт-бағдары қызметін атқарады.

И.Ф.Харламов айтқандай әр адамның дүниетанымдық көзқарастары ұзақ, күрделі интеллектуальдық іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Ал көзқарастар болса өз кезегінде оның рухани мәдениетінің, оның "Мен" деген сезімінің мәнісін ашып, оның өмірлік ұстанымдарының, ар-ожданының негізін құрайды. Сенім - көзқарастардың сапа жағынан мейлінше жоғары күйі. Сенім білім сияқты объективті дүниенің субъективті көрінісі, адамдардың ұжымды жеке тәжірибесін меңгергенінің нәтижесі. Сенім әлде бір "білетін" немесе "түсінетін" емес, ол - жеке тұлғаның ішкі ұстанымдарына айналған білім.

Қазіргі уақытта сенім дүниетанымның өзегі "бастапқы", "элементарлық кереге көзі" болып табылады деген ережені терең негіздеу деп санауға болады.

Сенім дүниетанымның ұйтқысы дегенді әлеуметтік және педагогикалық маңызы жағынан бағалау қиын. Олардың адамның өмір жолын анықтаудағы, мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі әрбір педагогқа, әрбір оқушыға түсінікті болуы керек. Тек меңгерілген білім ғана емес, ал сол сенімнің өзі адамды белсендіретін шынайы күш, оны жетілдіретін анық қылықтар, 151

қолжеткізген білімі және солар үшін күресу болып табылады (Волков К.Н.).

Сол білім мен ойлар сенімге айналады, ол адамның өзін және әлемді қайта өзгертетін материалдық күшке еніп, әлем мен адамның өзін құрады.

Егер білім дүниетаным жүйесінің басым мазмұндық компоненттері болып саналса, онда сенім білімге және шынайы ақиқатқа деген эмоциональдық-психологиялық қарым-қатынас және адамгершілік маңыздылыққа ие болады.

Дүниетанымның маңызды рөлі психологиялық, әлеуметтік-психологиялық және эмоциональдық кездері болып табылады және олар адамның мінез-құлқы мен көңіл күйін анықтайды, соңында іс-әрекетке дайындайды. Тек сенім білім арқылы өсетін жеке тұлға белсенділігінің негізгі көзі болып табылады.

Реттеуші қызмет атқара отырып сенім жеке тұлғаның тұтас рухани, құндылық бағыттарын, мақсат-мүдделерін, тілек-қажеттілігін, сезім мен қылықтарын анықтайды. Олар қоғамдық мақсат-мүдделердің объективті талаптарынан, адамның танып білген қажеттілігіне сәйкес әрекеттен туындайды. Сенім жеке тұлғаның қазіргі уақытта іс-әрекетін басшылыққа алып, оның болашақ өмір жолын анықтайды. Сенім - жеке тұлғаның өз құндылық бағыттары мен көзқарастарына сәйкес қызмет-әрекет етуге итермелейтін саналы қажеттілігі. Адамның сенім жүйесі -оның дүниетаным көрінісі. Сезім - сенімнің үйлесімді қасиеті. Сенімді өмірде басшылыққа алу таным қуанышы мен ақиқат шындығының, сұлулыққа эстетикалық сүйсіну мен оған берілгендік, әлеуметтік оптимизм мен мақсаттылық сияқты интеллектуалды сезімдермен байланысты.


Қажымас ерік-жігер - дүниетанымның маңызды элементі. Сенім адамды іс-әрекетке итермелейді. Ғылыми дүниетаным теориялық санамен шектеліп қана қоймай, тәжірибеде сана мен жігерді іс-әрекетпен біріктіреді. Дүниетаным элементі ретінде теориялық ойлау дегеніміз - адамның білімдерді, болмыстың құбылыстарын шығармашылық түрде түсініп-ұғыну, дүниетанымды мейлінше жетілдіру, ерік-жігерді сенімді іске асыруға бағыттаудың қабілетті.

Сенім мен идеал адамның өмірлік мақсаттары ретінде дүниетанымның ең маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

152

Сананың мазмұны сенім сипатына ие болған жағдайда дүниетанымға айналады.


Осыған байланысты тұлғаның дүниетаным феномені -тұлғаның интеллектуальды және эмоциональды- ерік сипатын өзіне жинақтаған, әлеуметтік мәдениеттің сол бөлігіне назар аударған, іс-әрекеттің жалпы бейнесін жоғары деңгейде ерекшелеген іс-әрекетке дайындық. Барлық жоғарыда айтылғандарды төмендегі 1-суреттен байқауға болады:



Сурет 1. Дүниетанымның жалпылау құрылымы

Л.И.Божович ұсынысы бойынша жеке тұлғаның дүниетанымы - салыстырмалы түрде кеш келетін құбылыс, ол жеткіншек шақта пайда болатын, жалпы тәрбиелік бағыттылық, дүниетаным мен дүниені сезіну жүйесі болып табылады.

**Жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымының қалыптасуының заңдылықтары.** Оқушылардың ғылыми дүниетанымы тұтас педагогикалық процесте қалыптасады. Дәл осы жерде ғылыми білімдерді меңгеру жүйесі мен оларды тәжірибеде пайдалану, бұрынғы кездегі мәдени мұралармен, қазіргі ғылым негіздерімен оқушыларды қаруландыру құралы болса, дүниетанымдық білімдерді терең сенімге айналдыру оқушылардың іс-әрекет және мінез-құлық принциптеріне айналады, қоғамдық бағыттарын анықтайды, іс-әрекетке дайындығын және өмірлік ұстанымын қалыптастырады.



**Сурет 2. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру процесі.**

Маңызды педагогикалық мәселелердің бірі болып оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға байланысты оқушылардың сенімдері мен өзіндік көзқарасының заңдылықтарын ашу.

Ғалымдардың көзқарасы бойынша табиғат және қоғам туралы ғылыми білімдерді меңгеру - ғылыми дүниетанымды қалыптастыру негізінің маңызды шарты болып табылады.

Бірақта табиғат пен қоғам дамуының заңдылығын білу жеткіліксіз. Саналы көзқарас, сенім ойдың болмауы адамда формальды түрде деректерді меңгеруге және дүниетанымдық сипатты жалпылауға әкеп соғады. Тек қана білімді «аудару» және өзіндік сезінген тәжірибесін, әр түрлі іс-әрекеттерден қамтылған тұрақты көзқарастарын, негізіне тұлғаның идеялық мақсаты жататын сендіру және идеалынан тұрады. Олардан адам мінез-құлқына бағыттайтын дүниетаным пайда болады.

Білімді аудару тұрақты сендіру, мінез-құлық мотивтері, принциптері болатын, тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың шарты болып табылады.

Педагогтар мен психологтардың зерттеулері бойынша білім оқушылардың іс-әрекетінің басты нәтижесі, олардың бойында теориялық сана мен ойлаудың қалыптасуы болып табылады. Оқу іс-әрекетінің психологиялық

154 мазмұны -іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін, білімдерді меңгеру.

И.Я. Лернер танымдық тапсырмалардың рөлін зерттей келе, оқушылардың өздігінен жетістіктерге жету жолындағы бағдары және білімді пайдалануы сезінуге жол ашады, яғни білімдер сенімге айналу үшін, жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік болып тұрған көзқарастарының жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет дейді (түсінік, баға, өлшем). Оқушылардың жағымды эмоционалдық күйі, олардың жеке тәжірибесіне, әлеуметтік-психологиялық жағдайына сүйенеді.



Бірақта танымдық тапсырмалардың рөлі ғылыми сенімділіктерді қалыптастыру жолында да өз маңызын жоймайды. Танымдық тапсырмаларды бір мезетте қалыптастыру диагностикасы мен сенімнің тәсілі болып қызмет етеді.

Психология-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасай келе, тұлғаның дүниетаным ұйытқысын құру, ғылыми сенімді қалыптастыру құбылыстарының мәселесін мынындай етіп бөлуге мәжбүр етеді:

- объективті мазмұны, маңызды қасиеті бар сыртқы дүние туралы дүниетаным білімі болуы және оны меңгеру;
- олардың мағынасы мен құндылығын түсіну; олардың талаптарынан шығатын міндеттерге, шынайылыққа сенімділік;
- индивидтің қажеттілігі мен қызығушылығын есепке ала отырып, меңгерілген білімді негіздеу;
- құбылыстар мен әлеуметтік фактілерді бағалау және ғылыми талдаудың тәсілдерін меңгеру, білім берудің біліктілігін жаңғырту, адамдардың іс-әрекетін, өмір құбылыстарын, әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да құбылыс фактілерін талдау және бағалау;
- өмірде осы білімдер арқылы басшылық жасай білу ұмтылу;
- белсенді іс-әрекетке субъект ретінде дайындық (шешім қабылдау, іс-әрекет жоспарын жасау және негіздеу, бағалау, қабылданған шешімнің дұрыстығын дәлеледеу).

155

Білімді сенімге айналдыру және дүниетанымды қалыптастыру тұлғаның жалпы бағытта қалыптасуымен яғни іс-әрекет қарым-қатынасының жүйесімен тікелей байланысты. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей баланың жеке тұлғасы оның жүйеде алатын орнымен, жеткілікті адами қарым-қатынаспен, соның ішінде өмірде қойылатын талаптардың дәл сол кездегі психологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады.

Дәл осы сәйкестіктен баланың қажеттілігі мен тілегі, мақсаты, ұмтылысы туындайды және сол арқылы жаңа психологиялық сапаларының қозғалыс күші дамиды. Өмірдің шарты оқушы жеке тұлғасының қалыптасуын тікелей анықтамайды, ал оның тәуелділігі сонда, өзара қатынасымыз бен әрекеттерімізде осы шарттармен оқушының өзі болады.

Оқушының дүниетанымын қалыптастыру мінез-құлқының ең маңызды қозғаушысы болып табылады, оның іс-әрекетінің себеп-салдарын анықтайды

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру іс-әрекеті жетістігінің маңызды шарты тәжірибелік іс-әрекеттер мен сенімдер, білім бірлігімен қамтамасыз етілген педагогикалық процесс болып табылады. Бұған тек қана педагогикалық процесте «логикалық тізбені» ойластырғанда және іске асырғанда ғана жетуге болады. Ол жүйелер: танымдық көзқарасы бар білім жүйесі, зерттеліп жатқан фактілерге, құбылыстарға тұлғалық қарым-қатынас,

тәжірибеде ойластырылған және алынған жеке іс-әрекеттік жоспардағы білім.

Адамдардың көзқарастары мен сенімдері әрқашан уақытта жеке тәжірибеде ойластырылған. Тәжірибе негізіне сүйене отырып, олар жеке тұлғаның діни әлемін, оның қажеттілігін, сезімін, мінез-құлық мотивін анықтайды, сонымен қатар тек қана оқушылардың танымына, сезіміне, еркіне әсер етеді, бірақ мінез-құлық және іс-әрекет тәжірибесінде оған белгіленген әлеуметтік-мәнділігін анықтауды және жинақтауды ұйымдастырады.

Г.Н.Филонов бойынша тұлғалық іс-әрекеттік тұрғыдан оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруды төмендегідей қарастырады:

шынайы дүниені жеке тұлғаның рухани-тәжірибелік тұрғыдан меңгеру негізіндегі іс-әрекетін мойындауы және оның адам санасындағы адекватты бейнеленуі;

156

- тұтастықтың жеке тұлғаның интеллектуальдық эмоциональды-еріктік және іс-әрекет тәжірибе саласына әсерін іске асыру;  
жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру жүйесінде тәрбие процесін дараландыру, еңбек және оқытуда жеке тұлға мен ұжымның өзара әсерінің органикалық біртұтастығы;

Оқытудың өмірмен, еңбекпен, тәжірибемен тығыз байланысына негізделген іс-әрекет тәжірибе факторының белсенді қызметі оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың міндетті шарты.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру процесінде мысалы, оқушының ішкі позициясындағы бұрын қалыптасқан және қалыптасып отырған әрекеттің арасында, оған деген мұғалімнің қойып отырған талабымен және оны орындаудағы дайындық деңгейі арасында қарама-қайшылықтар туындауы мүмкін. Өз уақытында пайда болған қарама-қайшылықтың көзін және сипатын ашу керек, тәрбие процесінде оны жеңу жолдарын анықтау - мұғалімнің басты міндеті.

#### **Дүниетанымды қалыптастырудың жолдары мен құралдары.**

Дүниетанымның қалыптасуы педагогикалық процесс ретінде, объективті түрде әдіснамалық идеялардың реттелген жиынтығын оқушылар игілігіне айналдыруды талап етеді. Оқушылар материалистік диалектиканың мынадай заңдары мен категорияларын игерулері қажет: дүниенің материалдығы мен танымдылығы; қозғалыс - материяның өмір сүру формасы ретінде; материяның бірінші, сананың екінші болуы; қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі; себепті байланыс - болмыстың жалпы заңы; сандық өзгерістердің мөлшерден шығып кетуі мен олардың сапалық өзгерістерге айналуы; дамудың үздіксіздігі мен үздіктігі; себеп пен салдар диалектикасы; құбылыс - мәнділіктің көрінісі ретінде; мүмкіндік пен шындық; практика - таным негізі, ақиқат өлшемі.

Дүниетаным қалыптасуының біртұтас процесі білім берудегі сабақтастық, оқу пәндері арасындағы өзара байланыс арқылы жүзеге асады. Оқыту - оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетімен сипатталады, іс-әрекеттің мақсаты - оқушыларды дамыту, олардың бойында білім, білік, дағдыларды, 157

яғни нақты бір іс-әрекеттің жалпы бағыттық негізін қалыптастыру.

Кез келген аналитикалық-жүйелік іс-әрекеттің нәтижесінде (түсінікте, идеалдарда, теорияларда) білім де, іс-әрекет әдіс-тәсілдері де бар. Бұл танымның әр түрлі жақтары, бірақ бұл процесте ең басты орында білім тұрады. Осының барлығы оқушы бойында білім мен білікке қоса ойлау мен әрекет ете алуды дамытуды талап етеді. Ғылыми білім құрылымында екі деңгей бар: эмпирикалық және теориялық. Олар объективті болмысты көлемірек, тереңірек және толығырақ суреттеуі бойынша ажыратылады. Дүниетаным жекелеген білімдерден емес, заманның талабына сай білімдердің құрылымын қамтитын, әдіснамалық идеялар, теориялар мен принциптер негізінде ұйымдастырылатын жүйе. Оқушылардың меңгерген білімдер жүйесі әрдайым қозғалыста болады, басқа жүйелермен қатынасқа түсіп, оларды пайдалану міндеттеріне сәйкес жалғасады.

Оқыту - оқушылардың ғылыми білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудегі, шығармашылық қабілеттілігінің, дүниетанымы мен адамгершілік-эстетикалық көзқарастарының дамуындағы белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен ынталандырудың мақсатты педагогикалық процесі. Оқыту, адамның іс-әрекетін белгілі бір білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудің саналы мақсаты билеген кезде қызмет-әрекет ретінде жүзеге асады. "Түсініктерді, ұғымдарды, заңдарды оқушылардың басына жаттанды түрде сіңіруге болмайды. Оларды оқушының өзі, мұғалімнің басшылығымен, көмегімен қалыптастыруы қажет. Білім түсініктердің пайда болуы, заңдарды жете түсіну - оқушының ойлау мен іс-әрекетінің белсенді процесі" (М. Н. Скаткин).

Оқу оқушылардың іс-әрекетінің басты нәтижесі олардың бойында теориялық сана мен ойлаудың қалыптасуы болып табылады. Оқу іс-әрекетінің психологиялық мазмұны іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін, білімдерді меңгеру болып табылады.

Білімдер сенімге айналу үшін, жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік болып тұрған көзқарастарының жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет. Оқушылардың жағымды эмоционалдық күйі, олардың жеке тәжірибесіне, әлеуметтік-психологиялық жағдайына сүйенеді.

158

Оқу мен еңбек, қоғамдық іс-әрекет оқушыларды әлеуметтік, жан-жақты ақпаратпен, саяси қарым-қатынас тәжірибесімен қаруландырады. Ол оқушының ішкі жан-дүниесіне, жеке тұлғаның белсенді жасампаздық қажеттілігін дамытады.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1) "Дүниетаным" ұғымының мазмұны қандай?.

- 2) Дүниетаным құрылымы қандай?
- 3) Оқушының жеке тұлғалық дүниетанымының қалыптасу ерекшеліктерін сипаттаңыз.
- 4) Дүниетаным құрылымындағы сенімнің орнын анықтаңыз.
- 5) Дүниетанымның қалыптасуының негізгі заңдылықтарын сипаттаңыз.
- 6) Оқыту процесіндегі дүниетаным мен оқушылардың іс-әрекеті арасында қандай байланыс бар?
- 7) Адамның сенімі мен оның өмір салты арасында қандай байланыс бар?

### **Әдебиеттер**

1. Философский словарь /Под. Ред. И.Т.Фролова - 5-е изд.-М.: Полит.
2. Залеский Г.Е. Психологические вопросы формирования убеждений.-Изд-во Московского государственного университета – 1982-116с.
3. Харламов И.Ф. Педагогика: Учебное пособие.-3-е издание, перераб. и доп.-М:Юрист,1997.-512с.
4. Актуальные проблемы нравственного воспитания .- Новосибирск:Наука,1987 -243с.
5. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте (Психологическое исследование). М., «Просвещение», 1968.
6. Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. М., 1960.
7. Формирование личности: проблемы комплексного подхода в процессе воспитания школьника Под ред.Г.Н.Филонова.-М. :Педагогика, 1983 .- 256с.

159

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

- 1) Ғылыми дүниетанымның қалыптасуы процесінде тәрбиенің жалпы әдістерінің жүйесін пайдалану қажет екенін дәлелдеп беріңіз?
- 2) "Дүниетаным" ұғымы анықтамасының салыстырмалы кестесін жасаңыз.
- 3) "Қазіргі кезде қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның дүниетанымы" тақырыбындағы ғылыми мақалалардың конспектісін жасаңыз.
- 4) "Дүниетанымның пайда болу және қалыптасуының әлеуметтік-мәдени динамикасы" тақырыбына дерек-мәлімет дайындаңыз.
- 5) Дүниетанымның мәніне қатысты ғылыми әдістемелердің жіктемесін құрыңыз.
- 6) Жеке тұлғаның дүниетанымдық бағдарларының алуан түрлі қатынастар жағдайларындағы қалыптасуының үлгісін жасаңыз.

### **Реферат тақырыптары**

1. Оқушылар дүниетанымының қалыптасуы - мектептің іс-әрекетінің басты бағыты.
2. Педагогикалық ғылымдағы дүниетанымдық түсініктер, көзқарастар мен сенімдердің қалыптасуы мен дамуы.
3. Білім беру процесіндегі оқушылар дүниетанымының қалыптасуы.
4. Сыныптан тыс тәрбиелік іс-әрекеттегі оқушылар дүниетанымының қалыптасу жолдары.

5. Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың ғылыми түсініктерінің қалыптасуының психологиялық мәселелері.
6. Оқушылардың дүниетанымы мен қоғамдық белсенділігінің қалыптасуының ара қатынасы.
7. Дүниетаным қалыптасуындағы мұғалімнің алар орны.
8. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың педагогикалық негіздері.

160

### **2.5. Тұтас педагогикалық процестегі тәрбиенің құралдары, формалары мен әдістер жүйесі**

**Мақсаты:** педагогикалық процестің қозғаушы күші ретінде тәрбиенің құралдары, формалары мен әдістері жүйесінің мәнін ашу.

#### **Міндеттері:**

- а) тәрбиенің құралдары, формалары мен әдістері, түсініктері туралы жалпы сипаттама беру;
- ә) тәрбиенің құралдары формалары мен әдістерін оқу және оқудан тыс уақытта пайдаланудың ерекшелігін негіздеу;
- б) тәрбие әдістерін жіктеудің түрлеу негіздерін сипаттау;
- в) тәрбие әдістерінің негізгі топтарының мәнін ашу.
- г) тұтас педагогикалық процесте тәрбиенің формалары мен әдістерінің өзара байланысын көрсету.

#### **Жоспар:**

1. Тәрбиенің құралдары, формалары мен әдістері туралы түсінік.
2. Тәрбие әдістерінің жіктелуі.
3. Сананы қалыптастыру әдістері.
4. Іс-әрекетті ұйымдастыру мен мінез-құлық тәжірибесін қалыптастырудың әдістері.
5. Ынталандыру әдістері.

**Негізгі ұғымдар:** тұтас педагогикалық процесс, педагогикалық процестің қозғаушы күші, тәрбиенің құралдары, формалары мен әдістері.

**Басқа пәндермен байланысы:** философия, әлеуметтану, психология, этнопедагогика.

#### **Тәрбиенің құралдары, формалары мен әдістері туралы түсінік.**

Мектеп пен жанұяның педагогикалық процесінде оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру жүзеге асады. Педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыру үшін мұғалім оның теориялық негіздерін түсініп, оның мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, құралдары, формалары және әдістерін, тәсілдерін ажырата білуі керек. Құралдары формалар мен әдістер педагогикалық процеске қатысушылардың іс-әрекетінің қозғаушы күші

161

болып табылады, соның арқасында жеке тұлғаның қалыптасуы жүзеге асады (Н. Д. Хмель).

Материалистік диалектика адам табиғатын биологиялық пен әлеуметтіктің (тұқымқалаушылық мүмкіндіктер мен әлеуметтік ортаның) бірлігі деп түсіндіреді. Адам, басқа да тіршілік иесі сияқты, табиғат және қоғаммен

өзара әрекеттестікте болады, оларды өзінше қабылдайды, яғни осы әрекеттестіктің белсенді қатысушысы.

Қоршаған дүниені өзгерте отырып, адам өзін де өзгертеді (К. Маркс). Бұл ретте әр түрлі іс-әрекеттің орны ерекше. Адамның психикасы мен санасы қоршаған ортамен әрекеттестігі арқасында және нақты бір іс-әрекет барысында дамиды. Бұл ретте индивидуумның іс-әрекеті жеке дара емес, басқа адамдардың (ата-ана, мұғалімдер, оқушылар т.б.) іс-әрекетімен тығыз байланыста жүзеге асады. Сондықтан жалпы адамзаттық мәдениетті игеру үшін бала қоршаған ортамен басқа адамдар арқылы әрекеттестікте болуы керек, яғни олармен қарым-қатынас жасауы қажет. Осылайша, іс-әрекет пен қарым-қатынас жеке тұлғаның қалыптасуының ең маңызды шарты болып табылады. Педагогикалық ықпал етудің амалдары да осылар.

Педагогикалық ықпал ету тәсілдері дегеніміз жеке тұлғанын қоршаған ортамен мақсатты әрекеттестігін ұйымдастыруға жағдай жасау. Сондықтан педагогикалық құралға жеке тұлғаның әрекеттестік жасайтын ортасы (табиғи, әлеуметтік, материалдық, рухани) және осы әрекеттестікті ұйымдастыратын іс-әрекеттің түрлері (қарым-қатынас, таным, ойын, еңбек, т.б.) жатады.

Педагогикалық құралға қатысушылардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасы педагогикалық ықпал ету арқылы жүзеге асады. Оқу-тәрбие процесінің субъектілері-әрекеттестігінің формалары мен әдіс-тәсілдер арқылы шешілетін белгілі бір мақсаттары мен міндеттері, тиісті мазмұны бар, логикалық тұрғыдан аяқталған, белгілі бір уақыт аралығындағы педагогикалық процесс.

Ұйымдастыру формалары тұтас педагогикалық процеске қатысушылардың қарым-қатынасы мен әрекеттестігінің тәсілі ретінде де қарастырылады. Педагогикалық процестің ұйымдастыру формаларын былай жіктеуге болады:

- қатысушылар құрамы (жеке даралық, шағын топтық, топтық, ұжымдық, жаппай);

162

- тұтас педагогикалық процестің оқу жұмысында қолданылуы (сабақ, семинар, факультатив, экскурсия);

- таным іс-әрекетінің сыныпта және сыныптан тыс уақыттағы байланысы (бірлесіп жасайтын жұмыс, аз топпен жұмыс, білімді тексеру, оқу жағдайындағы кездесу т.б.)

- оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекеті кезіндегі өзара әрекеттестігі (ертеңгілік, пәндік кеш, конференция, олимпиада т.б.).

Тұтас педагогикалық процесті ұйымдастыру формалары әдістер мен әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Тәрбие әдістері дегеніміз тәрбие мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған тәрбиеші мен оқушының өзара байланысты іс-әрекеті. Педагогикалық процеске қатысушылардың тәсілдері мен нақты әрекеттері, оқушылардың белсенді іс-әрекетінің ынталануы тәрбие мақсатына бағытталуы керек. Тәсіл деген де ұғым бар. Әдістемелік тәсіл


дегеніміз әдістің жеке көрінісі. Әдіске қарағанда ол бағыныңқы сипатта болады.

Формалар, әдістер, тәсілдер сияқты ұғымдар шынайы педагогикалық процесте өзара тығыз байланыста болады. Біріншіден, олар бір-біріне тәуелді (формалар мен әдістер, әдістемелік тәсілдер құралдар арқылы жүзеге асады); екіншіден, күнделікті тәжірибеде олардың арасында белгілі бір айырмашылық жоқ. Тәрбие әдістері мен тәсілдері әрқашан бірін-бірі алмастырып отырады: кей жағдайларда әдіс тәсілге айналады.

Педагогикалық процестің қозғаушы механизмінің негізгі компоненттерінің өзара байланысы кесте түрінде 1 суретте.

Педагогикалық процестің қозғаушы тетігі сияқты құрал, форма әдістердің оқу кезінде және оқудан тыс кезде қолдану аясына қарай өзіндік ерекшеліктері бар. Оқу процесінде негізгі әрекеттің түрі таным болып табылады. Бірақ іс-әрекеттің басқа түрлері (ойын, қарым-қатынас, еңбек т.б.) оқу кезінде қолданылмасада керісінше әр түрлі іс-әрекет түрлері оқушының тұлғалық интелектісіне ғана әсер етіп қоймайды. Оқу- танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың әдістері мен формалары ойын элементтерімен, өнер құралдарымен, қарым-қатынаспен сабақтасып жатады. Оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы ғана емес, оқушының бір-бірімен өзара қарым-қатынасы педагогикалық технология, ұжымдық танымдық іс-әрекет мысал бола алады.

163



**Суреті. Педагогикалық процесте тәрбиенің формаларының, құралдарының, әдістерінің, түрлерінің өзара байланысы (қозғаушы механизмді жүзеге асыру).**

Оқу әдістері оқыту процесінің негізі болып табылады (мұғалімнің баяндамасы, оқулықпен жұмыс, әр түрлі әңгіме-сұқбаттар, жаттығулар), бірақ олармен қоса мадақтау, көңіл-күй жағдайларын тудыру, сендіру, талап қою және ұялту сияқты ынталандыру әдістері де қолданылады.

Сабақ - оқуды ұйымдастырудың басты формасы. Соңғы жылдардағы педагогикалық технологиялардың дамуы оқыту формаларын айтарлықтай

байытуда: конференциялар, ғылыми айтыстар, оқуға байланысты кездесулер, пікірталастар көңінен қолданылуда.

Оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруда оқыту мен тәрбиенің барлық амалдары, формалары мен әдістері қолданылуда. Алайда, бұл ретте іс-әрекеттің барлық түрлері кеңінен қолданылады: танымдық (үйірмелер, факультативтер, оқушылардың ғылыми қоғамдастықтары), еңбек (өз өзіне қызмет ету, еңбек десанттары, әр түрлі мектеп бизнесі), ойын (танымдық, спорттық, іскерлік), эстетикалық (студиялар, мектеп театрлары, фестивальдар). Іс-әрекеттің барлық түрлері қарым-қатынас арқылы жүзеге

164 асады. Бұл іс-әрекеттер барысында мұғалім оқушылардың санасы, сезімі мен ерік-жігерінің қалыптасуына, олардың мінез-құлқы мен тіршілік әрекетін ұйымдастыруға әсер ететін тәрбие әдістерін қолданады.

Тәрбие әдістері, әсіресе ынталандыру әдістері, сыныптан тыс жұмыспен қоса оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда да кеңінен қолданылады (әр түрлі мадақтаулар, жарыстар). Олар оқушылардың танымдық тілек-қалаулары мен қажеттіліктерінің дамуына әсер етеді. Оқыту әдістері ақпаратты игеруге, жалпы оқу және арнайы сипаттағы білік пен дағдыларды (оқу пәндері бойынша біліктерді) қалыптастыруға бағытталған.

Оқыту мен тәрбие әдістері, өзінің арнайы қызметтері бола тұра (оқыту міндеттері, тәрбие міндеттері), тұтас педагогикалық процесте бірлікте қолданылады.

**Тәрбие әдістерінің жіктелуі.** Педагогикалық әдебиеттер мен тәжірибеде тәрбие әдістерінің көптеген түрлерінің сипаттамасын кездестіруге болады. Тәжірибеде мақсат пен нақты жағдайларға сай әдістерді таңдап алу қиын. Сондықтан оларды тәртіпке келтіру, яғни жіктеу қажет.

Жіктеу - арнайы белгілері арқылы құрастырылған жүйе. Әдістерді жіктеу олардың жалпы және өзіне тән, маңызды мен кездейсоқ, теориялық пен тәжірибелік жақтарын анықтауға көмектесіп, оларды дұрыс таңдап, нәтижелі қолдануға әсер етеді.

Жіктеуге сүйене отырып, мұғалім әдістер жүйесін түсініп қана қоймай, әр түрлі әдістер мен олардың түрлерінің қызметі мен өзіне тән ерекшеліктерін де жете түсінеді.

Көптеген зерттеушілер әдістерді жіктеуде мына қағидаларға сүйенеді:

- жеке тұлға іс-әрекет нәтижесінде дамып, қалыптасады;
- оқушыларды тәрбиелеу процесі - өте күрделі іс-әрекет, оның негізі- өз санасы, сезімдері, дүниеге, адамдарға, өз өзіне деген қатынасы, күрделі ішкі дүниесі (мотивтері, тілек-талаптары, ынтасы), өзінің ұйымдасқан және ұйымдаспаған тәжірибесі бар өсіп келе жатқан адам;
- жеке тұлғаның қалыптасып келе жатқан қасиеттері құрылысы жағынан күрделі.

Адамгершілік, эстетикалық және басқа қасиеттер сезімдерден, санадан (түсінік), сенімдерден, әдеттерден тұрады.



Осы қағидалар бойынша кей әдістер, көп жағдайда, мотивтерге, мақсаттарға, қатынастарға, мағұлматтарға, түсініктерге, пікірлерге әсер етеді, ал енді кейбіреулері мінез-құлықтың қандай да бір түрін қалыптастыратын әдеттерге ықпал етеді, ал басқалары балалардың мінез-құлқын реттейді. Қазіргі уақытта тәрбие әдістері мінез-құлыққа негізделген, мотивтік-мақсатты мазмұнды, процессуалдық жақтарын біріктіретін бағыттылық-интегративтік сипаттамасы негізінде жіктеу объективті және ең ыңғайлысы болып есептеледі (Т.И. Щукина). Осы сипаттамаға сәйкес тәрбие әдістері үш топқа бөлінеді:

- жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері;
- іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру әдістері;
- мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістері.

Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістеріне: түсіндіру, баяндау, сендіру, насихат, әңгіме, лекция, этикалық әңгіме нұсқау беру, пікір сайыс, баяндама, дебат, үлгі жатады.

Іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру әдістеріне: жаттығу, едеттену, педагогикалық талап, қоғамдық пікір, тапсырма, тәрбиелік ситуация (сюжеттік рольдік, іскерлік) ойындар.

Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістеріне:жарыс, мадақтау, жазалау жатады.

**Сананы қалыптастыру әдістері.** Бала тәрбиелеу оның дүниеге келген сәтінен басталады. Бірақ әлеуметтік тәжірибені саналы түрде меңгеру кешірек қалыптасады. Дұрыс ұйымдастырылған тәрбие тәрбиеленушінің тәрбие барысында қалыптасуға тиіс мінез-құлық ережелерін игеруіне ықпал етеді. Бала белгілі бір қасиеттің мәнін түсінбейінше, оны баланың бойында тәрбиелеу мүмкін емес. Жеке тұлғаның қасиеттерінің мәнін түсіне келе баланың жас ерекшеліктеріне қарай өзіндік көзқарастары, түсініктері, сенімдері, мұрат-мақсаттары қалыптасады. Бұл міндеттерді шешу үшін «Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері» деген әдістер қолданылады. Бұл топтағы әдістердің сезімдерді, көңіл-күй эмоциясын қалыптастыруда маңызы зор. Егер оқушылар педагогикалық әсерге жауап бермесе, жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жүзеге аспайды. Оқушылардың тәрбие мазмұнына сай іс-әрекетке белсенді түрде араласу қажеттілігі болған

166 жағдайда ғана алға қойылған мақсат орындалады. Осылайша, жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері оқушыларды алған білімдерін күнделікті тәжірибеде белсенді қолдануға, яғни мінез-құлық әдеттерін қалыптастыруға дайындайды.

Белгілі бір әдеттерді қолданудың қажеттілігін түсіну тәрбие процесінде әр түрлі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ескі мектепте, мысалы, бұл үшін ғибратты әңгімелер, нақылдар, мысалдармен қоса оқушыларға қажетті білімді жеткізудің басқа да жанама және көркем тәсілдері кеңінен қолданылған қорытындыны оқушылардың өздері жасауы тиіс. Қазіргі мектепте ықпал етудің дәстүрлі тәсілдері (талап қою, насихат, нұсқау) жиі

қолдануда. Бұндай әдістердің нәтижесі өте төмен. Тәжірибесі мол тәрбиешілер өз жұмыстарында ұмыт болған адамгершілік-имандылыққа, Крыловтың мысалдарына, Абайдың қара сөздеріне, халық педагогикасының амал-тәсілдеріне көптеп сүйенуде. Этикалық тақырыптағы әңгімелер, түсіндірмелер, түсініктемелер, лекциялар, этикалық әңгіме-сұхбаттар, ақыл-кеңестер, иландыру, сендіру мысалдар кеңінен қолданыс табауда.

Осы топтағы әдістердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен қолдану аясы бар. Сырттай оңай болып керінгенімен, олардың әрқайсысы мұғалімнің жоғары білімін талап етеді. Олар жүйелі түрде, бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Сөз бен сезім арқылы әсер ету әдістерінің ең күрделілерін қарастырайық.

Этикалық тақырыптағы әңгіме көбінесе, төменгі және орта сыныптарда қолданылады. Бұл дегеніміз адамгершілік мазмұны бар деректер мен оқиғаларды әсерлі де қызықты етіп айту. Жақсы әңгіме оқушыларға мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын түсінуге көмектеседі, сезімге әсер етіп, әңгімедегі оқиғаларға деген оқушылардың оң не теріс қатынасын қалыптастырады.

Этикалық тақырыптағы әңгіменің нәтижелі болуы мынаған байланысты:

- әңгіме мазмұнының оқушылардың жас ерекшеліктері мен олардың әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес болуы;

- әңгіменің қызықты, әсерлі, түсінікті болуы, онда адамгершілік ой-пікірлермен қоса мысалдардың, жағдайлардың болуы;

167

- әңгімені оқу барысында әңгіме-сұхбаттың жүргізілуі; оқушылардың әңгімені талдауға атсалысып, өздерінің ой-пікірлерін білдіре алулары өте маңызды;

- әңгімеге қоса суреттерді қолдану (бейнелеу өнерінің туындылары, фотографиялар); әңгімені дұрыс қабылдауда музыканың орны ерекше;

- мазмұндама тілінің әдеби сауатты болуы.

Этикалық әңгімені қабылдауда бөлме ішінің жабдықталуының да маңызы бар. Жоспарланған әңгімелер жайлы бөлмелерде, оқушылар ешқайда асықпаған еркін жағдайда жүргізіледі. Этикалық әңгімеден кейін оқушылар мазмұны мен көңіл-күйі жағынан өзгеше бір іске (мысалы, спорттық жарыс) кірісіп кетсе, әңгіменің тәрбиелік мәні төмендейді.

Күнделікті тәжірибеде тәрбиелік процесте түсініктеме жиі қолданылады. Бұл оқушыларға сезім мен сөз арқылы әсер ету әдісі. Түсініктеменің әңгімеден өзгеше маңызды белгісі - оқушыларға немесе жеке тұлғаға қандай да бір жағымсыз жағдайлар бойынша әсер ету. Түсініктеменің әдіс-тәсілдері әр түрлі: төменгі сыныптарда «Былай істеу керек» деген сияқты тура пайымдаулар, жасөспірімдермен жұмыс кезінде терең мотивация, белгілі бір адамгершілік ұғымдарының қоғамдық мәніне түсініктеме беру қажет.

Түсініктемені оқушыларға мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын түсіндірудің қажеттілігі туындаған жағдайда ғана қолдану керек. Бірақ мектептегі, көпшілік орындардағы қоқыс тастауға, түкіруге, партаға сурет салуға, дөрекілік жасауға болмайды деген сияқты күнделікті мінез-құлық

нормалары туралы сөз болғанда түсініктемені қолданудың қажеті жоқ. Мұнда үзілді-кесілді талап ету қажет. Түсініктеме қандай да бір жаңа адамгершілік қасиетті, оқушылардың белгілі бір әрекетке деген дұрыс қатынасын қалыптастыру үшін қолданылады. Түсініктеме көбінесе сендіруге негізделеді. Сендіру оқушының психикасына астыртын әсер етіп, іс-әрекеттің мақсаттары мен мотивтерін қалыптастырады. Ол ақыл-кеңес, есіне түсіру, тілек-ұсыныс түрінде қолданылады.

Тәрбие тәжірибесінде түсініктеме мен сендірумен қоса кейде насихат сияқты әдіс қолданылады. Оқушының бойындағы жағымды қасиеттерге сүйену: абырой, ар-намысы мен ұяты сияқты насихатты дұрыс қолданудың 168

алғы шарттарын қалыптастырады. Бұл әдістің педагогикалық нәтижелілігі мұғалімнің беделіне, оның жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты.

Сананы қалыптастырудың аталған әдістерін (әңгіме, түсініктеме, сендіру, насихат) ретсіз қолданғанда ол үгіттеуге айналады. Мұндай жағдайларда олар оқушы бойында қарсы әрекет, мұғалімнің тілегіне кері әрекет ету ниетін оятады.

Этикалық әңгіме-сұхбат дегеніміз адамгершілік мәселелерді мұғалімдер мен оқушылардың бірігіп жүйелі де бір ізді талқылау түрі. Әңгіме-сұхбаттың жай әңгіме мен нұсқаудан айырмашылығы онда мұғалім оқушыларды өз ой-пікірлерін, көзқарастарын, бағаларын білдіруге шақырады. Әңгіме-сұхбат теңдік пен ынтымақтастық негізінде құрылады. Этикалық әңгіме-сұхбаттың мақсаты - адамгершілік түсініктерді тереңдету мен бекіту, білімді қортындылау, адамгершілік көзқарастар мен сенімдер жүйесін қалыптастыру. 5-8 сынып оқушылар тәрбиесінде әңгіме-сұхбаттың алар орны ерекше, өйткені баланың өзіндік ой-пікірлері, көзқарастары мен сенімдері осы жаста қалыптасады.

Этикалық әңгіме-сұхбатқа оқушылардың белсенді қатыса алуы үшін оның жоспары мен негізгі мәселелері оқушыларға алдын-ала беріледі. Баяндамалар алдын-ала дайындалады. Әңгіме-сұхбат кезінде оқушылар жағдайлар бойынша қойылымдар ойнайды. Алдын-ала әдебиеттер тізімі беріледі, оқушылар өмірден немесе әдебиеттерден деректер мен мысалдар жинастырады. Жүргізуші (әдетте сынып жетекшісі) баяндама жасап, әңгіме-сұхбатқа қатысушылар алдына мәселелер қояды, олардың белсенділігін оятады, әр түрлі көзқарастарды тындап, оқушыларға баяндамаларға баға беруді ұсынады, айтылған ой-пікірлерлі толықтырып, түзеп, қортындылайды, әңгіме-сұхбаттың қортындысын шығарады. Әңгіме-сұхбаттың сол әңгіме кезінде талқыланған мінез-құлық ережелерін жүзеге асыра алатын шынайы пайдалы іспен аяқталуы оң нәтиже береді.

Этикалық әңгіме-сұхбаттың нәтижелі болуының шарттары:

- әңгіме-сұхбаттың мәселелік сипатта болуы, яғни көзқарастар мен пікірлер таласы;
- әңгіме-сұхбат тақырыбының күкейкесті, оқушылар тілек-талаптарына сай болуы;
- әңгіме-сұхбат мазмұнының оқушылардың тәжірибесі мен жас ерекшеліктеріне сай болуы;

- әңгіме-сұхбаттын оқушыларды өз ойын жеткізуге, басқалардың пікірін сыйлауға, шыдамдылықпен әрі дәйекті түрде дұрыс көзқарасты қалыптастыруға үйретуі;

- әңгіме-сұхбат лекцияға айналмауы керек (мұғалім ғана сөйлеп, оқушылар тыңдап отырады),

- әңгіме-сұхбаттың жағымды әрі жайлы ортада жүргізілуі; оған әңгіме-сұхбат жүргізілетін бөлменің іші, дауыстың сенімділік ырғағы, оқушылар жауабын ден қойып тыңдау, дұрыс жауаптарды мақтап, дұрыс еместерін сыпайы түрде түзету, орынды айтылған әзіл-сықақ, мазмұнның дұрыс таңдалып алуы жағдай жасайды.

Осындай алдын-ала дайындалған (жоспарлық, бағдарламалық) әңгіме-сұхбаттардан басқа ұжымдағы пайда болған қиыншылықтарға байланысты жоспардан тыс, ауық-ауық әңгіме-сұхбаттар да жүргізіледі. Әңгіме-сұхбаттың ерекше бір түрі әңгіме-экспромт, ол аяқ асты пайда болған жағдайларға байланысты жүргізіледі. Жеке дара этикалық әңгіме-сұхбаттар (көбінесе тәрбиесі төмен оқушымен) жоғары білімділікті талап етеді. Жолдастарының алдында мұндай әңгіме-сұхбат өте қықа болуы қажет, оқушының абыройы тапталмау керек. Мұндай әңгіме-сұхбатты сырласу ретінде жүргізу нәтижелі болады. Егер оқушы өз кінәсін түсінсе, әңгіме-сұхбаттың қажеті де жоқ. А.С. Макаренко мұндай амалды кейінге қалдырылған әңгіме-сұхбат деп атаған.

Пікірсайыс-сананы. сенімді, мақсат-мұраттарды, құндылық бағыттарды қалыптастырудың күрделі әдісі. Пікірсайыс дегеніміз оқушыларды толғандырып жүрген тақырыптар бойынша әр түрлі пікірлерді қалыптастыратын пікірталас. Пікірсайыс орта және жоғарғы сыныптарда адамгершілік, саяси, экономикалық, экологиялық, эстетикалық тақырыптарда жүргізіледі.

Пікірсайыстың тақырыбы тыңдалып алынғаннан кейін, өзіндік пайымдауды қажет ететін 5-6 сұрақ белгіленеді. Пікірсайысқа қатысушыларды осы сұрақтармен тыныстырып (сыныпта немесе мектеп қабырғасына іліп қойып), әдебиеттер ұсынылады. Пікірсайыстағы баяндама еркін әрі қызу болуы қажет. Пікірсайыс жүргізушісі қызметін, әдетте мұғалім атқарады, бірақ ерекше дайындығы бар оқушылар да жүргізуші бола алады.

170

Пікірсайыс кезінде мұғалім оқушылардың айтысын бағыттап, олардың ойларын тәртіпке келтіріп, дәлелге сүйенуге үйретеді. Мұғалім оқушылардың пікірін зер салып тыңдауы керек. Пікірсайысты жекелеп өткізгеннен гөрі, оқушылармен бірігіп оқу жылы бойы өткізілетін айтыстар тізімін жасап алған дұрыс.

Соңғы жылдары мектептерде айтыстың, ізденістің, мәселелерге жауап берудің пікірталас сияқты формасы кеңінен қолданынуды. Пікірсайыс ерекшелігі пікірталастарға оқушылар топтары қатысады. Олар алдын-ала баяндамалар дайындайды, онда өмірлік маңызы бар мәселені шешудің ең тиімді деген жобасы оқушының тілегі бойынша жазылады. Пікірталастардың

жүргізушісі және командаларды бағалайтын қазылар алқасы сайланады. Пікірталастардың бір түрі «Болашақтың қаласы» телекөрсетімдерге кеңінен танымал. Мұндай пікірталас ойын ретінде жүргізіледі (үкімет, спикер).-

Үлгіге негізделген әдіс. Үлгі балалардың, жасөспірімдердің, жастардың қандай да бір үлгілерге еліктеуіне негізделген. Бұл -санасыз еліктеуден саналы еліктеуге, бейнені көшіруден өзіндік бағытын қалыптастыруға, ойын ретінде еліктеуден өмірде шынайы еліктеуге, сырттай еліктеуден іштей еліктеуге ұмтылу. Тәрбие процесінде қолданылатын үлгілер өте көп (ата-ана, үлкендер, жолдастары, әдеби шығармалардың, кино мен спектакльдердің қаһармандары). Беделді, білімді, оқушылармен қарым-қатынасы демократиялық негізде құралған мұғалім де оқушыларға үлгі бола алады. Үлгі тәрбиенің барлық әдістерінде (түсініктеме, әңгіме-сұхбат, пікірсайыс) қолданылады.

**Іс-әрекетті ұйымдастыру мен мінез-құлық тәжірибесін қалыптастырудың әдістері.** Әдет, мінез-құлықтың белгілі бір түрі - оқушылар тәрбиесінің нәтижесі. Жеке тұлғаның тәрбиелілігі оның түсініктері мен сенімдерінен басқа нақты істері мен әрекеттері арқылы көрінеді. Сондықтан іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру тәрбиелік процестің өзегі болып есептеледі.

А.С. Макаренко айтқандай, тәрбиешінің іс-әрекеті дегеніміз, ең алдымен, ұйымдастырушылық іс-әрекет. Әдістердің осы тобы арқылы оқушылар өмірін мінез-құлық, қатынастар, қарым-қатынастар тәжірибесін біртіндеп жинала бастайтындай етіп ұйымдастыруға болады. Бұл іс-әрекет арқылы

171  
әдеттер қалыптасып, жағымды мотивтер дамиды. Оқушылардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру пайдалы істер арқылы жүзеге асады, ол істер барысында оқушылар басқа адамдармен (мұғалімдермен, өзінің құрдастарымен) жан-жақты қатынасқа түседі. Басқа адамдармен ұжымдық қатынас барысында пайда болатын жағдайлар белгілі бір әрекетке, мінез-құлықтың белгілі бір бағытын таңдауға әкеліп, тұрақты әдеттерді қалыптастырады.

Бұл топтың басты әдістерінің бірі - жаттығу, жаттығудың мәні белгілі бір әрекетті автоматты түрге айналғанға дейін қайта-қайта орындау, соның нәтижесінде оқушының жеке тұлғалық қасиетінің өзегі болатын дағдылар мен әдеттер қалыптасалды. Адамның әдеттері адам өмірінде ерекше орын алады. К.Д. Ушинский айтқандай, адамның әдеттерді қалыптастыруға қабілеті болмаса, өз дамуында ілгері жылжи алмайды.

Тәрбие процесіндегі жаттығулар оқудағы сияқты жаттанды болмауы керек, олар саналы түрде орындалуы қажет. Сондықтан жаттығу әдісін түсініктеме мен сендіру әдістерімен бірге қолдану қажет. Жаттығудың нәтижелі болуы оның мақсаттылығы мен жүйелілігіне, түсінікті болуына, мотивациясы мен ынталандыруына, бақылау мен түзетуге, оны жүргізудің орны мен уақытына байланысты. Жаттығу кезінде оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, жаттығулардың жеке дара, топтық және ұжымдық формаларын үйлесімді қолдану қажет.

Оқушы өмірдегі теріс жағдайларда тұрақты қасиет таныта алса, жаттығулар оң нәтиже берді деген сөз. Тұрақты әдеттерді қалыптастыру үшін жаттығуларды ертерек, баланың дүниеге келген сәтінен бастау қажет.

Жаттығуларды орындау барысында талап ету әдісі қолданылады. Бұл әдіс оқушының белгілі бір іс-әрекетіне дем беріп немесе тежеп, тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады. Талап түріне қарай тура және жанама болып бөлінеді. Тура талап етуге бұйрық ету, анықтық, нақтылық тән (балаға түсінікті талаптар). Оқушыларға қойылған талаптар шешімді болуы қажет, онда мұғалімнің оқушының ісі мен тәртібіне деген қатынасы білінеді. Жанама талаптар ақыл-кеңес, өтініш, мақұлдау сияқты түрлері арқылы беріледі.

Жаттығулар мен талаптар ойын формасында жиі қолданылады (рөлдік, сюжеттік ойындар). Жаттығу мен талап етуді қолданудың басты шарты оның

172  
шамасын білу, яғни белгілі бір уақыт аралығында баланың жас ерекшелігіне қарай екі не үш талап қойылады.

Жаттығу түрлерінің бірі - үйрету, дағдыландыру әдісі. Бұл интенсивті орындалатын жаттығулар. Белгілі бір әдетті тез және жоғары деңгейде қалыптастыру үшін үйретуді қолданады. Бұл әдісті көбінесе балабақшаларда, бастауыш сыныптарда балаларға мінез-құлық ережелерін үйрету үшін қолданады.

Жаттығу әдісі тапсырма беру әдісінің негізін құрайды. Мектептегі тапсырмалар әр түрлі болады: сырқат жолдасының көңілін сұрау, кішкентай балаларға ойыншықтар жасау т.б. Мектепте оқу сипатындағы тапсырмалар кеңінен қолданылады: кеңесшінің, мұғалім көмекшісінің жұмысын атқару. Тапсырманың орындалуын тапсырма берген адам (мұғалім, сынып белсендісі) бақылайды. Тапсырманың орындалу сапасы жөнінде көпшілік пікірге сүйенген дұрыс.

Жаттығу мен үйретудің бір түрі - тәрбиелік жағдайлар әдісі. Тәрбие жүйесі педагогикалық жағдайлардан тұрады, ал олар нәтижелі болу үшін мұғалім арнайы жағдайлар құрастырады. Бұл ретте жағдай шындыққа сай болуы қажет. Жағдайдың кез келген түрінде оқушы шешім қабылдай алуы керек. Мұндай жағдайлар жорықтар, экскурсиялар мен ойындар кезінде құрастырылады.

Іс-әрекетті, мінез-құлықтың оң тәжірибесін ұйымдастыру әдістерінің бұл тобы тәрбиенің басқа да амал-тәсілдерімен, түрлері мен әдістеріне байланысты.

Ынталандыру әдістері. Мадақтау мен жазалау - басты ынталандыру әдістері.

Мадақтауды оқушылардың жағымды әрекеттерін қолдау үшін қолданады. Оқушының басқалар елеп мадақтаған жетістіктері қанағаттану, қуаныш сезімін оятып, оның іс-әрекетіне дем береді. Мадақтаудың көп түрі бар: мақұлдау, мақтау, алғыс, құрметке бөлеу, грамотамен, сыйлықтармен марапаттау. Мадақтау әдісін белгілі бір мөлшерде қолдану керек. Орынсыз

және шамадан тыс мадақтаудың тәрбиеге тигізер пайдасынан гөрі зияны көп. Мадақтауды қолдану талаптары:

- жетістіктермен қоса мінез-құлықтың мотивтерін де ескеру;
- мадақтау оқушыны басқа оқушыларға қарсы қоймау керек; белгілі бір жетістіктерге жеткен оқушылармен қоса, берілген тапсырмаларды орындауда

173

еңбекқорлық пен жауапкершілік танытқан оқушыларды да мадақтау;

- оқушылардың жеке ерекшеліктері мен олардың ұжымдағы мәртебесін ескеру, мадақтау жиі болмауы қажет;
- ұжымның пікірін ескеру;
- мадақтау әділ болуы қажет.

Жарыстар ынталандыру әдістерінің қатарына жатады. Бұл әдіс оқушының бәсекелестікке, алда болуға деген табиғи қсында, өзара жарысып қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін игеріп, адамгершілік қасиеттерді дамытады. Жарыстарды ұйымдастыру - оқушылар психологиясын білуді талап ететін күрделі іс. Жарыстың мақсаттары мен міндеттерін алдын-ала анықтап, бағдарламасын құрастырып, оның нәтижелерін бағалаудың шарттары мен көрсеткіштерін қалыптастыру қажет. Жарыстың мазмұны айтарлықтай қиын болып келеді. Мектеп тәжірибесінде көбінесе жарыстар оқу іс-әрекетінің нәтижелері бойынша жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың үй жұмысын жүйелі орындауын, ынта-ықыласын, сабақтағы ескертулердің аздығын, дәптерлердің тазалығын көрсеткіш ретінде алған орынды. Жарыстардың бағдарламаларын, шарттары мен көрсеткіштерін жасауға, оның нәтижелерін бағалауға оқушыларды да қатыстыру қажет. Жарыстағы тартыстың адал әрі ашық болуын қадағалау қажет.

Тәрбие әдістерінің ең көнелерінің ішіндегі жазалау - кеңінен танымал әрі өте қиын әдіс. Қазіргі педагогика мен тәжірибеде оқушыларды жазалаудың мақсаттылығы туралы: жазалаусыз тәрбиеден бастап олардың күрделі түрлерін қолдануға дейін әр түрлі қарама-қайшы пікірлер бар. Қазіргі мектептерде мұғалім мен оқушылар арасындағы қатынастың демократиялануы мен адамгершілікке негізделуі кезінде жазалауды қолдану мәселесі шиеленісуде. Жазалау дегеніміз педагогикалық ықпал ету әдісі, ол жағымсыз әрекеттердің алдын алып, оларды тежеуі қажет, өзінің, жолдас-тары мен басқа адамдар алдындағы кінәсін түсінуге шақыруы тиіс.

Мектеп тәжірибесінде жазалаудың ескерту, ұялту, жиналысқа салу, белгілі бір жеңілдіктерінен айыру сияқты түрлері қолданылады, ал төтенше жағдайларда сабаққа қатыстырмау немесе тіпті мектептен шығару (педагогикалық және оқушылар кеңесі бойынша) сияқты түрлері де қолданылады. Жазалаудың қатаңдығы оқушының кінәсіне байланысты болу керек. Мұғалімнің қолданған жазасы дәйекті болып, ешбір ыза-кексіз немесе

174

қудалаусыз қолданылуы қажет. Ұжым атынан ұсынылған жазалаудың ықпалы артық болады. Жазалауда оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Оқушылар арасындағы келіспеушілік жағдайлар жазалауды қолданудың негізі бола алады. Мұндай жағдайларда кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін анықтап алу қажет. В.А. Сухомлинский айтқандай, оқу-тәрбие жүйесін педагогикалық жағынан сауатты құрастырса, жазалауды қолданудың қажеттілігі болмайды.

Тәрбиенің түрлері мен әдістері өте көп, бірақ оларды тиімді қолдана білу қажет. Педагогикалық тәсілдерді таңдау шарттары:

- қазіргі тәрбиенің мақсаты мен міндеттеріне сай болу;
- оқушылардың жас және жеке дара ерекшеліктерін ескеру, жекелік бағыттылық;
- оқушылардың тәрбиелілік деңгейі;
- тәрбиенің жағдайлары мен шарттары;
- оқушылар ұжымының қалыптасу деңгейі;
- тәрбиелік ықпал етудің түрлері мен әдістерінің өзара байланысы мен жүйесі.

Тәрбиенің түрлері мен әдістерін қолданудың арнайы педагогикалық ұсыныстары жоқ. Педагогикалық процестегі әр түрлі жағдайларды шешудің тура ережелері жоқ, өйткені әрбір оқушының, әрбір ұжымның өзіне ғана тән ерекшелігі бар. «Ешқандай педагогикалық амал-тәсілді, тіптен жалпы қабылданған деп есептелінетін сендіру, түсіндіру, әңгіме-сұхбат, көпшілік ықпалын толығымен пайдалы деп айтуға болмайды. Ең жақсы деген амал-тәсіл кей жағдайларда міндетті түрде ең нашар болып шығады» (А.С. Макаренко).

### **Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1) Тәрбиенің тәсілдері, түрлері мен әдістерінің тұтас педагогикалық процесте алар орны қандай? Оларды неге педагогикалық процестің қозғаушы күші деп атайды?

2) Іс-әрекеттің түрлері (таным, қарым-қатынас, ойын, еңбек) тәрбиелік ықпал етудің амалдары екенін дәлелденіз.

3) «Педагогикалық ықпал ету тәсілдері», «түрлері», «тәрбие әдістері» ұғымдарының анықтамасын беріңіз.

175

4) Педагогикада тәрбие әдістерінің қандай топтары бар? Осы топтар құрамындағы тәрбиенің нақты тәсілдерін атаңыз.

5) Оқушылардың санасы мен мінез-құлқын қалыптастыру әдістерін сипаттаңыз.

6) Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру мен тәжірибесін қалыптастыру әдістерін түсіндіріңіз.

7) Оқушылардың мінез-құлқын ынталандыру әдістерін жіктеңіз.

8) Этикалық әңгіме-сұхбат әдісінің мәнін ашыңыз.

9) Мадақтау мен жазалау әдістерін қолданудың негізгі шарттарын атаңыз.

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1) «Тәрбиенің тәсілдері, түрлері мен әдістері» атты педагогикалық процестің қозғаушы күші элементтерінің сызбасын жасаңыз.



2) Сыныптан тыс шаралардың бір-екеуінің (кеш, КВН т.б.) негізінде тәрбиенің амалдары мен әдістерінің қолданылуыш көрсетіңіз.

3) Орта сынып оқушыларына арналған этикалық әңгіме-сұхбат тақырыптарының үлгісін жасаңыз.

4) Жоғарғы сынып оқушыларына арналған айтыс тақырыптарының үлгісін жасаңыз.

5) Арнаулы әдебиеттерден оқушыларды тәрбиелеудің жаңа педагогикалық технологияларын іріктеп алыңыз.

### **Реферат тақырыптары**

1. Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру - тәрбиенің көрсеткіші.

2. Қарым-қатынас педагогикалық категория.

3. Оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың дәстүрлі емес жолдары.

4. Оқушылар тәрбиесінде халық педагогикасын қолдану.

5. Тәрбиенің әдіс-тәсілдерін таңдау мәселесі.

6. В.А. Сухомлинский (немесе А.С.Макаренко) еңбектеріндегі гуманистік педагогика әдістері.

7. Оқушыларды тәрбиелеуде Абайдың, Ы. Алтынсариннің әдеби және педагогикалық мұраларын пайдалану.

8. Оқушыларды тәрбиелеуде М. Жұмабаевтің педагогикалық мұрасын («Педагогика» оқулығын) пайдалану.

176

### **2.6 Мұғалім мен балалар ұжымының педагогикалық процестегі ынтымақтастығы**

**Мақсат:** педагогикалық процестегі мұғалім мен балалар ұжымының өзара ықпалдастытының ғылыми негіздеріне сипаттама беру.

#### **Міндеттер:**

а) Әлеуметтік ортаның компоненті ретінде балалар ұжымының феноменін негіздеу.

ә) Педагогикалық процестегі оқушылар ұжымын дамытудың мәнін, кезеңдерін және заңдарын анықтау.

б) Тұтас педагогикалық процестегі балалар ұжымының жағдайын зерделеу әдістемесін ашып-көрсету.

#### **Жоспар**

1. Балалар ұжымы және оның даму кезеңдері.

2. Балалар ұжымымен жұмыстар жүргізудегі мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері.

3. Балалар ұжымының жағдайын диагностикалау әдістемесі.

**Негізгі ұғымдар:** ұжым, балалар ұжымы, балалар ұжымы дамуының кезеңдері мен заңдары, оқушылардың өздерін-өздері басқаруы, оқушы ұжымының қалыптасуының диагностикасы.

**Пәнаралық байланыстар:** философия, әлеуметтік психология, әлеуметтану, мәдениеттану.

**Балалар ұжымы және оның даму кезендері.** Жеке тұлға және ұжым мәселелерімен философтар, әлеуметтанушылар, әлеуметтік психологтар, педагогтар айналысуда. Бұл аталған мәселені педагогикалық ғылым мен практиканың шеңберінен әлдеқашан шығып кеткендігінің дәлелі. Ұжымның педагогикалық теориясын дамытуға П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Н.К. Крупская, П.Н. Лепешинский, В.И. Сорока-Росинский, С.Т. Шацкий және т.б. өз үлестерін қосты.

Ұжымдағы жеке тұлға теориясын құрудың негізі А.С. Макаренко еңбектерінде жатыр. Ол ұжымда жеке тұлғаны тәрбиелеудің басты нәтижесі оның қоғамдық бағыттылығы деп есептейді. А.С. Макаренко ұжымның басты белгілерін нақты тұжырымдап берді: ұжым - басқа ұжыммен органикалық байланыста болатын қоғамның бір бөлігі; қоғамдық маңызы бар мақсаттың болуы; ұжым мүшелерінің қызметін ұйымдастыру; ұжым мүшелері арасындағы өзара жауапкершілікті қарым-қатынас орнату; өзін-өзі басқару органдарының болуы.

177

Мектептің балалар ұжымы бастапқы ұжымдардан (сыныптардан) тұрады; осы алғашқы ұжымда-ақ балалар жалпы мақсатын жүзеге асыруға бірігіп қатыса отырып бір-бірімен жақын араласа бастайды. Онда балалардың мүмкіндіктеріне, қызығушылықтарына, қабілеттеріне, құрбыларына деген қарым-қатынастарына қарай әрқайсысының белсенділендіруге жағдай жасалады. Сонымен бірге бұл ұжым өзінің тар мағынадағы мүдделерімен ғана шектеліп қалмай болашақ жоспарларын күрделендіріп, мүдделерін кеңейтуі тиіс. Бұл тек осы алғашқы ұжымдарды қоғаммен байланыстыратын-дай ұжымаралық байланыс жасау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Ұжым проблемасын зерттеушілер қазір оны зерделеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін жасауда. Л.И. Новикова әрбір баланың тұлғалық қасиеттерін жан-жақты дамыту құралы ретінде балалар ұжымын басқарудың барынша тиімді жолдарын зерттеуде. Т.Е. Конникова ұсынған ғылыми бағыт ұжымның басты қызметін оқушының адамгершілік дамуымен байланыстырады. Р.С. Немов, А.Г. Кирпичник өз жұмыстарында балалар ұжымының қызметін жүйелі бағалауға үлкен мән береді.

Қазіргі қоғам жағдайында балалар ұжымы жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды факторы. Оқушы үшін ұжым қоғамның моделі, әлеуметтік орта, оның өмір әрекетінде, пікірлесуде жеке тұлғаның қарым-қатынасында тәжірибесі кеңейіп әлеуметтік рөлдерді менгереді, орнықты, жеке тұлғаның өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі іске асыруы, оны қорғаумен сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.

Оқушылар ұжымы деп мақсатты, әлеуметтік маңызды іс-әрекет негізіндегі оқушылар бірлестігін ұйымдастыру формасын түсінуге болады.

Оқушылардың іс-әрекеті оқу және оқудан тыс уақыттағы іс-әрекет. Балалар ұжымының үлкендер ұжымына қарағандағы ерекшеліктері:

- қоғамдық құндылық пен жеке тұлғаның маңызды мақсатына бағытталған бірлескен іс-әрекеті;
- ұжым мүшелерінің еркін қарым-қатынас жасауы;

- ұжым мүшелерінің бір-бірімен өзара жауапкершілігі және тәуелділігі;
- өзін-өзі сайлау органдарының болуы.

Зерттеушілер балалар ұжымдарының басқада ерекшеліктеріне тоқталған, олардың қатарында тапсырмаларды және рөлдерді бөлудегі тең құқықтық, өзі басқару органдарының болуы, ұйымшылдық, адамгершілік психологиялық ықыластық, тәртіп т.б.

Балалар ұжымы — өте сезімтал аспап, ол тек педагог тұлғасын басшылығымен ғана дамиды (В.А.Сухомлинский). Сондықтан мұғалім 178

ұжымның даму заңдылықтарын, оның даму сатыларын, оқушылардың жеке мүмкіншіліктерін және ұжымда орнықты сезінуін білуі қажет.

А.С. Макаренко балалар ұжымының технологиясының негізгі қағидаларын «Ұстаздық дастанда» келтірген. Оның пікірінше ұжымдағы ұжым мүшелерінің ілгері жылжуы еркін адамдар ұжымының болмыс формасы. Ұжым қоғамның бөлігі болғандықтан ілгері жылжығанда ғана дамиды. Қозғалыссыз ұжым әлеуметтік тұрғыдан дағдарысқа ұшырайды. Ұжым дамуының негізгі заңдылығы — перспективалық бағыттарының болуы оның мәні ұжымының дамуы тек перспектива (мақсат.іс) болса және жаңа перспективалар байқалғанда ғана мүмкін. Балалардың алдында перспективалар тек педагогпен ғана қатынаспайды, олар өздері қызықты, әлеуметтік маңызды істерді іздейді. А.С. Макаренко перспективалық бағыттарды үш топқа бөледі: жақын, орта, алыс перспектива.

Перспективаларды-ертеңгі қуанышты субъекті жүзеге асыру күш-жігерді талап етеді, сонымен қатар мақсатқа жету қуанышына бөліп, ұжым мен оның мүшелерінің қанағат сезімін тудырады. Ұжымның іс-әрекеті арқылы бірте-бірте дәстүр қалыптасады. Олар ұжымда қалыптасқан, оның стилін, құндылық бағыты, мақсатылығы көрсететін салт-сана, тәртіп, мінез-құлық ережелері. Бірлескен іс-әрекеті барысында ұжым мүшелерінің мұғалім, ұжым, белсенділер ықпалында тікелей емес, жанама түрде, оның оқушыға жүйелі әсері тәрбие механизмі арқылы болуы мүмкін. Балалар ұжымында тәрбие міндеттерін шешуде қатынастар жүйесін басқару ұжымның дамуының келесі заңы — параллельді ықпалдар заңы.

Оқушылар ұжымында (ер балалар мен қыздар арасында, белсенділер, микротоптар, лидерлер т.б.) өте күрделі қатынастар кездеседі. Бұл қатынастарды 2 негізгі топтарға жіктеуге болады: жауапкершілікті тәуелділік (іскерлік, ресми) және эмоциональды-психологиялық - тұлға аралық (достық, үнату, жаратпау т.с.с). Ғылыми зерттеу еңбектері көрсеткендей жеке тұлға мен ұжымның арасындағы қатынастардың үш моделі қалыптасады:

1. Жеке тұлға ұжымға тәуелді;
2. Жеке тұлға және ұжым оптимальды қатынасты болуы (И.П.Подласый).
3. Жеке тұлға ұжымды өзіне бағындыруы.

Жеке тұлғаның және ұжымның әртүрлі қатынасы бұл модельдермен шектелмейді. Бұл жағдайда мұғалім жеке тұлғаның даралығын,өзін-өзі көрсете білу қабілетін қалыптастыру үшін балалар арасындағы қатынасты күрделі зерттеп, ұжым мен әр-бір жеке тұлғаның ара қатынасын, білуі қажет.

Ұжым даму заңдылықтарына сәйкес әртүрлі кезендерден өтеді (А.С. Макаренко) олар ұжымға қойылатын талаптармен сипатталады. Әрине, осы кезендердің арасын нақты уақытша бөлімдерге бөлуге болады, өйткені олардың арасында ешқандай шекара жоқ, солай бола тұрса да ұжымды дамытудың негізгі үш кезенінің барлығын педагогтардың дұрыс меңгеруі олардың өздеріне оқушы ұжымын қалыптастыру бойынша істелетін жұмыстарды сауатты ұйымдастыруға көмектеседі.

Оқушы ұжымын дамытудың бірінші сатысы әдеттегідей оқушылардың нашар ұйымдастырылуымен сипатталады, балалар бұл сатыда алғашқы ұжымдарға формальды түрде топтастырылады. Сынып белсенділері болмайды, соған байланысты мұғалім сыныпқа тиісті талаптарды өзі қояды. Бұл мектепке немесе сыныпқа қайтадан келген балалар жинақталған "құрама сынып" оқушылары ұжымының басты ерекшеліктері. Көп жағдайда мұғалім бірге көп жылдар бойы бірге оқып келе жатқан оқушылар ұжымымен жұмыс істейді, бірақ сынып тәртібі нашар, көшбасшылар формальды түрде сайланады, бірақ мұның ұжымдық қарым-қатынасқа ешқандай ықпалы болмайды, яғни жалпы нашар ұйымдастырушылық орын алады.

Бұл кезеңде мұғалім сабақта және сабақтан тыс уақыттарда оқушыларды әртүрлі бірігіп атқарылатын іс-әрекеттерге араластыру арқылы бір-бірін (оқушы мен мұғалім) жақсы танысуға күш салуы тиіс. Сонымен қатар, ұжымның қалыптасуы кезеңінде сынып белсенділері сайлауға, қайта сайлауға дайындалады. Берілетін тапсырмалар кездейсоқтық сипатта болуы мүмкін, сонымен бірге балалардың да мүдделері де ескерілуі керек.

Ұжымды дамытудың екінші кезеңінде талаптарды тек мұғалім ғана емес белсенді топ мүшелері де (параллель) қоя алады. Сабақта және сабақтан тыс іс-әрекеттердің түрлері көбейіп, күрделене түседі. Белсенді топ мүшелері тапсырмаларды оқушылардың мүдделерін ғана емес, ұжым қажеттіліктерін ескере отырып береді.

Әрбір оқушы бұл кезеңде өзін ұжым мүшесі ретінде санап өз әрекеттерінің қоғамдық маңыздылығын түсінуі тиіс. Сонымен бірге оқушылар алға қойылған мақсатты білуі және түсінуі тиіс және сол мақсатқа жетудегі әрбір оқушының рөлі мен қосатын үлесін де білуі керек.

Оқушы ұжымының дамуының үшінші кезеңінде тек мұғалім мен белсенділер мүшелеріне ғана талаптар қойылмайды, сонымен қатар ұжымның әрбір мүшесіне де белгілі бір талап қойылады. Бұл саты қоғамдық пікірлердің ескерілуімен, оқушылардың өз-өзіні басқаруының жоғарғы деңгейде болуымен, балалардың ұжым жұмыстарымен айналысумен


180

сипатталады. Дәл осындай ұжым оқушыларды ұжымшылдыққа тәрбиелеу құралы болып табылады. Бұл жерде әрбір оқушының тұлға ретінде дамуына барлық жағдайлар жасалады.

Ұжымның барлық даму сатыларында мұғалімнің алдында үнемі тәрбиелеу міндеттері тұрады. Оның ішіндегі ең маңыздысы: педагогикалық жетекшілік

пен оқушылардың өз-өзін басқаруын дамытуды қалай бірге алып жүруге болады? (1 суретті қараңыз).

Ұжым дамуының бастапқы деңгейінен жоғарғы деңгейге көтерілуі көп жағдайларда мұғалімнің дұрыс позициясына байланысты.



Сонымен қатар сынып жетекшісінің оқушыларға ұжым дамуының жақын, орта және алыс (А.С. Макаренко) деп аталатын үш көрінісін түсіндіру үшін үлкен жұмыстар жүргізуі қажет.

181

Оқушылар міндетті түрде алыс көрініс қоғам мүшелерінің жеке жоспарларымен байланысты екендігін терең түсінулері тиіс.

**Балалар ұжымымен жұмыстар жүргізудегі мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері.** Балалар ұжымымен жұмыс істеу үшін мұғалімнің белгілі бір кәсіби қасиеттері қажет. Кәсіби маңызды қасиеттер мәнін анықтауға бірқатар ғалымдар (А. Сатынская, В.А.Сластенин, Г.Сманова, К.Успанов және т.б.) көңіл бөлді. Тұтас педагогикалық процесс теориясының негізгі заңдарын басшылыққа ала отырып (Н.Д. Хмель) педагогикалық процестің іске асыруын қамтамасыз ететін тұлғаның салыстырмалы орнықты сапалары мен ерекшеліктер жиынтығын педагогтың кәсіби маңызды қасиеті деп санауға болады. Сонымен, тұтас педагогикалық процестің нәтижелілігі "педагогтар-оқушылар" жүйесіндегі өзара қатынастың, ықпалдастықтың деңгейіне байланысты. "Оқушы" жүйесі үшін педагог тұлғасы қоршаған болмысты пәндендіру арасындағы делдал, ал мұғалім оқушы мен материалдық және рухани құндылықтар арасындағы

делдал болып табылады. "Оқушылар" жүйесінде қарым-қатынас "педагогтар-оқушылар" жүйесінде бар қарым-қатынас салдары ретінде жасалады. Бұл болашақ мұғалімді даярлауда мектептік педагогикалық процестің қызметін жандандыруға мүмкіндік беретін 'кәсіби маңызы бар сапаларды қалыптастырудың неге қажет екенін көрсетеді.

Жоғарыда баяндалғандардың балалар ұжымымен тиімді жұмыстар істеудің тиімділігінің шарттарының бірі ретінде қарастырылатын ұжымшылдық сияқты мұғалімнің жеке қасиеттерін қалыптастыруға қатысты.

Мұғалімнің ұжымшылдығы оның оқушылармен және оқушылардың бір-бірімен дұрыс өзара қарым-қатынас жасауының негізінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыруға даярлығы арқылы көрініс табады. Тұтас педагогикалық процесс теориясында бұл өзара қарым-қатынас, өзара ықпалдасатын тәрбиелеуші механизм болып табылады және қызмет барысындағы ынтымақтастықтың сипатына тәуелді. Қызмет барысындағы сипатын түсіну мұғалімнің құзырлығына кіреді. Соған байланысты мұғалім өзінің жинақтаған білімінің негізінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыруға дайын болуы керек.

Тұтас педагогикалық процесс және балалар ұжымы теорияларының негізгі қағидаларына (Н.К. Крупская, Т.Е. Конникова, А.С. Макаренко, Л.И. Новиков, В.А. Сухомлинский) сүйене отырып, мұғалімге, сынып жетекшісіне оқушы ұжымын қалыптастыру бойынша тиімді жұмыстар ұйымдастыру үшін білім, біліктерді меңгерулері қажет:

182

1. Мұғалім іс-әрекетінің заңдылықтарының, қозғаушы күштерінің және тәрбиелеу механизмдерінің объектісі ретінде педагогикалық процестің мәні мен құрылымы туралы теориялық білімдер.

2. Оқушы ұжымын қалыптастыру теориясы мен тәжірибесі және оның негіздері мен даму заңдылықтары жөнінде біртұтас түсініктің болуы.

3. Оқушы ұжымының қалыптасу жағдайы мен деңгейін диагностикалай алу, біртұтас педагогикалық процестің негізгі көрсеткіштеріне диагностиканы негіздей алу, ұжым дамуын болжау үшін диагностикалық мәліметтерді пайдалана алу.

4. Педагогикалық ықпалдастырудың негізгі құралдарын білу және оларды балалар ұжымын қалыптастыру процесінде қолдана алу.

5. Әрбір оқушының қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес жалпы мақсатқа (сабаққа және сабақтан тыс уақытта оқушылардың ықпалдасу жүйесі) жетуге бағытталған оқудағы және оқудан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу.

6. Алғашқы (сыныптық) ұжымды қалыптастыруда мұғалімнің педагогикалық жетекшілігімен ұжымда өзін-өзі басқаруды ұштастыра алуы.

7. Алғашқы ұжымды мектепте және мектептен тыс басқа ұжым түрлерімен өзара байланыс жасауының рөлін түсіну.

### **Балалар ұжымының жағдайын диагностикалау әдістемесі.**

Мұғалімнің диагностикалық бағдарламасының бір нұсқасында "оқушылармен ынтымақтастыққа бола алу қабілеті" критерийі –қазіргі

мектеп мұғалімдерінің зерттеу іс-әрекеттерінің ең жоғары деңгейі және ол өзара ықпалдастыққа ұмтымдыратын жаңа тәсілдерді үнемі іздестіру, оларды қарым-қатынас жасауда қолданудың мүмкіндіктерін байқай алу, басқа адамдардың көзқарастарын түсіне білуге тәрбиелеу аз уақыт аралығында және мұғалім мен оқушының ақыл-ойын, ерік-жігерін пайдалана отырып эмоционалдық күш салуымен оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін үйлестіруді негіздей отырып қолдана алу (В.И.Зверева).

Педагогтардың балалар ұжымымен кәсіби ұйымдастырылған жұмысы барысында әлеуметтік (қоғамдық) белсенділік ретінде күрделі тұлғалық қасиеттер қалыптасады. Қазіргі кезеңде бұл қасиет ерекше маңызға ие болады, өйткені ол қоғамдық іс-әрекеттердің маңыздылығын оқушылардың санасына сіңіруін, олардың оған жауапкершілік, белсенділік, ізденімпаздық таныта отырып қатысуға дайындалуын, ұмтылуын қамтиды.

Қазіргі оқушылардың қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуға оң көзқарас танытпайтындар да аз емес. Оның негізгі себебі ұйымдастырылатын

183 жұмыстардың бірыңғайлығы, ондағы формальдылық, жұмыстың пайдасыздығының айқындығы, педагогтың өзінің қызығушылық танытпауы болып табылады. Соған байланысты оқушы белсенділігі мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне, сұранысқа ие болуына, мұғалім позициясына, жеке қатынасына, жұмысты сауатты ұйымдастыра алу біліктеріне тікелей байланысты.

Қоғамдық тапсырмалар мұғалім тарапынан емес белсенді топ мүшелері, сынып ұжымы тарапынан берілуі тиіс. Тапсырмалар сабақта және сабақтан тыс орындалатын жұмыстарға байланысты берілуі қажет; мүмкіндігінше ол жұмыстарды оқушылардың өздері тандағандары орынды. Орындалған тапсырма мен оның орындалу сапасы жөнінде ұжым алдында есеп берілуі қажет.

Сынып жетекшісі үнемі оқушы ұжымымен атқарылған жұмыстарды тіркеп отыруы тиіс: ұжым, белсенді топ мүшелерінің тізімі, әрбір ұжым мүшесінің сабақта және сабақтан тыс (қоғамдық) орындағын жұмыстарының тізімі (мұнда орындалған жұмыс жөнінде қашан есеп берілуі керектігі көрсетіледі), жылдық, жартыжылдық, тоқсандық, жоспар жасалады, әрбір оқушыға мінездеме жазады. Оқушылардың жетістіктерін үнемі айта отырып, оқушы тұлғасын қалыптастырудағы проблемаларға басты назар аудара отырып олармен жеке жұмыс жүргізудің маңызы өте зор.

Жинақталған және талданған материалдарын сынып жетекшісі "балалар ұжымының қалыптасу жағдайының графигі" түрінде беруіне болады. Оқушылар ұжымының жағдайы: оқушылар, балалардың өзара пікірлесуі, формальды, формальды емес лидерлерінің болуы. Бұл графигі талдау қажетті деңгейге жету үшін қандай көрсеткіштерді түзету керектігі жөнінде бірден мәлімет алуға мүмкіндік жасайды. Осы жұмыстардың барлығы оқушылар мен ата-аналар арасында талқылануы тиіс.

Оқушы ұжымының жағдайын диагностикалау және оқушылармен, ата-аналармен талқылау процесінде этикалық талаптардың орындалуы бойынша

атқарылатын жүйелі жұмыс жүргізуде сынып жетекшісі осы ұжымның қалыптасу деңгейін көтеруге бағытталған жұмыс жүргізу бағдарламасын дайындау үшін материалдар жинақтайды.

### **Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

- 1) Оқушылар ұжымы дегеніміз не, оның негізгі белгілері қандай?
- 2) Неге балалар ұжымы — мектептегі педагогикалық процестің маңызды компоненті болып табылады?

184

- 3) Оқушылар ұжымының негізгі даму кезеңдеріне сипаттама беріңіздер.
- 4) Оқушылар ұжымының дамуының негізгі заңдарын тұжырымдаңыздар.
- 5) Оқушы ұжымының қалыптасуының әртүрлі кезеңіндегі оқушылардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының өзара байланысын (нақты мысалдармен) көрсетіңіздер.
- 6) Сіз "ұжымда тұлғаны тәрбиелеу" және "баламен жеке жұмыс жүргізу" принциптерінің бірлігін қалай түсінесіз?
- 7) Оқушылар ұжымының қалыптасу деңгейін зерделеуде педагогикалық зерттеулер әдістерінің кешенін белгілеңіздер.
- 8) Балалар ұжымы мен оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұштастыру мүмкіншіліктерін көрсетіңіздер.

### **Әдебиеттер**

1. Зверева В.И. Диагностика и экспертиза педагогической деятельности аттестуемых учителей. М., 1998.
2. Коломинский Я.Л. Психология детского коллектива: Система личных взаимоотношений. Минск, 1984.
3. Макаренко А.С. Воспитание в советской школе. М., 1966.
4. Немов Р.С. Кирпичник А.Г. Путь к коллективу: Книга для учителей по психологии ученического коллектива. М., 1988.
5. Новикова Л.И. Педагогика детского коллектива: вопросы теории. М., 1978.
6. Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. М., 1982.
7. Сухомлинский В.А. Мудрая власть коллектива. М., 1981.
8. Фридман Л.М., Пушкина Т.А., Каплунович И.Я. Изучение личности учащегося и ученических коллективов. М., 1988.

### **Өзіндік жұмыстар үшін тапсырмалар**

- 1) Әр түрлі оқулықтардан "ұжым" ұғымының анықтамасын жазу және оларға талдау жасау.
- 2) Балалар ұжымы мен мұғалімнің ықпалдасуы проблемасы туралы әдебиеттер тізімін жасау.
- 3) Педагогикалық процесте балалар ұжымы мен мұғалім ықпалдастығын алатын педагогикалық жағдайларды таңдау.
- 4) Балалар ұжымы мен олардың тұлғалық қасиеттері жөніндегі проблемалар бойынша ақпарат дайындау.
- 5) Тұтас педагогикалық процестегі балалар ұжымын зерделеу алгоритмін құру.

185



б) "Тамаша ұжым екенін қалай байқауға болады?", "Ұжымда мен өзімді қалай көрсетемін" атты тақырыпқа шағын шығарма жазу.

### **Реферат тақырыптары**

1. Оқушылар ұжымы оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру құралы.
2. Оқушылар ұжымының тәрбиелеу мүмкіндіктері.
3. Оқушылар ұжымының тиімді іс-әрекеттерінің ұжымы шарттары.
4. Тұлғаның ұжымда дамуы.
5. Оқушылар ұжымында тұлғалық қатынастың рөлі.
6. Балалар ұжымының эмоциялық өмірі.
7. Оқушылар ұжымындағы іс-әрекет қарым-қатынасының ынтымақтастығы.
8. Оқушылар ұжымындағы өзін-өзі басқару органы ретіндегі белсенді оқу топтары.
9. Оқушылар ұжымының бір қызметі ретінде жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділіктерін қалыптастыру.
10. Оқушылар ұжымындағы педагогикалық жетекшілік және өзін-өзі басқару.

**186**

## **2.7 Сыныптың тәрбие жүйесін басқарудағы сынып жетекшісінің қызметі**

**Мақсаты:** сынып жетекшісімен құрылған сыныптағы тәрбиелік жүйенің мәнін меңгеру.

### **Міндеттері:**

- а) Жалпы білім беретін мектептің оқу сыныбындағы тәрбиелік жүйені анықтау.
- ә) Сынып жетекшісінің негізгі міндеттерін айқындау.
- б) Сынып жетекшісінің ең маңызды қызметтерін анықтау.
- в) Оқушылардың сыныптағы іс-әрекетін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ашу.

### **Жоспар**

1. Тәрбиелілік жүйе және сынып жетекшісінің міндеттері.
2. Сынып жетекшісінің жұмысындағы оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру.
3. Сынып жетекшісінің қызметтері.
4. Оқушылардың сыныптағы іс-әрекетін ұйымдастыру.

**Негізгі ұғымдар:** тәрбие, тәрбиелік жүйе, атқарылатын қызмет, сынып жетекшісі, қатынас, іс-әрекет.

**Пәнаралық байланыстар:** психология, әлеуметтану, систематология, философия, басқару теориясы.

### **Тәрбиелілік жүйе және сынып жетекшісінің міндеттері.**

Педагогика ғылымы негізіндегі зерттеулер мен озат тәжірибелерді қорытындылай келгенде, оқушылар ұжымындағы тәрбие жүйесінің құрылымы тәрбие процесінің тиімділігін неғұрлым жоғарлататындығын айқындайды.

Адамзат тарихында әлемдік өркениеттің әрбір кезеңдерінде қаланған әртүрлі білім беру жүйесі белгілі болды. Олардың әрқайсысы, қоғамға тән сипаттағы, қазіргі білім жүйесі атқаруға тиісті талаптарды, әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастарды бейнеледі. Олардың ішіндегі әлдеқайда белгілері болып табылатындары:

- спартандық тәрбие жүйесі;
- афиндық тәрбие жүйесі;
- діни тәрбие жүйесі;
- джентельменді қалыптастыру жүйесі (батыс-европалық жүйе);-

187

- адамды ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу жүйесі (А.С.Макаренконың жүйесі);

XX ғасырдың екінші жартысындағы кеңес мектебіндегі тәрбие жүйесі ұжымдық шығармашылық жұмыстың, қоғамдық пайдалы және өндірістік еңбек, әртүрлі ұйымдастырылған жұмыс формаларын өндіру (әртүрлі орталықтар, мектеп театрлары және т.б.). Ұлттық дәстүрлер, сонымен қатар, оқу процесін қайта құрудың негізінде қаланды. Тарихи қалыптасқан тәрбие жүйесіне талдау жасау, кез-келген тәрбие жүйесінің негізгі құрамды бөліктеріне тәрбие мақсаттарының бөлімдері жататынын, тәрбие ұжымы тәрбие жүйесінің ядросы (жасушасы) екендігін, ұжымшылық қарым-қатынаспен айнала қоршаған жүйеге аялы көзқарасты көрсетеді. Кейбір зерттеушілер, осы ережелерді нақтылай келіп, кез-келген тәрбие жүйесінің негізіне барлық ұжым болып қабылданған тәрбиенің мақсатын, ұжымдық танымдық іс-әрекетті, тәрбиелеушілік қатынастарды, балалардың өзін-өзі басқаруын, ұлттық дәстүрлерге сүйенуді, әр жастағы ұжымдарды құру мен ұжымдық шығармашылық жұмыстың әдістерін пайдалануды жатқызады.

Тәрбие жүйесін құру біршене кезеңдерді болжайды:

- жүйенің қалыптасуы;
- ұжымдық іс-әрекеттің мазмұны мен жүйесінің құрылымын жасау;
- жүйені лайықты тәртіпке безендіру, дәстүрлерді жарыққа шығару және жаңалықтарды ендіру;

Тәрбие жүйесінің кез-келген деңгейін жарыққа шығарудағы алдыңғы кезектегі проблема тәрбиенің мақсатын анықтау болып табылады, өйткені білім беру саласындағы қызметкерлердің іс-әрекеті қоғамның басқа да саласында жұмыс істейтіндер сияқты оның мақсаттарымен, міндеттерімен айқындалады. Сынып жетекшісінің мақсаты мен міндеттері мектептің тәрбиелілік мақсаттарынан шығады, өйткені сыныптағы тәрбие жұмысы мектептің тәрбие жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Алайда, тәрбиенің мақсатын анықтау барысында белгілі қиындықтар бар: тәрбиенің қоғамдық мақсаты, белгіленген жан-жақты қалыптасу, үйлесімді дамыған жеке тұлға, қол жетпейтіндей шынайы, сол үшін де идеальды.

188

Қазіргі заманғы ізденістер бойынша тәрбиенің мақсатын анықтау мәдениеттану арнасында жүргізілуде. Бұл мәселе бойынша осы күнге дейін еш нәрсе анық болмаса да, бұл әдістеме біршама нәтижелі, өйткені ол ұлттық

және дүниежүзілік мәдениеттегі тарихи қалыптасқан рухани құндылықтарға сүйенеді. Тәрбиенің мақсатын тек өз халқының ұлттық мәдениетінің негізінде ғана емес, жалпы адамзаттық және адамгершілік ұлттық құндылықтарды игеру арқылы ғана анықтау мүмкін.

Мұғалімдер ұжымында ортақ мақсат болған жағдайда ғана, әрқайсысы оған жету үшін іс-әрекетке белсенді кіріскен кезде ғана үлкен нәтижеге жету мүмкіндігі бар. Бұған мысал ретінде Алматы қаласындағы № 16 кәсіби-техникалық лицейде қалыптасқан тәрбиелік жүйені алуға болады, онда лицей директоры Шакирова Т. М. басшылығымен оқушылардың жеке тұлғасының қалыптасуы ұлттық мәдениет тәсілдерімен жүзеге асқан. Бұнда төмендегі келтіріліп отырған тәрбиелік жүйенің құрылымдық үлгісі іске асырылған.

Ұлттық мәдениет құралдары арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру жүйесі:

1. Лицейді ұлттық мәдениет элементтерімен безендіру.
2. Тілдерді меңгеру.
3. Ұлттық мәдениетті мәдениеттану сипатындағы оқу пәндері арқылы меңгеру.
4. Ұлттық мәдениетті базистік оқу бағдарламасындағы басқа да пәндерде меңгеру.
5. Ұлттық мәдениетке арналған арнайы курстар, факультативтер.
6. Ұлттық мәдениетті меңгеруге арналған оқушылардың зерттеу іс-әрекеті.
7. Ұлттық мәдениетті меңгеруді мақсат еткен үйірмелер мен клубтардың жұмысы.
8. Ұлттық мәдениетті меңгеруге арналған сыныптан тыс іс-әрекет (сынып сағаттары, жарыстар, мерекелер, т.б.).
9. Ұлттық мәдениетпен байланысты лицей дәстүрлері.

Басқа да тәрбие жүйесінің нәтижесі бұдан кем емес. Мысалы, Алматы қаласындағы № 132 мектеп-гимназиясының педагогикалық ұжымы оқушылардың интеллектуалды потенциалының дамуын бірінші орынға қояды. Әрине, бұл бағытта әртүрлі ізденістер болуы мүмкін, алайда, кез

189 келген жағдайда мектеп ұжымының алдында мақсаты бар.

Мектеп өз тұлғаларының мәдени негізінің қалыптасуына ықпал етеді, ол дегеніміз - мектеп бітірушінің білім мазмұнын, жеке тұлғаның өзін өзі ары қарай дамыту факторы. Қойылған мақсат тәрбиелік міндеттер арқылы жүзеге асады. Оларды анықтаудың әртүрлі әдістемелері бар. Мысалы, Н. Е. Щуркова келесі тәрбиелік міндеттерді ұсынады:

- а) тәрбиелеу және дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
- ә) ұжымды ұйымдастыру мен дамыту;
- б) оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен қабілеттерінің көрінуі мен баюы үшін жағдай жасау.

Сынып жетекшілерінің іс-әрекетіне жасалған әлеуметтік талдау нәтижесінде оның міндеттерін төрт топқа бөледі.

Бірінші топ - әлеуметтік міндеттер (балаға көмек, оны әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізу, жеке тұлғаның дамуы мен оның даралығының

қалыптасуына тиімді жағдай жасауда жанұямен және тәрбие институттарымен әрекеттестік).

Екінші топ - диагностикалық міндеттер (сыныппен жұмысты дұрыс ұйымдастыру үшін оқушының жеке тұлғасы мен ұжымның даму диагностикасы).

Үшінші топ - адамгершілік міндеттер (баланың бойында қайырымдылық критерилерін қалыптастыру, баланы адамгершілікке бейімдеу жағдайына қою).

Төртінші топ - даралық-тәжірибелік сипаттағы міндеттер (оқушылармен жұмыстың нәтижелі педагогикалық тәсілдерін таңдау, өз жұмысын жоспарлау, іс-әрекетті бақылау мен түзету, рефлексия педагогикасы).

Педагогтардың, зерттеушілер мен мұғалімдердің оқушылар ұжымындағы тәрбие жүйесін ұйымдастыру үшін маңызды міндеттерді бөліп қарау. Өйткені оқушы өмірінің барлық жақтарын сынып жетекшісі мен мектептің тәрбие жұмысы ықпалымен аяқталмайды. Ең маңызды міндеттер:

1. Денсаулық пен салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
2. Баладағы адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.
3. Оқушыда адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыру.

190

4. Баланың бойына біткен қабілетілігі мен мақсат-мүдделерін жаңаша дамыту.

Е.Н.Степанованың ой туынша сыныптың тәрбиелік жүйесі-бұл сыныптағы әрбір мүшені тәрбиелеп және олардың өмір сүруші ұымдастыру тәсілі бұл біртұтас өзара әсерететін компонент, ұжымда және тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді -дейді. Осыған байланысты компоненттер туімі;

І.Жеке топтық компонент тәрбиелік жүйе құрамы балалармен ересектер тобы.

2 Құндылық-бағдарлы компонент (тәрбиенің мақсат міндеті бірлікте, сыныптың болашағы, тәрбие жүйесін құрудың қағидасы).

3. Қызметтік-әрекет компоненті (жүйе құрушы түрі, форма бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру әдісі, тәрбие жүйесінің негізгі қызметі, өзін-өзі басқару).

4. Уақытша-кеңістік компоненті (тәрбиелік орта, тәрбие жүйесінің қалыптасу кезені т.б.).

5. Диагностикалық-талдау компоненті (тәрбиелік орта, тәрбие жүйесінің тиімді өлшемі, ұжымды танып білудің әдіс тәсілдері, талдаудың формасы мен тәсілдері, алынған нәтижені бағалау).

Сынып жетекшісінің жұмысындағы ең қиын нәрсе сол оқушыларды адамгершілік жағынан қалыптастыру болып табылады.

**Сынып жетекшісінің жұмысындағы оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру.** Сонымен, оқушылардың адамгершілігі тәрбиенің ең маңызды міндеті болып табылады. Адамгершілік адамның іс-әрекеті мен қылықтарынан көрінетін қоршаған ортаға деген қатынасын білдіреді. Қатынас дегеніміз субъектінің қоршаған ортамен қалауы бойынша

анықталатын байланысы. Сондықтан оқушының қандай құндылықтарды таңдап алуы сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне тәуелді.

Зерттеушілер қатынастар жүйесіне әртүрлі компоненттерді кіргізеді. Әрбір қатынас белгілі бір білімдерді игеру дегенді білдіреді, алайда бұндағы ең бастысы бұл білімдерді өнегелілік түрде түсіну, сезіну болып табылады. Н.Е. Щуркова, А.П. Сейтешев жеке тұлғаның қасиеттерін құндылық қатынастардың қалыптасу нәтижесі деп түсіндіреді. Осылайша, басқа адамға

191  
деген құндылық қатынастың нәтижесі - гуманизм, өз өзіне - қадір-қасиет, еңбекке -еңбексүйгіштік, еңбекқорлық болып табылады.

Жеке тұлғаның ең басты қасиеттерін осылайша бөлу өте маңызды, өйткені, қоршаған ортаға, адамға, материалдық және рухани дүниеге деген қатынастың қалыптасуы барысында адамгершіліктің барлық жақтарын қамту мүмкін емес.

Тәрбие нәтижелері туралы сөз етер болсақ, жеке тұлғаның басты қасиеттерінің қалыптасуы туралы айтуға болады:

1. Басқа адамға деген қатынас - гуманизм.
2. Өз өзіне деген қатынас - қадір-қасиет.
3. Еңбекке деген қатынас - еңбексүйгіштік, еңбекқорлық.
4. Ұжымға деген қатынас - ұжымшылдық.
5. Отанға деген қатынас - отансүйгіштік, патриотизм.
6. Табиғатқа қатынас - табиғатқа қамқорлық.
7. Көркемдікке қатынас - көркемдікті эмоционалды-эстетикалық түрде қабылдау қабілеті.

Жеке тұлғаның осы бір қасиеттерін қалыптастыру - қоршаған орта туралы білімдерді өнегелілік түрде түсініп-сезіну. Сондықтан, оқушылардың қоршаған орта туралы білімдер жинағын адамгершілікпен сезінуі тәрбие жұмысының басты мақсаты.

Оқу материалының, әрбір сабақтың өзіндік тәрбиелік маңызы бар екені белгілі. Олардың әрқайсысы оқушылардың қоршаған ортаға деген, құндылық қатынасын қалыптастыруда басқа адамның жеке тұлғаға құрметінен бастап, болмысты эмоционалды-эстетикалық қабылдауға дейінгі, құндылық сапаларын тәрбиелейді. ҚР-мектептерінде білім беру мазмұны үнемі жаңарып отырады.

Мұғалімнің алдында тұрған өзекті мәселе оны адамгершілік тұрғысынан түйсіну. Оқу пәндеріндегі тәрбиелік мүмкіндіктерді мұғалім білуге тиісті. Бұл жөнінде негізгі пәндер гуманитарлық циклде болып келеді. Дегенмен сабақ үстінде ғана тәрбиелеумен шектелмеу керек. Егерде кей мұғалімдердің тәрбиелік міндетті қажетті деңгейде орындай алмауын ескерсек онда жауапкершілік сынып жетекшісіне жүктеледі. Пән мұғалімдерінің тәрбие жұмысының сынып жетекшісіне басшылығына тәуелді сондықтан да мұғалімдер сыныптағы тәрбие жүйесіне қалыптастыруда белсенділік танытады.

Мектептің тәрбие міндеттеріне сүйене отырып, өз сыныбындағы оқушылардың ерекшеліктері мен тәрбиелілік деңгейлерін ескере отырып,

осы мәселені шешуге пән мұғалімдері, оқушыларды, ата-ананы, демеушілерді т.б. тарта отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастырады.

Әр адамның рухани өмірі ізгілігі өзіне ғана тән. Кей бала эстетикалық құндылықты қаласа, кей бала табиғатты тандайды. Сыныптағы ұжымдық тұлғалық сана тәрбие процесі жағдайына тәуелді. Диагностикалық әдіс-тәсіл оқушының тұлғалық адамгершілік қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Сынып жетекшісінің жұмысында сыныптан тыс тәрбие көрініс табады. Сынып жетекшісі қызметі Қазақстанда, барлық Совет Үкіметіндегі секілді, 1934 ж. енгізіледі. Қазіргі уақытта оқушы жеке тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттілігін дамыту бірінші орында. Бұл ретте, сынып жетекшісі - пән мұғалімдері мен ата-ананың әрбір оқушыға ықпалын үйлестіретін тәрбиені ұйымдастырушысы.

Оқушыларды адамгершілік құндылықты сезінуге үйретуде және сапалы білімді меңгеруге іс-әрекетті ұйымдастырудың мәні зор.

**Сынып жетекшісінің қызметтері.** Сынып жетекшісінің жұмысы мектеп Уставымен белгіленеді. Алайда бұл тізім оның іс-әрекетінің барлық жақтарын қамти алмайды. Оның іс-әрекетінің әртүрлі жақтары көптеген зерттеулерде қарастырылған (әдіс және әдіснамаларда).

Дәстүрлі емес әдістемелерде сынып жетекшісінің негізгі қызметтері:

- а) Баланың денсаулығына қамқорлық.
- ә) Баланың адамгершілігін қалыптастыруға қамқорлық.
- б) Баланың қабілетін дамытуға қамқорлық.

1. Сынып жетекшісінің қызметіне жатады. (Н.Е. Щуркова):

- Мектептегі сынып өміріне қамқорлық;
- әрбір оқушыны қажетті оқулықтармен және әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;
- баланың көзінің көруі, құлағының естуі, оның бойын ескеріп, әрбіреуінің қабілеті мен белсенділігіне қарай сыныпқа орналастыру;
- сыртқы киім мен аяқ киім қоятын орынның болуы;
- мектептің ертеңгілік тамағының тәртібі мен асхананың тазалық ережесін қамтамасыз ету;

- оқушы үсті-басын ретке келтіре алатын дәретхана бөлмелерінің орналасуы мен оларды пайдалану мәдениетін ескерту;
- сынып бөлмесінің ішкі көрінісін, бөлменің жарықтығы, бөлменің көркем-әдемілігін сақтайтын кезекшілер қою;
- әрбір мұғалім мен баланың киімі мен аяқ киімін гигиена, эстетика тұрғысынан деген талап қою;
- әрбір оқушының сабақ кестесі мен сынып бөлмелерінің орналасуынан хабардар ету;
- оқушының барлық сынып бөлмелерінің неге арналғанын оларды пайдалану ережелерінен (директор кабинетінен бастап, ойын бөлмесі мен медициналық бөлмеге дейін) түсінік беру;

- оқушының қоршаған заттармен жоғары мәдени деңгейде, тазалықты, әдемілік пен тәртіпті сақтай отырып пайдалана білуін үйрету.

2. Топтың пәндік іс-әрекетін ұйымдастыру:

- балаға дүниенің көпжақтылығы мен күрделілігі, қарама-қайшылықтарын, танымдық іс-әрекетін ашу;

- баланы дүниедегі адам өміріне қажетті құралдары, материалдық құндылықтарға жататын еңбектің іс-әрекеті'

- баланың күш-жігерін, өзінің денесіне, денсаулығына, ағзасының сұлулығы мен күшіне, адаманың өз денесін билей алатын спорттық іс-әрекет;

- балаға дүниені көркем образдар арқылы тануға, көркемдік заттар тудыра отырып, дүниені көркейтуге мүмкіндік беретін іс-әрекет.


3. Өмірді түсініп, сезінудің рухани іс-әрекетін ұйымдастыру, ол дегеніміз

- оқушылардың рефлексиясы, өмір құндылықтарын түсініп, сезінудегі өзіндік талдауға және өзінің ішкі дүниесін дамытуға жәрдем беру.

4. Тәрбие нәтижелерінің диагностикасы негізінде жеке тұлғалық дамудың сипаттамасы. Сынып жетекшісінің диагностикалық іс-әрекеті тәрбиелік жүйені құрудың негізі болып табылады. Жеке тұлғаның қалыптасуы ерекше қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған қызметті жүзеге асыруда сынып жетекшісі жүйе түзуші факторды анықтап алу қажет. Ол белгілі жұмыстың формасы, белгілі іс-194

әрекеттің түрі т.б. бірақ баланың қоршаған ортаға қатынасын қалыптастыру моделін жасағанда ескеретін нәрсе мыс: жүйе түзуші фактор оқушылардың әрекеті театрға бару арқылы тәжірибесін құндылық қатынас қалыптастыру. Ол үшін сынып жетекшісі жұмыстың осындай формасы негізінде тәрбие жүйесінің моделін жасауы қажет.



**Сурет 2. Театрланған іс-әрекет негізіндегі (сынып театры) сыныптағы тәрбие жүйесін модельдеудің үлгі құрылымы**  
**Оқушылардың сыныптағы іс-әрекетін ұйымдастыру.**

Сынып жетекшісі мына бір тұжырым ережелерді ұғынып, түсінген жағдайда ғана тәрбие міндеттерінің шешімі нәтижелі болмақ:

1. Тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталуы.
2. Тәрбие жүйелік сипатта болуы.
3. Тәрбие іс-әрекетінің мақсаттарының бірлігі, оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің өзара әрекеттестігі тәрбие жүйесінің кепілі.

195

4. Тәрбие процесі жеке тұлға теориясы мен іс-әрекет теориясына, құндылықтар теориясы мен басқару теориясына сүйенуі қажет.

Жеке тұлға теориясы арқылы мұғалім оқушының тек тәрбие объектісі ғана емес, сонымен қатар ол іс-әрекеттің субъектісі екенін түсінеді. Ол сынып жетекшісіне оқу-тәрбие жұмысын, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуы, оқушылардың іс-әрекеті бірнеше кезеңдерден тұрады: мотивтің қалыптасуы - оларды адамгершілік түсініктерді ұғынуға жағдай жасау; мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларының қалыптасуы - өз іс-әрекетіне қанағаттану. Демек, оқушы жеке тұлғасының қалыптасу технологиясы мотив, танымдық, мінез-құлық, эмоционалдық сезім компоненттерінен тұрады.

Осылайша, мотивті қалыптастырып, білім беріп, іс-әрекетті ұйымдастыру. Жағымды эмоциялар баланың қоршаған болмысқа деген сенімін арттырады.

Сынып жетекшісінің іс-әрекетінде басқару теориясының да маңызы бар. Педагогтің негізгі жұмысы - оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, ал ұйымдастыру басқару теориясының құрамды бөлігі болып табылады. Оның заңдылықтарын білу педагогтар мен оқушылар арасындағы қатынасты, сыныптағы тәрбие жүйесін басқаруға мүмкіндік береді.

Тәрбие жүйесінің қызметіндегі маңыздысы оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін тиімді тандау (тәрбиелік шаралар) және оларды өткізу. Адамды қалыптастыратын негізгі іс-әрекеттер: танымдық іс-әрекет, материалдық еңбек, қоғамдық-пайдалы жұмыс, бағалау-бағыттау әрекеті, ойын іс-әрекеті, қарым-қатынас, спорттық-сауықтыру, көркемдік-шығармашылық іс-әрекет.

Басқару теориясы тәрбиелік шараларды дайындаудың нәтижелі әдісін анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- 1) тәрбиелік шаралардың нақты бір формасын тандау (сынып сағаттары, КВН, демалыс кеші, т.б.);
- 2) шаралардың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- 3) шараларды өткізуге ынталы топ пен оқушыларды тандау;
- 4) ынталы топпен бірігіп тәрбие жұмыстарын жоспарлау;
- 5) жұмысты ұйымдастыру міндеттерін ынталы топ мүшелеріне бөліп беру;
- 6) мерекеге дайындық;

196

7) сынып жетекшісінің тәрбие шараларын дайындауда оқушыларға ақыл-кеңес беруі;

- 8) ынталы топпен бірігіп шараларға дайындықты тексеру;
- 9) тәрбиелік шараларды өткізу;
- 10) оқушылармен (ынталы топ, сыныптың мүшелерімен) бірігіп өткізілген шараларға талдау жасау;



11) оқушылармен бірігіп алдағы жұмысты жоспарлау.

Тәжірибе көрсеткендей, осы ұсынысты қолдана отырып, сыныпта осындай тәрбие жұмыстарын өткізуге болады.

Сынып жетекшісінің жұмысында сыныппен немесе жеке бір оқушымен этикалық әңгіме өткізу ерекше орын алады. Өсіп келе жатқан адамның қиындықтарын адамгершілікпен түсіндіру, ересек адам тарапынан көрсетілген өз мезгіліндегі моральдық қолдау, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көп әсер етуі мүмкін. Өкінішке орай, көбінесе, этикалық әңгімелер үгіт-насихатпен алмастырылады. Мұғалімдер В.А. Сухомлинскийдің мұғалімнің сөзіне, оның оқушымен әңгімесіне зор мән берген пікіріне қосылады. Ал, бір жағынан, оның педагогикалық іс-әрекеттің осы бір саласындағы даналық ақылдарын пайдаланбайды. Бұл мұғалімнің мәдени танымдық және дайындығының болмауынан шығар.

Қазіргі уақытта мектеп бағдарламасына «Өзін өзі рухани дамыту» курсы енгізу ойластырылып жатыр. Бұл оқушыға адамгершілік тәрбие беру мәселесін біршама шешуге мүмкіндік береді, бірақ ол сынып жетекшісінің жоспарлы тәрбие жұмысын алмастыра алмайды.

#### **Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар**

- 1) Сынып жетекшісінің тәрбие жүйесінің негізгі компоненттері қандай?
  - 2) Сынып жетекшісінің басты қызметтерін атаңыз.
  - 3) Жалпы білім беретін мектептегі сынып жетекшісінің негізгі міндеттері қандай?
  - 4) Сыныпта оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың ерекшеліктерін атаңыз.
  - 5) Сыныптағы оқушы жеке тұлғасын қалыптастырудың ерекшеліктері қандай?
  - 6) Тәрбие мақсаты дегенді қалай түсінесіз?
- 197
- 7) "Адамның еңбекке қатынасы" дегенді қалай түсінесіз?

#### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

- 1) Тәрбиелік жүйенің 5 сыныпқа, 9 сыныпқа және 11 сыныпқа арналған үлгісін жасап, әңгімелеп беріңіз.
- 2) Сыныпта театрлық үйірме, эстетикалық тәрбие орталығын ұйымдастыру негізінде тәрбие жұмысының вариантын жасаңыз.
- 3) а) Эстетикалық тәрбиеге,  
ә) еңбек тәрбиесіне,  
б) азаматтық тәрбиеге,  
в) интернационалдық тәрбиеге, т.б. арналған тәрбиелік шаралардың жобасын жасаңыз.

#### **Реферат тақырыптары**

1. Мектептің сыныптың тәрбие жүйесі туралы түсінік.
2. Оқушылардың ұжымдағы қарым-қатынасын қалыптастыру бойынша іс-әрекетін ұйымдастыру.
3. Оқушылардың табиғатқа қарым-қатынасын қалыптастыру бойынша іс-әрекетін ұйымдастыру.

4. Сыныптағы тәрбие жүйесі жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру.

5. Сыныптық тәрбие жүйесі мектептегі тәрбие жұмысының бір бөлімі.  
198

### **2.8. Жанұядағы педагогикалық процесс және оның мектеппен өзара байланысы**

**Мақсаты:** жанұя тәрбиесінің тұтас педагогикалық процесс ретінде мәнін ашу.

#### **Міндеттер:**

а) Қазіргі қоғамдық даму кезеңіндегі жанұя тәрбиесінің ерекшеліктерін ашу.

ә) Жанұяның тәрбиесін ұйымдастырудың теориялық негізі.

б) Жанұяның педагогикалық негізгі сипаттамасы мен тәрбие әдістері.

в) Мектеп пен жанұя қарым-қатынасының түрлері.

#### **Жоспар**

1. Жанұя - тәрбие факторы.

2. Жанұя тәрбиесінің құқықтық негізі.

3. Жанұяның педагогикалық процесін ұйымдастырудың теориялық негіздері.

4. Жанұядағы педагогикалық процесінің негізгі сипаттамалары.

5. Мектеп пен жанұяның әрекеттестік формалары.

**Негізгі ұғымдар:** қоғамдық және жанұялық тәрбие, ата-ананың педагогикалық белсенділігі, диагностика әдістері, әрекеттестік формалары, мектеп пен жанұяның тәрбиелік мүмкіндіктерінің интеграциясы.

**Басқа пәндермен байланысы:** философия, әлеуметтану, психология, педагогика, физиология, этнопедагогика, валеология.

**Жанұя - тәрбие факторы.** Жанұя, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы жанұяның өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі - ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғарлауы.

Балалардың жанұядағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол жанұя мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйелмендік, тұрмыстық өмір. Жанұя тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да

199  
түрі алмастыра алмайды. Жанұя тәрбиесі адам өміріне қажетті негізгі қызметтерді атқарыды:

1. Репродуктивті - баланың туылуы.

2. Тәрбиелілік - жанұяның әрбір мүшесінің жеке тұлға болып қалыптасуына, тәрбиелік жағдай жасауы.

3. Тұрмыстық-экономикалық - жалпы тұрмысты, бюджетті басқару.

4. Коммуникативті - жанұялық қатынасты, басқа адамдармен қатынасты ұйымдастыру.

## 5. Рекреативті - іс-әрекет ұйымдастыру (1 сурет).



Сурет 1. Жанұяның негізгі қызметтері

Жанұя - болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моралдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-кұлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Жанұя тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда, қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер жанұяға белгілі бір қиыншылықтар туғызады.

200

Нарық қатынастарының дамуы нәтижесінде жанұяда айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, жанұя өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті -қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Мектеп пен жанұя балаларды тауар мен ақша қатынастарының мәдениетіне үйрету жұмыстарын ойластыру қажет, сондай-ақ алып-сату пайда табу немесе пайдақорлық емес, ол жалпы игілік үшін және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құқықтық екі жақты қызмет көрсету екенін түсіндіру. Ата-ананың маңызды міндеті балаларымен біріккен коммерциялық қызмет-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің әртүрін орындауға үйрету. Нарық жанұя мүшелерінің алатын орнына жанама әсер етеді, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Қоғамдық және мемлекеттік тәрбие беделінің төмендеуі жанұя өмірінің тәрбиесіне "өзінше" қиындық әкелді.

Өркениетті қоғам дамыған сайын жанұядағы бала саны азайып келеді. Аз балалы жанұяда, негізінен бір баласы бар жанұяда, ішкі жанұялық тәрбиенің ең басты жағдайы жоқ, ол -балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік жақтарының басым болуып қалыптастырады.

Толық емес жанұяларда, ата-анасының біреуі жоқ болған жанұяларда тәрбиелік мәселелерді шешуде кейбір адамгершілік-психологиялық ыңғайсыздықтар болуы мүмкін. Мұндай жанұялардың көбінде ана мен бала ғана болады.

Жанұя тәрбиесінің проблемасы - ананың жанұя тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр етеді.

Микроклиматы жағымсыз, жанұя өмірі ұрыс-керіске, ата-ананың бір-біріне, балаларына деген шағымдарына, айқай-шуға, қорлық сөздер мен іс-әрекеттерге толы жанұяларда өте маңызды тәрбие проблемалары туындайды.

201

Ата-ана құқығынан айрылғалы тұрған ата-аналар әлеуметтік және педагогикалық проблемалар тудырады. Мемлекет олардың ата-аналық құқықтарынан айырғанда балалардың мақсат-мүддесін басшылыққа алады. Алайда бұл ретте олардың өмірі өз мәнін барынша жоғалтады, өйткені өмір сүру мен дамудың маңыздылығы кемиді.

Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жекеменшіктің пайда болуына, жеке адамның баю мүмкіндігінің тууына байланысты материалдық жағынан ауқатты жанұялар пайда бола бастады. Мұндай жанұяларда тәрбие белгілі бір проблемаға кездеседі. Көбінесе бұндай жанұядағы бала балалық ұжымдардан алшақ болады, оның ерекшелік сезімі қалыптасып, қоршаған адамдарға деген жөнсіз наразылық эгоизмі тууы мүмкін.

Жанұяның жоғары материалдық ауқаттылығы (материалдық жағдайының төмен болуы да) жанұя жұмысын ұйымдастыруда қолаңсыз жағдайлар туғызады. Мектеп жанұя әдістемелерін нақтылап, оның кемшіліктерін түзете отырып, бұл проблемаларды жеңуге тырысу керек.

Осылайша, демократиялық қоғамда ата-ананың бала тәрбиесіндегі қызметі толығымен қалпына келетінін есте ұстауымыз керек. Алайда, қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бала тәрбиесінде қиыншылықтар туғызып отыр. Ата-ана жанұя тәрбиесінің маңыздылығы баланың құндылық бағыттарын, оның моралдық қасиеттерін қалыптастырулары қажет.

Жанұя тәрбиесінің құқықтық негізі. Жанұя тәрбиесінің, ата-ананың әлеуметтік-жауапкершілік қызмет-әрекеті ретінде басты құқықтық негізі бар. 1989 жылдың 20 қарашасында БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған "Бала құқығы туралы конвенция" маңызды негізгі құжат болып табылады. "Балаға, дене жағынан және ақыл-ойының жетілмегендігінен, арнайы қорғау мен қамқорлық, соның ішінде, туылғанға дейінгі және туылғаннан кейінгі тиісті құқықтық қорғау керек", - деп жазылған Конвенцияда.

Баланың өмір сүру, тіршілік ету және салауатты даму құқығын жариялай отырып, Конвенция баланың жеке тұлғалық дамуында өзінің дербестігін, даралығын сақтау құқығына ерекше көңіл бөледі. Сондай-ақ баланың ата-

202

анаға деген құқығы да ескеріледі. Ата-ана "баланың мақсат-мүддесі үшін қажетін" орындамаған жағдайда ғана өз құқықтарынан айырылады.

Осы Конвенцияға қол қойған мемлекеттер мына міндеттерді орындауы тиіс: ақысыз және бәріне міндетті бастауыш білім беруді енгізу, орта және кәсіби білім алуға жағдай жасау, жоғары білім алуға жол ашу. Конвенцияның 28 тарауында "мектептегі тәртіп баланың адами қадір-қасиетіне құрмет көрсететін әдістер арқылы жүргізілуі тиіс" деп, ерекше аталып кеткен.

Конвенция, сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясының 1959 жылдың 20 қарашасында қабылдаған "Бала құқығының декларациясы"; "Адам құқықтарының жалпы декларациясы" және басқа да көптеген халықаралық құжаттар ҚР Конституциясының ішкі жанұялық қатынастарды, баланың жанұя мен қоғамдағы тәрбиесі және ағартушылығы мәселелерін қамтитын тарауларына негіз болды. ҚР Конституциясының 27 тарауында былай делінген:

1. Неке мен жанұя, аналық, әкелік және балалық мемлекет қамқорлығының аясында.

2. Балаларды қорғау мен тәрбиелеу - ата-ананың табиғи құқығы және міндеті.

3. Кәмелетке толған және еңбекке жарамды балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасауы тиіс.

ҚР Конституциясында бекітілген жанұя тәрбиесінің құқықтық принциптері "Неке және жанұя туралы" заңда (17. 12. 1998 ж.) нақтыланған. Онда қазіргі заманғы жанұя құқығының бір некелік, некеге тұрудың бостандығы мен еркіндігі, ажырасу еркіндігі, ерлі-зайыптылардың жанұя қатынасындағы тең құқығы сияқты негізгі принциптері жазылған. Бұл құқықтар жанұя өміріндегі, жанұя ұжымындағы өзара байланыстың терең демократияға жол ашады. 52 тарауда баланың жанұялық тәрбиесі, оның құқығын және мақсат-мүдделерін қорғаудың баптары келтірілген: "Баланың өз ата-анасы тарапынан тәрбиеленуіне, оның тілек-қалауларының орындалуына, жан-жақты дамуына, оның адами қадір-қасиетінің сыйлануына құқығы бар". Бала ата-ана билігіне тәуелді объект ретінде емес, өзіндік құқық субъектісі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" заңында (07. 06. 1999 ж.) елдегі білім беру-тәрбиелік процесті мемлекеттік-құқықтық реттеудің мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. Бұл құжаттың нақты жасалған 203

құқықтық негізі бар, ол ата-аналарға және балаларға, олардың қазіргі заманның талабына сай зиялы білім алуларына, құқықтық кепіл береді. Ата-ана және басқа құқық өкілдері балаларға өмір сүру мен білім алу үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау керек, бала жеке тұлғасының интеллектуалды, дене-күш және адамгершілік қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етулері керек. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында елдегі білім беру-тәрбие процесін жүзеге асыратын дамыған, қызмет етіп тұрған құқықтық негіз бар, жанұяның дамуына кепіл беретін және жанұя

өмірінің, жанұя ұжымындағы өзара байданыстың терең демократиялы камтамасыз ететін құқықтық нормалардың жүйесі жетілген.

**Жанұяның педагогикалық процесін ұйымдастырудың теориялық негіздері.** Жанұя тәрбиесі туралы алғашқы педагогикалық түсініктер мен идеялар халық педагогикасында пайда болған. Педагогикалық ғылымның дамуы барысында жанұя тәрбиесінің мәселелері нақты ғылыми-теориялық және әдістемелік мазмұнға ие бола бастады. К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, П.Ф. Лесгафт және басқалар балалар тәрбиесін ұйымдастыруда олардың даралық ерекшеліктерін, бейімділіктерін, дене-күш және психологиялық даму деңгейін ескеру кәректігіне ерекше көңіл бөлген. Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский бала тәрбиесінің теориясын атап көрсеткен. Қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде баланың жанұядағы қарым-қатынасындағы қызмет-әрекетін ұйымдастыру, салауатты өмір салтын құру, мектеп пен жанұя ара қатынасы т.б. мәселелері қамтылған.


Жанұяның тәрбие өмір салты, оның барлық құрылымдық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені олардың мақсат-міндеттері ортақ іс-әрекеттерінің жалпы тәсілдері, әдістері және бағыттылығы бар. Жанұядағы тәрбиенің субъектілері - ата-ана мен бала, әлеуметтік мақсат, міндет, педагогикалық тәсілдер, әдістер. Осы элементтерді біріктіретін негіз - іс-әрекет.

Ұйымдастырылған мақсатты жүзеге асыруда іс-әрекет болмаса, тәрбие де болмайды. Жанұядағы тәрбиенің маңыздылығы ата-ананың басшылығымен, бақылауымен әртүрлі іс-әрекетке (оқу, еңбек, ойын, эстетикалық, т.б.) балаларды араластыру.

Баланың жанұяда орындайтын тапсырмалары оларды орындауға қатысуы. Баланың жанұядағы орындайтын тапсырмалары оның

204  
деңгейі педагогикалық процестің бірлігі. Бұл деңгей арқылы ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін; ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын; бала тәрбиесіне әсер ететін жанұяның мақсатты адамгершілік бағыттарын; баланың жанұядағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін; ата-ананың тәрбие құралдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалана алу қабілеттерін; баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады (2 суретті қараңыз).

Ата-ананың тәрбие жұмысының сапасын оқушының күн тәртібін ұйымдастыруынан көруге болады, онда жанұя тәрбиесінің маңызды ерекшеліктері көрініс табады, жанұяның әдет-ғұрыптарының бір бөлігі болып табылады. Күн тәртібі баланың уақыт аралығындағы іс-әрекетінен тұрады: дене және еңбек қызметі, ой белсенділігі, бос уақыт, дер кезінде тамақтану, гигиена, ұйқы. Олардың ара қатынасы баланың жасына, оның жеке тұлғасының психикалық ерекшеліктеріне және тілек-қалауларына байланысты өзгеріп отырады. Баланың бос уақыты оның күн тәртібінің құрамды бөлігі болып табылады. Оқушының бос уақытын пайдалануы, оның іс-әрекетінің түрлері жанұяның тәрбие мүмкіндіктерінің айқын көрсеткіші.



Сурет 2

205

Жанұяның бос уақыттағы бірлескен іс-әрекетінің оқушы үшін маңызы өте зор. Жанұя мүшелерінің өзара әрекеттестігі ретінде, түсінісу, сезім әсерлері негізіндегі бір-біріне ықпал етуі. Қарым-қатынас кезінде іс-әрекетпен, тәжірибемен, сезім әсерлері қатар жүреді. Ата-ана мен баланың ара қатынасы жанұя өмірінің айқын көрінісі, оның микроклиматын қалыптастырып, жанұяның даму мүмкіндіктері. Педагогикалық мәдениеті төмен жанұяларда бос уақыттың педагогикалық мәні болмайды, ол тек көңіл көтеру мақсатында ғана пайдаланылады. Педагогикалық процестің қызметіндегі іс-әрекеттің маңыздылығын, оның жеке тұлғаның өмірлік болашағын анықтаудағы мақсаттылық сипатын көрсете отырып, оның нәтижелілігі оқушының белсенділік дәрежесі.

Ата-ана арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады. Олар жеке тұлғалық мән беріп, көзқарастардың дамуына, балалардың мінез-құлығына, олардың адамдарға деген қатысына әсер етеді. Жанұядағы өзара қатынас сипаты әдет-ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы жанұясынан алған тәрбие-нұсқауларымен, темперамент ерекшеліктерімен, ерлі-зайыптылардың эмоционалдық деңгейімен, олардың адамгершілік және педагогикалық мәдениетімен анықталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады.

**Жанұяның педагогикалық процесінің негізгі сипаттамалары.**

Жанұядағы бала тәрбиесінің жетілуі әлеуметтік-педагогикалық және материалдық сипаттағы көптеген жағдайларға байланысты. Олардың бірі - оқушы тәрбиесіндегі жанұя мен мектептің ынтымақтастық қарым-қатынасы. Бұл ара қатынас жанұяның педагогикалық процесінің күйі туралы ақпарат болған жағдайда ғана жемісті бола алады. Жанұяның педагогикалық процесі күйінің диагностикалау жүйесін кесте түрінде көруге болады (кесте 1). Кесте 1. Жанұяның педагогикалық процесінің жағдайын диагностикалау жүйесі.

Негізгі	Көрсеткіштер	Диагностикалық
---------	--------------	----------------

<b>Көрсеткіштер</b>		<b>әдістер</b>
Жанұяның жалпы сипаттамасы	1. Жанұя құрылымы. 2. Аукаттылығы, тұрмыстық жағдайы 3. Ата-ана туралы мәліметтер (білім деңгейі, кәсібі, әлеуметтік-мәдени құндылық бағыттары, мақсат-мүдделері)	Жеке іс құжаттарын зерттеу. Жанұяға бару (бақылау, әңгіме-жүргізу). Құжаттарды зерттеу, сауалнам.
Өнегелілік-психологиялық ауасы	1. Өнегелілік мақсат-нұсқаулары 2. Жанұядағы өзара қатынас стилі 3. Ата-ананың баланың өмір әрекетінің мазмұнына көңіл бөлуі	Сауалнама. Әңгіме. Оқушылардың шығармалары. Тестер. "Мен және менің жанұям" суреті. Ранглеу
Ата-ананың педагогикалық мәдениеті	1. Ата-ананың тәрбиенің мақсатын, міндеттерін түсінуі 2. Тәрбиенің құралдарын, формаларын, әдістерін, тәсілдерін білу	Сауалнама. Әңгіме. Бакылау.
Оқушының сипаттамасы	1. Жанұя өміріне белсенді араласу 2. Адамгершілік, интеллектуалдық, өмірлік мақсаттар 3. Іс-әрекеттің мақсаты, себеп-салдарлары 4. Іс-әрекет түрлерінің алуан түрлілігі 5. Іс-әрекеттің білігі мен әдіс-тәсілдерін игеру	Бакылау. Педагогикалық жағдайлар.

Педагогикалық процестің сипаттамалары жанұяның тәрбие мүмкіндіктерінде жатыр. /Оларға байланысты жанұядағы педагогикалық процестің тәрбиелік мүмкіндіктерінің деңгейін айқындауға болады (жоғары, орташа, төмен) (кесте 2 қараңыз).

207

№	Көрсеткіштер	Деңгейлер		
		Жоғары	Орташа	Төмен
1.	Ата-ананың мақсат-мүдделері, әлеуметтік-құндылық бағыттары.	+	+	-
2.	Ата-ананың баланың өмір әрекетіне қатынасы.	+	+	
3.	Ата-ананың адамгершілік	+	+	-



	мақсат-бағыптары.			
4.	Жанұядағы өзара қатынас мәдениеті.	+	-	-
5.	Ата-ананың тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін түсінуі	+	+	-
6.	Тәрбиенің амалдарын, әдістерін, тәсілдерін педагогикалық сауатты пайдалану.	+	-	-
7.	Ата-ананың баланың қызмет-әрекетін ұйымдастырудағы білік пен дағдаларының болуы.	+	-	-
8.	Оқушының жанұя өміріне араласуы.	+	-	-
9.	Баланың іс-әрекетінің мақсаты мен себеп-салдарының адамгершілік негіздері.	+	-	-
10.	Оқушының іс-әрекетінің алуан түрлілігі.	+	-	-
11.	Оқушының іс-әрекеттің біліктері мен тәсілдерін игеруі.	+	-	-

Жоғары деңгей - барлық негізгі көрсеткіштер толығымен көрініс тапқан жанұялар. Ата-ананың әлеуметтік жауапкершілігі мен педагогикалық мәдениеті дамыған, олардың педагогикалық ынта-ықыластары бар. Балалар белсенді, дамыған, ұйымдасқан, алдында белгілі бір мақсаттары бар. Жанұяда оқушының күн тәртібі сақталады, оның өмірі әртүрлі іс-әрекетке толы. Жанұядағы ара қатынас демократиялық тұрғыда негізделген. Бұндай жанұяларда өзара түсіністік және қамқорлық рухы басым; балалардың әкесі мен анасының қызметі жайлы хабары бар, олардың қиыншылықтары мен жетістіктерін де біледі; баланын мектептегі жағдайы да жанұяда еркін

208 талқыланады; ата-ана баланы жүйелі оқу іс-әрекетіне үйретеді, күн тәртібін дұрыс құруға көмектеседі, оқуда қиыншылықтар туған кезде көмек көрсетеді; әкесі мен анасы баланың сабақтан тыс уақытына көңіл бөледі; баланың бос уақыттын ұйымдастыруына қатысып, оған мақсаттылық пен тиімділік элементтерін енгізеді. Жанұяларда бірігіп істелінген еңбек, табиғатқа саяхат, спорттық шаралар, кітап оқу - күнделікті және жиі болып тұратын құбылыстар. Ата-ана баланы дұрыс педагогикалық мәдениетке бағыттап оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне әлеуметтік-жауапкершілігін түсінеді. Ата-аналар жанұя айтарлықтай түзетулерді керек етпейді. Олар оның мәнін және өздерінің баланың өмірін ұйымдастырудағы алатын орнын түсінеді.

Орташа деңгейде жанұяның педагогикалық процесі, жалпы алғанда, қанағаттанарлық күйде, алайда кейбір элементтері, белгілі бір мөлшерде,

түзетуді қажет етеді. Ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қараса да, олардың педагогикалық мәдениеті жеткіліксіз: олар көбінесе тәрбиеде аз әдістерін қолданады (насихат әңгімелер, т.б.), үй тапсырмасын тексеру анданда ғана жүргізіледі. Балалар белсенді, бірақ жеткілікті ұйымдаспаған және мақсаттары анық емес. Жанұядағы өзара қатынас демократиялық принциптерге негізделген, алайда авторитарлық бедел қалады. Жанұя сипатындағы ортақ нәрсе - педагогикалық процесті ұйымдастыруда әртүрлі қиыншылықтардың болуы.

Ата-ана баланың оқу іс-әрекетіне көңіл бөлгенімен, олардың тиісті педагогикалық мәдениеті жоқ. Оқудың маңыздылығын мойындай отырып, олар баланы күштеу және қатал бақылау арқылы оқуға мәжбүрлеуге тырысады. Баланың оқуға деген қызығушылығын дамыту, балаға көмек көрсету ата-ана үшін қиындық туғызады. Олар, сондай-ақ, баланың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруды да қиыналады. Бос уақытты бірге өткізу кездейсоқ болады. Онда жүйелілік пен педагогикалық бағыттылық жоқ. Авторитарлық, оқушыға ықпал етудің педагогикалық негізі жоқ тәсілдерін қолдану, әкесі мен анасы арасында бөлісу жанұяда орын алады.

Төмен деңгей жанұяның іс-әрекетінде ала ауыздықпен, ата-ананың нашар педагогикалық мәдениеті, бала тәрбиесіне деген жауапкершіліксіздік, педагогикалық сауатсыздығымен сипатталады.

209

Балалардың үлгерімі төмен, олар үшін жанұялық өмірдің қызығы жоқ, балалардың әуестіктері кездейсоқтық сипатқа ие, жасөспірімдер ортасының оларға кері әсері өте үлкен. Ата-аналар өз міндеттерін тек қана оқушыны қаржы жағынан қамтамасыз ету және бақылаудың жалпы қызметтерін атқару деп түсінеді. Олар мектеппен жүйелі түрде байланыс жасамайды, педагогтар кеңесін ескермейді. Оқушының оқудағы, тәртібіндегі ақауларды мұғалімдердің жаман жұмыс істеуімен түсіндіреді. Мұндай ата-аналардың тиісті педагогикалық мәдениеті жоқ және, ең бастысы, педагогикалық шараларға қатысуға ынтасы жоқ.

Жанұяның тәрбие жұмысын зерттеуді ұйымдастыру өте маңызды. Ол мектеп құжаттарын (оқушылар сипаттамасы, сынып журналы, медициналық карталар) зерттеу мен талдаудан басталады. Бұл әдісті қолданғанда алдын ала жоспарланған мәселелер бойынша материалдар жинау.

Жанұя жайлы алғашқы мәліметтерді "Менің жанұям", "Біздің жанұядағы демалыс күні", "Менің үйдегі міндеттерім", "Оқушының жанұядағы бір күні" атты шығармаларды жаздыру арқылы алуға болады. Оқушыларға сұрақтар беру солардың төңірегінде ақпарат алу. Шығармалар арқылы ата-аналардың азаматтық көзқарасы, жанұяның рухани өмірі, оның мүшелерінің өзара қатынасы, балаларға деген қатынасы туралы білуге болады.

Шығармадағы жанұя туралы мәліметтерді ата-анадан (ата-аналар жиналысында өткізілген) сұрақ-жауап арқылы алынған материалдармен салыстырып, қайта тексеру керек. Бұл екі әдісті (шығарма мен сұрақ-жауапты) оқушылар мен ата-анадан объективті ақпарат алу үшін бір уақытта

өткізу керек. Жетістіктер мен кемшіліктердің себептері айқындалып, мектеп пен жанұяның бірлескен қызмет-әрекетінің болжамы анықталады.

Жанұя - іштей тұрақты, тұйық ұжым. Сондықтан оны зерттеуде белгілі бір қиыншылықтар негізделеді. Жанұяның сипаттамасы туралы мәліметтер алу мақсатында жанұяға барған уақыттағы бақылаулар мен әңгіме жүргізу әдістері қолданылады. Әңгіме кезінде мақсатты түрде белгілі бір жоспарды ұстану керек. Ата-анамен әңгіме өнері мұғалімнен өте жақсы дайындықты талап етеді. Педагогтің өте маңызды қасиеті - бақылағыштығы. Әңгімелесіп отырған адамның бет әлпетінен, қойылған сұрақтарға қатынасынан оның психологиялық жай-күйін білуге болады.

210

Жанұя мүшелерінің ара қатынасы мәселелерін анықтаудың аталған әдістерден басқа тағы бір жолы "Менің жанұямның суреті" әдісін сәби және жасөспірім жаста өткізу тиімді. Оқушыларға "Өз жанұяңның суретін сал", "Өз арманыңдағы жанұяның суретін сал" деген тапсырмалар беріледі. Бұл әдістің артықшылығы сонда -балалар өз суреттерінде жанұя мүшелерінің ара қатынасы туралы ақпаратты өз бетінше, өз қалауымен бейнелей алады. Алайда оның объективтілігі күмән келтіруі мүмкін, оған бірнеше себеп бар: көзбен көру-моторлық сипаттың жетіспеуі (бала адамдардың суретін сала алмайды, сондықтан өз жанұясын салудан бас тартады), кейде бала өзінің қалауларын, тілектерін шындық, ақиқат ретінде беруге тырысады (жанұяда жоқ мүшенің суретін салады -оның ата-анасы ажырасқан). Сондықтан "Жанұя суреті" арқылы алынған ақпаратты басқа да әдістермен толықтыру қажет.

Осы ұсынылып отырған жанұяның диагностикасының әдістері мұғалімге объективті ақпарат алуға және бөлек алынған немесе тұтас сынып жанұяларының ұжымы ретіндегі жанұяның тәрбиелік сипатын қарастыруға, оқушылардың жанұяларымен жұмысында әдетте кездесетін мәселелерді табуға, ата-аналарға бала тәрбиесін жетілдірудің белгілі бір жақтарын түзетуге көмектесуге мүмкіндік береді.

**Мектеп пен жанұяның әрекеттестік формалары.** Қазіргі уақытта мектеп пен жанұя ынтымақтастық әрекетінің келесі бағыттары айқындалған: ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс; ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын дамыту; ата-аналармен баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі жеке дара жұмыстарын жүргізу.

Ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференциялары сияқты формалар арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті - ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік (жалпы мектептік ата-аналар комитеті) немесе сыныптық жиналыстарда (сыныптық ата-аналар комитеті) сайланады. Ол 5-6 адамнан (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын председателден және 4-5 мүшесінен) тұрады. Керек болған жағдайда ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін.

211

Дұрыс және тұрақты қызмет ететін ата-аналар комитеті -сынып жетекшісінің оң қолы. Сыныптың барлық күнделікті жұмысы (ұйымдастырушылық, орындаушылық, бастамалық, тәрбиелік, бақылаушылық, үтіттеушілік) сынып жетекшісінің шебер әрі бағыттаушылық ықпалымен ата-аналар комитетінің көмегімен жүзеге асырылады. Ата-аналар комитетінің мүшелері сынып жетекшісіне мектеп пен оқушылардың жанұялары арасындағы байланысты орнатуға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын (мерекелерді, кештерді, саяхаттарды, театрға саяхатты, т.б.) өткізуге көмектеседі. Олар педагогикалық жағынан кемшілігі бар балалардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жүргізе алады.

Ата-аналар комитеті жұмысының жемісті болу шарттары -оның мүшелерінің ата-аналар ұжымының алдында есеп беруі, оның іс-әрекетіне дем беру (алғыстар, грамоталар, жұмыс тәжірибесін талдап қорыту және арнайы бюллетендер шығару арқылы), сынып жетекшісімен үздіксіз ынтымақтастық әрекет.

Мектептің жанұялармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір жанұяларға тәрбиеден көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар жанұяларға).

Кей мектептерде құрамына жергілікті әкімшілік өкілдері, кәсіпорын, фирма, мәдени-ағартушылық ұйымдар, мәдени ұлттық орталықтар басшылары кіретін қамқорлық кеңестері қызмет етеді. Қамқорлық кеңестер мектепке жөндеу және жабдықтау жұмыстарында, компьютерлеуде, тілек-қалаулары бойынша клубтарды ұйымдастыруға, кәсіби бағыттарында, еңбекке орналасуда, мектеп бітірушілердің одан әрі білімін жалғастыруда демеушілік көмек көрсетеді.

Мектеп пен жанұялардың ынтымақтастық әрекеттерінің ұйымдастырушылық-педагогикалық формаларына, сондай-ақ, ата-аналар жиналыстары мен конференциялары жатады. Олар жалпы мектеп бойынша да, жеке сыныптар бойынша да өткізіледі. Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы немесе конференцияларда жанұя мен мектептің оқыту-тәрбие жұмыстарын

212 жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланады. Мектептегі ата-аналар жиналысы, әдетте, жылына 2-3 рет өткізіледі.

Жанұямен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстың ең тікелей формасы жеке сынып оқушылары ата-аналарының жиналыстары. Мұндай жиналыстарда сынып жетекшілері оқушылардың үлгерімі мен тәртібінің сынып өмірі жайлы, ұжым міндеттері туралы, т.б. ақпарат береді. Жиналыстар жанұя мен мектептің тәрбие жұмысында ортақ мақсаттарды анықтау үшін өте маңызды. Жиналыстарды оқушылармен бірігіп өткізген тиімді. Ата-аналар жиналысы әртүрлі болуы мүмкін: тақырыптық, жиналыс-практикумдар, қорытынды, тоқсандық, жылдық, топтық, әңгімелесу-жиналыстар, т.б. Жылына бір рет болса да сынып немесе мектеп деңгейінде

диагностикалық негізде ата-аналар жиналысын (немесе конференцияларды) өткізіп тұру керек, яғни бұл процестің жетекші (өзгермелі) сипаттары арқылы мектептегі және жанұядағы шынайы жайды анықтау үшін керек.

Жанұяға бала тәрбиесінде көмек көрсетудің ықпалды тәсілі -ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ұйымдастыру. Мектеп ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ата-аналар жиналысын, консультациялар, сұрақ-жауап кештерін, әкелер конференцияларын, т.б. өткізу арқылы ұйымдастыруға тырысады. Бұл орайда, әрбір мектеп өз жағдайына, "жанұя суреті" ерекшеліктеріне, оқушылар тәрбиелілігіне сәйкес ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытудың нақты жүйесін жасайды. Көбінесе оқушылар ата-анасымен бала тәрбиесін жақсартудағы педагогикалық консультациялар және практикалық кеңестер сипатындағы жеке дара жұмыс жиі қолданылады.

Ата-аналарға жанұя тәрбиесін жақсарту мақсатында жеке дара көмек көрсетіп, ықпал жасай отырып, мұғалім педагогикалық әдептілік сақтау керек. Мұғалімдердің ата-аналарға оқушылардың мектептегі "жаман" тәртібіне шағымдануы әрқашанда теріс бағаға ие болады. Мұндай ағымданулардың еш нәтижесі болмайды, керісінше олардың тигізер зияны өте зор. А.С. Макаренко мұғалімдерді ата-аналарды мектепке шақыртудан, балалар тәртібіне шағымданудан сақтандырған: "Кей ата-ана мұндай әңгімеден кейін қолына қамшы алады, ал кейбіреуі болса еш нәрсе істемейді де, нәтижесінде барлығы бұрыңғы қалпында қалады", -дейді А.С. Макаренко.


213

Ата-аналар оқушылардың оқу еңбегінің әртүрлі шараларын өткізуге қатыстырылады (пәндік тақырыптық кештер, танымдық-ойын-сауық ойындар, үйірмелік сабақтар, т.б.). Көптеген мектептерде "Ашық есік күндері" дәстүрге айналған, бұл күні ата-аналар сабақтарға қатысып, сабақтағы өз балаларын бақылауға, олардың белсенділік деңгейін және оқу материалын игеру тереңдігін бағалауға мүмкіндік беріледі. Олар бұл күні: пәннің ерекшелігін ескере отырып үй жұмысын қалай орындау керек, оқушы пән бойынша оқу жұмысының қандай тәсілдерін игеру тиіс, осы пәнді игеруде қандай қиыншылықтар туындайды және оқушыға оларды жеңу үшін қалай көмектесу керек, т.б. өзекті мәселелерді шешуде білікті көмек ала алады. Ата-аналарға жанұя тәрбиесінің тәжірибесімен алмасудың әртүрлі формалары ұсынылады.

Жанұяны мектеп жұмысына тартудың нәтижелі формасының бірі "кіші педагогикалық кеңестер", ата-аналардың белсенді мүшелерімен бірігіп мұғалімдердің нақты бір сыныптың оқыту-тәрбие процесінің әртүрлі мәселелері бойынша ерекше кеңестер өткізуі (3 суретгі қараңыз).

Осылайша, мектеп пен жанұяның сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестерінің ара қатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады. Сынып жетекшісі қалыптастырған мақсат пен міндеттер оның оқушылар мен олардың жанұяларымен әрі қарай жұмысының бағыттарын да анықтайды.

214



**Сурет 3 Жанүя мен мектептің педагогикалық процесстерінің өзара іс-әрекеттесу формалары.**

### **Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар**

- 1) Жанүяның педагогикалық процесінің құрылымын ашыңыз. "Жанүяның педагогикалық процесінің компоненттері және олардың ара қатынасы" сызбасын жасаңыз.
- 2) Педагогикалық процесстің заңдылықтары мен принциптерінің жанүядағы бала тәрбиесінің нәтижелілігіне ықпал-әсерін көрсетіңіз.
- 215
- 3) Жанүяның педагогикалық процесі дамуының қозғаушы күші неде?
- 4) Жанүяның педагогикалық процесінің дұрыс ұйымдасқаны туралы қандай көрсеткіштер арқылы білуге болады?
- 5) Жанүяның педагогикалық процесінің негізгі сипаттарын (өзгермелі) зерттеу үшін диагностикалық әдістер жиынтығы керек екенін дәлелдеңіз.
- 6) Әңгіме әдісін қолданғанда қандай талаптарды орындау керек?
- 7) Сынып жетекшісіне тәрбиелік жұмыс жоспарын құруда жанүяның педагогикалық процесінің қандай көрсеткіштерін ескеру керек?
- 8) Мектеп пен жанүяның ынтымақтастық әрекетінің негізгі формаларын атаңыз.

### **Әдебиеттер**

Азаров Ю.П. Семейная педагогика: Педагогика Любви и Свободы. М., 1993.

Арнаутова Е.П., Иванова В.М. Общение с родителями: Зачем? Как?-М., 1993.

Байдельдинова Г.К. Методика изучения семьи. Алма-Ата, 1983.

Байдельдинова Г.К. Школа и семья формируют человека. Алма-Ата, 1984.

Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. М., 1999.

Макаренко А.С. Книга для родителей. М., 1983.

Международная Конвенция ООН о правах ребенка. М., 1989.

Прихожан Л.М., Толстых Н.Н. Дети без семьи М., 1990.

Семья глазами психолога. М., 1995.

Семейный кодекс Республики Казахстан. Алматы, 2000

Сухомлинский В.А. Родительская педагогика. Соч. в 3-х томах Т. 3. М., 1981.

12. Хмель Н.Д., Байдельдинова Г.К., Жукенова К.А., Илларионова Л.П., Тригубова Н.Н. Влияние единства содержания и формы работы на профессиональную подготовку учителя (аспект: работа учителя с семьями школьников). Методическое пособие. Алматы, 1995.

216

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1) А. С. Макаренконың "Ата-аналарға арналған кітабын" оқып шығыңыз, ондағы педагогикалық ойлардың өзектілігін дәлелдеңіз.

2) В. А. Сухомлинскийдің "Ата-ана педагогикасы" кітабы бойынша реферат жасаңыз.

3) Өзіңіздің балалық шағыңызға талдау жасай отырып, жанұя - адам дамуының орны ерекше факторы туралы шағын шығарма жазыңыз.

4) Жанұяның дәстүрлерін бейнелейтін мақал-мәтелдерді тауып, жазыңыз; олардың қайсысын қазіргі жағдайларда қолдануға болады, ал қайсысын ескірген деп айтуға болады?

5) Жанұя тәрбиесінің мәселелері бойынша жаңа педагогикалық басылымдар (кітаптар, мақалалар) туралы ақпарат дайындаңыз.

6) Жанұя тәрбиесінің белгілі бір мәселелері бойынша әдебиеттер тізімін жасаңыз.

7) Әдебиет көздерінен ата-ана мен баланың ара қатынасы мәселелері бойынша педагогикалық ситуацияларды табыңыз (немесе өзіңіз құрастырыңыз).

### **Реферат тақырыптары**

1. Жанұя тәрбиесінің құқықтық негіздері.

2. Толық емес жанұялардағы бала тәрбиесінің қиыншылықтары.

3. Жанұя шежіресі мен оның бала тәрбиесіндегі орны.

4. Халық педагогикасы тәсілдері, оларды қазіргі жанұя тәрбиесінде қолдану.

5. Оқушылардың танымдық тілек-қалауларының дамуындағы жанұяның орны.

6. Ата-ана мен баланың ара қатынасы.

7. Жанұяның баланың өнегелілік тәрбиесіндегі орны.
  8. Жанұядағы баланың эстетикалық тәрбиесі.
  9. Мектеп пен жанұяның ынтымақтастық әрекеттестігінің формалары.
  10. Ата-аналар жиналысын өткізудің әдістері.
- 217

## **2.9 Тұтас педагогикалық процестегі оқыту-жеке тұлғаны қалыптастыру құралы**

### **Мақсаты:**

Тұтас педагогикалық процесті оқыту процесін жеке тұлғаны қалыптастырудың құралы ретінде негіздеу.

### **Міндеттері:**

- а) тұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі ретінде оқытудың және "дидактика", "оқыту процесі", "оқытудың қызметі", "оқытудың бөлшектері", "оқыту процесінің қозғаушы күштері" "оқытудың заңдылықтары", "оқытудың ұстанымдары" ұғымдарының мәнін сипаттау;
- ә) тұтас педагогикалық процесс құрылымында оқытудың мақсатын, міндеттерін, қызметтерін ашып көрсету;
- б) дидактиканы педагогика ғылымында білім беру мен оқытудың теориясы ретінде негіздеу.

### **Жоспар:**

1. Оқытудың мәні, мақсаты, міндеттері, қызметі, заңдылықтары, қозғаушы күштері мен ұстанымдары.
2. Оқытудың әдіснамалық негізі.
3. Оқытудың психологиялық негізі.
4. Дидактика — оқытудың және білім берудің теориясы.
5. Оқыту үрдісінің моделі.

**Негізгі ұғымдар:** дидактика, оқыту процесі, оқытудың қызметі, оқытудың заңдылықтары мен ұстанымдары., танымдық іс-әрекет.

**Пәнаралық байланыс:** философия, білім беру философиясы, оқыту, психология, педагогика тарихы.

### **Оқытудың мәні, мақсаты, міндеттері, қызметтері, заңдылықтары, қозғаушы күштері мен ұстанымдары**

**Оқыту үрдісі** - оқушыға білім, тәрбие берудің және оны дамытудың мақсаттары шешілетін мақсатты бағытталған, бірізді өзгеріп отыратын мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігі.

Оқыту - қазіргі заманның талаптарын ескере отырып, оқушылар тұлғасын, білім, іскерлік және дағдыларды меңгерте отырып, мақсатты қалыптастыру мен дамыту процесі. Оқыту - қоғамдық құбылыс түріндегі ересектердің мақсатты бағдарланған жүйелі ұйымдастырылған қоғамдық қатынастар тежірибесі, қоғамдық сананың даму нәтижесі, еңбек өндірісінің мәдениеті, қоршаған ортаны қорғау мен оны белсенді қайта өзгерту туралы, білімдерді аға ұрпақтың өскелең ұрпаққа үйретіп, оны олардың меңгеруі. Оқыту ұрпақ сабақтастығын, қоғамның толық құндылықты қызмет атқаруын



және тұлғаның соған сәйкес дамуына мүмкіндік жасайды. Оның қоғамдағы объективті міндеттерінің мәні осында. Оқыту процесіндегі негізгі мазмұнды игеру тетігі - өзара әрекеттестіктің арнайы формасындағы мақсатты ұйымдастырылған балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекеті, олардың мазмұнды танымдық әңгімелері (кесте 1 қараңыз).

Түрлі деңгейлерде іске асырыла отырып, оқыту процесі циклдік сипатқа ие болды. Оқыту процесінің циклдері дамуының ең негізгі көрсеткіштері, басты екі мақсатқа негізделіп топталған, педагогикалық еңбектердің ең жақын дидактикалық мақсаттары:

- білім беру - бұл мақсат оқушылардың танымдық іс-әрекеті тәсілін меңгеріп, олар арқылы ғылым негіздерін игерулерін, белгілі бір білімдердің, дағдылар мен іскерлікті үйренулерін, өздерінің рухани, физикалық және еңбек қабілеттерін жетілдірулерін, еңбек және кәсіби дағдыларды игеруін көздейді:

- тәрбиелеу - әрбір оқушының ғылыми көзқарасын, адамгершілігін, белсенді шығармашылығын және әлеуметті кемелденген жоғары адамгершіліктегі үйлесімді дамыған тұлғасын дамытуды мақсат етеді.

Оқытудың мақсаты - дамытудың қоғамдық - тарих тәжірибесінің жан - жақтарын: білімдер мен іскерліктері, ғылым, мораль, еңбек, әдебиет, өнер, жалпы және дене тәрбиесін меңгеруге бағытталған мұғалімнің педагогикалық әрекеті мен оқушының оқу-танымдық өзара бірлескен әрекетінен ойша күтілетін түпкі нәтиже. Жалпы мақсатта қоғам ғылымның, техникалық, сондай-ақ өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына сәйкес кетеді.

Оқыту педагогика ғылымының категориясы ретінде және оқыту процесі немесе дидактикалық процесс бірдей мағынадағы ұғымдар емес. Процесс оқыту жағдайларының толық педагогикалық құбылыс ретінде педагогикалық іс-әректің үзіндісі, әктісі ретінде ауысып отыруы. Іс-әрекет ретінде оқыту ұғымымен іс-әрекеттердің шеңберін, міндетін білдіретін "қызмет" ұғымы тығыз байланысты. Оқытудың қызметі оқыту процесінің мәнін сипаттайды (оқыту процесінің теориялық негіздері кесте 1)

Кезеңдері	кіріспе	Фактілік	Шығармашылық	Білімді пайдалану	Шығармашылық жұмыс
Деңгейлері					
Жеке әдістемелік деңгей (пон мазмұнын ескеріп оқыту)					
Жалпы әдістемелік деңгей (оқытудың жалпы мәселелері) Дидактикалық міндеттерге сәйкес әдістер мен формалар					
Дидактика (мұғалім қалай оқытады? Мұғалім не істеу керек? Мұғалім шешетін дидактикалық міндеттер)	Білімге ену	Ағымдағы есеп. Жаңа материалмен жұмыс, келесі тапсырмаға нұсқау	Ағымдағы есеп теориялық материалмен жұмыс, келесі тапсырмаға нұсқау	СОЖ (студенттердің өзіндік жұмысы) Ағымдағы есеп оқығанды бекіту келесі тапсырмаға нұсқау.	Қорытынды есеп, келесі тапсырмаға нұсқау
Білім алу психологиясы (оқушы қалай оқиды) Ақыл-ой өрнектерін кезеңдік қалыптастыру	Жалпы бағдар кезеңі (оқып-үйретуге қажет мәселелерді және мақсаттарын қою)	Материалдық кезең “материалдану” өрнегі (фактілік материал жинау)	Қатты сөйлесу кезеңі. Фактіге талдау жасау, қорыту, тұжырымдар жасау.	Іштен сөйлеу тапсырманы түсінгенін тексеру және оқығанды пайдалануды ұйымдастыру	Ақыл-ой өрнектері кезеңі, оқушылардың өзбетінше, шығармашылық, белсенді өрнегі.
Әдіснама (таным теориясы) әлемді тануға болады.	“Тірі түйсік”		Абстрактілі ойлау		Практика

1 кесте. Оқыту процесінің ғылыми негіздері (Н.Д. Хмель)

220

Оқытудың әлеуметтік, педагогикалық психологиялық мәні оның қызметтерінен біршама анық айқындалады. Солардың ішіндегі, бірінші кезектегі біршама мәндісі — оқушыларда білімділерді, дағдыларды және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің іскерлігін қалыптастыруы (білім беру қызметі). Оқытудың екінші қызметі — оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру (тербиелеу қызметі). Ол балалар мен ересектерде объективті түрде қоршаған орта жөнінде ой толғауға мүмкіндік жасайтын білімдерінің толығына қарай біртіндеп қалыптасады. Алдыңғы екі қызметімен тікелей байланыстағы тұлғасын және оның өз бетінше ойлауын дамыту қызметі атқарылады (дамыту қызметі).

Адамның дамуы - бұл оның денесінің физиологиялық және психологиялық сипаттамаларының олардың ішіндегі ең бірінші ақыл-ойының сапалы дамуын білдіреді. Сонымен қатар, оқытудың кәсіби бағдарлау қызметінің де мәні зор.

Үздіксіз білім беруде дайындау қызметі, адамды өндіріске және қоғамдық қарым-қатынастарға белсенді араласуға бағыттайды, практикалық әс-әрекетке дайындайды, өзінің политехникалық, кәсіби, жалпы білімі, толық дайындығын үнемі жетілдіріп отыруға бағыттайды. Креативтілік қызметі тұлғаның жан-жақтылығын үздіксіз дамытуды көздейді. Өзінің мәні жағынан оқыту процесі — түрлі реттегі және деңгейдегі заңдар мен заңдылықтар арнайы айқындалатын заңдылықты түрде дамытын процесс. Заңдылықтар объективті, мәнді қажетті, жалпы, тұрақты және белгілі бір жағдайларда қайталанып отыратын өзара байланыстарды бейнелейді. Феномен мәнінің қатаң түрде айқындалған ерекшеліктері - заңдарды құрайды.

*Оқыту процесінің заңдылықтары:*

> Оқушының білімге деген ынтасына оқытушы әсерінің сәйкестігі. Бұл заңдылық баланың қоршаған дүниені тануға деген ықыласын жүзеге асыруға жағдай жасайды, мұғалімнің балаға өмірде қажет болатын, оларды қызықтыратын білімді берудегі белсенді ықыласын қажет етеді.

> Оқушылардың жеке және ұжымдық іс-әрекеттеріне оқытушының әсерінің сәйкес болу заңдылығы. Бұл заңдылық мұғалімнің, оқыту процесінде баланың айналысатын іс-әрекеттерінің әрбір түрінің оның қандай қасиетін талап етіп, сонымен бірге оны дамытып отыратынын түсінуіне мүмкіндік жасайды.

221

> Оқушының танымдық, ақыл-ой және басқа да мүмкіндіктеріне оқыту әсерінің сәйкестігі. Бұл заңдылық мұғалімдерден оқушылардың ерекшелігі контингенттерін, олардың жеке және әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін, сабақтың және сабақтан тыс уақыттағы қызығушылықтары мен мінез - құлықтарын ескеруді және оқу - тәрбие әсерінің балалардың жеке және топтық ерекшеліктеріне, олардың жеке және ұжымдық іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне сәйкестендірілуді қадағалауды талап етеді.

> Оқытушы мен оқушының іс-әрекеттерін оқытудың техникалық құралдарының ОТҚ мүмкіндіктеріне сәйкестігі. ОТҚ нақты бір сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне қатаң түрде сәйкестікпен қолданылуы керек.


> Оқытушы мен оқушының іс-әрекетін қазіргі таңдағы өмір мен іс-әрекеттің талаптарына сәйкес модельдеу. Сондықтан олардың барлық оқулары ойын түріндегі тірішілік жағдайларыменен, мысалдармен кеңейтіліп оқу барысында меңгерген білімдерін, іскерліктерін және тәжірибеде қалыптасқан дағдыларын қолдануларына мүмкіндік жасайтын олардың қызығушылықтары артатын жағдайларды және еңбек әрекеттерімен толықтырылуы керек.

Сонымен, оқыту үрдісінің заңдылығы - құбылыстар мен үрдістердің дамуын бейнелейтін, объективті, қажетті, мәнді байланыс (1-сурет).

Жалпы заңдылықтар:

- оқыту талаптарына сәйкес оқыту процесін сәйкестендіру,
- ол білім беру, тәрбие және дамыту процестерімен байланысы,
- оқыту процесі оқушыны нақты оқу мүмкіндігін және сыртқы жағдайына тәуелді,
- білім беру мен оқу процесі заңды түрде өзара байланысты,
- оқытудың мазмұны ғылымның даму логикасы және деңгейіне, қоғамның талабын көрсететін міндеттеріне тәуелді,
- оқытудың әдістері мен құралдары және оқуды ынталандыру, оқу іс-әрекетінің бақылау және өзіндік бақылауды ұйымдастыру білім беру мазмұнына және міндеттеріне тәуелді,

222



223

- оқытуды ұйымдастыру формалары оқытудың міндетіне, мазмұнына және әдісіне тәуелді,  
 - үйлесімді жағдайға сәйкес оқу процесін барлап заңдылықтарын мен компоненттерін өзара байланысын оқытуды берік, саналы және іс-әрекетті нәтижелі қамтамасыз етеді.

- Оқытудың барлығына тән заңдылықтар қандай-да бір түрінде болмыс көрінес беруі сөзсіз:
- Оқу процесі оқытушымен оқушының мақсатына сәйкес болады, егер мұғалімнің іс-әрекеті оқылатын материалды меңгерту тәсіліне сәйкес келсе.
- Жеке адамды мақсатқа сәйкес оқыту бұл іс-әрекетке тікелей қалыптасуына байланысты.
- Оқыту мақсаты, оның мазмұны және әдістері арасында тұрақты тәуелділік бар; яғни мақсаты, оның мазмұнын, әдісін анықтайды, ал соңғысы мақсатқа жетудің шарты болып табылады.

Заңдылықтар оқушы мен оқытушыны іс-әрекетінің сипатына, оның қолданатын құралдарына, оқыту әдістері және оқу материалының мазмұнына тәуелді. Оның көрініс табуы мұғалімнің оқыту мақсатына толықтығын сезінеме және мақсаты жауап беретін әдістері мен құралдарын қолдануына тәуелді.

Оқыту процесін танымның арнайы процесі ретінде оның үнемі қозғалыстағы, дамушы процесс ретінде - қарама-қайшылықтарында түсіндіру

керек. Осыған байланысты мұғалім ешқандай тікелей түзуліктің шындық жолында тұрақты қозғалыс тетіктерінің болмайтынын және керісінше үлкенді кішілі серпілістердің, құлдыраудың, күтпеген ойлардың туындайтынын, толғаныстарын болатынын білу керек. Таным бейнемен беріле отырып, қайшылықтардан пайда болады. Онда логикалық талдау, индукция да, мәндісі де, мәнсізі де болады.

Жалпы ретті қарама-қайшылықтар пайда болады:

- қоғамдық -тарихи білімдері көлемі мен оқушының оны меңгерген көлемі арасында;
- оқушының жеке танымдық іс-әрекеті және қоғамдық -тарихи танымы арасында;
- оқушының қол жететін даму деңгейімен оқыту барысында алға жетелейтін оқу міндеттері арасында;
- жеке ретті қарама-қайшылықтар пайда болады;

224

- бұрынғы білім деңгейі мен оны "жататын" жаңа білім арасында;
- білім мен оны біліктілікпен қолдану арасында;
- оқуға және оқытуға оқушыларды қол жеткен және қажетті қатынас деңгейі арасында;
- күрделі танымдық міндеттер мен соларды шешу үшін бұрынғы кемшіліктері әдістері арасында.

Негізгі қайшылықтар оқыту процесінің қозғаушы күші, себебі таным процесі де сарқылмайтын құбылыс. М.А.Данилов оны оқытудың қозғалыстағы қадамдары танымдық және практикалық міндеттермен оқушылардың білімдерінің, іскерліктерінің және дағдыларның деңгейлерінің, олардың ой-өрісінің дамуы мен қатынастары арасындағы қарама-қайшылықтар деп түсіндіреді.

Педагогикалық үрдістің қозғаушы күшін, М.А.Данилов тұлғаның дамуының қарама-қайшылықтарымен байланыстырады. Педагогикалық үрдістің ішкі қозғаушы күші танымдық еңбек, практикалық, қоғамдық сипаттағы талаптар мен оларды іске асырудағы оқушылардың іс жүзіндегі мүмкіндіктерінің арасындағы қарама-қайшылықтар, яғни, әрбір жеке тұлғаның оқытудың қозғаушы күші - бір жағынан оған қойылатын талаптар мен екінші жағындағы оның құраддары мен мотивтерінің арасындағы қарама-қайшылықтар. Қажеттілік мотивсіз жасалмайды. Сондықтан оқушылардың мотивациясы, жеке тұлға мен ұжымды оқытудың қозғаушы күшін құрайтын қарама-қайшылық маңызды компоненті болып есептеледі.

Қарама-қайшылық мазмұнды болған жағдайда ғана оқушылар үшін мәнді болып, оқыпудың қозғаушы күші бола алады, ал, қарама-қайшылықтың шешімі - олардың анық ұғынулары керек қажеттілік. Оқыпудың қозғаушы күші ретінде қарама-қайшылықтың болуы шартты - оқушылардың танымдық өрісіне сәйкестігі. Оқушылардың білімді тек қана "ұстап қалмауы", соған "тіреліп" қалмас үшін және өз беттерінше шешу тәсілдерін табу үшін, оқыту процесінің барысында логикаға сәйкес қайшылықтар алдын-ала әзірленуі маңызды.

Оқытудың принциптері оқыту процесінің заңдылықтарынан дамиды. Олар көп жылдық тәжірибенің қортындыланған түрі және қазіргі таңдағы мектептің жағдайларында оқыту процесінің өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп отырады.

Принциптері - бұл педагогтың өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде және мінез - құлқында басшылыққа алатын негізгі, бастапқы жағдайлары. Яғни, ұстанымның заңдылықтардан айырмашылығы, опын тұлғаға тәуелділігі: ол оны қолданады немесе оны қажет етпейді.

225

Ал, заңдылықтар тұлғаның еркіне тәуелді емес: ол оны тек қана іс-әрекетті ұйымдастыру барысында ескеруі мүмкін.

Оқыту принциптері - оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын, негізгі жағдайлар. Оқыту процесін құрылымдауда оқытудың ұстамдарына сүйенуге міндетті болғандықтан, оларды " әр қайсысына жеке-жеке тоқталамыз:

1) Оқытудың саналылық, белсенділік және өз бетіншілік принциптері оқушылардың сабақтың мақсаты мен міндетіне жауапкершілігін, оның практикалық мәнін ұғынуды қажет етеді. Оқытудың тиімді әдістері, ОТҚ және басқа да көрнекі құралдар қазіргі кездегі әдістемелер тәсілдері арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, жаңа материалды оқу және оны тәжірибеде қолдану процесінде шығармашылықтың, белсенділіктің дамуына қабілеттендіреді.

2) Оқытудың көрнекілік принципі, көрнекіліктің сабақтың мақсатына және мазмұнына жауап беруіне, айқын мазмұнды болуына, ұғымды әрі түсінікті болып, шығармашылық және әдістемелік жағынан дұрыс қолданынуына бағыттайды.

3) Жүйелілік, бірізділік, және кешенділік принциптері: оқу пәнінің білімдерін жүйелі беруге жаңа білімді бұрынғы білімдермен байланыстыра оқытуды, оқыту процесінің ұйымдастырылуы мен нәтижесіне жүйелі және нақты бақылау жасауды; оқу сабақтарының нақты жоспарын іске асыруды, оқу материалының логикалық байланысы мен орналасуын қатаң сақтауды талап етеді.

4) Күрделіліктің жоғарғы деңгейінде оқыту принципі оқушылардың ақыл - ой және дене мүмкіндіктерін үнемі ескере отыру; оқу материалының және олардың мазмұндалу қарқынының күрделілігіне; оқушылардың бастапқы дайындығының деңгейіне сүйене отырып, оқу материалын қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп оқытуға; оқушылардың оқу әрекеттерінің қиыншылықтарын жеңуге саналы қатынасын тәрбиелеуге бағдарлайды.

5) Білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру беріктілігі принципі: оқушыларға оқылып отырған материалдың олардың тәжірибелік іс-әрекеттері үшін маңыздылығын түсіндіруді оқытылатын материалды және ең бірінші оның негізгі мазмұнын берік, әрі ұзақ уақытқа дейін еске сақтауға деген мақсатын қалыптастыруды; бұрын оқытылған оқу материалын жүйелі ұйымдастырылған түрде қайталауды; оқытылған материалдың игерілуіне жүйелі түрде бақылау жүргізуді талап етеді.

б) Оқытудың топтық және жеке тәсілдері принципі; балаларды келісімге негізделген бірлестік әрекеттерде оқытуға, топта жағымды психикалық жағдайда оқытуды болжайды. Оқытудың әдіснамалық негіздері. Оқытудың жалпы ұйымдасуын формалары мен әдістерін тандауды белгілейтін принциптері ережелері педагогикалық процесстің жалпы әдіснамасынан дамиды. Сонымен қатар, оқытудың оқушылардың танымдық әрекеттерінің ұйымдастырылуымен тікелей байланысты болғандықтан, оның әдіснамалық негізін арнайы құрастыру қажет.

Бихевиризм және прагматизм - оқып білудің тәсілдерін (тетіктерін) түсіндіруге мүмкіндік жасайтын, оқытудың кең таралған тұжырымдамалары. Бұл бағыттарға экзистенциализм және неотомизмде қосылады. Олар оқытудың ролін төмендетіп, сезімді тәрбиелеуге ақыл - ойды дамытуды тәуелдендіреді, бұл позицияның мәні тек жеке дәйектерді тануға, олардың заңдылықтарын ұғынуға болады деген заңдылықтардан шығады.

Жаңа бағыттардың ішінде ерекше назар аударуға тұратыны: Д.Брунер (АҚШ) жасаған "жаңалық ашу арқылы оқыту" тұжырымдамасы. Д.Брунердің тұжырымдамасына сәйкес оқушылар дүниені, олардан барлық танымдық күштерін талап ететін және саналы ойлауға қаблетін дамытуға тікелей әсер ететін, өз бетінше жаңалық ашулары арқылы тануға білімді меңгеруге тиіс. Шығармашылықта оқытуға тән ерекшелік, Д.Брунердің пікірі бойынша, белгілі бір тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, бағалау және осы негізде тиісті қортындыны жасау ғана емес сонымен қатар, оқылып отырған материалдың шеңберінен тыс заңдылықтарды да анықтау.

Педагогикалық іс-әрекетінің негізінде жатқан практикалық принципі қазіргі тандағы дидактиканың төмендегі ерекшеліктері сипаттайды:

1. Оның әдіснамалық негізін таным философиясының объективті заңдылықтары құрайды (гносеология).

2. Материалистік диалектика негізінде жасалған, қазіргі тандағы дидактикалық жүйедегі оқытудың мәні мен оқушыларға дайын білімді беруді, не қиыншылықтарды өз бетінше жеңулеріне, не болмаса оқушылардың өз беттерінше жеке жаңалық аша оқуларына сәйкес келмейді. Оның айырмашылығы оқушылардың жеке пікірлері мен тәуелсіздігі, белсенділіктерінің, педагогикалық басқарудың саналы үйлесімділігінде.

Оқыту процесінің әдіснамалық негізін объективті дүниені танудың арнайы түрін және ғылымның танымын бейнелейтін, оқушылардың іс-

227  
әрекеттерінде оқуды салыстыру арқылы түсіндіруге болады.

Ғалым объективті жаңаны, ал оқушы — субъективті жаңаны таниды, бірақ қандай да бір ғылыми жаңалықты ашпайды, тек ғана ғылым жинақтаған ғылыми түсініктерді, ұғымдарды, заңдарды, теорияларды, ғылыми дәйектерді меңгереді.

Ғалымның танымын эксперимент, ғылыми ойлау, сараптау, теориялық пікірлер құрайды, ал оқушының танымы мұғалім шеберлігінің көмегімен біршама жылдам және жеңіл түрде өтеді. Оқу танымы тікелей және жанама

түрдегі оқытушының көмегін міндетті түрде пайдаланады, ал ғылым тұлға аралық өзара әрекеттің көмегінсіз таниды. Ғалым мен оқушы танымның арасындағы осы зор айырмашылыққа қарамастан, бұл үрдістер негізінен ұқсас яғни, әдіснамалық негіздері бірдей.

Сонымен, жалпы білім беретін мектептердегі оқыту процесінің әдіснамалық негізі төмендегі әдіснамалық ережелерді біріктіреді: танымның жалпы өдісі ретінде диалектикалық әдіс; объективті ақиқаттың құбылыстарын сараптаудың тарихи тәсілі, қарама-қайшылықтың қозғалысындағы, дамуындағы процесті қарастыратын таным теориясы; диалектикалық ойлау; абстрактілік және нақтылық; объективтілік және субъективтілік, теория мен тәжірибенің бірлігі, анықтылық және белгісіздік, шектсудік және шамалық; қарама-қайшылықтың рөлі мен мәні; оқыту теориясындағы тарихилық және логикалық; мән мен құбылыс; мазмұн мен форма; мақсат пен құралдың үйлесімділігі; мүмкіншілік пен ақиқат; оқыту теориясының сапалық және сандық қатынастары; әдіснамалық принциптер (танымдық, объективтілік, теория мен тәжірибенің бірлігі, детерменизм, тарихилық және диалектикалық таным принциптері).

Осы қағидаларға сүйене отырып, мына инварианттық тұрғыдан басшылыққа алу қажет (2-сурет).

**Оқытудың психологиялық негіздері.** Оқыту мен дамудың өзара қарым-қатынасы барлық уақытта педагогиканың өзекті мәселесі болып отыр. Я.А.Коменскийдің еңбегінен бастап, оқытудың ғылыми неізін іздестіру бастатқан, соның негізінде әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен олардың жасының даму процесіндегі өзгерістерін ескере отырып дамыта оқытудың ғылыми негізін іздестіру басталған. Бұл мәселеге орыс педагогикасының негізін салушы К.Д.Ушинский де назар аударған. Ол өзінің "Адам тәрбие пәні" атты еңбегінде, баланың түрлі жас ерекшелігі кезеңіндегі негізгі психологиялық даму ерекшеліктерін айта отырып, баланы оқытудың ең күшті факторы оқыту мен тәрбиелеу деп жазды.

228

Оқыту мен тәрбиелеудің арақатынасы жәніндегі мәселе одан бергі уақытта да, өзектілігін жойған жоқ. Оны психология ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі Л.С.Выготский де зерттей отырып, оқыту мен дамудың арақатынасы мәселесін шешудің өзіндік тәсілдерін ұсынды:

- оқыту мен даму бір-біріне тәуелсіз екі түрлі процесс;
- оқыту кемелденуге негізделеді, оқыту мен даму процесінде пайда болатын мүмкіндіктерді пайдаланады;
- оқыту мен даму екі түрлі салыстырмалы процесс;
- оқыту дамудан кейін жүріп отыруы мүмкін, сонымен қатар дамуды алға жылжыта отырып, оның алдында болуы да мүмкін.

Баланы оқыту мен дамытудың арақатынасы мәселеснің шешімін түрлі зерттеушілер әртүрлі тәсілдермен іздестіреді:

- Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдов оқытудың мазмұнының өзгерісін іздестіру керек деи есептеді;



Н.А.Менчинская, Д.И.Богрявленская, Е.А.Кабанова-Миллер білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру тиімділігі ақыл-ой іс-әрекеттерінің тәсілдерін жетілдірудің көмегімен арттыруға болады деп дәлелдеді;

- Б.Г.Ананьев, А.А.Люблинская оқытудың түрлі әдістерінің арту жағдайын зерттеуге мән береді;

- Л.В.Занков оқытудың дамытушылық әдістеріне ең бірінші, оқыту процесінің өзін жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады деп тұжырымдайды;

- П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина баланың ой-өрісінің дамуына ақыл-ой әрекеттерінің кезеңді қалыптастырудың әсерін зерттеді;


- Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин оқытудың дамытушылық әсері педагогикалық әрекеттер мазмұнында проблемалы оқытудың ролін арттырғанда ғана артатынын дәлелдейді.

Психологиялық және педагогикалық теорияларды қортындылау негізінде, осы ұғымдардың әрқайсысы жөніндегі түсінік нақтылана түсті. Жалпы қолданысқа төмендегі ұғымдар енгізілді: - даму - бұл организмнің жүйке жүйесінің, психикасының, тұлғаның сандық және сапалық өзгерісінің кәріпісі;

- оқыту - қоғамдық-тарихи тәжірибені мақсатты жеткізу, білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеруді ұйымдастыру процесі

- Оқыту мен тәрбие беру мазмұны бойынша терең ұлттық, көпқырлы дәстүрі, ұлттық психологияны сипаттайды.

229



## **Сурет 2. Оқыту үрдісін ұйымдастыруының инварианттық тұрғысы**

Тәрбиеленетін де, оқытылатын да адам абстрактілі емес. Ол барлық уақытта әдетте ұлттық сана мен өзіндік санасының, ұлттық танымының, сезімінің және еркінің ерекшелігін адамдардың басқа бір адамдармен өзара қатынастары мен қарым-қатынастарындағы ұлттық келбетінің идеялық ерекшеліктері тән болатын қандай да бір ұлттың әкілі.

230

Ұлттық психологиялық ерекшеліктер оқыту мен тәрбиенің мазмұнын тікелей байланыстырады, сондықтан олар белгілі-бір ұстанымдарға негізделе отырып іске асырылады.

Біріншіден, педагогикалық әсердің этноспецификалық детерменизм ұстанымы.

Екіншіден ұлттық сана және ұлттық өзіндік педагогикалық іс-әрекеттердің бірлігі ұстанымы.

Үшіншіден, ұлттық идеалмен сәйкестігі нақты өмір мен еңбектің жағдайындағы педагогикалық әсердің ұстанымдарын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Төртшіден, ұлттық бейімделген мүмкіндіктерді педагогикалық әсерде дамыту ұстанымы.

Оқыту процесі дидактикалық жүйелер деп аталатын психологиялық тұжырымдамаларға негізделеді. Дидактикалық жүйе оқытудың мақсатына жетуге қызмет ететін, біртұтас құрылымды жасайтын элементер жиынтығын құрайды. Жүйенің сипаттамасы мақсаттың, білім мазмұнының, дидактикалық процестердің, оқытудың әдістері, құралдары, формаларының және оның ұстанымдарының сипаттамаларын сәйкес. Дидактикалық тұжырымдамалар-дан үшеуін бөліп алу қажет: дәстүрлі, педоцентристикалық және дидактиканың қазіргі жүйесі.

Оқытудың дәстүрлі жүйесіндегі басты ролді білім беру, мұғалімнің іс-әрекеті атқарады. Оны Я.А.Коменский, И.Цесталоцци, И.Герbart секілді педагогтардың тұжырымдамасы және немістің классикалық гимназиясының дидактикасы құрайды.

Педоцентристикалық тұжырымдамада оқытудағы басты рөл оқуға баланың іс-әрекетіне беріледі. Бұл тәсілдің негізінде Д.Дьюидің жүйесі, Т.Кершенштейнердің еңбек мектебі, В.Лайдың XX ғасырдың басындағы педагогикадағы реформа кезеңінің теориясы жатыр. Г.Кершенштейнер халықтың "еңбек мектебі" баланы қазіргі мемлекеттің талабына үйрету және әлеуметтік шығу тегіне сәйкес алдағы кәсіби іс-әрекетке дайындауы керек деген ұғымына сәйкес "азаматтық тәрбие" тұжырымдамасын жасады. В.Лай тәрбие мен оқыту оқушыларға сыртты әсер ету мен олардың оған сурет, модельдеу, сызу, ән-күй, би сабақтары, түрлі ауызша және жазбаша жұмыстар мен жануарларды бағып-қағу түріндегі жауапты реакцияларының кезектесуі ретінде қарастырылуына сәйкестендірілген "әсер ету" формуласына негізделген "әрекеттегі педагогика" тұжырымдамасын ұсынды.

231



**Сурет 3. Оқыту мен тәрбиенің ара қатынасы**

232

Қазіргі тандағы дидактикалық жүйе, екі жақтылы оқыту мен оқу - оқытудың іс әрекетін құрайды, ал олардың дидактикалық қарым-қатынасы дидактика пәнін құрайды деген тұжырымдамадан негіз алады. Қазіргі тандағы дамыта оқыту теориясынан, психикалық дамуға бағдарланған тұжырымдаманы (Л.В.Занков, З.И.Калмыкова, Е.Н.Кабанова-Миллер) және тұлғалық дамуды ескеретін тұжырымдаманы (Г.А.Цукерман, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, С.А.Смирнов) еректпе атауға болады.

Л.В.Занковтың тұжырымдамасы бойынша, оқыту жүйесінің негізін, өзара байланыстағы ұстанымдар құрайды.:

- қиыншылықтың жоғарғы деңгейінде оқыту;
- бағдарламалық материалды оқытудың жоғарғы қарқындылығы;
- теориялық білімнің жетекші маңызды ролі;
- оқшылардың оқу процесін ұғынуы;
- барлық оқушыларды дамыту мақсатына бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу.

З.И.Калмыкованың тұжырымдамасы бойынша, тиімді өнімді және шығармашылықты ойды қалыптастыратын оқыту дамытуы болып есептеледі. Тиімді ойды оқып білім алудың негізі деп қарастыра отырып З.И.Калмыкова тиімді ойлаудың ерекшеліктерінің сырттайғы көрінісі - жана білімді өзбетінше игеру және оны іс-әрекетте қолдана білу деп біледі. Мұндай ойдың негізгі көрсеткіштері:

- ойдың жеке даралығы, әдеттегіден тыс жауапты таба білуі;
- ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы және дамуы;
- мәселенің ұғымдылығы, оның әдеттегіден тыс шешімі;
- ойдың жүйріктігі - кейбір талаптарға сәйкес уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялардың саны. З.И.Калмыкованың дәлелдеуі бойынша, дамудағы оқыту төмендегі дидактикалық ұстанымдарға бағдарланғанда жүзеге асуы мүмкін:
  - а) оқытудың мәселелігі;
  - ө) оқытудың жекелігі және даралығы;
  - б) ойлаудың түрлі компоненттерінің (нақтылық және абстрактылы теориялық) үйлесімде дамуы;
  - в) ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру;
  - г) есте сақтау әрекеттерін арнайы ұйымдастыру.

Е.Н.Кабанова-Миллердің тұжырымдамасы, өзі оқу жұмысының тәсілдері деп атаған, ойлау операцияларын қалыптастырумен байланысты. Оқу жұмысының тәсілдеріне салыстыруды, қортындылауды, себеп-салдар

233  
байланысын ашуды бақылауды, зерттеліп отырған құбылыстың сипаттамасын құрастыруды, ұғымның мәнді және мәнсіз белгілерін ажыратуды кіргізеді.

Е.Н.Кабанова-Миллердің тұжырымдамасындағы шарттары ретінде төмендегілер белгіленеді:

1. Оқытудың барлық қатары оқушыларда түрлі деңгейлерде толықтырылған оқу жұмысының тәсілдерін қалыптастыру идеясына сәйкестендірілуі керек;
2. Әрбір оқу пәнінде оқу жұмысының негізгі тәсілдерінің болуы және оларды оқушыларда қалыптастыру маңызды;
3. Оқушылар жағынан өздерінің оқу әрекеттерін басқару тәсілдерін қалыптастыру қажет.

Сонымен жоғарыда қарастырылған тұжырымдамалар жалпы психиканы дамыту мақсатында оқушылардың психикалық қызметін (негізінен ойдың) дамытумен (Л.В.Занков), шығармашылық ойын дамытумен (З.И.Калмыкова) немесе ойлау операцияларын қалыптастырумен (Е.Н.Кабанова-Миллер) байланысты. Оқу әрекеттерін ұйымдастыруға бағдар ретінде оқушылардың жеке қасиеттерін дамыту тұжырымдамасы кең таралған.

Г.А.Цукерман тұжырымдамасына сәйкес, оқытудағы маңызды міндеттердің бірі - оқушыларды оқу ынтымақтастық дағдыларына оқыту.

Оқу процесі мұғалім мен баланың ынтымақтастығы негізінде жасалады. Ол оқу бірлестігіндегі үш басты сипаттамаларды ажыратады:

- өзара әсердің симметриясыздығы (бала үлкен адамды қабылдамайды, ол өзіне қажетті білімді іздестіреді, ал мұғалім баланың ізденісін реттеп, тиімдендіреді);

- баланың танымдық инициативасы;

- жаңа білімге нақты сұраныс жасау.

В.В.Давыдовтың Д.Б.Элькониннің тұжырымдамалары бойынша оқушыларды дамыта оқытудың негізінде теориялық білімді сараптау, жоспарлау және рефлексия арқылы меңгеру процесінде оқу әрекетін оның субъектінде қалыптастыру теориясы жатыр. В.В.Давыдовтың және Д.Б.Элькониннің тұлғаны дамыта оқыту тұжырымдамасы, бірінші оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған.

Берілген шығармашылықтың әдістемесін бейнелейтін, С.А.Смирновтың тұжырымдамасында, педагогикалық процестің негізгі мақсаты ретінде, әлеуметтік тәжірибенің қарқынды жинақталуымен және баланы ішкі психологиялық тыныштық пен өз-өзіне деген сенімді қалыптастыру

234

үйлесіміндегі қабілетін мүмкіндігінше дамытудың шарттарын жасау жағдайы қарастырылады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, мұғалім әрекетіндегі үш бағыт ажыратылады:

- оқушының мұғаліммен және бір-бірімен өзара әрекеттерін ұйымдастыру;

- сабақтарда жеке ойындарды және оқу әрекеттерін ұйымдастырудың ойын формаларын кеңінен пайдалану;

- оқушыларды шығармашылық әрекеттерге араластыру. Зерттеушілер оқытудың психикалық қызметін (қабылдау, тиімді есте сақтау, ойлау және ұғым қалыптастыру, теориялық толықтыру және ақыл-ой белсенділігін) дамытуға ерекше көңіл аударады.

**Дидактика оқыту мен білім берудің теориясы.** Дидактика (грек тілінен ауд. Didaktiras - зерттеу бойынша, didasko -зерттеуші) - балаларды және үлкендерді оқытудың міндеттері мен мазмұнын ашатын, білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру процесін сипаттайтын, оқытуды ұйымдастыру принциптері, әдістерін және формаларын сипаттайтын, оқыту мен білім беру мәселелерін жасайтын педагогиканың құрамдас бөлігін құрайды. Оқыту үрдісі қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлармен, адамдардың әрекеттері және тіршілік қажеттіліктерімен, қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерімен және күн сайын дамып отырған оқушы тұлғасына қойылатын талаптармен детерминделеді.

Дидактика ғылым ретінде пән өрісінде әрекет ететін заңдылықтарды зерттейді, оқыту үрдісінің процесінің барысын және нәтижесіне жағдай жасайтын теуелділіктерді сараптайды, жоспарланған мақсат міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін әдістерді, ұйымдастыру формалары мен құралдарын анықтайды. Олардың негізінде ол екі басты қызмет атқарады:

1. Теориялық (диагностикалық және болжамдық прогностикалық);

2. Практикалық (нормативтік, құрал ретінде). Дидактиканың алдында шешімі ең алдымен, онымен тығыз байланысты басқа ғылымдардың (философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, этнология, педагогикалық психология, адам физиологиясы, нақты әдістеме және т.б.) жетістіктерін біршама тиімді пайдалануды қажет ететін жаңа мәселелер туындап отырады. Кез келген ғылыми білім саласының дамуы, бір жағынан, құбылыстың мәніне жақын белгілі бір тобын білдіреді, екінші жағынан, сол

235 ғылымның пәнін жасайтын ұғымның дамуымен байланысты.

Дидактика философиялық жалпы ғылыми және жеке ғылыми ұғымдарды пайдаланады:

- **философиялық категория:** "мән мен құбылыс", "байланыс", "жалпы және жалқы", "болмыс", "сана", "тәжірибе" және т.б.

- **педагогиканың жалпы ұғымдары:** "педагогика", "тәрбие", "педагогикалық іс-әрекет", "педагогикалық ақиқат" және т.б.

- дидактиканың жеке ұғымдары: "оқыту мен оқу". "оқу пәні", "оқу материалы", "оқу жағдайы", "оқыту құралы", "оқыту тәсілі", "мұғалім", "оқушы", "сабақ" және т.б.

- **пән аралық ғылымдардың ұғымдары:** психологиялық ("қабылдау", "меңгеру", "ақыл-ойдың дамуы", "есте сақтау", "іскерлік", "дағды"), кибернетика ("кері байланыс", "динамикалық жүйе" және т.б.);


- **жалпы ғылыми ұғымдар:** "жүйе", "құрылым", "қызметі", "элемент", "тиімділік", "жағдай", "ұйым", "формалау" және т.б. (4 суретті қараңыз).

Педагогика терминімен қатар, ұзақ уақыт бойы сол мағынадағы "дидактика" терминінің қолданылуы тарихи қалыптасқан жағдай. Бұл ұғым ең бірінші рет неміс педагогы Вольфганг Раткенің (Ратхия) (1571-1635) шығармасында оқыту өнері мағынасында қолданылған. Соған ұқсас, "бәрін, барлығын да оқытудың әмбебап өнері" мағынасында, чех педагогы Я.А.Коменскивдің 1657 жылы Амстердамда шығарылған негізгі еңбегі "Ұлы дидактикасында" дидактиканы түсіндіреді.

Әлемдік дидактиканың дамуына И.Ф.Гербарт, И.Г.Песталоцци, А.Дистервег, КД.Упінский, Д.Дьюи, Г Кершенштейнер, В.Лай және т.б. зор үлес қосты.

Педагогика ғылымында оқытудың тәрбиелік және адам дамуының негізін ашатын және сипаттайтын теориялар жеткілікті. Бірақта солардың ішінде педагогикалық әсердің және олардың нәтижесінің қабылдануы мен ұғынуының психологиялық заңдылықтарын бейнелейтіндердің ғана әдіснамалық және теориялық маңызы бар.

236



Сурет 4. Оқыту теориясында қолданылатын ұғымдар


237

Маңызды дидактикалық теориялар мен тұжырымдамалар қатарына жататындары: танымдық әрекетті дамыту тұжырымдамасы (Г.И.Щукина, т.б.), дамыта оқыту тұжырымдамасы (Л.В.Занков, т.б.), проблемалық оқыту тұжырымадамасы (М.И.Махмутов, И.Я. Лернер, А.М. Матюшкин т.б.), ақыл-ой әрекетін кезеңді қалыптастыру теориясы (П.Я.Гальперин, т.б.), білім беру мазмұны теориясы (Л.Я. Лернер, В.В.Краевский, В.С.Леднев т.б.), мазмұнды жинақтау теориясы (В.В.Давыдов, т.б.), оқу процесін онтайландыру теориясы (Ю.К.Бабанский), оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру теориясы (Т.И.Шамова, т.б.), оқыту әдістерінің теориясы (М.И.Махмутов, В.А.Онищук, т.б.), өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру теориясы (Л.Я.Зорина, Н.К.Журавлев, т.б.), біртұтас педагогикалық процесс теориясы (НД.Хмель, т.б. 1 кестені қараныз), оқытудың ұжымды оқыту теориясы (В.Дьяченко, т.б.).

**Оқу үрдісі құрылымының моделі.** Оқыту үрдісін тұтас жүйе ретінде мынадай үлгімен көрсетуге болады оқыту үрдісінің жүйе ретіндегі жүйе-

құрастырушы ұғымдары мыналар: оқытудың мақсаты, мұғалімнің әрекеті (оқыту), оқушы әрекеті (оқу, білім алу) және нәтиже. Осы үрдістің өзгермелі түрдегі құрамдас бөліктері оқыту құралдары болып табылады. Оған оқу материалының мазмұны, оқыту әдістері, оқытудың материалдық құралдары (көрнекі, техникалық, оқулықтар, оқу құралдары және басқалар), оқытудың ұйымдастыру формалары кіреді. Оқу құралдарының байланысы мен өзара бағыныштылығы оқытудың мақсаты мен оның түпкі нәтижелерімен тікелей байланыста. Осы барлық бөліктердің қызмет етуші бірліктерін нығыздайтын бағыты оқыту мен білім алу. (5-сурет)

238



**Сурет 5. Оқыту үрдісінің құрылымдық моделі**  
**Өзіндік тексеруге арналған сұрақтар**

1. Оқыту принципі дегеніміз не?
2. Оқыту процесін түсіндір.
3. Дидактика дегеніміз не?
4. "Заңдылық" ұғымы нені білдіреді?
5. Оқыту процесіне қандай белгілер тән?
6. Таным мен оқыту процестері өзара қалай байланысады?
7. Оқытудың заңдылықтары мен принциптері қандай қарым-қатынаста болады?
8. Оқыту мен дамудың өзара байланысы қандай?
9. Оқытудың мәні мен принциптерінің өзара байланысы қандай?
10. Оқытудың негізгі қызметтерінің мәнін ашыңдар.

#### **Әдебиеттер**

1. Баранов С.Г. Сущность процесса обучения. М., 1981
2. Выготский Л.С. Сбор. соч. Т.6. М., 1984.

239

3. Дидактика //Российская педагогическая энциклопедия. Т.1. М., 1999.
4. Каптерев П.Ф. Избранные педагогические соч. М., 1982.



5. Коменский Я.А. Избранные педагогические соч. В 2-х т. М., 1982.
6. Крысько В.Г. Психодогия и педагогика в схемах и таблицах. Мн., М., 2000.
7. Оконь В. Введение в общую дидактику. М., 1990.
8. Садыков Т.С., Абылкасымова А.Е. Дидактические основы обучения в высшей школе. А., 2000.
9. Теоретические основы содержания общего среднего образования. / Под ред. В.В.Краевского и И.Я.Лернера. М., 1983.
10. Ушинский К.Д. Избранные педагогические соч. В 2-х т. М., 1982.

### **Өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар**

1. Педагогика ғылымы аясындағы дидактиканың орны мен қызметін анықтаңдар.
2. Мұғалімге дидактика не үшін қажет? (Оқу материалын өңдеу үшін дидактикалық білім қажет пе?). Өз жауаптарыңды түсіндіріңдер.
3. Курстың бір тақырыбы бойынша білім мазмұнын жүйесін құрастырыңдар.
4. Курстың бір тақырыбы бойынша танымдық – мәселемен тапсырма құрастырыңдар.
5. Коменскийдің негізгі еңбегі "Ұлы дидактиканы" оқып шығып, оқытудың саналылық принципін іске асыруға бағыттаушы Я.А.Коменскийдің шартын анықтап, оны түсіндіріңдер.
6. В.В.Давыдовтың негізгі еңбектерінің бірі "Оқытудағы жинақтау түрлерін мазмұндандар. Оқыту процесін ұйымдастыруда адамның психологиялық қасиеттерін ескеру керектігін анықтап, оларды сипаттаңдар.
7. Оқыту принциптері мәселесі бойынша библиография құрастырыңдар. Әртүрлі әдебиеттердегі оқыту принциптерінің анықтамасын және сипаттамаларын салыстырыңдар. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңдар.

240

### **Реферат тақырыптары**

1. Ғылымның қазіргі даму деңгейіндегі дидактика пәні және оның мақсаты.
2. Қазіргі таңдағы дидактиканың оқыту және дамыту мәселелері.
3. Дидактика, әдістеме және олардың өзара байланысындағы оқыту технологиясы.
4. Л.В.Занков жасаған бастапқы оқытудың тәжірибелік жүйесінің дидактикалық принциптері.
5. Оқытудың ғылыми негізіндегі дидактиканың қызметтері.
6. Психологиялық білімдерді дидактикалық зерттеулерде пайдалану тәсілдері.
7. Педагогика тарихындағы дидактикалық принциптері мәселесі (Я.А.Коменский, КД.Ушинский, И.Г.Песталоцци, Адистервег, П.Ф.Каптерев).
8. Оқушылардың ой-өрісін өлшеу әдістемесі.

9. Оқушылардың таным белсенділігінің даму жолдары.  
241

### **2.10 Қазіргі мектептегі білім берудің мазмұны.**

**Мақсаты:** білім беру мазмұнымен байланысты студенттерді теориялық білім жүйесін тәжірибелік тұрғыда қалыптастыруға бейімдеу.

**Міндеттері:**

- а) Білім беру мазмұны ұғымның мәнін ашып көрсету.
- б) Білім беру мазмұнының компоненттерін негіздеу.
- в) Білім беру мазмұны қандай құжаттармен айқындалатынына сипаттама.

**Жоспары:**

1. Білім беру мазмұнын ұғым тұрғысында айқындау.
2. Білім беру мазмұнын қалыптастырудың принциптері.
3. Білім беру мазмұны компоненттеріне сипаттама.
4. Қазіргі кездегі жалпы орта білім беретін мектеп мазмұнын айқындайтын нормативтік құжаттар.

**Негізгі ұғымдар:** білім беру мазмұны, мәдениет, пәнаралық байланыс, мемлекеттік білім беру стандарты, оқушылардың оқу мүмкіндіктері.

**Пәнаралық байланыс:** философия, әлеуметтану, психология, физиология, педагогика тарихы, этнопедагогика.

**Білім беру мазмұнының ұғым тұрғысында айқындау**

Педагогикада білім негіздерінен бастау алған білім беру мазмұны күрделі көп аспектілі ұғым. Білім берудің жалпы анықтамасы - тұлғаның өмір жолында өзін-өзі дамытуға, мүмкіншілігін жете білуге бағытталған кең таңдау процесі (А.Г. Асмолов).

Демек білім беру адамның дүниені тану процесін қалыптастыру арқылы жүйелі біліммен іс-әрекет тәсілдерін игеру, дағды, іскерлік, сезім және ақылын дамыту жеке тұлғаны қалыптастыру нәтижесі.


Білімді адам деп - қабілеті өте жоғары дамыған көп жағдайларды түсінетін кей кезде оқығанын қолдана білетін білімді дұрыс ойлай алатын жоғарғы қасиетті адам. Көріп отырғанымыздай білім беру ұғымы тек қана оқытудың нәтижесі білім, іскерлік және дағды ғана емес, сын көзбен қарап ойлай білетін айналадағы құбылыстарды адамгершілік тұрғысынан бағалай білетін адамның өзіне деген қарым-қатынас іс-әрекетін шексіз өрістету (1 суретті қараңыз).

242

Бұған адамды іс-әрекеттің маңызды түріне кірістіру жолымен қол жеткізуге болады. Осыдан барып білім беру ұғымының астары ұйымдастырылған нормаланған процесс (және оның нәтижесі). Өткен ұрпақтың әлеуметтік мәнді тәжірибесін келесі ұрпаққа үнемі беріп отыру және жеке тұлғаны әлеуметтендіру және генетикалық бағдарламаға сәйкес тұлғаның қалыптасуы. Сонымен білім беру мазмұны жеке тұлғаны дамыту және базалық мәдениетін қалыптастыруда негізгі құрал болып табылады. Дәстүрлі педагогикада көбінесе мектептің білім беру қызметін бағдарлы жүзеге асырумен білім беру мазмұнын анықтау, білім беруді жүйелеу, іскерлік, дағды, көзін жеткізу.

Сондай-ақ танымдық күшін дамыту және тәжірибеге дайындау, оқу-тәрбие жұмысының нәтижесінің жеткен жетістігі. Бұл бағдарлы білім беру тұрғысы мазмұнның мәнін анықтайды. Мұндай жағдайда білім - тарихи тәжірибені іздестіру процесінде жинақталған адамзаттың рухани байлығының көрінісі жеке тұлғаны әлеуметтендіруге мүмкіншілік туғызу адамның социуиға енуі.

Ғалымдардың айтуынша білім бағдарлы тұрғысы білім беру мазмұны үшін құнды болып табылады. Бағдарлы білім беру мазмұны тәртіп белгілеу, идеологияландыру білімнің ғылыми ядросын академизмдеуге алып келеді. Білім берудің мазмұны мен мәнін ашуда соңғы он жылдықта білім беруді ізгілендіру идеясын жүзеге асыру барысында тұлғалық бағдар бірінші орынға қойылды. Білім мазмұны туралы И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, В.С. Леднева, Б.М. Бим-Бад, А.В. Петровский еңбектерінде баяндалған. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы мен қалыптасуын И.Я. Лернер мен М.Н. Скаткин білім мазмұнының теориялы тұрғыда білім, іскерлік, дағды жүйесін түсіндіруде шығармашылық іс-әрекетпен ерікті сезім тәжірибесін меңгеруді және қоғамның мәдени-рухани материалдық байлығын дамытып және оны сақтауды ұсынды. Бірқатар елдің педагогтары (АҚШ, Англия, Франция т.б.) жеке тұлғаға «жалпы адамзаттық тәрбие» беруде, табиғи құбылыстарды және қоғам өміріндегі жағдайларды олардың өзара байланысын түсіндіруде оқушылардың жұмысын ұйымдастыруда оқу пәндерін кіріктіруді негізге алып отыр



**Сурет 1 - Білім беру мазмұнының қалыптастырудың логикалық-құрылымы**

Бұл кіріктіру идеясы басқа әртүрлі елдерде жүзеге асырылған. Совет мектебі ұзақ уақыт бойына оқушылардың жалпы білім беретін дайындығын көтеру міндетін шешуде оң жетістіктерге жеткен.

244

Ғылым мен техниканың мәдениеттің даму деңгейіне сәйкес білім мазмұнын анықтауда жастарға жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді қамтамасыз ету оқу жоспарын, оқу бағдарламасын және оқулықтардың жетілдіруі жүргізіледі.

Білім беру мазмұнында жаңаруы мектептің күрделі міндетімен байланысты, негізгі кемшілігі сол білім мазмұнының жиі өзгеруі эмпирикалық деңгейде қайта құру теориялық негізсіз, ешбір болжаусыз жүзеге асылуы. Жалпыға бірдей орта білім беру мазмұны қазіргі теориялық тұжырымдама тұрғысынан қоғам талабы, адам нені білу керек, қандай сапалық қасиеттерді меңгеруі тиіс екендігі айтылған. Нақты тарихи, қоғамдық-экономикалық жағдайда жасөспірімдерді дайындауға қойылатын әлеуметтік талап анықталады.

Қазіргі жағдайда қоғамның әлеуметтік тапсырысы, оның жалпылама түрде халықтың көпшілігі ғылым жетістіктерімен, мәдени құндылықтармен, сапалы жоғары білімді адамдардың ақыл-ой дене еңбегі жағынан қоғам

өміріне белсене араласатын жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру. Білім беру мазмұнын оқыту арқылы игерілген тәжірибені әріқарай дамытып әлеуметтік мәдени мазмұны ересек ұрпақтың тәжірибесін келесі ұрпаққа беруді қамтамасыз ету. Ю.К. Бабанский ғылым мазмұны негіздерін совет педагогикасында төмендегі өлшемдер бойынша таңдады:

- 1) Ғылым туралы толық мағлұмат беру үшін білім мазмұнының негізгі теориялары, заңдары және ұғымдарын тұтас түсіндіру, өлшемі.
- 2) Білім беру мазмұны материалының жоғары ғылыми және тәжірибелік мәнін мектептегі оқылатын, өздігінен білімін көтеретін материалдарды әрбір пәнге және оқу пәндер жүйесін енгізу.
- 3) Білім мазмұнының күрделілігі оқушылардың жас ерекшелігімен оқу мүмкіншілігіне сай болуын қарастыру өлшемі.
- 4) Әрбір пәнді оқытуға берілген мерзімі білім мазмұнының көлемімен сәйкес болуы.
- 5) Жалпыға бірдей орта білім беру мазмұнын құруда дүниежүзілік тәжірибені ескеру.
- 6) Қазіргі кездегі мектептің оқу-әдістемелік және материалдық базасымен білім мазмұнының сәйкес болуы.

245

### **Білім беру мазмұнын қалыптастырудың принциптері.**

Білім берудің мазмұнының теориялық негізі XVIII ғ. соңы XIX - басында қалыптасқан. Олар материалдық және формалдық деп аталған.

Біріншісін дидактикалық материализм немесе энциклопедизм теориясы деп атаған. Оны жақтаушылар оқытудың мақсаты ғылымның әртүрлі санасынан кең көлемде оқушыларға білім беру деп есептелген. Бұл пікірді XVII ғ. Я.А.Коменский өзінің көп жылдық өмірін арнаған оқулығында оқушыларға қажетті білімді енгізуді көздеген.

XIX ғасырдың белгілі педагогтары білім берудің мазмұнын қалыптастыруда материалдық теорияны жақтады. Бұл тұжырыдама бүгінгі күнде де өз жақтастарын тапты. Кейбір ақпаратқа толы оқулықтар мен бағдарламалардың мазмұнына талдау жасағанда оқушылардың меңгеруі өте қиын болатындығы айғақталды. Білім беру мазмұны формальдық теория бойынша немесе дидактикалық формализм, оқытудың құралы, оқушылардың танымдық қызығушылық және даму қабілеті ретінде қарастырды. Сондықтан оқу құралын таңдауды негізгі өлшемі классикалық тілдер мен математикада оқу пәнінің дамытушылық құндылығы болып есептеледі. Дидактикалық формализмнің теориялық негізін игерілген іс-әрекет, білім және іскерлік құрайды.

Дидактикалық формализмді жақтаушылар ерте заманнан белгілі, мысалы Гераклиттің ойышша «білімі көптік ақылды емес» Цицеронда осындай пікірде болған. Жана кезеңде дидактикалық формализм пайда болды, оның негізі И.Канттың философиясында және гуманизмге қарсы тұрған Песталоцциде жатыр. Оның пікірі бойынша оқытудың негізгі мақсаты «оқушылардың дұрыс ойлауы немесе формальді түрде білім беруді күшейту». Германияда бұл теорияға жақын болған А.Дистервег, ол өзінің

«Неміс ұстаздарына басшылық» - деген еңбегінде (1850 ж.) өз көзқарасын білдіреді. Формальдық теорияны жақтаушылардың еңбегі білім беру мазмұны оқушылардың танымдық қабілетінің дамуына, ес ойлау тағы басқалар қабілеттеріне көңіл бөлуі. Бұл теорияның әлсіздігі оқу бағдарламаларында тіл, математика пәндері көрініс тапқан. Осыған сәйкес (кұбылыстар мен заттардың көріну процесстері) оқушының ойлау қабілетінің дамуына, қалыптасуына, білімді игеруіне әсер етеді. Бұл екі жақты диалектикалық тәуелділік энциклопедизмді жақтаушыларға түсініксіз болды.

246

Оқытуды анықтау оның мазмұны арқылы формализмді жақтаушылар арқылы емес, оқытудың мәнін субъективті процессуальды жағынан жоғары бағалауы жеткіліксіз еді. Екі теория да К.Д.Ушинскийдің ғылыми сынына ұшырады. Ол кісінің айтуынша «парасаттылық нағыз білімнің арқасында ғана дамиды» - сондай-ақ мектеп адамды біліммен қаруландырып, сол байлықты қалай қолдануды үйретеді дейді. Орыс педагогикасында К.Д.Ушинскийден бері қарай материалдық және формальдық тұрғыдан идеямен қамтамасыз ету бірлігі білім беру мазмұнын таңдауда қарастырылған.

Қоғам және тұлғаның қызығушылығын айқындайтын білім беру мазмұнының бастапқы анықтаушы оның мақсаты болып табылады. Қазіргі заманда білім берудің мақсаты - қоғамдағы әлеуметтік құндылық іс-әрекетті жүзеге асыруда тұлғаға қажетті қасиеттерді дамыту. Оқытуға мұндай мақсат қою тұлғаның іскерлік, білім, дағдысы жағынан жан-жақты жетілген, толыққанды ақыл ойы, дене бітімі ерік жігері күшті болуын қамтамасыз етеді. Өмірдің мәдени жағын игеруге білім іскерлік дағды өте қажет. Сондықтан да білім ордаларында өнер мен ғылымның негізін оқыту өз мүддесі үшін емес, нағыз әдемілікті танып білуге үйрететін құрал. Адам - қоршаған ортамен бірлікте тұлға болып қалыптасатын динамикалық жүйе. Тұлғаның күштілігі уақыт өзгеруіне байланысты және субъектінің қасиеті адамның (онтогенетикалық) организмінің дамуына сәйкес. Ол іс-әрекет жүйесінде жүзеге асады. Басқа сөзбен айтқанда субъектінің дамуы іс-әрекеттің жемісі. Іс-әрекет түрлері (еңбек, ойын, қоғамдық) тұлғаның дұрыс дамып жетілуі үшін жағдай жасау туралы сөз болып отыр.

Осыдан барып білім берудің мазмұнын анықтайтын тұлғаның іс-әрекеті болып табылады. В.С.Ледневтың тәжірибесінде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы мазмұнын анықтауға болады дейді. В.В.Краевскийдің - педагогикалық теориясында жалпы білім беру мазмұнын қалыптастыру принципі қарастырылған. Ол принцип білім берудің барлық элементтерімен барлық деңгейлерінде қоғамның ғылым, мәдениет және тұлғаның дамуымен сәйкес келеді. Ол - тұлғаның өсуі үшін және мәдениетті өмір сүруі үшін дәстүрлі білім, іскерлік, дағды қоғамның әлеуметтік дамуы деңгейін

247

көрсететін білім беру мазмұнына өндіру қажет дейді.

Оқытудың процессуалдық және мазмұндық бірлігі принципі жалпы білім беру мазмұнын таңдағанда бір жақты пәндік - ғылыми бағдарлы болып келеді. Ол білімнің мазмұнынсыз нақты оқу процессті жүзеге асыра алмайды.

Жалпы білім беру мазмұнын құрастырғанда қажетті принциппен технологияны енгізуі қажет. Білім беру мазмұнының құрылымдық бірліктегі принципі әр деңгейде оқушы тұлғасы мен педагогикалық іс-әрекетті оқу материалы, оқу пәнін теориялық жағынан бірлікте қарастырады. Соңғы жылдары білім беру мазмұнын тандағанда гуманитарландыру және негіздеу бағдарлы - білімнен тұлғалық бағдарлы білімге көшу тенденциясы байқалды. Жалпы білім беру мазмұнын гуманитарландыру принципі жалпы адамзаттың мәдениетті, оқушылардың тәжірибелік және шығармашылық жағынан меңгеруге жағдай жасаумен байланысты. Бұл принцип оқушылардың көз-қарасын қалыптастыруға дайындаумен байланысты. Қазіргі кездегі қоғамның даму жағдайы, сондай-ақ тұлғаның мәдени гуманитарлық компоненті: өмірлік мәдени өзін-өзі анықтауы; еңбек мәдениеті және экономикалық мәдениеті; саяси және құқықтық мәдениеті; интеллектуалдық, адамгершілік, экологиялық, өнер және дене мәдениеті, отбасымен мәдени қарым-қатынас жағдайы сияқты көптеген аспектілерден тұрады. Мазмұнын терең негіздеу арқылы жалпы білім беруді дегуманизациялауды жеңу принципі болып табылады.

Пәнаралық байланыста, сабақтастығын гуманитарлық және жаратылыстану білімдерін кіріктіруді қалыптастыруды талап етеді. Бұлай оқыту білім алудың тәсілі ғана емес, іскерлік дағдыны қалыптастыру, оқушыларды жаңа біліммен қаруландыру, әдістерімен өздігінен іскерлік дағдыны меңгерудің құралы болып табылады.

Жалпы білім беру мазмұнының беріктілігі оның жүйелі түрде оқу процесін гуманитарландыру, оқушыларды шығармашылықпен оқу ақпарат құралдарын шамадан тыс емес мүмкіндігіне қарай алуға жағдай туғызады.

Жалпы білім беру мазмұнның компоненті тұлғаның базалық мәдениетімен байланысты. Білімсіз іскерлік мүмкін емес, шығармашылық әрекет белгілі білімнің іскерліктің тәрбиелеліктің негізінде қалыптасады.

248

**Білім мазмұнының компоненттеріне сипаттама.** Қазіргі демократиялық қоғамда еркін, шығармашылықпен ойлай білетін адамды қалыптастыру міндетіне сәйкес қазіргі білім беру мазмұнында тұжырымдаманың кеңінен танымал үш түрі бар. Сол білім мазмұнының тұжырымдамасының бірінде ғылымдардың негізіне педагогикалық бейімделуіне мектепте оқыта отырып жеке тұлғаның шығармашылыққа деген қабілеттілігі еркін тандауды іске асыра білуге, адамдарға деген әділ қарым-қатынас сияқты жеке тұлғаның қасиеттері. Қазіргі демократиялық қоғамда адамның өз еркімен толық өмір сүруіне емес бұл әдіс оқушыларды ғылыммен және өндіріспен араластыруға бағытталған. Бұл жерде адам өндірістік фактор ретінде қарастырылады.

Білім беру мазмұнының келесі тұжырымдамасында оқушылар меңгеретін білім, дағды, іскерлік бірлікте қарастырылады.

Оқыту барысында оқушылар міндетті түрде білім мазмұнының астары ретінде ғылыми білімдер жүйесін тәжірибелік іс-әрекет дағдыны, сонымен бірге дүниетанымдық және адамгершілік, эстетикалық идеяларды түсінуі қажет (И.Ф.Харламов). Бұл анықтама адамзаттық мәдениеттің барлық

құрамын талдауға негізделмеген және білім мен дағдының негізі сипатын аша алмайды. Негізгі біліммен ғылымды меңгеру адамға қалыптасқан қоғам құрылысының ішкі жағдайына сәйкес, қызмет жасауға мүмкіндік береді. Адамнан білуді және не істеу керек екенін талап ету жеткілікті. Бұл жағдайда білім беру мазмұнының талаптарына сәйкес; жеткіншек ұрпаққа ана тілінде (математика, физика т.б.) оқу пәндеріндегі білімді және дағдыны жеткілікті жеткізілуі қажет. Қазіргі даму жағдайында Қазақстандағы жалпы білім беру мектептерінде мұның барлығы жеткіліксіз.

Қоғам өмірінің кеібір салаларына байланысты мәселелерін шешу, оқушылардан білім мазмұнын меңгеру, ерік-жігері, қаншалықты дамығандығын өз ісіне жауапкершілігін, Отанға, қоғамға өзінің тағдырына көзқарасы, қоршаған ортаны қорғау, қатыгездікке, өтірікке төзбеу, техникалық және қоғамдық прогрестің дамуына дұрыс көзқарасты талап етеді. Тәрбиеленушілердің осы қасиеттерін дамыту, құндылық мәні бар сұраныстарды қалыптастыру қоғамдық өмірдегі маңызды фактордың бірі өздігінен білімін көтеруді қажет етеді. Білім беру мазмұнының тұжырымдамасындағы мақсат-гумандық ойлауға, әлеуметтік тәжірибенің

барлық құрылымдық бөліктерінде педагогикалық бейімделуіне сәйкес келеді. Одан басқа білім мен тәжірибені іске асыру барысында бұл тұжырымдама шығармашылық іс-әрекеттік және құндылық эмоционалдық қатынас тәжірибесін енгізеді. Әрбір осы аталған әлеуметтік тәжірибелер білім беру мазмұнының өзіндік түрі:

1. Табиғат, қоғам, техника туралы білім, ойлау және оны іске асыру . Осы білімдерді меңгере отырып оқушы дүниенің шынайы бейнесін қалыптастыру, танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінде дұрыс әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етеді.

2. Белгілі іс-әрекет тәсілдерінің ішінде тұлғаның дағды, іскерлік ілімді игеруі бұл тәжірибені кеңейте түсері анық. Жалпы практикалық-интеллектуальдық дағды; іскерлік осы тәжірибенің мазмұнын құрады. Өсіп келе жатқан жастар істерді меңгеру нәтижесінде халықтардың әлеуметтік мәдениетін сақтауға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

3. Шығармашылық ізденушілік әрекет қоғамда пайда болған жаңа проблемаларды шешуде іске асады. Бұрыннан белгілі іс-әрекеттерді қалыптастырудың жаңа әдістері алған білімін-іскерлігін қазіргі жағдайда іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін өздігінен іске асыруды талап етеді. Бұл тәжірибе жас ұрпақтың қабілетінің дамуын және ары қарай мәдениетінің дамуына да өз әсерін тигізеді.

4. Әрбір адамның қалыптасуының көрсеткіші ретінде белсенділігі және өзіндік дамуы кішкентай бала кезінен шығармашылықпен жұмыс істеу барысында қалыптасады, бірақ білім беру мазмұнында оны бағдарламаға енгізу қажет. Объектіге адамның іс-әрекетіне оның айналадағы қоршаған дүниеге деген басқа адамдардың талаптарына, тұлғаның белгілі бір объектіге байланысты сезімдік қабылдауына сәйкес құндылық қатынас тәжірибесі.



Қоршаған дүниеге қатынас нормасы өзі-өзіне көзқарасы, сенімі оған жағымды көзқарасты білдіреді. Бұл адам мінезіндегі қатынас жеке іс-әрекетте көрінеді. Оқушыға бұл тәжірибелерді игеру әлеуметтік тәжірибеде оның жеке басының тәжірибесінен жеке оқушылардың бірлескен іс-әрекетінен көрінеді. Барлық білім мазмұнының аталған компоненттері бірімен-бірі тығыз шартты байланысты. Білімсіз іскерлік мүмкін емес. Шығармашылық іс-әрекет білім мен іскерлікті тәжірибесінен көрінеді. Қарым-қатынас білімділік іс-әрекет тәжірибесінен көрінеді. Әлеуметтік

250

тәжірибеде оқу мазмұнын игеруде адам қоғамда өздігімен істей білетін және оны өзгерте де алатын дәрежеде болу. Сондықтан да мектептегі алған білімін өмірде қолдануы, жалпы білім мазмұны бір жағынан оқу-танымдық іс-әрекет жағдайында, екінші жағынан іс-әрекетті игерудің құралы болып табылады. Адамды оқытуда тұлғаның қажеттіліктерін өтеу оқу мазмұны болып табылады. Мектептегі білім беру мазмұнын қалыптастырудың негізгі көзі мәдениет пен әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Мектепте білім беру мазмұнын қалыптастырудың жолы әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыру, өнер-мәдениетпен, таныстыру.

Адам іс-әрекетінің түрлері қоғамдық сана формалары, қоғамдық қатынас тәжірибелері, рухани құндылығы, материалдық жағдайы оқу барысында танымдық, коммуникативтік, бағдарлы-құндылық, көркемдік іс-әрекет. Білім мазмұны оқу материалдарын жинақтау, нақты тарихи, психологиялық-педагогикалық өндеуден өтеді. Білім ол мектеп бітірушінің өмірге белсенді араласуын, құндылықтар мен қажеттіліктер тұрғысынан және тұлғаның санасымен және психологиялық қасиеттерінің даму міндетін шешуге сүйенеді. Білім беру мазмұнын қалыптастыру барысында баланың жеке басының дамуы, қызығушылығы, дарыны ескеріледі. Оқушылардың қызығушылығын арттыратын (міндетті пәндерден басқа) өз қалауы бойынша оқу пәндерінің жалпы білім беру мазмұнының мақсатын белгілеу. Мектептегі білім беру мазмұнына әсер ететін фактор ретінде қоғамдағы жалпы білім беретін мектептің алдындағы мақсаты, өзінің тарихи даму жолындағы оқу процесінің, оқушылардың орта және барынша мүмкіндіктері және жеке тұлғаның білім алуындағы талап тілегі. Сондықтан оқу процесінің өзінде қоғамның жеке бастың талап тілегі мен қызығушылығына сәйкес өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы уақыт өзгеруіне байланысты білімнің мазмұнында өзгереді.

Сондай-ақ азаматтың өзі де таңдауға құқылы. Сондықтан педагогикада мынадай: халықтың білім алуға мұқтажы білім беруде көрсететін қызметі, қосымша білім беру, дифференциялауды оқыту сияқты ұғымдар кездеседі. Біліммен қамтамасыз ету, мемлекеттік стандартқа сай міндетті түрде бағдарламаға сәйкес деңгейде білім беру мемлекеттің құзырына кіреді. Мемлекеттің қызметі - біліммен қамтамасыз ету, мемлекеттік стандартқа сәйкес білім беру оқу бағдарламасындағы білімнің ең аз көлемін міндетті

251

түрде меңгерту. Оқу пәндеріндегі оқу материалының мазмұнын толықтығын, аяқталуын және өлшемін анықтайтын жалпы принциптер мектепте білім беру мазмұнын тандаудың негізі болып табылады.

**Қазіргі кездегі жалпы орта білім беретін мектеп мазмұнын айқындайтын нормативтік құжаттар.**

Білім стандарты негізгі нормативтік құжат болып есептеледі. Білім стандарты саяси-әлеуметтік және мәдени мәнді білім кеңістігінің бірлігін қамтамасыз ететін республикада жалпы білім беретін мектептердің әрі қарай дамуына қолайлы жағдай туғызады. Қоғамдағы жеке тұлғаның қажетін өтеуге бағытталған, білім берудің мемлекеттік нормасы білім стандарты сапалы білімділік жүйесі арқылы түсіндіріледі. Білім стандартының объективті негізі оның мазмұны оқу жүктемесінің көлемі және оқушыларды дайындау деңгейінің көлемі болып табылады.

Әрбір объектіде белгіленген негізгі білімге қойылатын талап және норма білім сапасын анықтайтын эталон спеттес негізінен білім стандарты оқу процесіне қатысты іс-әрекетті ұйымдастыруды реттейтін жалпы орта білім сапасының белгіленген нормаға сәкес оған қойылатын талапқа сай бағытталуы тиіс.

Жалпы орта білім беру стандартына қойылатын талаптар:

- қажеттілігіне мүмкіндігіне сәйкес қызығушы жақтың әлеуметтік-мәдени жағдайын ескеру;
- соңғы нәтиженің нормаға сәйкес бағдарлы болуы;
- білім саласы бойынша стандарттың құзырлық келісімін сақтау;
- мектептің әрбір сатысында тұлғаның даму міндетін ескере отырып білім мазмұнының толықтығын қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- білім мазмұнының бірлігін тиімді формада жазып көрсету;
- оқушылардың қабілеті, қызығушылығы мен бейімділігін ескере отырып мектептің, аймақтың, мемлекеттің жетіп көзқарасымен сәйкестендіре көрсету;
- оқушылардың оқу жүктемесін шамадан тыс асып кетпеуін қарастыру;
- тексеру кезінде технолгиялық жағынан дайын болу.

Біздің Республика тәуелсіз тұтас бірліктегі мемлекет, республикадағы мектептер әртүрлі тілде оқыту мен қатар жалпы білім беру саясатын 252

сақтай отырып мемлекеттің қызығушылығы негізінде дамуы тиіс. Осыған байланысты білім беру мазмұны барлық мектепке бірдей міндетті түрде қарастырылады. Міндетті оқылатын пәндер мазмұнында республиканың кейбір аймақтарының экономикалық және мәдени-тарихи жағдайы көрініс табады.

Кейбір арнайы курстарда «Туған өлкенің мәдениеті мен тарихы», «Регионның экономикасы және экологиясы» т.б. жоғарыда айтылған регионның ерекшеліктері білім мазмұнында ескеріледі. Оқу жоспарындағы жалпы білім мазмұнында көрініс табады. Базистік оқу жоспары білімнің сатылық жүйелі принципіне негізделіп құраған.

Базистік оқу жоспарында қарастырылған мәселелер:

- негізгі мектепте білімін логикалық жағынан тамамдағаннан кейін өз қалауы бойынша оқуды профильдік мектепте, гимназияда, әртүрлі орта, арнайы лицейлерде т.б. оқу орындарында жалғастыру;
  - мектепті гуманитарландыруға байланысты міндетті оқу жүктемесін қысқарту;
  - бір сағаттық эффектісі шамалы курстарды азайту;
  - республикада тіл туралы заңға байланысты оқытуды мемлекеттік (қазақ тілі) және басқа тілдерді мектептің барлық түрінде оқыту;
  - жеке тұлғаның қажеттілігіне байланысты қоғамда үш бағытта ұйымдастырылған: ғылыми, жаратылыстану, гуманитарлық-эстетикалық және кәсіби-техникалық профильді-дифференциацияланған оқытуды енгізу
  - білім беру мазмұнында көрсетілгендей жалпы білім беретін мектептердің барлық типтері мен түрлерінде міндетті түрде оқыту.
- Базистік оқу жоспарының жобасы бойынша:
- барлық пәндердің мазмұнына халық педагогикасындағы ұлттық мәдениет компоненттерін енгізу;
  - білім беруді гуманитарландыру;
  - білім беруде математика-жаратылыстану бойынша жалпы мәдени бағытты күшейту;
  - әр пәнді оқыту әдісінің жүйесі жаңарып отыруы тиіс;
  - оқу-әдістемелік комплексті әрбір курс бойынша құру.

253

Базистік оқу жоспары екі бөлімнен тұрады - инварианттық және вариативтік. Инварианттық оқу жүктемесінде білім беру мазмұны міндетті түрде барлық оқушылар үшін қордаланып берілген. Блоктық пәндер жинтығында білім берудің негізгі компоненттері (ақыл -ой, адамгершілік, еңбек, коммуникативтік, эстетикалық дене) оқу жоспарына сәйкес білім берудің инварианттық мазмұнында блок түрінде беріледі, математика, жаратылыстану, қоғамтану, өнер, дене және еңбекке даярлау.

Вариативтік оқу жүктемесінде мазмұнын ата-аналардың және балалардың мүмкіндіктерімен күшіне сай қажетін ескере отырып мектеп қарастырады. Оқу жүктемесінің ішкі құрылысы баланың жасына тәуелді. Бастауыш сыныптарда вариативтік бөлігі әр сыныпта екі-үш сағаттан қосымша сабақ жүргізу арқылы оқу уақытымен жүзеге асады. Оларды өз тандауы бойынша әр сабақтарды негізінен жалпы-мәдени іскерлік қалыптастыруға бағыттап қолдануға болады. Вариативтік бөлімінің екінші сатысы әр сыныпта бес сағаттан факультативтен тұрады. Таңдау бойынша мектепте вариативтік бөлімнің үшінші сатысы көпқырлы пәндер мен сәндік курстардан тұрады. Инварианттық және вариативтік бөлігі оқытудың әртүрлі бірдей емес.

Бастауыш сыныпта инварианттық бөлігі 89% құраса барлық оқу жүктемесінің 11% вариативтік бөлігі құрайды.

Инварианттық және вариативтік бөлігі I-II сатыда 85% және 15%, 44,8% және 55,2%. Жалпы білім беретін мектептердің сатылық ерекшелігі базалық куспен анықталады, оқу жүктемесінің вариативтік және инварианттық

қатынасы және мазмұндық құрылымы вариативтік бөлігін құрайды. Осы ерекшеліктер үш базистік оқу жоспарды мемлекеттік базистік жалпы орта білім беретін оқу жоспарын жеке қарастырады. Мектепті бітіргеннен кейін өз қызығушылығымен таңдауы бойынша оқуды (профильды) көпқырлы мектептің бірінде жалғастырады. Көпқырлы мектеп ғылыми-жаратылыстану (лицей бағдарламасы бойынша) гуманитарлық-эстетикалық (гимназия бағдарламасы) және кәсіби-техникалық бағытта ұйымдастырылуы мүмкін. Көпқырлы мектептің мақсаты оқушыларға жағдай жасау, кейбір пәндерге оқушылардың қызығушылығын және қабілетін арттыруға кей пәндерге терең теориялық және тәжірибелік білім беруге бағытталған. Үшінші жалпы

254 мектепті бітіру сатысы. Білім берудің алты компоненті бірдей жалпы білім беретін мектепті бітіру дайындығына бағытталған. Бұрын міндетті емес болып есептеліп келген (Өнер) блогы құрайды. Бұл блок «Өнертануға кіріспе» деп аталады.

Алтыншы білім беру блогына дәстүрлі дене шынықтыру, еңбек, бастауыш әскери дайындық курсы кіреді. Осыған байланысты әр блоктың ішкі құрылысын ашып көрсету қажет, әрбір блок уақыттың өте аз мөлшерін қажет етеді. Білім берудің вариативтік бөлішінің жоғарғы сатысы көпқырлы пәндерден, қолданбалы курс және әркімнің өз таңдауы бойынша курстардан тұрады. Көпқырлы пәндерге негізгі оқу пәні жатады, қолданбалы курсы негізгі пәндерден білімді тереңдетуге және тәжірибеге дайындайды. Таңдаған курсы бойынша тек факультатив қана емес, басқа да көпқырлы пәндердің нақты саласы бойынша басқа бағытта да қызығушылығына сәйкес білім беріледі. Жалпы білім беретін оқу орындары нақты оқу жоспарын әзірлеуде, сондай-ақ базистік оқу жоспары нормативтік комплексті анықтайды.

- оқу мерзімін жалғастыру (жалпы және жеке әр саты бойынша);
- республикалық және мектеп компоненті мен білім стандартының өзара қатынасы;
- жалпы орта білім берудегі вариативтік және инварианттық бөлігінің дара қатынасы;
- базалық мектептер үшін міндетті факультатив сабақтарының аптатық жүктемесі;
- оқушылардың апталық жүктемесі;
- жалпы сағат саны, мемлекеттік қаржыландыру.

Оқу жоспарын - Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекітетін құжат, онда оқу пәндерінің құрамы саны оқу орнында оқылатын пәндерді жүйелі ретімен әр сыныптағы сағат санын көрсетеді. Қазіргі кезде оқу жоспарында оқылатын пәндер үш топқа бөлінеді. Міндетті түрде оқылатын (базалық компонент) оқушылардың таңдауы бойынша (дифференциациялық компонент) және мектептің кеңес беруі бойынша оқылатын пәндер, (мектеп және регионалдық компонент). Оқу бағдарламасын жасау тарихында екі принцип қалыптасты. Бірі - концентрлік,

екіншісі -линейный. Біріншісінде бағдарлама анағұрлым күрделі. Мысалы, бастауыш сыныпта судың үш жағдайын (сұйық, газ тәрізді, қатты) түрін  
255

оқытса, ал 7 мен 9 - сыныпта судың қайнауын молекула -кинетикалық қозғалыс түрінде түсіндіреді. Екінші принцип бойынша уақытты үнемді пайдалану, қайталау өткеннің жалғасын логикалық оқыту т.б.

Нақты оқу бағдарламасындағы материалдық мазмұны әрбір оқу пәндердің бойынша және барлық оқытылатын тақырыптары оқулықтармен оқу құралдарында берілген.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақ гар**

- 1) Білім беру мазмұнының мәні неде?
- 2) Білім беру мазмұнына тарихи сипаттама беру.
- 3) Білім беру мазмұнының негізгі териясын қалыптастыруды атаңыз және оған сипаттама беру.
- 4) Білім беру мазмұнының атқаратын қызметі.
- 5) Жалпы білім беру мазмұнының принциптерін таңдауға сипаттама беріңіз.
- 6) Білім беру мазмұнын қалыптастыруда пәнаралық байланыстың ролі мен қызметі.

#### **Әдебиеттер**

1. Бейсембаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. - Алматы, 1998.
2. Джадрина М.Ж. Дидактические аспекты дифференциации содержания школьного образования. - Алматы, 2000.
3. Дидактика средней школы. (Под ред. М.Н. Скаткина. - М., 1982.
4. Жампеисова В.В. Формирование основ педагогической культуры старшекласников. Дисс. ... д-ра пед. наук. - Алматы, 1996.
5. Педагогика: Большая современная энциклопедия (сост. Е.С. Ронацевич). -М.: «Современное слово», 2005.
6. Леднев В.С. Содержание образования. - М., 1989.
7. Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. - М., 1999.
8. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. - М., 1984.
9. Теоретические основы содержания общего среднего образования /под ред. В.В. Краевского, И.Я. Лернер. - М., 1983.
10. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Е.Н. Шиянов. -М.: Школа-пресс, 1997.

#### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

- 1) Қазіргі мектептерге іріктеп оқылатын ғылымдардың өлшем кестесін жаса;
- 2) Жалпы орта білім беретін мемлекеттік стандартқа талдау жаса;
- 3) Жалпы орта білім беретін мектептің базистік оқу жоспарына талдау жасап, оқу жоспарының типтік кестесін құрыңыз;

- 4) Оқу пәні және ғылымға байланысты сипаттама жасап кестесін дайындау;
- 5) Оқу бағдарламасын қызметі және оның келбеті;
- 6) Оқу бағдарламасы түрлерінің әдістерімен құрылысының кестесін жасау;
- 7) Оқу құралына қойылатын талаптың кестесін құру.

### **Реферат тақырыбы**

1. Қазіргі жағдайда Қазақстан мектептеріндегі білім беру мазмұнының проблемалары.
2. Жалпы орта білім беру мазмұны (мемлекеттік білім беру стандарты).
3. Қазіргі мектептерде оқу жоспарын құрудың принципі.
4. Білім беру мазмұнын таңдаудың негізгі өлшемдері.
5. Білім беру мазмұнын айқындайтын нормативтік құжаттардың мәні, оған сипаттама беру және ұғымы.

257

### **2.11.1 Оқытуды ұйымдастырудың түрлері**

**Мақсаты:** оқытуды ұйымдастырудың түрлері сабақ туралы түсінік, негізгі міндеттері, талаптары және шарттары.

**Міндеті:**

- а) Сабақтың даму тарихын педагогикалық ғылыми еңбектер арқылы ашу.
- ә) Оқыту үрдісін ұйымдастырудың түрлері жайлы түсінік беру.
- б) Әр түрлі типті сабаққа мінездеме бере отырып, оның негізгі кезеңдерінің маңызын ашу.
- в) Сабақта оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда мұғалімнің дайындық жағдайының негізгі міндеттерімен таныстыру.

**Жоспар:**

1. Оқытуды ұйымдастырудың түрлері жайлы түсінік.
2. Сабақта оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.
3. Мұғалімнің дайындығы.

**Негізгі ұғымдар:** Оқытуды ұйымдастырудың түрі, оқытудың сынып-сабақ жүйесі, білім, қабілеті, дағды, тәрбие және дамыту, оқушы, оқытушы, сабақтың жоспарын құру, бағалау және бақылау.

**Пәнаралық байланыс:** философия, тарих, әлеуметтану.

**Оқытуды ұйымдастырудың түрлері жайлы түсінік.** Оқытуды жүзеге асыруда білім мен оқытуды ұйымдастыруда оны модернизациялау көзделеді. «Түрлері» деген ұғым латын тілінен аударғанда «forma» сырқы көрініс дегенді білдіреді, сыртқы сызық-белгілі орныққан тәртіп. Философия пәнінде «түрлері» ішкі мазмұнды ұйымдастыру деген ұғыммен анықталады. Яғни «түрлері» ішкі байланысты білдіреді және ұйымдастыру тәсілдері, өзара құбылыс, сыртқы жағдайлармен де сабақтастықта. Былайша айтқанда, оқытудың түрі-оқу материалын меңгерудегі оқушылардың өзара әрекеті. Оқыту түрі: әдіспен, амалдарға, құралдарға оқушылардың іс-әрекетіне тәуелді болады. Педагогтік іс-әрекет бір-бірімен, өзара байланысты ықпалдастық, әсер етушілік, белгілі бір тапсырманы орындау кезіндегі оқушылармен мұғалімнің қарым-қатынасы (Чередов И.М.). Оқытудың түрі

оқыту үрдісінің құрылымы-мұғалім қызметі: белгілі бір оқу материалын игеру барысындағы оқушының оқу іс-эрекетін басқару және оқу тәсілдерін меңгерумен сабақтас. Сабақтың сыртқы көрінісі оқу материалының ішкі бөліктерінің басын біріктіріп және дидактикалық категория ретінде оқу үрдісін ұйымдастырудың сыртқы пішінін белгілейді, мұның өзі

258  
оқушылардың білім сапасының көрсеткіші мен өтетін уақыты және орны, оның жүзеге асырылу тәртібі секілді жағдайлармен байланысты.

Педагогика тарихында ұлы педагогтардың тұжырымдары және оқуды ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері белгілі. Оның дамып, жетілуі қоғамның қажеттілігі мен сұранысының талап-мүддесіне қатысты. Оқытуды ұйымдастырудың түрлері негізінен былай жіктеледі. Оқушының саны мен құрамы, жұмыс орны, оқу жұмысының ұзақтығы. Осыған қарап оқытудың түрі былайша бөлінеді:

- жеке ( бір ғана оқушымен жұмыс істейді);
- жеке-жұптық ( оқушы - оқушы, мұғалімнің оқушымен қарым- қатынасы, қазіргі жағдайда оқушымен қарым-қатынасы жеке оқушының әзірлік үрдісіндегі қызметі мен айқындалады);
- жеке-топтық топ мектепте жұмыс істейді, бірақ бір мектепте оқытылатын оқушылардың жасы әр шаманы құрайтын топ болады ((оқытудың бұл түрі орта ғасыр мектептерінде қолданылған).
- Өзара бірлесіп оқыту, (аталған оқыту жүйесі Англияда пайда болған, атауы-беланкастер жүйесі);
- Саралап оқыту, оқытудың бұл түрі оқушылардың қабілетіне қарай өтіледі (Мангейм жүйесі);
- Бригадалық оқыту, тапсырманы бригада алады: бір сыныпта 5-6 оқушы ұйымдасады, есеп беруші-бригадир оқытудың бұл түрі ХХ ғасырдың 20-жылдарына тән);
- Американдық «Винетка-жоспар», «Трампа-жоспар» және т.б.
- Оқытудың микротоптық жүйесі (фронтальді, ұжымдық жұмыс және т.б.).

Оқыту түрлерінің сыныптық-сабақ жүйесі ХҮІІ ғасырда туысқан тәуелсіз мемлекеттердің Богемия, Украина, Белоруссия елдерінің мектептерінде ең көп тараған және үш жүзжылдық уақыт бойы әлі дамып келе жатыр. Сынып дегеніміз-жас ерекшелігіне қарай тұрақты, бірге оқитын оқушылардың құрамы, бұл жүйеде оқушылар мұғалімінің тапсырмасын сабақ барысында және үйге берілген тапсырманы орындайды. Оқытудың бұл жүйесінің теориялық тағылымын ХҮІІ ғасырда - атақты чех педагогы Ян Амос Коменский жасаған. Басқа оқытудың түрлерімен

259  
салыстырғанда, сыныпты-сабақ жүйесінің көптеген ұтымды тұстарын атап өтуге болады; сабақ құрылымын тиімді етіп құру, барлық оқу тәрбие үрдісін тәртіптеуді қамтамасыз ету, оны қарапайым дәрежеде басқару, оқу мәселесін талқылағанда, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін пайдалану, белгілі міндеттерді шешу барысында ұжымдық ізденіс жасау,

уақыт үнемдеу, сабақ үстінде әр оқушының рухани санасын арттыруға құлшынысының бәсекеге түсуі, жүйелілікті және кезеңдік реттілікті жүзеге асырып, оның одан әрі дамуына, білімсіздіктен білімділікке жетіліп отыруына ұмтылу. Бұл оқытудың түрінде де кемшіліктер кездеседі: сыныптық-сабақ жүйесі үлгерімі орташа деңгейдегі оқушыға бағытталған, сөйтіп, бір жағынан үлгерімі нашар деңгейдегі оқушының қабілеті жетпейтін күрделі тапсырмалар келсе, екінші жағынан өте талапты оқушылар үшін ыңғайланған оқу объектісі болмайды, әр оқушының жеке қабілеті ескерілмейді, нәтижесінде, мұғалім осы үш түрлі деңгейге жекелеген жұмысты ұйымдастыру амалын қарастыруы көзделеді және оқытудың әдістері мен қарқын мөлшерін дәл межелей алу шеберлігі болуы талап етіледі.

Бәрін есептей келгенде, әрине сыныптық- сабақ жүйесі тұрақталып, жаппай озық іс-тәжірибелер жинақталады деуге дәлеліміз бар. Жастары бір шамадағы сынып оқушыларын бірге оқуының тағы бір жағымды тұсы- ол оқушылардың ұйымдасқан анықтықты және үзіліссіз оқу жұмысын, сонымен қатар міндетті оқу мен сабақтан тыс жұмысты қамтамасыз етеді.

Сыныптық - сабақ жүйесі өзіне көптеген оқу үрдісін ұйымдастырудың бірқатар кешендерін қосып алады. Оған жататындар: экскурсия, оқу шеберханасындағы сабақтар, тәжірибелер, еңбек және өндіріс түрлері, сыныптан тыс жұмыстардың түрлері (пән үйірмелері, студия, ғылыми қоғамы, олимпиада, байқаулар, конференциялар).

Оқытудың осы түрі ауқымында жұмыстың ұжымдық, топтық, жеке даралап және саралап оқыту немесе қарапайым мазмұндағы түрлері ұйымдастырылады. Сыныптағы барлық оқушыларға бір тектес тапсырмалар берілгенде (жазбаша, зертханалық және тәжірибешілік немесе практикалық сабақтар), онда саралап оқыту жұмысы жүргізілмейді, ал сыныпта топтар әртүрлі тапсырмалар орындаса, бір мәселені шешсе, бірге отырып

барлығы тақырыпты меңгереді, міне сол арқылы жұмысты әрі ұжымдық фронтальды, топтық түрлері іске асады.

Жоғарыда жіктелген оқытуды ұйымдастырудың түрлеріне жататын ерекшеліктің бірі - кез келген оқушының оқу еңбегіне үйретеді: тыңдауға, ұжымдық іс-әрекетте берілген сұрақты талқылауға, өзінің жұмысын ұйымдастыруға, өзінің пікірін айтуға, басқаны тыңдауға, олардың жасаған ой тұжырымы мен дәлелдемелерімен келісетінін, немесе оған өздерінің дәйектемелерін дәлелдеп қарсы тұжырым құруға, басқаның ой түйінін толықтыруға, конспект жазуға, баяндама мәтіндерін жинақтауға, библиография құрастыруға, білім көздерімен жұмыс істеуге, өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға, берілген уақытта жұмысын аяқтай білуге және т.б. топтық жұмыста оқушылар қош басылық қызметкерлік, бағынбаушылық іс-әрекетті ұйымдастыру элементтерін меңгереді, үлкендер ортасымен, жалпы өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастырады-табиғи іскерлікке, өндірістік және әлеуметтік қарым-қатынасқа, өмірге бейімделеді. Оқытуды ұйымдастырудың түрінде оқушылардың тәрбиесі үлкен рөл



атқарады, мұндай іс-әрекетте тұлғаның өзін-өзі басқару жағы басымдылыққа ие болады.

Сыныптық -сабақ жүйесін оқытуды ұйымдастырудың ең қайнар көзі болып табылады. Оқытудың бұл түрі жас мөлшері біркелкі топтан құрылған және оқытудың бірдей бағдарламасы құрылған және тұрақты құрамы бар, сабақ үнемі оқу кестесімен өтілетін және оқытудың бірдей бағдарламасы құрылған жағдайда іс-тәжірибеде қолданылады. Сондықтан ол оқу-тәрбие үрдісінің барлық компоненттерін қамтиды: мақсат, мазмұн құрал, әдістер, ұйымдастыру мен басқару қызметі, оның дидактикалық элементтері. Сабақтың маңызы мен берілу мәні сабақ үрдісінде біртұтастық динамикалық жүйеге саяды, сөйтіп, ұжымдықтан-жеке, яғни мұғалімнің оқушыға, нәтижесінде, оқушының білім меңгеруі оның икемі мен қабілетіне сәйкестеніп, өзіндік іс-әрекетінде тәжірибеде сұрыпталып, бір жағынан қарым-қатынас мәдениеті дамыса; екінші жағынан, оқушылардың қабілеттілігі шыңдалады. Нәтижесінде, сабақ түрлері сапасында оқыту үрдісін алға жылжытады, ал екінші жағынан оқытуды ұйымдастыру түрі ретінде рол атқарады, мұғалімнің сабақты ұйымдастырудың негізгі талаптарын айқындайды, мұның бәрі дерлік оқытудың заңдары мен принциптерін тұйындайды. Сабақ - педагогтік шығармашылықта

261

құрылады және сондықтан да ол біртұтастық жүйемен оқшаулануға тиіс. Кіші бөліктердің өзара іштей байланысы бірігіп, оқушылар мен мұғалімнің іс-әрекеті дамуының бір тектес логикаға бейімделуіне бағыт жасайды.

Сабақтың талабын орындау мен оны түсінуге байланысты, мұның өзі әлеуметтік сұранымға қатысты анықталып, оқушылардың жеке басының қажетсінуіне орай құрылады, оқыту мақсаты, міндеттері, заңдары мен принциптері басшылыққа алынып, жоғарыдағы іс-әрекеттің мазмұнын айқындайды. Жалпы талаптардың ішінде, бүгінгі сабаққа сәйкес келетін, болып қарауға олатын жіктеме төмендегідей: (И.П.Подласый)

- ғылым жетістіктерінің жаңа түрін озық іс тәжірибені, оқу-тәрбие үрдісінің негізгі заңдарына құрылған сабақты;
- сабақты өту үрдісінде, барлық дидактикалық принциптер мен ережелер;
- оқушылардың санасын қалыптастыруға әсер етерлік, пәнаралық байланысты;
- бұрынғы білімнің байланыстыруға, оны меңгеруде икем-қабілетін және оқушылардың білім сапасын арттыру барысындағы тіректік құғымдарға сілтеме жасау;
- тұлғаны жан-жақты дамытудың белсенді және түрінің қажеттілігі;
- педагог оқу-құралдарын ұтымды қолдануы;
- алған білімнің, өндірістік қызметпен, оқушының жеке іс-тәжірибесімен байланысты жүзеге асыруы;
- білімнің, икемнің, қабілетін тәжірибеде қалыптастыру, оны ойлау – амалы мен іс-әрекетке тиімді қолдануы;
- сабақты диагностикалау, жоспарлау, жобалау және болжау алуы.

Әрбір сабақ тұтас педагогтың процестің функциясын жүзеге асыруға бағытталған: оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Соның нәтижесінде сабақ көпжоспарлы, құрылымы әр түрлі болып келуі мүмкін. Сабақ құрылымының ерекше көп тараған түрі болып келуі мүмкін. Сабақ құрылымының ерекше көп тараған түрі барлық дидактикалық міндеттерді шешуге: білімді енгізу, жаңа материалды зерделеу, өткен материалды бекіту, бақылау, оқушылардың білімін бағалау, үйге тапсырма берумен байланысты.

Көріп отырғанымыздай, сабақтың құрылымы кездейсоқ болмайды, ол оқыту үрдісінің заңдылықтарын жүзеге асырады, жаңа сабақты меңгерту логикасын

262

ішкі психологиялық құбылыс ретінде, оқушының өзіндік ойлау іс-әрекетінің заңын, жеке таным қабілеті сапасында алып, мұғалім қызметінің түрін және оқушыны педагогтік үрдістің субъектісі ретінде алады. Сабақ элементтері, ішінара бөліктердің өзара біртұтастығында аталған заңдар жүзеге асады, өзектілігі анықталып, оқушылардың жаңа ұғымдық түсініктер қалыптасады, сөйтіп, іс-әрекет тәсілдерін меңгеріп оны тәжірибеде қолдануға төселеді. Педагогикалық жүйеде бұлар оқытудың кезеңдері сияқты, негізгісі, өзгертуге болмайтын, әр сабақта дидактикалық бірліктегі міндеттерді жинақтап, сабақтың дидактикалық құрылымының компоненті сапасында келеді. Міне, осы компоненттер сабаққа қажетті шарттар мен бағдарламалық материалдарды меңгеруге жеткілікті біліктілік пен икем, қабілеттерді және оқушылардың ойлау әрекетінің белсенділігін өздігінен қалыптастыру, олардың өмірге бейімделуге және интеллектуалдық қабілетін дамыту - оқушыларды өмірге бейімделуге және еңбек етуге жаттықтыруға тиісті қадам.

**Сабақта оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру.** Сабақта оқушының оқу қызметін ұйымдастыру бұл оқушы мен мұғалімнің сырттай үйлесімді қызметі, оның өзі белгілі бір пен тәртіп талабынан құрылады. Мынандай бағыттарға бөлінеді: фронтальды - мұғалімнің барлық оқушылардың жеке және өзіндік жұмысын басқаруы, жеке- өзіндік Жұмыс әр оқушының топтық және жұптық қызметі. Мұғалімнің оқу қызметін фронтальді ұйымдастыруы барлық оқушылардың іс-әрекетінің бірлікте болуын басқару, яғни барлық оқушылар бірдей тапсырманы орындайды, жұмыс бәріне ортақ, барлық сынып талқылайды, нәтижені салыстырады, жинақтайды. Бұл тәсіл оқушылар мен ұстаз арасындағы сенімді нығайтып, ұжымдық сезімді тәрбиелейді, пікірлерді талқылауы ширайды, басқаның ойын, өзінің ой-түйіндерімен салыстырады, қателерін табуға жаттығады. Мұғалімге қойылатын басты талап оқушылардың ішінен ең тиімді ой-тұжырымды дәл таба білуі, оны алдын ала болжауы, оқу ситуациясын туғызуы, сабақтың міндеттеріне жауап іздеуі; барлық айтқысы келген ынталы оқушыны ықыласпен таңдауы, оны мәдени тұрғыда қолдауы, мұнымен бірге қажетті сәттерде түзетулер енгізуі, әр оқушының мүмкіндігіне жол ашу.

Фронтальды оқытуды ұйымдастыру проблемалық, ақпараттық және түсіндірмелі иллюстративті мазмұнда және репродуктивті және

шығармашылық тапсырмалармен келуі мүмкін. Мұнда шығармашылық негізге құрылған тапсырма бірнеше шағын тапсырмаларға бөлінеді, жұмыстың бұл түрі барлық оқушылардың белсенділікпен іс-әрекетте болуына жағдай туғызады. Бірақ, сабақтың бұл түрінде көптеген кемшіліктер бар, жұмыс барысында оқушылар әр түрлі деңгейде өз мүмкіндігіне қарай білімін арттыра алмайды, бәрінің білімі бір мөлшерде оқшауланбайды, әсіресе, нашар үлгеретін оқушыға мұғалімнің көмегі үнемі қажет болса, ал қабілеті өте жоғары оқушыда уақыт артық қалады.

Сол себепті сабақтың тиімділігін арттыру үшін сабақтан басқа түрлері де пайдалану керек.

Жеке жұмысты ұйымдастыру сабағында әр оқушының өзіндік іс-әрекеті ескеріліп, оған арнаулы әзірліктер жасалып, оқу мүмкіндіктері алдын ала есепке алынады: әдебиеттермен, анықтамалармен, энциклопедиямен жұмыс міндетін шешу, шығарма әзірлеу, реферат жазу.

Жеке жұмысты ұйымдастыру барысында екі түрлі тапсырма орындалады: жеке және жекелендіру. Біріншісінің ерекшелігі ол: оқушы алдымен барлық сыныпқа берілген тапсырманы орындайды, басқа оқушымен қарым-қатынасқа түспейді, бірақ жұмыс қарқынын бәріне бірдей. Екіншісінің ерекшелігі, ол оқушы арнаулы тапсырманы орындауда өзінің танымдық оқу іс-әрекетін мөлшерлейді, атап айтсақ, әр оқушы өзінің оқу қызметінің режиміне орай жұмыс қарқынын белгілейді. Жеке жұмысты сабақтың барлық кезеңдерінде жүргізу тиімді және оны бекітіп отыру көзделеді, мұның өзі оқушының бұрын меңгерген білімдерін, қабілетін, дағдысын жетілдіріп отыруына ықпалы зор, сол секілді бақылау үшін зерттеу әдісін меңгеруге жол ашады. Сабақтың бұл түрі оқушылардың өзіндік іс-әрекетін тәрбиелейді, жинақылыққа, ұшқырлыққа, өзінің мақсатын айқындауға таба білуге бағыттайды, бірақ бұл сабақта оқушылардың қарым-қатынасы шектеулі, оны ұжымдық жұмыстың түрімен толықтыруға, топтық жұмыс ұйымдастыруға болады.

Топтық жұмысты оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру негізінде құруға мыналар жатады:

- оқу міндетін анықтау үшін сынап екі топқа бөлінеді;
- әр топ тапсырма орындайды (не бірдей, не саралап, даралап берілген), ол топ ішінен бөлініп шыққан топбасымен немесе мұғалімнің басқаруымен өтеді;

264

- топтың енгізген жаңалығына орай тапсырмалар іріктеледі;
- топтың құрамы сабақтың мазмұнына қарай өзгереді; ең жоғары деңгейдегі оқушының мүмкіндігін ескеру қарастырылады;
- топтың және құрамның әр түрлі деңгейлікке орай оқушылардың қауымдастық құрамы сұрыпталады және мұның өзі оқушыларға байланысты.

Сабақтың топтық жұмыс түрінде оқушы саны көбейеді және жеке жұмыс барысында оқушыға не топ басшысының, не мұғалімнің көмегі қажет болып отырады (фронтальды және жеке жұмыс кезінде мұғалімнің оқушыға көмек беруі қиындай түседі, сондықтан олар жеке жұмысқа көшкенге дейін кезек күтуге мәжбүр).

Топтық жұмыс практикалық жұмыстарды, зертханалық және жаратылыстану ғылыми тақырыптардағы практикалық жұмыстарды, сондай-ақ шет тілдерді меңгеруде, ауыз екі сөйлеуде тілді дамыту бағытында және еңбек сабақтарын өткізгенде өте тиімді. Жұмыстың бұл түрінде ұжымдық талқылау қолданыла отырып, өзара кеңес беріп, өлшемдік параметрлері күрделеніп, өздік жұмыс тиімділігі жағынан бұрынғыға қарағанда жақсара - түседі.

Әрбір қарастырылған оқыту қызметін ұйымдастыру түрлері оқушылардың сабақ барысындағы өзіне тән оқу-тәрбиелік міндеттерді жетілдіре түседі. Олар өзара, бірін-бірі толықтырып, дұрыс құрылған сабақтың жақсы нәтижесін көрсетеді.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы. Мұғалімнің сабаққа дайындығы өзара байланысты екі кезеңнен тұрады: сабақтарды тақырып бойынша жоспарлау және осы жоспарлауды әрбір сабаққа сәйкес нақтыландыру, әрбір жеке сабақтың жоспарын терең ойластыру мен құрастыру.

Тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасының белгілі бір тақырыбы немесе тарауы бойынша өтілетін сабақтар мен сабақтан тыс оқу жүйесіндегі оқыту-тәрбиелік үрдісі білім беру, дамыту және тәрбие беру қызметтерін іске асыруының қолайлы жолдарын анықтау үшін қажет. Бұл жүйеге, негізгі дидактикалық мақсатына байланысты, сабақтың әр алуан тұрпаты және түрлерімен қоса оқушылардың сыныптан тыс және оқудан тыс жұмыстарының басқа түрлері де кіреді. Тақырыптық жоспарлаудың ойдағыдай іске асырылуы, көбінесе мұғалімнің оқушылар нені білулері

265 керек, т.б. деген сияқты мәселелерді қаншалықты терең ойластырғанына байланысты болып келеді. Сондықтан мұғалім тақырыптық жоспарлауды пәннің оқу бағдарламасымен, білім беру стандарттымен мұқият танысудан, пәнді оқыту кезіндегі және берілген тақырып бойынша дидактикалық міндеттерді шешудегі негізгі тәрбиелік мақсаттарды және оқушыларды дамыту мақсаттарын анықтаудан бастауы қажет.

Бір сабақты жоспарлау-мұғалімнің тиянақты бір сабаққа дайындығы, яғни сабақты жоспарлау, тақырыптық жоспарлауды әрбір жеке сабаққа сәйкес нақтыландыру, сабақтың негізгі мазмұны мен бағыты анықталғаннан кейін сабақтың жоспары мен қысқаша мазмұнын терең ойластыру мен құрастыру. Сабақ жоспары мұғалімнің жұмыс тәжірибесіне, білімдарлығына, педагогикалық шеберлігінің деңгейіне қарамастан, әрбір мұғалім үшін қажет. Сабақтың жоспары, тақырыптық жоспар, бағдарлама мазмұны негізінде, мұғалімнің оқушыларды және олардың дайындық деңгейін білуінің негізінде құрастырылады. Сабақты жоспарлауда және оны өткізу технологияларын дайындауда екі өзара байланысты бөліктер бар: сабақ мақсатын, оның әрбір

кадамын терең ойластыру; арнайы дәптерге сабақ жоспарын белгілі бір түрде жазып алу.

Сабақтың мақсаты бағдарлама материалының мазмұны негізінде, мектептің материалдық базасының және оқушылардың белгілі бір оқу жағдайына сәйкес ұйымдастыруға болатын оқу материалымен жұмысының мазмұны негізінде анықталады. Сабаққа дайындалудың бұл бөлімінде мұғалім болашақ сабақтың өту барысын болжайды, оны ой-санасынан өткізіп, өзінің оқушылармен бірлесіп жасайтын іс-әрекеттерінің өзіндік бір сценарийін дайындайды. Өзінің және оқушылардың сабақтағы әрекеттерінің негізгі мазмұны мен бағыттылығын анықтағаннан кейін барып мұғалім оқушылар меңгеруге тиісті қажет және жеткілікті материалды таңдайды, сабақта талданатын жаңа түсініктерді енгізудің жүйелілігін анықтайды. Мұғалім оқушылардың белсенділігін арттыратын қызықты материалды таңдайды, оған оқушылардың назарын жалпылама сұрақтар, есептер арқылы аударатын, сабақтың құрылысын алдағы жұмыстың көлеміне қарай алдын ала анықтайды.

Сонымен мұғалімнің сабаққа дайындығы дегеніміз- тек оқу материалының тиянақты талдауы, оны оқып білу кезеңдеріне сәйкес құрастыруы ғана емес,

266

сонымен қатар оқушылардың осы материалмен жұмысы кезінде пайда болуы мүмкін сұрақтары, ауаптары, пайымдаулары - оны қабылдауы, түсінуі, т.б. Сабақтың осындай алдын ала талдасмасы неғұрлым тиянақты жасалса, сабақ өткізу барысында кездейсоқ жағдайларға тап болу мүмкіндігі біртұтас педагогикалық процесте солғұрлым аз болады.

Осындай мұқият талдаудан кейін және сабақтың құрылысын тиянақты ойластырғаннан кейін мұғалім сабақтың жоспарын жасайды. Сабақтың конспектісі, әсіресе жас мұғалімдер үшін, толық және жан-жақты жасалады. Мұндай конспект мұғалімге тек бір сыныптағы ғана емес, сонымен бірге барлық қосарқы сыныптардағы жұмысы кезінде де қажет болады.

Алайда, сабақтың ойдағыдай өтуі тек мұғалімнің мұқият дайындығына ғана емес, сонымен қатар оның оқушыларды алдағы сабақтағы жұмысқа әзірлеуіне және оқушылардың өздерінің сабаққа деген психологиялық дайындығына байланысты. Ол үшін оқушыларды келер сабақтағы жұмыс жоспарымен таныстырып, оларды оқулықтың немесе әдеби шығарманың жекелеген тараулары мен тақырыптарымен алдын ала таныстыруға бағыттап, жаңа материалды меңгеруге септігін тигізетін бақылау мен күрделі емес сынақтар өткізу қажет.

Сабақтың жоспарында сабақтың тақырыбы, сабақ өткізілетін сынып бөлмесі және дидактикалық міндеттері нақтыланған сабақтың мақсаты, сабақта өтілетін материалдың қысқаша мазмұны, оның міндеттері көрініс табады. Сондай-ақ, сабаққа қатысатын оқушылардың өзара қатынасын ұйымдастыру, оқушылардың оқу-танымдық қызметін дамытатын тапсырмалар, білім беру әдістері мен дидактикалық әдіс-тәсілдері анықталады. Тапсырмалар арқылы алға қойылған міндеттерге қарай, ал ол

міндеттерді орындау барысында бұған дейінгі алған білімдері толықтырылады, жаңа ғылыми түсініктер және білім жолындағы кездесетін әр түрлі жағдайларда қолданыла алатын әрекеттердің тәсілдері қалыптасады, оқушылардың оқу әрекетін бақылау мен түзету жүзеге асады, олар білімсіздіктен білімге, епсіздіктен біліктілікке қарай қадам жасайды.

Сабақтың сапасы мен нәтижелі өтуі, көбінесе, мұғалімнің өзінің және басқалардың жетістіктері мен қателерін дұрыс талдай алуына байланысты. Өз жұмысына талдауды сабақ өткізе салысымен және келесі сабақтың алдында, яғни сабақтың конспектісінің негізі дайын болған кезде жүргізуі

267 тиімді. Бұндай жағдайда мұғалім өткен сабақтың нәтижелеріне сүйене отырып, келесі сабаққа дайындығы кезінде осының барлығы ескерілуін ойластырады. Өзін-өзі бағалау өткен сабақтың талдауына негізделеді, яғни мұғалім жасаған жоспарын тағы қайтара талдап, сәтсіздіктерінің себебін табуға тырысып, дидактикалық тұрғыдан ұтымды тұстарын қайталауға тырысады.

Осылайша, қазіргі уақытта да сабақ оқушылардың мектепте білім алуын ұйымдастыру түрінің ең негізгісі болып қала береді. Сабақтың нәтижелілігі мұғалімнің дайындық деңгейіне, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыра алуына және ол оқу әрекетінің нәтижесін болжай алуына байланысты.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Оқу жұмысының түрлері қандай белгілермен сипатталады? «Білім беруді ұйымдастыру түрлері» деген ұғымға анықтама беріңіз.
2. Мектеп дамуының тарихында білім беруді ұйымдастырудың қандай негізгі түрлері қалыптасты?
3. Білім беруді ұйымдастырудың сыныптық-сабақтық жүйесі қандай ерекшеліктермен сипатталады?
4. Сабаққа қойылатын қазіргі талаптар қандай?
5. Сабаққа қойылатын дидактикалық талаптардың мәні неде?
6. Сабақ үстінде педагогикалық үрдістің қандай білімділік-тәрбиелік, дамытушылық және білім беру қызметтері жүзеге асады?
7. Сабақтың негізгі түрлерін, сондай-ақ оқытудың басқа да түрлері мен олардың құрылысын суреттеп беріңіз.
8. Білім, білік, дағдыны бақылау мен түзету сабағының құрылысын жасаңыз.
9. Аралас сабақтардың мәні мен құрылымына анықтама беріңіз.
10. Сабақты өткізу барысында оқушыларды дамыту мен тәрбиелеу жұмыстарын жүзеге асыру қаншалықты қажет?
11. Қазіргі уақытта мектептерде сабақтардың қандай жаңа түрлері қолданылады?
12. Мұғалімнің сабаққа дайындығының негізгі жұмыстарын анықтаңыз.
13. Оқытуды ұйымдастырудың қосымша түрлерін атаңыз.

268

14. Оқушылардың үлгерімін бақылауының түрлерін атаңыз.

15. Білімді тексеру, дидактикалық тест, білімді бағалау, үлгермеушілік деген сияқты түсініктерге анықтама беріңіз.

16. Оқудағы сәтсіздіктердің себебін түсіндіріңіз және оларды болдырмаудың әдіс-тәсілдерін сипаттаңыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. М., 1996.
2. Кириллова Г.Д. Теория и практика урока в условиях развивающего обучения. М., 1980.
3. Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. М., 1964.
4. Махмутов М.И. Современный урок. М., 1985.
5. Онищук В.И. Урок в современной школе. М., 2-ое издание, 1985.
6. Подласый И.П. Как подготовить эффективный урок. Киев, 1987.
7. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. М., 1984.
8. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. Алматы, 1999.
9. Чередов И.М. Формы учебной работы в средней школе. М., 1988
10. Яковлев Н.М., Сохор А.М. Методика и техника урока в школе. М., 1985.

#### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. «Оқуды ұйымдастырудың түрлері», «Қазіргі сабақ», «Сабақтың түрлері мен құрылысы» деген тақырыптарға баяндама дайындаңыз.

2. Мектептегі өз мамадығыңыз бойынша 2-3 сабаққа қатысып, ол сабақтарда қолданылған оқушылардың оқу жұмыстарын ұйымдастырудың түрлерін сипаттаңыз.

3. Практикалық –тәжірибелік сабақтарда өз мамандықтарыңыз бойынша «үлгі сабақ» дайындап, өткізіңіз.

4. Жаңашыл педагогтар және сабаққа қатысты жаңа педагогикалық басылымдар туралы мағлұмат дайындаңыз.

5. Оқытудың даму тарихы мен ұйымдастыру түрлері туралы шағын шығарма жазыңыз.

269

6. Мұғалімнің оқыту әдістерінің көптүрлілігін нәтижелі пайдалануының алдыңғы қатарлы тәжірибелеріне арналған қазіргі педагогикалық әдебиеттер туралы реферат жазыңыз.

#### **Реферат тақырыптары**

1. Оқытуды ұйымдастыру түрлерінің даму тарихы.
2. Қазір оқытуды ұйымдастырудың сабақтан тыс түрлері.
3. Қазіргі талаптарға сай сабақ және оның көптүрлілігі.
4. Мұғалімнің сабаққа дайындығы.

270

#### **2.11.2 Сабақ - педагогикалық процесте оқытудың негізгі формасы**

**Мақсаты:** оқытудың негізгі формасы сабақ болғандықтан, оның ерекшеліктерін көрсету.

**Міндеті:**

а) «оқытудың формасы», «сабақ - оқытудың негізгі формасы», «сабақтың құрылымы» туралы түсінік беру;

ә) оқыту формасы педагогикалық процестің компоненті рөлін көрсету;

б) сабақтың дидактикалық міндеті, типі, құрылымына мінездеме;

г) сабаққа қойылатын талаптар;

д) сабақта өздігінен талдау және алгоритмдік талдауды негіздеу.

**Жоспар:**

1. Сабақ - оқыту формасының жетекші түрі.

2. Сабақтың дидактикалық міндеті, типі, құрылымы.

3. Сабақта оқушылардың қарым-қатынасы мен іс-әрекетіне педагогикалық басшылық.

4. Сабақ құрылымында дидактикалық және психологиялық байланыс.

5. Қазіргі сабаққа қойылатын негізгі талаптар.

6. Сабаққа талдау педагогикалық процестің компоненті ретінде.

**Негізгі ұғымдар:** педагогикалық процесс, педагогикалық процестің компоненттері, оқытудың формасы, сабақ - оқыту формасының негізі, сабақтың құрылымы, сабақтың типі, сабақтың дидактикалық міндеті, сабаққа өздігінен талдау және талдау.

**Пәнаралық байланыс:** философия, психология, социология, оқытудың әдістері.

**Сабақ - оқыту формасының жетекші түрі.** Оқытудың формасы - педагогикалық процестің бір компоненті, ол технологиялық блоктың педагогикалық қарым-қатынастың тәсілі, формасы, әдісі, жолдары, оқушыларға тапсырма, құрамына кіреді. Бұл, мұғалім аталған компонентті қолданғанда, педагогикалық процестің заңы мен заңдылықтарын түсініп, оқыту формасы оның бөлігі екенін сақтау. Оқыту формасының түрлері: сабақ, практикалық және лабораториялық сабақтар, оқу экскурсиясы, 271

лекция, семинар, өндірістік практика, үй тапсырмасы және т.б.

Оқыту формасына мінездеме:

- ұжымдық және дара оқытуды бірлестікте жүргізу;

- оқушылардың өздік жұмыстарының дәрежесі;

- педагогикалық басшылықтың тәсілдері.

Қазіргі мектепте оқытудың жетекші формасы сабақ (оның типтері және әртүрлігі). Қазір дәстүрлі сабақпен қатар, дәстүрлі емес түрлері: диалог-сабақ, диспут сабақ, сабақ - конференция, сабақ-саяхат, интегративтік сабақ, оқушылардың танымдық белсенділік дәрежесінің жоғарлығымен ерекшеленеді. Сабақ-педагогикалық (оқу-тәрбие) логикалық жүйелеген құрылымдық бөлігі, сыныпта әр оқушының ерекшелігін ескере отырып, олардың мақсатты түрде ғылым негіздерін меңгеріп, оқушының тәрбиесі мен танымдық қабілетін дамыту, яғни сабаққа педагогикалық процестің барлық құрылымдық компоненті мақсат, міндет, мазмұны, тәсілі, әдісі, жолдары,



оқушыларға тапсырма қатысады (Н.Д. Хмель 6,7). Бұл жағдайды тақырыпты және сабақты жоспарлағанда, күнделікті сабақты басқару, оның барысы мен нәтижесіне анализ жасау. Егер сабақтың эволюциясы оқыту формасының пайда болуына көз жіберсек, онда мыналарға сенеміз, өзгерістер мен жетістіктер мақсатты түрде оқушылар ұжымының оқу материалын саналы меңгеру, шығармашылықпен оны пайдалану. Шындығында, оқушылардың іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен өткендіктен, мұғалім іс-әрекетінің объектісін түсініп, қазіргі уақытта педагогикалық процесте мұғалім мен оқушы іс-әрекеттің субъектісі болады.

Үздік мұғалімдердің жетістігінің себептері мұғалімнің оқушылардың белсенді, мақсатты, технологиялық білгір, сабақта шығарашылықпен және сабақтан тыс уақытта оқу тапсырмасын орындауға жағдай жасаған. Дәл қазір ақыл-ойдың көптеген белсенді формасы мен оқушының практикалық оқу іс-әрекеті дидактика теориясында шығармашылық белсендіктің динамикасы қалыптасты. (Скаткин М.Н.)

Бұған дәлел, сабақ оқытудың негізгі формасы:

- сабақ аяқталған, оқу процесінде уақыты белгіленген, оның барысында мақсатқа жетуде нақты міндеттер шешіледі;

272

- сабақ - сабақ кестесі бойынша, оқу материалының көлемі ықшамды және уақыт аралығында өткізіледі;
- оқушылардың сабаққа қатысуы міндетті, сондықтан олардың білім, дағды, білік, оқу материалын меңгеруге логикалық ойларын қалыптастыруға жағдай жасалған;
- сабақта оқушылар әртүрлі жеке дара, фронтальды, ұжымдық танымдық іс-әрекетке, оқу-тәрбиенің комплексті міндеттерін шеше отырып жеке тұлғаны дамыту;
- мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы сонымен қатар, оқушылардың өзара араласуы іс-әрекетті ұйымдастыруда оқушылар ұжымын қалыптастырады;
- сабақтағы қарым-қатынаста оқудағы қарама-қайшылықтар шешіліп, жеке тұлғаның белсенділігі, оқуға деген қызығушылығы және т.б. жағымды қасиеттері тәрбиеленеді.

**Сабақтың типтері, құрылымы,** Әрбір сабақ белгілі объективті элементтерден құрылады, біржағынан сан алуан түрлігімен, екінші жағынан уақыт аралығындағы өзара қарым-қатынаспен ерекшеленеді. Осыған байланысты сабақтың типологиясы (типтері) сан алуан.

Егер сабақтың элементтерін оның бөлігі ретінде қарастырсақ, олардың жеке және тұтас, оны әрі қарай бөлінбейтінін ескерсек, онда тәжірибеде жиі кездесетін элементтерді (немесе дидактикалық міндеттер):

1. Жаңа білімді игерту.
2. Өткен материалды бекіту (оқыту, дамыту, бақылау функциялары).
3. Оқушылардың білімін бақылау, бағалау.
4. Үйде орындайтын оқу жұмысына түсініктеме.
5. Білімді қорыту және жүйелендіру.

Бұл бес дидактикалық міндет әртүрлі байланыс және сабақта қарым-қатынас, ол сабақтың дидактикалық құрылымы мен типологиясының негізі.

Сабақтың құрылымы деп «сабақтың әртүрлі варианттар элементтерінің өзара байланысы, оқыту процесінде қолдануы, оның мақсатты пәрменділігін қамтамасыз етеді. (Ю.Б.Зотов 1,19).

Сонымен педагогтар мен оқушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыру негізінде варианттардың тиімді сұрыпталу жиынтығы сабақтың элементтерінің бірлесіп әрекет етуі, белгіленген мақсатқа жеткізеді.

273

Педагогтың шеберлігі дидактикалық міндеттер мен сабақта педагогикалық процеске қатысушылардың ұйымдастырушылық байланыс әрекетінде шешіледі.

Сабақтың типтері. Олардың түрлері сан алуан, сондықтан оны жіктеу қиын. Қазіргі дидактикада кездейсоқ емес, сабақты жіктеуге әртүрлі көзқарастар орын алған, дегенмен ортақ нышанды айқындамақшы.

Варианттардың түрі:

- дидактикалық мақсат (И.Т. Огородников);
  - дидактикалық міндет (Н.М. Яковлев);
  - оқыту әдісі (И.Н. Борисов);
  - сабақты өткізудің мазмұны мен жолдары (М.И. Махмутов) және т.б.
- М.И. Махмутовтың жіктеуі бойынша сабақтың типтері:

**1. Аралас сабақ** - практикада алуан түрлі элементтері және өзара әрекеті арқылы кең тараған. Тек солай, үй жұмысын (сабақтың басында немесе кейін) оқушы-консультанттардың тексеруі мұғалімнің осы деректерге сүйеніп оқушылардың жіберген кемшіліктерін бақылау мақсатында қолданады. Әртүрлі жағдаяттық жағдайда оқу материалын игеру сапасын бекіту, тексеру, мұндай қатынас сабақтың тиімділігін арттырады.

**2. Сабақта жаңа білімді игеру.** Ілгеріде меңгерілген білімге сүйеніп, оқушыларды белсенді қатыстырып, жеке дара, бірлесіп, топ арқылы тапсырманы жедел орындау. Үнемі оқушылардың фронтальды жеке, ұжымдық танымдық іс-әрекетін бірлікте қарау. Мұғалім әртүрлі әдістермен жұмыс істейді: лекция, түсіндіру, эвристикалық әңгіме, бірлесіп, топта белгілі тапсырма бойынша экспериментті қою, жүргізу.

**3. Сабақты бекіту және білімді жүйелеу, білік пен дағдыны қалыптастыру.** Сабақтың мұндай типін жоспарлағанда алдымен қайталау және білімді жүйелеу және тексеру.

**4. Оқушылардың сабақта білімін тексеру және бағалау.** Бұл аралас сабақтың белгісі: өздігінен жұмыс істеу сабағы, бақылау жұмысы, практикум, сынақ сабағы, тест арқылы тексеру, оқушылар алған білімдері негізінде, білімін қорытындылайды, бекітеді, дағды, біліктерін өзгермелі жағдаятта дамытады (мысалы, дифференциалды тапсырманы орындау).

**Сабақта оқушылардың іс-әрекетіне және өзара араласуына педагогикалық басшылық.** Сабақтың құрылымы оқушылардың оқу

274

жұмысында орындалады. Қазіргі ғылыми әдебиеттер мен педагогикалық практикада оқытудың үш формасына тоқталады - фронтальды, жеке, топтық.

Фронтальды жұмыс - бүкіл сынып мұғалімнің басшылығымен іс-қимылы. Мұғалім оқушылардың көршілігін жұмысқа тартып, олардың таным мүмкіншілігін, қабілет, дәрежесін ескеру қажет. Сондықтан сабаққа дайындалып, жоспарлағанда әртүрлі оқу жағдаятын, сабақтың дидактикалық міндетін шешуге бағыттау (тапсырманы іріктеу, сыныптың қайта информациялық хабар алу, кездескен қиындыққа көмектесу, дидактикалық ойындар өткізу т.б.) Ең бастысы оқушыларды өздігінен қорытынды жасауға талаптандыру (егер мұғалім өзі жасағанда).

Жеке - әр оқушының өздігінен жұмысын белгілеу, олардың дара дайындығы мен мүмкіншілігіне қарай. Жеке жұмысқа үлкен мүмкіншілік тудыратын бағдарламамен оқыту, дидактикалық міндеттерді шешуге, сабақтың әр кезеңінде жеке жұмыстар жүргізу қажет. Жеке жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалім тарапынан, оқушы - консультант көмектеседі.

Топтық жұмыста оқушылар 4-6 адамнан жеке бірлесіп (динамикалық және аралас құрылыммен) істейді. Топ сабақта алынған тапсырма немесе жоспар бойынша істейді. Топтық жұмыс мұғалім мен оқушылар үшін күрделі, олардың күні бұрын психологиялық, дидактикалық және технологиялық дайындығын, алгоритмдік білімді қажетсінеді (5).

Мұнымен қатар авторлар (М.Д. Виноградов, М.А. Данилов, И.Б. Первин, Ю.Б. Зотов, В.В. Котов, Н.Н. Хан, Г.К. Селевко, В.К. Дьяченко т.б.) топтық жұмыспен фронтальды және жеке жұмыстың ең бастысы білім беру мен оқытудың мүмкіндігін тудыру. Бұл оқушылардың іс-әрекетінде оларды объектіден субъектіге айналдыру. Мұғалімнің көңіл аударатын жері: оқушылары түсініп белгілі бір шеңберде жеке іс-әрекет, оқу ықпалдастығында (оқушы-консультант, оқушы-лаборант, оқушы - ассистент т.б. іскерлік дағды, пікірлесуге, жолдасына көмектесу, оның жұмысын бағалау, дискуссия ұйымдастырып қатысу).

**Сабақтың дидактикалық және психологиялық құрылымының арақатысы.** Сабақтың қиындығы, оның көп мәселелігі оқушылардың танымдық іс-әрекетін жоғарлатуға әсер етеді.

275

Педагогтар бүтінгі күні ғылыми-практикалық тұрғыдан негізгі екі мәселені шешуде:

1. Тұтас педагогикалық процестің теориясы мен практикасында сабақ құрылымын ұйымдастыруды жетілдіру.
2. Сабақта ұжымдық жұмыста әрбір оқушыға оптимальды жағдай туғызу, дәстүрлі оқыту мен сабақта фронтальды және жеке тәсілдермен оқушылардың танымдық іс-әрекетін жетілдіру.

Қарама-қайшылықты оқушылардың жеке тапсырмасын максимальды түрде: сыныпты топтарға бөліп оқу үлгеріміне қарай оқыту. Бірақ бұл объективті себептерге байланысты тиімді болмады.

Сабақтың құрылымын жетілдіру екі бағытта дамыды:

- ең қажеттісі, сабақтың өзіне тән элементтері болуы;

- дегенменде сабақтың тұрақты құрылымынан бас тартып, мұғалімнің тәжірибе-интуициясына жол ашу. Әрине мұның қиындығы бір бағытты ұстанудың өзіндік қарама-қайшылығы кездеседі.

Сабақтың құрылымы объективті болжау, оның болашақ жолдарын терең түрде зерттеген Р.Г. Лемберг. Сабақтың құрылымында дидактика мен психологияның байланысы, оқушылардың жұмыс қабілетін ескеру. Көптеген сабаққа талдау жасау мынадай қорытындыға әкелді.

1. Оқушылардың жұмыс қабілеті ескерілмей, балалар шаршап, нерв клеткаларының жұмыс қабілеті шамадан тыс болуы.

2. Мұғалім аталған жағдайларды ескеріп, сабақтың құрылымында, оның барысында дидактика мен психологияның үйлесімдігін қадағалау қажет.

3. Бұл оқу материалын дұрыс бөліп және сабақта қарым-қатынасты ұйымдастырып оқушылардың жұмыс қабілетін біркелкі реттеп отыру (оқушылардың жұмыс қабілеті 10-35 минут). Мұнымен қатар, әртүрлі дидактикалық ойындар, сабақтың басы мен аяқ кезінде оқу іс-әрекетінің белсенді түрін (жұмыс қабілет зонасына) пайдалану. Мүмкін, әр сабақта бес дидактикалық міндетті орындау дұрыс болмас, оның есебіне рациональды түрде жетекшісіне бөліп қарау. Оның есебіне сабақтың тақырыбы, бөлімдерінде, бүкіл дидактикалық міндеттерді қолдана білу. Бұл қиын болғанмен, мұғалім тақырыптық жоспар жасағанда соның негізінде жеке

276 сабаққа жоспар жасайды. Тақырыптық жоспар мұғалімнен білім, білік, дағдыны талап етеді, сондықтан тәжірибелі мұғалімдерге әдістемелік бірлестікте тапсыру керек. Тақырыптық жоспарларды жасауда көптеген ұсыныс схемалар кездеседі, оның ішінде (мысалы, М.И.Махмутовтың схемасы (тәжірибелі - шебер мұғалімдер әрқашанда жоспарға өзінше қарап, қосымша енгізе алады. Тақырыптық жоспар әрқашанда:

- сабақтың мақсаты мен міндеті;
- сабақтың құрылымы мен мазмұнында іс-әрекет көрсетілуі (оқушылардың іс-әрекетіне басшылық);
- сабақта оқушылардың іс-қимылының жүйесі, кезеңдері;
- технологияны кері алу үшін талдау жасау.

Тақырыптық жоспардың үлгі құрылымы

1. Сабақтың құрылымы.
2. Сабақтың мақсаты.
3. Негізгі дидактикалық міндеттер."
4. Қосымша дидактикалық міндеттер.
5. Мұғалімнің әдістемелік жұмысы.
6. Оқушылармен жүргізетін әдістемелік жұмыстар.
7. Мұғалімге арналған әдебиеттер.
8. Оқушыларға арналған әдебиеттер.
9. Қайталау.
10. Оқушылармен кері байланыс жасаудың формасы және олардың жұмысын бағалау.
11. Сабақты жабдықтау, дидактикалық материалдар.

## 12. Ескертпе.

Сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың астарында күрделі талап - мұғалімнің шығармашылығы оны ғылыми негізге бағыттау:

1. Сабақтың тұтас педагогикалық процестің логикалық құрылымына кіруі;
2. Сабақта оқыту процесінің оқулық, тәжірибелік, дамытушылық функциясын жүзеге асыру.
3. Сабақта оқыту процесінің комплексті принциптерін (мақсаттылық, жүйелілік, ғылымилық, теория мен практиканың бірлестігі, еркіндік, педагогикалық процеске қатысушылардың қарым-қатынасы т.б.)

277

4. Әр сабақтың өткен және кейінгі сабақтардың тақырыбы, бөлімдері мен логикалық байланысы.
5. Сабақтың кезеңдерінің логикалық байланысы.
6. Сабақтың құрылымының дидактикалық және психологиялық үйлесімділігі.
7. Күн талабына сай мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын ұйымдастыруда комплексті әдістер мен тәсілдерді іріктеу.
8. Оқу материалын игеруде оқушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыруда, сабақта шығармашылық жұмыс істету.
9. Сабақта оқыту технологиясының, дәстүрлі және жаңа түрлерін үйлестіру.
10. Сабақта оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетінің тәсілі оның мақсаты, міндеті, мазмұнына үйлесімді болуы.
11. Сабақта мұғалімнің оқу материалын игеруде информацияның негізінде коррекциялық жұмыстар жүргізуі.
12. Мұғалім мен оқушының еңбегін педагогикалық еңбекті ұйымдастырудың ғылыми талаптарына сәйкес болуы.

**Сабақтың өздігінен және алгоритмдік анализі.** Мұғалімнің іс-әрекетінің табыстылығы, оның өзінің жұмысына анализ жасай білуі және мектеп администрациясы мен әдістемелік бірлестік басшыларының пікірлері.

Логикалық анықтама сөздікте (Н.И. Кондаков 1975) мынадай анықтама берілген: «Талдау бен жинақтау қосылып ой процесінің немесе нақты бүтіннің ыдырауы және ол бөліктердің қайта бұрынғы қалпына келуі. Сабақтағы іс-әрекетті ойша талдау жасаған бүтін (сабақ) оның бөлімдері (элементтік құрылымына және бөлімдерінің қайта қалпына оралуы (сабақтың мақсатына жету). Бұл жағдайда сабаққа логикалық талдау (өзін-өзі тексеру) - осы әдіс арқылы сабақта жаңа білім алу және оның нәтижесі сабақтың кемшілігін болдырмау. Мұғалім сабақты талдаудың теориялық негізін меңгерумен қатар тұтас педагогикалық процестің теориясын білу қажет. Мұғалім өзінің іс-әрекетінің объектісі ретінде педагогикалық процесс, ал педагогқа оқушылар іс-әрекеттің субъектісі. Тұтас педагогикалық процестің кәсіби-педагогикалық жағы Н.Д.Хмель зерттеген, бұған автордың анықтамасы: «Педагогикалық процесс - балалардың мақсатты бағыттағы қарым-қатынасы мәдениетін игеріп қоғамдық өмірге белсенді араласу, педагогтың басшылығымен». Бұл анықтамадан, мұғалім мен оқушының

«педагог-оқушы», жүйесіндегі іс-әрекеттің субъектісі, сабақтың барысында қарым-қатынас орнатады. Мұндай қарым-қатынас мақсат пен іс-әрекеттің міндетін түсініп, ойын, еңбек, пікірлесу, оқудың жеке, бірлесіп, топтық іс-әрекетке қатысып (оқу формасы), оның тәсілін (әдісі мен жолын).

Жоғарыда келтірілгендерге қарасақ, негізгі түсініктер: мақсат, міндет, мазмұны, формасы, әдісі, тәсілі т.б. педагогикалық процестің құрылымдық компоненттері. Бұл тұста педагогикалық процестің қарым-қатынастағы субъектісі (мұғалім мен оқушы) оның құрылымдық компонентін негізге алып сабаққа анализ жасау. Келтіріген ережелер мектеп басшыларының іс-әрекетінің алгоритм мұғалімнің өзін-өзі тексеруі. Педагогикалық процестің құрылымдық компоненті логикасы:

- сабақтың мақсаты мұғалімнің тақырыбына үйлесімділігі;
- сабақтың міндеті, оның тақырыбы мен мақсатына үйлесімділігі;
- сабақтың мазмұны тақырыпты өткенде оның міндеттерін шешіп мақсатына жету;
- оқушы сабақтың барысында оқу іс-әрекетінің субъектісі болу үшін педагогикалық арақатынастың тәсілі мен формасы сай болуы қажет;
- қарым-қатынаста іс-әрекеттің тәсілі (әдіс) сабақтың міндетін жүзеге асыру;
- сабақтың мазмұны, әдісі оқудың жұмыс міндетін толық шешу;
- сабақтың ұтымды нәтижесі (жалпы оқушылар санына қарағанда «4» пен «5»-ке оқитын оқушылар сыныпта басым болу);
- қорытынды және ұсыныстар.

Оқу жұмысындағы талдау (өзін тексеру) т.б. формасында алгоритмі мыналар:

- талдау тұтас педагогикалық процестің теориясы басшылыққа алынған;
- тұтас педагогикалық процестің құрылымдық компоненті сабаққа талдау жасаудың негізі;
- бұған дәлел талдаудан компоненті жаңа логикасы, компоненттердің құрылымы талдау мен жинақтауды біріктіреді.

Сонымен, сабақ педагогикалық процестің құрылымдық компоненті болу үшін мұғалім педагогикалық процеспен сабақты жақсы білу керек. Сабаққа қойылатын талаптар, типін, мақсатын, міндетін айқындау, материалды іріктеу, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру мұғаліммен қатар оқушының да жұмыс тиімділігін арттырады.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1. «Оқыту формасы», педагогикалық процестің компоненттерімен байланысы.
2. Оқытудың формасы сабаққа анықтама.
3. Неліктен оқытудың формасы сабақ болмақ?
4. Сабақтың қандай типтері кең қолданылады?
5. Сабақтың дидактикалық міндеттері.

6. Сабақта оқушылардың қарым-қатынасына педагогикалық басшылық қалай байқалады?

7. Сабақтың дидактикалық және психологиялық құрылымының үйлесімділігі.

8. Қазіргі сабаққа қойылатын негізгі талаптар.

9. Сабаққа талдау жасау педагогикалық процестің басқа анализдерінен ерекшелігі.

### **Әдебиеттер**

1. Зотов Ю.Б. Организация современного урока. Москва, 1984.

2. Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. Казучпедгиз, 1960, Алма-Аты.

3. Махмутов М.И. Современный урок. М., 1981

4. Селевко Г.К. Альтернативные педагогические технологии. М., 2005.

5. Хан Н.Н. Сотрудничество в педагогическом процессе школы. Алматы, 1997.

6. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. Алма-Аты, 1990

7. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы, 1998

8. Цырлина Т.В. На пути к совершенству. Антология интересных школ и педагогических находок XX века. М.: Сентябрь, 1997

9. Чередов И.М. Система форм организации обучения в общеобразовательной школе. М., 1997.

280

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. Педагогикалық процестің компоненті схемалық құрылымдық негізінде оқу формасының басқа компоненттерімен байланысын көрсет.

2. Жеке оқу пәндеріндегі сабақтың типтеріне сипаттама.

3. Сабақ жоспаы бойынша дидактикалық және психологиялық құрылымның байланысын түсіндір.

### **Реферат тақырыптары**

1. Қазіргі сабақтың проблемасы.

2. Мұғалімнің сабаққа дайындығы.

3. Сабақтағы қарым-қатынасқа педагогикалық басшылық.

4. Оқыту технологиясының дәстүрлі және альтернативті байланысы.

5. Сабаққа талдау және өздігінен талдау жасау.

281

### **2.12 Қазіргі мектептегі оқыту әдістері**

**Мақсаты:** мұғалімнің іс-әрекетіндегі білім беру тәсілін меңгеру және оқыту үрдісіндегі оқушылардың білім, білік дағдыларын меңгерте отырып, оқу-танымдық жұмыстарын ұйымдастыру.

#### **Міндеттері:**

а) оқыту әдісінің құрылымы мен мәнін ашу;

ә) оқыту әдісінің салыстырмалы түрде тиімділігін көрсету;

б) оқыту әдістерін тандауды анықтайтын факторларға сипаттама беру.

#### **Жоспар:**

1. Оқыту әдісінің мәні, әдістері мен тәсілдерінің арақатынасы.
2. Оқыту әдістерінің үйлесімділігі және олардың оқушылар іс-әрекетінің тиімділігіне әсері.
3. Оқыту әдістерін таңдау.

**Негізгі ұғымдар:** әдіс, оқыту әдістері, тәсіл, оқыту тәсілдері, танымдық іс-әрекет, дидактикалық жүйе, түрлері.

**Пәнаралық байланыс:** философия, гносеология, оқыту теориясы, психология, психофизиология, мәдениеттану.

**Оқыту әдісінің мәні, әдіс және тәсілдерінің арақатынасы.** Қалай оқыту керек? дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Әдіс - жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу процесінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат - мазмұн - форма - оқыту әдісінің құралдары» көрсетеді.

Әдіс (гректің *metodos*) деген сөзінен алынған, табиғат құбылысын және әлеуметтік өмірдің жағдайын зерттеу немесе таным жолы, құбылыстарды оқып білу жолдарын, әдіснамалық теория танымы мен шындықты зерттейтін тәсіл. Философия әдісті белгілі түрде іс-әрекетті ретке келтіретін, мақсатқа жету тәсілі ретінде қарастырады. Тұтастай алғанда, әдіс-практикалық және теориялық әрекеттерді шындығында меңгеруге бағытталған нақты міндеттерді шешудегі операциялардың, бірдей тәсілдердің жиынтығы.

Педагогтар оқыту әдісі туралы түсінікті әр түрлі етіп дәлелдеді. Біреулері оны «танымды басқаға беру әдісі» (Д.И.Тихомиров) немесе мұғалімнің іс-әрекеті мен әдіс-тәсілі

282

(Н.В.Ельницкий) деп қарастырса, С.А.Ананьев оқыту әдісін «білім беру тәсілдерінің үйлестіру жиынтығы» деп көрсетеді.

Оқу-танымдық іс-әрекетіне сәйкес оқыту әдісі құбылыстың мәнін танып білудегі әдіс-тәсілі ретінде қарастырады. Осы түсініктегі әр түрлі дефиницияларды негізге ала отырып, мынадай тоқтамға келеміз: оқыту әдісі - бұл оқушы мен оқытушы арасындағы жүйелі, өзара байланысқан білім мазмұнын меңгеруге арналған іс-әрекет жүйесі.

Оқыту әдістері - тарихи категория, олар білім беру мазмұны мен мақсатының ауысуына байланысты өзгереді. Америкалық педагог К.Керр оқыту әдіс сапасындағы төрт «төңкерісті» бөліп көрсетеді (1972). Біріншісі - үлгі болып табылады мұғалім - ата-аналар кәсіби мұғалімдерге орын берді, екіншісі - ауызша сөздерді жазбашаға ауыстырды, үшіншісі оқуға баспа сөздерін кіргізді, төртіншісі - осы кезде болып жатқан автоматтандыру мен компьютерлендіру оқыту процесіне енгізуді болжады.


Оқыту әдісінің маңызды белгісі - дидактикалық мүмкіндіктер. Егер осы тәсілмен жоқ дегенде бір дидактикалық мәселені шешетін болсақ, мұның өзі оқыту әдістемесі. Егер іс-әрекет әдісі қосымша болатын болса, онда біз тәсілмен жұмыс істейміз. Оқыту тәсілі - әдіс элементі, оның құрама бөлігі, әдістің көлемі бойынша кішігірім, құрылымы бойынша жай болатын болса, онда әдісті және' әдіс модификациясын орындау жолындағы өзгеше қадам



болып табылады. Әдіс пен тәсіл арасында өзара ауыспалық байқалады. Беріліп отырған пәннің мазмұнына қарай әдіс тәсілге, тәсіл әдіске айналуы мүмкін. Сөйтіп, барлық графикалық бейнелер пәндері үшін- тәсіл болып табылады (қосымша әрекеттер).

Әдіс пен тәсілдің байланысын кітаппен жұмыс кезінде байқауға болады. Ол мына суретте көрініс тапқан.

283



Сурет 1 .Кітаппен жұмыс істеу тәсілі.

Қазіргі дидактиканың ең бір көкейтесті проблемасы - оқыту әдісін классификациялау болып отыр. Әдіс классификациясы - нақты бір белгілер бойынша ретке келтірілген жүйе. Көптеген авторлар оқыту әдістемесінің негізіне түрлі белгілерді келтіргендіктен, классификацияның алуан түрлері бар. Дәл қазіргі кезеңде бұл сұрақ төңірегінде нақты тоқтам жоқ. Дидактика тарихы ең алғашқы классификацияны 1920 ж. оқыту әдісінің екі категориясын бөліп көрсеткен Б.В.Всехсвятский атымен байланыстырады. Ол бірінші категория дайын білімді беру, екіншісі - зерттеу әдісі екендігін ашып көрсетті. Зерттеу әдісінің атқарар жүгі алғашқы категорияға қарағанда ауырлау болды. Оқытудың зерттеу әдісі білімді шығармашылық тұрғыдан

284 қабылдауды және оны қолдануға педагогикалық классификацияның жоғарғы деңгейін талап етеді. Бүгінде оқыту процесі көптеген классификациялармен толықтырылды, оқыту әдісі - уақыт өткен сайын өзгеріп отыратын және негізгі үш белгісімен (оқыту мақсатын білдіреді, меңгеру тәсілі, оқыту субъектісінің өзара байланысы) сипатталатын тарихи категория екендігін дәлелдеді. Қазіргі кезде мына ғалымдардың классификациялары кеңінен

қолданылуда: Бабанский Ю.К., Верзилин Н.М., Перовский Е.И., Голант Е.Я., Лордкипанидзе Д.О., Махмутов М.И., Лернер И.Я., Скаткин М.Н. т.б

Оқыту әдісінің классификациясына айтылған әр түрлі көзқарастар «әдістер теориясының дағдарысын» білдірмейді, керісінше олардың әдісті объективті, айқын көптүрлілігін, ол туралы білімінің интеграциясы мен дифференциясын табиғи процессін білдіреді.

Сонымен қатар оқыту әдісі классификацияларының басымдылығымен қатар кемшілігі де бар және бір әдіс белсенді, бір әдіс белсенді емес деген тұжырым қате болар еді. Оқыту әдісінің өздігінен аса бейтарап екендігін түсіну қажет. Ол барлығы мұғалімнің мектептегі оқу -танымдық іс-әрекетке қаншалықты дайын екендігіне байланысты болады. Көбінесе әдістер саласында педагогтардың жеке басының шеберлігі үлкен рөл атқарады. Сондықтан да оқыту әдісі педагогикалық өнердің биік шыңы болып келді және ары қарай да солай болып қала бермек. Мектептің оқу-танымдық іс-әрекетінде оқыту әдісі түрлі когнитивті функция ролін атқарады, олар: оқу материалын меңгеру, оны бекіту, білім-білік дағдыларын жетілдіру, олардың тұлғалық қасиетін дамыту, әлеуметтік-кәсіби іс-әрекетке дайындау.

### **Оқыту әдістерінің үйлесімділігі және олардың оқушылар іс-әрекетінің тиімділігіне әсері.**

Оқыту әдістері, оқушылардың танымдық және практикалық іс-әрекеті ұйымдастыратын, оқыту мақсатына сәйкес білім мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ететін мұғалімнің мақсатқа бағытталған әдістерінің жүйесін құрайды. Мақсатқа сәйкес, оларды пайдаланатын нақты технологиялар арқылы әр түрлі әдістерді жүзеге асыру арқылы көруге болады.

#### **Сөздік әдістер.**

**Баяндау.** Мақсатына байланысты бірнеше әңгіме түрлері бар: баяндап айту, әңгімелеп баяндау, әңгімелеп- бекіту. Бірінші жаңа материалды игеруге

285 оқушыны дайындау, екінші - берілген мазмұнды баяндау, үшінші - оқытуды аяқтау бөлімі.

Берілген әдістің тиімділігі мұғалімнің әңгімелеп беру білігіне, педагогтың сөз байлығына және мазмұндап баяндауына, оқушылардың даму деңгейіне және оның жеткілікті ұғынуына байланысты болады.

Демек, оқушыларға білім беруде олардың қабілетін ескеру керек. Әңгіме әдісі өз ойын жеткізуде логиканы сақтауға, жаңылмай сөйлеуге, сауатты сөйлеуге үйретеді.

Баяндау қысқа (10 мин), эмоционалды тұрғыда болуы керек. Баяндаудың тиімділігі басқа да оқыту әдісі— иллюстрация (бастауыш сыныпта), талдау (жоғары сыныптарда) сонымен қатар мұғалімнің адамдар туралы уақыт пен кеңістікке байланысты таңдап алған деректер жайында болуы керек.

**Әңгіменің дамытушылығы.** Сонда яғни, елестету, ес, ойлау, қиялдау, эмоционалды қобалжу сияқты психалық процесстерді белсенділік күйге әкеледі. Оқушылардың тұрақты зейіні, білімділер, қызығушылығың қалыптастыру, **тәрбиелік** нәтижесі болып табылады.

Лекция. Лекцияның ауызша әдістен айырмашылығы оқу материалының логикалық мазмұндалуы, ақпарат ағымының көптігі, берілетін білімнің жүйелік ерекшелігімен айқындалады.

Мектепте өтілетін лекция: күрделі жүйені, құбылысты, объектіні, құбылыстардың өзара байланысын себеп-салдарды айқындау арқылы жүргізіледі. Лекция жоғарғы сыныптарда өтіледі, өйткені олардың лекциядағы теориялық материалдарды қабылдау және ойлау қабілеттері жеткілікті деңгейде қалыптасқан, лекция бір немесе біріктірілген сабақтарда жүргізіледі.. Лекциялық әдіс түсіндіру мен әңгімеден басталып күрделене түседі.

Лекцияны оқыту аспектісі оқушылардың көркемді оқу материалдарын тұтас қабылдап меңгеруі және аяқталғандығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Лекцияны дамытушылық тиімділігі оқушылардың логикалық ойлау, диалектикалы ойлау тәсілдерін, мұғалім ойының нақтыда абстрактілі ойлау ағымынына білу болып табылады.

Лекцияның тәрбиелік мәні тұрақты еркін зейінін, конспектілеу дағдысын қалыптастыру болып табылады.

286

Кітаппен жұмыс. Мектепте кітаппен жұмыс істеу - өзіндік білім алуды негізгі әдістерінің бірі. Бұл әдістің мәнділігі оқушының оқу ақпаратын өз ыңғайына, жағдайына қарай қайталап қарап, танымын өз шешімімен шектелуінде.

Оқулық кітаптар оқу іс-әрекетін атқарады: білім алу, дамытушылық, тәрбие, ойлау, коррекциялық - бақылау т.б.

Кітаппен өзіндік жұмыста оқып шығу, жеке тараулармен танысу, жеке сұрақтарға жауап іздеу, кітапты немесе мәтіндерді рефераттау, мысалдар мен есептерді шешу, бақылау тесттерін орындап, материалдарды есте қалдыру мақсатында жаттау жұмыстарын орындау жатады.

Әдістің сапасы еркін, жылдам оқып, ойдан өткізіп, түсіну, қарастырылатын мәселелеріге әдебиеттер таңдай білуінде.

Берілген біліктердің бәрі оқушының мектепке келген күнінен бастап білім алу мақсатын біртіндеп қалыптастырады.

Бағдарламадағы оқу кітаптары сапасымен ерекшеленеді. Оқушылар жұмыс жүргізу барысында берілген тапсырманы орындауға керекті ықпалды іс-әрекет қарастырып, дұрыс орындалғандығы туралы мағлұмат алады.

Жаңа оқу кітаптары қорытынды кестелерді, диаграммада, графиктерде, көрнекті модельдерде, классификацияларда, коммуникативті түрде жинақталған материалдарда берілген. Демек мұғалімдерге берілген ақпараттарды талдауға көңіл бөліп, оқушылардың білім білігін қалыптастыру керек.

Кітаппен оқу жұмысын жасауда оқушылардың өзіндік бақылау білігін қалыптастыруға көп көңіл бөлген жөн. Оқушы кітаптағы мәтінді қанша рет оқып шыққанын санамау керек, оның оқығанын мазмұндап, толық түсіндіріп бере білу біліктілігін меңгергенін бақылауы керек. Бұл үшін уақыттың көбін

берілген материалдарды оқуға емес, оны есте жақсы сақтап, белсенді түрде қайталап айтып бере алатын әдетті қалыптастырғаны жөн.

**Әңгіме.** Әңгіме мәні бағытты мақсатта және біліктілікте қойылған сұрақтар арқылы оқушылардың алған білімдерін естеріне түсіріп, жаңа білімді игертілуін, өздігінен ойластырып және қорытындылау жолдарын жандандырады. Әңгіме кезінде оқушының ойы мұғалімнің ойын қайталау болып отырады, нәтижесінде оқушы адымдап жаңа білімді игереді. Әңгіме ойлауды белсендіреді, білімді, білікті игертудің диагностикалық құралы

287 болып, оқушылардың танымдық қабілетін дамытуға бағыттайды, таным процесін оперативті басқаруға жағдай туғызады. Әңгіме сонымен қатар тәрбие міндеттерін де шешеді. Әңгіме баяндамамен, лекциямен, білімді жүйелі қалыптастыратын басқа да әдістермен қатар қолданылу керек. Әңгіменің оқушыларға керекті білімі мен дағдысын, жаттығуларды өткізуге, оларды қалыптастыруға мүмкіндік бере алмайтындығын ескерген жөн.

Мақсатына қарай әңгімені бірнеше түрге бөлуге болады: кіріспе әңгіме немесе ұйымдастыру; жаңа білім беру (сократтық, эвристикалық т.б.); синтездеуші немесе бекіту; коррекциялық-бақылау.

Кіріспе әңгіме оқыту жұмысының басында өтіледі, мақсаты оқушыларға берілетін жұмыстың мәні мен оның өтілуін дұрыс түсіндіргенін анықтау.

Кіріспе әңгіме саяхат, лабораториялық және практикалық сабақ алдында өтіледі. Жаңа материалды оқушыға игертуде кіріспе әңгіменің мәні ерекпіе.

Жаңа білім игертуде **катехизикалық** (сұрақ-жауап, қарсы шықпау, жауаптарды есте сақтау), **Сократтық** (ыңғайлы, оқушының ыңғайына қарай, қысқа тұжырымды пікір білдіру), **эвристикалық** (оқушыға талап жүктеп, мұғалімнің берген сұрағына нақты жауап алу) әңгімелер қолданылады. Бүгінде мектептерде эвристикалық әңгіме көбірек орын алуда. Жаңалық ашуда оқушылардың, ойлау қабілетін жандандыратын дүние -мұғалімнің білікті сұрақ қоя білуінде. Сократтық әңгіменің шебері философ Сократ болған. Ол еш уақытта дайын жауап бермеген. Сократтың мақсаты білімнің өзі емес, адамдардың білім алуға деген ықыласын ояту, білімге ынтықтыру болған. Сократтың әңгімесі -әңгімелесушіге сұрақтар қою арқылы білгендері мен білмегендерінің шекарасын ажырата білу, сол арқылы ақылды, керемет, ойлы әлем ашуға жетелейтін ауызша диалог әдісі. Сондықтан да эвристикалық әңгімеде оқушылар өздігінше ойлап, өз танымы бойынша білімді игеретіндігі байқалады.

**Герменевтикалық әңгіме** - түсіндіру, ынтықтыру өнері. Герменевтика - негізгі мәселесі философияға бағытталған, түсінік мәселесі. Бұл әңгімеде оқушылар өздіктерінен оқу құралдарын, кітаптарды, картинкаларды,

288 моделдерді қолдана алады. Герменевтикалық әңгіме әдісіне түсіндіріп оқу жатады.

Синтездеуші немесе бекітуші әңгіме оқушылардың білімін жүйелеп және қорытындылауда қолданылады.

Коррекциялық бақылау-әңгіме диагностикалық мақсатта және оқушының білімін жетілдіріп, нақтылап, дамытуда пайдаланады.

Әңгіме барысында, барлық оқушылардың белсенділікпен қатысып, сұрақты зер салып тындауы, сұраққа дұрыс жауап іздеуі, өзінің достарының жауаптарын талдауы, өзінің көзқарасын айта білуі қадағаланады. Дұрыс жауаптарды мадақтау, қатені түзеу, толық емес жауаптарды толықтыру, оқытушылардың жіберген қатесін өздері табуына, бір-біріне сұрақ қоюына жол сілтенеді. Әңгіменің танымдық нәтижесі оқушылардың білімінің мықты меңгерілуімен, өміршеңдігімен айқындалады. Әңгіменің дамытушылық тиімділігі ақыл-ойды үйлестіріп, тез және анық ойлай білуді қалыптастыруда, талдай және қорытындылай білуде, сұрақтарды дәл қойып, қысқаша ойлай алуында жатыр. Әңгіменің тәрбиелік мақсаты оқушының өз бетімен әрекет жасай білу қасиетін оятады, өз-өзіне сенімділік қасиетін жинақтауға көмектеседі, қарым-қатынас жасай білу мүмкіндігін қалыптастырады.

### **Көрнекілік әдістер.**

Бақылау оқыту әдісі ретінде сезімдік танымының белсенді формасы болып табылады. Бұл әдісті қолдану жан-жақты дайындықты қажет етеді; бақылаудың сызба - нұсқасын өңдеу; оқушыларды бақылау нәтижелерін өңдей білуге және оны тікелей білу тәсілдеріне үйрету. Бұл әдістің олардың өзіндік жұмыс істей білу дағдыларына көмектеседі, танымдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік мәні зор.

Демонстрация. Оқушылардың сезіміне көрнекілікті құбылыстарды, процесстерді, объектілерді елестетіп, олардың сапасына әсер етеді. Берілген әдіс пен игерілетін құбылыстың динамикасын ашып көрсетуде, заттарды сыртқы пішінімен таныстырғанда кеңінен қолданылады және бір түрлі заттардың ішкі құрылысы немесе орналасқан әсерін қарастырады.

Берілген әдіс оқушылардың заттар, құбылыстар мен процесстердің, керекті өлшемдерін жасап, өзара байланысын, танымдық белсенділігін іске

289 асырып заттардың құбылысы мен мәнін, сапасын анықтайды.

Нақты жағдайда заттарды, құбылыстарды түсіндіруде демонстрациялау дидактикалық тұрғыдан құнды болып табылады. Егер де бұндай демонстрация өткізуге мүмкіндік болмаса, онда табиғи заттарды көлемді моделдеу арқылы танып білу негізгі роль атқарады. Олар заттардың құрылысын көру арқылы, двигательдің ішкі күйі, геометриялық фигуралардың өлшемдері, жергілікті жердің рельефі т.б. игеруге көмектеседі. Көптеген жаңа модельдер заттардың технологиялық және техникалық ерекшелігін анықтап түсінуді қамтамасыз етеді.

Демонстрация әдіс сапасын көтеруге, объектіні дұрыс таңдап алып, демонстрацияланатын заттың, құбылыстың мәнді жақтарына оқушылардың көңілін аударуға, сонымен қатар түрлі әдістерді педагогтың біліктілігіне қарай пайдалана білу үшін қолданылады.

Бейне әдістері. Демонстрация әдісі иллюстрация әдісімен тығыз байланысты; заттарды көрсетіп және қабылдау, плакаттардың көмегімен символдар түрінде, олардың процесстегі құбылыстарын, карта, портреттер,

фотографиялар, суреттер, схемалар, репродукциялар, жалпы модельдер және т.б. кеңінен қолданады. Көрнекілік іс-тәжірибеде кеңейіп, небір жаңа құралдарды өмірге келтіріп жатыр. Түрлі бояулы пластикалық қапталған тарихтан карталар, альбомдар, атластар т.б.

Жалпы модельдер арқылы құбылыстар мен процестердің динамикалық және статистикалық ақ түсті және түрлі-түсті мәнін ашып көрсетеді. Олар анықтамаларды түсіндіру процесін жеңілдетеді. Географиялық карта, диаграмма, графиктер, таблицалар білімді тез сапалы игеруге көмектеседі.

Иллюстрация әдісін қолдана отырып, оның көрсетілу әдісіне көп мән беру керек. Көрнекті құралдың дидактикалық ерекшелігін, оның танымдық процестегі ролі мен орнын ойластырып алу керек. Мұғалімнің алдына қойған мәселесі - иллюстрациялық материалдың оптималды көлемін анықтап алу. Иллюстрация алдын-ала дайындалады. Берілетін фотография, диаграммалар, таблицалар мақсатты түрде қолданылады. Қазіргі мектептерде иллюстрацияны пайдалану үшін экранды техникалық құралдар кеңінен қолданылуда.

290

Бейне әдіс білімді игертіп қана қоймайы, оны бақылауда, бекітуде, қайталауда, қортындылауда, жүйелеуде және барлық дидактикалық қызметті кеңінен атқарады.

Берілген әдіс ақпаратты көрнекілікте қабылдауға негізделген, индуктивті түрде, жеке дедуктивтік жолдармен білімді игеру, оқушылардың түрлі деңгейдегі танымдылық және өздік жұмыс жүргізу белсенділігі, таным процесін басқарудың түрлі тәсілін қолдануды қарастырады.

Мына әдістен гөрі кешенді дидактикалық технологиясы берілген. Оқыту процесінде әдісті пайдалану, оқушыларға толық оқытылатын құбылыстардың көрнекілік ролін көрсету, сұраныстарын қанағаттандыру, оқушылардың қызығушылығы мен қажетін, мұғалімдердің еңбегін жеңілдету, босаған уақыт білімді бақылайтын және коррекциялайтын, дәптер тексеруді т.б. қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кері байланыс жұмысын; толық және жүйелі түрде бақылауды ұйымдастыру, үлгерімді объективті есепке алуды ұйымдастырады.

Бейне әдіс дидактикалық және тәрбие міндеттерін шешеді. Бұл әдіс:

- жаңа білім беруде, күрделі бағытталатын өте баяу процестерді (өсімдікті өсіру, сұйық заттың диффузиясы, заттың кристалдануы, тау жыныстарының қыртысын), яғни құбылыстардың мәліметін ашып көрсете алмаудағы жылдам процестерді бақылау,

- күрделі машина мен механизмдердің ықпалын динамикалық принципте түсіндіру;

- түрлі іс- әрекет түрлерін алгоритімде орындалуын оқыту;

- шет тіл сабақтарында арнайы орта құру;

- тарих, этика, қоғамтану, әдебиет сабақтарында өмір мен білім байланысын бекіту, сабақтарда бейне құжатты қолдану; - тест өткізуді ұйымдастыру;

- алдын - ала жұмыстар, жаттығулар, модельдеу, қажетті өлшемді жасау;

-жаттықтыру және зерттеу жұмыстарын өткізуге жағдай туғызу;  
-сыныптағы әр оқушының үлгерімін, білім берудің дифференциялық жағын ұйымдастыруды компьютерлік есепке алу;

291

-оқыту процесін рационализациялау, педагогикалық басқару сапасын көтеру жолдарында ғылыми ақпаратты игеру және оны оптималды жеткізу көлемін қамтамасыз етеді.

Берілген әдістің сапасы видео мен техникалық құралдарды қолданумен тікелей байланысты. Видео оқыту әдісін ұйымдастыруға қатаң талаптар қояды, олар нақтылығымен, қарастырылып таңдалуымен, мақсаттығымен ерекшеленеді. Мұғалім оқытылатын мәселе төңірегінде оқушыларды кірістіре алудағы біліктілігін, олардың іс-әрекетін бағыттай отырып, жалпы қорытындылар жасап, өзіндік жұмыс процесінде жеке дара көмек көрсету керек.

### **Машықтық әдістер.**

Жаттығу. Жаттығу - ол оқыту әдісі, жоспарда ұйымдастырылған бірнеше рет қайталанатын іс-әрекет, білік пен дағдыны игеруде және олардың сапасын көтеру мақсатында орындалады.

Кәдімгі жағдайда жаттығулар түсіндірілген, арнайы, еркін болып бөлінеді.

Арнайы жаттығулар - бірнеше рет қайталанатын, оқыту және еңбек біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығу. Егер арнаулы жаттығуларды бұрын-соңды қолдануға өндірісе, онда олар еркін жаттығулар деп аталады.

Еркін жаттығулар ертеде қалыптастырылған дағдыларды қайталау мен бекітуде қолданылады. Еркін жаттығусыз дағды ұмытылады. Түсіндірілген жаттығулар оқытуды белсендендіруге, оқу тапсырмаларын орындауға бағытталған. Бұл жаттығулардың мәнділігі мұғалім мен оқушылардың орындалатын іс-әрекеті негізінде материалдар жақсы қабылданады.

Ауызша жаттығулар тіл мәдениетін дамытуда және логикалық ойлауда, оқушылардың танымдық жағдайларында кеңінен қолданылады. Ауызша жаттығулар оқу мәдениеті техникасын игеруде, ауызша санауда, әңгімелеуде, білімді логикалық түрде мазмұндауда, тіл, әсіресе шет тілдерін игертуде үлкен роль атқарады. Ауызша жаттығу оқушылардың даму деңгейі мен жас ерекшеліктеріне байланысты күрделеніп отырады. Жазба жаттығулар

292

графикалық жаттығулар мен математика, физика, сызу, география, сурет, сонымен қатар өнеркәсіптік білім беруде қатар жүреді.

Лабораториялық - практикалық жаттығулар еңбек құралдарын игеру дағдыларына, лабораториялық (приборлар, өлшеу аппаратурасы), конструкторлық-техникалық білігін дамытуға бағытталған. Өндірістік-еңбек жаттығулары, ол оқыту немесе өндірісті: ерекшеліктегі жүйеде арнайы дайындалған еңбек іс-әрекеті. Олар жәй және күрделі болып бөлінеді. Жәй жаттығулар олар жеке еңбек тәсілдерін орындау, ал күрделі жаттығуда өндірістік істерін немесе олардың бөліктері (станокты қосу, деталдарды) жасауда қолданылады.

Лабораториялық әдіс. Жұмыс жасауда білік және дағдыны игертуде, практикалық білігін қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл әдіс өлшеу және есептеу, нәтижесін салыстырып және шығару, зерттеу жұмыстарының жаңа жолдарын іздеу және белгілі жолдармен тексеру үшін өте қолайлы.

Лабораториялық әдіс көрнекілік және басқа да машықтық (практикалық) әдіс қосындыларымен жүзеге асырылады. Сондықтан да жаттығу мен демонстрацияға қандай талаптар қойылса, оған да дәл сондай талаптар қойылады.

Проблемалы лабораториялық (зерттеу) әдіс. Зерттеушілік болжамды іздестіру, оны дәлелдеу жолдарын көрсету, керекті материалдар мен құралдарды оқушылардың өздерінің таңдай білуіне жол көрсетуімен ерекшеленеді. Лабораториялық әдіс күрделі, ол сондай-ақ арнайы, қымбат құрал-жабдықтарды және мұғалім мен оқушының тыңғылықты дайындығын талап етеді.

Оқу-лабораториялық эксперимент оқу лабораториясында бұрын ғылымда белгілі болған нақты процестер мен шешімдерді мұғалім мен оқушының өзара бірлескен әрекеті арқылы еске түсіруі болып табылады. Осы арқылы алынған білімді есте жақсы бекіту, табиғатта және өндірісте болып жатқан білім-білік дағдылары, осы білім-білік дағдыларына байланысты олардың нәтижесі мен қалыптасуы жүзеге асырылады. Лабораториялық жұмыстың оқыту-дамытушылық тиімділігі - оқушылардың өздерінің шығармашылық күштерін белсенді түрде жұмылдыра көрсетуінен байқалады. Әдістің тәрбиелік маңызы оқушылардың өзіндік танымдық белсенділігін табуында жатыр.

293

#### Машықтық әдіс.

Машықтық жұмыстар бес кезеңге бөлінеді. Бұнда оқушылардың танымдық іс-әрекеті тәжірибе сабақтарында тексеріледі.

- а) мұғалімнің түсіндіруі, жұмысты теориялы кезеңдермен үйрету;
- э) көрсету (инструктаж);
- б) жұмысты жасап көру (екі-үш оқушының жұмыс жасауы, егер қате жіберілсе қалған оқушылар бақылау жасап, мұғаліммен бірге қатесін түзеуі);
- в) жұмысты әркімнің өзі орындауы;
- г) бақылау, оқушылардың жұмысы тексеріліп, бағаланады. Орындалу сапасы ескертіледі, уақытты, материалдарды үнемдеуі, жұмысты дұрыс және жылдам жасауы (Е.Я. Голант) бақыланады.

Машықтық әдіс басқаларға қарағанда оқушыларды тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйретеді, олардың бойында үнемді, шаруаға бейім сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады. Оқушылардың еңбекке деген ықыласын, жан-жақты дағдыларын қалыптастырады. Орындалатын жұмыстың мақсатын, міндеттерін талдау және оның шешімін табу, жұмыстың жоспары және кестесін құру, материалдар мен инструменттерді дайындау, жұмыстың сапасын бақылау, қорытындыны талдау кіреді.

Өзіндік оқу жұмыстары. Өзіндік оқу жұмысы - бұл оқушының



бүкіл құрылымдық компоненттерінде, яғни мәселе қоюдан бастап, бақылау жасауға дейін өзін-өзі басқару және түзету орнатуға дейінгі белгілі бір дәрежедегі дербестік болып табылады. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруға нұсқау:

- оқушының берілген есептің айқындылығы мен маңыздылығын түсіну арқылы тапсырмаға даған қызығушылығы болуы керек;
- мұғалімнің алдын-ала өзіндік жұмысқа керек материалды дайындап алуы;
- тапсырманың қиындығы, оны бүкіл оқушылардың шешу мүмкіндігіне байланысты болуы;
- жеке топтардың дайындығы мен табыстылығына байланысты дифференциалданған материал берген дұрыс;
- жұмыс тексерілген, қателері түзетілген, нәтижесі бағаланған болуы шарт.

294

Өзіндік жұмыстың оқыту нәтижесі баланың материалды жинауынан, оның жеке ойлай білу тәжірибесінен, бағалауынан байқалады. Дамытушылық тиімділігі шектен тыс белсенділік пен психикалық күшті қайтаруымен қамтамасыз етіледі. Адамгершілік, шыдамдылық, жауапкершілік сияқты ізгілік тәрбиесі қалыптасады.

Танымдық ойындар. Танымдық (дидактикалық) ойындар -оқушылардың өздері шешімін табатын, модельдейтін, арнайы ситуациялар құратын ойындар. Негізгі мәні - танымдық қызметті стимуляциялау. Оқушылар ойынға белсенді түрде қатысады. Ойындарға тоқталатын болсақ: математикалық, лингвистикалық ойындар, саяхат-ойыны, электронды викторина түрінде, тақырыптық жинақтармен ойындар, "Конструктор", "Шеберлер", "Жас маман" т.б.

Кейінгі кезде стимуляцияланатын ойындарға түрлі әдістерді, идеяны күрделендірулер енгізілді. Осындай күрделенген ойындар арқылы оқушылар мәселені жан-жақты талқылауға барынша атсалысады . Бұл ойындар іскерлік ойындар деп аталып жүр. Мұндай ойындарға рөлдік ойындар жатады. Нарықтық кезеңге байланысты сабақта «Банк», «Парламент», «Пресс-конференция» деп аталатын ойындар белсенді рөл атқаруда. Бұл ойындарды материалдарды бекіту кезінде пайдалануға болады.

Ситуациялық әдіс - нақты жағдайдағы алынған мақсатты шешу жолында белгілі басқа әдістердің ешқайсысы тез және тиімді шешу мүмкіндігін бере алмаған кезде қолданылатын аралас әдістердің жиынтығы. Сондықтан да бұл әдіс шығармашылық, қалыптан тыс деп аталады. Сондай-ақ бұл әдісті барлық педагогтар бірдей мойындай бермейді. Берілген әдісті таңдау және қолдану кезінде басты рөлді ситуация (жағдай) атқарады. Бұл әдіс белгіленген мақсатқа жету үшін жағдайдан тыс шешімдерді қабылдауға, дәстүрден тыс жолдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Педагог бұл шешімдерден туындайтын ойластырылған себеп-салдарды алдын-ала көре білуі қажет. Берілген әдіс педагогтың өзіндік шығармасы, шығармашылық қолтаңбасы,

педагогикалық үрдіске сүйенген өзіндік көзқарасы мен түсінігі болып табылады.

Инсценизация әдісін түрлі формада, мысалы, алдынала дайындалған диалог, нақты тақырыпқа арналған дискуссия, театрланған көрініс формасына пайдалануға болады.

295

Генерациялау әдісінде ("идея әдісі") ми қызметі арқылы (мозговая атака) қатысушылар қиын мәселеге көңіл аударып, өздерінің идеяларын айтып, оның шешілу жолын қарастырады. Мұны америкалық психолог А.Осборн ұсынған Бұл әдісте (мозговая атака) 5-6 адамнан құрылған топ әрекет жасайды. Бұл топтағылар емін-еркін, ештеңеден, ешкімнен қысылып-қымтырылмайтын, сын және өзара сынды қабылдай білетін, ең бір күтпеген ойдың өзі бақылауға алынатын, топтық эксперт жүргізетін адамдар болуы керек. Әрбір қатысушының өзіне тән көшбасшылық, жаңашылдық, кертартпалық, суретшілдік сияқты айқын, анықтағыш міндеті болады. Бұл әдіс тек қана идеяны бірлесіп талқылау мәдениетіне үйретпейді, ол сондай-ақ адамның шығармашылық потенциалын ашуға жәрдемін тигізіп, ойлау үлгісі мен стереотипін жеңуге үйретеді.

Топтық генерация идеясы әдісінің қолданылуына 1950 жылдардың соңы мен 1960 ж. басында америкалық психолог У.Гордонның талқылауымен ұсынылған қатысушының ауыспалы (метафоралы) сезімді-бейнелі ойлауына тұтастай бағытталған ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет пен оқу зерттеушілік әдісі синектика негіз болды. Синектика жұмысын ұйымдастыруға келесі кезеңдер кіреді: 1) Мәселенің алғашқы қойылымы. 2) Мәселеге анализ жасау және қажетті хабарларды хабарлау. 3) Мәселені шешу мүмкіндігін түсіндіру. 4) Әрбір оқушының өз түсінігінде мәселені қалыптастыру. 5) Қалыптасқан мәселелердің ішіндегі біреуін бірлесе отырып талдау. 6) Бейнелі ұқсастықтың қозғалысы - синектика үшін шешуші кезең. 7) «Қиыстыру» мәселеге талап қоюда белгілі топтың дайын шешімі. Бірлескен жұмыс кезіндегі эксперттің рөлін мұғалім не дайындалған оқушы орындайды және олардан психо-педагогтік қайтарым талап етіледі.

Дискуссиялық оқыту. Бұл әдіс батыс елдерінің оқу орындарында кейбір міндеттерді шешуде басқа әдістерге қарағанда жақсы нәтижесін көрсеткен.

Әдістің мәні нақты мәселені шешуде көзқарастар мен пікір алмасуда тиімді. Дискуссия көмегімен оқушылар жаңа білімді игеріп, өздерінің пікірін бекітіп, көз қарасын дәлелдеп шығуға көмектеседі. Оқыту дискуссиясының негізгі атқаратын қызметі танымдық қызығушылықты арттырады; қосымша қызметі оқыту, дамыту, тәрбиелеу және коррекциялы-бақылау.

296

Оқушылардың алдын ала немесе нақты мазмұнда және формаларды дайындығынан бұрын, лекцияның сапалығы басты роль атқарады. Басталатын дискуссияның тақырыбына байланысты білім жинау мазмұнды дайындықты қажет етеді. Білімді баяндау жолдарын анықтауға бағытталады.

Білімсіз өтілген дискуссия мәнсіз, мазмұнсыз және нақты болмай, қарама-қайшылықты және шашыраңқы. Сондықтан алдымен оппоненттерді сендіру керек. Мұғалім оқушылардың ойын дұрыс тұжырымдап, сұрақтар келтіріп, дәлелдер жасай білу білігін дамытуды қамтамасыз етеді.

Дискуссия тек қана гуманитарлық пәндерді тарихты, қоғамтануды этика, эстетиканы, өнерді, психологияны, педогогиканы игеруде ғана емес, сонымен қатар берілген әдіс физика, химия, биология тағы басқа да пәндерді игеруде де нәтижесін көрсетеді. Дискуссия оқушыға танымал материалдардың мазмұнын толықтырып, оны тиянақтап және бекітуге көмектеседі. Мұғалім білімнің жүйесі терең ақпарат алуда, оқушылардың ойлау қабілетіне әсер етіп, әрі қарай дамытуына бағыт береді.

Дискуссия элементтері мектепте екінші бағытта практикаланып, әдіс толық мағынада жоғары мектептерде пайдаланып келеді. Оқушылар дискуссия арқылы өнермен танысады.

### **Оқытудың бақылау және өзіндік бақылау әдісі.**

Оқыту үрдісінің құрылымында оның бағалаушы-шешуші компонентінің маңызы зор. Жыл бойы оқушылардың оқу үлгерімін тексеру мен бағалау оқытудың белгілі кезеңдеріне тығыз байланысты.

Бұл топқа бақылаудың ауызша әдістері - дербес, фронтальді, тығыздалған сауалнамалар жатады. Соңғысы дара жұмыстардың қателіктерін жоюға негізделген. 15-20 минут аралығында кішкене топтың оқушылары тақтаға қысқа жазулар жазумен, карточкамен жұмыс істеумен айналысса, кейбір оқушылар жауап алушы мұғалімнің орнында болуы мүмкін. Нәтижесінде сыныптың жартысы бағаланса, келесі жолы екінші жартысы бағаланады. Ал мұғалім бүкіл осы жұмыстарды үйлестіріп тұрады.

297

Бақылаудың жазбаша әдістеріне әр түрлі өзіндік қорытынды жұмыстар: диктант, мазмұндама, шығарма, реферат, баяндама т.б. жатады.

Оқытушы сабақ ерекшелігіне байланысты көптеген кестелер мен сызбаларды оқу материалын түсіндіру барысында қолданса, мұны білімді тексерудің графикалық әдісі деуге болады. Бақылау кезінде оқушыларға кесте толтыру, сызба және сызу немесе өтілген тақырып бойынша графикалық жұмыс жасау ұсынылады.

**Бағдарламалы оқыту әдісі.** Бағдарламалап оқыту машинасыз немесе машиналық тәсілде ұйымдастырылады. Алғашқы тәсілде оқу материалы программаланған оқулық кітаптарында беріледі, екіншіде дисплей экранға шығарылады. Оқу материалдарын бағдарламалап оқытудың үш жүйесі бар; бір бағытты материал кішкене бөлшектерге бөлінеді (доза), содан кейін біртіндеп игертуге бағытталады. Оқушылар қателескен немесе жауап бере алмаған жағдайда тармақталған бағдарламаларға қосымша түсініктемелер беріледі. Аралас бағдарлама тармақталған комбинацияда құрылған.

Бағдарламалап оқытуда тапсырмалар мен жаттығулардың орындалуы әр түрлі ерекшелікте берілген. Бұндай тапсырмалар оқыту материалдарының әр порциясын игергеннен кейін беріледі. Үш мақсатта тренажды берген білімді қабылдау және бақылау жаттығулар мен тапсырмалардың ұйымдастырылуы

тәсілі машинамен және машинасыз орындалады. Машиналы тәсілде жаттығулар мен бақылау тапсырмалары дисплей экранында орындалады. Оқушылар өздерінің жауаптарының дұрыстығын бірден көреді. Сондықтан да бағдарламалап оқыту тиімді.

Ең кең тараған бақылауды ұйымдастыру әдісі. Бағдарламалап оқытуда ұқсас жауаптардан дұрыс жауапты табу ұсынылады. Қазіргі компьютерлер құрылған жауаптарды өздігінен талдап, ұсыныс түрінде, сөз, формула, түрлі бірлікте өндіре алады.

#### Білімді беруді бақылау.

а) Фронтальды және жеке дара жолдармен сұрақ қойып ауызша бақылау, дұрыс жауап мұғаліммен бірге анықталады.

б) Жазбаша бақылау аз уақыт немесе көп уақыт аралығында орындалып, сонымен қатар кең диагностикалық анықтамасымен ерекшеленеді.

в) Лабораториялық бақылау сабақ барысында пайдаланатын оқушылардың құралдармен жұмыс жасай білу. Бұл іс- тәжірибелер өткізуде, 298

эксперименталды жұмыстың шешімін шығаруда, биологиялық-географиялық және жазба жұмыстарда өтіледі.

г) Машиналы бақылау. Барлық оқыту пәндерін кезеңдер бойынша игеру барысында, бағдарлама жасалынып электронды-есептеу машинасы қолданады.

д) Текстік бақылау машинамен немесе машинасыз өтіледі.

е) Өздік бақылау-жіберілген қателерді өз бетімен тауып алу, дұрыс еместігін, оны жою тәсілдерін іздестіру бірлігін қалыптастырады.

**Оқыту әдісін таңдау.** Әдістер өте көптүрлі және шексіз болып келеді. Осыдан келіп оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыруда әдісті таңдап алу күрделі, индикативты қолданылуда байқалады. Мұғалім оқыту әдісін таңдап алуда басшылықты оқушылардың өздігінен білімді игеру мен оқу практикалық даярлығын қалыптастыруға бағыттаса, оқушы жеке тұлғалық ерекшелігін ашық шығармашылығын дамытатын потенциалды оқу-танымдық ерекше қасиетін, зерттеушілік ізденімпаз іс-әрекетке бағыттайтын, ғылымды берудің спецификалық таным әдістерін таныстыру, жеке дара психологиялық даму ерекшелігін, оның табиғи және әлеуметтік өндірістік ортасын, мектепке арналған оқыту құралдармен жабдықтаудың, кәсіби даярлық деңгейін, өмірлік іс-тәжірибесі мен мұғалімнің шығармашылықтық ерекшелігін, оның әдістемелік және педагогикалық шеберлігін алу керек.

Мұғалімнің таңдап алған әдістері, жұмысындағы дидактикалық шеберлігі оқу танымдық стилімен ерекшеленеді, стандартты емес оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырудан жеке дара және инновациялық-шығармашылық танымдылығын, қоғамдағы жаңаша белсенді өзгерістерге гуманистік және демократиялық көзқарасын жетілдіретіндігін байқатады. Мұғалімнің оқыту әдістері басқа да дидактикалық қызығушылығы, оларға оқыту формасы мен принциптерге оқушының білім алуға деген қызығушылығы, оқу тақырыбының көлемінің күрделілігіне, техникалық оқу құралдары мен

жабдықтануы, сынып оқушыларының саны мен олардың дене тәрбиесі, психикалық және интеллектуалды денсаулығының деңгейі, оқу сабақтарының құрылымы, өзара қарым-қатынас ерекшелігі, мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби жеке басының даярлығы, сонымен қатар басқада өлшемдер, 299

көрсеткіштер, талаптармен қоса жаңаша технология, оқу танымдылық іс-әрекетте қызмет ету және оқушының жеке тұлғасының шығармашылықта дамуына байланысты.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1. Қазіргі дидактика «оқыту әдісіне» қандай анықтама береді.
2. Оқыту тәсілдері деген не?
3. Оқыту әдісінің негізделген классификациясын көрсет?
4. Әрбір оқыту әдісі қандай белгілермен сипатталады?
5. Оқыту әдісінің тарихи сипаты неге негізделеді?
6. Барлық оқыту әдістері қандай жалпы функциялар атқарады?
7. Мұғалім мен оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінде оқыту әдісін қолданды механизмін айтыңыз?
8. Оқу танымдық іс-әрекетті қызықтыру мен ынталандырудан әдістің ерекшелігі неде?
9. Оқу-танымдық іс-әрекетін тиімділігін арттырудағы бақылау мен өзін-өзі бақылауға сипаттама бер?
10. Мұғалім тиімді оқыту әдісін таңдауды қалай іске асырылады?

### **Әдебиеттер**

1. Дидактика средней школы/Под.ред. М.М. Данилова., М.Н.Скаткина, М.1975.Гл.5
  2. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. М., 1976
  3. Махмутов М.И Проблемное обучение. М., 1975
  4. Паламарчук В,Ф Школа учить мыслить. М., 1986
  5. Пуйман С.А. Педагогика. Основные положения курса. Мн., 2002
  6. Сорокин Н.А. Дидактика, 1974 Гл.6
  7. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. М.,1975
- 300

### **Өзіндік бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар**

1. Мұғалімнің нақты бір сабақта оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда әр түрлі оқыту әдістерін таңдауын жазбаша түрде дәлелдеңіз.
2. Мұғалімнің күнделікті оқу жұмысында сөздік, көрнекілік, практикалық, индуктивтік, дедуктивтік және проблемалық- ізденіс сияқты оқыту әдістері қалай жеке неге үйлесетіндігін дәлелде.
3. Мұғалімнің күнделікті оқу жұмысында ұтымды әдістерді пайдалануын негіздеңіз.
4. Оқыту әдістеріне әр түрлі жіктемесіне салыстырмалы баға беріңіз.
5. Дамыған шет елдердегі орта мектепте қолданатын әдістерінің схемасын келтіріңіз.
6. Нақты бір тақырыпқа сәйкес оқыту әдісіне мысал келтіріңіз.

7. Оқушылардың танымдық мүмкіншілігіне қарай видеоматериал арқылы мұғалімнің шығармашылық ізденімпаздығының ерекшелігін көрсетіңіз.

### **Реферат тақырыптары**

1. Оқыту әдістерін іріктеу мұғалімнің педагогикалық шеберлігімен негізделеді.

2. Дарынды балаларды оқытудың проблемасы.

3. Үлгермеушіліктің жолын болдырмау.

4. Тәрбиесі кем балалардың диагностикасы және оқуда оларға көмектесу шаралары.

5. Оқушыларды сабақта артта қалдырмаудың психо-педагогикалық бағыттары.

6. Сабақта мұғалімнің оқыту іс-әрекеті және оқушылардың белсенді танымдық жұмысы.

7. Оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарына педагогикалық басшылық.

8. Мұғалімнің оқыту әдістерін шығармашылық түрде таңдауы.

301

### **2.13. Оқушылардың ұжымдық- танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру**

**Мақсаты:** жеке тұлғаны дамыту үшін педагогикалық процеске қатысушыларды өзара әрекеттестірудің маңызды құралы ретінде ұжымдық-танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың қажеттілігін негіздеу.

#### **Міндеттері:**

а) жеке тұлғаның дамуындағы қарама-қайшылықтардың және оларды шешетін механизмдердің рөлін қорғаушы күш ретінде көрсету.

ә) ұжымдық - танымдық іс-әрекеттің мәнін ашу.

б) ұжымдық-танымдық іс-әрекеттердің элементтеріне жұмыстың негізгі түрлеріне сипаттама беру.

#### **Жоспар:**

1. Оқушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекеттер жөнінде түсінік.

2. Оқушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекеттерінің тәрбиелік мүмкіндіктері.

3. Оқу белсенді топтарының жұмысы.

4. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру.

**Негізгі ұғымдар:** даму, қарама-қайшылық, дамытудың қозғаушы күштері, біріккен іс-әрекет, ұжымдық танымдық іс-әрекет, ынтымақтастық, жұптар, топтық жұмыс, кеңес беруші, ассистент, қоғамдық байқау.

**Пәнаралық байланыстар:** философия, психология, педагогика тарихы, элеуметтану.

**Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер жөнінде түсінік.** Дилатиканың қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі деп аталатын заңына сәйкес кез келген нәрсені, құбылыс, процесс қарама-қарсы, бірін-бірі жоққа шығару және бір мезгілді өзара шарттастық қарым-қатынаста болатын жақтардың бірлігі болып табылады. Белгілі бір құбылысты, нәрсені дамыту процесінде соңында күрес арқылы шешілетін қарама-қайшылықтардың күшеюіне әкеп

соғатын қарама-қарсылықтардың арасында сәйкессіз элементтер пайда болады. Олай болса, дамытудың қозғаушы күші де, қозғалыс көзі де қарама-қайшылық.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеті адамдық танымның әртүрлілігі және оқыту процесінің қарама-қайшылықтарымен байланыста болатын өзінің жеке қарама-қайшылықтарымен сипатталады. Тәжірибелі мұғалімдер оқу процесінде қарама-қайшылықтарды таза интуитивті түрде туғызады. Олар

302 бұл қарамақайшылықтарды оқушыларға білімді меңгерту барысындағы қиыншылық ретінде қабылдайды. Белгілі дидакт М.А.Данилов оқу процесінде объективті түрде пайда болатын және оның басты қозғаушы күші болып табылатын жетекші қарама-қайшылықты алғашқылардың бірі болып анықтады. Бұл оқыту барысында алға қойылатын оқу және практикалық міндеттері мен білім, білік және ақыл-ой дамуының деңгейінің арасындағы қарама-қайшылық. Сонымен бірге, ол қарама-қайшылықтың, қозғаушы күштің қалыптасуының шешуші шарты болып оқушының өзінің санасында ішкі сипатқа ие болатын және оған қиыншылық ретінде танылатын қарама-қайшылықтың қалыптасуы болып табылады.

Осы көрсетілген қарама-қайшылықты шешудің мәні әрбір балаға қоршаған ортаны танып-білуіне, өзінің тұлғалық ресурстарын іске асыруына, өзін-өзі танытуына көмектесуде. Сондықтан мұғалім оқушыны оқу барысында туындаған қиыншылықтарды, кедергілерді жоюға саналы түрде ұмтылдыра отырып осы қарама-қайшылықтарды шешудің сәйкес тәсілдерін айқындауда және оларды қолдана білуде жетекші рөл атқарады.

Басқа да әлеуметтік қауымдастықтар жүйесіне оқушылардың араласуы, олармен әрекеттесуі, дербестенуі оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырылады. Микрожүйе ретінде оқушы өзінің қалыптасуында өзіндік дамуының қарама-қайшылықтарына кездесіп отырады. Алайда, өзінің ішкі дүниесінде қандай да қарама-қайшылық өз шешімін табуы мүмкін емес (Э.В.Ильенков). Қарама-қайшылық "оқушы (адам)" жүйесінде пайда болып "адам-адам" жүйесінде, яғни педагогикалық процеске қатысушылардың өзара әрекеттесуі арқылы шешіледі. Оқу-тәрбие процесі жағдайында оның негізгі қарама-қайшылықтарын оқушыларды оқу-танымдық біліктерге үйрету арқылы шешу қиыншылықтарды, кедергілерді жою үшін оқушыларға мұғалім көмегі мен құрбылармен қарым-қатынас жасау қажет болғандықтан мұғалімнің өз оқушыларымен, ал оқушылар бір-бірімен ынтымақтастықта болуын талап етеді. Сонымен бірге оқушының өзін-өзі бағалау мен басқа да тұлғалық қасиеттерінің тиімді қалыптасуы және оның толыққанды дамуы үшін мұндай өзара әрекеттестік өте қажет. Осылайша іс-әрекет пен танымның субъекті болып табылатын микрожүйе ретінде тұлғаның дамуының қарама-қайшылықтарын шешу қажеттігі оқу процесін оған қатысушылардың қарым-қатынас, өзара әрекеттестігі және ынтымақтастығы ретінде ұйымдастыруды қажет етеді.

Оқу процесінің субъекттерінің қарым-қатынасы мен өзара әрекеттестігінің феномені педагогикалық әдебиеттерде және мектеп тәжірибесінде ұжымдық танымдық іс-әрекет ретінде түсіндіріледі.

303

Бұл мәселелердің теориялық әдіс-тәсілдері Н.К.Крупская еңбектерінде қарастырылған. Ал педагогикалық процестің оқудан тыс бөлігі жағдайында оқушылармен ұжымдық жұмыс жүргізу әдістемесін Н.К.Крупская, П.П.Блонский, А.С.Макаренко жасаған.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде ұжымдық жұмыс ұғымын көп жағдайда фронтальды жұмыс ұғымымен қатар қояды. Көбінесе оқушылардың жаңа оқу материалдарына деген белсенді танымдық қатынастарын және соның негізінде пайда болатын оқушылар арасындағы жақын қарым-қатынас, жалпы үлгерім бойынша жүргізілетін жұмыстар, интеллектуалдық құндылықтармен алмасу мүмкіндіктері, салыстырулар, жасалатын қарым-қатынастың зерделенетін объектілері тұрғысындағы әртүрлі қимыл бірлігі сияқты белгілері бар жұмыстарды ұжымдық жұмыстарға жатқызады. Жалпы ұжымдық танымдық іс-әрекеттердің мәні мұғалімнің жетекшілігімен оқу процесін ынтымақтастықпен, қарым-қатынаспен байытуда.

Ұжымдық танымдық іс-әрекет - әлеуметтік тәжірибені игерудегі, өз мүмкіндіктерін жүзеге асырудағы, өзіндік танымдық қажеттіліктерін іске асырудағы қиындықтарды жеңе отырып тәжірибе жинақтау, бірлесе еңбек ету, қарым-қатынас жасау біліктеріне ие болу сияқты субъект позицияларыш қалыптастыру мүмкіндігімен әрбір оқушыны қамтамасыз ететіндей мұғалім ұйымдастырған білімдік диалогтың барысындағы оқушылардың біріккен іс-әрекеті.

**Ұжымдық танымдық іс-әрекеттің тәрбиелік мүмкіндігі,**  
Оқушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекеттерінің оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға жетелейтін оқу процесінің қарама-қайшылықтарын шешу үшін мүмкіндіктері мол. Бұл жөнінде Т.Е.Конникованың және оның шәкірттерінің мектептерде жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде көрініс тапқан. Бұл зерттеулер сабақ барысында оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға көмектесетін ұжымдық танымдық іс-әрекеттердің мол мүмкіндіктерін көрсетіп берді. Ұжымдық іс-әрекеттер барысында оқушыларда меңгертілетін материалдардың көлемі артып, оларды терең түсінулеріне мүмкіндік жасалады. А.Синицкая зерттеулері жасөспірім балалармен жүргізілетін біріккен жұмыстардың сапасы жеке жүргізілетін жұмыстарға қарағанда жоғары, яғни сабақтарда әдеттегідей жеке жүргізілетін жұмыстар барысында оқу материалының 60-70%-і, ал оқушылардың өзара әрекеттесуі арқылы 89 %-і меңгертіледі. Сапалы ұйымдастырылған ұжымдық оқу іс-әрекеті өз бетінше ойлауды дамыту үшін барынша қолайлы жағдай жасайды. Мұндай тұжырымды Л.А.Ростовецкая өзі жүргізген эксперименттік жұмыстарының нәтижесінде жасаған. Зерттеушілер ұжымдық оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың

304



мүмкіндіктерін іске асырудың жоғары сатысы бірін-бірі оқыту екендігін айқындады, өйткені ол оқушыларға оқу барысында белсенділік және ізденімпаздық танытуға мүмкіндік туғызады.

Сонымен бірге жеке, фронтальды оқытуға қарағанда оқушылардың есептер шығару, жаттығулар орындау барысында күштерін біріктіруі ұғымдарды, біліктерді және дағдыларды қалыптасыртуға оқу уақыты аз жұмсалады. Қазіргі уақытта кооперация қатынастары мен ойдың интелектуалдық құрылымының мазмұнының арасында ішкі байланыстың бар екендігі дәлелденіп отыр. Оқушылардың өзара әрекеттестігін ұйымдастыру нәтижесінде дәстүрлі оқыту барысында кездесетін кейбір қиыншылықтар азаюда. Бұл сабақ үстінде жұмыс істемейтіндердің, үй тапсырмасын орындамайтындардың азаюымен және керісінше оқушылардың танымдық белсенділіктерінің, шығармашылық ізденімпаздықтарының артуынан байқалады.

Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер белгілі бір дәрежеде оқу материалдарын меңгеруі, оқу барысындағы "осал жерлер" жөнінде оқушыдан кері ақпараттарды жедел алу сияқты өзекті дидактикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік жасайды; оқушының тұлғалық қасиеттерін өз мәнінде дамыту үшін маңызды шарт болып табылатын қарым-қатынастың жетіспеушілігін азайтады.

Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер оқытудың тәрбиелеу жағына тиімділігін арттырады, тұлға аралық қатынастарды қалыптастыруға оң әсер етеді, сыныпта қолайлы жағдай орнатуға және ұжымдық психологияның қалыптасуына көмектеседі. Оқушыларда ұжымдық жұмыстар «барысында жолдастық, достық және ұжымдық сезімдер қалыптасады. Сабақтарда ұжыммен орындалатын жұмыстарды жүргізу адамгершілікті онды қатынастар бойынша тәжірибе жинақтауға мүмкіндік жасап, қоғамдық бағыттылық пен шығармашылық даралаудың бірлігінде оларды қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Оқушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекеттерінің мүмкіндіктері олардың жеке ғана емес ұжымдық жетістіктерге жетуге ұмтылу тұрғысында ұжымдық оқу еңбегінің біліктерін меңгертуде, жаңа құлықтық позицияны құруда байқалады, оқудың құлықтық мағынасын тереңдетеді, оқуға жеген жауапкершілікті қатынасты Қалыптастырады. Бұл оқушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекеттерінің мүмкіндіктерінің ауқымының кеңдігін көрсетеді. Сабақ барысында оқу жұмыстарын осылайша ұйымдастыру оқушыларды бір-бірімен араласуына, жағдай жасайды, оқушылардың оқу еңбектерінің өнімділігін арттырады, ұжымның және ондағы әрбір оқушының субъекті позициясының қалыптасуына көмектеседі.

305

Ұжымдық танымдық іс-әрекет тұлғаны дамыту барысында пайда болатын қарама-қайшылықтарды шешудің барысынша бара-бар құралы болып табылады, яғни іс-әрекетті өз бетімен реттеу механизмі және кері байланыс табысты қалыптасады, ұтымды қарым-қатынаспен, өзін-өзі бағалаумен

сәйкес келетін қолайлы социометриялық статус қалыптастыру үшін жағдай жасалады.

Оқу-танымдық іс-әрекеттердің ерекшеліктерін ескере отырып, ұжымдық танымдық іс-әрекеттің, өзіндік және біріккен іс-әрекеттердің төмендегідей белгілерін көрсетуге болады:

- бірыңғай мақсаттың, жалпы мотивтің болуы, оқушының қоғамдық маңызды мақсатқа жету үшін ұжым мүшелерінің барлығының күшінің біріктірілуінің қажеттігін түсінуі;
- ұжымның әрбір мүшесінің білімді, білікті және дағдыларды меңгерулерін қамтамасыз ететін жұмыстар мен қызметтерді оқушыларға тиімді бөлініп берілуі;
- іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелділіктің пайда болуы;
- бірігіп жұмыс істеу барысында оқушылардың іс-әрекеттерін басқарудың, оқушылардың, ұжым мүшелерінің өздерінің де кей жағдайда бақылау жасауларының қажеттігі;
- бірыңғай кеңістіктің' болуы және ұжымның барлық мүшелерінің жеке іс-әрекеттерінің бір уақытта жүзеге асырылуы;
- жалпы нәтижелердің болуы.

Алайда күнделікті тәжірибеде ұжымдық танымдық іс-әрекеттердің барлық белгілері әрқашанда бірден көрініс табуы мүмкін емес. Ұжымдық жұмыс ұжымдықтың әртүрлі дәрежесіне ие болады, яғни жұмыс барысына қатысушылардың арасындағы қарым-қатынастың өзіндік сипаты мен әр алуандығы байқалады.

**Оқу белсенділерінің жұмысы.** Ұжымдық танымдық іс-әрекет сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын жұмыс түрлерінің жүйесі болуы мүмкін. Ұжымдық оқу әрекетінің тұлғаға сол тұлғаның өзінің белсенділігіне қарай әсер етуі мүмкін, яғни ұжымдық танымдық іс-әрекет оқушының белсенділігін талап етеді. Оқушылардың басым көпшілігі белсенділік танытуы үшін танымдық іс-әрекет барысында қалыптасатын белсенді оқу әрекеттеріне сүйену қажет.

Белсенді топтар жұмысын ассистенттердің, кеңесшілердің, еңбекті ғылыми ұйымдастырудың мектебін құрудан бастау керек, ал мүшелерін таңдау белсенділердің, оқу ұжымының, мұғалімнің қалауы бойынша жүргізіледі. Сонымен бірге оқу белсенді тобының қызметін оқу ісінің меңгерушісі басқарады және ол беделді, өзіндік маңызы бар топ болуы керек,

306 оның жүргізген жұмыстарының барысы семинарларда, мектептік қорытынды конференцияларда тыңдалып отыруы қажет.

Мектепте оқу белсенді топтарының мүшелерінің санының артуы кабинеттердің жұмыстарын қайта қарауды талап етеді. Оқу кабинеті нақты пән бойынша сабақта және сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстардың орталығы болуы керек. Бұл орталықтың иесі оқушылардың өзі. Мұғалім жетекшілігімен кабинет кеңесі көрнекі құралдар, сабақтарда берілетін

тапсырмалар, бақылау карточкалары, таратылатын дидактикалық материалдар, тақырыптар бойынша папкалар мен альбомдар және кабинетте бар диафильмдердің, әдебиеттердің, папкалардың, көрнекі құралдардың картотекасы дайындалады. Бұл оқу белсенді тобының мүшесіне, оның ішінде ассистентке аз ғана уақыттың ішінде сабаққа қажетті материалдарды дайындауына мүмкіндік жасайды.

Оқу белсенді тобының мүшелерінің ішінде оқушылардың ішінен таңдалатын ассистент, кеңесші, лаборант, кітапханашы, безендіруші, шаруашылықты жүргізуші маңызды рөл атқарады. Олардың әрқайсысының атқаратын белгілі бір қызметі бар. Мысалы, безендіруші мұғалімге көрнекі құралдар (кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) дайындауға, оқу стенділерін, оқу кабинеттерін безендіруге, ақпараттандырушымен бірге бюллетендер, ақпараттар парақтарын шығаруға көмектеседі; лаборант лабораториялық, практикалық сабақтарды өткізуге қажетті техникалық құрал-жабдықтарды дайындайды, тәжірибелерді көрсетуге көмектеседі және т.с.с; кітапханашы мектеп кітапханашысымен бірігіп пән бойынша жаңа қызықты әдебиеттерге шолу дайындайды, көрмелер ұйымдастырады, пән бойынша қызықты материалдар жинайды, мектеп кітапханасында және оқу кабинеттеріндегі әдебиеттер бойынша картотека жасайды.

Атап айтқанда, мұндай жұмысты жүргізу үшін компьютерлік құралды, оқушылардың потенциалын белсенді пайдалану қажет.

Оқушылардың біріккен оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда ассистенттер мен кеңесшілер маңызды рөл атқарады.

307

### Ассистенттің рөлі

<b>А С С И С Т Е Н Т</b>	- сабақты даярлау бойынша пән мұғалімінің көмекшісі.
	- қажетті көрнекі оқу құралдарың, техникалық, дидактикалық құралдарды дайындау.
	- тақтамен жұмыс жүргізу үшін барлық қажеттілікті, материалды жазып алады, мұғалімнің көрсетуімен сабақ паспортындағы (сабақ жоспары, үй тапсырмасы, алдын-ала тапсырманы және т.б.) дайындайды.
	- оқушылардың жұмыс орнының дайындығын (дәптерінің бар-жоғын, күнделігін, оқулығы, бұйымдарының) тексереді.
	сыныптағы жабдықтардың сақталуын қадағалайды.
	- оқушыларға дидактикалық материалды таратуда және жинауда мұғалімге көмектеседі.
	- таратылған дидактикалық материалдар, көрнекі оқу құралдарын дайындауда, компьютермен интернетке шығудың жұмыс кестесін құруда және т.б. кабинеттің кеңес мүшелерімен бірге мұғалімге көмектеседі.
	- сабаққа қажеттінің бәрін дайындауға мүмкіндік беретін кабинеттің жабдықтарын жақсы біледі.
- ұжымның алдында немесе оқу кабинетінің кеңесінің отырысында өзінің қызметі туралы мерзімді есеп береді.	

Кеңесші - пән бойынша (тіпті жеке тақырып бойынша) жақсы үлгерім көрсетуші оқушы ол өз сыныптастарының оқуларына көмектеседі. Ол әдетте бір жылға ғана бекітіледі; олар тақырып бойынша, басқа оқушыларға карағанда бұрын орындалған белгілі бір тапсырма бойынша кеңесші

тағайындалуы мүмкін. Негізгі кеңесшіні оқушының жеке келісімімен, мұғалімдердің мақұлдауымен, сыныптық ұжымның ұсынысымен оқу комитеті (немесе басқа мектепте жұмыс істейтін басқа да өзін-өзі басқару органдары) тағайындайды. Оның міндеттері - түсіндіруші қызметін атқару, оқушының немесе топтың білімін бақылау және тексеру, сондай-ақ әртүрлі оқу тапсырмаларын орындалуының дұрыстығын тексеру. Мұғалімнің берген тапсырмасын белгілеу үшін арнайы дәптер арналады және сабақтағы жұмыстар бойынша, тақырып бойынша есепке алу карточкасы жасалады және т.б.

Кеңесшінің дәптері

Тапсыр-маны алу мерзімі	Кіммен бірге дайында-алады. Оқушы-ның аты-жөні	Тапсырманың мазмұны (бөлім, тақырып, тармақша, міндеттерінің реті және т.б.)	Сабақтың күні және сағаты	Кеңесш-інің бағасы	Мұғалім-нің бағасы	Ескеру

Кеңесші жұмыстары сабақта және сабақтан тыс уақытта да жүргізілуі тиіс.  
308

Нақты бір тақырып бойынша да кеңесшінің жұмысын ұйымдастыруға болады. Оның жұмысын сабақ үстінде белгілі бір тапсырманы өз уақытынан бұрын тиянақты орындаған оқушы да ұйымдастыра алады. Мұғалім оған жұмысы тексерілуі тиіс және белгілі бір көмек көрсетілуі тиіс оқушының аты-жөні жазылған карточканы береді. Кеңесші құрбысының орындаған тапсырмасын тексеріп, ол жөнінде карточкаға белгі қойып, оны мұғалімге өткізеді. Осылайша бір сабақта белгілі бір тақырыпты жақсы меңгерген бірнеше кеңесші болуы мүмкін. Сабақ соңында мұғалім міндетті түрде кеңесшілердің немесе белгілі бір тақырып бойынша кеңесшілердің жұмыстарының сапасы және қойылған бағалар жөнінде түсінік береді.

Әртүрлі мектептерде белсенді оқу топтарының қозғалысы, құрылымы, ұйымдастырушылық қызметінің танымдық іс-әрекеттерінің барысына, сыныптық, мектептік ұжымдардың ұйымшылдықтарына, белсенді топтардың жұмыс істеу формаларына қарай көптеген варианттары бар. Бірақ- ұжымдық оқу іс-әрекеттері барысында қандай да белсенді топ болмасын белгілі бір педагогикалық талаптарды орындағанда белгілі бір жетістікке жетеді. Сондай талаптардың бірі олардың жұмысына міндетті түрде мұғалімнің педагогикалық тұрғыда жетекшілік етуі. Сонымен бірге белсенді оқушылар мұғалімнің сенімді көмекшілері бола отырып белсенді оқу топтарының сенімді мүшелері екендіктерін көрсетуі керек; белсенді оқу топтарының жұмысы балалардың қоғамдық ұйымдарының жетекшілігімен жүргізілуі тиіс; өзара бағынушылық принципі сақталуы тиіс.

**Топтық жұмыстарды ұйымдастыру.** Ұжымдық танымдық іс-әрекеттердің әртүрлі формалары мен түрлері жүйесінде топтық жұмыс және оның әртүрлілігі маңызды орын алады. Топтық жұмыс өзінің барлық

белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады. Топтық жұмыстардың пайдасы мен оның тиімділігі бойынша зерттеулер әртүрлі бағытта жүргізілуде. Психологтар тұлғаның жетілуі үшін топтық жұмыстар қолайлы жағдай туғызатын ашып көрсетеді. Педагогтар оқытуда топтық жұмыстардың атқаратын рөлін қарастырады. Олардың ойынша, топтық жұмыс оқыту процесін байыта түседі, оқу жұмыстарын даралауға жол ашады, өйткені әрбір оқушының әлеуметтік мүмкіндіктері мен қабілеттерін шығармашылықты түрде көрсетуіне жағдай жасайды проблемалы оқытуда, тұлғаны когнитивті дамыту бағалы, дидактикалық және тәрбиелеік міндеттерді шешуге көмектеседі.

309

Педагогикалық әдебиеттерде сабақтарда оқушылардың оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың фронтальды, топтық, даралау тәсілдерінің бірыңғай анықтамасы жоқ. Мысалы, дәстүрлі дидактика топтық жұмысты негізінен, оқушылардың бірнеше тобы әртүрлі қиындықтағы тапсырмалардың көлемі орындалатын еңбекке үйрету, политехникалық білім беру және практикалық дағдыларды игерту сияқты мәселелерін шешу немесе оқыту даралау мақсатында лабораторияларда, оқу шеберханаларында, мектеп жанындағы учасоктерде жүргізілетін жұмыстармен байланыста қарастырады. Басқа жағдайда оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру формаларын оқытуға қатысушылардың өзара әрекеттестігі ретінде қарастырады, ал фронтальды және топтық жұмыстар ұжымдық принцип бойынша ұйымдастырылады. Соған байланысты топтық жұмысты сынып оқушыларын 3-8 мүшелері бар, оқу материалдарымен бірігіп өзара жауапкершілікте алдын ала келісілген жоспар мен рет бойынша жұмыс істейтін топтарға бөлетін сабақтарды ұйымдастыру формасы ретінде түсіндіруге болады.

Топтық жұмыстарға жұптасып жұмыс істеуді (әр топта екі оқушы), мұғалімнің тапсырмасымен сабақта жұптасып хабарлама жасауды, топтық сұрақ, кеңестік сұрақ жұмыстарын және т.б. жатқызуға болады. В.КДьяченконың зерттеуі өлеңдерді жаттатуда, жаттығуларды, мысалдар мен есптерді ауызша және жазбаша орындатуда, көбейту мен бөлу кестесін жаттатуда, сұрақтар мен жұмыс істетуде және т.б. жұптық жұмыстардың, яғни жұптық-ұжымдық жұмыстардың тиімді екендігін көрсетті.

Топтық сабақтардың құрылымының классикалық нұсқасы: шартты түрде сабақ үшке бөлінеді: кіріспе, топтық және қорытынды.

Топпен жұмыс жүргізудің екі түрі бар: бірыңғай топтық жұмыс және сараланған топтық жұмыс. Бірыңғай топтық жұмыс барысында барлық топ бірдей тапсырма орындайды, ал сараланған топтық жұмыс барысында берілген тақырып шеңберінде әртүрлі тапсырмалар орындайды. Тәрбиелік тұрғыда сараланған топтық жұмыс ерекше құндылыққа ие және оқушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекетінің барлық талаптарына барынша сәйкес келеді.

Топтық жұмыстарды ұйымдастыру көптеген проблемалардың шешімімен байланысты. Зерттеушілер (И.Т.Волков, Х.Й.Лийметс, В.Оконь,

А.М.Раевский) оларға топтар құру, топтық жұмыстардың нәтижелілігінің критерийлерін анықтау, оқушыларға тақырып мен тапсырмалар таңдау, дидактикалық материалдар дайындау, оқу топтарындағы оқушылардың өздерін өздері басқаруының рөлі, оларды орналастыру сияқты проблемаларды жатқызады. Оқу пәндеріне жасалған талдау топтық

310

жұмыстар арқылы әрбір пәннің менгерілу мүмкіндігі әртүрлі. Сонымен бірге әрбір оқу пәнінің топтық сабақтарда табысты оқытылатын тақырыптары бар.

Топтық жұмыстың құрылымы

Топтық жұмыс		
I	II	III
Кіріспе бөлім (мотивациялық- ұйымдастыру сұрақтары)	өзіндік топтық жұмыс (топтағы оқушылардың іс- әрекетін ұйымдастыру)	қорытынды бөлім (тұжырымдамалар, жұмыс нәтижелері)
- танымдық міндеттерді мұғалімдердің белгілеуі; жұмыстың бірлізділігінің нұсқасы; дидактикалық материалдарды тарату.	алынған міндеттермен танысқан сон топ жұмысын жоспарлау (мүмкін консультация, мұғалім көмегі); - топ ішінде алынған міндеттерді бөлікке бөлу. - әрбір оқушылар өзіндік міндеттерін жеке орындау; жұмыс нәтижесін жеке талқылау; - берілген міндеттерді жалпы қорытындылар.	- әрбір топтың хабарламасы (кеңесші немесе әрбір топтық мүшесі, барлық топтар); - әрбір топтың жұмысына сараптама; қойылған міндеттерді орындау туралы қорытындылар; - берілген міндеттердің нәтижелілігі.

Топтарды ұйымдастыруда мына мәселелер басшылыққа алынуы тиіс:

- әрбір пән бойынша бөлек топтар құрылатындығы, бір пәннің шеңберінде топтың құрамы жеке оқушылардың ілгері басуын ескере отырып анықталуының қажеттігі;
- математика, физика, химия, шет тілі пәндері бойынша топтар оқушылардың білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының деңгейіне қарай құрылғаны орынды (гомогенді топтар);
- әдебиет, тарих, география пәндері бойынша топтар оқу жұмыстарының қарқыны, әртүрлі оқудан тыс ақпараттардан хабардарлығы бойынша көп жекеленбейтін оқушылардан құрылғаны орынды;
- оқу топтарын жинақтауда оқушалардың өзара қарым-қатынастары да ескерілуі тиіс.

Әртүрлі құрамды топтарда жұмыс істеу тиімділігін ғалымдар зерделеп, бес оқушыдан құралған топтар тиімді болатындығы жөнінде тұжырым жасады. Өйткені, 3 оқушының талқылау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті пікірлері мен ұсыныстары жеткіліксіз, 4 және 6 адамнан құрылған топтарда жіктелу пайда болады, ал 7 адамнан

құрылған топта әрбір оқушының өз шкірін айтуына мүмкіндік болмайды.

Топпен орындалатын жұмысты ұтымды ұйымдастыру үшін топтарды орналастыру да маңызды мәселелердің бірі. Тіпті қарапайым кеңістікке орналастыру да оқушылардың өзін-өзі танытуларына да, олардың өзіндік қасиеттерін қалыптастыруға әсер етеді екен. Жекелеп алғанда, бір-бірімен қатар отырған оқушыларға қарағанда бір-біріне қарама-қарсы отырған оқушылардың арасында барынша белсенді байланыс орнайтындығына көз жеткізілді.

Топтық сабақтарды ұйымдастыруда кеңесшіні сайлау мәселесі де маңызды, яғни балалардың оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруда өзін-өзі басқарудың педагогикалық құралдарын пайдалана алу біліктері қажет. Арнайы жүргізілген эксперименттер ғалымдарға мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: кеңесшіні топтың өзі мұғалімнің және жоғары социометриялық статусы бар кеңесшінің келісімдерін ескере отырып таңдауы керек; жағдайға байланысты кеңесшілер жиі ауыстырылып отырғаны дұрыс.

Осылайша, танымдық мәселелерді шешуде негізіне сабақтардағы оқушылардың өзара ықпалдастығы, ынтымақтастығы алынатын ұжымдық танымдық іс-әрекет мына түрде көрініс табуы мүмкін:

1. Ұжымдық жұмыс принципімен ұйымдастырылған фронтальды жұмыс. Мұндай жұмыстарды ұйымдастыруда берілетін тапсырмалардың түріне проблемалық жағдаяттарды талқылауды, теоремаларды бірігіп отырып дәлелдеуді, орындалатын жұмыстың жоспарын бірігіп талқылауды, біріге отырып әңгіме құрастыруды, картина бойынша бірігіп жұмыстар жасауды және т.б. жатқызуға болады.

2. Ұйымшылдық принципі бойынша ұйымдастырылған топтық жұмыс. Оның түрлері: жұптық жұмыс, топтық сауалдар, кеңесші тарапынан қойылатын сауалдар, топпен оқу тапсырмаларын орындау жоспары мен тәсілдерін талқылау, сабаққа дайындалу барысында топтық тапсырмаларды орындау, мұғалімнің қойған сұрағына жауап беру мақсатында қажетті тәжірибені жасау, тілдік сабақтарда диалог жүргізу, топтық сабақтар, әңгімелесу — "дөңгелек үстел", пікірталас элементтері бар топтық жұмыстар (форум, сараптау топтарының отырысы, симпозиум, жобаларды ұсыну, ойындық-модельдеу бойынша проблемалық пікірталастар, айтыс-диалог және т.б.)

3. Топ жұмыстарының бейнесі ретіндегі топтардың өзара тексеруі: орындалған жұмыс бойынша толық немесе жекелей түсінік беру, өзара пікір айту (ауызша, жазбаша, бағалау бойынша пайымдаулар, өз бетінше

312 орындалатын жазбаша, практикалық жұмыстарды өзара тексеру және т.б.

4. Ассистенттердің, кеңесшілердің және белсенді оқу топтарының басқа да мүшелерінің жұмысы.

5. Оқушылар кездесуі.

6. Білімді қоғамдық байқауы.

Сабақ жұмсалатын уақыт көлемі және педагогикалық маңыздылығы бойынша жетекілі білім беру формаларының бірі болып табылады. Алдайда оның (форманың) мүмкіндіктері, артықшылықтары автоматты түрде жұмыс істемейді. Бұл объективті мүмкіндіктер оқушылардың өзара ықпалдасулары есебінен жүзеге асырылады, өйткені олардың білім алу және өзара қарым-қатынастарының сипаты жеке тұлға, іс-әрекет субъектілерін қалыптастырудың шешуші факторы болып абылады, Онда оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін табысты шешу үшін сабақта ұжымдық танымдық іс-әрекет элементтерін пайдалану маңызды.

Ұжымдық оқу жұмыстарын ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық мағынасы әрбір оқушыны іс-әрекет субъекті тәртібімен қамтамасыз етуде, оның өзін-өзі көрсетуіне көмектесуде. Орынды, әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған ұжымдық сипаттағы оқу іс-әрекеттері арқылы педагогикалық процестің қарама-қайшылықтарын шешуге, яғни әрбір оқушыны тұлға ретінде қалыптасырып дамытуға мүмкіндік жасайды.

Бұл педагогикалық процесті құра білудегі іскерлік пен білімділікті меңгерген, оның мүшесі ретіндегі ынтымақтастықты ескерген ұжымдық танымдық іс-әрекет технологиясын пайдалана алатын мұғалімге байланысты.

#### **Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

- 1) "Дамыту" ұғымы мазмұнын ашып көрсетіңіздер.
  - 2) Дамытудың қайнар көзі, қозғаушы күші не?
  - 3) Педагогикалық процестегі қозғаушы күштің рөлін ашып- көрсетіңіздер.
  - 4) Педагогикалық процестегі негізгі қарама-қайшылықтарға сипаттама беріндер.
  - 5) Ұжымдық танымдық іс-әрекет мәнін ашыңыздар.
  - 6) Ұжымдық танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыру жұмыстарына сипаттама беріңіздер.
  - 7) Ұжымдық танымдық іс-әрекеттердің білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мүмкіндіктерін негіздеңіздер.
  - 8) Ұжымдық танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыруда белсенді оқу топтарының рөлін көрсетіңіздер
- 313
- 9) Оқушылардың социометриялық статусын, өзін-өзі бағалауын түзету үшін ұжымдық сипаттағы жұмыстар түрлерін пайдаланудың маңыздығын дәлелденіңіздер.

#### **Әдебиеттер**

1. Амонашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников. М., 1984.
2. Виноградова М.Д., Первин И.Б. Коллективная познавательная деятельность и воспитание школьников. Из опыта работы. М., 1977.
3. Дежникова Н.С., Первин И.Б. Товарищеская взаимопомощь школьников. М., 1981.
4. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении: О коллективном способе



- учебной работы. М., 1991.
5. Загвязинский В.И. Движущие силы учебно-воспитательного процесса. Тюмень, 1978.
  6. Лийметс Х.Й. Групповая работа на уроке. М., 1975.
  7. Маргулис Е.Д. Коллективная деятельность учащихся. Киев, 1990.
  8. Совместная деятельность: методология, теория, практика. М., 1988.
  9. Хан Н.Н. Научно-практические основы сотрудничества и его реализация в педагогическом процессе школы. Алматы, 2000.
  10. Цукерман Г.А. Зачем учиться вместе? М., 1985.

### **Өзіндік жұмыстар үшін тапсырмалар**

- 1) Ұжымдық жұмыстар түрлері бойынша қысқаша түсініктері бар картотека жасаңыздар.
- 2) Кеңесшінің және басқа да белсенді топ мүшелерінің жұмыс істеу ережесін дайындандар.
- 3) Белгілі бір пән бойынша сабақтан тыс ұйымдастырылатын ұжымдық танымдық іс-әрекеттер үшін тапсырмалар тандап жинақтаңыздар.
- 4) Нақты пән бойынша жалпы және арнайы біліктер тізімін дайындандар және олармен ұжымдық танымдық іс-әрекеттермен айналысатындардың білуінің тиімділігін негіздеңіздер.
- 5) Ұжымдық танымдық іс-әрекет элементтері мен оның түрлерін пайдалана отырып қайталау қорытынды сабағының жоспар-конспектісін жасаңыздар.
- 6) Топтық жұмыстардың және олардың түрлері пайдаланылған сабақтардың фрагменттерін дайындаңыздар.

314

7) Сынып оқушыларының социометриялық статусын анықтаңыздар және жеке оқушылардың социометриялық статусына түзетулер енгізудің мүмкін тәсілдерін жобалау.

8) Оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға мүмкіндік беретін ұжымдық танымдық іс-әрекеттерге байланысты тапсырмалар тандап алыңыздар. Ұжымдық танымдық іс-әрекетті пайдалана отырып сабақтың конспектісін жасап, оны қорғаңыздар.

9) Педагогикалық процестегі ұжымдық танымдық іс-әрекет бойынша жаңа жарық көрген басылымдар бойынша ақпараттар дайындаңыздар.

### **Реферат тақырыптары**

1. Халықтық дәстүрлердегі педагогикалық ынтымақтастық ретіндегі біріккен іс-әрекет.
2. А.С.Макаренко еңбектеріндегі педагогикалық ынтымақтастықтың дамуы.
3. В.А.Сухомлинскийдің ынтымақтастық идеясының іске асырылуы.
4. Шетел педагогикасындағы тәрбиелеу процесіне қатысушылардың біріккен іс-әрекеттері идеясының дамуы.
5. Жаңашыл мұғалімдердің "ынтымақтастық педагогикасы" идеясын жүзеге асыруы.
6. Педагогикалық процесс қарама-қайшылықтарын шешу құралы ретіндегі

біріккен іс-әрекет.

7. Ұжымдық танымдық іс-әрекет педагогикалық процестегі ынтымақтастық технологиясы ретінде.
8. Ұжымдық танымдық іс-әрекет жағдайында белсенді оқу топтарының мүшелерінің жұмыстарын ұйымдастыру.
9. Оқушылардың өздерін-өздері бағалауы және оны ұжымдық танымдық іс-әрекет барысында қалыптастыру.
10. Ұымдық оқу жұмыстарында оқу-танымдық біліктерді қалыптастыру.
11. Оқу кездесулерін ұйымдастыру және олардың оқушы ұжымдарын дамытудағы мүмкіндіктері.
12. Сабақтағы топтық жұмыс және оның әр түрлілігі.
13. Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер арқылы оқушылардың социометриялық статусын қалыптастыру.
14. Оқушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекеттерінің білімдік және тәрбиелік мүмкіндіктері.

315

#### **2.14 Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру**

**Мақсаты:** білім жүйесіндегі оқушылардың танымдық белсенділігі мен іскерлік әрекетін айқындау.

**Міндеті:** а) «Оқыту процесіндегі оқушылардың танымдық белсенділігі», «іскерлік әрекеті» ұғымдарының мәнін ашу;

э) оқушыларды мектептегі танымдық әрекетке апаратын әртүрлі тәсілдерге шолу;

б) педагогтар тәжірибесіндегі оқытудың жаңа идеяларын сипаттау.

#### **Жоспар:**

1. Танымдық белсенділіктің мәні.
2. Оқушылардың оқу-танымдық әрекетіндегі белсендірудің құралдары.
3. Педагогтардың оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру тәжірибесінен.

**Негізгі ұғымдар:** таным, іс-әрекет, танымдық әрекет, танымдық белсенділік, танымдық әрекеттің белсенділігін мотивтендіру, түрткі, модернизация - қазіргі жағдайға сәйкестендіру, алгоритмдеу, компьютерлеу, дифференциалдау, проблемалап оқыту, бағдарламалап оқыту, кәсіби мамандыққа оқыту.

**Пәнаралық байланыс:** білім және ғылым философиясы, психология, педагогика тарихы.

**Танымдық белсенділіктің мәні.** ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында оқушыны оқытудың белсенді субъектісіне айналдырудағы оқу процесін белсендіруге бағытталған және оны балаға қайта бағдарлаған дидактикалық зерттеулердің көлемі айрықша өсті. Оқыту процесіндегі радикалды өзгерістерді қоғамдық және педагогикалық сананың қалыптасуына бағыттаған Ж.Пиаже (Швейцария), Б.Блум, Д.Ж.Бруннер, Ж.Ганье, С.Эриксонның (АҚШ) т.б. еңбектері куә. Ж.Пиаженің айтуынша, мектептер «жаңаша ойлайтын қабілетті адамдар дайындау керек; тек өткен

ұрпақтың істегенін ғана қайталамай, шығармашыл және ойлап тапқыш адамды әзірлеу керек». Белсенділік - (қарқындылық, беріктік, төзімділік) білім алушының іс-әрекет пәнімен тікелей араласу дәрежесін анықтайды. Оқушылардың белсенділігін басқару дәстүрлі түрде белсендіру деп аталады. Белсендіру - бұл оқытушының белгілі мақсатқа бағытталған әрекеті, 316

мазмұнды, көлемді оқу қолданылатын және қызығушылығын тудыратын, белсенділігін, шығармашылығын арттыратын, білімді меңгерудегі оқушының өзіндік үйренуі, дағды мен шеберліктің қалыптасуы, оларды тәжірибеде қолдану әрекеті.

Бұл ой еңбегінің тоқтап қалуын және құлдырауын, енжар және көшірме әрекеттен құтылу үшін, жігерлі, мақсатты оқуға бағытталған тұрақты күнделікті ағымдағы процесс.

Белсенділіктің негізгі мақсаты - оқушылардың белсенділігін қалыптастыру, оқу-тәрбиенің сапасын көтеру.

Қазіргі кезде танымдық белсенділіктің мәнін екі тұрғыда белгілі болып отыр. Кейбір зерттеушілер танымдық белсенділікті іс-әрекет ретінде қарайды, ал кейбіреулері - сапа, тұлғалық білім деп ұғады. Бұл мәселені нақтылағанда «танымдық іс-әрекет» және «танымдық белсенділік» ұғымдарын ажыратып жіктеудің теориялық қана емес, тәжірибелік те мақсаты зор. Егер белсенділік пен іс-әрекетті ұқсас құбылыс пен ұғым ретінде қарастыратын болсақ, онда бұндай жағдайда мәселе өзінен-өзі шешіледі, яғни, оқушылардың кез-келген іс-әрекеті белсенді іс-әрекет болып табылады, бірақ бұл олай емес.


Оқушылардың оқу белсенділігінің мәселесі - терең педагогикалық зерттеулердің пәні. Бұны зерттеуге М.А.Данилов, Р.Г.Лемберг, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, М.Н.Скаткин, И.Ф.Харламов, Т.И.Шамова, Г.И.Щукина, А.Х.Аренова және т.б. үлестерін қосты.

Оқу белсенділігінің әдіснамалық негізі - таным теориясы болып табылады. Танымның мақсаты - жеке тұлғаның санасындағы объективтік шындықтың бейнеленуі болып табылады. Тәжірибелік және рухани әрекетте жеке тұлға өзін қоршаған әлемге әсерін тигізе отырып, өзінің қажеттілігі мен мақсаттарына сәйкестендіріп оны өзгертеді және таниды. Бұл таным процесінің ең жалпы үлгісі. Алайда, белсенді танымның ерекшелігін түсіну үшін, ең алдымен таным процесінің ағымдық сипаты мен субъектінің бір-бірінен ерекшеленген толық бейнесін, таным субъектінің санасындағы шынайы дүниенің бейнеленуінің (репродуктивті және продуктивті) екі деңгейін белгілеу қажет. Таным объектісі (оқу материалы) репродуктивті деңгейде сырттай қалай берілсе, онда сол күйінде қабылданады. Кейбір зерттеушілер репродукцияны бір енжар нәрсе сияқты қарайды, әрине ол шындыққа ұласпайды. Оқушының білімді және әдістерді меңгерудегі 317

мақсатты бағытталған еске түсіру іс-әрекеті оқушылар жағынан әр уақытта белсенді болып келеді, тек бұл белсенділіктің деңгейі әртүрлі болады (мысалы, оқушының шынайы оқу қабілеті жоғары болғанымен, оның төмен

көрсеткіш көрсетуі). Сонымен бірге еске түсіру - жаңарту әрекетінің басқа элементтерінің сипаты болуы мүмкін (Т.И.Шамова). Дидактикалық тұрғыдан еске түсіру әрекеті бұрынғы өтілген материалдың бірнеше рет қайталануынан, әртүрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындау арқылы іске асады. Танымдықтың жоғары деңгейі - бұл нәтижелі белсенді танымдық. Бұған тән ең алдымен субъектінің (оқушының) таным объектісіне (оқу материалына) деген жаңаша қарым-қатынасы. Бұл әрекет барысында ықпал жасау объектісі ғана емес, сонымен бірге оқытудың мақсаты үшін оқушы - субъектінің ықпал жасауы өте маңызды. Белсенді танымдық кезінде оқушы оқып-үйреніп жатқан материалдың мазмұнына тың мәселелерді көтеріп, жаңа сұрақтар қояды, оны шешуде жаңа әдіс-амалдарды іздейді. Таным процесі оқушылардың құбылыстар туралы терең білуі ғана емес, меңгерілген білімнің және таным процесінің өзіне деген тұлғалық қатынасын қалыптастыру және оны ерекше ұғынуы. Сонымен қатар, белсенді танымдық- әрекетте, білімді, дағдыны және іскерлікті меңгеріп қана қоймай, таным нәтижесінне және процеске деген әсерлі - бағалау қатынасын орнату. Оны мына үлгіден көруге болады. (Сурет- 1).

Танымдық белсенділік танымдық әрекетпен үйлеспейді. Оны таным процесінің қатынасын білдіретін, субъектінің тұлғалық білімі, психикалық жағдайы ретінде қарастыру қажет. Танымдық белсенділік жеке тұлғаның қасиеті ретінде іс-әрекет барысында көрінеді және қалыптасады. Бұл ұғымдардың арасындағы қарым-қатынасты бірен-сараң сәйкес келу қарым-қатынасы ретінде анықтауға болады. Танымдық белсенділік оқытудың ағымдық сипатын және қарқындылығын қаматасыз етеді. Бұл танымдық іс-әрекетте көрінеді және қалыптасады, бірақ бұл құбылыстар (ұғымдар) ұқсастығын білдірмейді. Танымдық белсенділіктің құрылымында жеке тұлғаның сапасы төмендегідей компоненттермен ерекшеленеді: оқу тапсырмаларын орындауға дайындық; өзіндік іс-әрекетке ұмтылуы; тапсырма орындаудағы саналылық; оқытудың жүйелілігі, өзінің тұлғалық деңгейін көтеруге ұмтылысы және т.б.



## Сур - 1. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың үлгісі

319

Белсенділікпен қатар оқушылардың оқуға деген қызығушылығының тағы бір маңызды қыры ашылады, яғни олардың мұғалімдер мен үлкендердің көмегінсіз объектіні, құралды анықтауға байланысты іс-әрекетті жүзеге асырудағы дербестігі. Танымдық белсенділік пен оқушылардың дербестігі бір-бірінен ажыратқысыз: неғұрлым белсенді оқушылар, соғұрлым дербес; оқушылардың жеткіліксіз дербестігі басқаларға тәуелді етеді және дербестіктен айырады.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендірудің тәсілдері мен құралдары.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруде оқытудың әдістері мен құралдарын іздестіру проблемасы терең ғасырларға кетеді. Мәселен, жастарды тәрбиелеуде ежелгі грек философы Сократ эвристикалық әңгімені пайдаланған. XVII-XIX ғасырдың педагогтары Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Ж.Ж.Руссо, А.Дистервег, К.Д.Ушинский және т.б. оқытушының негізгі міндеті - оқушыларды өз бетінше ойлау, зерттеу ізденістеріне бейімдеу деп санаған. Олар дамыта оқыту дидактикасының алғашқы негізін салды. А.Дистервег былай деп жазған «нашар мұғалім шындықты өзі айтады, ал жақсы мұғалім оны табуға үйретеді».

Қазақтың ағартушылары Абай Құнанбаев, Ы.Алтынсарин қоғам қайраткерлері және педагогтар А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов өздерінің еңбектері мен тәжірибелік іс-әрекеттерінде оқушыларды шығармашылықты дамытуға, өз бетінше ойлай білуге шақырған. Кеңес

дидактары мен психологтары: Л.С. Выготский, Б.Г. Есипов, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Р.Г. Лемберг, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин және т.б. дамыта оқыту мен оқушылардың танымдық әрекетін белсендірудің теориясы мен тәжірибесіне үлкен, зор үлестерін қосты.

Қазіргі кезде оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендірудің әр түрлі амал-тәсілдері өңделді. Солардың ішіндегі ең маңыздыларына тоқталамыз.

1. *Іс-әрекеттік тәсіл* - оқушыларды танымдық әрекеттің субъектісі ретінде қарастыруды көздейді. Іс-әрекеттік амал-тәсілдері негізіне әрекет теориясы жатады. Оның басты постулаты былай айтылады. ( бұл туралы Қытай даналығында былай делінген: «Маған айт - мен ұмытпаймын; маған көрсет - мен есімде сақтаймын; маған өзіме жасауға бер - мен үйренемін»). Оқыту процесін ұйымдастырушы мұғалім үшін іс - әрекеттің құрылымын 320

білу өте маңызды. Оның негізгі компоненті: мотивтері, мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралдары, түрлері, әдістері және амалдар нәтижесі. Бұл дегеніміз - мұғалімнің көптеген құралдар арқылы оқушының әсерлі-қызығушылығына, ой еңбегіне, тұлғалық-тәжірибелік шамасына әсер ету қажет. Таным әрекетінің барлық осы компоненттерін тек қана мұғалім емес, оқушылар да меңгеруі тиіс.

Педагогтарға іс- әрекеттің міндетті түрде негізгі түрлерін білу қажет, сонымен бірге оқушыларда: оқыту-танымдық, әлеуметтік, еңбек, ойын, эстетикалық, спорттық-сауықтыру. Бұл іс-әрекеттің барлық түрлері оқушылар мен мұғалімдердің бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Осы іс-әрекеттің барлық түрлерін бір-бірімен байланыстыру өте маңызды.

2) *Гумандық психология мен педагогиканың идеяларындағы тұлғалық-бағдарлық тәсіл* төмендегі ережелерді тірек етеді. (К.Роджерс):

- Индивид үнемі өзгермелі қоғамның ортасында өмір сүреді. Ол үшін қоршаған дүниені қабылдаудың өзіндік әлемі өте маңызды; бұл өзіндік әлемді сырттан ешкім әлі танып білген емес.

- Адам өзін-өзі танып білуге және өзін-өзі іске асыруға ұмтылады; адамның өзін-өзі жетілдіруге деген ішкі қажеттілігі болады. Жеке тұлғаның дамуы үшін бірін-бірі түсінуі өте қажет, бұл қарым-қатынас барысында жүзеге асады.

- Өзін-өзі жетілдіру, дамыту ортамен ортадағы басқа адамдармен араласудың нәтижесінде іске асады. Адам үшін, адамның өзін-өзі тануы үшін сырттай баға беру өте маңызды, бұл тура және жасырын байланыстардың нәтижесінде іске асады. Тұлғалық-бағдарлық оқыту жағдайында мұғалім оқушылардың танымдық өзіндік әрекетін негізгі ұйымдастырушысы. Қазіргі кезде тұлғалық-бағдарлық оқыту нұсқалық бағдарламалармен, дифференциалды әдістер мен, шығармашылық, үй тапсырмаларымен оқушылардың оқудан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру түрлері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішінде ынтымақтастық педагогика әдістерінің келешегі зор.

3). *Оқыту процесіндегі зерттеушілік тәсіл* - алдыңғыларымен тығыз байланысты. Дәл соны жүзеге асыру оқушылардың нәтижелі өзіндік танымдық әрекетімен қамтамасыз етіледі, ойлау қабілетін дамытады, өзіндік білім алуға дайындайды. Оқушыларды зерттеушілік ізденіс

321

жұмыстарына тарту үшін әртүрлі эвристикалық әдістер қолданылады (эврика - ізденіс): ізденістік әңгіме, ереже, формула, ұғым, дәстүрлі емес есептерді шешу, өз бетінше қорытынды жасау (мұғалімнің басшылығымен), зертханалық және сарамандық жұмыстар, бақылаулар және тәжірибелер. Мектеп тәжірибесінде сонымен бірге оқу жұмысының жеке, ұжымдық, топтық түрлері тәжірибеге ендірілген (мысалы, «миға шабуыл» әдісі, жоба әдісі және т.б.).

Проблемалық оқыту - зерттеушілік-ізденіс - танымдық іс-әрекеттің маңызды құралы. Проблемалап оқытудың негізгі көзін Сократтың эвристикалық әңгімелерінен көруге болады, яғни әңгіменің қисынды құрылуы және сұрақтардың көмегі арқылы өзінің шәкірттерін қарама-қайшылыққа және біртіндеп қажетті қорытындыға алып келген. Ойлаудың эвристикалық тәсілі бойынша (Ю.Н.Кулюткин); оқыту мен ойлауда проблемалық жағдай туғызу (А.М.Матюшкин); проблемалап оқыту И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, В.Н.Максимова, В.Оконь т.б. ізденістік-зерттеушілік міндеттерді, стандарттық міндеттерді шешудегі оқушылардың танымдық әрекеті бұрынғы жүріп өткен жолдардан, үлгіден басқаша екендігін педагогтар мен психологтардың қазіргі заманғы зерттеулері нақты дәлелдеп отыр. Ізденістік іс-әрекет бірқатар жағдайда қарқынды, қызу жүреді, онда эмоционалды процесстер бірқатар айқын көрінеді, шарықтау шегі кейде шешімді, таңдауды іздеуге және шамалауға әкеліп соғады (О.К.Тихомиров). Проблемалап оқытудың негізгі мәні оқыту процесінде ерекше жағдайат туғызу, яғни оқушы қатынаспай қалмайды, мұғалімнің көрсеткен бағытына сүйеніп қана қалмайды. Проблемалық жағдаятта оқушының меңгерген білімі мен алдыңғы шешілетін міндетінің оның білетін шешімдері мен оны шешу міндеттері арасында қарама-қайшылық айқындалады. Проблемалап оқытудың алгоритмі мәселені қоюдан және саналы түсінуден, болжамды тудырудан, оларды білізді тексеруден, сонымен қатар мәселенің шешілуінің дұрысытығын тексеруден тұрады. Бұған пікірталастар, эвристикалық әңгімелер, проблемалық баяндау және т.б. қолданылады.

4) **Алгоритмдеп оқыту тәсілі негізіне** белгілі бір міндеттерді орындауға қатаң нұсқаулар қажет. Егер, оқушы типтік есептерді шешудің қайта-қайта жаңа жолдарын іздеуде әр кезде қателер мен сынақтың ұйымсыз жолдармен

322

жүргенде оқыту процесі өте шаршататын тіптен ауыр болар еді. Оқушы бұрыннан белгілі математикалық амалдардың толық сандарын, бөлшектерін пайдаланады; алдын ала жазылған сөйлемдерді талдауда тілді меңгереді. Алгоритмдер мен ұйғарымдардың жүйесіздігінен адам өзінің іс-әрекетінде

қарапайым автоматтар мен техникалық құралдарды да пайдалана алмайды (компас, телефон т.б.). Оқыту әрекетінің алгоритмдері оларды ұйымдастыруға мүмкіндік жасайды, жеңіл, жылдам орындауды жүзеге асырады, сондықтан танымдық іс-әрекет субъективті анық объективті нәтижелі болады. Алгоритмдеу программалап оқытумен тығыз байланысты, оның мәні нақты хабарламаның таңдауынан тұрады, ал оқушыға аз мөлшерде беріліп отырылады. Қадам қозғалысы сайын есептің шешімінің түсінікті, түсініксіздігін, меңгерілген, меңгерілмегенін, шешілген, шешілмегенін бірден көруге болады. Алайда бағдарламап оқытудың талассыз ерекшеліктеріне қарамастан бұл тәсілді жалғыз және әмбебеп деп қабылдауға болмайды. Егер, бала тұрақты, бағытсыз сабақтан сабаққа бағдарламаланған оқулықтың мәтінінің соңынан ілессе, немесе оқыту машинасымен жұмыс жасаса, онда бағдарламалап оқыту жағдайында оқушының ынтасы төмендейді.

5) *Оқытуды компьютерлеу.* Компьютер дегеніміз - маманның еңбегінің нәтижесін сапалы өзгертіп отыратын құрал. Адамның танымдылығының құралы ретінде ЭВМ-ның қолданылуы, білімді пайдалану мен жинақтаудың мүмкіндіктерін кеңейтеді, ойлау әрекетінің жаңа формаларын дамытуға жағдай жасайды, оқыту процесін қарқындандырады.

Бірінші сатыда компьютер оқу әрекетінің пәні болып табылады, оны меңгере отырып, оқушылар осы машинаның жұмысы туралы білім алады, дағды-білігіне үйренеді, оператор жұмысының дағдыларын меңгереді. Екінші сатыда компьютер оқу есептерін шығарудың құралына айналады. Компьютер оқытуда пайдаланатын қосымша техникалық құрылым ғана емес, сонымен бірге ол тиісті жоспарлауды қамтамасыз етеді. Бұл жерде мәселенің бір жағын - құрастыру және ЭВМ-ді қосуды көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып - инженер орындайды, ал екіншісін - педагог; себебі ол есептеу машинасының жұмысына қонымды негізделген дидактикаға сәйкестендіріп адам әрекетін реттейді. Оқытуды жалпы компьютерлеу үшін алгоритмді ойлау қасиеттерін меңгеру керек.

323

Компьютердің келесі бір қиындығы оның құрамы дидактикалық жүйеден басқалармен қатар тұрғандығында (мақсаттары, мазмұны, әдістері, оқушы мен мұғалімнің әрекет тәсілдері). Бұлар өзара тығыз байланыста, біреуіндегі артынан екіншісі жетектейді. Сол себепті мектеп сыныптары мен жоғары оқу орындарындағы есептеу машиналарының орнығуы компьютерлеудің соңын емес, басталуын, яғни оқыту технологиясының жүйелілігін көрсетеді. Гигиеналық нормаларды сақтамаудан компьютермен жұмыс істеу барысында оқушының денсаулығына үлкен зардабын тигізетінін де естен шығармау керек. Сонымен бірге компьютермен жұмыс оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасының орнын толықтыра алмайды.

6) Қазіргі мектепте дифференциалдап оқыту кең көлемде қолданылады (И.Э.Унт, Е.А.Рабунский т.б.). Бұл жерде маңызды тәсілдің аясы оқушылардың әртүрлі білімнің дамуының көкейкесті деңгейіне сүйену, сонымен бірге «жақын арадағы дамудың зонасын» біртіндеп әрқайсысын



жетілген білімнің жаңа тәсілдерін меңгеріп алу. Бұл тәсілдің қиыншылығы - білім бағдарламасын, дағды мен білікті, пәндік жүйеде әрқайсысы меңгеру керек. Бұл меңгерудің деңгейі әртүрлі дәрежедегі оқушылар үшін жоғары болу керек (әлді, әлсіз, орташа). Бұл тәсіл есту, көру, сөйлеу және қабылдау кемістігі жоқ әрбір оқушының барлық нақты танымдық әрекеттің жоғары деңгейдегі мүмкіндіктерін меңгерудің негізін қалауы. Қазіргі мектептерде, оқушылардың әртүрлі дәрежесіне бағытталған оқыту тапсырмаларын дифференциалдап оқыту жағдайында не мұғалім бере алады, не болмаса оқушылардың өздері таңдауға болады. Кейбір қиындық тудыратын жағдайларда мұғалімдер үшін маңызды мүмкіндік оқушы талабының деңгейін анықтау ғана емес, оны алдыңғы қателіктерден сақтандыру, оқушының мүмкіндігіне қарай есептерді шешуді ұсыну болып табылады. Бірақ та дифференциалдап оқыту (универсалды) әмбебап тәсіл бола алмайды, себебі оқыту процесіндегі оқытудың басқа да маңызды қорларының оқушылардың дамуында бағалы да мәнді екені белгілі. Сонымен оқушылармен жүргізілетін барлық дәрежедегі жаппай жұмыс олардың жеке мүмкіндіктерінің қаншалықты екенін көрсете алатын маңызды құрал болып табылады. Бұл жерде оқушыға басқалардың еңбегінің нәтижесін көрсететін

324

және жеке қабілеті мен білімінің құндылығын танытатын кері байланыс та іс жүзіне асырылады.

7) Ұжымдық танымдық әрекет негізіндегі тәсіл. Белгілі жарық көрген педагогикалық әдебиеттерде қарым-қатынас проблемасы, оқыту процесіне қатынасушылардың өзара байланысы қарастырылды (М.Д.Виноградов, Н.С.Дежникова, И.Б.Первин, Х.И.Лийметс, Г.Кусайнов, Н.Н.Хан т.б.). Оқушылардың ұжымдық танымдық әрекеті - бұл оқушылардың біріккен іс-әрекеті, оқушылар ортақ тапсырма орындауда өз істерін үйлестіріп, жұмысты өзара бөліп, әркімнің міндетін мұғалім ұйымдастырып беретін, яғни іскерлік тәуелділік жағдай пайда болады, білімді меңгеруде өзара қарым-қатынас ұйымдастырылады, аса бағалы тәжірибе алмасу жүреді (Н.Н.Хан).

Ұжымның танымдық әрекеті сабақта да сабақтан тыс уақытта да педагогикалық процессте жүріп отырады. Ұжымдық танымдық әрекетті ұйымдастыру мұғалімнен тек тоериялық және әдістемелік дайындықты қажет етпейді, сонымен бірге сынып белсенділерімен маңызды жұмыс жүргізуді талап етеді (ассистенттер, консультанттар, кітапханашылар т.б.). Сонымен қазіргі дидактиканың ұсынып отырған әртүрлі ізденіс тәсілдері оқыту процесінің қайнар көзін ашуда қазіргі уақыттағы міндеттерді шешуде, барлық мүмкіндіктері бар тәсілдердің ақиқатына әлі де болса толық жауап бере алмайды.

- Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы. Қызығушылық (латынша *іnterest* – мәні бар, маңызды) - адам ерекше сезінетін қимылдың нақты себебі. Қызығушылықты субъектінің өз әрекетіне оң бағалық қатынасы деп анықтауға болады. Оқуға, білуге деген қызығушылық танымдық белсенділіктің қозғаушысы екені белгілі. Л.С.Выготский: «Ең алдымен баланы бір әрекетке тарту үшін, сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын

екенін білу үшін қамқорлық жаса, осыны іске асыру үшін барлық күшін салатынын және бала өзі қимылдайтынын, ал оқытушы болса тек сол әрекетті басқарып, бағыттап отыруы керек» , - деген.

Оқушылардың танымдық қызығушылығы олардың білімінің деңгейі мен сапасына, ойлау іс-әрекеті мен әдіс-тәсілдерінің қалыптасуына байланысты. Оқушылардың қызығушылығы олардың мұғалімге деген қатынасына да байланысты. Жақсы көрген және сыйлайтын мұғалімдерінің пәнін оқушылар қызығушылықпен оқиды. Танымдық қызығушылық балалық

325

әесқойлықтан басталады, алайда ол тез арада жарқ етеді де, солайша кенеттен сөніп қалады. Терең білім беруді бұндай әуесқойлық негізінде ұйымдастыруға болмайды. Баланың әуестігін ояту үшін тартымды бастау, әсерлі сюжет, оқиғаның күтпеген арнаға түсуі, мәселелік жағдай сияқты тәсілдер қолдану ұсынылады.

Танымдық іс-әрекетке деген қызығушылықты оятуда келесі қызметтердің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету; оқушылардың артта қалуының алдын алу; «қауіп-қатер балаларының» диагностикасы; үлгермеушілікті болдырмау; оқу материалының мазмұны (тарихи сапарлар, өмір тәжірибесінен мысалдар, мемлекет стандарт шегінен асу т.б.); білім берудің әртүрлі формалары мен әдістері, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану; мұғалімнің оқушыларға қатынасы; балалар ұжымының қоғамдық пікірі; ақыл-ой қабілеттілігі мен жалпы оқу бірліктерін дамыту.

Олардың кейбіруін нақтырақ қарастырайық.

а) Оқудағы жетістікті қамтамасыз ету. Жетістік - адамның белсенді іс-әрекетінің ең маңызды қозғаушы күші. Бұл психологиялық феномен балалық және жасөспірім шақта - басқа себеп-сылтаулар мен ынталандырушылары әлі тұрақсыз немесе әлсіз болғанда көрініс деңгейін табады. Үлгерімі нашар, өз қатарынан артта қалған баланың оқуға деген қызығушылығы тез жойылады, оның сабақтағы танымдық белсенділігі нөлге дейін төмендеп кетеді.

ә) Оқушылардың артта қалуының алдын алу, қиыншылықтарға тап болғандардың бәріне көрсетілетін әртүрлі көмек - оқу процесінің нәтижелілігін арттырудың айқын бағыты. Қазіргі мектеп үлгерімі нашар оқушыларға көмектесуде жеке-жеке шараларды қолданудан гөрі барлық оқушылардың оқудағы, танымдық белсенділігінің шарты ретіндегі жетістіктерін қамтамасыз ететін тұтастай бір жүйе қалыптастырады.

б) «Тәуекелшіл-балалар» (дети риска) диагностикасы және олардың оқудағы қиыншылықтарын болдырмау. Ұзақ уақыт бойы оқу процесі балалардың екі категориясының есебінде құралып келген, бірінші категория - «қалыпты балалар» категориясы, яғни баланың дамуы өз жасына сәйкес; және аномалды балалар - дене және психологиялық дамуында айқын ауытқулары бар балалар. Соңғы он жылдардағы ғылыми зерттеулер

326

балалардың осы екі категориясы арасында аралық буын бар екенін дәлелдеді, осы аралық буынға оқудағы қиыншылықтары және мінез-құлқындағы

ауытқулары бар балалар жатады, оларды көбінесе «тәуекелшіл балалар» деп атайды. Олардың бойында дене және психологиялық дамуында көзге көрінетін аномалиялары жоқ. Алайда жағымсыз жанұялық және әлеуметтік жағдайлар салдарынан бұл балалардың, мектеп жасына жеткен кезде, мектепте жақсы оқу үшін қажетті қасиеттері мен дағдылары байқалмайды. Денсаулығының әлсіздігі, жұмыс қабілетінің төмен болуы, өз құрдастарынан психикалық дамуы жағынан артта қалуы қауіп-қатер факторы, үлгермеушілік, мектепке үйрене алмаушылық, тәртібінің нашарлығының себептері болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша «тәуекелшіл балалар» бастауыш мектеп оқушыларының 20%-ке жуығын құрайды.

«Тәуекелшіл балалармен» жұмыс кезінде баланың даралық ерекшеліктерін ескеретін әртүрлі әдістер қолданылады. Осы әдіс негізінде бірнеше негізгі принциптер жатыр: баланың дамуындағы мықты деген жақтарына сүйену; мақсатты және оқушының оны орындай алуын нақты анықтау; үздіксіз кері байланыспен қаматасыз ету; баланың жеткен нәтижелерін ғана емес, сондай-ақ оның оларға жетуге деген талпынысы мен ықыласына әрдайым оң баға беру. Осы принциптердің жиынтығы оқушыға жетістік ахуадын және толғаныс сезімін кешуді қамтамасыз ету керек, ал ол себеп-сыптау өрісін жоқ қылатын жетіссіздікке бой ұру қаупі бар баланың танымдық белсенділігінің басты шарты болып табылады.

в) «Жасырын үлгермеушілікті» жену. Танымдық белсенділік тек сабақта артта қалған оқушыларда ғана төмендейді. Ол дарынды балаларда да төмендеуі мүмкін, егер мұғалімнің сабақ беру деңгейі олардың қабілеттілігі мен қажеттіліктерінен төмен болса, мұндай жағдай «жасырын үлгермеушілік» феномені пайда болады, яғни қабілетті баланың оқу нәтижелері оның мүмкіндіктері-мен сәйкес келмейді.

Көптеген зерттеулер дарындылық ұғымын кеңейтеді, оның «ақыл-ой күші», «ой өрісінің жоғары көрсеткіші» сияқты бірыңғай түсіндірмесінен әлдеқайда алшақтатып жібереді. Дарындылық қызығұшылық тұрақтылығы, мақсаттылық, өз күшіне деген сенім сияқты даралықтың, жеке тұлғалықтың көптеген сипаттамаларынан тұрады. Соңғы он жылда әртүрлі әдістердің көмегімен дарынды балаларды іздеу өрісі едәуір кеңейді. Жекеменшік және

арнайы мектептермен қоса жалпы білім беретін мектептердегі дарынды балаларды табу мен оқытудың жүйесі қарқынды қалыптасып келе жатыр. Оның қалыптасуына үкімет заңдары, жарлықтары, мемлекеттің қаржылай көмегі де жағдай жасайды. Мысалы, 1998 жылдан бастап Қазақстанда «Дарын» Республикалық ғылыми-тәжірибелік Орталығы қызмет жасап жатыр, бұл Орталық дарынды балалармен жұмыс жүйесін қарастырады.

г) Профильдік оқыту, көбінесе, профильдік саралау негізінде білім берудің жоғары сатысында жүргізіледі. Профильдік оқыту келесі формаларда жүзеге асырылуы мүмкін: кәсіптік білім беру мекемелері, сыныптары, топтары.

Профильдік оқыту (жаратылыс ғылымдары, гуманитарлық-филологиялық, әлеуметтік-экономикалық, физика-математикалық, көркемдік-эстетикалық т.б.) оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттілігін, сондай-ақ, білім беру мекемесінің педагогикалық ұжымының мүмкіндіктерін, жергілікті білім беру жүйесінің құрылымын және әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін есепке ала отырып жүргізіледі. Мектептің жоғары сатысының кәсіптік сипаты білім берудің мемлекеттік стандартының негізінде лайықты бағдарламалар, соның ішінде авторлық бағдарламалармен жүзеге асырылады.

### **Педагогтар тәжірибесіндегі оқу іс-әрекетін белсендіру.**

Оқытуды қазіргі заман тұрғысынан талдайтын болсақ, олардың бәрін, қазіргі қоғамның аса маңызды қажеттіліктеріне жауап беретін, өсіп келе жатқан адамның дамуы мен тәрбиесі идеясы біріктіріп тұрғанын анықтау қиын емес. Олардың бәрі оқушыны танымдық іс-әрекеттің және өзіндік дамудың субъектісі ретінде қалыптастыра алады. Өзінің себеп-сылтауларымен, ынтасымен, қажеттіліктері мен мақсат-мүдделерімен, жан-жақты негізді білімдарлыққа деген талпынысы мен мүмкіндіктерімен қалыптасып келе жатқан жеке тұлға қазіргі дидактиканың орталығына айналады. Оқудың мақсаты - адамның білім қазынасын көбейту ғана емес, тіптен адам өзінің аман-есен өмір сүруі үшін сол білімдерді пайдалана алады. Баланы өз заманына сай, айтарлықтай шығармашылық потенциалы бар жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқыту керек, ондай жеке тұлға үшін ғылым, білім, эрудиция қоғамдық құндылықтарды жасау арқылы қоршаған болмысты түрлендіріп, өмір мен басқа ортаны жақсартудың құралы болып табылады. Ақиқат пен жақсылыққа деген ынтасын ояту, оқушыны біздің шәкіртімізді

328

ақиқатқа жету тәсілдерімен, құнды бірліктерімен қаруландыру, іс-әрекеті мен көзқарастары арқылы дүние мен адамдарға деген өзінің өнегелілік қатынасын білдіру, сондай-ақ - оқушыға білім беру, дамыту және тәрбиелеу бір арнаға бағыттталып жатқан қазіргі заманғы оқыту процесінің мәні, міне осында. Ең бастысы, қазіргі қоғамға өз пікіріне берік, жаңа қоғамдық қатынасты дамытушы керек. Идеялық-адамгершілік қоғамдық бағыттылық оның ниетін, ынтасын, өмірлік жоспарын белгілеуі керек. Оқытудың әлеуметтік мақсаттары ағартушылық, дамытушылық және тәрбие іс-әрекеті арқылы жүзеге асады.

Жоғарыда аталып өткеннің бәрі шебер мұғалімдердің тәжірибесінде көрініс тапқан (Ш.А.Амонашвили, С.Н.Лысенкова, И.П.Волков, В.Ф.Шаталов, К.Бітібаева, К.Нұрғалиев, Р.Б.Нұртазина, А.Ысқақов т.б.). Олардың жаңашыл ізденістері Кеңес Үкіметі кезінде-ақ басталған. Қазіргі уақытта мұғалімнің таңдау мүмкіндігі бар кезде педагогтар шығармашылығы кең өріс алуда. Бірақ, өткен жылдардың педагогтарының идеялары мен технологиялары әлі де өз күшін жойған жоқ.

Әрбір педагогтың тәжірибесі бірегей болса да, олардың ортақ идеялары да бар, олар:

- балаларға деген ізгілікті тұлғалық қатынас, әрбір оқушыны жеке тұлға деп санау;

- оқушының ішкі жан дүниесін, оның мақсат-мүддесін, ынтасын, қабілеттілігін, жанұя өмірінің жағдайларын тани білу;
- оқушылармен қарым-қатынасты дұрыс құра білу, оларды оқу-тәрбиелеу процесінің әріптесі қылу, баланың тілегі мен ынта-ықыласын есепке ала отырып танымдық іс-әрекетке араластыру;
- оқушыларға қиынырақ мақсаттар қоя білу және оқушылардың сол мақсаттарға жете алу сенімін нығайту;
- балалар ұжымына сүйену: сабақ - ұжымдық еңбек, мұғалім мен балалардың ұжымдық шығармашылығы;
- оқушыларға мүмкін болған кезде, тапсырмаларды еркін таңдау құқығын бере білу;
- бағдарламалық материалды ірі блоктарға біріктіру және тірек-сүйеніштерді пайдалану (тірек ишаралар, сызбалар, кестелер т.б.);
- оқушылардың ұжымдық және даралық өзін-өзі талдай білуге қатыстыру;
- оқушылары ұжымдық, қоғамдық шығармашылыққа үйрету.

329

Педагогтардың осы идеяларын ынтымақтастық педагогикасында біріктіруге болады. Алайда, ынтымақтастық идеясы жай сөз ретінде қалмас үшін оны әдістемемен бекіту қажет. Балатармен ынтымақтастықты жаңа тоқсаннан бастап жариялауға немесе енгізуге болмайды, оған жылдар бойы жету керек. Ынтымақтастық педагогикасы балалармен қарым-қатынас кезінде оларға деген қатынастың өзгеруінен пайда болады.

Педагогтар мен шебер ұстаздар тәжірибесінде оқытудың негізгі формасы - сабаққа ерекше көңіл бөлінеді. Ол айтарлықтай өзгерген және мектептегі балалардың дербестігін, шығармашылық белсенділігін дамытуға деген бағыттылығына негізделген жаңа формалармен толықтырылған. Сабақты сақтай отырып, қазіргі мектеп оған жаңа бағыт береді, оны басқа формалармен толықтырады, ол формаларда оқушы білімінің өз бетінше, дербес «табыскері» ретінде көрінеді.

Оқушылардың белсенділігін арттырудың жаңа формаларын шеберлікпен пайдалана отырып, ұстаздардың белсендіру әсерін жүзеге асырады, онда оқушылар: өз пікірінде тұра алуы; пікірталастар мен талқылауларға қатысуы; өз жолдастарына және мұғаліміне сұрақ қоя білуі; жолдастарының жауаптарын түзету; жолдастарының жауаптары мен жазба жұмыстарын бағалай білу; артта қалған оқушыларды оқытуы; үлгерімі нашар оқушыларға түсініксіз жерлерді түсіндіуі; өз бетінше шамасы келетін тапсырмаларды таңдауы; танымдық міндетті (мәселені) шешудің бірнеше түрін табуы; өзін өзі тексеру үшін, өзіндік танымдық және тәжірибелік әрекеттерін талдау үшін ойластыруы; танымдық міндеттердің шешімін өзіне белгілі тәсілдерін жинақтап қолдануы жүзеге асырылады.

Жаңашыл педагогтар мен шебер ұстаздар тәжірибесінде оқыту әдістері өзгеріп отырады. Ұзақ уақыт бойында мектеп, оқыту процесінің елеулі бөлігі болып табылатын әдістерің алуан түрін жинақтаған. Алайда олардың ара қатынасы, артықшылығы, нақты толысуы мектептің мақсаттық бағыттарына қарай өзгеріп, артықшылығы, нақты толысуы мектептің мақсаттық

бағыттарына қарай өзгеріп отырады. Балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытудың міндеттерін бірінші орынға қою дәстүрлі әдістерге елеулі өзгерістер енгізіп, жаңаларының пайда болуына жағдай жасайды.

330

Ауызша баяндау әдістері мектепте, бұрыннан-ақ, басты орын алып келеді. Мұғалім сөзі, оқулықтар - оқыту процесінің бұрыннан келе жатқан құралдары. Алайда, соңғы он жылда олар проблемалық сипатқа ие болып келеді. Проблемалық әдіс ақырындап оқулықтар мазмұнын өзгертіп келеді. Фактілерді эпикалық түрде баян етудің орнына оқу материалы көкейкесті ғылыми және әлеуметтік мәселелер төңірегінде топтастырылады, оларды шешудің әртүрлі теориялық әдістері ұсынылып, оқушылар үшін проблемалық міндеттер мен сұрақтар тұжырымдалады. Оқулықтар құрылымындағы, мұғалімнің оқу материалын түсіндіруіндегі жүйелі проблема қою әдісі оқыту процесінде басты орынға ие болып келеді.

Проблемалық әдіс дәстүрлі көрнекілік және техникалық құралдарда да қолданылады. Теле және бейнежазулар, кино және диафильмдер жағдайлар мен құбылыстардың жай ғана бейнеленуі емес. Олар оқушылардың жануарлар мен өсімдік әлемінің динамикасын, физикалық құбылыстардың пайда болуы мен барысын көріп, басқа елдердегі халықтардың өмірімен таныса алатындай етіп жасалған. Фильмдердегі текстер, проблемалық және пікірталас сұрақтары оқушылардың көңілін қарама-қайшылыққа, қоғамдық және табиғи феномендерді ғалымдардың әртүрлі талқылауларына аударады.

Оқу процесінің жаңаруы мектеп лабораторияларындағы оқушылар іс-әрекетінің орнымен мазмұнының өзгеруімен байланысты. 40-шы Дүниежүзілік конференция 1980 жылдары-ақ өзінің ұсыныстарында «оқушылардың ғылыми зерттеулер мен технологиялық даму процестеріне қатысу белсенділігін арттыратын лабораториялық сабақтарға арналған уақыт екі есе көбейтілген, лабораториялық тапсырмалардың мазмұны эвристикалық сипатқа ие болуда. Қатал ережеге негізделген тапсырмалар, көбінесе, оқушыдан шығармашылық әдіс пен өзіндік ойлауды керек ететін ізденіс міндеттерімен алмастырылады.

Оқушылардың өздік жұмысының, оқыту тәсілі ретінде, өздігінен білім алуға, жұмысты жоспарлаудың маңызды дағдыларын қалыптастыруға, оны ұйымдастыру мен өзін-өзі бақылауға, ақпаратты талдау мен сараптауға, жалпы қорытынды жасауға, жұмысқа тиісті түзетулер енгізуге дайындығы үшін маңызы өте зор. Өзіндік жұмыстың дәстүрлі түрі - үй жұмысы, оны оқушы мұғалімнің көмегінен жасайды. Кейде тапсырма ерекше материал

331  
жинастырумен, сұрақ-жауап, бақылау жүргізумен байланысты болып келеді. Мұндай өздік жұмысты проект - жоба дейді. Оқушылар тобы немесе жеке оқушы жобаның тақырыбы мен міндеттерін анықтап, тек мектеп қабырғасында ғана емес, сондай-ақ мектептен тыс та жұмыс істей алады (мұрағаттарда, мұражайларда, қалалық кітапханада, мекемелерде т.б.). Жоба әдісі оқушыны оқу субъектісі етіп қана қоймай, оның қазіргі ақпараттар

заманындағы өте маңызды әртүрлі бағыттан келіп түскен ақпаратты жинастыру мен талдау дағдыларын қалыптастырады.

Танымдық және шығармашылық белсенділікті арттыру міндеті дидактикалық рөлдік ойындардың пайда болуына себеп болды. Эмоционалдық өріске бағытталған олар оқушылардың танымдық ынта-ықыласына, қиялына дем беріп, оқу процесінде аз қамтылатын жеке тұлғалық компоненттердің қызметін арттырады. Бүгінде батыс елдердің коммерциялық фирмалары әр жастағы оқушыларға арналған көптеген дидактикалық ойындар шығарады. Оларды барлық пән мұғалімдері қолданады, әсіресе тарих, қоғамтану, биология пәндері бойынша. Суреттермен, портреттермен, сызбалармен, текстермен жұмыс істей отырып, оқушылар тарихи оқиғада, қазіргі әлеуметтік құбылыста, мектептің аса маңызды мәселесін шешуде «жеңіліске ұшырап қалуы» мүмкін. Рөлдік ойындар мен драматизация ынта-ықыласты оятатын мықты педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. Ол мұғалім оқушыларға мәселені шешу, қарама-қайшылықтың шығу жолын табу міндетін қойған кезде ерекше нәтижелі аяқталады.

Соңғы жылдары мектептерге жаңа техникалық құралдар кеңінен енгізілуде. Микроэлектроникаға негізделген бір беткей жаңа ақпарат тасушылардың пайда болуымен байланысты ақпарат революциясы соңғы он жыл ішінде мектептің дәстүрін айтарлықтай өзгертті. Болашақ білім беру көбінесе теледидар, аудио және бейне аппаратура, микрокомпьютер сияқты техникалық құралдары қазіргі заманғы ақпарат құралдарын ары қарай пайдаланумен байланысты.

Алайда қандай да керемет техника болмасын, ол мектептегі мұғалім орнын баса алмайды, бұл жағдай ең басты, ең маңызды болып қала береді. Оқушылардың танымдық белсенділігі, ең бірінші, сыныптағы мұғалімнің орнына, оның әрбір оқушының жақсы оқу қабілеттілігіне деген сеніміне, оқушылардың жетістіктерін әрдайым демеп отыруына байланысты. Нағыз мұғалімге мына қасиеттер тән: балаға деген сый мен сүйіспеншілік, оның

332 мүмкіндігіне сенім, оқушының өрлеу, жетістік, өз күшше сену сияқты сезімдері пайда болатын жағдайлар жасау. Микроэлектрлік техникамен органикалық байланыстағы адамгершілігі мол мұғалім оқу процесі мен мектептің бүкіл кейпін түбегейлі өзгерте алады. Мұндай жағдайдағы оқу бала үшін қиын емес, жаңаны тану, зерттелмегенді өз бетінше ашу, танымдық іс-әрекетінің жетістіктеріне жету қуанышына айналады. Осылайша, кешенді тұрғыда келу ғана оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендірудің практикалық шешімі туралы айтуға мүмкіндік береді.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

- 1) Қазіргі заман мектебіндегі оқушының танымдық іс-әрекетін белсендірудің маңыздылығын дәлелдеңіз.
- 2) «Оқушылардың танымдық белсенділігі», «оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру» ұғымдарының мәнін, олардың өзара байланысы мен өзгешелігін ажыратыңыз.

- 3) Оқушының танымдық белсенділігінің құрылымдық компоненттерін атаңыз.
- 4) Оқушылардың танымдық белсенділігінде оқу мотивациясының қандай маңызы бар? Оқу мотивациясы ретінде не болуы мүмкін?
- 5) Оқушылардың танымдық белсенділігі жалпы оқу және арнайы біліктерді меңгерумен байланысты екенін дәлелденіз. Басты, жалпы оқу біліктерін атаңыз.
- 6) Оқыту процесіндегі субъект-субъектілік қатынас дегеніміз не? Оқыту процесіндегі іс-әрекеттің субъектісі кім?
- 7) Оқушылардың репродуктивтік және продуктивтік танымдық іс-әрекетін қалай түсінесіз? Өз мамандығыңыздың пәні бойынша репродуктивтік және продуктивтік сипаттағы тапсырмалардан мысал келтіріңіз.
- 8) Оқыту процесіндегі оқушылардың танымдық белсенділігін қандай белгілер арқылы білуге болады? Оларды қандай әдістер көмегімен өлшеуге болады?
- 9) Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендірудің тәсілдерін, формаларын, әдістерін сипаттаңыз. Өз мамандығыңыздың пәні бойынша мысалдар келтіріңіз.
- 10) Оқушылардың танымдық іс-әрекетін жетілдірудің қазіргі дидактикалық әдістерін атаңыз.

333

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

- 1) Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру мәселесі бойынша әдебиеттер тізімін жасаңыз.
- 2) Өз мамандығыңыздың пәні бойынша жеке даралық тапсырмалар құрастырыңыз.
- 3) Өз мамандығыңыздың пәні бойынша оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын екі-үш ойын құрастырыңыз.
- 4) Оқытылатын пәннің біреуі бойынша (математика, физика, биология, тарих т.б.) мәселелік жағдайлар құрастырыңыз.
- 5) Өз мамандығыңыздың пәні бойынша дарынды балаларға арналған зерттеу тапсырмаларын құрастырыңыз.

### **Реферат тақырыптары**

1. Іс-әрекет - оқушы жеке тұлғасының қалыптасуының негізі.
2. Танымдық іс-әрекет - жеке тұлғаның дамуының құралы.
3. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.
4. Таным мәні, оқыту процесіндегі оқушы белсенділігі мен іс-әрекетін белсендіру.
5. Л.В.Занков, В.В.Давыдов еңбектеріндегі дамытып оқыту идеясы.

### **Әдебиеттер:**

1. Аристова Л.П. Активность учения школьника. М., 1988
2. А.Е.Әбілқасымова Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Алматы, «Білім», 1994
3. Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения. М., 1980



4. Горшкова В.В. Активность личности школьника в совместной деятельности с учителем. Пособие по спецкурсу. Хабаровск, 1989
5. Коллективная учебно-познавательная деятельность школьников. /Под редакцией И.В.Первина. М., 1985
6. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. Астана, 1998

334

7. Педагогический поиск. М., 1987
8. Пидкасистый И.П., Порожков М.Я. Искусство преподавания. М., 1999
9. Скаткин М.Н. Активация познавательной деятельности учащегося в обучении. М., 1965
10. Хан Н.Н. Сотрудничество в педагогическом процессе школы. Алматы, 1997
11. Харламов Й.Ф. Как активизировать учение школьников. Минск, 1975
12. Шамова Г.И. Активизация учения школьников. М., 1982
13. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся учебном процессе. М., 1979
14. Щукина Г.И. Роль деятельности в учебном процессе. М., 19862.

335

### **2.15. Оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін есепке алу мен бағалау**

**Мақсаты:** оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін есепке алу мен бағалаудың негізгі әдістерінің сипатымен танысу.

#### **Міндеттері:**

- а) Оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау ұғымын құру.
- ә) Мектеп ішілік бақылау туралы ұғым беру.
- б) Оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалаудың әдістерін пайдалану білігін қалыптастыру.

#### **Жоспар**

1. Бақылау мен есепке алудың мәні. Мектеп ішілік бақылау.
2. Оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің негізгі әдістері.
3. Тәрбие жұмысының нәтижесін бағалау.
4. Оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін бағалаудағы сабақтың орны.

Негізгі ұғымдар: педагогикалық процесс, бақылау, бағалау, өзін өзі бағалау, өзара бағалау, мектеп ішіндегі бақылау, білім, білік және дағдылардың сапасы, оқушының тәрбиелілігі, психологиялық бақылау мен диагностика.

Басқа пәндермен байланысы: философия, әлеуметтану, психология, жеке әдіснамалық пәндер.

**Бақылау мен есепке алудың мәні. Мектеп ішілік бақылау.** Оқыту мен тәрбие нәтижелерін есептеу мен бағалау тұтас педагогикалық процестің маңызды компоненті болып табылады. Ол әрдайым мұғалімнің назарында болады, педагогикалық процестің тиімділігі мен нәтижелілігін көрсетеді. Сондықтан, жалпы оқыту процесіндегі оқушылардың білім, білік және

дағдаларын тексеру мен бағалаудың қандай орын алатынын, онда оқыту, дамыту және тәрбие үшін қандай потенциалды мүмкіндіктер барын, бұл мүмкіндіктерді оқу іс-әрекетін белсендіру үшін қалай дамытып, пайдалану керектігін, оқыту жемісті болу үшін нәтижесіне не ықпал ететінін қарастыру қажет.

Оқыту нәтижесін тексерудің мәні - оқушылардың белгілі бір бағдарлама, пән бойынша білім беру стандартына сай білімді меңгеру деңгейін анықтау. Алайда, қазіргі педагогикада тұтас педагогикалық процесті тексеру мен бақылау ұғымдарының ауқымы айтарлықтай кең.

336

Оқытуды бақылау дегеніміз, бір жағынан, мұғалімдер мен мектептердің жұмыстарын тексерудің әкімшілік-ресми тәртібі, нәтижелерін басқару шешімдерін қабылдау үшін қызмет ету. Ал екінші жағынан, оқытуды бақылау дегеніміз мұғалімнің оқушылар білімін тексеруі мен бағалауы. Отандық ғылымда "педагогикалық диагностика" атауының қолдану аясы тар және көбінесе тәрбие саласында көбірек қолданылады, онда ол тәрбиелілік деңгейдің өлшемі мен талдауын білдіріп, психодиагностикаға жақындай түседі. Оқыту процесіне қатысты "педагогика диагностикасы" атауын жоғарыда келтірілген мағынада қолданған орынды. "Бақылау", "педагогикалық процесс нәтижелерін тексеру мен есепке алу" сияқты дәстүрлі атаулармен де қолдануға болады.

Бақылау мазмұнының мәні ерекше. Оқушылардың білім, білік және дағдылары тексеруге жатады деп есептелінеді. Білімдерден басқа шәкірттердің әлеуметтік және жалпы психологиялық дамуы мектеп жетістіктерін тексерудің мазмұны болып табылады. Мектеп тек білімдерді қалыптастырып қана қоймай, тәрбиелеп, дамытатын болғандықтан, мектеп жетістіктерін тексеру бағыттарында да жүргізілуі керек.

Осылайша, тұтас педагогикалық процесте оқу-тәрбие жұмысы нәтижелерін есепке алу мен бағалау мұғалімдер мен оқушылар іс-әрекетіндегі құбылыстардың барлық жағын қамтуы керек.

Мектептерде педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін есепке алу мен бағалау мектеп ішіндегі бақылау жүйесіне енгізілген. Мектеп ішіндегі бақылау - қойылған міндеттерге сәйкес тұтас педагогикалық процеске түзетулер енгізу мақсатында оқу-тәрбие процесін жан-жақты зерттеу мен талдау. Мектеп ішіндегі бақылау - күрделі де көп жақты процесс, ол да барлық тұтастықтар сияқты заңды тәртіп ретінде, бір бірімен тығыз байланысты және әрқайсысы белгілі бір қызмет атқаратын бөліктердің тұтастығынан тұрады.

Мектеп ішіндегі бақылау жүйесі белгілі бір дидактикалық талаптарға негізделеді. Бақылаудың мазмұны мен әдістеріне деген бұл талаптар үйлесімді, басқару қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайларды анықтайды. Қазіргі зерттеушілер бақылауға төмендегідей дидактикалық талаптар қояды:

1. Бақылау мазмұнының бағдарламалық талаптарға сәйкес болуы. Егер талаптар төмен болса, білім беру деңгейі де төмендейді; ал талаптар жоғары

болған жағдайда оқушыларға шамадан тыс салмақ түседі.

2. Алынған ақпарат мазмұнының шынайлығы мен анықтығы.
3. Оқушылар дайындығының негізгі элементтеріне талдау жасау қажеттігі.
4. Бақылау шапшаңдығы, жүйелілігі мен жариялылығы.
5. Бақылаудың даралық және ұжымдық формаларын үйлестіру.

Алынған ақпарат көлемі бойынша бақылаудың келесі түрлерін ажыратуға болады:

а) жаппай бақылау, мұғалім мен оқушының жұмысы жүйесінің негізгі компоненттері зерттелінеді;

ә) тақырыптық бақылау, кез келген процестің бөлігі болып келетін мәселенің талдауымен байланысты.

Мектеп ішіндегі бақылаудың белгілі бір формалары бар және ол тиісті әдістер арқылы жүзеге асырылады. Бақылау әдістері мен формаларының алуан түрлілігі оның объективтілігін арттырып, әрбір мұғалім мен тұтас педагогикалық ұжымның іс-әрекетінің ұжымдық бағалауы үшін жағдай жасайды. Бақылаудың әрбір формасының мақсаты болуы керек, ол оқу-тәрбие жұмысының әртүрлі кезеңінде пайда болуы мүмкін қиыншылықтардың алдын алуға жағдай жасауы керек.

Бақылаудың үш түрі бар:

1. Алдын ала бақылау: сабақ өткізу үшін әзірленген жоспарлар, материалдармен танысу; түсіндіру, бекіту әдістері мен формалары туралы, оқушылардың өзіндік жұмысының тәсілдері туралы әңгіме жүргізу.

2. Күнделікті бақылау: сабақты немесе сабақтардың өтуін бақылау, оқушылардың білімдері мен дағдыларын тексеру, оқушылар жұмысын қарап шығу;

3. Қортынды бақылау: белгілі бір уақыт аралығындағы мұғалімнің оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысының нәтижелерін зерттеу. Журналдар, мәлімет тізімдерді тексеріп, бақылау жұмыстары, сұрақ-жауап өткізу.

Мектеп ішіндегі бақылау жүйесінде педагогикалық процестің жай-күйін зерттеу келесі мәселелерді тексеруді керек етеді: мектеп жасындағы балалардың барлығына толық білім беру туралы белгіленген талаптарды орындау; мемлекеттік оқу бағдарламаларын толық көлемде орындау;

оқушылардың білім, білік және дағдыларының деңгейі (тексеру жұмыстары негізінде анықталады); оқушылардың тәрбиелілік деңгейі.

Аталып кеткен қортындыға байланысты мектеп құжаттарын жүргізу, оқытудың тәрбиелілік сипатының болуы, сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстардың сапасы, барлық оқушылардың үйлесімді ақыл-ой және жекелік дамуын қамтамасыз ететін оқыту процесінің даралануы (мектеп психологінің қатысуымен жүргізіледі) тексеріледі.

**Оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің негізгі әдістері.** Оқыту процесінің құрамды бөлігінің бірі болып келген оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің мақсаты

оқушылардың оқу жұмысын бақылау мен олардың үлгерімін есепке алу. Мұғалімге оқушылардың білім, білік және дағдыны толық және сапалы түрде меңгеруі аз. Оқушылардың білімдеріндегі кемшіліктерді анықтап, мұғалім оны жоюға тырысады, оқушыларға ақыл-ой және практикалық жұмыс тәсілдерін үйретеді. Білім сапасына ерекше мән беріледі, ол мына қасиеттермен сипатталады: білімнің толықтығы мен ғылымилығы - белгілі бір оқу пәнінің мектеп бағдарламасына сәйкес өзегі болатын негізгі мағлұматтар, түсініктер мен ұғымдар, ережелер, заңдар, теориялар; білімдерді меңгеру саналылығы - оқушының ғылыми заңдар негізінде фактілерді, құбылыстарды, материалдық әлем заттарын түсіндіре алуы, білімдерді ұқсас жағдайларда қолдана алу және білімдер мен іс-әрекет әдіс-тәсілдерін жаңа жағдайларға кешіре алуы; білімдер жүйелілігі - жаңа түсініктер мен ұғымдардың оқушы санасындағы бұдан бұрын игерген білімдермен тығыз байланысы; беріктік - жинақталған білім саны мен іс-әрекет әдіс-тәсілдерінің оқушы есінде сақталуы.

Оқушылардың оқуға қатынасы, дербестік, еңбекқорлық, ынталылық, берілген тапсырманы дер кезінде орындау мен оның сапасына деген жауапкершілік сияқты оқушы жеке тұлғасының басты қасиеттерінің қалыптасуы оқушылардың білімін тексеру мен бағалау қалай жүргізілгеніне байланысты. Осылайша, тексеруге тек бақылаушылық қана емес, сонымен қатар, тәрбиелілік пен дамытушылық қызметтері де тән.

Оқушылар білімінің, білік және дағдалырының сапасын бақылау келесі элементтерден тұрады: - білімді қабылдау, мәнін түсіну және есте сақтау

339 деңгейінде тексеру, яғни оқушының сабақта мұғалімнен және өздігінен оқулықты оқығанынан алған білім санын еске түсіре алуын тексеру (бұл көбінесе теориялық метариалды тексеруге қатысты);

- білімдерді ұқсас жағдайда қолдану деңгейінде, яғни үлгі бойынша тексеру;

- білімдерді ойлаудың кейбір дәстүрлі емес элементтерін көрсетуді талап ететін жаңа жағдайда қолдану деңгейінде тексеру.

Оқушылардың білімінің, білік және дағдаларының сапасын бақылау келесі мақсат пен міндеттер арқылы анықталады:

1. Оқушылардың белгілі бір пән бойынша білімдерінің шынайы жай-күйі және бұл білімдердің лайықты мемлекет бағдарламаларының талаптарына сай болуы.

2. Тәжірибелік білік пен дағдаларды ұқсас және жаңа жағдайлар деңгейінде игеру дәрежесі.

3. Бүкіл сыныптың немесе жеке бір оқушы білімінің нашар болуының себебі.

Процесс ретінде білім, білік және дағдыларды бағалау жеке оқушыны бақылау (тексеру) барысында жүзеге асырылады. Бағалаудың шартты көрінісі баға, ол көбінесе балл түрінде болады. Отандық дидактикада бағаның 4 балдық жүйесі қалыптасқан: "5" -толық меңгерген (өте жақсы);

"4" - жеткілікті меңгерген (жақсы); "3" - жеткіліксіз меңгерген (қанағаттанарлық); "2" - мүлдем меңгермеген (өте нашар).

Білім сапасының сандық көрсеткіші мына формула бойынша анықталады:  $k=Z/p$ ,  $Z$  - "4" және "5" бағалары бар оқушылар саны,  $p$  - оқушылардың жалпы саны.

Үлгерім бағасын оқыту сапасы мен оқушылардың танымдық белсенділігінен бөліп қарауға болмайды. Оқушылардың оқып жатқан материалды меңгеру дәрежесіне объективті және әділ баға берудің маңызы зор болғанымен, қойылатын бағаны оқушыларды оқу іс-әрекетіне мәжбүр ету амалына айналдыруға болмайды.

Бақылау әдістері - оқытудың жетістігі, оқу процесінің тиімділігі туралы мағлұмат алу мақсатында оқыту процесінде қарама-қарсы байланысты қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушылардың бірізді, өзара байланысты диагностикалық қызметтерінің жүйесі. Бақылау әдістері оқыту процесі туралы жүйелі, толық, нақты және жылдам ақпарат алуды қамтамасыз 340

етулері керек. Бақылаудың мынандай әдістері бар: ауызша бақылау әдістері, жазбаша бақылау әдістері, тәжірибелік бақылау әдістері, дидактикалық тестер, бақылап-зерттеу. Кейбір зерттеушілер нәтижелерді зерттеудің басқа да әдістерін ұсынады.

Ауызша бақылау әдістері - бұл сұқбат, оқушы әңгімесі, түсіндірме, тексті оқу, технологиялық карталар, сызбалар, тәжірибе туралы хабарлар. Ауызша бақылаудың негізін оқушының монологиялық жауабы (қортынды бақылауда бұл толығырақ, жүйелі баяндама) немесе мұғалім сұрақ қойып, оқушыдан жауап алатын сұрақ-жауап формасы - сұқбаты құрайды. Ауызша бақылау әр сабақ сайын жеке-дара, жаппай немесе құрастырылған формада жүргізіледі. Оқушылардан жеке-дара сұрақ-жауап алу мұғалімге меңгеру деңгейі туралы толығырақ және нақтырақ мәлімет алуға мүмкіндік береді, бірақ, екінші жағынан, ол басқа оқушыларды сабақта әрекетсіз қалдырады. Жаппай сұрақ-жауап алу барлық оқушыларды бірден қамтыса да олардың білімді меңгергені туралы үстіртін мағлұмат береді. Оқытудың белгілі бір уақыт аралығындағы білімді тексерудің ең тиімді де толық түрі сынақ (зачет) пен емтихан болып табылады.

Жазбаша бақылау әдісі (бақылау жұмысы, мазмұндама, шығарма, диктант, реферат) білімді меңгерудің терең әрі жан-жақты тексеруін қамтамасыз етеді, өйткені ол оқушының білімі мен білігінің тұтас жиынтығын талап етеді. Жазбаша жұмыста оқушы теориялық білімін де, оларды нақты бір міндеттер мен мәселелерді шешуде қолдана алуын да көрсетуі керек. Сонымен қатар, бұл әдіс арқылы оқушының жазба тілін игеру дәрежесі, мәтінді мәселеге сай, қисынды етіп сөйлем құрап, баяндай алуы, шығармаға, экспериментке, мәселеге баға бере алуы көрінеді.

Тәжірибелік бақылау әдістері көбінесе кәсіптік мектептерде (техникалық, медициналық, педагогикалық білім беретін) қолданылады, өйткені бұл әдіс негізінде оқушылар лабораториялық сынақтар жүргізеді, бұйымдар жасайды, аппарат монтаждайды.

Дидактикалық тестер оқыту нәтижелерін тексерудің ең жана әдісі (амалы) болып табылады. Дидактикалық тест дегеніміз - белгілі бір материал бойынша оқушылардың оны меңгеру дәрежесін анықтайтын стандартты тапсырмалар жиынтығы. Тестердің артықшылығы оның шынайылығында, 341

яғни білімді тексеру мен бағалаудың мұғалімге байланысты еместігінде. Тестердің төрт түрі бар:

- Оқушының есте сақтау мен еске түсіру керек деректерді, ұғымдарды, заңдарды, теорияларды, барлық мәліметтерді білетінін тексеру, яғни бұл жағдайда репродуктивті жауаптар талап етіледі.

- Алынған білімдер негізінде ойлау қызметін орындай алуын тексеру, бұл, негізінде, типтік міндеттерді шеше алу.

- Өткен тақырыптарға өзіндік сын баға бере алуы.

- Білімдерді алынған мәліметтер негізінде жаңа нақты жағдайларда қолдана білуі.

Бақылау мен тексеру оқушының артта қалуының себептерін ашуға мүмкіндік береді. Оқушының артта қалу себептерінің үш тобын ажыратуға болады:

1) Әлеуметтік-экономикалық - жанұя әл-ауқатының нашар болуы, жанұядағы жалпы бейберекет ахуал, араққұмарлық, ата-ананың педагогикалық сауатсыздығы. Қоғамның жалпы жай-күйі де балаларға әсер етеді, бірақ ең бастысы - жанұя өміріндегі кемшіліктер.

2) Биопсихикалық сипаттағы себептер - мұрагерлік ерекшеліктер, қабілеттілік, мінез-құлық белгілері. Алғы шарттардың ата-ана арқылы берілетінін, ал қабілеттілік, әуестік, мінез-құлықтың осы алғышарттар негізінде өмір жолында дамитынын ескеру керек. Дені сау болып туған балалардың бәрінің әлеуметтік, жанұялық ортаға және тәрбиеге байланысты даму мүмкіндіктері бірдей екені дәлелденген.

3) Педагогикалық себептер. Педагогикалық салақтық көбінесе қателіктердің, мектеп жұмысының төмен деңгейінің нәтижесі болып табылады. Оқыту, мұғалім жұмысы - оқушы дамуындағы шешуші фактор. Педагогтың өрескел қателігі оқушының оқыту процесінде алынған және кейде тіпті арнайы психотерапиялық көмек керек ететін психикалық дамуына әсер етеді.

Алайда бұл оқудағы сәтсіздіктің жалғыз себептері емес, оның басқа да себептері бар, мысалы, оқытудың қатал да бірбеткей жүйесі, оқытудың әдістері мен формаларындағы біркелкілік пен стереотиптілік, эмоциялардың бағаланбауы, оқытудың мақсатын айқындай алмау және нәтижелерді бақылаудың тиімді жолының болмауы, оқушылардың дамуын ескермеу, үстіртін сабақ жүргізу.

342

Осылайша мұғалімнің дидактикалық, психологиялық, әдістемелік жағынан жете білмеушілігі оқудағы сәтсіздіктерге әкеледі.

Үлгермеушіліктің дидактикалық себептерін жоюдың да амал-тәсілдері бар:

а) Педагогикалық алдын алу - орынды педагогикалық жүйелер іздеу, соның ішінде, оқытудың белсенді әдістері мен формаларын, жаңа педагогикалық технологияларды, компьютеризацияны, т.б. қолдану.

ә) Педагогикалық диагностика, оқыту нәтижелерін жүйелі бақылау мен бағалау, қиыншылықтарды дер кезінде айқындау ретінде.

б) Педагогикалық терапия - оқудағы артта қалушылықты жоюдың шаралары.

в) Тәрбиелік ықпал ету - жеке-дара жоспарлы тәрбиелік жұмыс.

Артта қалушылық - дидактикалық, әдістемелік, психологиялық, медициналық және әлеуметтік-педагогикалық аспектісі бар күрделі мәселе екенін айта кеткен жөн. Сондықтан оны шешу де күрделі болу керек.

Көптеген педагогтар оқушыны оқушы білімін бағалау процесіне қатысты белсенді орынға қоятын әдістерді қолданады. Білім, білік және дағдыны бағалаудың, бақылаудың стандарттан тыс формалары қолданылады: өзін өзі бағалау, бірін бірі бағалау. Өзін өзі бағалауда оқушы өз еңбегін өз бетінше тексеріп, бағалайды, бірін бірі бағалауда - сыныптастар бір бірінің жұмыстарын тексеріп, баға қояды.

Тексеру әдістерін таңдау тексерушінің өз алдына қойған мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Оқу жұмысы жүйесінде қажетті жүйелілік пен оқушылардың үлгерімі сапасын терең бақылауды қамтамасыз ету үшін білімдерді тексеру мен бағалаудың жоғарыда келтірілген әдістерінің барлығы да қолданылуы керек.

**Тәрбие жұмысының нәтижесін бағалау.** Тәрбиелік жүйені кәсіби ұйымдастырудың құрамында, міндетті түрде, педагогикалық талдау компоненті болуы керек, бұл талдау негізінде педагогтар тәрбие барысының дұрыстығын, оның белгілі дәрежеде жемісті екенін біле алады, ұйымдастыру шараларын жетілдіріп, немесе оған уақытқа, балалар жасына, оқиғалар мен жағдайларға бйаланысты түзетулер енгізе алады. Педагогикалық талдау - бұл

343  
тәрбиенің мәндік элементтерін бағалай отырып қарастыру.

Тәрбиелік процесті бақылау, ең алдымен, оқу процесінің барысында жүзеге асырылады, өйткені негізгі тәрбие жұмысы сабақ үстінде жүргізіледі. Тәрбиелік процесті бақылауда сынып жетекшісінің сабақтан тыс жұмысын, балалардың қоғамдық ұйымдарының, клубтардың, үйірмелердің, секциялардың іс-әрекетін, сондай-ақ, осы жұмыстың жалпы нәтижелерін зерттеу ерекше орын алады.

Тәрбиелік процесті бағалау үшін көптеген бағалау сипаттамалары бар бала тәрбиелілігінің негізгі ұғымдары енгізіледі. Оқушы тәрбиелілігі - оның жекелік дамуының педагогтар қойған мақсатқа сәйкес келу дәрежесі. Тәрбиелік процестің нәтижелілігін анықтау - оқушылардың тәрбиелілік деңгейін айқындау деген сөз.

Тәрбие жұмысын бағалаудың шынайылығына тәрбиелілік өлшемдер анықтау арқылы жетуге болады. Бұл өлшемдер екі үлкен топқа бөлуге болады, оның біріншісі жалпы жеке тұлғалық сипаттаманы айқындаумен байланысты болса, екіншісі жекелеген белгілер мен қасиеттердің

калыптасуымен, тәрбиелік ықпал етудің белгілі бір әдістерін қолданумен байланысты аралық, жиі-жиі нәтижелерді тексеруге қатысты.

Аралық немесе қортынды кезеңдегі тәрбиелік процестің қортындысы мен нәтижесін талдау үшін қолданылатын бірінші топтың өлшемдері негізінде жеке тұлғаға деген жалпы талаптар болуы мүмкін. Бұл талаптарды қоғам дамуы процесінде өзгеріп отыратын әлеуметтік тапсырыс анықтайды.

Екінші топ өлшемдерін келесі топтарға бөлуге болады:

а) Тәрбие нәтижелерінің сыртқы түрпішінде -пайымдауларда, бағаларда, әрекеттерде көрініс табуымен байланысты өлшемдер.

ә) Тәрбиешінің көзінен таса құбылыстармен, яғни сөзінде, қылықтарында, іс-әрекеттеріндегі сыртқы көріністерімен сәйкес келмейтін адамның себеп-сағдарларымен, ішкі ұстанымымен байланысты өлшемдер.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекет жемісі, немесе оның нәтижесі балалардың тәрбиелілігі болып табылады. Балалардың тәрбиелілігінің деңгейі қаншалықты жоғары болса, педагогтің кәсібилігінің бағасы соғұрлым жоғары  
344

болады. Алайда мәселенің мұндай қойылуы әділетсіз көрінуі мүмкін, өйткені педагог алдына келген балалардың өзінің мектепке дейінгі өмірінің нәтижесі ретіндегі тәрбиелілігінің деңгейі әртүрлі болады: бір топта -ақылды, мейірімді, тәрбиеге бой ұсынатын балалар; ал басқа топта - дамымаған, агрессивті, күтім көрмеген балалар. Бастапқы тәрбие арқауы сәтсіз болғандықтан, нәтижесі де әртүрлі болады.

Мұндай қарама-қайшылықтан шығудың жолы - тәрбиелік процесті бағалау өлшемдерінің үшінші тобын енгізу - балалардың өзгеру мөлшерлері, "қандай болды" және "калай өзгерді", даму мен рухани баю динамикасы. Балаларды бір бірімен емес, тек оларды өткендегісі мен осы шақтағы тәрбиесімен салыстырса ғана кәсіби әділеттілік сақталады.

Тәрбие нәтижелерін бағалау мәселесінде оларды өлшеу амал-тәсілдерін іздестіру ерекше орын алады. Осылайша, жеке тұлғаның тәрбиелілігін бағалау негізі ретінде жеке тұлғаның белгілі бір түрпішінде көрінген қандай да бір сипаттамалық немесе өзекті қасиеттер тобын алу керек. Бұл қасиеттердің даму деңгейін, белгілі мағынада, баланың тәрбиелілігінің көрсеткіші деп есептеуге болады.

Тәрбиелік жұмыс нәтижелерін бағалаудың негізгі әдістері ретінде бақышап қарауды, әңгіме-сұқбатты, оқушылардың әртүрлі құбылыстарға қатынасы бойынша тақырыптарға шығармаларын, тестіні есептеуге болады.

Тәрбиеліліктің кейбір көрсеткіштерін арнайы диагностикалық әдістер арқылы білуге болады. Осындай амал-тәсілдер аз емес: сауалнама, анкета, шығарма, тест. Педагогикалық диагностикалық әдістер баланың құндылық қатынастарын (оның бар екенін және мөлшерін) анықтайды, өйткені олардың барлығы баланы "ерікті таңдау" орнына қояды және бұл таңдау арқылы оның жақсылық не жамандықты, ақиқат не өтірікті, әсемдік пен ұсқынсыздықты ажырата алады.

Әңгіме-сұқбат арқылы тәрбиеліліктің кейбір көрсеткіштерін келтіруге болады. Әңгіме-сұқбат жеке-жеке әрбір оқушымен, сондай-ақ топпен де



жүргізіледі. Әңгіме-сұқбатта жанама, тура, ашық және жабық сұрақтарды қолданылуы мүмкін. Тура сұрақтар керек құбылыстарды айқындауға тікелей бағытталады. Жанама сұрақтар керек құбылыстардың жанама түрде айқындайтын фактілерді анықтауға бағытталады.

345

Ашық сұрақтар ерікті жауапты керек етеді. Жабық сұрақтарда жауаптардың бірнеше варианттары болуы мүмкін, олардың арасынан ең лайықты дегенін таңдап алу керек.

Әңгіме-сұқбат өткізу үшін ең алдымен сұрақтардың тізімін жасап алу керек, ол сұрақтар жүйелілікте орналасуы керек, сондай-ақ олар зерттеушінің алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне сай болуы қажет.

Тәрбиеліліктің кейбір көрсеткіштерін бақылап қарауға болады. Олар баланың сыртқы көрінісі, мимикалық және пластикалық бейнесі, тілі мен жеке қылықтарынан қалыптасқан мінез-құлқы, сайлаушылық іс-әрекеті, әлеуметтік құбылыстарға жауап беруі, оның қоршаған ортамен ара қатынасы, сондай-ақ, оның заттық тұрғыдан сапалылығы.

Бақылау, объективті және кірістірілген болуы мүмкін. Кірістірілген бақылау - бақылаушының өзі сырттай да, іштей де бақылап зерттейтін процестерінің қатысушысы болып келетін зерттеу әдісі. Субъективті бақылау - сырттай бақылау зерттеу, онда бақылаушының бақылау зерттеген жағдайына қатысы болмайды.

Бақылау, объектісі үшін табиғи жағдайларда да, сондай-ақ, бақылаушының қолдан жасаған жағдайларында да жүргізілуі мүмкін. Егер бақыланатын объекті өзінің бақыланып жатқанын білмесе, онда бұл жасырын бақылау деп аталады. Егер бақылау объектісі оны білетін болса, онда бұл ашық бақылау деп аталады.

Бақылау үздіксіз және дискретті болуы мүмкін. Үздіксіз бақылау кезінде зерттеуші әрдайым объектінің қасында болып, оның мінез-құлқын зерттейді. Дискретті бақылауда зерттеуші объектінің мінез-құлқын белгілі бір уақыт аралығында ғана, яғни әр түрлі уақытта зерттейді.

Бақылау өткізудің белгілі бір тәртібі бар:

1. Бақылаудың мақсатын, міндеттерін және объектісін анықтау.
2. Бақыланатын құбылыстың негізгі параметрлерін анықтау (бақыланатын құбылыстың көріну дәрежесін қандай параметрлері арқылы анықтауға болады).
3. Бақылаудың кестесін жасау. Ол бақылау объектісінің саны мен бақылауға бөлінген уақыт мөлшеріне қарай өзгеріп тұрады.

346

Егер бір оқушының мінез-құлқын бірнеше сабақ бойы бақылау керек болса, онда оның кестесі былай болады:

<b>Бақылаудың өлшемдері</b>	<b>1 сабақ</b>	<b>2 сабақ</b>	<b>3 сабақ</b>
1 көрсеткіш			
2 көрсеткіш			
3 көрсеткіш			

Ал егер бірнеше оқушыны бір сабақ ішінде бақылап зерттеу керек болса, онда кесте өзгереді:

<b>Бақылаудың өлшемдері</b>	<b>1 оқушы</b>	<b>2 оқушы</b>	<b>3 оқушы</b>
1 көрсеткіш			
2 көрсеткіш			
3 көрсеткіш			

4. Бақылау нәтижесіне талдау жасау (нәтижелер бақылау кестесінде белгіленеді).

Тәрбиелілікті бағалау мәселесі әлі де жете тексерілмеген және одан әрі зерттеуді керек етеді. Алайда, терең зерттелген педагогикалық диагностикамен жүргізілмеген тәрбиені жоғары кәсіби түрде ұйымдастыру өте қиын екені белгілі.

#### **Оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін бағалаудағы сабақтың орны.**

Сабақты талдау оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін бағалауда өте жиі қолданылады. Сабақта оқушылардың да, мұғалімнің де іс-әрекетін бақылауға болады, ол материалды меңгеруде пайда болатын қиыншылықтардың себебін білуге, сондай-ақ оқытудың тәрбиелілік сипатын тексеруге мүмкіндік береді. Тұтастай оқыту процесінің жетістігі, негізінен, сабақтың сапасына байланысты. Сабақта, орталық нүкте сияқты, педагогтің барлық іс-әрекеті, оның ғылыми дайындығы, педагогикалық дағдылары, оқушылардың ойлау жұмысын ұйымдастыру қабілеттілігі шоғырланады.

Сабақтың шынайы құндылығы - оның нәтижесі: оқушылардың материалды меңгеруінің дәрежесі. Мұғалім сабақта сырттай тиімді тәсілдердің қандайын қолданса да, оқушылар тақырыпты меңгермесе, сабақты дұрыс өтті деп айтуға болмайды. Сабақта оқушы тек түсініп қана

347  
қоймай, білімнің белгілі бір мөлшерін меңгеріп, қажетті дағдылар мен біліктерді дамытуы керек.

Сабақтың талдауы белгілі бір сызба арқылы жүргізіледі және ол бақылап-зерттеудің міндеттеріне қарай өзгеріп отырады. Жалпы түрінде бұл сызба келесі позицияларды айқындаудан тұрады:

1. Мұғалім белгілеген сабақтың мақсаты мен міндеттері; оларды орындау үшін сабақтың қандай түрі таңдалды.

2. Сабақтың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жұмыстың тәсілдері мен әдістері қаншалықты терең ойластырып, таңдалып алынды.

3. Оқу процесіне деген қазіргі заман талаптары дұрыс жүзеге асып жатыр ма, сабақта оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту біртұтастығы орындала ма.

4. Сабақ ұйымдастырылуы жағынан қаншалықты дұрыс ойластырылып, жүзеге асырылған (өз уақытында басталуы, жүзеге асырылу уақыты мен материалдың көлемі жағынан, сабақтағы жұмыс минутының тығыздығы жағынан сабақтың әрбір құрамдық бөлігінің ойластырылуы.); оқытуда

даралық әдіс қолданылған ба, үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жүргізілді ме.

5. Оқушылардың сабақтағы белсенділігі қандай, олардың жаңа білім алуға деген ынта-ықыласы бар ма.

6. Сабақтың тәрбиелік, дамытушылық және оқыту мақсаттары жүзеге асырылды ма.

Сабақты түпкілікті, тұрақты критерилер негізінде абстрактілі талдауға болмайды. Ең алдымен, әрбір сабақта жұмыстың барлық тәсілдері мен әдістерін іздеу қажет. Сабаққа талдау жасағанда келесі нақты жағдайларды ескеру керек:

1. Тақырыптың ерекшеліктері. Кейбір сабақтарда көрнекілік және техникалық құралдарды қолданудың, оқушыларды тақтаға шығарудың, кітаппен жұмыстың қажеті болмауы мүмкін.

2. Мектеп мүмкіндіктері, бөлмелердің, техникалық және көрнекі құралдардың, кітапханадағы қажетті кітаптардың, мектеп маңындағы алаңдардың болу-болмауы. Сабақты талдағанда мұғалімнің материалды терең оқып-білу үшін барлық қажетті заттарды қолданданына көңіл бөлу керек, алайда, сонымен қатар, нақты орындалатын талаптар қою керек.

348

3. Сынып құрамы, оқушылардың дамуы мен қабілеттілігінің деңгейі. Сабақ туралы пікір оқушылардың жауабы, бақылау жұмыстары, сыныптың дайындығы негізінде құралатыны белгілі.

4. Мұғалімнің даралығы, оның жұмыс стажы, дайындық деңгейі, мінез-кұлқының ерекшеліктері, денсаулық жағдайі жұмыстың бұрыңғы нәтижелері.

Сабақтың талдауын сыртқы сараптамалық бағалаудың түрі ретінде қарастыруға болады. Сыртқы сараптамалық бағалау -бағалайтын құбылысын жақсы білетін және оған дұрыс, объективті баға бере алатын адамдар - сарапшылар пікіріне сүйенетін зерттеу әдісі. Сондықтан сабақ талдауын мектеп басшылығының өкілдері немесе тәжірибелі әріптес-ұстаздар жүргізеді. Сабақтың нәтижесін техникасының сызбасы талдау баспадан бірнеше рет жарық көрді. Ең орынды және дұрысы келесі сызба: педагог, өз пікірінше, неге жете алды, неге жете алмады деген сияқты өз сабағы туралы әңгімелейді; содан кейін барып сарапшы (жетекші) сабақтың дұрыс деген жақтарын ашады; осыдан кейін ғана дұрыс емес жақтарына талдау жасау керек; ең соңында сәтсіздіктерді қалай жеңу керектігі туралы ұсыныстар жасалады; талдау соңында педагогке өз пікірін білдіру үшін сөз беріледі, шығармашылық ғылыми айтыс, әңгіме жүргізіледі.

Тәрбиелік жұмыстың нәтижелерін есепке алу оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуын, сондай-ақ жеке тұлғасының даму деңгейін бағаламай толық бола алмайды. Бұл бағалауды психологиялық бақылау мен диагностика барысында мектеп психологі жүргізеді. Психологиялық бақылау мен диагностика -психологтің педагогикалық ықпал-әсер нәтижелілігін анықтау мақсатында жүргізетін тексеру шараларының жиынтығы. Тексеру шаралары, негізінен, жай ғана бақылаудан, сабақтың психологиялық

талдауынан, тесттерден тұрады. Психологиялық диагностикада белгілі бір психологиялық міндеттерді орындау үшін арнайы таңдалып алынған бірнеше әдістерді қолданады.

Психологиялық диагностиканың ең көп тараған түрі тест.

Психодиагностикада тестер арқылы белгілі бір зерттелетін психикалық сипаттардың даму дәрежесінің салыстырмалы сандық және сапалық көрсеткіштерін алуға болады. Мұндай тест дәлдік, беріктік, объективтілік талаптарына сай болу керек. Тестің беріктігі дегеніміз оның сол нәтижелерді бірнеше рет, ұқсас жағдайларда көрсетуі.

349

Дәлдік дегеніміз тестің тест жасаушысы өлшегісі келетін дәл сол психологиялық құбылыстарды тауып, өлшеуі. Айтылғандардан белгілі болғандай, бұндай тестерді жасау мен қолдану арнайы білім мен уақытты қажет етеді. Сондықтан психологиялық диагностиканы тек қана психолог-маман жүргізуі керек. Алынған мәліметтер негізінде психолог мұғалімге оқу-тәрбие процесін психологиялық қамтамасыз ететін кепілдеме дайындайды.

Осылайша, оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін тексеру тұтас болу керек, ол жүйеде өткізілуі керек. Оны жүзеге асырумен мамандардың барлығы: ұстаздар, оқу мекемесі басшылығының педагогтары, психологтар, әдіскерлер айналысуы керек. Мектептерде педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін есепке алу мен бағалау мектеп ішіндегі бақылауға енгізілген.

#### **Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар**

- 1) Мектеп ішілік бақылау дегеніміз не?
- 2) Білім, білік және дағдының сапасы дегеніміз не?
- 3) Оқыту мен тәрбие нәтижелерін бағалаудың негізгі әдістерін атаңыз.
- 4) Психологиялық бақылау мен диагностика не үшін қажет?
- 5) Оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін есепке алу мен бағалаудың қажеттілігін не анықтайды?
- 6) Оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін есепке алу мен бағалау неге тұтас жүйені құрауы керек?
- 7) Бақылаудың қандай түрлерін білесіз?
- 8) Бақылауды жүргізудің бірізділігі қандай?
- 9) Әңгіме-сұқбатқа арналған сұрақтардың негізгі түрлерін атаңыз.
- 10) Әңгіме-сұқбат өткізер алдында сұрақтар тізімін жасап алу не үшін қажет?

#### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1) Әңгіме-сұқбат жүргізудің тәртібін жасаңыз (бақылау жүргізу тәртібін негізге алыңыз). Таңдап алған әңгіме-сұқбатты дәлелденіз.

350

2) Оқушылардың белгілі бір пәнге деген ынта-ықыласы деңгейін бақылаудың кестесін жасаңыз (мысалы, математика). Ол үшін оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласын айқындауға болатын негізгі параметрлер қандай екенін, қанша оқушыны және қандай уақыт аралығында бақылай алатыныңды анықтап алу керек. Содан кейін ғана кестені жасаңыз.

3) Мектеп бағдарламасының бір тақырыбы бойынша тексеру жұмысын жасаңыз (мысалы, биология бойынша: "Гүлді өсімдіктер" тақырыбы бойынша тексеру жұмысы).

4) Сіздің ойыңызша, мұғалім еңбегін бағалаудың басты көрсеткіштері қандай екенін анықтаңыз.

### **Реферат тақырыптары**

1. Тест тәрбие процесс барысындағы оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуын зерттеу әдісі ретінде.

2. Педагогикалық процесте мектеп ішіндегі бақылаудың қажеттілігі.

3. Оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейін есепке алу мен бағалау әдістері.

4. Тәрбиелік жұмыс нәтижелерін есепке алу мен бағалаудың қажеттілігі.

5. Психологиялық бақылау мен диагностика, тұтас педагогикалық процесс нәтижелерін тексерудің қажетті бөлігі.

6. Оқыту нәтижелерін есепке алу мен бағалау, олардың тұтас педагогикалық процесс жүйесіндегі орны.

7. Өзін-өзі бағалау мен бірін-бірі бағалау әдістері, оқыту процесін белсендіру факторларының бірі.

8. Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау әдістері.

351

## **2.16 Педагогикалық технологиялар**

**Мақсаты:** педагогикалық технологиялардың ерекшеліктері, түрлері, қызметтері туралы білімдерді қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

а) Педагогикалық технологиялардың мәнін ашу.

ә) Дәстүрлі және қазіргі кезеңдегі педагогикалық технологиялардың ерекшеліктері мен түрлерімен таныстыру.

б) Педагогикалық технологиялардың қызметтерін ашып көрсету.

г) Педагогикалық технологиялардың әдіснамалық негізі туралы түсінік қалыптастыру.

### **Жоспары**

1. «Технологиялар», «теория», «әдістер», «әдістеме», «оқыту технологиясы», «педагогикалық технология» ұғымдарының арақатынасы.

2. Педагогикалық технологиялардың түрлері.

3. Дәстүрлі оқыту технологиясы.

4. Педагогикалық технологиялардың қызметтері.

5. Тұтас педагогикалық процесс теориясы — педагогикалық технологияларды пайдаланудың әдіснамалық негізі.

**Негізгі ұғымдар:** теория, әдістер, әдістеме, оқыту технологиясы, педагогикалық технологиялар, педагогикалық процесс, технологияның түрлері, сабақ, мониторинг.

**Пәнаралық байланыстар:** философия, әлеуметтану, кибернетика, психология, педагогика тарихы, этнопедагогика, жеке әдістемелер.

**«Технология». «теория». «әдістер». «әдістеме». «технология», «оқыту технологиясы», «педагогикалық технология» ұғымдарының арақатынасы.**

Технология ұғымы біздің жүзжылдықта негізгі жалпы ғылымдық ұғымдардың бірі болып саналады. Философиялық көзқарас тұрғысынан технология теория мен практиканың арақатынасы контекстінде қарастырылады. Мәні жағынан ажыратыла отырып, теория мен практика әрқашанда бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Бұл әрекеттестіктің өзгешелігін сипаттай отырып, К.Поппер теория мен практиканың бірлігін бұзбау қажеттілігін атап көрсеткен. Философтардың дәлелдеуінше, теория адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталып, өзі туындап шыққан практикаға қызмет ету оның бағытын анықтайды, тәжірибелік процестердің барысына тікелей емес, технологиялық үлгілер арқылы жанама түрде әсер етеді. Теорияның практикадан ажырауының негізгі себептерінің бірі - нақты қолданбалы теориялар мен технологиялардың жоқтығы. Осыған 352

байланысты қазіргі уақытта педагогика ғылымында да технологиялық тәсілге қызығушылық арта түсті. Өсіп келе жатқан ұрпақты әлеуметтік тәрбиені меңгеруге дайындау сапасын жоғарлату мақсатында қазіргі кезеңдегі педагогикалық технологияларды пайдалану талпыныстары көптеген педагогтар мен тәжірибелі мұғалімдердің оқыту және тәрбиелеуді жүйелі, тиімді процесуалды ұйымдастыруға деген ұмтылыстарынан туындады.

«Педагогикалық технология» ұғымының әр түрлі тұрғыдан анықталуы, оның түрлерінің және тұжырымдамалық негізі мен сипаттамасының көптігі бұл феноменнің мәнін теориялық және практикалық тұрғысынан талдауға назар аударуды қажет етеді.

Айтылғандарды айқындау үшін өндіріс саласында ғана емес, педагогикалық теория мен практикада да тұрақты бекітілген «технология» ұғымының шығу тарихына (этимологиясына) қысқаша тоқталамыз.

Технология сөзі (*techne-өнер, шығармашылық, Logos-ілім*) грек тілінен аударылғанда:

а) өндіріс процесінде шикізат, материал немесе жартылай фабрикаттың формаларын, қасиеттерін, жағдайларын өңдеу, дайындау, өзгерту әдістерінің жиынтығы, мысалы: металдар технологиясы, химиялық технология, құрылыстық жұмыстар технологиясы;

ә) өндірістің сәйкес келетін құралдарымен шикізат, материал немесе жартылай фабрикатқа әсер ететін тәсілдер туралы ғылым деген мағнаны білдіреді.

Екі түбірдің бірлігінен өндірістік процестерді жүргізу құралдары мен тәсілдері жөніндегі білімдер жиынтығы, шеберлік туралы ғылымды немесе ілімді білдіретін сөз құралады.

40-50-ші жылдары оқу процесіне техникалық оқыту құралдарын ендіру басталғанда, «оқыту технологиясы» ұғымы пайда болып келесі жылдары бұл ұғым «педагогикалық технологияға» өзгертілген. 50-60-шы жылдардың ортасында бұл ұғым еліміздің және шетелдің педагогикалық басылым

беттерінде, халықаралық конференция материалдарында кеңінен талқыланып, оған түсінік берудің екі бағыты анықталды. Алғашқы бағыт техникалық оқыту құралдарымен байланысты болған, ал екінші бағыт «оқыту технологиясы» ретінде белгіленді. 60-шы жылдары оқытуға технологиялық тәсіл қалыптасады. Оның қалыптасуы американдық психолог Б.Скиннер негізін қалаған материалды меңгеруді ақпараттың бөліктерін жүйелі бағдарлама ретінде құрастыру және оны бақылау арқылы басқарудың тиімділігін арттыруды ұсынған бағдарламалық оқытумен тығыз байланысты.

353

Бағдарламалық оқыту идеясының мәні оқу процесінің ерекшеліктері, заңдалақтары туралы білімді жоғарланудан тұрады. 70-ші жылдары компьютерлік-бағдарламалық құралдарды қолдану арқылы ақпаратты өндеудегі өзара байланысты процестерінің құрылымы ретінде түсіндірілетін «оқытудың ақпараттық технологиясы» туындады. Кейінірек жоғары білім беру саласында мамандарды дайындаудың болашақтағы жүйесінің бірі өзін ақпараттық, бағдарламалық, әдістемелік құралдардың күрделі кешені ретінде көрсететін дистанциялық оқыту технологиясы пайда болды. 80-ші жылдары техникалық және компьютерлік жүйелердің дамуы салдарынан «педагогикалық технология» және «оқыту технологиясы» ұғымдары оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және басқару әдістері мен құралдарының жүйесі ретінде жете түсіндіріле бастады.

Ғылым жетістіктеріне негізделген технологиялар ғасырында білім беруді технологияландыруға көшудің қажеттілігімен келіспеу мүмкін емес, себебі әр баланың жеке тұлғалық тұрғысынан дамуы, білім беруді дифференциациялау және барлық білім беру жүйесін ізгілендіру мен демократияландыру сол арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан қазіргі заманғы педагогика ғылымындағы педагогикалық процесті технологияландыру білім беруші мен білім алушының жеке тұлғасын өздігінен дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру мақсатын оқыту мен тәрбиелеудің субъектілік негізіне ауыстыратын тәсілді іздестірумен байланысты. Осыған орай мектептің ғана емес, қоғамның алдында да күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың қандай жаңа үлгілері бар, оларды салыстырып, дұрыс жол табуға үйрену мәселелері маңызды болып тұр. Бұл сұрақтарға шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер, әдіскерлер, психологтар мен педагогтардың көпжылдық педагогикалық ізденістерінің нәтижесі ретінде туындаған педагогикалық технологиялар жауап беруге талпынады. Педагогикалық технологиялар бір орталық төңірегінде айналады. Бұл орталық - бала, олар тұтас шығармашыл тұлғаны дамытуға, сонымен қатар ізгілік рухын ұғынған және оған құрмет сезімімен қарым-қатынас жасауға бағытталған.

Қазіргі уақытта көптеген зерттеушілер жаңа педагогикалық технологияларға терең қызығушылықпен қарап, білім берудегі технологиялық тәсілді дәстүрліден анағұрлым тиімдерік деп есептейді. Осыған байланысты «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология» ғылыми айналымға еніп

келе жатқан, салыстырмалы түрде жаңа ұғымдар болғандықтан, оған әртүрлі анықтамалар берілген. Бұл ұғымға Б.Т. Лихачев, В.П. Беспалько, С. 354

Сполдинг, В.В. Сериков, В.М. Монахов, М.В. Кларин, И.Я. Лернер, П.И. Пидкасистый, В.В. Гузеев, Н.Д. Хмель, Г.Т. Хайруллин және басқа зерттеуші ғалымдар түсініктеме берген. Төменде бірнешеуін мысалға келтіреміз.

В.П. Беспалько педагогикалық технологияны қойылған білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негізделген процестерін жаңадан өндірудің, еске түсірудің құралдар мен әдістер жиынтығы ретінде анықтайды /1/.

В.М. Монахов бұл ұғымға басқаша түсініктеме береді. Ол «педагогикалық технология — мұғалім мен оқушы үшін жағымды жағдайды қамтамасыз ететін оқу процесін жобалау, ұйымдастыру және өткізуде барлық бөлшегіне дейін ойластырылған бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің үлгісі. Технологияның міндеттерін түсіндіре отырып: Педагогикалық технологияны жобалаудағы жетекші қағидасы — оқушының жеке белсенділігі болуы. Мұнда ең бастысы- білімді меңгеруге іштей дәлелденген, қалыптасқан қызығушылығы мен ынтасы, білім алу іскерлігі» - деп жазады /2/.

П.И.Пидкасистыйдың пікірінше, оқыту технологиясының маңызды ерекшелігі - оқыту циклінің ұдайы өндірістілігі, яғни оны кез-келген мұғалімнің «қайталау мүмкіндігі» және «кері байланыс, білімді объективті бақылау» болып табылады. Оқыту технологиясы дидактиканың алдын ала тапсырылған сипаттамаларымен өндірістік дидактикалық процестерді құрастыру, тиімді жүйелерді дайындау мен қағидасын айқындау бойынша ғылыми зерттеу саласы, бағыты ретінде түсіндіріледі /3/.

Технология — бұл іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыруда құралдарды тандау ережесі (В.В. Гузеев) /4/. В.В. Гузеев қазіргі кезеңдегі технологияның бұрынғыдан айырмашылығын көрсете отырып, былай деп жазады: «Бұрын бір құралды құрастырып, оны ұқсас жағдайларда бірнеше жылдар бойы қолдануға болатын. Қазір ұқсас жағдайлардың бар екенінің өзі қарама-қайшы келеді».

Педагогикалық технология - педагогикалық процесті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі) (Г.Т. Хайруллин) /5/.

Педагогикалық технологиялар алуан тұрғыдан берілген анықтамаларды талдау нәтижесі оның көпшілігінің жалпы қорытынды түрінде берілгенін, педагог әрекетінің салыстырмалы түрде кейбір жақтары ғана зерттелгенін көрсетеді, бала тұрғысын тұтас қалыптастыру мәселесі толығымен қарастырылмайды.

355

Педагогикалық технологияны жаңа бағытта зерттеу адамның қайталанбайтындығын қолдаумен, тұлғаның өзін-өзі белсендендірумен, жеке тұлғаның дамуын ойлаумен байланысты. Әрбір оқушы оқу материалы бойынша жеке қозғалыс жолын тандауға, оның мақсатына, қажеттілігіне және қызығушылығына жауап беретін қоғамдық тәжірибені меңгеруге ерікті.



Осы тұрғыдан Н.Д. Хмельдің берген анықтамасы тиімді болып табылады: Педагогикалық технологиялар-теориялық білімдерді тұтас педагогикалық процестің қызметін практика жүзінде іске асыруға бағытталған және сол процесс нәтижелерін кезеңдер бойынша өлшеп, тұлғаның да, ұжымның да даму динамикасын көруге болатын, педагогтар мен оқушылардың өздерін-өздері дамытуларына мүмкіндік тудыратын жүйелі іс-әрекеттер кешені /6/.

Шынында, педагогикалық технологиялар әрбір баланың даму тенденциясын алдын-ала байқауға және болжауға бағытталуы тиіс. Диагностика нәтижесі бойынша педагогикалық процестің әрбір бөлігіндегі іс-әрекет жобаланады. Сондықтан кері байланыс арқылы ақпарат алу диагностикамен болжауды байланыстыратын үздіксіз процесс болып табылады. Бұл процесс ғылымда **мониторинг** деп аталады, оны ағылшын тілінен аударғанда, «үздіксіз қадағалау» дегенді білдіреді. Педагогикалық мониторинг педагогикалық процесті үздіксіз және ұзақ байқау мен басқару педагог пен оқушыны арқылы қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде педагогикалық лексикада «педагогикалық технология» ұғымын қолдану әр түрлі түсіндірілетін бастапқы *теория, әдістер, әдістеме, технология, педагогикалық технология* сияқты ұғымдарды саналы түсінуді, жете зерттеуді талап етеді. Практикада кейде технология ұғымы «әдістеме» немесе оқытуды ұйымдастырудың «формасы» ұғымының синонимі ретінде қолданылады. Көптеген педагогикалық технологиялардың оқыту процесіне негізделетіндігінен, аталған ұғымдарды осы тұрғыдан нақтылауға мақсатты түрде қысқаша тоқталамыз.

Жалпы түрде **теория** біркелкі, тұтас құбылыстар немесе оның элементтері мен қызметтерінің жиынтығын сипаттайтын заңдар, категориялар, ұғымдар, тұжырымдамалар, қағидалар жүйесі ретінде қарастырылады.

Теорияның өз бетімен ешнәрсені өзгерте алмайтыны, адамның практикалық іс-әрекетін реттеуші ретінде қатысатыны, тек адамның санасы арқылы нақты теорияны ақиқатқа айналдыруда күш пен энергияны жұмсауды қабылдаған жағдайда ғана материалды болып табылатыны белгілі. Демек, теория зерттелетін объектінің барлық тұтас және нақты жағынан

356  
терең байланыстарын айқындайтын, осы пән саласында құбылыстарды болжап түсіндіру әдістерін құрайтын, өзара байланысты пайымдаулар мен дәлелдемелер жүйесін көрсетеді.

**Оқыту теориясы** — педагогиканың оқыту процесінің заңдылықтары мен заңдарын зерттейтін, оқытуды ұйымдастырудың формаларын және әдістерін, қағидаларын сипаттайтын, оқытудың мазмұны мен міндеттерін ашып көрсететін құрамды бөлігі. Педагогикада оқыту теориясы «дидактика» ұғымының синонимі ретінде қолданылады. Дидактиканың негізін алғаш қалаған Я.А.Коменский болған /7/.

Теория үшін оның ережесіне кіретін дәлелдемелер, негіздемелер міндетті болып табылады: егер негіздеме жоқ болса, онда теорияда жоқ болады. Кез-келген теорияның соңғы тағайындалуы оның практикада жүзеге асырылуы болып саналады.

**Әдіс** кең мағынада, субъект әрекетінің кез-келген формадағы тәсілі, бір нәрсеге жетудің жолы деп анықталады. Кез-келген ғылыми әдіс оның қажетті алғы шарты ретінде қарастырылатын, белгілі бір теория негізінде зерттеледі. Әдістің негізгі қызметі — іс-әрекетті ретеу және бағдарлау.

**Оқыту әдістері** педагогикада педагогикалық процеске қатысушылардың бірлескен әрекеттерін ұйымдастырудың тәсілі ретінде анықталады /2.12-ні қараңыз/.

«**Әдістеме**» ұғымы адамның әрекетіне қатыссыз тәрбиелеу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерінің кешенін пайдалану тәртібін білдіреді.

**Оқыту әдістемесі** — пәнді оқытудың ғылыми дәлелденген әдістер, ережелер, тәсілдер жүйесі және оқыту теориясын қолдану болып табылады. Мысалы, «интеграл» ұғымын қалыптастыру әдістемесі математикалық ұғымдарды қалыптастыру теориясының талаптарын және «интеграл» ұғымының өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жете зерттеледі. Сондықтан әдістеменің мақсаты теориялық ережені нақты құбылыс тұрғысына қарай алмастырумен қорытындыланады.

Теориялар, әдістер мен әдістемелер **оқыту технологиясының** айырмашылығы оқыту процесінің барлық байланыстылықтарын ұйымдастырушылықпен реттеуді, оның кезеңдерін құрастыруды, білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асыру жағдайларын бөліп көрсетуді талап етеді.

Сондықтан **оқыту технологиясы** - оқыту процесінің алдын ала жоспарланған, оқытудың диагностикалы қойылған мақсатына практикада жүйелілік және бірізділікпен жету құралдары.

357

Г.И. Саранцевтің пікірінше, осы пәнге оқыту теориясы оқытудың әдістемелік жүйесінің іске асу заңдылықтарын айқындайды, әдістеме оны қолдануды қарастырады, ал технология бұл жүйенің үлгісін (моделін) жүзеге асыру тәсілдерін қарастырады. Бұл тұрғыда технологияның рөлі мақсаттарды диагностикалауға және шарттарды айқындауға (әдістер, формалар, құралдар, байланыстар), яғни белгіленген мақсатқа жетуге мүмкіндік беруді жүзеге асыратын жобалауға процесіне жүгінеді. Сондықтан технология теория мен әдістемені өзгертпейді, оларға негізделеді, оның тиімділігі олардың даму деңгейіне тәуелді болады.

Ал педагогикалық технология педагогикалық процеске қатысушылардың барлық көрінісінде белсенді іс-әрекетін көздейтін, белгіленген қасиеттері бар өнімді алуға мүмкіндік жасайтын процестермен әдістердің бірізділігі мен жиынтығы ретінде қарастырылады. Кез-келген педагогикалық технологияның негізгі түйіні соңғы нәтижені нақты анықтау және оның жетістігін бақылау болып табылады.

Анықтамаларды салыстыру теория, әдіс, әдістеме, оқыту технологиясы, педагогикалық технология ұғымдарының дербестілігін және сонымен бірге оқыту процесін сипаттау үшін олардың өзара байланыстылығын, бір-бірімен толықтыратындығын көрсетеді.

Технологияларды процессуалды, сандық және есептік компоненттер көбірек ұсынылады. Әдістемелер мақсаттық, мазмұндық, сапалық және вариативті-бағдарлық жақтары көрсетілді. Педагогикалық технологиялар оқыту әдістемесінен өзінің өндірістілігімен, нәтижесінің тұрақтылығымен ажыратылады (А.М. Кушнир) /8/.

Оқыту әдістемесі тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі әдістерін енгізеді, бірақ оларды белгілі бір логикалық тізбекке тұрғызбайды. Ал технология барлық уақытта тәсілдердің белгілі бір алгоритмін, логикасы, бірізділігін ұсынады.

Дәстүрлі әдістемелерде оқытудың мақсаттары бағдармалар талаптары бойынша жалпылама көмескі айқын емес болып келеді, онда білім алушылардың нақты жағдайлары, білім деңгейлері дұрыс ескерілмейді. Басқаша айтқанда, педагогикалық технологиялар білім алушы тұлғасын дамыту құралы болып табылады және педагогикалық процестің ерекше сипаттамасын бейнелейді.

Ғылыми негізделген технология педагог пен оқушының іс-әрекетінде оқыту теориясы мен әдістерінің проекциясы болып табылады. Теория деңгейінде оқыту әдісі туралы жазу жеткілікті, технология деңгейінде оның барлық

358

компоненттерін ашып көрсету қажет. Технология әдістемеге қарағанда кеңірек. Әдістеме білім беру технологиясын пайдалану элементтеріне негізделген. Педагогикалық технология педагогикалық процеске қатысушылардың субъект-субъектілі өзара әрекеті арқылы оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі белсендіруге бағытталған. Оқыту әдістемесі педагогтың тәжірибесіне сүйенеді, ол оның шығармашылына, әртістілігіне жақын. Технология «қаңқасы», ал әдістеме оның «қабығы» болып табылады.

Бұл тұрғыда В.Зайцевтің көзқарасы қызығушылық тудырады: «Педагогикалық технология - әдістеме емес. Бұл кеңірек ұғым» жобалауға. Оның ойынша: педагогикалық технология 4 құрастырушыдан: нәтиже беретін белгіні бағалаудан, диагностикадан (негізгі факторды бөліп көрсету ретінде), әдістемеден (диагностика нәтижесін ескеріп құрастырылған) және оқытуды қарқындату құралынан тұрады. Педагогикалық технологиялардың түрлері.

Бүгінде білім беру мекемелері жұмыстарының теориясы мен практикасында педагогикалық технологиялардың алуан түрлі варианттары пайдаланылады. Технологиялардың көп түрлілігі оны жүйеге келтіруді және топтастыруды талап етеді. Бұл мәселемен А.Я. Савельев, В. Безрукова, Г.Ю. Ксензова, Г.К. Селевко, В.В. Юдин және басқалар шұғылданған.


Қазіргі уақыттағы технологиялар екі үлкен түрге жіктеледі: өздерінің мақсаттық бағдарына қарай тармақталып, бөлінетін өндірістік, өнеркәсіптік және әлеуметтік-тұлғалық. Өндірістік технологиялар алдын ала берілген параметрлі материалды өңдеумен және өндіріспен байланысты. Ал әлеуметтік-тұлғалық технологияның объектісі адам болып табылады.

Технология түрлері мен олардың тармақты бөліктерін көрнекілікпен қабылдау үшін 1-суреттегідей сызба-нұсқада көрсетуге болады.

Қазіргі уақытта айқындығы үшін макротехнологиялар мен микро-технологияларды бөліп қарастырады. Макротехнологияға көптеген авторлар педагогикалық процесс стратегиясы мен даумын анықтайтын, ұжымдық шығармашылық іс-әрекет, ынтымақтастық, дамыта оқыту, тұтас педагогикалық процесті жүзеге асыру технологияларын, т.б. жатқызады. Микротехнологиялар педагогикалық әрекеттестік тактикасы, нақты тәсілдері ретінде қарастырылатын ойын технологияларын, пресс-конференция, диспут т.б. ұйымдастыру технологиялар жатқызады. Сонымен қатар кейбір ғалымдар (Д.Т. Левитес және т.б.) педагогикалық технологиялар пәндік

бағдардағы және тұлғалық-бағдардағы техникалар деп жіктеуді ұсынады (9).

В.С. Безрукова (10) барлық педагогикалық технологияларды оларды құрастыру негізіне жататын идеялары бойынша 4 топқа топтастырады:



### 1-сурет. Технологиялар түрлері (Н.Д. Хмель)

1) танымдық процестерді катал басқару технологиясы (модульдік технология, В.Ф. Шаталов технологиясы, П.М.Эрдниев технологиясы, М.И. Махмутовтың проблемалық оқыту технологиясы, Л.В.Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин бойынша оқыту технологиясы, ЭЕМ электрондық есептеу машиналары негізіндегі ақпараттық технология, Блумның «мақсаттарды жүйелеу», Д. Ховардтың «ертеңгі күн мектебі» және т.б.

360

2) «еркін тәрбие» идеясын басшылыққа алатын технологиялар (Ш.А. Амоношвилидің ізгілікті-тұлғалық оқытуы, вальдорф педагогикасы,

«Л.Н. Толстой мектебі», «отбасылық мектеп» және т.б.;

3) «мектептің жойылуы туралы теориясына» (Батыста «мектепті дескулизациялау идеясы ретінде» қалыптасқан, яғни мектептегі оқыту мазмұнын нормаланып формалды болуын, жыл және күн режимін сақтауға, оқытушылар мен директор билігін т.с.с. сын көзбен қарау идеяларына негізделген технологиялар (шоғырландырып оқыту, парктік технология, дистанциялық оқыту, мәдениеттер диалогы мектебі, артпедагогика технологиясы және т.б.);

4) тұлғаның, оның потенциалды танымдық мүмкіндіктерін босату мақсатында невропсихикалық ықпал жасау идеясына негізделген технологиялар топтары (суггестия, иландыру, түсінде ұйықтап жатқанда оқыту, биоритмалогия негізінде оқыту, гипноздық оқыту, медитация, аутотренинг және т.б.);

Г.К. Селевко (11) педагогикалық технологиялардың өзгеше жіктеуін ұсынады:

а) Педагогикалық қарым-қатынастарды ізгілендіру мен демократияландыруға негізделген технологиялар (ынтымақтастық технологиясы, Ш.А. Амоношвилдтің ізгілікті-тұлғалық технологиясы, Е.Н. Ильинаның әдебиетті адам қалыптастыру пәні ретінде оқыту жүйесі және т.б.);

ә) оқушылардың іс-әрекетін белсендендіру мен күшейтуге негізделген технологиялар (ойын технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, В.Ф. Шаталовтың тірек белгілері негізінде оқыту технологиясы, Е.И. Пассовтың коммуникативті қарым-қатынас негізінде оқыту технологиясы және т.б.);

б) оқыту процесін тиімді ұйымдастыру мен басқару негізіндегі технологиялар (бағдарламалық оқыту, дифференциалды оқыту технологиясы (В.В. Фирсов, Н.П. Гузик), оқытуды жекелендіру технологиясы (А.С. Границкая, Инге Унт, В.Д. Шадриков), тірек нұсқаларын пайдалана отырып, түсіндіре отырып басқарудағы перспективалық алдын-ала оза оқыту (С.Н. Лысенкова), оқытудың топтық және ұжымдық тәсілдері (И.Д. Ривин, В.К. Дьяченко), компьютерлік (ақпараттық) технологиялар және т.б.);

в) оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құру негізіндегі технологиялар (П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді ірілендіру, В.С. Библер мен С.Ю. Кургановтың «Мәдениеттер диалогы», Л.В.Тарасовтың «Экология және диалектика» жүйесі және т.б.);

361

г) баланың табиғи дамуына сүйенетін, халық педагогикасының әдістерін пайдаланатын табиғи үйлесімділік технологиялары; Л.Н. Толстой бойынша оқыту; А.Кушнер бойынша сауаттылыққа тәрбиелеу, М.Монтессоридің өздігінен дамыту технологиясы және т.б.;

д) альтернативтік; Р.Штейнердің вальдорф педагогикасы, С.Френенің еркін еңбек технологиясы және т.б.;

ж) кешенді технологиялар: А.М. Тубельскийдің өзін-өзі анықтау мектебі, И.Ф. Гончаровтың «Орыс мектебі», Е.А. Ямбургтың «Бәріне арналған үшін мектебі», М.Балабаннның «Парк мектебі» және т.б.

Педагогикалық технологиялардың жоғарыда айтылған түсініктемелері мен алуан түрлі анықтамаларын талдай отырып, бұл барлық технологиялардың айырықша ерекшеліктері туралы төмендегідей қорытынды жасауға болады;

- оқытудың микромақсаттарының, мақсаттарының айқын, нақтылы анықталуы;

- нәтижелердің жетістігіне бағытталуы;

- тәрбиелеу мен оқыту субъектілерінің іс-әрекеттерінің әр-бір кезендері бойынша қадамдық құрылымының анықталуы;

- мониторинг, аралық және соңғы нәтижелерді бағалау;

- тәжірибенің қайталануы мен алмасуы;

Сонымен белгілі технологиялардык жіктеулеріне жасалған шолу бір қалыпта қатып қалған емес, ол қазіргі технологиялардың көп түрлігіне бағдар беруге негіз болып және оны кеңейту, сапаландыру, тармақтандыру толықтыру бағытталған. Дәстүрлі оқыту технологиясы

**Дәстүрлі оқыту технологиясы** алдымен XVII ғасырда қалыптасып, қазірге дейін әлем мектептерінің көпшілігіндегі оқытуды сынып-сабақтық ұйымдастыру деп түсіндіріледі. Дәстүрлі оқыту технологиясының тұжырымдамалық негізін Я.А. Коменский қалыптастырған педагогиканың қағидалары құрайды (7): ғылымилық, табиғи үйлесімділік, бірізділік, жүйелілік, түсініктілік, беріктік, саналылық, көрнекілік, теория мен практиканың байланысы, білім алушының жас және жеке ерекшеліктерін ескеру. Сынып сабақтық жүйе тәрбиелеу мен оқыту процесін жетілдіру қажеттілігіне байланысты туындаған.

**Дәстүрлі сынып-сабақтық технологияның** айырмашылық белгілері болып: жас шамалары мен дайындық деңгейлері бірдей оқушылардың тұрақты құрамы; бірдей жылдық жоспар және бағдарлама бойынша сыныптық жұмысы; сабақ - оқудың негізгі бірлігі, әр сабақтың бір оқу пәніне, тақырыбына, сынып оқушыларының бір материалмен жұмыс

362 істеуіне арналуы; сабақтардың үнемі кезектесуі (оқу кестесі); мұғалімнің басқарушылық рөлі және т.б табылады.

Оқыту - үлкендерден өсіп келе жатқан ұрпаққа білім, біліктілік пен дағдыны, әлеуметтік тәжірибені беру процесі. Бұл тұтас процестің құрамына мақсаты, мазмұны, әдістер мен құралдары кіреді. Оқытудың мақсаты — бір қатар шарттарға байланысты басқада құрамды бөліктерді қамтитын қозғалмалы категория. Дәстүрлі оқыту алдын-ала анықталған қасиеттерімен бар тұлғаны тәрбиелеу сипатында түсіндіріледі. Мақсаттың мазмұны бойынша дәстүрлі оқыту тұлғаның дамуына емес (жан-жақты дамыту мәлімдеме болған), көбінесе білім, білік пен дағдыларды меңгеруге бағытталған.

Қазіргі жалпы мектепте мақсаттың түрі біршама өзгертілген - идеологияландыру шығарылып тасталған, адамгершілік тәрбиесінің құрамында да өзгерістер пайда болған, бірақ мақсатты көрсету парадигмасы

бұрынғыдай жоспарланған қасиеттер жиынтығы түрінде (оқыту стандарттары) қалған.

Дәстүрлі жалғғы мектепте білім беру мазмұны кеңестік үкімет жылдарында қалыптасқан, ол мемлекетті индустрияландыру, техникалық дамыған капиталистік елдер деңгейін қуып жету, бүгінде технократизм болып табылатын ғылыми-техникалық дамудың жалпы рөлі міндеттерімен анықталған.

Білімді меңгеру әдістері дайын білімдерді хабарлауға, индуктивті логика бойынша жекеден жалпыға қарай үлгімен ғана оқытуға механикалық еске сақтауға, ауызша айтып беруге, айтқанды қайталап айтып беруге негізделеді. Дәстүрлі оқыту технологиясының әдістерін төмендегідей екі топқа топтастыруға болады:

1. Иллюстративті — түсіндіру әдістері (лекция, баяндау, әңгімелесу, тәжірибелер мен еңбек операцияларын көрсету, экскурсия және т.б.): мұғалім оқу материалын көрнекті түрде көрсетеді және түсіндіреді.

2. Репродуктивті әдіс: мұғалім білімдерді тәжірибелерді есептер шешімін табуды іс-әрекет тәсілдері қайта қайталап беруге байланысты тапсырмалар құрастырады; білім алушы оқу материалын белсенді түрде қайта қайталап береді (сұрақтарға жауап береді, есептері шығарады және т.б.), сонымен «білім көшірмелерін» қалыптастырады.

*Дәстүрлі оқыту технологиясының жағымды ерекшеліктеріне* мыналарды жатқызуға болады: жүйелілік сипаты; оқу материалының реттеліп логикалық дұрыс берілуі; ұйымдастырудың айқындылығы; оқушыларға мұғалім тұлғасының үнемі сезімдік әсер етуі; жалпылай оқытуда ресурстардың оптималды жұмсалуды.

363

**Бұл технологияның жағымсыз жақтары** болып: сабақты бір қалыпты құрастыру; біркелкілік; сабақ уақытының ұтымсыз өтуі; бір-бірімен қатынас жасаудың оқушыларды өздерін-өзі оқшаулау; оқушылардың енжарлығы, билеушілігінің, дербестігінің жоқтығы; оқушылардың сөздік іс-әрекетінің нашарлығы; жеке оқытудың болмауы, оқушыларға орташа өлшеммен қарау; кері байланыстың нашарлығы табылады. Бұндай сабақтарда материалды меңгерудің алғашқы бағыттары ғана көрсетіледі, ал жоғары деңгейлерге жету үй тапсырмасына жүктеледі. Оқушылардың дербестігін және танымдық белсенділігін дамыту үшін қажетті жағдайлардың жеткіліксіз құрастырылуы дәстүрлі сабақ кемшіліктерінің салдары болып табылады.

Я.А.Коменскийдің сабақ туралы классикалық ілімінің ары қарай дамуын ресейлік педагогикада К.Д. Ушинский жүзеге асырды. Ол сынып сабақтық жүйенің барлық артықшылықтарын негіздеп сабақтың үйлесімді теориясын құрды, әсіресе, оны ұйымдастыру құрылымын, сабақтардың типологиясын жасап, негізделген.

Сынып сабақтық жүйені алмастыратын педагогикалық процесті ұйымдастырудың басқа түрін іздестіру оқу-тәрбие процесін басқару және білім алушыларды саңдық қамту мәселесінің ерекшелігіне байланысты екі

бағытта жүргізідді. Англияда ХІХ ғ. аяғында бірмезгілде 600 және одан да көбірек білім алушыны қамтитын оқыту жүйесі орын алған.

**Белль-ланкастерлік жүйені** ойлап табу оны құрастырушылар дін қызметшісі А.Белль мен мұғалім Д. Ланкастердің есімдерімен аталып жұмысшылар арасында элементарлы білімнің кеңірек таралуы жеке мұғалімдерді дайындау, оқытуға аз шығын жұмсайды, сақтау қажеттіліктері арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге талпынудан туындаған.

Сынып-сабақтық жүйені жетілдірудің басқа бір бағыты сабақтағы кемшіліктерді атап айқындады, орташа оқушыға бағытталуыш, мазмұнының біркелкілігін және оқудың қозғалыс темпінің орташалығын, сұрау, жаңаны түсіндіру, үйге тапсырма беру құрылымының өзгермеуін жоятын оқу жұмысын ұйымдастырудың басқа формасын іздестірумен байланысты болған (*дальтон жоспары, оқытуды ұйымдастырудың бригадалық-лабораториялық формасы, жобалар әдісі*).

Алғашқы университеттердің құрылуымен лекциялық-семинарлық жүйе пайда болды. Соңғы жылдары лекциялық-семинарлық жүйенің элементтері сынып-сабақтық жүйемен оқыту формасыша сәйкес жалпы білім беретін мектептерде кеңінен қолданылады.

364

Сабақ оқытудың негізгі формасы ретінде қарастырылып оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың басқа формаларыменде толықтырыла алады. Олардың кейбіреулері сабақпен қатар, яғни сынып-сабақтық жүйе шеңберінде дамыды (экскурсиялар, кеңес берулер, консультациялар) үй тапсырмасы, оқу конференциялары, қосымша сабақтар). Басқалары жоғары оқу орындарында қолданылатын (лекциялар, семинарлар, практикумдар, сынақтар, емтихандар) лекциялық-семинартық жүйеден алынып пайдаланылады, олар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруге бейімделінген. Өткен педагогикалық тәжірибені ескеру мен қайта қарастырылып ойлану және қазіргі ізденістерді талдау осы заманғы педагогикалық технологияларды пайдалану мен дамытудың переспективалық жолы.

Қазіргі уақытта қоғам өзінің мүшелерінің көбірек кездесетін бағыныштық іс-әрекетіне қанағаттана алмайды, ол мектеп пен жоғары оқу орындарының әрбір бітірушісін тәрбиелеу мен оқытудың түрлі модельдерді мен тұжырымдамалары бар жағдайларда болашақ үшін жауапкершілік алуға, өзін іске тартуға, бәсекеге қабілеттілікке, жағымды талаптылыққа, белсенді болуына, іскерлікке шақырады.

Сондықтан педагогикалық технологиялар баланы өзінің мүмкіндіктерін максималды жүзеге асыруға, жаңа тәжірибені шың көңілден қабылдауға талаптанатын бірегей тұлға ретінде қарастырады. Бұл тұрғыдан педагогикалық технологиялардың дәстүрлі оқыту жүйесінен айырмашылығы ерекше айқын көрінеді.

### **Педагогикалық технологиялардың қызметтері.**

Көптеген ғылыми-педагогикалық еңбектер мен зерттеулер өсіп келе жатқан адамның іс-әрекет тәсілдері мен тұлғаны қалыптастыруда мұғалім



рөлінің анағұрлым жоғарлауына байланысты әрбір баланың потенциалды мүмкіндіктерін ашып көрсетуге бағытталған, күнды идеялармен таныстыратын туындаған көлемді педагогикалық технологияларды зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Педагогикалық технологиялар туралы толық түсінік алу үшін С.С. Кашлев ұсынған, олардың мүмкіндік қызметтерін кейбір толықтырулармен қарастырамыз:

1) Педагогикалық технологияның ұйымдастырушылық іс-әрекеттік қызметі ұсынады:

- педагогтың педагогикалық процестің әрбір бөлігінде нақты немен айналысуын анықтайтын, ұйымдастырушылық іс-әрекетін;

365

- баланың педагогикалық процестің әрбір бөлігінде не істеу керектігін нақтылайтын педагогтың ұйымдастырумен болатын іс-әрекетін;
- педагог пен баланың бірлескен іс-әрекетінің өзара ұйымдастырылуын;
- баланың өзіндік белсенділігін дамытатын өзінің іс-әрекетін ұйымдастыру;

2) Педагогикалық технологияның дәйектілік қызметін бейнелейді:

- педагогикалық процестің шынайы жағдайын диагностикалау;
- педагогикалық процеске қатысушылардың мүмкін нәтижелерін алдын ала көру;
- педагогикалық әрекеттестікті үлгілеу;
- педагогикалық технологияны жүзеге асыру процесінде бала мен педагогтың даму деңгейін болжау;

3) Педагогикалық технологияның қатынастық қызметі ұсынады:

- мұғалім мен оқушының қатынастық мүмкіндіктерін дамытуды;
- педагогикалық процеске қатысушылардың, мұғалім мен оқушының арасында ақпарат алмастыруды;
- педагог пен тәрбиеленушінің өзара түсіністік жағдайын жасауды;
- балалар арасындағы интерактивті қатынас үшін жағдай жасауды;
- педагогтар мен ата-аналардың қатынастық іс-әрекетін;

4) Педагогикалық технологияның рефлексиялық қызметі қамтамасыз етеді:

- педагог пен баланың өзінің тұлғалық өсуін жете түсінуін;
- педагогикалық әрекеттестік нәтижесін объективті бағалауын;
- әрекеттестік тәжірибесін саналы түсінуі мен меңгеруін;
- педагогикалық процеске қатысушылардың іс-әрекетін өзіндік талдауын, өзіндік бағалауын;
- даму себептері мен жағдайын белгілеуін;

5) Педагогикалық технологияның дамытушылық қызметі қорытындыланады:

- бала мен педагогтың дамуына қажетті жағдай жасаумен;
- оқушы мен мұғалімнің өзін-өзі дамыту құралдарын қамтамасыз етумен;
- әрбір баланың потенциалды мүмкіндігінің дамуын;

- педагогтың кәсіби шеберлігінің дамуын.

Жалпы алғанда, педагогикалық технологиялардың негізгі қызметі педагогикалық процеске қатысушылардың іс-әрекетін өзгерту мен жаңадан жасаудың жүйелі құралы ретінде тұлғаның даму міндеттерін нәтижелі шешу, процесті басқарудың сапасын көтеру болып табылады.

366

### **Тұтас педагогикалық процесс теориясы педагогикалық технологияны пайдалануың әдіснамалық негізі.**

Кез-келген педагогикалық технология әдіснамалық, философиялық теория негізінде дайындалады. Қазіргі кезеңдегі педагогикалық технологиялардың көпшілігі оқушылардың тұлғасын жоғары құндылық ретінде жағымды қабылдауда, өзара әрекеттестікте теңдік қалыпта, сенімге кіруде көрінетін ізгілікті бағытты бейнелейді.

Н.Н. Хан педагогикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған технологияның маңызына ерекше көңіл аудара отырып, «педагогикалық технология педагогикалық процестің тұжырымдамасына сәйкес байланысты болуы керек; оның бір деңгейін (технологиялық) көрсетуі; технология оқу-тәрбие процесі, оның мәнді ерекшелігін жүзеге асыруға арналған, яғни оның құралдар жиынтығы болып табылуы, оқыту технологиясының құрылымы оқу процесінің түп нұсқалы жобасы болуы; яғни қатысушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға байланысты, педагогикалық технология құралдар жиынтығын мұғалімнің, оқушының да меңгеруін талап етуі; педагогикалық дұрыс құрастырылған технология оқу-тәрбие процесінің тиімділігін, педагог пен оқушының шығармашылығын арттыруға тиіс» - деп көрсетеді (13).

Педагогикалық процесс анықтамасынан оқушылардың тұлға болып қалыптасуының шарты болып табылатын педагогикалық процестің оқу мен оқудан тыс бірлігінің қажеттілігі туындайды. Барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде басқа адамдармен ынтымақтастық оқушылар үшін іс-әрекеттің алуан түрлерінің тәсілдерін тезірек меңгерудің, тұлға болып қалыптасудың шарты болып саналады.

Педагогикалық процесс жүйе астынан тұрады («педагогтар-оқушылар», «оқушылар-оқушылар», «пән мұғалімі — оқушылар» және т.б.). Бірақ, тұтастық барлық жүйе астының тығыз өзара әрекеттестігін талап етеді. Н.Д. Хмельдің пікірінше, педагогикалық процесс «егер субъектінің өзара әрекеттестігі ретінде арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті болса, тұтас құбылыс ретінде көрінуі керек». Тұтас педагогикалық процесте педагогикалық технологияларды пайдалануда субъектілердің әрекеттестігімен арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетке байланысты оның барлық жүйе асты жұмыс істейді.

Н.Д. Хмельдің педагогикалық технологияның мәнін ашып түсіндіруінен педагогикалық зерттеулердің технологиясын көрсететін төмендегі критериілер негізделген: а) түпкі ойдың тұжырымдылығы;

367

ә) зерттеушілердің айқын әдіснамалық бағыты;

- б) нақты педагогикалық құбылыстарға жүйелілік тұрғыдан қарауы;
- в) технологияда педагогикалық процестің екі жақты сипатының бейнеленуі;
- г) педагогикалық процесте субъектілер және олардың өзара әрекеттестік орнының анықталуы;
- д) алынған нәтижелердің диагностикалығы;
- е) кез-келген оқу-тәрбие мекемелерінің жұмыс жағдайында технологияның өндірістігі;

Бұл критериялардың барлығына ғалымның тұтас педагогикалық процесті жүзеге асыру технологиясы сәйкес келеді.

Қазақстан ғалымы дайындаған педагогикалық процесс теориясы (бұл процестің мәні, құрылымы, заңдылықтары, қозғаушы күштері, қозғалтқыш және тәрбиелік механизмдері т.б.) тәрбиелеу мен оқыту технологиясының әдіснамалық негізі болып табылады.

Бұл технологияның шынайы іске асырылған 20-шы жылдар ғалымдарының (Н.Н. Крупская, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий) педагогикалық ізденістерінен бастау алған, 80-90-шы жылдары жаңашыл педагогтар (Ш.А. Амонашвили, В.Ф. Шаталов, С.Н. Лысенкова және т.б.) тәжірибесінде жалғасын тапқан, мектептерде оқушылардың ұжымдық шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруда теориялық дәлелденген және практикада қабылданған (В.Н. Дьяченко, Ғ.М. Құсайынов, Н.Н. Хан және т.б.) ынтымақтастық педагогикасы болып табылады. Мұғалімдердің педагогикалық технологияны тиімді қолдануы оның кәсіби іс-әрекет объектісінің заңдары мен заңдылықтарын, қозғаушы күші мен механизмдердің терең және негізді түрде білуіне тікелей байланысты. Мұғалім педагогикалық процесті жүзеге асыру теориясымен технологиясын меңгере отырып, іс-әрекет пен қатынасты (өзара әрекеттестікті) алдын-ала дайындалған оқушылармен (отбасында) ғана емес, бүкіл сыныппен ұйымдастыра алады. Басқа қазіргі педагогикалық технологиялар мұғалімдер арқылы осы технологияға негізделіп (мысалы проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту және т.б.) «құрастырылуы» мүмкін.

Жалпы алғанда, педагогикалық технология түрлерін тандау білім беру саясатына, білім беру реформасына, дидактикалық тұжырымдамаға немесе оқыту теориясы, мақсаты мен тәрбиелеу және оқыту міндеттеріне, педагогтың кәсіби және жеке-тұлғалық қасиеттеріне, әдіснамалық бағытына байланысты жүзеге асырылады.

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. «Теория» ұғымына анықтама беріңіз.
2. «Оқыту әдістері» ұғымына анықтама беріңіз.
3. «Оқыту әдістемесі» ұғымын сипаттаңыз.
4. Оқыту технологиясының мәнін ашып көрсетіңіз.
5. Педагогикалық технологияға анықтама беріңіз.
6. «Теория», «әдістер», «әдістеме», «технология», «педагогикалық технология» ұғымдарының арақатынасы қандай?

7. Дәстүрлі оқыту технологиясының тұжырымдамалық негіздерін атаңыз.
8. Дәстүрлі оқыту технологиясының жағымды және жағымсыз жақтарын атап көрсетіңіз.
9. Өндірістік технология педагогикалық технологиядан немен ажыратылады?
10. «Мониторинг» ұғымының мәнін ашып көрсетіңіз.

### **Әдебиеттер**

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М. 1989.
2. Монахов В.М. Технологические основы проектирования, конструирования учебного процесса. Волгоград. 1995.
3. Пидкасистый П.И. Педагогика Учеб.пособие, М.: 1998.
4. Гузеев В.В. Методы и организационные формы обучения. Серия "Системные основания образовательных технологий", М., 2001.
5. Хайруллин Г.Т. Технология и техника взаимодействия. Хунджад. 1998.
6. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: Учебное пособие. Алматы: АГУ им. Абая. 2002.
7. Коменский Я.А. Великая дидактика. // Избр. Пед.Соч. в 2 т. М. 1982 г.
8. Кушнер А.М. Не спрашивай, а делай. // Школьные технологии, 1996.
9. Левитес Д.Г. Практика обучения: современные образовательные технологии. М., Воронеж, 1998.
10. Безрукова В.С. Образовательные технологии: ориентиры для выбора, 369
11. Директор школы, № 8.11. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие, М., 1998.
12. Кашлев С.С. Современные технологии педагогического процесса: пособие для педагогов, Минск, 2002.
13. Хан Н.Н. Сотрудничество в педагогическом процессе школы. Алматы, 1997.
14. Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. Минск.1990.
15. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Уч. пособие. Под ред. Е.С. Полат. 2000.
16. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии: Уч. метод. пособие.- М. 2001.
17. Педагогические технологии: учеб. пос. для студ. пед. специальностей. Под ред. Кукушина В.С.

### **Өздігінен орындайтын тапсырмалар**

1. Ғылыми әдебиеттерден «технология», «педагогикалық технология», «тұтас педагогикалық процесс» ұғымдарын жазып алып, салыстырмалы талдау жасау.
2. Хмельдің «Теория и технология реализации целостного педагогического процесса» кітабы бойынша тұтас педагогикалық процесс тұжырымдамасына конспект жасаңыз.
3. Беспальконың «Слагаемые педагогической технологии» кітабы бойынша қысқаша конспект жасаңыз.

4. Педагогикалық технологияның түрлері туралы кесте, сызбанұсқа құрастыру.

5. Жоғары оқу орындарына арналған Н.В. Бордовская, А.А.Реанның «Педагогика» оқулығындағы «XX ғасырдың инновациялық білім беру жүйелері» материалдарымен танысу.

6. «Қазіргі кезеңдегі педагогикалық технологиялар» мәселесіне арналған жаңа басылымдар туралы мәліметтер дайындап, аннотациялық картотека жасаңыз.

### Рефераттық тақырыптар

1. Педагогикалық технологиялар және ұстаз шеберлігі.
  2. Ұжымдық - танымдық іс-әрекет технологиясы.
  3. Педагогикалық технологияның тұтас тұлғаны қалыптастырудағы рөлі.
  4. Тұлғалық-бағдарлық білім беру технологиясы.
  5. Ынтымақтастық технологиясы: өзара қарым-қатынас стилі.
- 370
6. Интерактивті ойындар технологиясы.
  7. Тұтас педагогикалық процесті іске асыру технологиясы.
  8. Қазіргі кезеңдегі педагогикалық технологиялардың негізгі қызметтері.
  9. Педагогикалық технологиялардың негізгі сипаттамасы.
  10. Авторлық әдістемелер мен технологияны жобалау және енгізу бойынша инновациялық мектептер мен пән мұғалімдерінің шығармашылық іс-әрекеттері.
  11. Дамыта оқыту технологиясы.
- 371

### Үшінші модуль.

#### Мектептің тұтас педагогикалық процесін басқару

##### 3.1 Мектеп ішілік басқару және оны әдістемелік жабдықтау

**Мақсаты:** білім беру жүйесі мен оқу орындарының қызметін және олардың даму жолдарын реттейтін маңызды нормативтік құжаттарды зерттеу.

##### **Міндеттері:**

- а) Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сипаттама беру және Қазақстан Республикасы білім беру орындарының қызметтерін ашып көрсету.
- ә) Білім беру стандарттары мен олардың негізгі қызметтерінің мәнін ашу.
- в) Республикадағы орта білім беру жүйесінің маңызды жақтары мен даму барысын көрсету.

##### **Жоспар:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Білім беруді ұйымдастыру жүйесі.
3. Білім берудің мемлекеттік стандарттары.
4. Білім беру жүйесін дамытудың негізгі факторлары.
5. Орта білім беру жүйесінің даму тенденциялары.

**Негізгі ұғымдар:** нормативтік құжаттар, білім беру стандарттары, әр типті мектептер, білім берудегі дағдарыс.

**Пәнаралық байланыстар:** әлеуметтану, саясаттану, тарих, құқық.

**Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.** Білім беру жүйесі өз қызметінің барысында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Аз ғана уақыт аралығында елде жалпы білім беретін және кәсіптік оқу орындары құрылып, жалпыға бірдей оқу ісі жүргізілді. XX ғасырдың 60-жылдарындағы ЮНЕСКО-ның білім саласындағы сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша КСРО дүние жүзінде екінші орынды иеленді. ЮНЕСКО бақылаушылары ақысыз орта және жоғары білім беруді жоғары бағалады. Олардың көзқарастары бойынша Кеңес Одағының тәжірибесін сақтап қалу тиімді, ол ұлттық негіздегі білім беру жүйесі, осы тәжірибеге сүйенуі керек. Бірақ, айта кететін бір жәйт, кеңестік білім беру саласында оның дамуына кедергі келтірген кемшіліктер де болды. Әсіресе, білім беру жүйесінің шектен тыс идеологияландырылуы, өмірден және әлемдік тәжірибеден алшақ болуы, тарихи-мәдени, этнопедагогикалық құндылықтарды ескермеу, оқу орындары мен білім мазмұнының қатаң әрі біркелкі болуы т.б.

372

Қазақстан демократиялық жолға түскен өтпелі кезеңде барлық әлеуметтік — экономикалық өмірдің түбірімен өзгеруі білім саласының да қайта құрылуына қажеттілік туғызды. Бұл орайда, жүргізіліп жатқан реформалар, бұрынғы қол жеткізген жетістіктерді сақтай отырып, білім беру жүйесін әрі қарай дамыту жолдарын белгілеу қажет болды. Алайда, егемендіктің алғашқы жылдарында бұрынғы жүйенің тамаша жетістігі болып саналатын міндетті орта білім беру ісі өзгерістерге ұшырап, батыстық үлгіге көшуге талпыныс жасалды. Ендігі жерде білім беру саласындағы әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің тәжірибесіне сүйеніп, жаңа мемлекеттің даму барысын ескере отырып, жинақталған тәжірибеге арнайы талдау жасау қажеттігі туды. Осы орайда білім беру ісінің заңдық базасын жасау қолға алынды. 1992 ж., 1999 жыл білім, жоғары білім туралы заңдар қабылданып, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың концепциясы, орта білімнің даму концепциясы мен білім берудің мемлекеттік стандарттары бекітілді.

Қабылданған нормативтік құжаттар еліміздің негізгі заңының ережелеріне сүйенеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата заңы) (6) бойынша, (30 бап):

- азаматтарға мемлекеттік оқу орындарында ақысыз орта білім алуға кепілдік береді, орта білім міндетті:

- мемлекет жалпыға міндетті білім стандарттарын белгідейді, кез-келген оқу орындарының қызметі осы стандарттарға сәйкес болуы керек.

1999 жылы 7 маусымда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы қабылданды. Заң білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың төмендегідей негізгі қағидаларын орнатты:

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі;
  - 2) әрбір азаматтың интеллектуальдық дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қол жеткізуі;
  - 3) білім берудің зайырлы сипаты;
  - 4) жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;
  - 5) білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі;
- 373

- 6) білім беру ұйымдарының меншік нысандары бойынша, оқу мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы;
- 7) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты және білім беру ұйымдарының академиялық бостандықтары мен өклеттілігін кеңейту;
- 8) білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты;
- 9) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы;
- 10) оқушыларды кәсіптік бағдарлау;
- 11) білім беру жүйесін ақпараттандыру;

Егер жалпы және бастауыш кәсіби білім беруді, сонымен қатар конкурстық негізде (мемлекеттік білім беру заңына сәйкес) ақысыз орта кәсіби білім берудің деңгейлерінің әрқайсысынан азамат алғаш рет білім алса, заң мемлекеттік кепілдіктерді орнатады. Білім бағдарламалары үздіксіз және сабақтастық қағидалар негізінде білім берудің төрт деңгейін: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту 1-6 (7) жас аралығында мектепке дейінгі оқыту орындарында немесе отбасында жүзеге асады. Мектепке дейінгі мекемелерде, мектепте немесе отбасында 5-6 жасар балаларды міндетті түрде мектепке дайындау жүргізілуі тиіс. Орта білім - жалпы орта немесе кәсіптік білімді қамтиды.

**Білім берудің ұйымдастыру жүйесі.** Білім беру ұйымдарының өзара әрекеттестігі жиынтығы ретінде жоғарыда көрсетілген заң Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін айқындайды (меншігіне, типіне, түріне қарамастан), оқыту бағдарламалары мен әр деңгейдегі мемлекеттік білім беру стандарттары, басқару орындары мен оларға бағынышты ұйымдардың өзара байланысы негізінде құрылады. Білім беру жүйесінің негізгі міндеті ретінде білім алу жеке тұлғаның дамуы мен кәсіби қалыптасуы ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен техника жетістіктері негізінде қалыптастыруға қажетті жағдай жасау көзделді. Білім беру жүйесінің төмендегідей жаңа міндеттері айқындалды:

- 1) білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;
- 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының бірлік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;

3) азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін 374

кастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) республиканың қоғамдық - саяси, экономиялық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне бауру, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

6) білім беру ұйымдарының еркіндігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықсыздандыру;

7) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

8) еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау және біліктілігін арттыру;

9) жұмыстан босатылған қызметкерлерді және жұмыспен қамтылмаған халықты қайта оқыту және қайта даярлау;

10) алуан түрлі және көп қызметті білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу.

Заң бойынша білім беру ұйымдары заңды құқы бар мекеме болып - табылады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді қамтамасыз ететін бір немесе бірнеше оқыту бағдарламаларын жүзеге асыра алады. Білім беру ұйымдарының дәрежесі (типіне, түріне орай) «Білім туралы» заңының талаптарына сәйкес олардың ережелерінде белгіленеді. Білім беру ұйымдары мемлекеттік басқару орындарынан оқыту қызметін жүргізуге қажетті рұқсат алуы керек. Білім беру мекемелеріне оқыту және басқа да табыс түсетін қызметтермен айналасуға құқық берілген. Ақылы білім беру қызметтері мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қаржыланған негізгі оқыту қызметінің орнын алмастыра алмайды. Білім беру мекемелері шетелдік ұйымдар мен қорлармен тікелей байланыс жасауға білім беру саласындағы мемлекеттік емес ұйымдарға кіруге құқығы бар. Білім беру мекемелері мемлекеттік, мемлекеттік емес (Қазақстан Республикасында тіркелген қоғамдық және діни бірлестіктер мен жеке білім беру ұйымдары), сондай-ақ халықаралық болуы мүмкін. Білім беру мекемелері төмендегідей бөлінеді:

- мектепке дейінгі, мектептен тыс, арнайы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар мекемелері;

375

- оқыту бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орындары жалпы орта, бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік, жоғары кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік және қосымша кәсіби білім беру. «Білім туралы заң» оқу орындарының негізгі түрлерін белгілейді. Орта білім беретін оқу орындарына жататындар;

- жалпы білім беретін мектеп, ол негізгі және қосымша жалпы білім



беретін үш сатылы (бастауыш, негізгі, жоғары) бағдарламаларды жүзеге асырады; жалпы білім беретін мектеп, шағын-мектеп болуы мүмкін, яғни

оқушылар санының аздығына орай, қосылған сыныптар жұмыс істейді;

- гимназия негізгі және қосымша оқыту бағдарламасын жүзеге асырады, оқушылардың қабілеті мен икемділігіне байланысты арнайы, терең, кәсіптік оқытуды көздейді;
- лицей кәсіптік бағытталған оқушыларды оқытуды жүргізетін, негізгі және қосымша бағдарламаларды, жүзеге асырады. Бастауыш және орта кәсіптік оқыту;
- жалпы орта, бастауыш кәсіптік оқыту бағдарламаларын жүзеге асыратын әр түрлі бағыттағы кәсіби жұмысшыларды дайындауды қамтамасыз ететін кәсіптік мектеп;
- кәсіптік лицей, жалпы орта, бастауыш кәсіптік оқыту бағдарламаларын жүргізетін және жоғары деңгейдегі маман жұмысшыларды дайындайды;
- колледж, орта кәсіби білімді мамандарды дайындайтын бағдарламаны жүргізеді;

Жоғары білімді халық шаруашылығының әр түрлі салаларының мамандарын жоғары оқу орындары дайындайды; университет, академия, институт, сондай-ақ консерватория, жоғары училище, жоғары мектеп. Университеттер мен академияларда және ғылыми мекемелерде жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми педагогикалық мамандарды даярлайтын магистратура, аспирантура, докторантура қызмет ете алады. Ал, жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлайтын әскери орындарында ол — адъюнктура деп аталады. Жоғары оқу орнынан кейінгі терең медициналық білімді резидентура қамтамасыз етеді.

Оқу орындарында жүргізілген оқыту бағдарламалары жалпы (негізгі және қосымша) және кәсіптік (негізгі және қосымша) болады.

Жалпы білім беретін бағдарламалар жеке адамның мәдениетінің қалыптасуын, оның қоғам мен өмірге бейімделуін, кәсіпті тандауын және тандаған мамандығын меңгеруін шешуге бағытталады.

Заң білім беру жүйесіндегі орталық және жергілікті атқару орындарының қызметін реттейді. Көрсетілген басқару орындары білімді беруді дамыту

376  
бағдарламаларын құрастырады және оны жүзеге асыру шараларын жүргізеді: мамандарды дайындау тапсырысын бекітеді; меншік түріне және бағыныштылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына лицензиялар береді; оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды, шығаруға арналған дайындық жұмыстарын ұйымдастырады; білім беру саласындағы заңның жүзеге асуын және білім беруді мемлекетті стандарттарының жүргізілуін бақылайды. Білім беру мекемелерінде бес жылда бір рет аттестация жүргізіледі; мемлекеттік білім беру мекемелерін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етеді.

«Білім туралы» заң білім беру жүйесінің қызметін ұйымдастыруда әлемдік тәжірибеге сүйенеді. Оқыту процесіндегі субъектілердің (білім беру

жүйесінің қызметкерлері, оқушылар мен тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары) әлеуметтік кепілдіктері мен олардың құқықтары, міндеттері арнайы ескерілген. Мысалы, білім беру мекемелерінде педагогикалық қызметпен айналысуға, тек соған сәйкес білімі бар азаматтар ғана құқығы. Олар кәсіби қызметін жүргізуге жағдай жасауды талап етуге, білім берудің мемлекеттік стандарттарын сақтай отырып, педагогикалық қызметтерінің әдістері мен түрлерін еркін таңдауға, ғылыми зерттеулердің бағыты мен олардың нәтижесін педагогикалық тәрбиеде қолдауға, оқу орындарын басқаруға қатысуға, еңбектен тыс өз мамандығының дәрежесін көтеруге, кәсіби беделі мен арын қорғауға құқығы. Педагогикалық қызметкерлер оқушылар мен тәрбиеленушілердің арнайы стандарт деңгейінен төмен емес білім мен дағды, білік алуын қамтамасыз етуге, оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке шығармашылық бейімділіктерін дамытуға, олардың беделіне нұқсан келтірмеуге, педагогикалық этика нормаларын сақтауға міндетті. Педагогикалық қызметкерлерді олардың келісімінсіз басқа жұмыстарға тартуға, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерді оқу-тәрбие жүйесінен тыс жұмыстарға міндеттеуге тыйым салынады.

### **Білім берудің мемлекеттік стандарттары.**

Оқу орындарындағы ең маңызды нормативті құжаттардың бірі білім берудің мемлекеттік стандарттары болып табылады, солардың негізінде жалпы және кәсіптік білім беру бағдарламалары жасалады. Бұл стандарттар білім беру мекемелерінің барлық түріне міндетті болып саналатын және білім беру ісінің әрбір деңгейінің мазмұнына қойылатын талаптарды, оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқыту жүктемелерінің көлемін, білім сапасын тексеретін мемлекеттік бақылау орындарының ережелерін, оқу бағдарламаларының орындалғанын дәлелдейтін құжаттарды анықтайды.

377

Мысалы, Қазақстан Республикасындағы бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарттарының мазмұнына әлем туралы (әлем туралы әдеби көркем, аңыз және басқа да ғылыми білімдер элементтері); қызмет түрлері туралы (ойын, оқу, ойнау арқылы қарым-қатынас т.б.) білімдерді оқушы меңгеруі тиіс.

Білім берудің мемлекеттік стандарттарының негізгі қызметтері-азаматтардың толық білім алуы мен оның сапасын жоғарлатуы, Республикадағы оқыту кеңістігі бірлігінің қызметтерін сақтау, білімнің ізгілікті қызметтері және оны басқару болып табылады. Білім берудің мемлекеттік стандарттары төмендегідей талаптарға жауап береді:

-мүдделі жақтардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін, жалпы мәдени ортаның жағдайын ескеру;

- ақырғы нәтиженің мөлшерленуінен хабардар болу;
- білім берудің салалары мен сатылары бойынша стандарттық сабақтастығы мен келісімін сақтау;
- мектептің әрбір сатыларының ерекшелігін ескере отырып жеке тұлғаны дамытудың міндеттеріне сәйкес білім мазмұнының функциональдық толықтығын қамтамасыз ету;

- оңтайлы қалыптағы білім берудің мазмұндық бірлігі;
- мектептің, аймақтық, мемлекеттің құзырлығы мен мүддесінің мазмұнын бейнелеу оның келісілген іс-әрекеті оқушы тұлғасының басымдылығынан, бейімділігінен, қабілеттілігі мен қызғушылығынан шығуы тиіс.
- оқушыларының оқу жүктемесін бірыңғайлауға мүмкіндік жасау;
- аспаптық сынақтардың мүмкіндіктері шамаланған (мөлшерленген) технологиялық болу;

Білім беру стандарты оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының негізінде жатыр. Оқу жоспарлары белгілі бір оқу орындарында оқытылатын оқу пәндерінің құрамын оларды оқыту барысы мен ретін, әрбір пәнге берілген сағат санын (әрбір оқу пәніне бөлінетін апталық сағат саны) анықтайды. Базалық оқу жоспары барлық оқушы жастар үшін ұсынылатын міндетті мемлекеттік білім беру стандартының негізгі деңгейі болып табылады. Бұл орайда мектеп бағдарламасының балама компоненттері (вариативный) көрсетіледі, ол кейбір мектептерде оқу жоспарының өзгеше түрін құрастыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасындағы білім берудің мемлекеттік стандартының (вариативті) баламалы оқу жоспарында мынадай сағаттар қарастырылған:

378

- таңдаған сабағы бойынша: бірінші сыныптар үшін аптасына 2 сағат және екінші-төртінші сыныптар үшін аптасына 3 сағат;
- факультативтер: 5-9 сыныптар үшін аптасына 5 сағат;
- профилдік пәндер: 10-11 сыныптар үшін 8 апталық сағат,
- қолөнер курстары: 10-11 сыныптарға 4 апталық сағат,
- таңдауы бойынша курстар: 10-11 сыныптарда 5 апталық сағат. Білім

мазмұны оқушы жастардың алуға тиісті білімі, дағдылары оқу бағдарламасында көрсетілген оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқу бағдарламасында әрбір пәннің мақсаты мен міндеттері; пәннің сипаты мен құрылысы және пәнаралық байланысы; оның мазмұнының бірізділігі көрсетіледі. Оқу бағдарламаларының құрылымы негізінен екі түрге бөлінеді. Бағдарламада әр жылдарда оқу пәндерінің кейбір бөлімдерін (күрделі әрі жоғары деңгейде) қайталап оқу көзделеді. Бағдарламаның бұл түрі тек оқушы жастар оқуларын сол оқу орындарында аяқталған жағдайда ғана нәтижелі болады. Оқуларын жалғастырған күрделі деңгейде қайта оқиды. Алайда бағдарламаның бұл түрінде уақыт жағынан ұтылады. Бағдарламаның екінші түрі сызықтық болып келеді яғни, тақырыптар бірін-бірі жалғастырып, оқу материалында қайталау болмайды.

### **Білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды факторлары**

Қазақстан Республикасындағы орта білімді дамыту тұжырымдама маңызды нормативтік құжат болып табылады. Онда білім беру саласының жағдайына сыни тұрғыда баға берілген. Мысалы, бала-бақшаларда Республикадағы 5-6 жасар балалардың тек 17,5 % ғана тәрбиеленеді екен, балалардың тек 79,1% жоғары сыныптарда оқиды, жастар мен жасөспірімдерді оқумен, еңбекпен қамту мәселесі төмендеп кетті.

Тұжырымдама білім берудің іргелі үш мақсатын (шығармашылық, дүниеге көзқарас, терең білім) алуға қояды және мектептегі оқу-тәрбие процесінің негізгі мақсатын айқындайды: Қазақстан мектептерінің іс-әрекетіндегі басты бағыт оқушылардың білім, білік дағдыларын біртіндеп қалыптастыру және олардың талдау, синтездеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту болып табылады. Осыған байланысты тұжырымдама білім берудің әрбір кезеңінің негізгі мақсаттарын анықтайды:

- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие: мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларына орай білім алуда балалардың тең дәрежелі мүмкіндікке ие болуын қамтамасыз ету;
- жалпы орта білім: азаматтардың міндетті жалпы орта білім алуына және оның сапалы болуына конституциялық құқықпен қамтамасыз ету;

379

- бастауыш және орта кәсіптік білім: бастауыш орта кәсіптік білім беру орындарын бітірушілердің еңбек рыногында бәсекеге жарамдылығын қамтамасыз ету, сонымен бірге үлкендерді кәсіби даярлау мен қайта даярлаудан өткізу;
- жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім: орта мектепті, бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарын бітірушілерді кәсіби дайындауға, жоғары оқу орындарын бітірушілерді қайта даярлауға жағдай жасау.

**Тұжырымдама** еліміздегі білім беру жүйесінің одан әрі дамуын қарастырады. Бұл қадамдағы бағытты 2000 жылдың қыркүйегінде еліміздің Президенті бекіткен мемлекеттік «Білім» бағдарламасы көрсетеді. Бағдарлама жалпы орта білім саласында мынандай негізгі міндеттерді көрсетеді:

- мектеп жасындағы барлық балаларды оқумен қамту;
- мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттарын жүзеге асыру;
- оқыту әдістері мен мазмұның жақсарту арқылы мектептердегі білім сапасын арттыру;
- педагогтар мен оқушы жастардың денсаулығын сақтау шараларымен қамтамасыз ету.

Бағдарламада тәрбиелеу жүйесін жетілдірудің мақсаттары анықталған: тәрбиеленушілердің бойында қазақстандық патриотизм, идеясының негізінде адамгершілік және жалпы азаматтық құндылықтарды қалыптастыру. Бұл орайда төмендегідей міндеттер айқындалды:

- оқу орындарында оқушы жастарды оларды этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеудің тиімді жүйесін құру және енгізу;
- балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарын жаппай дамытуды қолдау;
- қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдардың жүйесін сақтау және одан әрі дамыту;
- тәрбие ісімен айналысатын басқару орындарының қызметкерлерін, академиялық топтардың жетекшілерін, сынып жетекшілерін қайта тәрбиелеу;
- балалардың, жасөспірімдер мен жастардың бақылаусыз жүруі және

қылмысын, құқық бұзуына қарсы шара қолдану істерін жүзеге асыру.

Мемлекеттік «Білім» бағдарламасы оны жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтайды: білім мазмұнының демократиялық және ізгілікті бағытта жаңаруын; оқушы жастардың сапалы білім алуға ұмтылуын; оқу - әдістемелік құралдар мен оқулықтарды жетілдіру;

380

білім беру саласының қызметкерлері мен оқушы жастарды әлеуметтік қорғауды күшейту; мұғалімдердің жалақысын көтеру арқылы әлеуметтік ролі мен беделін жоғарлату.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттарда тілдерді үйрену мәселесі маңызды орын алады. 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында елімізде мемлекеттік тіл қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тіл - орыс тілі деп көрсетілген. ҚР Конституциясы тілдердің сақталуы мен олардың еркін дамуына кепілдік береді. Занда сондай-ақ этникалық топтардың ана тілінің кең қолданылуы ескерілген. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, «әрбір ұлттық топ, өз тілін, мәдениетін, дәстүрлерін, қорғауға құқығы және ешкімдеі бұған кедергі келтірмеуі керек.» ...Басқа халықтардың өкілдері өз тілдерінде сөйлеуге әрқашанда құқысы бар, бірақта қазақ тілін Қазақстандағы барлық ұлттық топтар меңгеруі тиіс.

Тіл туралы Заңның негізгі ережелерін жүзеге асыру, оқу-тәрбие процесінде тілдерді қолдануды кеңейтеді. Қазақ тілінде оқитын балалардың саны өсті, неміс, түрік, тәжік, өзбек, ұйғыр, украина тілдеріндегі мектептер қызмет жасайды. Көрсетілген тілдерден басқа республиканың кейбір мектептерінде әзербайжан, грек, дүңған, белорус, корей, күрд, поляк, татар, шешен тілдері оқытылады. Екі немесе одан да көп тілдерде оқытатын аралас мектептерде жұмыс істейді. Павлодар қаласында оқыту этникалық топтардың тоғыз тілінде жүргізілетін халықтар достығы мектебі бар. Республиканың жоғары оқу орындарында оқыту қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, ағылшын, неміс тілдерінде жүргізіледі. Тілдер туралы заңды дұрыс жүзеге асыру үшін: халыққа мектептер -мен оқыту тілін тандауға кең құқық берілуі; Республиканың барлық мектептері мен мектепке дейінгі оқыту орындарында мемлекеттік тілдің пән ретінде терендетіліп жүргізілуі; орыс тілін жан-жақты оқытуға қажетті жағдай жасау; мектептерді қос тілді меңгерген мұғалімдермен қамтамасыз ету керек.

Орта білім беру жүйесінің даму тенденциялары. Қазақстандағы білім жүйесінің ары қарай дамуы бүгінгі әлемдік алдыңғы қатарлы елдерін қамтыған әлеуметтік технологиялық жағдайға, халықтың экономикалық қызмет салалары бойынша қайта бөлінуін күшейтуде. Болжамдық зерттеулер көрсеткендей, таяу уақытта елдегі тұрғындардың тек 5% ауыл шаруашылығымен, ал 10% өнеркәсіпте жұмыс істейтін болады. Халықтың негізгі бөлігі білім мен ғылым, басқару, сауда, көлік және қызмет көрсету

381

салаларында еңбек ететін болады. Сондықтан мектептердеп кәсіптік оқыту негізінен осы бағыттарда жүргізілуі тиіс. Әлемде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бірі, қоғам мен адам өмірі қызметінің ақпараттандыру процесімен байланысты болып отыр. Өндіріс құралдарының, ақпаратты өңдеу мен тасымалдау әдістерінің өзгеруі, адамдардың өмірлік құндылықтарына, дүниеге қатынасына, оның мәніне деген көзқарасының қалыптасуына ықпал етуде. Ақпараттық қоғамда адамның ролі де өзгеріске ұшырайды: жеке адамның әлеуметтану үрдісінің орнына дербестену үрдісі келуде. Бұл орайда жеке адамның әлемдік өзгерістерге ашық қатынасы, әркімнің адамзат тағдырына деген жауапкершілік сезімі негізгі көрсеткіштер болып табылады.

Бұл айтылғандардың бәрі білім алуға және ең бастысы жаппай білім алуды талап етеді. Жаппай біліммен қамтамасыз ету, мектептегі білім беру ісін қайта құрумен, оның ішінде жалпы орта білім мерзімінің ұзартылуы арқылы қол жеткізуге болады. (көптеген елдерде жалпы білім беретін мектептердің оқу мерзімі 12-13 жылға ұзартылуда, бұл елдердегі жастардың 80-90 % орта білімді) Ф.Кумбс мектептегі білім беру ісінің дамуының негізгі көрсеткіштері: оқыту процесін жетілдіру (оқыпудың жаңа технологиясын енгізу арқылы педагогикалық процесті дамыту, білім мазмұнын жаңарту), білімді басқару мен педагогикалық мамандарды дайындау деп көрсетті. Мектептен тыс білімді дамыту факторларының қатарына, оқыту ұйымдарының барлық түрлерінің арасындағы сабақтастық пен білімнің үздіксіз болуын қамтамасыз ету, білім саласында халықаралық байланыстар орнату, білім жүйесін қаржыландыруды түбірімен жақсарту мәселелері жатады.

Білім жүйесін жетілдірудің жаңа түрлері ақпараттық қоғамға сәйкес жүргізілуі керек. Дәстүрлі білім беру жеке адамды тек құрал ретінде пайдаланады. Бұл орайда, педагогикалық үрдіс оқушы жастардың өзіндік даму сапасына бағытталады., білім мазмұнының негізгі бөлігі жеке тәжірибедерден құралады. Мұндай тәжірибелерді игеру, пәндік білімдерге емес, жеке басының көзқарасы мен өмірлік құндылықтары негізіне сүйенеді. Оқушы жастардың әрқайсысының дамуы мен өзіндік дамуына бағытталған орта білімді дамытудың тиімді әдісі - оқығуды дифференциациялау (тереңдету). Дифференциация оқушы жастардың белгілі бір оқу пәндеріне деген бейімділіктерін ескеруге көмектеседі. Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде бұл бағытта айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Мектептің жағдайына қарай, оқушының бейімділігіне байланысты дифференциация сегізінші сыныптардан бастап енгізіліп, жаратылыстану-

382  
математикалық, техникалық, экономикалық, құқықтық, педагогикалық, гуманитарлық және көркемөнер бағытындағы пәндер тереңдетіліп оқытылады. Кейбір гимназиялардың жоғары басқыштарында жеке оқуға рұқсат берілген, жеке оқытудың оқу жоспарлары оқушының қалаған пәні бойынша өзін қатыстыру арқылы жасалады.

Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу үрдісіне және жетілдіру жүйесіне бағытталған кейбір басқа іс шаралар қолданылып келеді.

Бірақ, қазіргі уақытта бұның барлығы білім берудің сапасын жақсартуды қамтамасыз етпейді, себебі, отандық білім беру жүйесі халықаралық білім беру стандартына сәйкестелмеген, әлемдік білім беру тәжірибелері жеткіліксіз ескерілген, бұлардың барлығы да осыған сәйкес білім беру жүйесін жаңартуды талап етеді. Кеңестік білім берудің элементтерінен толық бас тартуға болмайды, оның мақтанышпен айта алатын үлкен жетістіктері де болды. Басқа елдердің тәжірибелерін тікелей, ойланбастан пайдалану қажет деп отырғанмыз жоқ.

ЮНЕСКО-ның Бағдарламалық құжатында көрсетілгендей, «барлық аймақтарда шет елдік Тұжырымдамаларды және құндылықтарды пайдалану және жергілікті және ұлттық мәдениетті және философияны елемеу білім беру саласында жағымсыз жағдайларға соқтырады». Сонымен бірге білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибелерді негізге алу қажеттілігі күмән туғызбайды.

2003 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы дәл осыған бағытталған.

Тұжырымдама: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, (бастауыш білім беру), орта білім беру, орта білімнен кейін кәсіби білім беру (орта білімнен кейінгі жоғары емес білім беру), жоғары білім беру, жоғары оқудан кейін білім беру деңгейлерін қамтып, үздіксіз білім беру идеясын іске асыруды қарастырады. Осы құжатқа сәйкес үш сатыдан тұратын: бастауыш білім беру (4-жылдық), негізгі білім беру (6-жылдық), орта білім беру (2-жылдық) 12 - жылдық орта білім беруге көшу қарастырылған. Сонымен бірге соңғы сатының: бейімдеп оқыту, техникалық және кәсіби білім беру атты екі түрі болуы мүмкін.

Орта білімнен кейінгі кәсіби білім беру орта бөліктің мамандандырылған кадрларды дайындауға арналған. Жоғары білім беруге инновациялық

383 технология, кіріктірілген интенсивті ғылыми -зерттеушілік әрекетін ендіруді қарастырылған. Жоғары білім беруге бакалавриат, жоғары оқу орнынынан кейінгі білім беру -магистратура және докторантура кіреді.

Тұжырымдамада "білім берудің басты мақсаты - жай ғана білім, іскерлік және дағдының жиынтығы емес, негізгісі тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби құзырлылық, бүгінгі тез өзгермелі дүниеде ақпаратты өз бетінше тауып, талдап және тиімді пайдалана білу, ұтымды және тиімді жұмыс істеп, өмір сүру» деп ерекше атап өтілген.

Жоғарыда айтылған мәселелер Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің даму тенденцияларын (бағыттарының айқындауға:

- білім беру философиясын жаңартуға;
- оқытудың жаңа технологиясын енгізу мен білім беру ісін ақпараттандыруға;
- мемлекеттік білім беру стандарттарын жетілдіруге;
- білімнің ғылыммен тығыз кіркітірілген (интеграциялық) байланыста

- болуына;
- білімнің идеологияландырылмауына;
  - оқу орындарын бітірушілерге жоғары талап қоюға;
  - оқу орындарының түрлерін көбейтуге;
  - білімді қаржыландыруға мемлекеттік және басқа да табыс көздерін жұмылдыруға көмектеседі;
  - білім беру жүйесінің құрылымын өзгерту және әлемдік білім беру кеңістігіне біртіндеп ену.

Осылайша мектеп туралы жүргізіліп жатқан нормативтік құжаттар білім беру жүйесінің негізгі қызметтерін көрсетеді. Нормативтік құжаттарда бұл жүйенің негізгі мақсаттары мен міндеттері айқындалып, даму жолдары көрсетілген. Әлемдегі білім беру жүйесіндегі ауқымды өзгерістер, елдің әлеуметтік, -экономикалық даму қажеттіліктері, дүниежүзілік қауымдастықтың мүшесі ретінде Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

#### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. Кеңестік білім жүйесінің қандай жетістіктері бар?
2. Қазақстандағы білім беру жүйесінің негізгі компоненттерін атап, сипаттама беріндер.

384

3. Жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беретін және жоғары кәсіптік білім беретін оқу орындарының негізгі түрлерін атаңдар.
4. Білім берудің мемлекеттік стандарты дегеніміз не және оған қандай талаптар қойылады.
5. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңын жүзеге асыру ерекшеліктерін көрсетіндер.
6. Қазақстандағы білім жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын атаңдар.

#### **Әдебиеттер**

1. Государственная программа «Образование». Алматы, 2000.
2. Государственные стандарты начального образования Республики Казахстан. Алматы, 1998.
3. Государственные стандарты среднего образования Республики Казахстан. Кн. 1,2. Алматы, 1998.
4. Закон Республики Казахстан «Об образовании». Алматы, 2000.
5. Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан». Алматы, 1997.
6. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 1995.
7. Концепция развития среднего образования Республики Казахстан // Учитель Казахстана, № 17-18, 1997.
8. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года // Казахстанская правда, 26 декабря 2003 года.
9. Кумбс Ф. Кризис образования в современном мире. М., 1970.
10. Национальное согласие - основа стабильности и развития Казахстана. Астана, 1999.
11. Проблемы и тенденции развития школы в современном мире. М., 1988.



12. Реформа и развитие высшего образования. Программный документ ЮНЕСКО. Париж, 1995.
13. Садыков Т.С. Теоретико-методологические основы модернизации системы образования в Республике Казахстан. Алматы, 1998.
14. Храпченков В.Г. Тенденции и особенности развития всеобщего среднего образования в Казахстане. Алматы, 1996.

385

### **Өзіндік жұмыс үшін тапсырма**

Мұғалімдердің, оқытушылардың, оқыту орындарының қызметін реттейтін, маңызды нормативтік құжаттарды оқындар: - ҚР «Білім туралы» заңы. ҚР «Қазақстандағы тілдер туралы» заң. Мемлекеттік «Білім туралы» бағдарламасы Орта білімді дамыту тұжырымдамасы. Бастауыш және орта білімнің мемлекеттік стандарты.

### **Реферат тақырыптары**

1. ҚР білім берудегі мемлекеттік саясаты.
2. «ҚР тілдер туралы» заңы - Қазақстан халқының тілі мен мәдениетін дамытудың жолы.
3. Қазақстанда білім жүйесін дамыту.
4. Білім жүйесін дамытудың тенденциясы.

386

### **3.2 Мектептің оқу-тәрбие процесін басқару. Әдістемелік қызметті ұйымдастыру.**

**Мақсаты:** мектептің тұтас педагогикалық процессіндегі басқару жұмысының теориялық білімдерімен және әдістемелік негіздерімен танысу.

#### **Міндеттері:**

- а) "мектепті басқару мен басшылық ету" ұғымының мәнін ашу;
- ә) басқару қызметтерін сипаттау;
- б) мұғалімнің мамандық дәрежесін көтеру туралы түсінік беру.

#### **Жоспары**

1. "Мектепті басқару мен басшылық ету" ұғымының мәні және оның негізгі принциптері.
2. Оқу-тәрбие процесіне жетекшілік пен ұйымдастырудағы мектеп жетекшілерінің қызметтері.
3. Педагог кадрлардың әдістемелік жұмысы мен аттестациясы.

**Негізгі ұғымдар:** басқару, мектеп жұмысын басқару, тұтас педагогикалық процесс, білім беруді басқару, әдістемелік жұмыс, инновациялық бағыттылық, аттестация, кәсіби-педагогикалық мәдениет, мамандық пен кәсіби шеберлікті көтеру, педагогикалық технология.

**Басқа пәндермен байланысы:** философиямен, әлеуметтанумен, психологиямен, физиологиямен, педагогика тарихымен, этнопедагогикамен.

**"Мектепті басқару мен басшылық ету" ұғымының мәні және оның негізгі принциптері.** Педагогика ғылымында мектепті басқару - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ол жайлы ғалым-педагог Н.Д.Хмель өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық процесті басқару дегеніміз әлеуметтік жүйені басқару» -деп көрсеткен [1.77]. Қазіргі заман мектебі - күрделі де

кіріктірілген жүйе, ол оқушылардың, оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің (директоры, оның оқу және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары), оқу-тәрбиелік және қызмет көрсететін адамдардың іс-әрекетінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады. Сонымен қатар, 387

мектеп дегеніміз мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы, олар білім беру жүйесін мемлекеттік тұрғыдан басқарудың объектілері болып табылады. Қазіргі мектепті өзара байланысы бар, ішкі құрылымы және социуммен белгіленетін тұтас әлуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Ол өзара тығыз байланысты екі жүйеден тұрады: басқарушы және басқарылушы. Бұл қазіргі кез-келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі мектеп директорының тікелей басқару іс-әрекетінде көріну керек. Мектеп басшылығы мен мұғалімдерден тұратын басқару жүйесі жетекші болып келеді. Басқарылушы кіші жүйеге оқушылар мен олардың ұйымдары жатады.

Мектепті басқарудың басты мәні - оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтижені алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты бағытталған ықпал етуінен тұрады.

Адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды. В.Г.Афанасьевтің пайымдауында: "Басқару - қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатының, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады" [2,38].

XX-XXI ғасырлар тоғысындағы басқару білімінің қарқынды өсуі мен өзгеру уақыты. Бұл эволюцияның бастапқысы ретінде басқарудың классикалық мектебінің негізін салушы А. Файольдің еңбектерін атауға болады, ол 1916 жылы басқарудың жалпы принциптерін ұсынған. Ғылыми басқарудың теориялық негізі кеңестік әдіснамалық мектепте жасалған дәл осылар болады [3].

"Басқарудың классикалық теориясы" 1930-жылдарға дейін ең басты орында болған. XX ғасырдың 30-жылдарында басқарушылық ғылым дамуында "басқарушылық қатынастар теориялары" атты жаңа бағыт қалыптасты. Классикалық теория бірлескен іс-әрекет нәтижелілігінің негізгі шарттары не, қашан, қайда және қалай істеу керектігін анықтайтын басқарудың нақты ресми құрылымы, жемісті жұмысты (ең бастысы, материалдық жағынан) қамтамасыз

388

ету деп санаған. Ал адамдар қатынасының теориясы адамның ұйымдағы мінез-құлқын анықтайтын факторларды, мақсаттылық пен жеке тұлғалар' арасындағы қатынастарды бірінші орынға қояды. Бұл теория XX ғасырдың 50-60-жылдары Батыста, әсіресе АҚШ-та кең өріс жайған, тәжірибеде оң

нәтиже бере алмаған дегенмен басқарудың демократиялық әдістерін кеңінен енгізу әрекеті де осы теориямен байланысты. "Адамдық қарым-қатынас теорияларының" орнына, басқарудың жүйелік теориялары, жағдайаттық теориялар, басқарудың рационалистік (ақыл-ой талабына ғана негізделген) және мінез-құлықтың жағымды жақтарын біріктіруге ұмтылған, ұйымдастырушылық даму теориялары келді.

Мектепті басқару мәселесіне арналған көптеген зерттеулер бар: оларда мектепті басқарудың (Э.Г. Костяшкин, Ю.А. Конаржевский, В.П. Стрезикозин, П.В. Худоминский, Т.И.-Шамова, Н.Д. Хмель, Н.Н. Тригубова, т.б.) мәні ашылады. Басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жүйесін енгізу бойынша (И.П. Раченко, Умирбекова Ж.Б., Г.Т. Хайруллин, Г.А. Уманов т.б.); мұғалімдердің шығармашылық, зерттеушілік және эксперименталды қызмет-әрекетін ұйымдастыру бойынша, ғылымды практикаға енгізу бойынша (А.А. Бейсенбаева, Л.И. Гусев, В.И. Журавлев, В.И. Загвязинский, Б.А. Койшибаев, В.В. Краевский, Г.Л. Лукпанов, М.Н. Скаткин, Я.С. Турбовский, т.б.); мамандықты жетілдіру бойынша (Я.С. Бенцион, Г.И. Горская, Л.С. Коробкова, Ш.Т. Таубаева, В.П. Топоровский, т.б.); мамандықты көтерудің психологиялық-педагогикалық және ақпараттық негізін құру бойынша (Г.С. Сухобская, А.С. Пискунов, т.б.); Қазақстандағы педагогикалық кадрлардың мамандығын көтеру жүйесін дамыту тарихы бойынша (Б.А. Альмухамбетов т.б.) жұмыстар жүргізіледі. Мектеп басқарудың жаңашылдық аспектілері М.М. Поташкин, В.С. Лазарев, Л.И. Моисеев, И.И. Цыркун, Н.Р. Юсуфбекова және т.б. еңбектерде талданған. Алайда, мектеп басшыларын ұйымдастыруға және мектепке жаңалық өндіруді басқаруға даярлаудың әдіснамасы және маңызы педагогика ғылымында жеткілікті баяндалмаған.

Басқарудың қызметтерін тек дидактикалық тұрғыдағы аспектілермен шектеген қате болар еді. Білім беру мектептеріндегі педагогикалық ұжымның

жүзеге асыратын тәрбиелік жүйесі де басқаруға келеді. Әсіресе, мектептердегі тәрбиелік жұмыстың тәрбиенің қалыптасқан стереотипінің түбегейлі өзгеруімен, ондаған жылдар бойы қалыптасқан балалардың қоғамдық ұйымдарының (пионерлер, комсомол) жойылуымен, идеялардың түпкілікті ауысуымен қазіргі кезеңіндегі қиыншылықты ескерсек, басқарудың маңызы зор. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі қиыншылық жағдай, білім берудің, қазіргі тәрбиелік процесті белсендіруді, оның жаңа түрлері мен әдістерін табуды, әсіресе, бұл процесті басқарудың басқа амалдарын табуды өте қатты қажет етеді.

Қазақстан Республикасында беделді азаматты тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр, яғни бұл процесс педагогикалық басқару практикалық маңызды мәселе болып табылады.

Г.И. Щукинаның пікірі бойынша, басқару- мектеп ішіндегі "психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік" сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу. Алайда басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтап қорыту тек материалды жинаумен ғана және оны

тиісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан бағаламай, тек ,баяндаумен ғана шектеледі. Материалдарда, көбінесе, негізгі идеялар мен тәжірибенің талдауы -болмайды және оларды қолданудың кеңес-ұсыныстары берілмейді, оны енгізудің шарттары да көрсетілмейді. Ал кейбір жағдайларда, тұтас жұмыс жүйесі емес, керісінше, жекелеген тәсілдер ғана суреттеліп таратылады. Кейде, мектеп басшылары мен білім беру органдары үшін ешқандай тәжірибелік құндылығы жоқ көптеген материалдар жинақталады. М.М. Поташник былай дейді: "Басқару - мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін және дамуын қамтамасыз ететін барлық субъектілердің мақсатты іс,-әрекеті". Бұл анықтама маңызды екі нәрсеге назар аудартады: біріншіден, кез-келген басқарудың мақсатты іс-әрекет болып табылатынына; екіншіден, ол басқалардан өзінің міндеттерімен ерекшеленетініне. К.Я. Вазинаның пікірінше: "Басқару - нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі".

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты. Алайда, ол жалпы әлеуметтік басқарудан өзінің объектілерімен (оқушылар, мектептер,

390 мектептен тыс мекемелер, халыққа білім беру бөлімшелері, т.б.), олардың заңдылықтарымен ерекшеленеді.

Практикалық іс-әрекет ретіндегі педагогикалық басқару -оқушылардың оқуы мен тәрбиесін басқару, Педагогикалық басқару теориясы - мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер.

"Педагогикалық басқару" ұғымы "білім беруді басқару" ұғымынан кең, өйткені ол тәрбие мен оқытуды жүргізетін басқа мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда (жанұя, қоғамдық ұйымдар, мамандықты көтеру жүйесінің мекемелері, т.б.) қызмет етеді. Шындығында, педагогикалық басқарудың кез-келген "адам -адам" жүйесінде орны бар. Бұл жағдайда педагогикалық мақсаттар басқарудың негізгі түріне бағынады - педагогикалық процесс субъекті іс-әрекетін басқару.

Педагогикалық басқарудың білім беру жүйесіндегі басты объектісі - жеткіншек жас ұрпақтар болып табылады. Оларды оқыту мен тәрбиелеуді басқару не тікелей (мұғалімдер, тәрбиешілер арқылы), не жанама - мемлекеттік қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізіледі.

Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық дейді.

Білім беру мекемесін басқару іс-әрекетінің басқа мекемелер немесе өнеркәсіп орындарындағы басшылықтың жұмысынан едәуір айырмашылығы бар. К.Д. Ушинский былай деп жазған: "Егер қаржы немесе әкімшілік әлемде олардың идеяларының орындаушыларға ұнайтын-ұнамайтынын ескермей, ұйғарыммен, жарлықпен қызмет етуге болатын болса, қоғамдық тәрбие беру әлемінде ашық айтылып, ашық қабылданған пікірден басқа идеяны жүзеге асырудың басқа амалы жоқ". М.И. .Кондаков, "Мектеп жұмысын басқару өндірістік және қоғамдық өмірдің басқа салаларын басқарудан айтарлықтай ерекше, өйткені мұнда күштерді орналастыру мен үйлестіру, байланыс пен

өзара тәуелділік жүйесін жүзеге асырудан басқа, оқу-тәрбие процесінің барлық жақтарына бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық ықпал ету мәселелері басты мәнге ие болады", - дейді.

391

Білім беру жүйесінің белгілі бір ретпен жасалған (иерархиялық) құрылымының әрбір элементінде, министрлік болсын, облыстық, аудандық басқарушы ұйым (департаменттер, білім беру бөлімдері) немесе мектептер болсын, бәрінде, тек педагогикалық қана емес, басқарудың басқа да түрлері кездеседі, мысалы: әкімшілік, шаруашылық, құқықтық. Басқарудың барлық түрлері білім беру жүйесінің шеңберінде бір-бірімен байланысты, олардың бәрі жалпы тәрбиелік және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған. О.С. Анисимов: "Білім беруді басқаруды жіктегенде мынаны ескеру керек: басқару - адам іс-әрекетінің ең маңызды түрлерінің бірі. Бұл іс-әрекет қатал шектеу мен бөлуге көнбейді" \* деп, дұрыс айтқан.

Егер білім беру жүйесін қарайтын болсақ, педагогикалық басқару мен басқарудың басқа түрлерінің үлес салмағы мен қатынасы әртүрлі екенін байқауға болады. Мысалы, министрлік, облыстық, аудан және қалалық білім беру басқармасы деңгейінде кешенді процесс ретіндегі басқару жүйенің арнайы құрылымын құруға, ведомстволық мекемелер мен адамдар қызмет-әрекетіне қажетті материалдық, ұйымдастырушылық, кадрлік және басқа да жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп директоры, деңгейінде педагогикалық басқарудағы мұғалімдер практикалық қызмет-әрекеттеріндегі педагогикалық талаптарды тікелей жүзеге асыру ретінде толығырақ көрінеді. Педагогикалық басқаруға қызмет көрсету (мектептің материалдық базасы, құрал-жабдықтар, оқу-техникалық құралдары, т.б.) маңызды, бірақ бағынушылық мәнге ие.

Әдетте, білім беру жүйесіндегі басқару туралы сөз өткенде, көбінесе, иерархиялық тұрғыдан: министрлікті, облыстық, аудан, қалалық білім беру басқармалары бірінші болып аталады. Оқу-тәрбие процесін тікелей басқару мектеп әкімшілігі деңгейінде және мұғалімнің қатысуымен жүзеге асырылатыны жиі ұмытылып қалады. Мектепті басқару теориясы (мектептану) арасында ғылыми іс-әрекет пен практикалық іс-әрекет ретінде объектілері, басқарудың тәсілдері мен нәтижелерінде айырмашылықтар бар.

Мектепті басқару теориясының объектісі - оның барлық құрамды элементтерімен алынған процес болып табылады. Практиканың объектісі - мектептің әртүрлі құрылымдық топтары (ұжым, сынып, жеке субъект).

392


Практикалық басқару іс-әрекетінің құралдары - басқару әдістері. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің құралдары - ғылымның нақты бір объектісін зерттеуде қолданылатын жолдар, тәсілдер, амалдар: мектептерді басқару бойынша білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесін қортындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды эксперименталды тексеру және т.б.

Білім беру жүйесіндегі немесе бөлек топтағы практикалық басқару іс-әрекетінің нәтижесі - тәжірибені көбейту, бұған оқу-тәрбие процесінің

қортындылары дәлел бола алады. Басқару теориясының нәтижесі - практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын жаңа білімдер, заңдар, принциптер, ережелер, тұжырымдар.

Мектептегі практикалық басқару іс-әрекетінің бағыттары, құндылығы жағынан бірдей емес. Мектептің негізгі әлеуметтік міндеттеріне сәйкес, ол өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады, осыған байланысты, басқарудың барлық бағыттарының ішінде оқу-тәрбие жүйесін басқару бірінші орында болу керек.

Осылайша, педагогикалық басқару практикалық іс-әрекет ретінде - ол педагогикалық ұжымының тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруы (Сурет 1.).



Сурет 1. Мектепті педагогикалық басқарудың құрылымы

393

Мектеп директоры оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік атқарады. Оның міндеттеріне кіретіндер:

- кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;

- оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;

- оқушылардың өзін өзі басқару органдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық қатынас жасау;

- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтыландыру;

- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру мен оларға басшылық жасау;
- жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;
- мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері барысындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;
- мектептің қазіргі заманғы оқу-материалдық базасын нығайту мен дамыту;
- мектеп қызметкерлерін жұмысқа алу мен жұмыстан шығару;
- мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

Сонымен, педагогикалық басқаруды ұйымдастыру - ол мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар, сондай-ақ жалпы 394

білім беретін мектептер жүзеге асыратын педагогикалық жүйені басқару, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Білімнің бұл саласының міндеттері - педагогикалық басқаруды зерттеу, оның теориялық және практикалық мәселелерін жете зерттеу, оны жетілдірудің ғылыми ұсыныстарын жасау. Сонымен қатар, педагогикалық басқару мектептің барлық жұмысымен қатар басқа жұмыстың түрлерін жоққа шығармайды. Білім беруді басқару теориясы ағарту саласындағы ерекшеліктерді ескере отырып, әлеуметтік басқарудың жалпы заңдылықтарына негізделеді.

### **Мектеп басшылары оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруы мен жетекшілігі бойынша қызметтері.**

Мектеп басшылығының қызметтері Қазақстан Республикасының Білім беру Министрлігі бекіткен арнайы ережелер жиынтығымен анықталады, бұл ережелер мектеп директорының, оқу-тәрбие жұмысының әртүрлі мәселелері бойынша орынбасарлары мен басқа да педагогикалық кадрлардың іс-әрекетін реттейді.


Төменде тұтас педагогикалық процесіні ұйымдастыру бойынша мектепте қызмет атқаратын адамдардың жұмыстары келтірілген (Сурет 2).

Суретте мектеп директорының, орынбасарларының оқу-тәрбие жұмысы бойынша қызметі мен міндеттері көрсетілген:

- мектептегі сабақтарды және оқыту процесіндегі тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру;
- оқу бағдарламаларының орындалуын, сабақтардың барысы мен оқушылар үлгерімінің сапасын бақылау;
- әртүрлі пәндер бойынша сыныптан тыс оқу жұмысын ұйымдастыру (пәндік үйірмелер, қоғамдар, олимпиадалар, жарыстар, т.б.);
- оқушылардың оқу көлемін реттеу;
- мектептің оқу-тәрбие жұмысын талдау және педагогикалық ұжым іс-әрекетінің нәтижелері туралы сандық және жазбаша есеп беру;

- оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру мәселелері бойынша білім беру департаментінің нұсқауларын жүзеге асыру мен олардың орындалуына бақылау;

395



Сурет 2. Педагогикалық кеңестің қызметтері мен міндеттері.

- оқу-тәрбие жұмысының сапасын жоғарлату үшін алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қорыту мен енгізу;

- мұғалімдердің пәндік әдістемелік комиссияларының (секциялары) жұмысына басшылық ету.

Мектеп директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарының міндеттері:

- оқушылармен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен үйлестіру;

- оқушылар тәрбиесін жетілдіру бойынша сынып жетекшілері мен ұзартылған күн топтары тәрбиешілерімен әдістемелік жұмысты жүргізу;

- оқушылар ата-анасымен, мектептен тыс балалар ұйымдарының басшыларымен іскерлік байланыс орнату;

- мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына ғылыми-әдістемелік талдау, озат педагогикалық тәжірибені қорытындылау және ендіру.

Мектепті жаңарту мен оған өзгерістер енгізу жағдайларында жоғарыда аталған қызмет міндеттерін орындау үшін мектеп директоры мен оның орынбасарларының жоғары педагогикалық білімділігі, адамгершілік мәдениеті болуы, жұмыста іскерлік пен жауапкершілік көрсетулері, оқыту мен тәрбиені жетілдірудің

396

тәсілдері мен шығармашылық әдістемесіне ие болуы керек, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің жаңашылдық ынтасы мен озат тәжірибесіне қолдау көрсету керек. Мектеп басшыларының қызметтері әдістемелік жұмысты нақты ұйымдастырғанда ғана нәтижелі болмақ.



## **Педагогикалық кадрлердің әдістемелік жұмысы мен аттестациясы.**

Әдістемелік жұмыс - ғылым және озат педагогикалық тәжірибе жетістіктеріне, оқу-тәрбие жұмысының нақты талдауына негізделген, әрбір мұғалімнің, ұстаздың, тәрбиешінің; оқу мекемесі басшысының, білім беру жүйесінің бқсқа да қызметкерлерінің педагогикалық мамандық дәрежесін және кәсіби шеберлігін көтеруге (педагогтардың кәсіби өзідігінен білім алуды, өзін өзі тәрбиелеуді, өзін өзі жетілдіруді басқару бойынша , шараларды да есептегенде), тұтас педагогикалық ұжымның теориялық мүмкіндігін дамытуға және көтеруге, оқушыларға нақты білім берудің, тәрбиелеудің, дамытудың үйлесімді деңгейіне жетуге бағытталған өзара байланысты шараларының, қызметтерінің жүйесі.

Әдістемелік жұмыс - педагогикалық кадрлердің идеялық, ғылыми-теориялық, кәсіби, әдістемелік және мәдени деңгейін көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке-дара жүйелік жұмысынан құралған күрделі шығармашылық. Ол оқу-тәрбие процесін басқарудың, педагогтарды жоғары әдістемелік мәдениет пен өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талабы негізінде тәрбиелеудің маңызды амал-тәсілі болып табылады. Оның стратегиялық бағыттарының бірі - білім беру тәжірибесіндегі оқушылардың танымдық, ойлау әрекетін белсендіретін, терең білім, білік және дағдыларды қалыптастыратын ұтымды және нәтижелі әдістерді шығармашылық түрде меңгеру.

Әдістемелік жұмыс педагогикалық тәжірибемен тығыз байланысты. Халық ағартушылығының көрнекті өкілдері Н.К. Крупская, А.В. Луначарский педагогикалық тәжірибені өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінің теориясы мен практикасы дамуының бастаулары деп есептеген. А.С. Макаренконың, С.Т. Шацкийдің, С.М. Ривестің, В.Н. Сорока-Росинскийдің және көптеген басқа да көрнекті педагогтардың ұлы гуманистік идеялары негізінде құралған тәжірибелері тәрбиенің теориясы мен практикасының бірлігі, мектептің қоғамдық мақсат-мүдделері негізінде қызмет етіп, осы 397

мақсат-мүддеге жетудің дұрыс жолдарын табудың үлгісі бола бермек.

Әдістемелік жұмыстың мазмұны келесі бағыттар бойынша нақтыланады: мұғалімнің жалпы мәдени дайындығы, кәсіби-адамгершілік мәдениеті, жалпы мәдениеттілігі, әдіснамалық мәдениеті, зерттеушілік мәдениеті, диагностикалық мәдениеті, басқару мәдениеті ұзақ уақыт аралығында күрделі мәселе бола алады. Мұғалімдердің әдістемелік, жаңашылдық іс-әрекетке қатысуы, болашақта жеке педагогикалық жүйенің, іс-әрекеттің дара стилінің қалыптасуына жағдай туғызады.

Қазіргі уақытта педагог-практик ғалыммен авторлық бірлестікте бола алады, олардың қатынасы екі жақты құқығы мен міндеттерін айқындайтын арнайы келісім-шартпен анықталады. Зерттеуші педагогтар мен жалпы білім беру мекемелерінің белгілі бір бөлігі арасында жаңа байланыстар орнай бастады. Ғылым мен практика арасындағы ара қашықтықты азайту қажеттігі туындады, ал ол, өз кезегінде, нақты қызмет жасап отырған оқу мекемелерінде ғылыми лабораториялар құру процесіне жағдай жасайды.

Сөйтіп, Қазақстанда Ақтөбе қаласындағы № 12, Тараз қаласындағы № 58 мектеп-лабораториясы, Өскемен қаласындағы дамытушы білім беру Орталығы жанындағы мектеп-лабораториясы құрылды. Осылайша педагогикалық қоғамдастық өз назарын ғылыми бағыттағы практикаға және практикалық бағыттағы ғылымға аударып отыр.

Жаңашыл педагогтар тәжірибесі, ең алдымен, оқыту әдістемесіне ғылыми оқытудың нақты бір бағытының және оны жүзеге асырудың технологияларына үлкен үлес қосады. Дидактикаға бұл тәжірибе, біріншіден, баяндаудың әртүрлілігін нақтылай түсуге, екіншіден, жаңашыл мұғалімнің тәжірибесін зерттегеннен кейін кемшіліктерді түсінуге көмектеседі: оқыту процесінде оқу материалының мазмұны мен оқушылар білімін есептеу мен бақылаудың кері байланысы да бар.

Қазіргі жағдайларда қазақстандық мектептің жаңа моделін жасау жүріп жатқан кезде өткеннің және қазіргі уақыттың жаңашыл педагогтарының тәжірибесін арнайы зерттеу керек: олардың тәжірибесіндегі жаңа білімнің мазмұны қандай (сапасы, деңгейі), педагогиканың әртүрлі саласы мен тұтас педагогикалық ғылым үшін педагог жаңашылдардың қосар үлесі қандай.

398

Педагогика әдіснамасының, дидактиканың, тәрбие теориясының, педагогикалық психологияның, жеке әдістемелердің жаңашылдық тәжірибелердің басты назарында болуы керектігін анықтау қажет.

Тәжірибеде жаңа білім болса (оқыту теориясы) тәжірибенің мамандандырылған дидактикалық талдауы ғылымды нығайтып, оны анық жетістіктері деңгейінде ұстап тұратынын ескеру керек. Өйткені, ғылымда іске асырылып жатқан, бір біріне қарсы, сондай-ақ бірін бірі толықтырып тұрған әртүрлі тұжырымдар, ғылыми болжамдар, теориялар, принциптер, қазіргі заманғы және моральдық тұрғыдан ескірген көзқарастар, ғылыми ережелер және дәстүрлі түсініктер, нақты білімдер мен белгі-шарттары сияқтылар кездеседі. Жаңа педагогикалық құбылыстарды түсіндіріп, негіздегенде терең және кең көлемде ғылымның- өзіндік рефлексиясы, шынайы, "әрекеттегі" білімді бекітеді. Бұл орайда, теориямен тиянақталған жаңашылдық тәжірибе дамудың бастауына айналады.

Мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыру формалары динамикалық. Олар көптеген факторларға байланысты өзгеріп, жаңарады, олардың негізгілері: мемлекеттің білім беру саласындағы саясаты, заң актілері мен құжаттары; мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің деңгейі, оларды жеке тұлғалық және кәсіби-қызмет көрсеткіштерінің диагностикалық өлшеуімен анықталған әдістемелік сауаттылығы; мектеп ұжымындағы моральдық-психологиялық жағдай, әдістемелік жұмысты' ұйымдастырудың материалдық-технологиялық мүмкіндіктері; мектеп ішіндегі педагогикалық тәжірибені зерттеу, мұғалімдердің жаңашылдық ашықтығы мен белсенділігі, мектеп басшыларының әдістемелік жұмысты орындауға кәсіби дайындығының деңгейі; мектеп ұжымындағы нақты моральдық жағдай

(мұғалімдер арасындағы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы, мұғалімдер мен басшылық арасындағы қатынастар).

Осылайша, әдістемелік жұмыстың мазмұны қазіргі мектептің өзекті міндеттерімен анықталады. Бұл міндеттер мұғалімдердің әдістемелік жағынан жетілуі және олардың өздігінен білімін көтеруі, маман педагогтардың шығармашылық өсуінің барысында жүзеге асады.

Мұғалімдерді мерзімді аттестациялау олардың әдістемелік деңгейінің өсуіне, шеберлігіне жағдай жасайды. Аттестациялау -білім беру мекемелері 399

қызметкерлерінің мамандығының, педагогикалық кәсібилігі мен іс-әрекеті деңгейлерінің жалпы бағасы. Аттестация мақсаты - білім беру қызметкерлерінің кәсіби, мамандығының өсуін, еңбегінің нәтижелі болуына жағдай жасайтын, еңбек ақысын саталауды бағалаудың тиімді жүйесін құру. Мұғалімдер аттестациясы педагогикалық еңбектің нәтижелілігі және оқу-тәрбие процесінің сапасының сараптамалық бағасы негізінде жүргізіледі.

Аттестацияның келесі принциптері: сараптамалық бағалардың еріктілігі, ашықтығы, жүйелілігі және тұтастығы, ол педагогикалық қызметкерлерге деген объективті, дұрыс, ұқыпты және игі ниетті қатынасты қамтамасыз етеді.

Аттестация нәтижесінде мұғалімге белгілі бір категория беріледі. Сондай-ақ, мұғалімнің мамандықты көтеру курсына педагогикалық білім алуы және ұстаздық іс-әрекеті де ескеріледі.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

- 1) "Мектепті басқару" ұғымы нені білдіреді?
- 2) Мектепті басқару қызметтеріне сипаттама беріңіз.
- 3) Педагогикалық қызметкерлерді аттестациялаудың негізгі мақсаты қандай?

#### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

- 1) Әртүрлі оқулықтар бойынша "мектепті басқару" ұғымының түсіндірмесін оқып шығыңыз.
- 2) Мектепті басқару мәселесінің қазіргі әдістемелерін талдаңыз, өз көзқарасыңызды білдіріңіз.
- 3) Жаңашыл мектептің басқару тәжірибесін талдап, қортындылаңыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. А., Мектеп, 1984,
2. Афанасьев В.Г. Научное управление обществом: Опыт системного анализа. М., 1973.
3. Файоль А. Общее и промышленное управление. М., 1992  
400
4. Каракулов К.Ж. Школоведение. Алматы: Ғылым, 2005
5. Альмухамбетов Б.А., Бенцион Я.С. Методическая работа с педагогическими кадрами: подходы, проблемы, поиски, решения. Алматы, 1999.
6. Бабанский Ю.К. Методическая работа в школе. М., 1986.

7. Бейсенбаева А.А., Мендигалиева Г.К. Теоретические основы интеграции и практики в инновационных типах школ. Алматы, 1999.
8. Конаржевский А.А. Педагогический анализ учебно-воспитательного процесса и управление школой. М., 1988.
9. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методологи, теория и практика формирования. Алматы, 2000
10. Хайруллин Г. О понятийном аппарате педагогики // . Педагогика. 1991, № 5.
11. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы, 1998.
12. Худоминский П.В. Методическая работа в школе. М., 1979.

### **Реферат тақырыптары**

1. Мектептегі оқу-тәрбие процесін басқару мазмұны мен оны ұйымдастыру.
  2. Қазіргі заман мектептеріне басвдылық ету мәселелері.
  3. Мектеп басшысының жеке тұлға ретіндегі рөлі.
  4. Қазіргі заман мектебінің директорына тән мінез-құлық қасиеттеріне сипаттама.
  5. Мектепті басқару мен мектептің оқу-тәрбие процесіне басшылық етуді жетілдіру, оқушыларға білім беру мен тәрбиенің сапасын көтерудің алғы шарты.
- 401

### **3.3. Мектептің /сыныптың/ оқу-тәрбие процесінің диагностикасы - басқару негізі**

**Мақсаты:** басқару сапасын көтеру негізінде педагогикалық процестің диагностикасы туралы білім қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

- а) «педагогикалық процесс диагностикасы», «педагогикалық ақпарат», «педагогикалық процестің сипаттамасы» /ауыспалы/, «педагогикалық процестің көрсеткіштері» атты негізгі ұғымдарына анықтама беру;
- ә) басқару негізі ретінде педагогикалық процестің мәнін ашу;
- б) педагогикалық ақпарат түрлері және оның сұрыпталу жағдайын талдау;
- в) педагогикалық процесс және оның көрсеткіштерінің негізгі сипаттамаларын айқындау.

#### **Жоспар:**

1. Басқару негізі ретінде-педагогикалық процесс диагностикасының мәні.
2. Педагогикалық ақпараттар.
3. Негізгі сипаттамалар /ауыспалы/ және педагогикалық процестің көрсеткіштері.

**Негізгі ұғымдар:** педагогикалық процесс, педагогикалық процесті басқару, педагогикалық процестің диагностикасы, педагогикалық процестің сипаттамасы /ауыспалы/, педагогикалық процестің көрсеткіштері.

**Пәнаралық байланыстар:** философия, психология, әлеуметтану, оқыту әдістемесі.

**Басқару негізі ретінде - педагогикалық процесс диагностикасының мәні.** Ұстаз еңбегі психологиялық - педагогикалық тұрғыдан ғана емес, мұғалімнің әдістемелік даярлығында тұрақты жетілдіруді талап етеді.

Іс-әрекет нәтижесіне сәйкес қойылған мақсат мұғалімнің педагогикалық процесс жағдайы жайындағы ақпараттарды игеру дәрежесіне тікелей тәуелді болады. Міне, осыдан келіп педагогикалық процестің өту барысымен кезендер нәтижелері әрі қорытынды көрсеткіштері туралы ақпарат алу мақсатында мұғалімде мектептің /сыныптың/ педагогикалық процесін диагностикалау білімі мен дағдысы болуы қажеттігі туындайды.

402

Білімнің қай саласында болмасын, еңбек процесі өту кезіндегі жағдайы мен сапасының диагностикасы жетекші рөл атқарады. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «педагогикалық диагностика» терминіне біршама анықтама берілген. Көптеген жағдайларда бұл анықтамалар психологиялық көзқарас тұрғысынан берілген. Сондықанда педагогикалық диагностика мазмұнында психологиялық процестерді оқып үйрену және педагогтар мен оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға баса көңіл бөлінеді.

«Диагноз» грек тілінен аударғанда танып білуді білдіреді /бұл ғылымға ортақ термин/. Психологиялық - педагогикалық зерттеулерде құрылым, функция, міндеттер және педагогикалық диагностика бағыттары анықталды / Б.С. Кобзарь, Л.И. Катаева, Е.А. Бериулава, Б.П. Макарова, Б.П. Битинас, В.П. Симонов және т.б./ . Б.П. Битинас педагогикалық процесс жағдайының оңтайлы жинақталған көрсеткіштерін айқындайтын ғылыми бағыттағы педагогикалық диагностиканың негізгі міндеттерін анықтап берген.

Педагогикалық диагностика соңғы онжылдықта іс-әрекет нысаны және мұғалімді басқару ұстанымын қарастырылып келеді. Қазіргі педагогика ғылымында мұғалімнің іс-әрекет нысаны педагогикалық /оқу-тәрбие/ процесі деп мойындалған. Соған орай мұғалімнің жұмыс тиімділігі оның іс-әрекет нысаны ретіндегі біртұтас педагогикалық процесс теориясын қаншама білуіне және диагностикалау дағдысын меңгеруіне тікелей байланысты. Сонымен педагогикалық диагностикаға мына төмендегідей анықтама беруге болады: «сипаттама үшін аса қажет білімі мен іс-әрекеттің жиынтығы және педагогикалық процесс жағдайы себеп—салдарын анықтау, мақсаттар арасындағы қарама-қайшылықты және «педагог-оқушы» жүйесі мүмкіндіктерін айқындау» /В.К. Омарова/.

Педагогикалық ақпараттар. Басқару нысаны туралы мәлімет -мектептің /сыныптың/ педагогикалық процесінде, отбасында қашанда әрқилы. Сол себепті ақпараттың педагогикалық мәнін екінші кезекті не оған қатысты жақтардан бөле білу қажет. Педагогикалық ақпараттар-басқару нысаны туралы әрқилы мәліметтер шектеу. Бұл шектеулердің өз шекаралары бар, олар мына төмендегілер:

- ақпарат ұзақ мерзімді /жылдық, жарты жылдық, тоқсандық/ перспективті жоспарлардың негізін құруы тиіс;
- ақпарат мұғалімге жекелеген оқушылармен, сынып ұжымымен жұмыс жүргізудің міндеттерін реттеуге мүмкіндік тудыруы қажет;

- ақпарат оқушылармен жүргізілетін жұмыс мазмұнын сұрыптаудың негізін салуға лайық болуы шарт;
- ақпарат мұғалімді іс-әрекеттің қандай түрін оқушылармен ұйымдастыру керектігіне және ол іс - әрекет оқушыларды неге үйрететінін түсінуге жеткізуі тиіс;
- ақпарат әр бір мектеп оқушысын нақты іс-әрекетке үйретуге, нақтылауға қызмет ету керек.

Бұл жағдайлар сақталса ғана, ақпарат басқару нысаны мен құршаған әлем туралы дұрыс мағлұмат береді, соның негізінде оңтайлы басқару шешімдерін өңдеуге мүмкіндік тады. Мұғалімге ақпараттың үш түрі аса қажет:

1. Бастапқы ақпарат, ол оқушылар туралы алғашқы мәліметті алуға көмектеседі. Бастапқы ақпарат жеткілікті ұзақ мерзім бөлігінде /1-3 жыл және одан да көп/ қалыптасады және жеткілікті ұзақ мерзімді әрекеттегі /сынып оқушының мәртебелік ережесі, оқушылардың білім, білік, дағды сапалары/ педагогикалық процестің тенденциясын көрсетеді.

2. Тактикалық ақпарат, ол оқушылармен жүргізілетін жұмыс формаларын /жекелеген шаралар өткізу/ дұрыс құрастыруға жәрдемдеседі. Тактикалық ақпарат мұғалімнің нақты бір кезенді өткізу /сабақта жұп және топ құрамы, мектеп спектаклін әзірлеуде рөлдерді бөлу т.б./ педагогикалық процестің кейбір мәселелерін оңтайлы шешу мүмкіндіктерін көрсетеді.

3. Жедел /ағымдағы/ ақпарат, ол алдыңғы екі түрлі толықтыруға, педагогикалық процесс жағдайы туралы нақтылы мәлімет алуға жол ашады. Ақпараттың бұл түрі қысқы мерзім бөлігінде /күн, апта/ толығып отырады. Дегенмен оның мәні тез жойылады /оқушының сабақтан қалу себебін жою, материалды түсінбей қалған жағдайда көмек көрсету, т.б./.

Мынаны түсінген абзал: ақпараттар сипаттамасы көбеңген сайын педагогикалық процестің жағдайы нақтылана түседі. Сондықтан ақпаратты сұрыптауға іс-әрекеттердің барлық түрлері мен оның көрсеткіштерін талдау негізіне алынады. Сонымен педагогикалық ақпарат дегеніміз-тануға керекті нысан туралы барлық мәліметтер емес, керісінше оның мәнді әрі керекті педагогикалық процесті көрсететін негізгі сипаттамалары.

**Негізгі сипаттамалар (ауыспалы) және педагогикалық процестің көрсеткіштері.** Ақпараттық көздер педагогикалық процестің негізгі сипаттамаларын (ауыспалы) талдау материалдары мен олардың көрсеткіштері: оқушылардың үлгерімі, оқушылар ұжымының қалыптасқандығы, оқушылардың қоғамдық (әлеуметтік)

белсенділігі, оқушылар отбасының әлеуметтік психологиялық портреті, психологиялық ұжымның жәй-күйі (Хмель Н.Д.).

Педагогикалық процестің аталған бес сипаттамасының (ауыспалы) әрқайсысының бірқатар көрсеткіштері бар, олардың негізгілері төмендегідей:

1. «Оқушылардың үлгерімі» сипаттамасының көрсеткіштері: оқушылар үлгерімінің жалпы пайызы; үлгерім сапасының пайызы; орта тоқсандық балл; оқушылардың оқу-танымдық біліктерді меңгеру сапасының пайызы (оқу

бағдарламасының бөлімі, тақырыбы бойынша); оқушының сынып ұжымындағы мәртебесі.

2. «Оқушылар ұжымының қалыптасқандығы» сипаттамасының көрсеткіштеріне мыналар жатады: сыныптағы сайланған және шынайы белсенділердің сәйкес келу пайызы; «оңашаланған» балалар пайызы, теріс тәрбие алған балалар пайызы; қоғамдық міндеттерін орындайтын оқушылар пайызы.

Бұл сипаттама бойынша материалдарды талдау сынып ұжымы ішіндегі тұлға аралық қатынастар, белсенділердің мәртебесі туралы мағлұмат алуға жол алады. Тәжірибе көрсеткендей, ұжым неғұрлым ұйымшыл болса, солғұрлым ондағы формальді емес көшбашылардың сәйкестік пайызы жоғары, «ешкіммен араласпайтын» балалар аз болады, демек, «қиын балалар» да аз.

3. «Оқушылардың қоғамдық (әлеуметтік) белсенділігі» сипаттамасының көрсеткіштері: қоғамдық міндеті бар сынып оқушыларының пайызы, өз бастамасы бойынша қоғамдық міндеті бар сынып оқушыларының пайызы; міндетті орындауда есеп беретін оқушылар пайызы; міндеттердің сипаты (оқу, оқудан тыс, сыныптық, мектептік, тағы басқа); есеп беру түрі және қоғамдық міндеттің орындалуы туралы есеп беруді кім қабылдайтыны (мұғалім, сынып жетекшісі, сынып, сынып белсенділері).

Бұл сипаттама көрсеткіштерін «оқушылардың үлгерімі», «оқушылар ұжымының қалыптасқандығы» сипаттамаларымен өзара байланыста зерттегенде анықталады: қоғамдық белсенділік жоғары болған сайыш, оқушылар ұжымының қалыптасу деңгейі де, «үлгерім» сипаттамасының барлық көрсеткіштері де жоғары болады.

4. «Оқушылар отбасының әлеуметтік-психологиялық портреті» сипаттамасының көрсеткіштері: отбасы құрамы (толық, толық емес); ата-аналардың мамандығы, қоғамдық жағдайы, қызығуы (кітап оқуы, көңіл көтеруі, бос уақытын өткізу түрі); толық емес отбасынан шыққан оқушылар пайызы; сыныптың, мектептің қоғамдық өміріне қатысатын ата-аналар пайызы; өз бастамасымен мектепке келіп тұратын ата-аналар пайызы

405


Мұғалім осы мағлұматтың бәрін білуі тиіс, өйткені, мектептің педагогикалық ұжымы отбасының педагогикалық процесімен өзара тығыз байланысты. Мектеп пен отбасының тәрбиелік мақсаттары сәйкес келеді, себебі, отбасы - қоғамның кішкентәй «ұясы», бірақ отбасы мен мектептің міндеттері үнемі үйлесе бермейді, оның үстіне, ата-аналардың бәрінің мамандығы педагог болмауы мүмкін. Сондықтан, мектептің педагогикалық процесі отбасының педагогикалық процесіне оң ықпал етуі қажет. Аталған сипаттаманың жоғарыдағы барлық көрсеткіштері бойынша жағымды нәтиже алынған болса, сол отбасының жағдайын да жағымды деп есептеу керек.

5. «Педагогикалық ұжымның жағдайы» сипаттамасының көрсеткіштері: мұғалімнің өз әрекетінің және басқару ісінің объектісін осы заманға лайық ұға білуі; педагогикалық процесті басқаруға мұғалімнің теориялық және әдістемелік даярлық деңгейі; оқушылар ұжымын қалыптастыру әдістемесін

білу; педагогикалық процесті диагностикалауға дайындық; оқушының отбасымен жұмыс істеуге дайындық; дарындылармен және тәрбиесі нашар балалармен жұмыс істеуге дайындық, мұғалімнің өздігінен білім алу жұмысы.

Педагогикалық процестің барлық сипаттамалары (ауыспалы), бойынша шынайы диагностикалық мәліметтер алу үшін ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін, оқушы әрекетінің өнімін зерттеуді, сауалдаманы, сабақты, оқу мен оқудан тыс әрекеттің басқа да түрлерін талдау мен өз бетінше талдауды, бақылауды, әңгімелесуді, социометрлік талдауды, әр түрлі диагностикалық карталар толтыруды, тестілерді, т.с.с. кешенді түрде пайдалану қажет. Педагогикалық зерттеу әдістерімен алынған мәліметтер салыстырмалы түрде талдануы маңызды, яғни, уақыт жағынан бөлек нәтижелерді (үлгерімнің диагностикалық «кесінділер», сыныптағы жылына екі реттік социометриялық зерттеулер, т.б.) салыстыру керек. Бұл шартты орындауда диагностикалық мәліметтер педагогикалық процесті әр түрлі кезендерінде жөнге келтіруге, сондай-ақ, мектеп әкімшілігінің, сынып жетекшісінің, мұғалімнің жұмыс жоспарының барлық түрлерін түзетуге негіз болып табылады. Педагогикалық процестің сипаттамаларын зерттеп, мектеп әкімшілігі мен педагогтер ұжымы оқу-тәрбие процесінің қызметі мен жай-күйін өзгертуге бағытталған тиісті басқару шешімдерін әзірлеу үшін ақпаратты іріктейді (1 суретті қараңыз).

Осылайша, педагогикалық процестің диагностикасы оқыту теориясы мен практикасында педагогикалық процесті басқарудың қазіргі деңгейінің негізі ретінде қарастырылады. Сондықтан, қазіргі мұғалімнің жетекші



Сурет 1. Басқару іс-әрекетін жасау үшін педагогикалық процестің жүйелілігін талдау жағдайы



мұғалімнің жетекші міндеттерінің бірі педагогикалық процесті диагностикалау болып табылады, ол үшін ақпараттың негізгі түрлерін (бастапқы, тактикалық, жедел) білу қажет. Педагогикалық процестің барысы, жағдайы, нәтижесі туралы жеткілікті ақпарат жинау үшін негізгі сипаттамаларды (ауыспалы) және олардың көрсеткіштерін білу керек. Педагогикалық зерттеу әдістерін кешенді қолдану диагностикалық мәліметтердің толықтығын және дәлелдігін қамтамасыз етеді. Диагностикалық мәліметтер педагогикалық процесті басқаруға мезгілінде түзету енгізуге, педагогикалық процесті басқарудың алдағы жоспарын сапалы етуге жол ашады.

### **Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. «Педагогикалық диагностика» термині қалай анықталады?
2. Мұғалімнің педагогикалық процесті басқару әрекетінде педагогикалық ақпараттың ролі қандай?
3. Мұғалімнің басқару объектісі (нысанасы) туралы ақпарат жинауын шектеудің негізгі шарттары қандай?
4. Бастапқы ақпарат деген не? .
5. Ағымдағы ақпарат деген не?
6. Жедел ақпарат деген не?
7. Педагогикалық процестің негізгі сипаттамалары (ауыспалы) қандай?
8. Педагогикалық процестің әрбір сипаттамасының көрсеткіштері қандай?

### **Әдебиеттер**

1. Зверева В.И. Диагностика и экспертиза педагогической деятельности учителей. Москва, 1998.
2. Битинас Б.П., Катаева Л.И. Педагогическая диагностика. Сущность, функции, перспективы. // «Педагогика», 1993, № 2
3. Кобзарь Б.С., Макарова Л.М. Обучение студентов диагностике воспитательной работы. // «Педагогика», 1993, № 1
4. Кочетов А.Н., Коломинский Я.Л. и др. Педагогическая диагностика в школе. В помощь лектору. Алма-Ата, 1990.
5. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. В помощь лектору. Алма-Ата, 1990.
6. Хмель Н.Д., Тригубова Н.Н., Бозжанова К.Б., Хан Н.Н. и др. Диагностика педагогического процесса как условие развития творчества учителя. Алматы, 1996.

7. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы, 1998.

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. Педагогикалық процестің барлық сипаттамалары арасындағы өзара байланысты сызбада көрсетіңіздер.
2. Педагогикалық процестің әрбір сипаттамасы бойынша ақпарат ату үшін педагогикалық зерттеу әдістерін кешенді түрде пайдалану мүмкіншілігін нақты сыныптағы мысалға алып көрсетіңдер.

3. Педагогикалық процестің бірнеше сипаттамасы бойынша ақпаратты талдау негізінде сыныптың мөлшерімен алғандағы сипаттамасын құрастырындар.

4. Сыныптағы педагогикалық процестің жай-күйі туралы алынған ақпарат негізінде сынып жетекшісі жұмысының үлгі жоспарын құрындар.

### **Рефераттардың тақырыптары**

1. Сыныптағы педагогикалық процестің жай-күйін диагностикалау негізінде сыныптағы педагогикалық процесті басқару сапасын көтеру.

2. Педагогикалық процестің барысымен нәтижелерін зерттеу қазіргі мұғалім әрекетінің жетекші міндеті ретінде.

3. Педагогикалық процестің негізгі сипаттамаларын және олардың ауыспаларын зерттеп білу.

4. Педагогикалық зерттеу нәтижелерін мұғалімнің жұмыс тәжірибесіне енгізу.

409

### **3.4. Мектеп жұмысын жоспарлау жүйесі**

**Мақсаты:** жалпы білім беретін мектептің жұмыс жоспарын құрастыруға қойылатын маңызды талаптардың, мектептің жылдық жұмыс жоспарының негізгі мазмұнын ашу, мектеп ішіндегі құжаттамалар түрлерімен танысу.

#### **Міндеттері:**

а) тиімді басқару іс-әрекетінің негізі ретінде жоспарлаудың мәнін ашу.

ә) мектептің жылдық жұмыс жоспарының негізгі тарауларын сипаттау.

б) жылдық жоспардың сыртқы көрінісінің ерекшеліктерін ашу.

в) мектепті басқаруды ақпаратпен қамтамасыз етудің мәнін ашу.

г) мектеп ішіндегі құжаттардың негізгі түрлерімен таныстыру.

#### **Жоспар**

1. Жоспарлау басқару қызметінің бірі ретінде.

2. Жоспардың талданған бөлімін дайындау.

3. Мектептің жылдық жұмыс жоспарының мазмұны.

4. Мектептің жылдық жұмыс жоспарын дайындау.

5. Мектеп құжаттамасының басқа түрлері.

**Негізгі ұғымдар:** мектепті басқару, мектеп жұмысын жоспарлау, жоспар түрлері, мектеп құжаттамасы.

**Басқа пәндермен байланысы:** психология, ақпарат және басқару теориясы.

**Жоспарлау басқару қызметінің бірі ретінде.** Басқарудың жалпы әдісі іс-әрекеттің мақсатын және бағдарламасын жүзеге асыратын, оның іс-әрекетінің тәртібін реттейтін, жүйенің белгілі құрылымын сақтауын қамтамасыз ететін, ұйымдасқан жүйенің элементі болып табылады. Соңғы жылдары «менеджмент» термині жиі қолданылып келеді, ағылшын тілінен аударғанда «басқару» дегенді білдіреді. Теория мен практикада басқарудың мынандай түрлерін бөліп көрсетеді: іс-әрекеттің жағдайын талдау, жоспарлау, ұйымдастыру әрекеті, ынталандыру, шешімді орындалу процесін бақылау және реттеу әрекеттің қорытындысынан шығады.

Тиімді де нәтижелі басқару үшін аталған қызметтердің барлығының үйлесімді өз ара әрекеттестігін қамтамасыз ету қажет, олардың біреуін  
410

орындамау тұтастай ұжым іс-әрекетінің нәтижелеріне әсер етеді. Барлық басқару қызметтерінің үйлесімді өз ара байлайысы жоспарлауға негізделеді. Жоспарлау (іс-әрекет жоспарын құру) дегеніміз іс-әрекеттің негізгі түрлері мен тұтас іс-әрекеттің тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды анықтау. Тиімді жоспарлау дегеніміз:

- жұмыс жай-күйін жан-жақты және мақсатты есепке алу және іс-әрекеттің қол жеткізген нәтижелеріне объективті баға беру;

- алдағы уақыттағы іс-әрекеттің негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтау;

- алға қойылған міндеттерді шешетін тиімді жолдар мен тәсілдерді, құралдарды айқындау, оларды шешудің қолайлы жолдары мен құралдарын таңдау.

Бұлардың барлығы басқару жүйесіндегі істің жай-күйі туралы объективті ақпараттың болуын талап етеді. Ақпарат дегеніміз басқарылатын жүйенің жай-күйін сипаттайтын, сондай-ақ оны дамыту мен жақсарту үшін қолданылатын пайдалы мағлұматтар, деректер, мәліметтер жиынтығы. Ақпараттың көлемі мен мазмұны жүйе іс-әрекетінің мақсатымен, негізгі бағыттары мен аумағымен анықталады. Бағытына қарай олар төмен және жоғары бағытталған ақпарат болып бөлінеді. Төмен бағытталған ақпараттар басқару субъектісінің басқарушылық іс-әрекетін көрсететін ақпараттар (нормативті, жоғары тұрған органдардың, соның ішінде білім беру органдарының ұйымдастырушылық-бұйрықтық құжаттары). Жоғары бағытталған ақпарат басқарылатын жүйенің жай-күйін сипаттайды (есеп берулер, тексеру нәтижелері бойынша анықтамалар, мектеп ішіндегі күнделікті ақпарат). Басқару іс-әрекеті үшін ақпараттың екі түрі де өте маңызды. «Басқарудың нәтижелі болуы, негізінен, қажетті ақпараттың болуына, басқарушылық шешімдерді дер кезінде және сапалы түрде қабылдай алынуына және тұтас білім беру жүйесінің монитормының ұйымдастырылуына байланысты» (Қазақстан Республикасының орта білім беруді дамыту тұжырымдамасы).

Жалпы білім беретін мектепті басқару, кез-келген басқару іс-әрекет сияқты, барлық іс-әрекеттің негізді жоспарлануын талап етеді. Мектептегі ең маңызды жоспар мектептің жылдық жұмыс жоспары, ол жалпы мектеп өмірінің жетекші құжаты болып саналады. Онда мектеп іс-әрекетінің барлық  
411

жақтары қамтылып, олардың бірлігі, ішкі және сыртқы байланыстары мен өзара тәуелділігі есепке алынады. Мектепте жұмыстың нәтижелі болуы жылдық жоспардың терең ойластырылуына, негізді және мақсатты болуына байланысты.

Мектептің жылдық жұмыс жоспары мына қағидалар негізінде құрастырылады;

а) жоспарлаудың ғылымилығы. Жоспар іс-әрекеттің әлеуметтік және экономикалық шарттарын, педагогикалық процестің психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын, жалпы білім беру жүйесі мен жекелеп алғандағы мектептің дамуының тенденциялары мен болашағын ескере отырып құрастырылуы қажет. Жоспардың мақсаттылығы бұл принципті жүзеге асыру үшін. Жоспар педагогикалық жағынан мақсатты болуы қажет,

ә) үйлесімді де қолайлы жоспардың құрамында алға қойылған мақсаттарға жету үшін іс-әрекеттің, нақты шаралардың қажетті және жеткілікті мөлшері болуы қажет. Бұл принцип жоспардың шынайы болуына, мектеп ұжымының іс-әрекетінің қолайлы жолдары мен құралдарын таңдауға, жоспардың құрамды бөліктерінің мақсатты түрде өзара қатынасын қамтамасыз етуге бағытталған,

б) жоспардың нақтылығы. Жоспарда қандай шараларды жүргізу қажет, орындаушыларға берілетін тапсырмалар, шараларды өткізуге кім жауап беру керек, оның мерзімі, орны мен уақыты нақты көрсетілуі қажет. Белгілі бір міндеттерді табысты шешуге жағдай жасайтын нақтылы шарттардың есепке алынуы қажет. Нақтылық принципін жүзеге асыра отырып жоспардың қажетті нақтылығын қамтамасыз етеді.

в) Жоспардың болашағы. Жоспарда жуық арадағы мақсат міндеттерімен қоса, жоспардың алыс, жақын болашақтың болашағы да көрініс табуы қажет. Жоспарда мектеп жұмысының келер жылдары да алдына қойылатын оқу-тәрбие міндеттері ескерілуі қажет,

г) Ұжымдық принципі. Мұғалімдердің, тәрбиешілердің, мектептің басқа да қызметкерлерінің жоспарды талдау мен құруға белсенді түрде қатысуын қарастырады. Мектеп жоспары ұжымдық шығармашылықтың жемісі болуы қажет, алайда ол ұжымның әрбір мүшесінің жеке дара жауапкершілігін талап етеді.

412

Мектеп жұмысының жылдық жоспарын дайындаудың алгоритмі:

1. Нормативті құжаттамаларды, жоспарлау мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен жаңа педагогикалық технологияларға арналған арнайы әдебиеттерді оқып зерттеу.

2. Мектептің өткен уақыттағы оқу-тәрбие процесі туралы жинақталған ақпаратқа жан-жақты талдау жасау, негізгі кемшіліктер мен жіберілген қателерді айқындап, мектеп ұжымының іс-әрекетіндегі маңызды жетістіктерін анықтау.

3. Мектеп дамуының болашақ жоспарларын, сондай-ақ келер жылғы іс-әрекеттің маңызды мақсаттары мен міндеттерін анықтау.

4. Жұмыстағы кемшіліктерді жоюға арналған тиімді жолдар мен құралдарды анықтап, оң нәтижелерді әрі қарай дамыту. Мақсатқа жетудің қолайлы жолдары мен құралдарын таңдау.

5. Негізгі, жалпы мектептік маңызы бар шаралар мен сыныптар бойынша, сынып топтары бойынша өткізілуге міндетті шараларды анықтау.

Жоспардың жұмыс нұсқасын жасау.

6. Жоспардың жұмыс нұсқасына ұжымдық талдау жасау. Ұсыныстарға сәйкес жоспарға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

7. Мектептің жұмыс жоспарының соңғы нұсқасын жасау және оны бекіту.

Бұл бағдаржолдың тармақтары бір-бірімен тығыз байланысты, олар бірінен соң бірі орындалуы тиіс. Жоспарды дұрыс жасау үшін қажетті әдебиеттерді оқып зерттеу қажет. Мақсат пен міндеттерді, жолдар мен құралдарды таңдап, бекіту де осылайша жүзеге асады.

**Жоспардың сараптамалық бәлімін дайындау.** Мектептің оқу-тәрбие процесі туралы, оның тиімділігінің деңгейі туралы ақпарат талдауы (мектеп жұмысының талдауы) жоспар құрудың маңызды кезеңі болып табылады. В.А. Сухомлинский: «Мектептің өткен жылғы жұмысына терең талдау жасамай келер жылға жоспар құру мүмкін емес. Кемшіліктерді түзету өткен жылғы жұмысқа қаншалықты терең әрі жан-жақты талдау жасалғанына байланысты», - деп санаған. Жұмыстың талдауы мектеп ұжымының алдағы іс-әрекетіндегі себеп-салдарлық және қызметтік байланыстар мен өзара тәуелділікті айқындауы қажет. Талдау оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің нақты нәтижелері қандай, педагогикалық мақсаттарға жетудің жолдары мен

413 құралдары қаншалықты мақсатты болғанын, қандай жалпы кемшіліктер болғанын анықтауы қажет. Қысқаша айтқанда, мектеп жұмысының талдауы «мұғалімдер ұжымын оқушылардың мықты білімі мен өте жақсы үлгерімі үшін, кемшіліктерді тез және дер кезінде жою үшін күреске жұмылдыру сияқты мақсат негізінде» (Ю.А. Конаржевский) жүргізілуі қажет.

Мектептің өткен оқу жылындағы жұмысына талдау жасаудың көптеген әдістері бар. Ю.А. Конаржевскийдің әдісі бойынша талдауда мектеп іс-әрекетінің мынандай тараулары туралы қажетті ақпараттар болуы қажет:

- мектепті басқару бойынша әкімшіліктің іс-әрекеті;
- мектептегі әдістемелік жұмыстың жай-күйі;
- білім берудің жай-күйі, білім беру деңгейін көтеру бойынша мұғалімдер ұжымының жұмысы;
- мұғалімдер ұжымының оқушылар ата-аналарымен жұмысының жай-күйі;
- қоғамдық оқушылар ұйымдары жұмысының нәтижесін жақсарту үшін мұғалімдердің көмегі;
- оқушылардың тәрбиелілік деңгейі;
- оқушылардың сабақтарға қатысуының жай-күйі;
- оқушылардың білім, білік және дағдаларының жай-күйі;
- жалпыға міндетті оқуды жүзеге асырудағы ұжымның іс-әрекеті.

Мектеп жұмысына талдау жасау кезінде оқушылардың тәрбиелілік пен білімділігінің деңгейін, сондай-ақ жалпы міндетті орта білім алу туралы ережелердің орындалуын бірінші орынға қою қажет. Ал басқа тарауларды олардың негізгі үш тарау бойынша қажетті жоғары нәтижелерге жетуге қаншалықты әсерлі әрі үйлесімді ықпал еткендері жағынан қарастыру қажет. Мектептегі әдістемелік жұмыс оқушылар ата-аналарымен жұмысы сияқты аясы тар мақсат болмауы керек, олар педагогикалық процестің жоғары

нәтижелеріне жетудің құралдары болуы қажет. Бұл нәтижелер оқушылардың тәрбиелілігі мен білімділігінің көрсеткіші болады.

Мектептің алдағы уақыттағы маңызды мақсаттары мен міндеттерін анықтау объективтілік, перспективтілік және нақтылық сияқты мектептің жылдық жұмыс жоспарын құрудың принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мектептің оқу жылының мақсаттары мектеп үшін стратегиялық мәні

414 бар негізгі мақсаттан туындайды. Міндеттер мақсаттармен тығыз байланыста болып, сол мақсатқа жетудің бір ізді сатыларын құрап, мектеп жұмысы талдауының нәтижелерінен бастау алулары қажет. Міндеттер тәрбие мен оқытудың, сыныптағы және сыныптан тыс іс-әрекеттің, сондай-ақ педагогикалық процестің әртүрлі бөлімдері мен мектептің әртүрлі Міндеттер мектептің барлық мұғалімдерінің, жанұя мен қоршаған ортаның басқа да бөліктерінің әрекеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге бағытталулары қажет. Мектеп міндеттерінің шешімі мұғалімдер мен тәрбиешілердің жеке дара және ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ынталандырып, өз еңбегінің нәтижесіне деген қызығушылығын арттыруы қажет, олардың бар күшін жалпы мектептің мақсатын жемісті жүзеге асыруға бағыттап, тәрбие мен оқытудың негізгі мәселелерін шешудің ортақ әдісін қалыптастырып, педагогикалық процестегі оқушының белсенділігін, ынта-ықыласын арттыруға жағдай жасауы қажет.

**Мектептің жылдық жұмыс жоспарының мазмұны.** Мектеп жоспары мазмұнының негізгі бөлігін мектепте жүргізілуге тиіс шаралар құрастырады. Бұл шараларды бірнеше тарауларға бөледі. Тараулардың бірі ұжымның міндетті жалпы орта білімді жүзеге асыру бойынша іс-әрекетіне арналған. Онда мектеп маңайында тұратын мектеп жасына жеткен балаларды толық тіркеу шаралары көрсетіледі. Балаларды мектептің бастауыш, негізгі және жоғары сатыларына қабылдау бойынша, сырқат балаларды үйде және емдеу мекемелерінде оқыту бойынша шаралар белгіленеді. Егер мектептерде интернаттар болса, дайындық сабақтары ұйымдастырылса оларда оқу-тәрбие жұмыстарын өткізу шаралары қарастырылады. Жағдайы нашар және толық емес жанұялардың балаларын және қамқорлыққа алынған балаларды мектепке қабылдау мәселесіне баса көңіл бөлінеді. Ата-аналар қоғамы мен оқушылар ұжымдарын мектеп жасындағы барлық балаларды оқуға қабылдау бойынша жұмыстарға араластыруға бағытталған шараларды да қарастыру қажет.

«Педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру бойынша іс-әрекеті» атты тарау мектептің жылдық жоспарының өзегі болып табылады. Бұл тарауда сабақ пен оқытудың басқа да ұйымдастырушылық

415 формаларын жақсарту шаралары жоспарланады. Мұнда оқушылардың білім сапасын, тәжірибелік біліктері мен дағдыларын арттыруға, оқушылар біліміндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар қарастырылады. Оқу бағдарламаларын, соның ішінде олардың тәжірибелік бөлімдерін толық және сапалы түрде орындау бойынша шаралар жоспарланады. Мектептің оқу

процесіне оқытудың техникалық құралдарын, компьютерді енгізу жоспарланады. Сыныптан сыныпқа өту немесе мектеп бітіру емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу мәселелері де осы тарауда қарастырылады. Оқушылардың оқу еңбегіне деген жауапкершілікті қатынасын тәрбиелеу мен өз бетінше білім алу дағдыларын дамыту бойынша шаралар көрсетіледі. Оқушылардың білімін кеңейту мен тереңдету бойынша сыныптан тыс жұмыстар қарастырылады: факультативтер, пәндік үйірмелер, қосымша сабақтар жұмысын ұйымдастыру, пәндік кештер, лекциялар мен әңгіме-сұқбаттар, жарыстар, пәндік олимпиадалар өткізу.

Тәрбие мәселелері бұл тарауда үлкен орын алады, өйткені оқушының жеке тұлғасына, оның жеке қасиеттері мен гуманистік көзқарастарының дамуына ерекше көңіл бөлу қажет. Адамгершілік тәрбие, мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын дамыту, оқушылардың саналы тәртібін қалыптастыру бойынша шараларды қарастыру (оқырмандар конференцияларын, лекциялар, әңгіме-сұқбаттар, жарыстар, пікірталастар өткізу, пайдалы басылымдар шығару). Құқықтық тәрбие және оқушылар арасында заң бұзушылықты болдырмау бойынша, сондай-ақ патриоттық тәрбие беру бойынша шаралар қарастырылады. Оқушылардың эстетикалық мәдениетін арттыру мен олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында лекциялар, өнер сүйгіштер клубын құру, музыка, театр апталарын өткізу, ертеңгіліктер мен кештер өткізу, көрмелер ұйымдастыру, өнер мекемелеріне бару, әртүрлі үйірмелер мен студиялар жұмысын ұйымдастыру (әдебиет шығармашылығы, вокалдық, би, қолданбалы өнер), байқаулар мен жарыстар өткізу жоспарланады.

Дене шынықтыру-спорттық жұмыстарды өткізу жоспарланады: спорттық секциялар құру, туристік саяхаттар, жарыстар, спорттық кештер мен мерекелер, сондай-ақ дене шынықтыру бойынша қоғамдық-пайдалы іс-әрекеттерді (спорттық құрал-жабдықтар мен бұйымдарды жөндеу, спорттық

416 алаңдарды жабдықтау бойынша жұмыстар) ұйымдастыру. Сауықтыру жұмыстары, соның ішінде оқушылардың жынысы мен жасын ескере отырып жалпы мектептік деңгейде және сыныптар бойынша санитарлық-гигиеналық тәрбие шаралары, оқушылардың ауруларының алдын алу шаралары, салауатты өмір салтын насихаттау шаралары қарастырылады.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу мақсатында мектепте өз өзіне қызмет жасау, қоғамдық-пайдалы еңбек жұмыстары, жағдайлар болған кезде оқушылардың шамасына сай өндірістік еңбегі бойынша жұмыстар қарастырылады. Жоспарда мектептегі еңбек мейрамдары мен басқа да шаралар (көрмелер, байқаулар, жарыстар) да қарастырылады, техникалық үйірмелер мен секциялар жұмысы ұйымдастырылады. Мұнда оқушыларға экономикалық тәрбие беру бойынша, іскерлік қасиеті мен қазіргі заман адамының басқа да жеке қасиеттерін қалыптастыру бойынша шаралар көрсетіледі. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру жұмыстары да жоспарланады: тәжірибелік жұмыс, экологиялық аумақ, экологиялық соқпақ

құру, жануарлар мен өсімдіктер күтімі, « табиғатты сақтау бойынша жұмыс, экологиялық мейрамдар, байқаулар өткізу.

Бұл тарауда жанұя тәрбиесімен байланысты оқушылар ата-анасымен жүргізілетін жұмыс көрініс тапқан мәселелер де бар. Ата-аналармен кездесу өткізу, оларға ақыл-кеңес беруді ұйымдастыру, ата-аналар жиналыстарын өткізу, ата-аналар комитеті жұмысына көмектесу, ата-аналарды мектептегі тәрбие жұмысына араластыру, жанұя тәрбиесінің озат тәжірибесін зерттеу мен қортындылау жұмыстары қарастырылады.

«Педагогикалық кадрлармен жұмыс» тарауында мұғалімдер мен тәрбиешілердің әдістемелік деңгейін көтеруге бағытталған жұмыстар қарастырылады. Мұғалімдер ұжымының кәсіби біліктері мен дағдыларын диагностикалау жоспарланады, бұл озат педагогикалық тәжірибені анықтауға, сондай-ақ мұғалімдердің тәрбие мен оқыту әдісінің саласындағы қажеттіліктері мен сұраныстарын анықтауға мүмкіндік береді. Жоспарға мектептің әдістемелік бірлестіктерінің, әдістемелік кеңестің, әдістемелік кабинеттің іс-әрекеті мәселелері, мектеп мұғалімдерінің психологиялық-педагогикалық проблемаларды зерттеу мәселелері, мұғалімдер мен

417  
тәрбиешілерге арналған педагогикалық оқулықтар, конференциялар, семинарлар, арнайы курстар өткізу енгізіледі. Жоспарда тәжірибесі аз мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету, мұғалімдердің өзіндік білім алулары мен олардың педагогикалық шығармашылығын ынталандыруды ұйымдастыру мәселелері, озат педагогикалық тәжірибені қортындылау мен тарату мәселелері (ашық сабақтар, әдістемелік көрмелер, шығармашылық есеп берулер өткізу, шығармашылық педагогика клубтарын ұйымдастыру, озат тәжірибе мектебін құру) көрініс табады. Бұл тарауда мектептің педагогикалық ғылым өкілдері мен іскер ынтымақтастықтың формалары және мазмұны көрсетіледі. Әдістемелік кеңес пен әдістемелік бірлестіктер (кафедралар) жұмысының жоспарлары осы тараудың құрамды бөлігі болып табылады.

Жоспардың белгілі бір тарауында мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысы қарастырылады, онда педагогикалық кеңес мәжілісінің тақырыбы мен өткізілетін күні нақты белгіленеді. Жоспардың бұл тарауын дайындағанда мәжіліс тақырыбын анықтауға ерекше көңіл бөлу қажет. Мәжіліс тақырыбы мұғалімдер ұжымы іс-әрекетінің жалпы мазмұнынан бастау алуы қажет, педагогикалық кеңестегі белгілі бір мәселелерге талдау жасау, ұжымдық шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыру мектеп іс-әрекетінің жалпы мақсатына жетуге жағдай жасауы қажет. Педагогикалық кеңес мәжілісінің тақырыбында мектептегі оқу-тәрбие процесін, ұжымның ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-әрекетін жақсарту мәселелері, мектептің педагогикалық ғылыммен байланысы туралы, педагогикалық ғылымның жаңа жетістіктерін жүзеге асыру мәселелері көрініс табады. Педагогикалық кеңестің әрбір мәжілісінде өткен мәжілістерде қабылдаған шешімдердің барысы туралы ақпараттар тыңдалады.



Мектеп ішіндегі бақылау жүйесі мектеп жұмысының жылдық жоспарының ерекше тарауын құрайды. Мұнда мектептегі тәрбие жұмысының жай-күйі мен нәтижелілігін бақылауға бағытталған шаралар көрсетіледі: оқушылардың қоғамдық белсенділігін тәрбиелеу міндеттерін, оларға саналы тәртіп, еңбек, адамгершілік, эстетикалық, экономикалық, экологиялық, құқықтық, патриоттық тәрбие беру міндеттерін шешу, олардың тәрбиелілік деңгейін көтеру; дайындық сабақтарының, үйірмелер мен

418 секциялардың, оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жұмысын бақылау; өлкетану жұмысын, оқушылардың өз өзіне қызмет жасауы мен олардың шамасына сай еңбегін ұйымдастыруды бақылау; мұғалімдердің, тәрбиешілердің, сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарын, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруды, оның мазмұны мен нәтижелілігін бақылау; жанұямен бірлескен жұмысты бақылау (оқушылардың тіршілік жағдайлары мен жанұялық тәрбиесін зерттеудің жай-күйі, ата-аналармен өткізілетін шаралар сапасы).

Оқу пәндерін оқытудың бақылауы қарастырылады: оқыту ғылымилығын, оқу бағдарламаларының орындалуын, оқу материалының өмірмен, практикамен байланысын қамтамасыз етуді, сабақтар жүйесі мен оқу пәндері жиынтығының өзара байланысын, оқудың жеке даралық болуы мен оқыту процесіне қойылған психологиялық-педагогикалық талаптардың орындалуын, оқушылардың танымдық ықыластарының дамуын, олардың оқудың өз бетінше жұмыс істей алу мен өз бетінше білім алуға ұмтылуын бақылау. Оқушылардың білімі, білік пен дағдыларының сапасын бақылау жоспарланады, онда оқушылардың ғылыми дүниетанымының қалыптасуы, олардың оқу материалын меңгеруі, оқушылардың оқу еңбегінің дағдыларының қалыптасуы туралы мәселелер қарастырылады.

Мұғалімдер мен тәрбиешілердің міндетті жалпы орта білім беруді қамтамасыз ету бойынша іс-әрекетін бақылау жоспарланады: мектеп жасындағы балаларды тіркеудің жай-күйі, оқытудың арнайы жағдайларын қажет ететін балаларға жағдай жасау, оқушылардың сабаққа қатысулары. Бұл тарауда мектеп ішіндегі құжаттамалардың жай-күйін, оларды әрбір құжатқа қатысты талаптарға сай дер кезінде әрі дұрыс тіркелуін бақылау.

Тараудың мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыруды және мұғалімдер мен тәрбиешілердің мамандығы мен әдістемесін өсіруді бақылауға арналған бөлімінде теориялық семинарлар, озат тәжірибе мектептерінің, әдістемелік бірлестіктердің жұмысы, озат педагогикалық тәжірибені қалыптастыру мен тарату мәселелері, мұғалімдер мен тәрбиешілерді оқыту мәселелері қарастырылады.

Бұл тарауда мектептің басқа да бөлімдерінің (шаруашылық қызмет, мектеп кітапханасы, дәрігерлік көмек, 'тамақтануды ұйымдастыру) іс-әрекетін бақылау қарастырылады.

419

Мектептің жылдық жоспарының бір тарауы ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмысқа арналған. Мұнда педагогикалық кадрларды

орналастыру, мектеп әкімшілігі мен тұтас педагогикалық ұжым жұмысын ұйымдастыру мен тәртібі, мектеп қызметкерлері арасында қызмет міндеттерінің бөлінуі көрсетілген. Әдістемелік қызметтің шапшаң іс-әрекетін ұйымдастыру да қарастырылады. Бұл тарауда жалпы мектептік кештер, мерекелер, салтанатты шаралар, шапшаң және басқа да кеңестер (мектеп директоры немесе меңгерушісі қатысуымен өткізілетін кеңестер, өндірістік кеңестер, жиналыстар) өткізудің графиктері беріледі.

Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту мәселелері (мектеп ғимаратын кезекті немесе күрделі жөндеуден өткізуді дайындау жұмыстары) жоспардың жеке тарауында қарастырылады. Еңбекке тәрбиелеудің материалдық-техникалық базасын кеңейтуге, оқу бөлмелерін көрнекілік құралдармен, компьютерлік техникамен жабдықтауға, мектеп кітапханасының кітап қорын толықтыруға, спорттық құрал-жабдықтар мен жиһаздарын жаңарту мен толықтыруға бағытталған шаралар қарастырылады. Дайындық сабақтарының жұмысын ұйымдастыру үшін, оқушылардың оқуы мен ойнуы үшін, мектеп асханасының жұмысы үшін қажетті жағдайларды жасау, шаруашылық қызметті қажетті материалдармен, құрал-саймандармен, арнайы киіммен қамтамасыз ету шаралары көрсетіледі. Бұл тарауда, сондай-ақ мектеп ауласын санитарлық-гигиеналық тәртіптің ережелері мен талаптарына сай жабдықтау, өртке қарсы қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз ету көрсетіледі.

Мектеп жұмысының жылдық жоспарының мазмұны, міне, осындай. Жоспар мазмұны мектеп қызметінің нақты бір жағдайлары мен басқа да факторларға байланысты басқаша болуы да мүмкін, онда негізгі тараулар өзгеше болуы мүмкін. Алайда онда әрқашан аналитикалық бөлім (нормативті және инструктивті ақпаратты есепке ала отырып мектептің өткен жылғы іс-әрекетінің нәтижелері туралы ақпаратқа талдау жасау), мектептің жоспарланған уақытқа арналған маңызды міндеттері, алға қойылған міндеттерді шешу мен мақсаттарға жетуге әкелетін шаралар көрсетілген негізгі бөлім бар.

420

### **Мектептің жылдық жұмыс жоспарын дайындау**

Мектеп жоспарының сыртқы көрінісі түсіндірме мәтін түрінде (жоспардың мәтіндік түрі) болуы мүмкін. Бұл мәтінде жоспардың негізгі бөлігін құрайтын барлық шаралар беріледі. Жоспардың бұл түрі жоспар-графикпен толықтырылуы мүмкін (жылдық жоспарды жоспар-график түрінде де ұрастырады). Жоспар-графиктің ең қарапайым түрі үш графадан тұратын кесте түрінде болады, бірінші графа - шаралар тізімі, екінші графа - осы шараларды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты адамдар тізімі, үшінші графада осы шараларды өткізу уақыты жазылады. Жоспар-графиктік басқа түрлерінде, сондай-ақ, мақсат графасы (мақсат бағыты), жоспардың осы тарауының орындалу барысын бақылау графасы, тараудың орындалғаны туралы графа (немесе өткізілген шараның қысқаша талдауы мен бағасы) болады.

Жоспарлаудың күн тізбелік-графикалық түрінде апта (мысалы 21-27 қыркүйек) уақыт бірлігі ретінде алынады. Жоспардың осындай түрінің бірінші графасында осы уақыт мерзімі көрсетіледі. Жоспардың келесі графалары іс-әрекеттің белгілі бір бағытына арналады (мысалы, жалпыға міндетті білім, материалдық-техникалық базаны нығайту, мектеп ішіндегі бақылау). Тор көздерде іс-әрекеттің белгілі бір бағыты бойынша белгіленген уақыт аралығында өткізілуі тиіс шаралары белгіленеді.

Жылдық жоспардың аталған түрлерінің бәрінің ортақ бір кемшілігі бар, ол - оның жеке-жеке элементтерінің өз ара байланысы мен тәуелділігінің анық еместігі, ол тұтас тәрбие мен оқу процесін басқаруда белгілі бір қиыншылықтар туғызуы мүмкін. Жоспардың жүйелі түрінің мұндай кемшіліктері жоқ. Жоспардың жүйелі түрі дегеніміз барлық процестердің уақыт пен олардың өткізілуінің реті бойынша графикалық көрінісі. Онда жалпыға ортақ шартты белгілер қолданылады. Ұзын сызықты тіл, мысалы, шынайы жұмысты білдіреді (уақыт пен қаржы шығынын қажет ететін еңбек процесі). Нүктелі сызық пен үзік-үзік сызықты тіл уақыт шығынын қажет етіп, бірақ еңбек шығынысыз орындалатын жұмысты білдіреді. Нүктелі сызықты тіл бір жағдай мен екінші жағдай арасындағы қисынды байланысты, тәуелділікті білдіретін жалған жұмысты белгілеу үшін қолданылады. Шеңберлермен немесе тор көздермен жұмыстың бітуін, яғни оқиға деп аталатын соңғы нәтижені белгілейді.

421

Кез-келген жұмыс (немесе тіл) екі оқиғаны - бұрынғы (бастапқы) және соңғы оқиғаларды байланыстырады. Сондықтан жүйелі жоспардың сыртқы көрінісі өз ара тілдермен қосылған нөмірленген шеңберлердің (оқиғалардың орындалу реті бойынша) жиынтығынан тұрады. Егер қандай да бір шеңберге бірнеше тілдер жүргізілген болса, бұл тілдердің басында орналасқан барлық бастапқы оқиғалардың нәтижесі деген сөз. Тілдерде осы нәтижеге (оқиғаға) жету үшін жұмсалған уақыт мөлшері жазышады. Жүйелі жоспарға бастапқы ақпарат кестесін қосқан жөн. Бұл кестеде әрбір оқиғаның нөмірін табуы және жобаланған жұмыстар көрсетіледі. Бастапқы ақпарат көмегімен мектептің кез-келген қызметкері жүйелі жоспарда көрініс тапқан өзара тәуелділікті түсіне алады. Жүйелі жоспар көмегімен жұмыстың үлкен педагогикалық жұмыс мөлшерін қажет ететін түрлерімен қоса, тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттерін шешуге ықпал етпейтін түрлерін де айқындауға болады. Сондықтан мектеп жұмысының жүйелі жоспары зерттеушілер мен практик-мұғалімдердің жоғары бағасына ие болып отыр.

**Мектеп құжаттамасының басқа түрлері.** Тұтас мектеп ұжымы және жеке мұғалімдердің жұмысы мен іс-әрекеті мектептің жылдық жоспарынан басқа да жоспарлармен белгіленеді. Олардың ішінен мектептің стратегиялық мақсаттары мен оларға жетудің жолдары белгіленген перспективалық жоспарды бөліп қарауға болады. Перспективалық жоспар, әдетте, бес жылға құрылады, осы уақыт аралығындағы басты мәселелік міндеттерді шешуге бағытталады. Онда оқушылардың жылдағы мөлшерін жоспарлау үшін өте маңызды демографиялық сипаттағы болжамдарды қамтылып, педагогикалық

ұжымны құрамының жаңаруы қарастырылады. Бұл жоспардың мектептегі оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша жүргізілуі тиіс міндеттер көрсетілген сараптамалық бөлімі бар. Перспективті жоспар тарауларының атаулары жылдық жоспардың атауларымен сәйкес келуі мүмкін.

Перспективті жоспардағы алдыға қойылған міндеттер, оларды жүзеге асыру деңгейі жылдық жоспарды құру кезінде ескеріледі. Мұғалімнің сыныптар арасындағы оқу пәнінің мазмұнын оқып зерттеудің күнтізбелік жоспары мен әрбір сабақтың жеке жоспары болуы қажет. Тәрбиешілер мен сынып жетекшілері тәрбие жұмысының жоспарын құрайды. Факультативтер,

422  
үйірмелер мен секциялар жұмысының жоспарлары құрылады. Жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар комитетінің, оқушылардың қоғамдық ұйымдарының, өзін-өзі басқару органдарының іс-әрекеті жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Мектеп кітапханасы жұмысының жоспары құрылады.

Мектеп басшыларының күнделікті жұмысының күнделікті және апталық жоспарлары құрылады. Олар еркін түрде құрастырылады. Мектеп басшыларының күнтізбе-жоспары болған жағдайда мектептегі шараларды өткізуді бақылау да оңай болады. Күнтізбе-жоспардың бірінші графасында өткізілетін шаралар тізімі жазылады. Одан кейін он графа сызылады, оқу жылының әрбір айына жеке-жеке графа арналады. Тиісті тор көзде белгілі бір шараны өткізуге белгіленген айдың күні жазылады. Мұндай жоспар аз уақыт ішінде жүргізіліп жатқан жұмыстың бағытымен, ұқсас шаралардың қайталану жиілігі бойынша салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді.

Кейбір мектептерде циклограммалар жасалады, циклограмма дегеніміз мектептегі шараларды өткізудің апталық графигі. Циклограммаларды пайдалану іс-әрекеттің нақты ырғағын анықтауға көмектесіп, бақылауды орындауды жеңілдетеді.

Кейбір мектептерде іс-әрекеттің жағдайларына байланысты жұмыс жоспарларының басқа да түрлері құрылады. Мектеп қызметінің белгілі бір шарттарының өзгеруі, алдын-ала жоспарланбаған жаңа жағдайлардың пайда болуы жұмыс жоспарына өзгерістер мен түзетулер енгізуге себеп болады.

Сонымен, әр түрлі жұмыс жоспарлары жалпы мектептің және мұғалімдер мен тәрбиешілердің іс-әрекеттерінде ерекше орын алады, ал мектептің жылдық жоспары олардың ішіндегі ең негізгісі болып табылады. Жоспар жекелеген шаралардың жай ғана тізбегі емес, педагогикалық негізделген шаралар жүйесі болуы қажет. Жоспардың барлық түрі бір-бірімен тығыз байланыста және мектеп іс-әрекетінің маңызды мақсаттарына жеткізетін міндеттерді шешуге бағытталулары қажет.

Жоспардан басқа мектепте басқа да құжаттама жүргізіледі, оны шартты түрде үшке бөліп қарауға болады: оқыту-педагогикалық құжаттама, мектеп ішіндегі ақпарат және қаржы-шаруашылық құжаттамалар. Оқыту-педагогикалық құжаттама:

423

- журналдар: сынып журналдары, факультатив сабақтарының журналдары, дайындық сабақтарының журналдары, қалдырылып кеткен және орны ауысқан сабақтарды есепке алу журналы;

- кітаптар: оқушылар тізімінің алфавитті кітабы, бланктер мен беруді есепке алу кітабы (орта білім туралы аттестаттар мен негізгі сатыны бітіргені туралы куәліктерге арналған жеке кітаптар), «Алтын белгі» белгісін есепке алу кітабы, мақтау грамоталары мен мақтау қағаздарын есепке алу кітаптары, мектеп мұғалімдерінің жекелік құрамын есепке алу кітабы, мектептен шыққан және мектепке келген хаттарды тіркеу кітабы, тексерушілердің ескертулері мен ұсыныстарының кітабы;

- оқушылардың жеке құжаттары;

- оқушыларға белгілі бір мамандық алғаны туралы анықтамаларды беру ведомосі (бастапқы кәсіби оқыту ұйымдастырылған мектептерде);

- жоғары мекемелерден келіп түскен бұйрықтар, жарлықтары мен басқа да бұйрықтық-ақпараттық құжаттама;

- мектеп аттестациясының материалдары, мектептің оқыту іс-әрекеті лицензиясы;

- мектепті тексеру нәтижелері туралы актілер, анықтамалар, баяндама хаттарының көшірмелері;

- білім беруді басқаратын жоғары мекемелермен және басқа да ұйымдармен хат алысу.

Мектеп ішіндегі ақпарат ауызша және жазбаша болуды. Уақытына қарай ақпарат қолма-қол (күнделікті, апталық, айлық), тоқсандың және жылдық болып бөлінеді.

1) күнделікті қолма-қол ақпарат бақылау нәтижесінде, пәндік мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен, оқушылар мен олардың ата-анасымен жүргізілген әңгіме-сұқбат нәтижесінде, сынып журналы мен мектеп ішіндегі басқа да құжаттамаларды оқып зерттеу нәтижесінде қалыптасады. Онда оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы, олардың тәртібі туралы, мектептің, оқу бөлмелерінің, оқу шеберханаларының санитарлық күйі туралы мәліметтер бар. Күнделікті ақпарат басқарудың шапшаң шешімдерін қабылдау үшін қажет.

2) Апталық қолма-қол ақпаратты мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары жинастырады. Онда бір апта бойындағы күнделікті ақпарат, шапшаң мәжілістердегі пікір алмасу нәтижелері, 424

мұғалімдерден, сынып жетекшілерден келіп түскен мәліметтер есепке алынады. Апталық ақпаратта ерекше бақылауға алынған оқушылардың және сыныптардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы, сыныпта және мектептен тыс шаралар туралы, сынып журналдарың, оқушылар дәптерлері мен күнделіктерін жүргізудің жай-күйі туралы мәліметтер болады.

3) Айлық қолма-қол ақпарат апталық ақпараттарды қорытындылап, толықтырады. Онда оқу бағдарламасының орындалу барысы туралы, пәндік мұғалімдер мен сынып жетекшілері жұмысының сапасы туралы, жекелеген сыныптардың үлгерімі, сабаққа қатысуы, тәртібі туралы, арнайы тексеру мен

бақылау жұмыстарының нәтижелері туралы оқушылардың қоғамдық ұйымдарының жұмысы туралы мәліметтер болады.

4) Сыныптар мен оқу пәндері бойынша үлгерімі туралы тоқсандық ақпаратты мұғалімдер мен сынып жетекшілері жазбаша түрде дайындайды, оны мектеп дирекциясы сараптайды, жұмыс барысындағы пайда болған кемшіліктерді түзету жолдарын анықтау мақсатында педагогикалық және әдістемелік кеңестерде (пәндік бірлестіктерде) талқыланады.

5) Жылдық ақпарат тоқсандық ақпараттар деректері, сыныптан сыныпқа өту мен мектеп бітіру емтихандарының нәтижесінде қалыптасып, оқушылардың тәрбиелілігі мен білімділігі деңгейіндегі динамиканы айқындауға мүмкіндік жасайды. Бұл ақпарат мектеп жұмысының жылдық жоспарының сараптамалық тарауын құрудың негізі болады.

Қаржы-шаруашылық құжаттаманың құрамында мектептің техникалық құжаты, мұғалімдердің көрсеткіштік тізімі, негізгі құралдардың тізімі, материалдардың қоймалық есебінің кітабы, құндылығы төмен тез тозатын заттар қозғалысын қолма-қол есепке алу ведомості, мектеп кітапханасы қорының инвентарлы кітабы, материалдық құндылықтарды қолданыстан шығару актілері бар.

Мектеп құжаттамасын нақты және дұрыс жүргізуді ұйымдастыру мектеп ішіндегі тиімді басқарудың маңызды шарттары болып табылады. Аталған құжаттарды дер кезінде және оларды жүргізудің нұсқауларына сәйкес толтыру қажет. Сонда ғана мектеп ұжымы іс-әрекетінің барлық бағыты бойынша қажетті нақты ақпарат алуға болады. Ал бұл істің жай-күйіне объективті баға беріп, басқаруда тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

425

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1. Мектеп жұмысының жылдық жоспарын құрудың негізгі қағидаларын атаңыз.
2. Мектеп жоспарын құрудың реті қандай?
3. Мектептің жылдық жоспарының сараптау (аналитикалық) бөлімі Қалай дайындалады?
4. Мектептің жылдың жоспарының негізгі мазмұнын ашыңыз.
5. Жоспардың негізгі түрлерін сипаттаңыз.
6. Басқару іс-әрекетіндегі ақпараттың рөлін ашыңыз.
7. Мектеп ішіндегі құжаттаманың негізгі түрлерін атаңыз.

### **Әдебиеттер**

1. Внутришкольное управление. Вопросы теории и практики. М., 1991.
2. Конаржевский Ю.А. Совершенствование функций внутришкольного управления. Челябинск, 1988.
3. Концепция развития среднего образования Республики Казахстан //Учитель Казахстана, № 17-18, 1997.
4. Основы внутришкольного управления. /Под ред. П.В.Худоминского. М., 1987.
5. Портнов М.Л. Азбука школьного управления. М., 1991.

6. Симонов В.П. Директору школы об управлении учебно-воспитательным процессом. М., 1987.

7. Сухомлинский В.А. Разговор с молодым директором школы. М., 1982.

8. Татьянченко В.С., Пономарев Н.А. Годовой план школьной работы. Курган, 1988.

9. Фролов П.Т. Школа молодого директора. М., 1988.

### **Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

Қандай да бір орта мектепті елестетіңіз (мысалы өзіңіз бітірген мектепті алайық). Осы мектеп ұжымы іс-әрекетінің бір

426

жылға арналған маңызды деген мақсаттарын анықтаңыз. Негізгі міндеттерді анықтаңыз, оларды шешу алға қойған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету қажет. Осы мектеп жұмысының жылдық жоспарының бір тарауының мазмұнын құрастырыңыз. Жылдық жоспардың осы тарауының сыртқы көрінісінің әр алуын түрлерін қарастырыңыз.

### **Реферат тақырыптары**

1. Мектеп жұмысының жылдық жоспарын дайындау.
2. Мектеп жұмысының жылдық жоспарының мазмұны.
3. Мектеп құжаттамасының негізгі түрлері және олардың сипаттамасы.
4. Жалпы мектеп құжаттарының түрлеріне сипаттама.

427

## **ПЕДАГОГИКА**

### *Оқулық*

*Ғылыми редакторлар:* Н. Д. Хмель, Г. Т. Хайруллин, Б. И. Муқанова

Басуға 28.08.2005 кол койды. Пішімі 60x84 %,. Офсеттік басылыс. Шартты б.т. 24,99. Есептік б.т. 25,23. Таралымы 1000 дана.

ЖШС «Ргіпі-3» баспаханасы. 050032, Алматы қ., Ибрагимов к-сі, 1.